Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Білім және ғылым саласындағы жастар әлеуеті: көзқарастар, бағдарлар, келешегі» XXI Халықаралық ғылыми студенттер мен магистранттар конференциясының МАТЕРИАЛДАРЫ

(I бөлім)

2021 ж. 6-9 сәуірі, Орал қ.

МАТЕРИАЛ Ы XXI Международной научной конференции студентов и магистрантов «Потенциал молодежи в науке и образовании: взгляды, ориентиры, перспективы», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан

(часть I)

6-9 апреля 2021 года, г.Уральск

MATERIALS OF THE XXI International Scientific Conference of students and Master degree students “Potential of Youth in Science and Education: minds, landmarks, prospects”, dedicated to the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

(Part I)

dated April 6-9, 2021 year, Uralsk city

Орал – 2021 г.

УДК 001
ББК 72
С23

В сборнике материалов XXI Международной научной конференции студентов и магистрантов «Потенциал молодежи в науке и образовании: взгляды, ориентиры, перспективы», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан, представлены статьи студентов и магистрантов по приоритетным направлениям науки: педагогическим, социально-гуманитарным, техническим, естественным, экономическим, юридическим. Сборник рассчитан на широкий круг сотрудников образовательных и научных учреждений, докторантов, магистрантов и студентов.

Білім және ғылым саласындағы жастар әлеуеті: көзқарастар, бағдарлар, келешегі: XXI Халықаралық ғылыми студенттер мен магистранттар конференциясының Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған материалдары. I бөлім. – Орал: БҚИТУ баспасы. 2021. – 551 б.

Потенциал молодежи в науке и образовании: взгляды, ориентиры, перспективы: Материалы XXI Международной научной конференции студентов и магистрантов, посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан. Часть I. – Уральск: Издательство ЗКИТУ. 2021. – 551 с.

Главный редактор - Габдуалиева Р.С., доктор экономических наук, профессор

Редакция алқасы - Редакционная коллегия:

Бурахта В.А. – доктор химических наук, профессор; **Сабыр М.Б. –** доктор филологических наук, профессор; **Ажгалиев М.Қ.** – кандидат педагогических наук, доцент; **Кинжекова Р.С.** – кандидат педагогических наук, доцент; **Балыкова А.М.** – кандидат исторических наук, доцент; **Бегилов Т.З.** – магистр естественных наук, ст.преподаватель; **Кажиакпарова Ж.С.** – кандидат педагогических наук, доцент; **Шонбаева С.Т.** – старший преподаватель; **Наби А.Ғ.** – магистр педагогических наук, ст.преподаватель

ISBN 978-601-08-1173-7

УДК 001
ББК 72

©Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, 2021.

ФИЛОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ, КУЛЬТУРА И ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ЖАСТАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Абдрахманов Нұрбол, БҚИТУ педагогикалық факультетінің III курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Хасанова Ж.М.,** Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Сіздер, бүгінгі жастар ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер Тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты - біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», - деген сөзі арқылы ұлт болашағы жастардың қолында екенін баса айтты. Ел ертеңі, ұлт болашағы - бүгінгі күннің жастары.

Осы орайда қолға алынған бұл ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты: ақпараттық, инновациялық технологияның дамыған заманында жастардың бос уақытын тиімді өткізу әдістерін қарастыру. Басты міндетіміз -ақыл-ойын, сезімін еркін үйлесімдікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген тұлға тәрбиелеу. Бұл ретте тәрбие жұмысын жүргізудің жаңа технологияларын барынша пайдаланып, жастардың бойына өзіне сын тұрғысында қарау түсінігін қалыптастыруға күш саламыз.

«Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» [1].

Уақыт – біздің өміріміз. Ендеше оны қалай пайдаланып жүрміз?Алдымен бос уақыттың түсінігіне тоқталып өтсек, бос уақыт - бұл «демалыс» сөзінің синонимі. Бос уақыт – негізгі жұмыстан, тіршілік қарекетінен босап, өзге бір нәрсемен айналысуға кететін уақыт. Бос уақыт – бұл жұмыс уақытынан тыс уақыт. Ол адамда белгілі бір жұмыстарды орындап болған кезде пайда болады (ұйқы, тағам қабылдау, үй шаруасымен айналысу және т.б.). Бірақ бос уақыт сөзін бос болумен салыстыруға бола ма? Жоқ, бос уақыт барлығында бар, бірақ ол барлық адамға тән емес. Бос уақыт деп іскерлік, қарым-қатынас, ойлау қабілетін айтады. Көптеген талқылаулар бос уақыт сөзінің не екенін түсінуді қиындатады. Ағылшын тілінен аударғанда «бос уақыт» сөзі латын сөзіне ұқсас келеді «Ligere», ол: «бос болу» деген мағынаны білдіреді. Латын тілінен француз тіліне аударсақ «Lousir», «рұқсат етілген» деген мағына береді. Бұл сөздер бір-біріне ұқсас келеді. Ежелгі Грек елдерінде бос уақыт сөзі «қажеттіліктің ықпалынсыз дамыған іскерлік» деген мағынаны білдіреді.Ал Макс Каплан бос уақытты – бұл қандай да бір түзеуге арналған іскерлік түрі деп санайды. Бос уақыт сөзін мәдениет элементінің негізгісі деп түсіну керек.

Бос уақыт анықтамасы бірнеше топтан тұрады:

- Бос уақыт іскерлік сияқты – жұмысқа қатысы жоқ іскерлік ретінде сипатталады;
- Бос уақыт, таңдау уақыты сияқты. Бұл уақыт әр түрлі қолданылуы мүмкін, сонымен қатар жұмыспен байланысты немесе байланысы жоқ іскерлік ретінде қолданылады. Адам бос уақытында өз міндетіне кірмейтін тапсырманы орындайды.
- Бос уақыт сөзі уақыт сөзін және оған деген көзқарасты қарастырады.

Жастардың, ересектердің бос уақытын тиімді өткізуіне келесі негізгі мінездемелерді жатқызуға болады:
- Бос уақыт физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік аспектілерден тұрады.
- Бос уақытта жеке тұлға қалыптасып, дамиды.
- Жастар бос уақытында тәуелсіз және бостандықта болуды қалайды.
- Бос уақытта жастардың іскерліктері қалыптасады.
- Жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандырады.
- Жастардың өз-өзіне баға беруіне ықпалын тигізеді.
- Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуіне әсер етеді.
- Бос уақыт-белсенділік, жақсыдемалу.

А.В.Даринский бойынша, бос уақыт әрекеті – адамға жоғарғы дәрежедегі шығармашылыққа жетіп, мамандығынан сырттай өзінің әрекетін кеңейтуге көмегін көрсетеді. Бос уақыт-адамның физикалық және психикалық күштерін қалпына келтіру функциясын орындайтын бос уақыттың бөлігі; материалдық қажеттілікке сай емес, өзіңіздің ләззат алуыңызға, көңіл көтеруіңізге, өзін-өзі жетілдіруге немесе басқа мақсаттарға жетуге арналған қызмет.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білгір жастардың қолында. Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақ үшін ақтық демі қалғанша күресіп, бізге егемендімізді алып берді. Еліміздің көк байрағы желбірегеннен бері ата-баба дәстүрі көш түзеп, халқымыз еңсесін көтеріп, жарқын болашаққа қол созды. Дәлірек айтқанда, Қазақстан Республикасы дамыған, көп елдерге танымал ел. Мәңгілік елдің тірегі жастар екенін Мағжан Жұмабаев атамыз «жастарға» деген өлеңінде:

Арыстандай айбатты
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін! - деп болашақ ұрпаққа зор сенім артқан. Қазақстанның жастары-елдің басты байлығы. Еліміздің болашағы да жастар, сондықтан оларға үлкен үміт артылып отыр. Елбасының Қазақстан жастарына деген сенімі жоғары екендігін, бүгінгі ұрпақтың интеллектуалдық белсенділігін жоғары бағалайтынын білеміз. Қазіргі таңда жастар саясатына үлкен көңіл бөлуде. Статистика агенттігінің жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша мемлекетіміздегі адам санының 4,5 миллионнан астамы жастардың үлесінде. Бұл дегеніміз жалпы халықтың 30 пайызы жастар деген сөз. Жастар-бұл жеке тұлғаның қалыптасуын әр түрлі әсер ететін, әлеуметтік-мәдени инновацияларға өте бейім арнайы әлеуметтік топ. Қазіргі жастардың бос уақыты-бұл маңызды құндылықтардың бірі [2].

Осы орайда бүгінгі жастарымыз бос уақытында не істейді және өз уақытын тиімді пайдалана алама деген сұрақтарға жауап алу мақсатында жастар арасында сауалнама жүргізілді. Алдын-ала дайындалған сауалнама сұрақтарына жастардың берген жауабын салыстырмалы түрде пайыздық көрсеткішпен анықтадық.

Жастар арасында жүргізілген сауалнама және нәтижиесі:

1. Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?
а) Мен достарыммен бірге барамын, дискотекаларға барамын (20%)
б) теледидар көру, гаджеттер арқылы уақытымды өткізу (56%)
в) Мен көп уақытты бөлімде, үйірмеде және т.б. өткіземін. (4%)
г) мен үй тапсырмасын оқимын, қосымша жұмыстар жасаймын (16%)
д) Ия, серуендеуге барар едім, бірақ көшеде қылмыстық жағдай бар, мен үйде отыруым керек (4%)
2. Сіз қандай да бір бөлімдерге немесе студияларға барасыз ба?
а) иә (36%)
ә) Жоқ (64%)

Жастардың үйірмелер мен секцияларға келмеу себептерін анықтау үшін үшінші сұрақ қойылды:

3. Егер сіз ешқандай үйірмелерге бармасаңыз, не себепті?

а) маған қызық емес (4%)
ә) уақыт жоқ (48%)
в) Иә, кімге керек (16%)
Сіз спортпен қаншалықты жиі айналысасыз?
а) сирек (23%)
б) аптасына екі рет және жиі (20,5%)
в) кейде (23%)
г) қаражат болған кезде (15,5%)
д) анда-санда (18%)

Осылайша, менің сұрақтарыма қойылған барлық жауаптарды талдағаннан кейін мен келесі проблемаларды анықтадым. Сұрақтарға жауап берген көптеген жастар көп уақытын компьютерлік ойындарға, әлеуметтік желілерге арнайтынын айтты. Бұл компьютерлік ойындардағы зорлық-зомбылық, атыс-шабысқа ұласқан соғыс ойындары олардың психикасына, денсаулығына кері әсерін тигізеді. Респонденттердің жартысынан көбі үйірмелерге және секцияларға барады, қалғандары бұған уақыт таппайды немесе бұл ақымақтық деп санайды. Бұл әлеуметтік-мәдени белсенділіктің төмен рөлін, спорттық базалардың мемлекеттен қаржыландырудың төмендігін немесе қаржының жоқтығын көрсетеді.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, бұл мәселелердің алдын-алу үшін, алдымен жастарға мемлекеттік тұрғыдан көңіл бөліну қажет деп ойлаймын. Сонымен қатар, спорттық үйірмелерді көптеп ашып, турнирлер ұйымдастырып, бос уақытын тиімді әрі қызықты өткізуге жағдай жасалуы тиіс. Бұл, әсіресе, ауылдық жерлерде ұйымдастырылуы керек. Себебі, кейбір ауылдық жерлерде спорттық үйірмелердің жоқтығы, мәдениет үйлерінде жастардың қатысуымен мәдени шаралардың жеткілікті түрде ұйымдастырылмауы, жастар арасында тәртіпсіздік пен ішімдікке салынуға әкеліп соқтырады.Ауыл жастары да – мемлекетіміздің болашағы болып табылады. Біз олардың ішінен тек білімді жастарды ғана емес, сонымен қатар жан – жақты дарынды, тәрбиелі жастарды көруіміз керек.Өкінішке орай әлеуметтік-экономикалық мәселе күрделі, себебі, жергілікті өкімет орындарынан жастардың демалысын ұйымдастыруға жеткілікті көңіл бөлінбейді [3].

Сонымен қатар жастар арасындағы жұмыссыздық та бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Бұл аталған жағдайлар мемлекет тарапынан өз шешімін табады деген сенімдемін.

Бүгінде әлемге әйгілі ірі компаниялардың негізін жас кәсіпкерлер қалаған. Мысалы, «Фэйсбукті» Марк Цукерберг 19 жасында, «Майкрософты» Билл Гейтс 20 жасында, «Apple» компаниясын Стив Джобс 21 жасында құрған. Міне, осындай талантты да талапты жастардың өсуі үшін, қызығушылықтары мен талаптарын ескеріп, жан-жақты болуына жағдай жасалынуы тиіс. Халқымыздың «ақыл-жастан, асыл-тастан» деген нақыл сөзі бекер айтылмаған. Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Сондықтан жастардың рухани, мәдени тұрғыдан қалыптасып, білімімен бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу, ол тек қана ата-ананың ғана емес, тұтас мемлекеттің міндеті. Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалалары арқылы қазақ халқын, басқа өркениетті елдермен салыстыра отырып, тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан өркениет ретінде қарастыруымыз керек деді. Ендеше қазақ жастары төл тарихты жетік біліп қана қоймай, өркениетті ел қатарына қосылуға үлестерін қосуы абзал және білім мен іскерлік, ұлттық рух пен жігер ғана ұлтымызды сол биікке жеткізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. http://muzl0.ru/download/269283335_424658375/Abaydy-15-ara-szi-Egerde-esti-kisilerdi- atarynda-boly-kelse-kninde-bir-mrtebe-bolmasa-jmasynda-bir-e-bolmasa-ayynda-bir-zinen-zi-esep-al.html
2. Волков Г.Н. Этнопедагогика. -Чебоксары, 1984.
3. Лурье А.С. Управление концертным делом. -М., 1998.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ШАШ ҚОЮ МӘДЕНИЕТІ

Азербаев Еммат, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Наби А.Ғ.,** педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

XIX ғасырда қазақ тұрмысын зерттеушілер қазақтардың әрі қамқор, әрі мейірімді ата-аналар, ал қазақ балаларының мықты, төзімді және алғыр екенін атап өткен. Баланы лайықты тәрбиелеуге қазақтар тек олар 5-6 жасқа толғанда ғана шындап кіріскен. Балалар өмірінін осы кезеңінде жынысына қарай айыру негізінен стихиялық сипат алған. Бұл кішкентай жастағы балаларды бірітіндеп шамалары келетін үй жұмыстарына тартудан көрінген. Ұл балалар үйдегі еркектерге мал қарауға көмектессе, қыз балалар тамақ әзірлеу, кір жуу, үй жинау, жүн өңдеу сияқты әйел ісіне қатысып, анасына кішкентай сіңлілері мен інілерін бағуға көмектескен [1, 81 б.].

Халықтың наным-сенімі бойынша өмірге келген адам қырық күнге дейін екі дүниенің ортасында тұрады. Яғни, қырық күннің ішінде бала әлі де табиғаттан адамдар әлеміне, өмірге өтпейді, өтпелі кезеңде болады деп есептеген. Сол себепті қырқынан шыққанша жаңа босанған әйел мен сәби үйден сыртқа шығып, елдің көзіне түспей ерекше бағым-күтімде болады. Қырқынан шығарғанға дейін «адамның қарнынан шыққан» деп баланы иіскеп, сүюге тыйым салынады. Қырық күннен кейін сәби мен анасы ширап, адам қатарына қосылады. Қырқынан шыққан ана мен бала «қырық қадам аттап» қырық үйді аралап қонаққа барған. Барған үйлері «қуыс үйден құр шықпасын» деп әр түрлі сый тартқан [1, 222 б.].

Қарын шаш – дүниеге келген жас сәбидің қырқынан шыққан соң алынған алғашқы шашы.Баланы қырқынан шығарған кезде жолы жақсы, өмірде бақытқа кенелген адам ырым қылып қарын шашты алады. Қазақы ортада қалыптасқан түсінік бойынша оны әбден тақырлап жақсылап алып тастау қажет. Өйткені басында қарын шаш қалған баланың назасы қатты болады деп санайды. Яғни, біреуге ренжіп, назаланса ол адамға жақсалық болмайды дейді.Баласы тоқтамай шетіней берген жағдайда да, нәрестенің тұлым немесе айдар қоятын тұсынан бір шоқ шаш қалдырады. Бұл сәбиді тіл-көзден сақтаудың амалы ретінде қарастырылатын. Кейіннен баланың шашын алу рәсімінде ұзын болып өскен шоқ шашты алып тастайды. Құрсақта пайда болған қарын шаш қасиетті деп саналатындықтан, оны шүберекке түйіп сақтайтын салт болған. Қарын шаш жас сәбидің киімінің иығына тағып қойса, тіл мен көздің сұғынан қорғайды деп есептейді [2, 498 б.].

Ф.А. Фиельструптың жазғаны бойынша: Карын шаш сбривают младенцу через 40 дней после рождения. Ребенку стригут на 40-й день. Приготовив угощение и подарки(например, чапан), несут младенца к многодетному старику. Всех своих старик угощает принесенным, а пришедших потчует своим угощением. Если он богат, то дает младенцу лошадь, бычка. Стрижет ножницами, оставляя из карын шаш чубы. Чубы оставляют в той семье, где дети умирают. Когда приходит время совсем состричь чубы, то для этого приглашают муллу или хаджи [2, 79 б.].

Ең алғашқы қырқын шашты домалақтап, оны көз тимесін деген ниетпен баланың киіміне тағып қоятын болған. Сондай-ақ бесікке әр түрлі қорғап қолдаушы саналған – үкі аяқ, жылан бас сияқты бойтұмарларды іліп қоятын болған. Баланың өмірін сақтау үшін, оның киімдеріне де әр түрлі амулеттер тағылды. Олардың қатарында үш бұрышты матамен сырты қапталған Құран аяттары жазылған бойтұмар, үкі қауырсындары мен тұяғы, сердолик және ақық сияқты асыл тастары бар әшекейлер мен қолына ақ-қара моншақ араласқан көзді білезік тақты. Мұндай қасиетті бұйымдар сыртқы тіл-көздің энергиясын қабылдайтын магиялық қасиеті болды деп түсінді. Әдетте, 1 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың киімінде ерекшелік болмады.

Баланың қарын шашын екінің бірі, егіздің сыңарына алдыра бермейді. Сол ауылдағы аталас туыстарының ішінен немесе ауылдағы көпті көрген тәжірибелі адамдардан, білімді-

өнерлі, шешен кісілерден, ақ сақалды қариялардан біреуін таңдап арнайы ұсыныспен баланың шашын алғызады. Өйткені баланың қарын шашы ана құрсағында өсіп-жетіліп, тағы да қырық күн сыртта өседі. Оған алдымен кімнің қолы тиіп алса, сол адамның мінезі жұғады. Әуелі шаш алатын ұстарасы өткір болса, баланың тілі өткір болады, ойламды-толғамды азамат болады деп санайды. Ал ұстарасы нашарлау болса, онда ол баланың мінезі де сылбыр, бота тірсек, бос белбеу болып қалады деп жорамал жасайды [3, 87 б.].

Сәбидің қырқынан шығарған кезде қарын шашы түгел алынып, ер балаға айдар, кекіл, қыз балаға тұлым қояды. Бұл дәстүр о баста табиғаттан тысқары, пайымдауға сыя бермейтін сиқырлы сұғанақ күштердің, дәлірек айтқанда, жын перілердің «салқынын» бойына тартып, пәле жаладан, сұқ көзден, ауру сырқаудан сақтайды-мыс деген көне түркі қыпшақ заманынан қалған ескі ұғымнан туған. Көбінесе, бала 5-7 жасқа келген шамада(кейде сүндеттелгеннен біраз уақыттан кейін) бұдан былай кәдімгі шаш өсіруі үшін жоғарыда аталған айырықшалап қойған шашын алып,шаш алу тойын өткізетін болған.

Сондықтан шаш алатын ұстараны қылпылдатып қайрайды. Жөні болғанда бұрын істетілмеген су жаңа ұстарамен шаш алған дұрыс. Бұрын сақал-мұрт алып жүрген, шаш түсіріп жүрген көне ұстарамен баланың шашын алса, баланың басы ауырады, мінезі қырыс, жаман болып кетеді деп сенеді. Жұқпалы ауру жұғуы мүмкін деп қорқады. Жаңадан істетілген ұстараны бала шашын алып болғаннан кейін басқа нәрсеге істетпей, таза қабына салып, сақтап қояды. Қарын шаш алған адамға шапан-шақпыт кигізеді. Қолында болса, мал сыйлайды. Тайтұяқ аталатын ақша береді. Ол ақсақалдың батасын алады:

Ғұмыр жасы ұзақ болсын,
Ұлықпанның жасын берсін.
Мұхаммедтің басын берсін,
Қызырдың ғылымын берсін.
Көзі көреген болсын,
Сөзі шешен болсын.
«Қарын шашын» мен алдым,
Мінезі өзімдей болсын.
Аллаһу Акбар!

Қазақ баланың қарын шашын алғанда оған ерекше көңіл бөледі, бөлекше назар аударады. Бала шашын маңдайына дейін тақап алмайды. Көк желкесіне дейін түсіріп қырмайды. Баланың шашын маңдайына дейін және көк желкесіне дейін қырса есейгенде баланың ажары ашылмайды. Маңдайы тар көрінеді, мінезі қырсық болады, бір жерге жұмсасаң тіл алмайтын, желкесінен тартып тұртатын көк жалқау болады деп ырым етеді. Қазақта «ақ маңдай – атқан таңдай», «ақ маңдай – жаққан шамдай», «қасқа маңдай – күміс қақтағандай», «ай маңдай», «жазық маңдай», «жарық маңдай», «керекарыс маңдай» деген сөз тіркестері бар. Осы сөздердің бәрі адамның сұлу ажарын сымбаттап көрсететін, айқындап ашып түсіндіретін бейнелі, сұлу тіркестер деуге болады. Қазақ балаларын сұлулыққа баулығанда жаны мен тәніне қатар мән береді. Сұлулығына сүйінеді, ақылдылығына марқаяды. Қазақта «Түсі жылыдан түңілме» деген сөз бар. Бұл сөз іш пен сырттың әдемілігін қатар көрсетіп тұрғандай. «Ажары жақсының – айтары жақсы», «Іші мен сырты бірдей азамат», «сырты да, іші де таза ару» деген сөздер жан мен тәннің таза табиғаттарын танытқан үстіне танытады [3, 67 б.].

Қазақтың көшпелі қоғамында адам шашы ерекше қастерленгендіктен, ер балаға шаш қоюдың да, қыз баланың шашын өсірудің де өзіндік қағидалары болған. Ол туралы орыс этнорафы Ф.А. Фиельструп былай жазады: При первой стрижке волос ребенку (в полгода-год) человек зажиточный режет барана, готовит мясо и посылает в дом родственника или знакомого целую процессию в шесть-восемь человек, состоящую большей частью из женщин. Сам он не идет. В том доме гостей угощают своими яствами и сами угощаются. Ребенок принесен сюда же. Хозяин дома стрижет ребенка и дает ему рубашку и даже, может быть, лошадь или бычка. Бедные проделывают это с лепешкой, сахаром и проч. Стрижка может быть полной либо частичной, для вида, и тогда ее заканчивают дома. При этой

стрижке оставляют кекіл, самай, шоқ шаш. Время от времени чубы детям подстригают. Сохраняют их до 12-13-летнего возраста, когда снимают окончательно. Богатый человек режет на угощение барашка [4, 79 б.].

Қазақ баланың шашын алған соң, далаға тастамайды. Мінезі өрттей қаулап, жалындап өссін деп, жалындап жанып жатқан отқа тастап, өртеп жібереді. Бала емес-ау, үлкен адамдардың да шашын көр жерге, күлді күресінге тастамайды. Оны ақ шүберекке орап, тез қаулап өсетін бәйтерек, ши, жоңышқа сияқты өсімдіктердің түбіне апарып көмеді. Сөйтсе, баланың басы ауырмайтын болады, шашы қаулап өсіп тұрады деп жорамалдайды.

Қазақ шашты далаға тастаса оны құстар алып кетіп, ұя салып алады. Оған жұмыртқа басып балапан шығарады, осы жұмыртқа балапанға айналып, балапан құсқа айналып ұшып кеткенше адамның басы ауырып жүретін болады деп ырым етеді. Басы ауырған адамның мінезі табиғи түрде жаман болады, сын көтермейді. Мінезі шадырайып, көзі адырайып, тебеген аттай одырайып тұрады. Сондықтан қазақ шаш алуға да, алынған шашты өртеп-көмуге де бағзы замандардан сеніп, сол айтылым күйінше орындап келген. Ұрпақтарына ұластыру үшін салт пен дәстүрге мықтап сіңірген [3, 74 б.].

Шаш алу, шаш тойы – бес-алтыжас шамасындағы баланың шашын алуға байланысты атқарылатын жосындардың бірі. Баланы қырқынан шығарғаннан кейін арнайы қойылған кекіл, айдар және тұлым сияқты шаш үлгілері бала бес-алты жасқа келгенше алынбай өсіріледі. Арнайы шаш қою баланың белгілі бір жасқа жеткенінше жанының бекіп, орныға түссін деген түсінікке байланысты өсірілсе керек. Бала сәбилік шақтан өтіп, есейе бастағанын әйгілеу үшін ел-жұрты жинап, олардың ықылас-батасын алу мақсатында той жасалады.

Баланың шашын алу тойы дәстүрлі ортада өте жиі атқарылған. Тойдың соңын ала баланың шашын үлкен ақсақалдар бастап алады. Жағалай отырған жұрт ырымдап бір шөкім шаш қиып алып, келесілерге жалғайды. Әрбір шаш алушы «Жасың ұзақ болсын!»- деп тілек айтып, шашуға әкелген ақшасын немесе түрлі кәделерін балаға береді. Шашты алу кәдесі аяқталған соң, баланың шашын ағаларының бірі тегістеп қияды.

Қазақта «айдарлы бала – айбарлы бала» деген сөз бар. Айдар шаш ер баланы тіл мен көзден сақтайтын көрінеді. Айдар шашты баланың бәріне бірдей қоя бермеген деген де сөз бар. Негізінен зарығып көрген балаға айдар қойған дейді. Ал ертеде көп жағдайда хан ұрпақтары, бай-манаптар өздерінің ең жақсы көрген және өзінің орнын басады-ау деген балаларына ғана айдар қойған екен. Айдарды он екі жасқа толғанда алып, алғашқы мүшел жасының құрбандығы ретінде ел-жұртқа көрсетіп, мал сойып, елдің батасын алатын да салт бар.Айдар – төбесінің орайындағы тумасынан алынбаған бір шоқ қарын шашы арнайы қалдырылады. Айдар – айбардыңжәне күш-қуаттың белгісі. Баяғы кезде перзент көрмей зарығып жүріп, аяқ астынан ұлды болса, оның төбесіне бір шоқ шаш қойып, оған маржан-моншақ араластырып өріп қоятын салт болды. Кейбір хан ұрпақтары мен бай-манаптар да жақсы көрген ұлдарының төбелеріне айдар қойды.

Айдарлы кепеш, тақия – төбесінде қысқалау жіпке тағылған құлтесі бар және кестеленіп, әшекейленген тақияның түрі. Күйші, сері адамдар киетін айдарлы кепештің әшекейлі құлтесі домбырада ойнаған кезде орындаушымен бірге қозғалып, көз үйіреді, өнер адамының шабытын арттырады [2, 87 б.].

Құлдың, күңнің балаларына айдар қойғызбаған. Бұл дәстүрдің де өзіндік мәні бар. Төбесінде айдары бар балаларға үлкен кісілер ерекше назар аударып, ондай ерекшелігі бар перзенттерге сүйіспеншілікпен қарап, көрген жерде қастарына шақырып аты-жөнін сұрап, ықылас-баталарын беріп отырады. Жасының ұзақ, денінің сау болуын тілейді. Сонымен айдарды балаларға «осы балам ел-жұрттың қолдап-қорғауына, үміт-тілегіне ие болса екен» деген жақсы ниетпен ырымдап қояды. Айдардан не тұлымнан зорлап айыру оның иелерінің әуелгі әлеуметтік статусынан айырылғандығын, яғни қорланғандығын бейнелейді.

Халық айдарлы адам айбарлы көрінеді, оған тіл-көз тимейді деп есептеген. Қойылған айдарды бала жеті жасқа немесе он үш жасқа келгенше тіл-көздің сұғынан сақтайды деп алғызбаған. Халық дәстүрінде кейінгі кезде оң шекеге ерке, ерекше балаға тіл-көз тимесін,

сұқтанған адамның көзі айдарға түсіп алдансын деген сеніммен қояды. Айдар қойған баланың шашын сүндетке отырғызғанда алады.Айдар қойған балаға арнап мал сояды. Ауылдағы ақсақалдарды шақырып, баласына бата алады. Өнерлі немесе батыр, ортасында сыйлы адамдардың орнына баланы аунатып, «балам осы адамдай болып өссін» деп тілек тілейді. Айдарлы кепеш, тақия – төбесінде қысқалау жіпке тағылған күлтесі бар және кестеленіп, әшекейленген тақияның түрі. Күйші, сері адамдар киетін айдарлы кепештің әшекейлі күлтесі домбырада ойнаған кезде орыдаушымен бірге қозғалып, көз үйіреді, өнер адамының шабытын арттырады [2, 86 б.].

Айдарға байланысты әр түрлі пікірлер бар. Солардың бірінде «Қазақтар әбден зарығып көрген ұлына ғана айдар қойған. Хандар, үлкен шонжарлар өздерінің орнын басатын, ең жақсы көретін баласына ғана айдар қойып, одан үлкен үміт күткен», – деп айтылады. Тек талас туғызбайтын бір ақиқат: айдар қойған бала он екі жасқа толып, өзінің алғашқы мүшеліне аяқ басқанында айдарын алып, оны мүшел жасының құрбандығы ретінде жиналған жұртқа көрсетіп, мал сойған, қонақасында дуалы ауыз ақсақалдардан бата алған. Қазақта Айдар деген де адам аты бар.

Қыз баланың екі шекесіне екі шөкім шаш қалдырады. Оны «тұлым шаш», «тұлымшақ» деп атаған. Тұлымды да қыз балаға көз тимесін әрі қызымыз сұлу, сымбатты болып өссін деп ырымдап қойған. Осы жастан бастап қыз баланың шашын алмай, қарын шаштан қалған тұлымын кейін жетіліп өскен шашына қосып өріп өсірген.Ал қыз балаға да, ер балаға да ортақ тағы бір шаш қоюдың түрі «кекіл қою» деп аталады. Онда баланың шашын ұстарамен жалтырата қырып, маңдайына таяу жерден бір шөкім шаш қалдыратын болған. Ф.А. Фиельструпқалдырған мәліметі бойынша : кекіл – волосы, оставленные спереди. Кекіл – волосы, оставленные несбритыми на темени ребенка (Қосымша Г). Пучки волос делают мальчика похожим на девочку, чтобы его не сглазили, не испортили [3, 82 б.].

Сонымен қатар айдарға байланысты сөз тіркестеріне тоқталсақ: Айдар тақты– айттырды, құда түсті, меншіктеді. Айдарынан жел есті– алаңсыз бейқам жатты. Кеудесіне нан пісірді, асқақтады.Ат қойып, айдар тақты– ат беріп, белгіледі. Жағымсыз, өтірік қошеметтеді. Айдарлау – белгілеу, нақтылау. Айдарлы – тышулы, белгілі, атақты [4, 117 б.].

Кекіл – бастың төбесі мен маңдайдың жоғары бөлігі арасына қойылатын бір шоқ шаш. Адам жаны бастағы шашты да ұялап тұрады деген көне кекіл қою наным-сенімге байланысты қалыптасқан жосын. Яғни, бала жанының қорғап сақтаушысы ретінде қызмет етеді деген сенім бойынша қойылады. Кекіл қою да ғасырлар бойы ортамызда сақталған дәстүр. Кекіл баланың сүйкіміне сүйкім қосады, кекілінде ата-ананың арман тілегі, балаға деген мейірім мен сүйіспеншілігі жасырынған. Үлкендер сәбидің кекіліне періште ұялайды деп ырым еткен.Кекіл негізінен ұл балаға да, кебір жағдайда қыз балаға да қойылатын жағдайлар ұшырасып жатады. Бұл ұлға зәру отбасында соңғы туған қызға келесі баламыз ұл болсын деген тілекпен байланысты қойылатын болса керек. Жылқы сәндік, түйебайлық деп келетін дәстүрлі ұстанымға байланысты жылқы түлігінің кекіліне де ерекше мән берген. Жылқыны күзеген кезде жас-жыныс ерекшелігіне қарай кесіп, қырқып тегістейді. Ал, жүйрік, жорға тәрізді топқа, үлкен ортаға мінетін аттардың кекілі мен жалын өріп, күлтелеп түйіп, үкі тағып ерекше сәндейді. Ұзақ сапарға шығарда, ұрысқа кірісерде, барымта алдында аттың кекілі мен құйрығын түйіп байлаған. Сондай-ақ, дау-дамай шешуге барар кезде де кекілін түйіп баратын. Ол бір іске бел байлауды білдіретін кекіл түйді деген мағынада қолданылады. Ал, ат кекілін кесіп аттану алған беттен қайтпауды білдірген. Сайып келгенде, кекіл, кекіл түю, кекіл кесу т.б. жағдайлар ант, серт берудің белгісі ретіде қызмет атқарғаны байқалады [2, 40 б.].

Кекілге байланысты сөз тіркестеріне тоқталсақ: Кекіл кесті- араздасты, атқұйрығын кесісті,біржолата айырылысты. Кекіл қақты- басын шұлғыды, изеді. Кекіл түйді- бел байлап кірісті, сыбанды. Кекілдім- қарағым, қалқам [4, 58 б.].

Шаш қоюдың осы үш түрі де бүгінгі таңда қайта жаңғырып, айдарлы ұлдарды, тұлымшақты қыз балаларды, кекілді сәбилерді көретін болдық.Ескі дәстүр жаңа заманның сәніне айналды. Демек, қазақы салттың қай-қайсысының да өміршең екендігінің бұл да бір

дәлелі.Әлем халықтарының ішінде балаға шаш қоюдың өзіндік дәстүрлері тек қана біздің қазақта емес, шығыс халықтарының көпшілігінің тұрмысында әлі күнге дейін жалғасып келе жатқанын айта кеткеніміз орынды. Мысалы Тайланд халқы аурушаң балаға тұлым не айдар қойса, сауығып кетеді деп сенген. Сондай-ақ, өте сүйкімді балаларды жын-пері айналдырғыш келеді деп, жын періні үркітетін тек қана тұлым шаш деп есептеген.

Ал осыған ұқсас мағынада көбінесе сыртқы тылсым күштерден қорғайды деген сеніммен баланың шашын түрлі пішінде өсіретін елдердің қатарында қытайлар, кәрістер, мысырлықтарды атауға болады. Әйтеуір, көптеген халықтардың шашты баланың бірден-бір қорғаушысы әрі қорғаныс қабілетін арттыратын ерекше тылсым күшке ие деп есептейтіндігі шындық.Египеттіктерде қалыптасқан дәстүр баланың шашын бір жасқа дейін тақырлап алады да, одан кейін тұтас өсіріп жібереді. Олар да шашты жын-перілерді қашыратын, ауру-сырқауды жолатпайтын айрықша қасиетке ие деп санайды. Египеттіктер баланың шашы иығына жеткенде оны бұрымдарға бөліп, өріп тастайды. Шаш неғұрлым көп бұрымнан тұрса оны жақсылыққа жорып, соншама көп ізгі тілектер айтады және осы тілектер баланың бұрымына сақталып, жеткіншекті қорғап тұрады деп иланады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлімбай Н. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. –Алматы: РПК Слон, 2011. 1-том: А-Д. – 735 б.

2. Әжіғали С. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том.–Алматы: Арыс, 2005. – 328 б.

3. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. –Алматы: Алматыкітап, 2006. –384 б.

4. Кунсткамера жинағындағы қазақтың дәстүрлі мәдениеті. –Алматы: Мәдени саясат және өнертану институты, 2008. – 224 б.

ВЗАИМОСВЯЗЬ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ И ПРОЦЕССА ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ

Александрова Ксения, студентка IV курса естественно-географического факультета
Власенко Наталья, магистрант II курса естественно-географического факультета
Научный руководитель – **Ильина В.Н.**, кандидат PhD, доцент СГСПУ

Самарский государственный социально-педагогический университет, г.Самара, Россия

Модернизация содержания и структуры российского образования требует изменений, связанных с различными сферами, в том числе и достижения основных задач формирования у обучающихся экологической культуры. Среди механизмов решения таких задач государственной политикой России до 2030 года в области экологического образования определены направления образовательного процесса, направленные на формирование экологически грамотного и ответственного поведения, экологической культуры и экологического образования. Идеология развития современного общества основана на существенном преобразовании отношений человека и природы. Формирование экологически грамотного отношения общества к окружающей среде основано на неразрывной связи человека с природой. Это возможно лишь при достаточном уровне экологической культуры общества и каждого человека в частности, формирование которой начинается с раннего возраста и не может быть завершено на каком-то возрастном этапе. Главным показателем сформированности экологической культуры личности считается социальная и индивидуальная экологическая ответственность человека за события в природной среде и жизни людей [1, 2].

О необходимости развития экологического образования говорится в Федеральном законе № 7-ФЗ «Об охране окружающей природной среды» 2002 года, Указе Президента РФ № 889 «О некоторых мерах по повышению энергетической и экологической эффективности российской экономики» 2008 года, Концепции общего экологического образования для устойчивого развития 2010 года, Федеральном Законе № 273-ФЗ «Об образовании в Российской Федерации» 2012 года, Основах государственной политики в области экологического развития Российской Федерации на период до 2030 года (2012). Во ФГОС ООС к личностным результатам освоения основной образовательной программы относится и формирование основ экологической культуры, развитие опыта экологически ориентированной рефлексивно-оценочной и практической деятельности в жизненных ситуациях. Важнейшим условием для эффективной реализации основной образовательной программы школы является создание образовательной среды. В теории и практике создание необходимой образовательной среды до настоящего момента является не до конца решенной проблемой, заслуживающей более пристального внимания.

Анализ доступной литературы по теме исследования позволяет сделать вывод о том, что решению проблемы экологического воспитания школьников посвящено значительное число работ. Однако еще существуют аспекты, которым требуется уделить большее внимание. Например, необходим поиск организационных и педагогических условий образовательной среды школы, способствующих воспитанию экологической культуры. Экологическая культура обучающихся, формируемая в условиях целостной образовательной среды, является личностным образованием, базирующемся на развитии когнитивной, эмоциональной и волевой сфер личности, результатом ее формирования является активная реализация субъектной позиции обучающегося. Вопросы формирования экологической культуры обучающихся широко обсуждается в педагогической литературе. Методологические основы и условия реализации экологического образования отражены в работах Э.В. Гирусова, Н.М. Мамедова, С.Н. Глазачева, И.Д. Зверева, И.Н. Пономаревой, И.Т. Суравегиной, С.Д. Дерябо, В.А. Ясвина и др. Вопросы взаимодействия природы и общества рассмотрены в трудах В.И. Вернадского, Д.С. Лихачева, Н.Н. Моисеева, В.И.

Медведева. Концепции развития системы экологического образования разработаны С.В. Алексеевым, А.Н. Захлебным, В.А. Кобылянским. Преемственность и необходимость непрерывного экологического образования отражены в работах И.Т. Гайсина, С.Г. Гильмияровой, Н.М. Черновой. Теория и реализация экологического образования в средней школе предложены также С.В. Алексеевым, А.Н. Захлебным, О.С. Наумовой. и др.). Туристско-краеведческая деятельность как средство формирования экологической культуры рассматриваются Е.А. Игумновой, С.П. Фокиным, Р.А. Рогожниковой [1-11].

Цель исследования: выявить и проанализировать педагогические условия и содержание образовательной среды, способствующих формированию экологической культуры личности.

Объект исследования: учебно-воспитательный процесс, направленный на формирование экологической культуры.

Предмет исследования: педагогические условия и содержание образовательной среды, способствующие формированию экологической культуры у обучающихся.

Для достижения поставленной цели необходимо решить следующие задачи:

1. выявить сущность, структуру и содержание понятия «экологическая культура»;
2. определить педагогические условия создания образовательной среды в образовательной организации, способствующие формированию экологической культуры обучающихся;
3. рассмотреть специфику образовательной среды в дополнительном образовании.

Методы исследования. Для решения поставленных задач и проверки исходных предположений был использован комплекс исследовательских методов, дополняющих друг друга: теоретические (анализ учебно-методической литературы, российской нормативно-правовой базы; синтез, обобщение, интерпретация результатов исследования); эмпирические – методы сбора информации; методы статистической обработки результатов исследования (статистический и сравнительный анализы с помощью компьютерных программ Microsoft Excel, Statistica, Windows 2007).

Научная новизна исследования. Выделены и описаны этапы воспитания экологической культуры. Оценена возможность индивидуализации образовательной деятельности через применение как традиционных, так и инновационных образовательных методик. Раскрыты теоретические аспекты формирования экологической культуры с использованием возможностей образовательной среды. Выявлены основные особенности организации образовательной среды в общеобразовательной организации, эффективных при формировании экологической культуры.

Практическая значимость исследования. Возможна реализация рассмотренных методик формирования экологической культуры посредством развития образовательной среды и реализация различных образовательных программ (экологических лагерей, туристских походов). Материалы исследования могут быть использованы при разработке и организации конференций, семинаров и мастер-классов для педагогических работников с целью повышения квалификации.

В результате анализа литературных данных было выяснено, что экологическая культура учащихся представляет собой интегральную категорию в педагогической науке, состоящую из многих компонентов. Термин «экологическая культура» до настоящего времени не имеет четкой формулировки. В большинстве случаев различными авторами в неё включаются экологические знания, опыт деятельности, поведения в природе и отношение к окружающему миру. Развитие когнитивного, деятельностного и эмоционального компонентов свидетельствует об уровне экологической культуры. Когнитивный компонент - это система естественнонаучных и экологических знаний о сущности, структуре и содержании экологической культуры); эмоциональный (эмоциональное состояние личности в процессе общения с природой, нравственно-эстетическое восприятие природной среды); деятельностный (наличие системы навыков по охране окружающей среды; характер участия в природоохранной деятельности). Не подлежит сомнению необходимость создания в

образовательном учреждении особой образовательной среды, способствующая эффективному процессу формирования у учащихся экологической культуры.

Дополнительное образование детей отличается от школьного образования более неформальным стилем общения учащихся с педагогом, благодаря чему последний помимо источника знаний становится помощником в деле формирования полноценной личности. Учебный процесс в учреждениях дополнительного образования в основном ведётся в индивидуальной и малой групповой формах и имеет следующие особенности: удобное время проведения, исключительная добровольность, возможность сочетать и менять формы деятельности. Педагогические технологии представляют собой не столько подход к подаче информационного базиса, сколько способы организации различных видов деятельности учащихся. В первую очередь педагогические технологии делятся на дифференциальные и индивидуализированные, но многие программы могут содержать в себе оба этих принципа. Педагоги дополнительного образования при построении авторской педагогической программы, вне зависимости от её вида (комплексная, интегрированная, модульная или сквозная), должны придерживаться следующих требований: развивающий характер обучения, разнообразие форм деятельности, мониторинг интересов учащихся на всех этапах учебного процесса, доступность для использования другими учебными заведениями.

Таким образом, для эффективного формирования экологической культуры необходимо создание комфортной образовательной среды. Образовательная среда представляет собой специально созданную и структурированную часть образовательного пространства, в которой осуществляется целенаправленная образовательная деятельность в целях осуществления процесса воспитания экологической культуры.

Список литературы:

1. Зверев И.Д. Организация экологического образования в школе. – Пермь, 1990. – 148 с.
2. Орлов Е.В. Коэволюционный подход в формировании экологической культуры школьников: дис....канд. пед. наук:13.00.01. – Москва, 1997. – 142 с.
3. Гирусов Э. В. Экологическое сознание как условие оптимизации взаимодействия общества и природы. – М.: Наука, 1983. – 138 с.
4. Акимова Т.А., Хаскин В.В. Основы экоразвития. – М.: Издательство Российской экономической Академии, 1994. – 312 с.
5. Глазачев С.Н., Козлова О.Н. Экологическая культура / Пробное учебное пособие для учащихся школ, гимназий, лицеев, колледжей, студентов педвузов, вузов культуры и учителей. – М.: Горизонт, 1997. – 208 с.
6. Гелашвили Д.Б. Экологическое образование как лимитирующий фактор устойчивого развития //Экологическое образование и воспитание в Нижегородской области на рубеже веков: Материалы 5 научно-практической конф. – Н.Новгород: ННГУ, 1999. – С.32-33.
7. Гайсин И.Т. Преемственность системы непрерывного экологического образования: дис.... д-ра пед. наук: 13.00.01. – Казань, 2000. – 408 с.
8. Дежникова Н.С., Иванова Л.Ю., Клемяшова Е.М. и др. Воспитание экологической культуры у детей и подростков: учебное пособие. – М.: Пед. общество России, 2000. – 63 с.
9. Ильина В.Н., Ильина Н.С., Шишкина Г.Н. Опыт проведения ботанико-краеведческих работ со школьниками и студентами в аспекте формирования экологической культуры личности // Актуальные вопросы организации научно-методического обеспечения университетского образования: материалы Междунар. научно-практической интернет-конференции, Минск, 26–27 октября 2017 г. – Минск: БГУ, 2017. – С. 57-63.
10. Ильина В.Н. Использование объектов экологического каркаса Самарской области в биоэкологическом образовании учащихся // Поволжский педагогический вестник. 2020. Т. 8. № 3 (28). С. 96-100.
11. Рогова Н.А., Ильина В.Н. Понятие «экологическая культура личности» и возможности её формирования в процессе общего и дополнительного образования детей // Экология. Риск. Безопасность: материалы Всероссийской научно-практической конференции (29–30 октября 2020 г.). – Курган: Изд-во Курганского гос. ун-та, 2020. – С. 442-444.

ҚЫПШАҚ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ахан Нұрәсем, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің III курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Рахымберлина С.А.**, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанда қ.

Мақал-мәтелдер – тілімізде көненің көзіндей сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл мұра. А.Байтұрсынұлы: «Мәтел дегеніміз кезі келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мақал мәтелге жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады»,- деп анықтама берген. [1, 285-б.]

Мақал-мәтелдерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу бір жағынан, ауыз әдебиеті үлгілерін қазіргі қыпшақ тобындағы қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт т.б. тілдердің фактілерімен салыстыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, осы тілдердің әрбір кезеңдегі даму үдерісін айқындауға мүмкіндік беретін тарихи материал. Өйткені, мақал-мәтелдер халықтың әр кезеңдегі тұрмыстық, әлеуметтік-тарихи тәжірибесінің негізінде жасалады да, ғасырлар бойына атадан балаға ауысып, мұра болып қалып отырады.

Мақал-мәтелдердің құрамы тілдегі негізгі сөздік қормен байланыста қаралуға тиіс. Олардың құрамындағы кейбір сөздер лексикалық мағынасы жағынан қаншама өзгеріске түскенімен, бастапқы тұлғасын сақтап қалады. Мақал мен мәтелдің лексикалық құрылысын зерттеудің ұтымдылығы осы заңдылықтан келіп шығады. Мақал-мәтелдердің қалыптасуына араб, парсы, түркі әдебиеттерінің рөлі күшті болды және бұлардың тіл білімінің дамуына қосқан үлесі де қомақты.

Жүсіп Баласағұнның «Құдадғу біліг» еңбегі XI ғасырда жазылған Орта Азия, Шығыс Түркістан және Қазақстан түркі халықтарының көркем әдеби шығармаларының ішіндегі ең алғашқысы да, ең көнесі де болып есептеледі. Түрік мақал-мәтелдерін зерттеген Айдын Ой Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу Білігіне» тоқатала келіп, оның өлең жолдары мақал-мәтелге айналып кеткендігін көптеген мысалдармен дәлелдейді [2, 155-б.].

Ұлы бабамыз Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани хикметінің» (Даналық кітабы) әрбір сөзінің астарындағы даналық иірімдері меруерттей мөлдір сөзбен берілгендігін «Ишарат еттім, дана болса, мағына алсын, Сөз өнерін өрнектедім, нақыл қалсын, Дүр гауһар лебізімді есіне алсын» деген жолдарынан көруге болады.

Қыпшақ тобына жататын тілдерге тікелей қатысы бар салыстырмалы аударма сөздіктің алғашқыларының бірі XII ғасырда Египетте жазылған «Китаб мажму таржуман түрки вә ғажами, вә мағұли» (түрікше, монғолша, арабша тәржуман) деп аталатын сөздік. Қолжазбада есім, етістік сияқты бірер сөз таптары аталып, олардың морфологиялық көрсеткіштерінің кейбір түрлері сөз болған. Н.А. Баскаков оларды «Кодекс Куманикста» кездесетін сөздерге тым жақын дейді. [3, 36-б.].

Зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда, қыпшақтардың нағыз дәуірлеп тұрған кезі – XI-XV ғасыр аралығы. Осы ғасырларда хатқа түскен «Кодекс Куманикус» (XIII ғ.), «Терджуман турки уа араби» (XIII ғ.), «Китаб аль-идрак ли-лисан ал-атрак» (XIV ғ.) сияқты сөздіктер сол дәуірлердегі сөйлеу тілінің ескерткіші болып саналады. Бізге белгілі ондай жұмыстардың ең біріншісі, ең маңыздысы және барынша толық жеткені – Махмұт Қашқари жасаған «Диуани лұғат ат-түрік» деп аталатын сөздік. Бұл сөздікте автор түркі семьясына жататын көптеген тілдердің сөздіктерін, грамматикалық дыбыс заңдылықтарын бір-біріне жақындық дәрежелерін айқындайды. Автордың қыпшақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін оғыз тілдерінің дыбыстарымен салыстыра қарауы, олардың арасындағы дыбыс заңдылықтарын ашуы маңызы ерекше. [4, 33-72]. Осы ғылыми еңбекте қыпшақ мақал-мәтелдерінің 266 түрі көрініс тапқан. Сөздіктегі мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, салыстырып көрейік.

1. Қорқміш кішігә қо башы қош көрунур [6, 139-б.]. Қазақ және қарақалпақ тілдерінде – Қорыққанға қос көрінер.

2. Қуруқ қашуқ ағізқа іарамас. Қуруқ сөз қулаққа іарамас [5, 364-б.].

Қазақша және қарақалпақша – Құрғақ қасық ауыз жыртады.

Ноғайда – Кьоргакь кьашыкь авыз жыртади.

Татарда – Қоры кашык авыз ерта.

3. Ач нэ іәмәс, ток нэ тэмас [5, 108-б.].

Қазақша-қарақалпақша – Аш не жемейді, тоқ не демейді.

Татарда- Ач не жемәс, ток не демәс.

Ноғайда – Аш не жемейді, токь не демейди.

Аз-кем фонетикалық, грамматикалық немесе лексикалық ауытқуларды айтпағанда, қазіргі қыпшақ тілдерінде сол күйі дерлік сақталған. Дегенмен, кейбір фонетикалық ерекшеліктерін атап көрсетсек, олардың бастылары мыналар:

Ш/С дыбыстарының алмасуы. Сөздікте кездесетін бір, екі кейде үш буынды түбір сөздердің құрамындағы Ш дыбысы қазақ, қарақалпақ тілдеріндегі С дыбысына сәйкес келеді. Мысалы: Әрдам баші – тіл / қарақалпақта Әдиптин басы – тил, қазақта Әдептің басы – тіл. Куш қанатын; әр атын. Қуруқ қашуқ ағізқа іарамас. Осындағы баш/бас , құш/ құс , қашуқ/қасық т.б. Ал, ноғай, татар тілдерінде ш дыбысы сақталған.

И/Ж. Сөз басында й дыбысы қазақ, қарақалпақ тіліндегі Ж дыбысына сәйкес келеді. Йағыны ашақласа, башқа чықар/ қарақалпақта – жавды елемесень басқа шығар, қазақта – жауды елемесең басқа шығар. Ал, бұл й/ж дыбыстарының сәйкестігі ноғайларда сақталып, татардың халық тілінде сөз басында әрі й, әрі ж қатар айтылады. Мысалы: Иөк авырын нар күтәрәр. Мал – бакканнықы, жир – йертканнықы. (Жүк ауырын нар көтерер. Мал – баққандікі, жер – жыртқандікі).

Ч/Ш. Бірінші , екінші буындардағы ч дыбысы ш дыбысына сәйкес келеді. Кісі алосы ічтін, иілқы алосы таштін /қарақалпақта- Мал аласы сыртында, адам аласы ичинде , татарда- Адам алосы эчендә, хайван алосы тышында, қазақта- Кісі аласы ішінде , мал аласы сыртында. Алімчі арслан, бәрімчі січған/Алушы арыстан, беруші тышқан т.б.

Қыпшақ тілдерін қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда, сонымен бірге мынадай дыбыс сәйкестіктерін байқауға болады:

А) қазақ тілінде сөздің соңғы дыбысының акустика-артикуляциялық сипатына қарай қосымшаның бірінші дыбысы л/д/т болып алмасып отырады: айлар, жылдар, аттар, жастық. Ал, ноғай, қарақалпақ тілдерінде мұндай алмасулар кездеспейді: айлар, жыллар, атлар, жаслық;

Ә) ноғай тілінде б/в дыбыстары келетін көптеген сөздерде қазақ тілінде у дыбысы қолданылад: абна- авна-ауна, аба-ава-ауа, жабап-жавап-жауап.

Осындай азды-көпті өзгешеліктер грамматикада да бар. Қазақ тілінде ауыспалы өткен шақтық есімше -атын/ -етін/ -йтін түрінде айтылса, ноғай тілінде -атаған/ -өтеген/, қарақалпақ тілінде -атұғұн/ -етұғын түрінде келеді; баратын (баратаған), баратұғын. Қарақалпақ, ноғай тілдерінде қолданылатын -ажақ/ -ежек немесе -айақ/ -ейек жұрнақты есімшелерде кейбір диалектілерде болмаса, қазақ әдеби тілінде қолданылмайды. Бұл аталған формалар қазақ тілінде біраз сөзде ғана -ашақ/ -ешек түрінде кездеседі: болашақ, келешек т.б.

Махмұт Қашқари өз еңбегінде сөздердің тек жеке мағынасында ғана емес, этимологиясына да түсінік берген. Енді осы сөзімізді дәлелдеу үшін қыпшақ тілдеріндегі кейбір мақал-мәтелдердің этимологиясын қарастыра кетейік. Тіл дамуының барысында қазіргі тілдерде қолданылып жүрген кейбір сөздердің бұрынғы мағынасы күңгірттеніп, жаңа мағынаға ауысып кеткен. Мысалы: Дава сінак авамаз (Түйе шыбын ауламас) деген мәтелдегі сінак – шыбын, маса түрінде берілген. Сінак қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде қолданылмайды [6, 378]. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз – чивин, чыбын,чымын, шыбын түрінде қолданылады. Алабұқада мун йок, алу кісіда ой йок (Алабұғада сорпа жоқ, ақымақта ой жоқ) деген мақалдағы *мун* сөзі ескі түркі тілінде мин. Махмұт Қашқарида мун сорпа

мағынасын білдіретіндігі көрсетілген. Сондай-ақ қазақта Басқа түссе-баспақшыл деген мәтел В.Радловтың «Түркі сөздігінде» *Башыңа төшсо башмақшы буларсын* деп көрсетілген. Бұл мақаладағы баспақшы баспақшыл болу жөнінде емес, башмақ сөзіне байланысты. Башмак татар тілінде –башмак (аяқ киім): агаш башмак, чабата башмак. Осыны істейтін кісіні башмакчы деп атаған [7, 64-б.]. Демек, бұл мақалдың баспаққа ешқандай байланысы жоқ.

Тағы да басқа осы тәріздес мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Бір алуан сөздердің біз әңгіме етіп отырған дәуірлер тілінде қазіргіден өзгеше мағынада жұмсалуы – сөздің мағыналық өзгерісінің (дамуының) нәтижесі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013.
2. Aydin Oy. Tarih bouynca turk ata sozlari.Istambul. 1972.
3. Введение в изучение тюркских языков. – М.,1962
4. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 192 б.
5. Қашқари М. Түрік сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). I том. – Алматы, 2017. – 591 б.
6. Қашқари М. Түрік сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). III том. - Алматы, 2017. - 600 б.
7. Татарча-русча сүзлук. – Казань: «Таткнигоиздат», 2001.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Байдырахманова Жұлдыз, Логистика және көлік академиясының «Логистика және басқару» факультетінің I курс студенті

Ғылыми жетекшісі - **Смаилова Ф.И.,** педагогика ғылымдарының кандидаты, Логистика және көлік академиясының қауымдастырылған профессоры

Логистика және көлік академиясы, Алматы қаласы

Қазақстан Республикасның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 16-наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. Осыған байланысты еліміздегі барлық мектеп оқушылары, студенттер қашықтықтан білім алуда.

Алдымен «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсақ, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар. Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы. Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірмейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Мұғалімдердің алдын – ала дайындау және ұйымдастыру шаралары жүргізілмесе, программалық қамтамасыз етілмесе оқушылардың білімі жоғарыламайды. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші - адам. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру жүйесі оқытушылар мен студенттер арасында, өзара студенттер арасында жұмысқа қатысты кез келген форматтағы файлдармен алмасуды қолдайды. Moodle жүйесінде сабақ дайындау және өткізуде оқытушы құрамына глоссарий, ресурс, әр түрлі тапсырмалар, форум, wiki, сабақ, тест, webinar, аудиодәрістер және т.б. курс элементтерінің жиынтығын пайдаланады.

Қазіргі заманда білім жүйесінің заман талабына, уақыттың сұранысына қарай ғарыштап дамуы, әрбір педагогтан сабақты ғылыми жобада жасауын талап етеді. Сабақты

ғылыми жобада жасай білген мұғалім оқушы жүрегіне жол тауып, оның сабаққа деген қызығушылығын арттырып, мұғалім мен оқушы арасында түсінушілік пайда болады. Мұғалімнің коммуникативті дамуы: оқушыларды тыңдау, олардың көзқарасын түсіне білу, сын жасай білу, әңгіме, ұйымдастыра білу керек. Әрбір мұғалімнің бойында шартты рефлекциялық қасиеттер қалыптасуы керек: балаларды оқытуды өзінің тәсілін жұмысында қолданып, қиын жағдайларда шешімін тауып, шыға білу керек. Қашықтан оқыту курсы осыған бағытталған. Бірақ бұл оқу бағыты барлық жерде және әрдайым шешім бола алмайды. Оның басты себебі еліміздегі техникалық және әлеуметтік жағдайдың әр түрлі болуы.

Білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандырып, қашықтан оқытудың алғы шарттары Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасында айқын көрсетілген. Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала, университет шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциялын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент – сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады [1].

Қашықтықтан білім беру мүмкіндігін ұсынатын оқу орындарының барлығы бір бірінен белгілі қасиеттері бойынша ерекшеленеді. Олардың ерекшеліктері білім беру мазмұны мен деңгейі, білім алушылардың саны мен құрамы, техникалық және қаржылай мүмкіндігі бойынша ерекшеленеді. Қашықтықтан білім беру жүйесі дамытылған елдер де мемлекет деңгейінде қаржыландыру арқылы жүргізіледі. Дүниежүзіндегі дамушы елдердің барлық жоғарғы оқу орындары қашықтықтан білім беру технологиясымен жұмыс жасауда. Мысалы, алпауыт елдердің бірі Америка құрама штаттарында 1995 жылдан бастап жоғарғы оқу орындарының 58% қашықтықтан оқыту технологиясына тәжірбие жасап, бұл технологияның тиімді екенін алға тартқан. Қазірде бұл елде мыңдаған оқу орындары осы технология бойынша жұмыс жасауда.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

1) Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет;

2) Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет;

3) Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білуі қажет;

4) Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет;

5) Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет;

6) Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет;

7) Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды [2]. Сондықтан тыңдаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Қашықтықтықтан оқыту нысаны негізгі үш технологиялар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

1) желілік технология (автономды желілік курстар, немесе виртуалды кафедралар, Интернетті пайдаланатын университеттер);

2) кейс-технологиялар негізінде қашықтықтықтан оқыту;

3) ТВ-технологиялар негізінде қашықтықтықтан оқыту.

Сонымен, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, қашықтықтан оқыту технологиясы білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеде оқытушы студенттің жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Білім беру жүйесінің ортасында студент тұратынын ескерсек, оқыту жүйесі тұтасымен өзгереді. Оқытушы студентке арналған өзіндік жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану да оқытушының рөлі арта түседі және өзгереді. Сырттай бөлім мен қашықтан оқытуды араластыруға болмайды деген позицияны кейбір авторлар ұстанып отыр. Олардың басты ерекшелігі, қашықтан оқыту кезінде интерватівтіліктің жүйелілігі және тиімділігі қамтамасыз етіледі. Қашықтан оқытуда күндізгі бөлімде оқытылатын материалдар қолданылады. Осымен байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып жүргізілетін білім беру сапасын бақылауды дұрыс жүргізу және жүзеге асыру мәселесі туындайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі/Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Журнал «Информатика и образование». – 2006. – № 7. – С. 41-45.

3. Журнал «Информатика и образование». – 2006. – № 2. – С. 49-57.

СӨЙЛЕМ МЕН ПАЙЫМДАУ

Батырхан Жансая, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филология факультетінің II курс магистранты

Ғылыми жетекшісі - **Жақыпов Ж.А.,** филология ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

Тіл білімі – логика ғылымының қойнауынан шыққан ғылым. Тіл және ойлау өзара тығыз байланыста, бір-біріне әсер ететіні белгілі. Сондықтан тілде логикаға тән құбылыстар мен түзілімдер ерекше орын алады. Тіл мен ойлау тығыз қарым-қатынаста болады дегенде, ең әуелі сөйлем мен пайымдауды ойға келеді. Белгілі ғалым Т. Қордабаев өз еңбегінде «Тіл білімі мен логиканың түйісетін жері – тіл мен ойлаудың арақатысы мәселесі. Логика – ойлау формаларын, ол формалардың өзара байланысын, даму жолдарын зерттейтін ғылым. Тіл ғалымдары үшін тілдің мағыналық, мазмұндық жағы аса маңызды. Ал тілдік мазмұн дейтініміз – ой, байымдау. Бұлар логикалық категориялар», – деп жазған болатын [1,88].

Логиканың ішінде пайымдаудың сөйлемге қатысы мол. Сөйлем мен пайымдау бір-бірімен тығыз байланысты. Тіл білімінде логикалық субъект мен грамматикалық бастауыш, логикалық предикат пен грамматикалық баяндауыш сәйкеспейтіні дәлелденген. Демек сөйлем мен пайымдаудың арасында біршама ерекшеліктер бар деген сөз.

Синтаксистің логикалық аспектісі, оның ішінде тілдің логикалық категориялары жайлы И. Сизова, В. Бабайцева, Т. Қордабаев, К. Аханов, Р. Әміров, Ж. Жақыпов еңбектерінде жан-жақты сөз болады.

Сөйлем мен пайымдаудың арасындағы байланыс пен ерекшеліктерді түсіну үшін, ең алдымен әрқайсысына тән белгілер мен анықтамаларға тоқталуды жөн көрдік.

Қазақ тіл білімінде сөйлемге алғаш анықтама берген ғалым – А.Байтұрсынұлы. Зерттеуші ғалым А. Байтұрсынұлы «Тіл құрал» атты еңбегінде: «Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне бірінің қырын келтіріп, қиындастырады. Қыры келетін сөздер, тұрған күйінде алса да, қиындаса алады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп қиюын келтіреміз», – дейді [2,263]. Ал ғалым Қ. Жұбанов сөзбен білдірілген ойдың түгел болуы немесе болмауы да мүмкін екендігін айтады. Ойдың аяқталғанын білдіретін бірнеше сөзді сөйлем дейміз деген анықтама берген болатын [3,34-35]. Т. Қордабаев сөйлем аяқталған ойды емес, жеке ойды білдіреді деп жазды. Ондай жеке ойлардың логикалық жағынан аяқталмауы да мүмкін деп көрсеткен болатын. Сөйлемге тән негізгі белгілер, оның грамматикалық сипатын айқындайтын синтаксистік категориялар – коммуникативтік пен модельдік және предикативтік қасиеттер [4,6].

Тіл қарым-қатынас жасаудың негізгі құралы болса, ал сөйлем қарым-қатынас жасауда кісінің ойын айтудың негізгі формасы болып табылады [5,83]. Сөйлем өзімен сырттай ұқсас тілдің басқа құбылыстарынан коммуникативті қызметі, яғни хабар беру қызметі жағынан ажыратылады. Сөйлем – толық коммуникативті қызметі бар синтаксистік бірлік болып табылады [6,235]. Адам ойы әр алуан, соларды айту үшін сөйлемдер қызметке келеді. Сөйлем – қарым-қатынас жасауда кісі ойын айтудың негізгі формасы болып табылады [7,104].

Синтаксистің зерттейтін басты единицаларының бірі – сөйлем. Сөйлем атқаратын қызметі жағынан да, мазмұны жағынан да, сөзден, сөз тіркесінен түгелдей өзгеше категория болып саналады [8,49]. Сонымен коммуникативті функция арқылы сөйлем іске асады, сөйлемнен басқа тілдік бірліктер бұл қызметті атқара алмайды. Сөйлем синтаксистің ең негізгі нысаны болып табылады. Адам баласы өз ойын басқаларға сөйлем арқылы білдіреді және сөйлем арқылы басқалардың ойын біле алады.

Сөйлемнің грамматикалық сипатын айқындайтын синтаксистік категориялар-коммуникативтік пен модальділік және предикативтік белгілер болып есептеледі. Аталған категориялардың әрқайсысының өзіне тән ішкі мағыналық және сыртқы материалдық көрсеткіштері болады [4,5-6]. Ж.А. Жақыпов: «Тіл – мән, сөйлеу – құбылыс. Философида дәлелденгендей, мән тереңірек, құбылыс кеңірек, мән мен құбылыстың бірінсіз бірі жоқ, бұлар тығыз диалектикалық байланыста тұрады. Сонда, тіл мен сөйлеу – бір нәрсенің екі жағы. Тілге – статика, сөйлеуге – динамика тән. Тілде ой берілсе, сөйлеуде ол ой қозғалысқа, өзгеріске түседі», – деген анықтама берді [9,4]. Ал В.В. Бабайцева: «Сөйлем синтаксистің негізгі бірлігі болып табылады, өйткені сөйлемде тілдің ең маңызды функциялары көрінеді: танымдық және коммуникативтілік» – деп анықтама берген [11,58].

Сөйлем – қисындық пайымдауды да жарыққа шығарады. Бірақ бұдан сөйлем мен пайымдау тепе-тең бірлікте деп ойлауға болмайды. Логикалық тұрғыдан алғанда, сөйлем аяқталған ойды білдіреді деген анықтама бар, бірақ ойды анықтау үшін кейде бір емес, толып жатқан сөйлемдерді айту қажет болады. Сөйлем аяқталған ойды емес, жеке ойды білдіреді. Ондай жеке ойлар қисындық жағынан аяқталмауы да мүмкін екені дәлелденген. Сондықтан сөйлем – аяқталған ойды емес, жеке ойды оған мағыналас басқа ойдан бөліп көрсететін коммуникативтілік дербес тұлға десек болады. Сөйлем әрдайым ойды білдіреді деген қорытынды шығаруға болмайды. Сөйлем кейде адамның көңіл күйін және қоршаған әлемге қатынасын т.б сипаттауы да мүмкін [4,5].

Біз жоғарыда сөйлемнің негізгі белгілерін ғалымдардың беріп кеткен анықтамалары арқылы көрсеттік. Сөйлем тиянақты ойды білдереді деген пікірдің дұрыс емес екендігіне көз жеткіздік деп ойлаймыз. Сөйлем – жеке ойды білдіреді. Т. Қордабаевтың пікірімен айтқанда «сөйлем мәтіндегі, контекстегі жеке ойды білдіретін тізбек». Сонымен, біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер тізбегін сөйлем деп атайды екенбіз.

Пайымдау категориясының сөйлемге қатысы мол. Пайымдаудың өзіне тән логикалық құрылымы мен элементтері болады. Пайымдаудың құрылымында екі элемент болады: оның бірі – логикалық субъект (ойдың предметі туралы ұғым), екіншісі – логикалық предикат (ойлауға қатысты белгі жайындағы ұғым) [6,232]. Сөйлем мен пайымдаудың әрқайсысының өзіне тән ұқсастықтары мен ерекшеліктері бар. Бұл екеуінің тең емес екенін көптеген ғалымдар дәлелдеген. Неміс лингвисті Г.Штейнталь грамматикалық және логикалық категориялардың бірдей емес екенін, «сыйыспайтын» ұғымдар екені туралы тезис ұсынды. Осы пікірдің негізінде А.Потебня да өзінің көзқарасын білдірді: «Грамматикалық сөйлем мен пайымдау параллель емес» деп жазды [10,9]. Орыс лингвистикалық дәстүрінде, мысалы, ұзақ уақыт бойы Ф.И.Буслаев сөйлемді «сөзбен айтылған пікір» деп анықтама берген [10,8].

Логикалық және грамматикалық зерттеулерде негізгі орынды сөйлем мәселесі алатыны белгілі. Синтаксистік құрылысты логикалық тұрғыдан зерттеп жүрген тілтанушылар мен философтар сөйлемге байланысты ойдың үш түрін қарастырады: 1) ой-хабар; 2) ой-сұрақ; 3) ой-түрткі. Бұдан шығатын қорытынды хабарлы және сұраулы, бұйрықты сөйлемдер ойды білдіретінін түсінуге болады [11,10].

Тіл – ойлаудың жемісі, ойды қалыптастырып және де оны жарыққа шығаратын форма. Адамдар өз ойын тіл арқылы басқа адамдарға білдіріп, тіл арқылы, сөйлеу арқылы басқаның ойын біле алады. Тіл ғалымдары тілдің мағыналық жағына, оның ойды қалай жарыққа шығаратынына селсоқ қарай алмайды. Ал бұл нәрселерді білу үшін ойлау заңдылықтарынан хабардар болуымыз керек. Философия ғылымының жетістіктеріне сүйену қажет болады [1,87].

Қазақ тілінде сөйлемдердің ең көп жұмсалатыны – екі мүшелі сөйлем, яғни бастауыш пен баяндауыштан түзілетін сөйлемдер. Тіл мен ой тығыз байланысты. Сөйлем пікірді хабарлаудың амалы болғандықтан бір-біріне ұқсас, пікір (пайымдау) әр уақыт екі мүшелі болып келеді. Ол субъект мен предикаттан құралады. Пікірдің осы екі мүшесіне сөйлемде бастауыш пен баяндауыш мүшелері сай келеді делінген. Дегенмен сөйлем құрылымы жағынан пікірдің (пайымдау) құрамымен әрдайым бірдей бола бермейді [8,53]. Сөйлем мен пайымдаудың, олардың құрылымдық жағынан сәйкестілік те, сәйкессіздік те кездеседі.

Предикат тіл біліміне логикадан келген. Предикат – логикаға тән мөлшер мен сан т.б білдіреді. Субъект мен предикат сөйлем мүшелерімен салыстырылғанымен, бірақ олармен теңестіре алмаймыз. Субъект бастауыш болы қана қоймайды, сонымен қатар вербальды баяндауыштың жіктік жалғауынан да көре аламыз. Ал предикативтілікке тек баяндауыш қана ие бола алмайды, баяндауыштан тыс қолданылатын етістіктен жасалған сөз табын да жатқызуға болады. Предикативтіліктің баяндауыштан айырмашылығы сол, ол сөйлемнің шындық болмысқа қатысын сипаттайды. Сөйлем пайымдауды ғана білдіріп қоймай, айтылған ойға және берілген хабарға адамның қатысын да білдіреді десек қателеспейміз [6,233].

Логикалық пайымдау мен грамматикалық сөйлемнің сәйкесетін де, сәйкеспейтін де тұстары бар. Нақтырақ айтқанда, логикалық субъект мен грамматикалық бастауыш, логикалық предикат пен грамматикалық баяндауыш бірде үйлесіп келсе, бірде үйлеспей тұрады. Осы пікірімізді мысалдар арқылы дәлелдейік. Ол сәби болды деген сөйлемде бұл сөйлемде логикалық субъектіде грамматикалық бастауышта ол сөзі болса, логикалық предикат пен грамматикалық бастауыш күрделі сөз формасы. Ал Сәби болғым келеді (М. Мақатаев) деген сөйлемді талдасақ мұнда грамматикалық бастауыштың жоғын көреміз. Сөйлем грамматикалық баяндауышқа ғана негізделген. Алайда мұнда логикалық субъект бар, бірінші жақ – «мен». Бастауыш пен баяндауышы бар жай сөйлемдердің құрамында екі я одан да көп пайымдаудың болатыны байқалады. Мысалы, Досының келгеніне Қасым қатты қуанды деген сөйлемде бастауыш – Қасым, баяндауыш – қуанды. Ал логика тұрғысынан қарасақ екі пайымдау бар екенін көреміз. Біріншісі – досы келді, екіншісі – Қасым қуанды.

Міне, осылайша пайымдау мен сөйлемнің сәйкестігі мен сәйкессіздігі келіп шығады.

Қорыта айтқанда, логиканың, оның ішінде пайымдау категориясының сөйлемге қатысы мол. Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланысты. Сөйлем мен пайымдаудың анықтамаларын топтастырып, салыстырып қарадық. Субъект мен предикат кез-келген сөйлемнің логикалық қазығы, негізі болса да, бұлар барлық сөйлемнің құрамында кездесе бермейді. Сөйлемнің негізі – предикативтік қатынас, ол бастауышсыз болса да, баяндауышсыз болса да, предикаттағы объективті және субъективті модальділіктен көрінеді. Тіл мен ойлау, синтаксистің логикалық категориялары әлі де зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 195 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 448 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 256 б.
4. Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі (Оқу құралы). – Алматы: «Санат», 1995. – 176 б.
5. Балақаев М, Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы: синтаксис: университет пен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқулық. – Алматы: мектеп, 1971. – 338 б.
6. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: оқу құралы. – Алматы: Өлке баспасы, 2010. – 240 б.
7. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 237 б.
8. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Мектеп», 1983. – 164 б.
9. Жақыпов Ж.А. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. Оқулық. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. – 159 б.
10. Сизова И.А. Что такое синтаксис. – Москва: «Наука», 1966. – 69 с.
11. Бабайцева В.В. Руский язык: Синтаксис и пунктуация. – Москва: «Просвещение», 1979. – 264 с.

ТАБЫЛДЫ ДОСЫМОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Болатұлы Бақберген, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Наби А.Ғ.,** педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Ғасыр ананың жатырынан не бір тұлғалар мен ұлылар дүниеге келді. Олардың өзіне тән талабы мен таланты қатар жүрді. Талантты дегендерің талапсыз болып, талапты дегендері таланттың орнын басып жатты. Бұл ендігі тұрақты ұғым емес. Дегенмен, бойындағы талантына талапты еңбектің терін төккен бір бард ақын, сазгер, әнші бар. Қазақтың маңдайына біткен Батыс өңірінің тумасы Табылды Досымов, біз үшін өмірзая секілді ғайыптан туып, ғайыпқа кеткен жан секілді болды.

Ұнатады шыңға көңіл шырқауды,
Таулары жоқ төбемізден бұлт ауды.
Толағай боп туылмадым, әттең-ай,
Атырауға әкетер ме ем бір тауды...[1.26]

Иә, бұл Табылдың биіктігі. Бізге тәуелсіздік жылдарынан кейін ғана есімі елеулі бола бастаған бард ақынның адуыны неде? Біз халық болып бірден қалай танып кеттік?

Алдымен Табылдының поэзиясына үңілсек. Кейінгі уақытқа дейін оның тек біз әуезді әндерімен сусындап жүрдік. Оның қазақ әдебиетіндегі орын алар поэзиясы жайында сөз қозғалған жоқ.

Поэзия дегеніміз – көркем әдебиеттің ертеден қалыптасқан үлкен бір саласы, өлең, жыр түрінде шығарылған әдеби шығармалар. Поэзия деген ұғым қазіргі кезде өлеңмен жазылған шығармаларды көркем прозадан, қара сөзбен жазылған әдеби шығармалардан ажырату үшін қолданылады. Бұған қарағанда поэзия мен прозаның шегі, айырмасы тек сырт белгісіне қарап анықталатын секілді көрінеді. Ал асылында поэзия мен көркем прозаның сапасында, ішкі сипатында өзіндік ерекшелік бар екені ешбір талассыз. Тұтас алып қарағанда поэзиялық шығармаға сезім-әсер байлығы ерекше тән болады да, ал прозалық шығармаларда баяндау, бейнелеу жағы басымырақ келеді. Оның үстінде поэзияның көркемдік формасындағы ерекшеліктер де жай ғана ұсақ сыртқы белгілер емес. Поэзияның көркемдік сипатында, бейнелеу құралдарын қолдану тәсілдерінде, сөздің, тілдің ырғақтық, интонациялық байлығын пайдалануда көптеген елеулі өзгешеліктері бар. поэзиялық шығармаларға, өлең-жырларға, дастан-поэмаларға айрықша тән қасиет – өмір құбылыстарын терең эмоционалдық, сезімталдықпен қабылдап, соған сәйкес әсерлі, тартымды көркем етіп бейнелеу. Алайда поэзияда адамның ой- сезімі әдейі сырттай көркемделіп, сұлулап айтылады деу ағаттық болар еді. Көркемділік, бейнелілік әдебиеттегі, өнердің басқа салаларындағы ойлау жүйесіне, сезім дүниесіне тән өзгешелік. Көркемдік ойлау дегеніміз осы [2.273б.].

Бұл поэзияға берілген баға. Ал осы бағалардың бабын тапқан Табылдының поэзиясынан бір мысал:

Білмеймін,
Білмеймін, жанарыңнан сыр ұқтым ба,
Әлде сені сол сәтте ұмыттым ба?
Өзің болдың, әйтеуір, бұл күнгі әнім,
Көтеріп ап кетіп ең, бұлқынбадым,
Аймалауыңа, аймалауыңа құныктым ба?!
Білмеймін,
Білмеймін, құшағыңда дір еттім бе,
Алып ұшып барады жүрек мүлде.
Ойлағым да келмеді ештеңені,
Ерте ме әлде білмедім кеште ме еді,
Тек ұққаным: жан бірге, тілек бірге.

Сезімімнің,
Сезімімнің қақпасын дара қақтың,
Шуағыңды бойыма аралаттым.
Бақыт болып мәңгіге келіп бірге,
Ағыл-тегіл сезіммен еріттің де,
Өзің маған өзім боп бара жаттың.

Сізге керек лирикалық шегініс. Бізге керек поэзияның бір көрінісі тұр мұнда. Дәл осы сарынды өлеңдердің бірінен-бірі өткен тізбегі жатыр ақында. Ақынның өлеңдерін талдай отырып, оның сазгерлігі мен ән салу стиліне қарап, оған бард ақын дейтін баға бердік. Ал, осы бард дегеніміз не?

«Бард» сөзін біріміз түсініп, біріміз түсінбей солай болу керек шығар деген пікірдің жетегінде ойысып айтып жатамыз. Ендеше, «бард» сөзінің негізгі ұғымы, берер мағынасы мынадай:

Есте жоқ ескі ескі заманда Британия аралында дүниеге келген осы атауды иеленгендер жөнінде өнер зерттеушілері әртүрлі пікір айтады. Өз корольдерінің мәртебесін көтеріп жауынгерлерді рухтандыратын әнші-жыраулар туралы аңызда сан қилы. Алыс күндерде Британия мен Дания ормандарын мекен еткен болмысы бөлек өнер иелеріне жергілікті тұрғындар «друидтер» (санкритте «дру» орман деген мағынаны білдіреді) деп ат қойып, кейде оларды данышпандар, тіпті сиқыршылар деп те атаған. Друидтердің жағырапия, астраномия, медицина,астрология саласындағы бай дүниетанымды қазіргі зеттеушілерді таңғалдырумен келеді. «Бард» сөзінің түпкі тегінің өте көне өркениеттің өкілдері боп саналатын осы Дуридтерден таралуы де таңғажайып жайт. Сол кезеңдерде нағыз бард ақын атануы үшін тамаша музыкант болумен қатар қасиетті Друидтер поэзиясынан 20 мың өлеңді жатқа білу сынды қатаң талап қойылған екен. Көне заманда табиғат пен өмір заңдылықтарын терең меңгерген,ақиқат пен үйлесімнің белгісіндей аспан көк түсті киім киген бард ақындар гитара пайда болғанша әртүрлі аспаптарда ойнаған екен. Олар британдық не ирландық арфаны еске түсіретін шекті аспапта жыр төккен. Ал ол аспаптарға адам қабырғасының санына сәйкес кәдімгі адам шашынан шек орнатылады екен. Қалай айтқанда да өздерін өзге өнер иелерінен ерекше ұстайтын бард ақындар рух пен ерліктің жыршысы болғаны анық. Сонымен, бард – (кельттер bard – өнер) әуенін де, сөзін де өзі жазып, әнін өзі орындайтын автор (гитар аспабымен) [3.673б].

Т. Досымовтың өлеңдеріне қарап отырып, оның орыстың белгілі бард ақыны В.Высоцкиймен тікелей рухани байланыс бар екенін аңғаруға болады. Қос ақынның өлеңдеріндегі тазалық пен эстетикалық тұнықтық оқыған кезде қалқып жыр бетіне өзі шыға келеді. Осы күнгі адамдардың ішіне эстетикаға селқос қарап, оны ғылым деп санамайтындар аз емес. Олардың ойынша, эстетика ешбір мақсатқа жеткізбейтін, керегі жоқ нәрсе. Оның идеясын ашуға бөгет болатын көбінесе оның өз қиындықтары деп ойлайды. Бұл айтқан адамдардың ішінен әлі күнге біреу шығып, Лагарпе туралы: «Бұл шын данышпан ғалым, әдебиет тарихын зерттеші еді, өз заманының жазушыларын дұрыс бағалау туралы кедергі ашық пікір болмады» деген – бір ауыз те күйінетін, не сүйінетін сөз әлі күнге естілмеді. Не болмаса Мерзлаков туралы: «Бұл нәзік сезімді асқан сыншының бірі еді, бірақ, бақытсыздыққа қарай ол тек орыстың ғана Лагарпресі болып, орыс әдебиетін сынауда пайдасынан зияны асты» деген бір ауыз күйінетін не сүйінетін сөз айтылмады.

Эстетика деген не нәрсе, бұл искусство поэзия негіздерінің (принциптері) системы емес пе? Эстетика бір кезде қатты шығынға ұшырап, әдебиет тарихының бір кезде мүлде ұмытылғанын біз жақсы білмейміз бе. Ол кездегі сыншының түрі, шығарма бе табақ қағазға жазылған: «Өте жақсы», «орташа», «жаман», деп айтылатын, тек мақтау өлеңдердің негізі туралы берілген құрғақ сыншы емес пе еді, не сол «өте жақсы», « орташа» деп анықтаған негіздердің жүйесінде: «Күшті жазылған», «дұрыс әліптелмеген» сияқты тоғысар сындар емес пе еді. Бұл кез қай кез еді [4.15б.].Бұл еңбек арқылы эстетиканың ерекшелгіне үңіле отырып, Табылды ақынның бойынан да эстетикалық талғам іздедік. Іздеу кезінде ол дүниенің барына да көз жеткізідік.

Кездерде кейде қара бұлт айды бүктеген,
Үйіме үнсіз түнеріп, қайғырып келем.
Талықсып жатып содан соң, кетемін ұйықтап,
Ұйықтап кетсем, түсімде сәйгүлік көрем.
Мінем де шабам, алдымнан аңғарлар қаптап,
Таулардан орғып өтемін, заңғарларды аттап.
Жарықтың жылдамдығын да жолда қалдырам,
Мен болсам арман, тұлпарым арманнан да аппақ.

Талғам мен таразыға салып оқысаңыз, бойынан керек дүниенің бәрін табарыңыз анық. Бір өкінішті жағдай бар. Ол Табылды поэзиясының қазақ әдебиетіндегі өзіндік орнын тауып, бір жерде қонақтап отыра алмауы. Оған зерттеу керек. Зерттеу аз. Өйткені, оның ақындығымен халық бірдей таныс емес. Алдағы он жыл ақынның ендігі мәңгілік тағдыр мәселесін шешетін болады.

Табылды поэзиясын оқып отырған адам оның досқа адал, досы үшін жанын беруге бар жан екенін байқамауы мүмкін емес. Өмірден өткен достарын өз поэзиясына сыйғызып, керемет, айшықты шумақтармен әрлей білген. Досы Бауыржан Үсенов қазасын естігенде өлеңге мұңын шағады. Тірілер мен өлілердің аражігін ашып, тірілердің өлілерді танымайтынын қиыннан қиыстырып, пәлсапалық оймен жеткізеді:

Мәңгі бақи мекенімді,
Табу үшін Дендерден,
Мен де бір күн кетер ме екем,
Бақұлдасып сендермен.
Махаббаттың жыршысымен,
Қалу үшін қоштасып,
Қабіріме келер мүмкін қос ғашық
Достар, сонда қабіріме келмеңдер!
Тірілерді танымайды өлгендер!

Иә, ақынның философиялық ойлары да жоқ емес. Өлеңдерінің денін қарап отырсаңыз, әр шумақтың бойында тамырға біткен қан секілді, шапшып тұратын бір пәлсапалық ойлар бар. Бұл да болса ақынның ерекшелігі. Кезіндегі Мұқағали секілді, өмірдің ағы мен қарасын білген, оның не жақсы не жамандығын ажырата алған суреткерлігі Табылдының қайталанбас тұлғалығын бізге анықтап береді.

«Әдебиет – ардың ісі» деп, Зейнол Қабдолов айтпақшы, осы бір қасиетті ұғымның бойына сіңіп, қан секілді тарап жату үшін үлкен еңбек пен талап керек [5.241б.].

Иә, әдебиеттің қай саласына болмасын тазалықпен, армен келу керек. Бұл рухани құндылықтың талабы. Біз айтқан талапты Табылды Досымов әуел бастан ұстана білді, әрі солай келді. Әуезді әннің әуенімен әуелетіп, Атыраудың аспанында асқақтаған ақын, өлеңнің өміршіл өлкесіне түсіп, халықтың ықыласына бөленіп кетті. Мұның өзі оның ендігі жердегі өлмес аты мен хатының шынайылығын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Досымов Т. Жанарымның жарқылы. – Алматы: «Зерде», 2000. -104б.
2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы, «Ана тілі», 1998.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құраст. Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2006.
4. Чернышевский Н. «Поэзия туралы Аристотел шығармасы» латын тілінде. «Әдебиет және исскуство» №10, 1939.
5. Қабдолов З. «Сөз-өнері». – Алматы, «Қазақ университеті», 1992.

ТРУДНОСТИ ОБРАЗОВАНИЯ СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДА ИНОСТРАННЫХ БРЕНДОВ НА КИТАЙСКИЙ ЯЗЫК

Дорджиева Ольга, Горяева Энкира, Базырова Надежда, студентки 2 курса
Института калмыцкой филологии и востоковедения КалмГУ имени Б.Б. Городовикова
Научный руководитель - **Эрдниева Е.А.,** старший преподаватель
Калмыцкого государственного университета имени Б.Б. Городовикова

Калмыцкий государственный университет имени Б.Б. Городовикова, г. Элиста, Россия

В то время как большинство брендов, рассматривающих возможность выхода на китайский рынок, будут иметь устоявшееся восприятие дома, восприятие их в Китае в большинстве случаев будет нулевым. Выход на китайский рынок, безусловно, является рискованным шагом, но, с другой стороны, также предоставляет тем, кто готов взять на себя ответственность, редкую возможность наполнить бренд более глубоким смыслом, чем когда-либо возможный на Западе. Брендинг по сути представляет собой одной из тех маркетинговых концепций, которая немного схематична и может легко сбить с толку даже людей, которые раньше изучали отрасль. Хотя само слово часто используется как в деловом, так и в повседневном общении, однозначного и точного определения понятия «бренд» не существует.

Перевод названия бренда также важен, как и его оригинальное звучание и написание. С одной стороны, оригинальное название продукта – это функциональная, эмоциональная, психологическая или общественная выгода, которую потребитель покупает совместно с продуктом или услугой. Именно за данную дополнительную выгоду клиент готов платить при покупке бренда больше по сравнению с «обычным товаром» [1, С. 7]. С другой стороны, сильный бренд поднимает репутацию продукта, поэтому грамотный перевод его названия играет огромную роль в «выживании» товара за границей. Однако при экспорте продуктов имя бренда значительно трансформируется. Чтобы добиться популярности бренда на китайском рынке, необходимо, учитывая трансляцию звукового и зрительного образа средствами китайского языка, осуществить грамотный перевод бренда. Хороший перевод будет иметь огромное, хотя и невидимое влияние на сознание потребителей [2, С. 137]. Следует обратить внимание на то, что зарубежные торговые марки, независимо от того, насколько они популярны во всем мире, могут быть отторгнуты на китайском рынке, если они не имеют привлекательных для потребителей адаптированных переводов.

Существует немало способов создания названия нового бренда. При переводе брендов на китайский язык необходимо учесть следующие требования к названиям торговых марок:
– полисемантичность;
– уникальность;
– отсутствие отрицательных ассоциаций (благозвучие);
– запоминаемость;
– максимальная концентрация связей с объектом наименования [2, С. 88].

Полисемантичность – это наличие у наименования сразу несколько смыслов. Уникальность названия бренда подразумевает отличие среди конкурентов, а также отсутствие ему аналогов.

Еще одно важное требование имени бренда – это отсутствие негативных ассоциаций. Название марки не должно вводить потребителей в заблуждение, занижать их представление о качестве товара, противоречить идентичности бренда или размывать представление о назначении, выгоде и преимуществах данного бренда [3, С. 18].

Запоминаемость названия бренда предполагает то, что название обязательно должно быть легко читаемым, легко произносимым, а также быстро закрепляться в памяти у клиентов.

Последним требованием является максимальная концентрация связей с объектом наименования. Это означает, что название бренда должно быть довольно тесно связано с товаром, а также наиболее точно отражать его основные функции.

Перевод иностранных брендов на китайский язык представляет собой очень непростой и многоаспектный процесс. Этот процесс должен учитывать не только лингвистические особенности китайского языка, но и особенности культуры, характер, а также менталитет китайцев, где особое значение уделяется коннотативному значению китайского письменного языка.

Одной из причин трудности создания стратегии перевода иностранных брендов на китайский язык являются фундаментальные языковые различия. В отличие от большинства западных языков, которые используют буквенные фонетические системы (буквы, используемые для создания слов со значением), в китайском языке присутствует иероглифическая письменность. Разница между буквенными фонетическими системами и иероглифами может способствовать бессмысленному переводу наименования бренда при выходе в Китай.

Китайский язык отличается от индоевропейских большим разнообразием способов. Согласно исследованиям Н. Н. Короткова, китайский язык имеет около 9400 морфем, каждая из которых соответствует одному слогу. В современном китайском языке примерно 70% слов состоят из двух иероглифов, т. е из двух морфем. Данный факт также влияет на процесс перевода зарубежных наименований брендов [4, С. 95]. Также китайский язык имеет логографическую систему письма, в которой иероглиф представляет собой как значение, так и произношение слова или морфемы. Все китайские слова, включая повседневную лексику, имена собственные, топонимы и названия торговых марок, построены из одного и того же источника значимых морфем.

В прошлом многие иностранные продукты поступали на китайский рынок только с оригинальными фирменными наименованиями на упаковке, что делало почти невозможным для местных потребителей понять или распознать товар. Именно поэтому перевод имени бренда является важнейшим этапом в общении с местными клиентами. Перевод, таким образом, включает в себя замену букв наименований брендов китайскими иероглифами, которые будут прочитаны и поняты китайскими потребителями. Поскольку и письменность, и произношение китайского языка полностью отличаются от других иностранных языков, точного фонетического эквивалента любому зарубежному бренду не существует. Однажды выраженное китайскими иероглифами название той или иной торговой марки приобретает новое значение, которое может сильно повлиять на восприятие бренда китайскими потребителями.

Согласно исследованиям, в процессе перевода зарубежных брендов на китайский язык наблюдается четкая тенденция выбора тональных комбинаций. Носители китайского языка в большинстве случаев предпочитают наименования, в которых иероглифы имеют высокую тональность [5, С. 21]. Признано, что слова с высокой тональностью звучат звонко и легко произносятся. Звучание таких слов может привести к приятной особенности в произношении наименований торговых марок. Эта положительная черта, в свою очередь, улучшает память и помогает сформировать благоприятное восприятие бренда. Не стоит также забывать об особенностях менталитета китайцев. Одной из особенностей китайской культуры является стремление к импликациям удачи и добрых пожеланий. Поэтому основным семантическим требованием к названиям брендов является позитивная коннотация. Многие из зарубежных названий торговых марок не имеют лексического значения, т. е. в оригинале они являются нейтральными. Однако, для китайского рынка это не очень хороший показатель, т. к. они довольно сложны для восприятия китайцев и трудны для запоминания. Следовательно, необходимо использовать иероглифы с положительным значением. Символические термины с положительной коннотацией в китайском языке встречаются наиболее часто (66,03%) [6, С. 86].

В особых случаях носители китайского языка очень осторожны в выборе «слов удачи» и избегают неудачных выражений. Например, иероглиф «鱼 yú», что в переводе означает «рыба», считается иероглифом, приносящим удачу, особенно для празднования китайского лунного Нового года, потому что он имеет тождественное произношение с иероглифом «余 yú», что означает «избыток денег».

Особое внимание следует уделить названиям, имеющим в своём составе слог «sì». На гуанчжоуском (как и на пекинском) диалекте этот слог произносится так же, как и слог «sǐ», что переводится как «умирать, смерть», поэтому он имеет резко отрицательную коннотацию. Китайцы избегают наличие в словах данного слога, т. к. согласно суевериям, он не предвещает ничего хорошего и даже приносит неудачи [7, С. 22]. Еще одной особенностью брендинга в Китае является чрезмерное использование названий любимых животных китайцев (9,35%) и китайской флоры (11,39%). В список любимых животных китайцев входят: дракон, лошадь, журавль, панда, лебедь, феникс, олень и т. д. Что касается цветов, китайцы отдают предпочтение сливе, пиону, хризантеме и розе. Вышеупомянутые названия имеют наиболее особое и позитивное значение для населения Китая. Что касается морфологических предпочтений, в области торговых марок представлено большое разнообразие комбинаций частей речи. Всего существует 10 различных составных структур:

1. существительное – существительное («Zippo» – «芝宝» zhī bǎo);
2. прилагательное – существительное («Gillette» – «吉列» jí liè);
3. глагол – существительное («Converse» – «匡威» kuāng wēi);
4. прилагательное – прилагательное («KONKA» – «康佳» kāng jiā);
5. глагол – глагол («Skyworth» – «创维» chuàng wéi);
6. существительное – прилагательное («P&G» – «宝洁» bǎo jié);
7. существительное – глагол («KODAK» – «科达» kē dá);
8. глагол – прилагательное («Xerox» – «施乐» shī lè);
9. прилагательное – глагол («Qualcomm» – «高通» gāo tōng);
10. числительное – существительное («JOMOO» – «九牧» jiǔ mù).

Стоит отметить, что наиболее частыми комбинациями при переводе зарубежных названий брендов на китайский язык являются комбинации двух существительных, а также прилагательного с существительным.

При переводе названий брендов следует избегать редко используемые иероглифы, а также иероглифы, состоящие из большого количества черт. Так как в современном китайском языке существует огромное количество омонимов, один и тот же слог может иметь сразу несколько значений. В случае использования редких иероглифов, некоторым потребителям будет довольно сложно распознать значение названий торговых марок, что, в свою очередь, может привести к понижению уровня продаж продукции.

Список литературы:

1. Мамлеева Л. А., Перция В. М. Анатомия бренда / Л. А. Мамлеева, В. М. Перция. - М.: Вершина, 2007. - 227 с.

2. Мазилкина Е. А. Брендинг: учеб.-практ. пособие / Е. А. Мазилкина. - М.: ИТК Дашков и Ко, 2008. - 245 с.

3. Сайкин Е. А. Основы брендинга: учеб. пособие / Е. А. Сайкин. - Новосибирск: НГТУ, 2016. - 55 с.

4. Коротков Н.Н. Основные особенности морфологического строя китайского языка / Н.Н. Коротков. - М.: Наука, 1968. - 400 с.

5. Хуан Ф. Исследование кантонских имен молодежи Гонконга: тональный рисунок / Ф. Хуан. - Гонконг: ГБУ, 1993. - 80 с.
6. Чен А. Локализация в международном брендинге: предварительное исследование китайских названий иностранных брендов в Гонконге. - Гонконг: ГБУ, 1990. – 81-91 с.
7. Лип Э. Китайская нумерология; пер. с англ. /Лип Э. - М.: Экс-Пресс, 2003. - 136 с.

АКТУАЛЬНОСТЬ РАЗВИТИЯ ШКОЛЬНОГО ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ТУРИЗМА В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Ерзаева Анастасия, студентка IV курса естественно-географического факультета
Якуничкина Алена, магистрант II курса естественно-географического факультета
Научный руководитель - **Ильина В. Н.**, кандидат PhD, доцент СГСПУ

Самарский государственный социально-педагогический университет, г.Самара, Россия

В современном обществе перед системой образования и воспитания ставятся весьма актуальные и важные задачи, которые связаны с необходимостью ощутимых изменений в обучении учащихся с учетом экологической обстановки в мире и сформированности экологической культуры населения. Основным направлением педагогической деятельности следует назвать экологическое образование и воспитание населения. Формирование гармоничной, цельной личности не может быть завершено лишь при формальном теоретическом изучении окружающей среды, законов функционирования биосферы и ее компонентов, основ охраны [1-5].

Подобный подход не позволяет учащимся получить целостное представление о происходящих в природе процессах, изменениях на нашей планете под воздействием антропогенного фактора. Это обусловлено прежде всего явной низкой оценкой многоаспектности экологического воспитания и образования [6-8].

Многие экологи, как ученые, так и краеведы, отмечают значительную экологическую безграмотность, экологическую недобросовестность, экологическое невежество, явный антропоцентризм в мышлении основной части населения как в России, так и в мире.

Таким образом, несомненную актуальность приобретает не просто экологизация образования, но формирование четких экологических позиций и становление экологической культуры как отдельной личности, так и населения в целом.

Общение учащегося с природой во время мероприятий туристско-рекреационной направленности заключает в себе не только познавательную, но и эстетическую функции. Однако в процессе экологического воспитания и образования учащихся уделяется недостаточное внимание региональному компоненту. Изучение природы родного края формирует у учащихся гражданское самосознание, развивает их кругозор, прививает навыки исследователя. Участие обучающихся в реализации разнообразных социально-экологических проектов формирует в деятельности усвоение знаний, ценностные установки, позволяет стать патриотами своей Родины.

Еще в 17 столетии выдающийся педагог Я.А. Коменский рассматривал человека как органическую часть природы, который живет по её законам. Принцип природосообразности, выдвинутый Коменским, получил признание в педагогической науке. Принцип природосообразности находит свое продолжение в принципе экологии социальной (культуросообразности) А. Дистервега, введенным им в воспитательный процесс. Значителен вклад в развитие принципа природосообразности русского выдающегося педагога К.Д. Ушинского. Практическая направленность экологических знаний, по его мнению, это основа для реализации принципа природосообразности в воспитательном процессе. Авторитетные педагоги XIX века много внимания уделяли вопросам экологии. Н.А. Корф, А.Я. Герд, Д.И. Тихомиров, Н.В. Тулупов и П.М. Шестаков использовали в своих трудах материалы, способствующие экологическому воспитанию подрастающего поколения. На современном этапе развития педагогической науки внушительным рядом авторов (С.В. Алексеевым, М.Ю. Гильденковым, Н.Б. Диденко и другими) установлен низкий уровень общеэкологических знаний, умений, навыков у учащихся в Российской Федерации. Научные основы экологического туризма в сфере биологии, экологии, географии разрабатывались различными авторами - В.В. Храбовченко, В.П. Чижовой, Е.Ю. Колбовским, Н.С. Мироненко, И.Т. Твердохлебова и др.

Самарскими исследователями проводится оценка состояния природных комплексов и их роль в образовательном и воспитательном процессе [9-12].

Цель исследования – выявить ведущие формы и методы педагогической работы, применяемые при осуществлении экологического туризма с учетом необходимости экологической культуры личности молодого поколения.

Объект: учебно-образовательный процесс, направленный на формирование экологической культуры личности в ходе проведения туристско-рекреационных мероприятий со школьниками.

Предмет: организация образовательного и воспитательного процесса при экологическом туризме по в целях повышения экологической культуры учащихся.

Задачи исследования:

1. Изучить разновидности экологического туризма.
2. Определить возможности формирования экологической культуры учащихся в ходе туристско-рекреационной деятельности.
3. Выявить эффективные педагогические формы, методы и средства для эффективного формирования экологической культуры у учащихся посредством исследовательской и практической деятельности в ходе туристических мероприятий.

В процессе написания работы использованы методы:

1. Теоретические (поиск и анализ литературы по данной теме).
2. Эмпирические (наблюдение, анализ результатов исследования).

Практическая значимость: данная работа рассматривает практические аспекты использования разнообразных форм и методов туристско-рекреационной деятельности для формирования экологической культуры учащихся.

По мнению некоторых авторов [11], в Самарской области наиболее перспективными районами для осуществления экологического туризма с точки зрения экологического благополучия и наличия объектов природы со статусом особо охраняемых природных территорий являются Большечерниговский, Камышлинский, Похвистневский и Шигонский, а по соотношению площади ООПТ к площади муниципального района – Алексеевский, Искалинский, Кошкинский, Клявлинский, Приволжский, Челно-Вершинский, Шенталинский Однако необходим поиск баланса между рекреационным использованием и охраной окружающей среды, в том числе на особо охраняемых природных территориях.

Проведенный самарскими исследователями [12] анализ существующих методик оценки геоэкологического состояния рекреационных территорий Самарской области требует использования трёх основных подходов – это оценка текущей экологической обстановки по показателям состояния почвенно-растительного покрова (стадии дигрессии, классы состояния и пр.); сравнение состояния участков рекреации и контрольных площадок; экспериментальная оценка устойчивости почвенно-растительного покрова к воздействию рекреантов. В ходе изучения выяснено, что основными особенностью участков неорганизованного массового отдыха является их полифункциональная структура, лентовидная морфология и локализация в водоохранных зонах, доступных для автотранспорта. Установлено, что основным фактором воздействия рекреантов на почвенно-растительный покров является его вытаптывание, способствующее уплотнению почв и вызывающее изменение физических свойств и, в меньшей степени, показателей их химического состава.

Под школьным экологическим туризмом обычно в литературе подразумевают туристско-экологическую деятельность учащихся, которая по своему содержанию нередко выходит за рамки установленной учебной программы. Эта деятельность может быть организована школой и другими образовательными учреждениями.

Педагогами рассматриваются различные методы образования и воспитания, применяемые в ходе экологического туризма**:** методы экологической идентификации, экологической рефлексии, экологических ожиданий, ритуализации экологической деятельности, экологической заботы.

В практике туристско-краеведческой деятельности сложились различные эффективные формы, способствующие формированию экологической культуры учащихся, в виде экологических конференций, экологических акций, экологических слетов учащихся, туристско-экологических экспедиций, туристических походов, экологических троп, эколого-туристических лагерей.

В связи с высоким разнообразием видового и ценотического состава большинства ООПТ Самарской области педагог может без труда найти интересный объект для изучения, позволяющий ему решить большое число образовательных и воспитательных задач. В целях охраны природы Самарской области экологический туризм, в том числе и школьный, должен быть четко организован и пропагандировать прежде всего экологические принципы невмешательства в окружающую среду и защиту природных комплексов.

Список литературы:

1. Акимова Т.А., Хаскин В.В. Основы экоразвития. – М.: Издательство Российской экономической Академии, 1994. – 312 с.

2. Дерябо С Д., Ясвин В. А. Экологическая педагогика и психология. – Ростов н/Д, 1996. – 476 с.

3. Гелашвили Д.Б. Экологическое образование как лимитирующий фактор устойчивого развития // Экологическое образование и воспитание в Нижегородской области на рубеже веков: Материалы 5 научно-практической конференции. – Н.-Новгород: ННГУ, 1999. – С. 32-33.

4. Рогова Н. А., Ильина В. Н. Понятие «экологическая культура личности» и возможности её формирования в процессе общего и дополнительного образования детей // Экология. Риск. Безопасность: материалы Всероссийской научно-практической конференции (29–30 октября 2020 г.). – Курган: Изд-во Курганского гос. ун-та, 2020. – С. 442-444.

5. Сенатор С.А., Казанцев И.В., Матвеева Т.Б., Кудинова Г.Э. Инновационные возможности экологического образования в интересах устойчивого развития // Азимут научных исследований: педагогика и психология. – 2017. – Т. 6, № 3(20). – С. 228–233.

6. Гирусов Э. В. Экологическое сознание как условие оптимизации взаимодействия общества и природы. – М.: Наука, 1983. – 138 с.

7. Глазачев С.Н., Козлова О.Н. Экологическая культура / Пробное учебное пособие для учащихся школ, гимназий, лицеев, колледжей, студентов педвузов, вузов культуры и учителей. – М.: Горизонт, 1997. – 208 с.

8. Зверев И. Д. Организация экологического образования в школе. – Пермь: Б. И., 1990. – 148 с.

9. Ильина В.Н. Использование объектов экологического каркаса Самарской области в биоэкологическом образовании учащихся // Поволжский педагогический вестник. 2020. Т. 8. № 3 (28). С. 96-100.

10. Ильина В.Н., Ильина Н.С., Шишкина Г.Н. Опыт проведения ботанико-краеведческих работ со школьниками и студентами в аспекте формирования экологической культуры личности // Актуальные вопросы организации научно-методического обеспечения университетского образования: материалы Междунар. научно-практической интернет-конференции, Минск, 26–27 октября 2017 г. – Минск: БГУ, 2017. – С. 57-63.

11. Амелькина Д.В., Гусева М.С., Калуцкова Н.Н. Оценка природных и экологических условий развития туристско-рекреационной деятельности в муниципальных районах Самарской области // Вестник Самарского государственного экономического университета. – 2018. – № 10 (168). – С. 47-60.

12. Митрошенкова А.Е., Ильина В.Н. Ботаническое краеведение Самарской области: актуальные проблемы и перспективы развития // Самарский научный вестник. – 2014. – №2 (7). – С. 71–74.

ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Ерланқызы Айжан, филология факультетінің III курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Садуақас Н.А.,** филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ профессоры, түркітанушы, педагог, қоғам және мемлекет қайраткері, алғашқы қазақ академиясы - КСРО ғылым Академиясының филиалын ұйымдастырушылардың бірі Құдайберген Қуанұлы Жұбанов өткен ғасырдың бас кезеңінде еңбек етіп, өзінің соңына құнды ғылыми еңбектерін қалдыра білді. Ол қазақ филологиясы саласының көшбасшысы ретінде қазақ тілі білімінің ғылыми негізі қаланып, қалыптасып, дамуына ерекше үлес қосқан таланты да, дарынды лингвист-ғалым еді.

Құдайберген Жұбанов алғашқыда Оспан ишанның мешітінен дәріс алып, араб тілін үйренеді. 1918 жылы Ақтөбе жеріндегі Елек екі кластық орыс-қазақ училищесін бітіреді. Жастайынан оқуға бейімді жас 1920 жылы Орынбор қаласындағы «Хусайния» медресесін бітіреді [1.17].

Алғашқы еңбек жолын ауылда еңбек етуден бастаған жас жігіт Темір-Орқаш болысының әуелі хатшысы, кейін төрағасы болады.

Бала кезінен әдебиетке қызығып, кейбір шығыс тілдерін білгендіктен, көптеген араб-парсы әдебиетін, атап айтқанда, Фирдоусидің «Шахнамасының», Сағдидің «Гүлістанының», Низамидің «Ләйлі мен Мәжнүнінің» және т.б. классикалық туындылардың түпнұсқасын оқиды. Классикалық Шығыстың тілі мен әдебиетінен алған білімі оған кейіннен Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты қазақ тілі кафедрасының профессоры болып, Орта Азия мен Қазақстан халқының мәдениеті мен өнеріне арналған әртүрлі мәселелерге қатысты көптеген іс-шараларға белсенді қатысқан кезінде көп пайдасын тигізді [1.239].

Алғаш оқуды арабшадан бастаған Қ.Жұбанов кейін орысша оқып, одан кейін өз бетімен әртүрлі кітаптарды оқу барысында араб, парсы, түрік, орыс, латын, француз, ағылшын, неміс, жапон тілдерін меңгереді. Ол қазақ филологиясы саласында ғылыми жолды таңдап, ресми түрде ғылыми жолдан өткен алғашқы аспирант, алғашқы профессор болған ғалым еді [1.20].

Алғашқы кезде Қ. Жұбанов өз бетімен ғылымға көңіл бөліп, тіл білімі мәселелерімен 1920 жылдан бастап жалпы тіл білімі, түркология салаларымен айналысады. Алғашқы еңбек жолын ауыл балаларын оқытудан бастаған Қ. Жұбанов институтта жұмыс жасаған кезде осы әдістемелік жұмыстарын да қоса алып жүріп, қазақ мектептері мен жоғары оқу орындары үшін қазақ тілін оқыту бағдарламаларын жасап, оқулықтар мен әдістемелік құралдар жазды. Сондай-ақ, ол 1936 жылы мектептің 5-6 кластарына арнап «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығын жариялайды [2.136]. Бұл еңбегінде ғалым қазақ тілінің морфологиясы мен синтаксисі мәселелерімен қатар, фонетика жөнінде де жүйелі зерттеу жүргізгендігін көрсетеді. Қ.Жұбановтың «Буын жігін қалай табуға болады?», «Қосар ма, дара ма?», «Қазақ тілінің емлесі мен грамматикасының кейбір мәселелері», «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан», «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «К постановке исследовании истории фонетики казахского языка», «Образование сложных слов в казахском языке», «О построении речи на казахском языке», «Проект казахского алфавита», «К пересмотру казахской орфографии», «К проекту реформы казахского алфавита» т.б. ғылыми мақалаларында қазақ тілінің өзекті проблемаларын талдап, өзінің ғылыми көзқарастарын баяндады [3.170].

Қ.Жұбановтың фонетика саласындағы зерттеулерінің өте құндылығын, қазіргі кезде де маңыздылығын, оның фонема теориясы туралы көзқарастары фонология заңдылықтарын терең танығанын көрсетеді [3.42]. Дыбыс пен фонема туралы көзқарасын былай жеткізеді: «Қайыр-хайыр дегендегі қ мен х екі дыбыс болғанмен бір фонема. Файзолла мен Пайзолла да солай, п мен ф бір сөзді екінші сөзден айыру үшін тұрмағандықтан оларды дербес фонема демейміз» [3.51].

Іргелі ғылыми жұмыстары қазақ тіл білімін қалыптастыруға қосылған елеулі үлес болды. Латын әліпбиіне көшу жөніндегі барлық жұмыстарға белсене араласады. 1929 жылы ғылыми емле мәселесіне арналған мәслихатта ұзақ сөз сөйлеп, қазақ емлесінің негізгі принциптері қандай болмақ деген әңгіме қозғайды.Қызылорда қаласында өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда «Қазақ орфографиясының құрылу принциптері» деген тақырыпта баяндама жасап, қазақ жазуының негізгі басшылыққа алуға тиісті принциптерін көрсетеді [2].

1930 жылы Алматыда өткен Қазақстанның өлкетану съезінде «Мағынасыз сөздердің мағынасы» деген тақырыпта жасаған баяндамасы оның түркі текті тілдерді зерттеудегі ірі маман екендігін дәлелдеді.

Қ.Жұбанов қазақ жазуы, емлесі мен термин мәселелерімен де шұғылданды. 1935 жылы қазақ әліпбиі мен емлесін жақсартудың жобасын ұсынды. Онда халықаралық және орыс тілінен енген терминдерді орысша жазылуына жақындатып таңбалау, кейбір қосар дыбыстарды жалаң әріппен беру, біріккен сөзді қосып жазу туралы пікір айтты. Қ.Жұбанов 1933 жылдан саяси қуғын-сүргінге ұшырағанға дейін Қазақстанның Мемлекеттік терминологиялық комиссиясының төрағасы болды [1.31]. Бұл салада ол термин жасау ісіне мамандарды жұмылдырып, олардың дайындаған материалдарын ғылыми тұрғыдан реттеп, жұртшылық талқысына салып, тәжірибеге енгізуді қадағалады.

Қ.Жұбанов – 1935 жылы Қазақстан мәдениет қызметкерлерінің съезіне Мемлекеттік терминкомның атынан ұсынылған жобаның негізгі авторы. Ол ұсынған принциптер қазақ терминологиясын жасаудың үлгісі ретінде әлі күнге дейін қолданылып келеді [2.501].

1936 жылы ғалымның «Қазақ сөйлем мүшелерінің орны тарихынан» деген кітабы баспадан шықты. Бұл кітабында ол қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің тарихын басқа түркі тілдерінен бөліп қарамай, өзі еркін игерген түркі халықтары тілдерін бір-бірімен байланыстыра зерттеп, тарихи салыстырмалы әдісті шебер қолданды. Бұл еңбегімен Жұбанов қазақстандық түркітану ғылымының қалыптасуына зор үлес қосты. «Ауыл мұғалімі» (қазіргі «Қазақстан мектебі») журналында мұғалімдерге арнап қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы, кітапты қалай пайдалану, оқулықтағы материалдарды оқушыларға қалай нәтижелі игерту мәселелерін көтеріп отырды. Осы журналда «Жаңа грамматиканың жаңалықтары», «Шылаулар», «Қос сөздер», «Біріккен сөздер», «Әдіс, бағдарлама мәселелері», т. б. мақалаларын жариялады [2.200].

Қ.Қ.Жұбанов түркі және басқа тілдердің білгірі ғана емес, қабілеті ерекше публицист болған. Қазақ әдеби тілі мен музыкалық өнері туралы да келелі пікірлер айтты. Ол өзінің «Абай - қазақ әдебиетінің классигі» атты аяқталмай қалған әдеби-публицистикалық еңбегінде Абайдың қазақ әдеби тілін дамытудағы, әлеуметтік ой-санадағы орнын, ақындық шеберлігін, композиторлығы мен өлең құрылысына енгізген жаңалығын тұңғыш көрсетіп, әділ бағалады [2.245]. «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен» (1936) деген зерттеуінде «ән», «би», «бақсы», «жыр», «домбыра», «күй», «қобыз», «сыбызғы», «толғау» сөздерінің этимологиясын ашу арқылы қазақ музыка мәдениетінің тарихы ертеден басталатынын көрсетті. Кезінде ғалым Ә.Дербісалин: «Құдайберген Жұбанов – негізінен тіл білімінің маманы бола тұрып, халқымыздың арғы-бергі тарихын, әдебиетімен мәдениетін, өнерін, сонымен қатар, Орта Азия халықтары мен Шығыс, Батыс елдерінің мәдениеті, әдебиет, өнер тарихын терең білген ғұлама ғалым. Бұл шындықты ғалымның қаламынан шыққан әрбір еңбектен - ақ көруге болады», - деген еді.

Жұбанов тек ғылыммен ғана шұғылданып қоймай, Қазақстанның Оқу-ағарту халық комиссариаты жанындағы әдістеме, бағдарлама, оқулықтар секторының меңгерушісі міндетін атқара жүріп, бар ынта-жігерін аз уақыттың ішінде қазақ мектептерін ғылыми негізде жазылған оқулықтармен қамтамасыз етуге жұмсады [1.30]. Мұғалімдердің білімін жетілдіру курстарында, семинарларында дәріс оқып, ақыл-кеңес беріп отырды. Ол қазақ тіл білімі мамандарын баулып, тәрбиелеуде де мол еңбек сіңірді. Республикадағы көрнекті тіл мамандары М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов, Ә. Шәріпов, Т. Қордабаев, т. б. өздерін Жұбановтың шәкіртіміз деп санады. Жұбанов республикамыздың саяси-әлеуметтік өміріне

де белсене қатысты. 1935 жылғы Қазақстанның мәдениет қызметкерлері съезін ұйымдастыру комитетінің төрағасы, 1935 жылдан Қазақстан КСР ОАК-нің мүшесі болды [1.35].

Қ.Жұбановтың ғалымдық биік тұлғасын танытқан елеулі монографиялық еңбектер қатарында ғалымдар авторлығымен жарияланған басылымдар бар. Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы бойынша зерттеушілер Ж.О.Тектіғұл «Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары», М.О.Миров «Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы ролі», Н.А.Садуақас «Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің филологиялық негіздері», А.Қ.Омарова «Профессор Қ.Қ.Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы», Ә.Оралбай «Қ.Жұбановтың публицистикасы», М.Қ.Жазықова «.Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасы», Ф.Е.Терекова «Языковая личность К.Жубанова социолингвистическое освещение», Ж.И.Сұлтан «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі» т.б. тақырыптарда ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғады [1.346].

Профессор Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасына зер салсақ, ол тек қазақ тілі заңдылықтарын зерттеп қана қоймай, жалпы түркітану саласында да өзінің салмақты ғылыми ойларын қалдырғанын білеміз. Түркітанудағы маңызды зерттеулер синкретизм құбылысының заңдылықтары десек, бұл бағытта да алғаш рет зер салып, өз зерттеулерін қалдырған адам профессор Қ. Жұбанов болатын. Одан соң бұл тақырыпқа қалам тартқан лингвистер қатарында А. Ысқақов, М. Томанов, Ә. Қайдаров, Ә. Ибатов, Е. Қажыбековты атап өтуге тиіспіз. Сонымен бірге қазақ тіл білімінде қазіргі қазақ тіліндегі синкретизм көріністерінің етістік-есім сөздері деңгейіндегі ауыс-түйіс ретінде ғана қаралып келгендігін байқаймыз. Қ.Жұбанов «Есімдер мен етістіктер ерекше сез таптарына бөлінбеген кезде, яғни зат және оның қимылы бір ғана сөзбен берілген кезде «köz және kör», «semez және semer» сөздері әрі есім (көз, семіз), әрі етістік (көру, семіру) мағынасында қолданылған деп есептейді [3.136].

Қ. Жұбанов тілдік құбылысты танудың жекелеген салалары: фонетика, морфология, синтаксис, лексика және семантика бір-бірінен «қытай қорғанымен» бөлінген емес, керісінше олар өзара байланысып, араласып, біте қайнасып жатады деп, оған «көз-көр», «семіз-семір» секілді сөздердің шығу төркіні синкретті түбірлерге келіп саятындығын, ол сөздердің соңындағы «р~з» дыбыстары өздері жалғанған түбір-негіздерді есіммен етістікке ажыратудың басты критерийі ретінде қарастырылуы керектігін сөз еткен. Бұрын тіл дамуының көне дәуірінде «р~з» сәйкесімі есімнен етістік тудырып, етістікті сөз табы ретінде қалыптастыруға негіз болған фактор қызметін атқарған; «з» форманты – есімнің, «р» форманты – етістіктің көрсеткіші болған [3.136]. Олай болса, синкретті түбірлердің түркі тілдерінде зерттелуіне барлау жасап, түркі синкретизміне байланысты туындаған көптеген сұрақтарға жауап беру бағытында алғашқы ғалымдар тобында Қ.Жұбановтың зерттеу жүргізіп, осы салада құнды ой-пікірлер қалдырғанын атап көрсетпекпіз. Қ.Жұбанов өз еңбегінде Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Таңжарық сияқты күрделі есімдердің қазіргі синтаксистік нормалар аясында бөлшектеуге келмейтіні, қазіргі тілімізде сын есім анықталушы мүше орнында тұрғанда, зат есім ешқашан анықтауыш қызметінде жұмсалмайтыны да даусыз екенін айтқан. Түркі тілдеріндегі изафеттік тіркестердің ертеде сөзден сөз тудырудың тарихи жағынан ең көне және негізгі амалдарының бірі болған. Бірақ, Айжарық, Таңжарық, Күнсұлу, Айсұлу т.б. тіркестерді осы синтаксистік (изафеттік) құрылымның жемісі деп те анық айту қиын екен [4.109].

Талантты ғалым Қ.Жұбанов қазақ тіл білімінің барлық саласына қосқан үлесі өте зор. Ол өзінің қысқа өмірінде осы бойынша құнды пікірлер айтып, керемет зерттеулер қалдырды. Қазіргі кезде Жұбанов үрдісі ғылымда жалғасын тауып отыр. Қазақ тіл білімінің негізгі проблемаларына іргелі лингвистикалық зерттеулері мен осындай зерттеулердің нәтижелерін қолданысқа енгізудегі қызметі Қ.Жұбановты оның өз дәуіріндегі ғылымның көрнекті өкілі ретінде танытады [5].

Ғалымның мәңгі өмірі оның құнды еңбектері мен ғалымдардың ізденістерімен жалғасады.

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімі саласындағы Қ.Жұбанов зерттеулері тек алғашқы шешімін күткен мәселелерді ғана қозғап қойған жоқ, кейінгі зерттеулерге де бағыт беріп, үнемі қайта оралып отыруды қажет ететін, тереңдей үңілген сайын жаңа ізденістерге жетелейтін ой-тұжырымдарға тұнып тұрғандығын аңғаруға болады. Сондықтан Қ.Жұбановтың еңбектері бүгінгі таңда да өзекті, әлі де тың зерттеулерді қажет ететін рухани құндылықтарымыздың бірі деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құдайберген Жұбанов. (Ұлы дала тұлғалары). // Жалпы редакциясын басқарған ф.ғ.д., проф. М.Малбақов. - Алматы: «Шафран» ЖШС, 2013. - 528 б.

2. Құдайберген Жұбанов. Шығармаларының толық жинағы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. - 584 б.

3. Садуақас Н.А. Профессор Қ.Жұбановтың фонетика-фонологиялық зерттеулері. Монография. -Алматы: Эверо, 2018. - 162 б.

4. Тектіғұл Ж.О. Тарихи грамматика танымдары. –Алматы: Ғылым, 1999. - 195 б.

5. Садуақас Н.А. Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов// Из истории Актюбинской области. - Ақтөбе: Ақтөбе МПИ, 2006. - 238-245 б.

СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В РОМАНЕ «ДЖУД НЕЗАМЕТНЫЙ» ТОМАСА ГАРДИ

Жанбаева Анар, магистрантка II курса факультета языков и менеджмента ЗКИТУ
Научный руководитель – **Кисметова Г.Н.,** к.ф.н., доцент ЗКИТУ

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Томас Гарди - выдающийся английский реалист конца XIX - начала XX века, продолживший славную традицию «блестящей школы» английского романа. Гарди создал ряд романов, названных им самим «романами характеров и среды» или «уэссекскими романами». Оба названия, выбранные им для собственных произведений, продуманы и значимы. Его романы- продолжение традиции социально-психологического романа и ее дальнейшее развитие: связь личности и общества, положенная в основу реалистического метода изображения действительности, составляет сущность этого определения. Уэссекс (Wessex) – место действия его произведений: как он сам писал, он заимствовал это слово со страниц древней истории Англии и придал ему значение якобы существующего ныне названия местности, входившей некогда в древнее англосаксонское королевство. Этим старинным названием Гарди обозначил юго-западные графства Англии: его родной Дорсетшир, Девоншир, Дорсет, Беркшир и другие. Он сопровождал действие романов картами местности, нарисованными им, но такая топографическая точность сочеталась с вымышленными названиями городов – Кестербридж, Кристминстер, Меллсток. Это как бы открывало простор вымыслу и снимало с писателя обязательность точности ландшафта и топографии.

Место действия его романов – сельская патриархальная Англия: старинные дома и строения, затерянные среди лесов деревни, где живут и трудятся простые люди. Именно в этой среде Гарди находил незаурядных и мужественных людей с трагической судьбой, которые и становились героями его произведений. В отличие от Уильяма Теккерея, автора «Ярмарки тщеславия», который назвал свой роман «романом без героя», потому что не находил героя в современном ему обществе, Гарди находил своих героев в каждом из романов. Это незаурядные люди, чья судьба показательна и многое говорит читателю как о состоянии общества, так и о вечных проблемах бытия.

Роман «Джуд Незаметный» (1895) занимает особое место в творчестве Гарди. Это последний его роман, завершивший уэссекский цикл. Он стал последним, так как критика столь ожесточенно и сурово осудила роман и героя, что Гарди заявил, что более не станет писать романов и сдержал слово. Он обратился к эпической драме в стихах и создал свой цикл «Династы». Роману о Джуде суждено было стать последним его романом, а Джуду - последним героем. Но именно Джуд ближе всего стоит к личности и судьбе самого Гарди. Этот герой несет в себе многие черты и факты жизни автора, некоторые эпизоды автобиографичны и романист в нем является прототипом своего героя. Поэтому можно понять, какие проблемы заложены в судьбе Джуда и какого значение этого романа и этого героя в галерее героя Гарди.

В этой галерее - семь основных героев из семи основных романов Томаса Гарди, объединенных не только общим местом действия, но и общим топонимическом мифом. Уэссекс – имя средневекового королевства, древнего англосаксонского королевства, данное нынешним юго-западным графствам, по словам самого Гарди – «наполовину существующий, наполовину выдуманный край». Сюжетом управляет здесь власть старинных обычаев и суеверий, конфликты уходят корнями в былые века, а античные и библейские аналогии возвышают привычную будничную жизнь до вечных символических образов. Вместе с тем, здесь ощущается и власть современности – сложившегося социального уклада со своими законами и правилами, зачастую жестокими и суровыми. Это слияние ярче всего воплощено именно в романе о Джуде, которому Гарди предпослал эпиграф «буква убивает».

Судьба героя в романах Гарди всегда определяется двумя факторами. Гарди в юности мечтал поступить в университет и многие годы усердно учил латынь, древнегреческий язык и античную литературу. Его эстетические взгляды и художественные принципы сложились под влиянием античной трагедии рока. В античной трагедии трагизм определяется невозможностью для человека противиться воле богов. Чем более старается герой трагедии о царе Эдипе воспротивиться указанному ему Дельфийским оракулом жребию, тем ближе подвигается он к свершению его: его усилия имеют обратное действие и не отдаляют, а приближают роковой исход. Однако, Гарди- социальный романист и в его концепции характеров и среды есть понимание того, что судьба героя в значительной мере определяется его общественным и имущественным положением и сложившимся характером. Поэтому первый фактор, определяющий трагизм судьбы героя Гарди – это фактор социальный, основанный на имущественном и социальном неравенстве в обществе. Второй – психологический определен роковыми обстоятельствами – родовым проклятием, трагической виной самого героя или его предков.

В романах «характеров и среды» есть и коллективный герой - это все местечко или деревня, где разворачивается действие. Гарди умеет сделать портрет обитателей этого городка или деревни выразительным и целостным. Это восходит к античному хору, который в его любимых античных трагедиях комментировал действие, оценивал поступки героя. Гарди вкладывает свой демократизм, умение увидеть значительное в простом человеке – в этот своеобразный «хор». Забытые Богом деревни, среди лесов, где растят яблоки, делают сидр, пасут и стригут овец, валят лес, растят саженцы – описаны поэтично и верно.

В первых романах уэссекского цикла «Под деревом зеленым» (1872), «Вдали от безумствующей толпы» (1874), «Возвращение на родину» среда еще слита с характером протагониста. Конфликт обозначен в романе «Возвращение на родину», где героиня трагически погибает. Романы «Мэр Кестербриджа» (1886), «В краю лесов» (1887), стремятся к трагедии: характеры героев становятся исключительными, обстоятельства – роковыми, развязки – трагическими, а голос хора – тревожным. В романах «Тэсс из рода д’ Эрбервиллей» (1891) и «Джуд Незаметный» (1895) – трагический конфликт достигает наивысшей точки [1].

Так же построен и роман «Джуд Незаметный». Герой – крестьянский сирота, стал работать у архитектора, который восстанавливает деревенские церкви, приобщился к книжному знанию, читает книги и мечтает об университете. Это автобиографические черты самого писателя. Согласно эпиграфу к роману «Буква убивает»: пропасть разделяет сословный моральный кодекс и чистые человеческие чувства, закон и людское счастье.

Джуд Фаули живет своей мечтой об университете, но его отдаляют от воплощения этой мечты социальные причины (университет не принимает в свои ряды простого крестьянина и каменотеса) и роковое стечение обстоятельств (неудачный брак). Его приметила Арабелла Донн, дочка свиновода, искушенная и вульгарная, она работала буфетчицей в городе и скучает в деревне. Она поспорила с подругами, что женит на себе Джуда и сделала это: сошлась с ним, сказала, что ждет ребенка, а когда он с ней обвенчался, оказалось, что она его обманула. Брак неудачен: Арабеллу раздражает то, что Джуд все время читает и не может заколоть свинью, а он узнает, что ее роскошные волосы, пленившие его, - накладная коса. Они уже тяготятся друг другом и Джуд дает согласие на отъезд Арабеллы в Австарлию, куда задумали переселиться ее родители. Развод они не оформляли, но их брак себя исчерпал. Гарди находит выразительную деталь: Джуд случайно видит в хламе, сваленном на рынке на продажу, свою фотографию, свадебный подарок невесте – Арабелла вынесла ее на мелочный рынок, уезжая. Джуд выкупает и сжигает фотографию и понимает, что это финал его брака.

Вторая сюжетная линия связана с гражданским браком героя с девушкой, способной любить и понять его. Он встречает свою дальнюю родственницу, Сью Брадсхед, студентку педагогического училища. Сью – одухотворенная, чистая, пылкая, наивная, и Джуд опекает ее как кузен. По неопытности и горячности, Сью втянута в конфликт с квартирной хозяйкой

и учителями и убегает из училища, обратившись за помощью к Джуду. Она узнает, что Джуд женат – она этого не знала, и ее детская ревность и обида толкает ее на опрометчивый шаг: она принимает брачное предложение немолодого учителя Тиллотсона, чтобы досадить Джуду и не возвращаться в училище. Она обвенчалась с Тиллотсоном, но он ей неприятен и она убегает к Джуду.

Союз героя и его юной избранницы представлен автором как романтическая любовь и духовное единение. Они живут в гражданском браке, у них двое детей. Арабелла присылает из Австралии мальчика: это сын Джуда, она скрыла, уезжая, что ждет ребенка – боялась, что муж ее не отпустит. Мальчик родился не вполне нормальным, он не крещен и у него нет даже имени, а только прозвище – Старичок (Father Time). Сама Арабелла, скрыв свой первый брак, обвенчалась с пожилым владельцем трактира, ребенок этот никому не нужен и его отсылают к отцу. Сью и Джуд приняли его и растят. Вначале они не могут пожениться, так как оба несвободны; потом они расторгают свои браки, но медлят с венчанием, ибо Сью боится, что заключение законного брака разрушит их поэтический любовный союз. Кульминация их любви и семьи – эпизод, где они посещают выставку цветов на осенней сельскохозяйственной ярмарке: любящие мужчина и женщина и трое их любимых детей тонут в море цветов и сливаются со всей красотой мира.

Тезис «Буква убивает» противостоит их любви и в буквальном смысле убивает их. Джуд заболел, потерял работу, они утратили жилье, где обитали эти годы, а нового не могут снять, так как официально они не женаты. Сью с детьми приходится поселиться отдельно, а она ждет третьего ребенка. Оба ищут жилье и работу и вынуждены оставлять детей на старшего мальчика-Старичка и это приводит к катастрофе: узнав, что мачеха ждет еще ребенка, больной мальчик убил младших детей и покончил с собой, оставив записку: «Сделал это, так как нас слишком много».

Сью родила мертвого ребенка и тяжело больна. Священник убеждает ее: она потеряла детей из-за греховного сожительства с Джудом, ей надо вновь обвенчаться с законным супругом Тиллотсоном, раскаяться что она, не помня себя, делает. Джуд болен и им вновь завладела Арабелла: ее австралийский муж умер, она решила вернуться в Англию и брак ей нужен, чтобы легче уладить формальности. Она убеждает Джуда снова обвенчаться с нею, но добившись цели, теряет к нему интерес. Джуд умирает брошенным, совершенно один – Арабелла ушла на лодочный праздник на реке с соседями, а Сью тоже угасает в немилом браке.

Газеты и критика обрушились на «ужасный» роман: ожесточенная травля была вызвана прежде всего изображением детского самоубийства, а также противопоставления свободной и счастливой любви – брачным узам, которые порою заключаются по совсем иным соображениям, чем искренняя привязанность. Гарди придавал огромное значение своему роману, он даже написал специальный комментарий к нему. Причины трагической гибели героев в этом романе соответствуют основным тенденциям построения судьбы и личности героя у Гарди, но исполнены здесь с особой эмоциональной напряженностью.

Роковые причины несчастья героев в этом романе стерты, не ясно выражены. На джуде и Сью нет никакого проклятья, исключая то, что им сообщает их старая родственница: все браки в их роду не счастливы и в семейной жизни представителям их семейного клана не везет. Это усиливает их предубеждение против церковного брака, соединенного в их воображении с пресловутой «буквой»: правилами, сводом законов - по ним не построить счастья. Но неудавшиеся браки в роду, конечно, не идут ни в какое сравнение с тем, что случилось с их семьей и детьми.

Гарди прекрасный психолог и человек XX века, от которого роман отделяли всего пять лет. Недаром фредистская критика так любит комментировать этот роман. Две женщины в судьбе Джуда Фаули воплощают две стороны человеческой привязанности и тяготения к противоположному полу – духовную и биологическую. С Арабеллой Джуда не связывают никакие духовные интересы, они разные люди: то, что важно для Джуда, совершенно чуждо и непонятно Арабелле, а ее прагматизм только отталкивает Джуда.

Однако, их чувственное влечение друг к другу при этом велико. Отношения Сью, напротив, исполнены высокой поэтичностью, искренней любовью и пониманием, нежностью и бережностью в отношениях. Но гармонии в чувственных отношениях герои не достигают и это источник вечной ревности Сью, смутно ощущающей, что в Арабелле Джуд находит что-то такое, чего нет, в их, вовсе других отношениях, в гармоничном союзе.

Роман Гарди вместил многое. Гарди, крупнейший критический реалист последней трети XIX века, вошедший с полным пониманием в век двадцатый, укоренен в социальной действительности. Он как никто воссоздает и разоблачает те глубинные социальные процессы, которые шли в обществе тех лет. Отношения между обеспеченными и необеспеченными классами, подчинение и эксплуатация трудового люда, религия, мораль, социальные институты, брак и семья, отношения между полами, образование – все важнейшие стороны викторианского общества он подверг разрушительному анализу и критике. Викторианцы, скрывавшие основные факты своего социального бытия за фасадом респектабельности и религиозности, не простили Гарди, его разоблачений и объявили его безбожником и пессимистом. Гарди ранила травля критиков, но более задела позиция талантливых собратьев по перу – поэта Суинберна, писателей Генри Джеймса и Г.К. Честертона. Они также не понимали Гарди и упрекали его в жестокости и безбожии. История простого каменотеса Джуда Фаули, пришедшего к отрицанию церкви и основных институтов викторианского общества не могла не разгневать даже самых просвещенных представителей этого общества: за трагизмом, изображенного в романе от них скрылось то, что Джуд Фаули не отрицает божественного Провидения, гармонии и красоты мира, высокой одухотворенности человеческих отношений [2].

Роман одних отталкивал и возмущал, но других он потрясал до глубины души. Джек Лондон признавался, что плакал, читая «Джуда», которого высоко ставил как произведение литературы. «История самородка, прямодушного парня, энергичного, трудолюбивого, талантливого и вдохновенного», как определяет героя один из исследователей Гарди, остается своеобразным завещанием автора романа, итогом его исканий и представлений о смысле человеческой жизни.

Список литературы:

1. Hardy, Thomas. Jude the Obscure
2. Урнов М.В. На рубеже веков. Очерки Английской литературы. – М.: «Наука», 1970

«ҚЫЗ ЖІБЕК» КИНОФИЛЬМІНДЕГІ «ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ» КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРІНІСІ

Жәнібек Әйгерім, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ филология факультетінің II курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - **Сағидолда Г.С.,** филология ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**,** Нұр-Сұлтан қаласы

Концепт ұғымы мен термин орта ғасырларда пайда болған, «conceptus» латын сөзі «зат немесе құбылыс туралы жалпылама, абстрактілі түсінік» дегенді білдіреді.

Орыс тіл білімінде концепт ұғымы XX ғасырдың 90-жылдары пайда болды. «Ғалымдар бұған «лингвокультурема», «мифологема», «логоэпистема» деген атауларды ұсынған. Алайда осылардың ішінде «концепт» ең өміршең атау ретінде танылып, бүгінгі күні тіл ғылымының термині ретінде қолданылып келе жатыр» [1, 12-б.].

Қазіргі кезде когнитивті лингвистиканың негізгі түсініктерінің бірі – концепт. Аталмыш атау бүгінгі тіл білімінде мәні ашылған, бекітілген ұғым ретінде қарастырылса да, оның мазмұны әртүрлі ғылыми мектептер мен жеке ғалымдардың тұжырымдарында түрлі нұсқада түсіндіріледі.

Шынтуайтына келгенде, концепт – ой категориясымен байланысты болғандықтан оның мәні кең мағынада тәпсірленеді. Оны философия, логика, психология, мәдениеттану сияқты тіл саласына қатысы жоқ салалар да зерттеу объектісі ретінде қолданып жүр.

Концептті ресейлік ғылымда 1928 жылы алғаш рет термин ретінде қолданған С.А.Аскольдов-Алексеев. Ғалым концептті ой жүйесінің құрамдас бөлігі деп танып, ойлау процесінде бір түрге жататын заттарды, әрекеттерді алмастыратын ұғым деп анықтама ұсынады (өсімдік концептісі, әділдік, математикалық концептілер).

Ғалымдардың екінші тобы концептті жалпылама ой бірлігін білдіру үшін қолданылатын ұғым деп анықтама береді. Оның тұжырымы бойынша құбылыстың мәні сөйлеушінің білімі, жеке тәжірибесі, кәсіби және әлеуметтік біліктілігіне сай ашылады деп түсіндіріледі.

Бірнеше он жылдықтар бұрын ғана қалыптасқан жаңа ғылыми білім парадигмасы аясында тіл ақпаратты иелену, сақтау және жеткізу құралы есебінде, ал тіл білімі – когнитивті ғылымның адам санасы мен ойлау қабілетін зерттейтін аралас пәндердің тұтас кешенін біріктіретін ең қажетті құрамы ретінде танылды. Білімді репрезенттеу формаларынан, яғни сырттан түскен білім ол арқылы адам санасында жүйеленетін модельдерден концепт – біздің санамыздың менталды және психикалық ресурстарымыздың бірлігі, құрылымдық танымның өзіндік «кванты» ең маңызды орын алады.

Концепт пен сөз мағынасы арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. Концепт сөз мағынасынан кеңірек.

«Әлемнің тілдік бейнесін қайта құру мен оны зерттеу оның құрылымдық бірліктері – концептілерді зерттеу негізінде жасалады. Концепт нақты бір тақырыпта әлем туралы білім жиынтығынан тұратын менталды білім; тақырыпты белгілеу, негізінен, концепт атауы болып келеді. Кез келген тілдің семантикалық кеңістігінде концептілер жүйесі мен олардың құрылымы әртүрлі және қайталанбайтындай өзгеше. Әлемнің тілдік бейнесінің бірлігі ретінде концептінің мазмұны ұлттық, яғни нақты лингвомәдени қауымдастықтың мәдени және әдемді тану ерекшелігінен көрініс береді, сол себептен кез келген концептіні зерттеу әлемнің тілдік бейнесін қалпына келтірудегі құндылық болып саналады»[2, 44-б.].

Концепт терминін қарастырмас бұрын ғылыми әдебиеттерде келесі терминдердің аталғанын айта кеткен дұрыс. С.Воркачев басқа терминдерге қарағанда концепт терминінің өміршеңдігін жиі қолданылатындығымен және жаңа терминдік тіркестер жасауда өнімділігімен түсіндіреді.

«Логоэпистема (грек тілінен «логос» - «сөз», «эпистема» - «білу, тану»), яғни сөз төркінін тану. Бұл терминді Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаров пен Н.Д.Бурвикова ұсынған.

Лингвокультурема – лингвомәдени талдаудың негізгі бірлігі. В.В.Воробьев оны лингвистикалық және экстралингвистикалық мазмұндағы диалектикалық бірлік деп таниды. Лингвокультурема лингвомәдениеттану аспектісінде қаралатын бірлік.

Мифологема (грек. mythos – сказание, предание, грек. logos – слова, наука) – тұрақты және қайталанып отыратын архаикалық санада ақиқат болмыс сияқты бейнеленген сезімдік-нақты жеке тұлға түріндегі жалпы болмыстан көрініс беретін халық фантазиясының құрылымдарын белгілеу үшін қолданылатын термин. Мысалы, Өлім мифологемасы, Әлемдік діңгек мифологемасы тағы басқалары. Бұл терминді М.Лехтеэнмяки, В.Н. Базылев ұсынған.

Мифологема – лингвомәдениеттану аспектісінде қаралатын бірлік.

Бихевиорема – коммуникативті категория, оның таралу жолдары: вербалды (сөздер), паравербалды (тембр, артикуляциялық бақылау т.б.), бейвербалды (мимика, жест), экстравербалды (уақыт, орын сипаты, әлеуметтік индексі т.б.). Бұл терминді Эльс Оскар ұсынған.

Ұғым – болмыстағы заттар мен құбылыстардың жалпы және ерекше белгілері арқылы олардың өзара байланысы туралы жалпылама түрінде көрініс беретін ой» [3, 245-б.] .

Осы ретте, концепт ұғымының мәнін ашу үшін мақсатында «қазақ әйелі» концептісін талдауды жөн көрдік.

Жаңа ғасырда ерекше қарқын алған жаһандану үдерісінің жағымды, игі әсерлерімен қатар жағымсыз ықпалы жөніндегі пікірталас толастамай отырғаны мәлім. Әсіресе ұлттық болмысты табиғи қалпында сақтауға деген құлшыныс пен ұмтылысты бәсеңдетуде ізін қалдырмай кетпейтін аталған үдерістің кейбір кері әсерлерін кемітуге өзге құбылыстармен бірге халықтың тіліндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерге айрықша назар аудартатын антропоөзектік бағыт қарсы тұруда. Бұған соңғы кездердегі лингвистикалық зерттеулер дәлел .

Ер адам өзінің күш-қуатымен ерекшеленсе, әйел сұлулығымен, жанымен, рухымен құдіретті. Ғасырлар толқынымен бірге сұлулыққа деген көзқарас та өзгермелі екені заңдылық. Мәңгілік қойнауынан бізге жеткен арулар кескінін көз алдымызға елестетсек, сұлулық тәңіріндей салтанатты Египет патшайымы Нефертити, мәрмәр тәнді Венера Милосская, өзіміздің тотыдайын таранған, аққудайын сыланған Қыз Жібек, Ақжүніс, Баян сұлулар келбеті кесекөлденең тұра қалары сөзсіз. Әлемде қанша ұлт, мемлекет болса, сұлулық туралы көзқарас, оның өлші де соншама. Мысалы, Перудегі майорун тайпасында денесін піскілеп бояп, маймылдың тістерінен алқа тағып, шашына, мұрнына, құлағына қауырсын, қабыршақ секілділерді неғұрлым көп іліп алған әйел әдемі деп саналады. Натчи тайпасында бас сүйегі қолдан әдейі сопайтылмаған әйелді ұсқынсызға жатқызады. Филиппиндегі палавеньо тайпасының әйелдері тістерін тегістеп егеп, қара бояумен бояп алады. Сенегалда волоф әйелдері шаштарын бірнеше бұрым етіп өріп, мүйіз секілді тікірейтіп қояды. Вьетнамдағы зырай әйелдері мойындарын ұзарту үшін алқа орнына бұрама құрсау киіп жүреді. Ежелгі махаббат құдайы Афродита (Венера) сыршыл сезімді сұлулықты меңзесе, Зевстің сүйіктісі Гера асқақтықты, билікті әйелдің қасиеті деп таныған. Ал Афина Паллада әйелдердің ақыл-парасатын бірінші орынға қойған.

Адамның белгілі бір қасиетін, мінез-құлқын, белгісін сипаттау тілдік жүйеде және жазушы мен сөйлеуші аталған тілді тұтынушылардың өмір сүру жағдайына, мәдениетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымы, таным-талғамына, күнделікті тұрмыс пен өмір тәжірибесінде бұрыннан қалыптасқан түрлі зат, құбылыстармен байланысты. Яғни тілден халықтың рухани және материалдық мәдениетінің іздерін байқауға болады.

Осыған сәйкес қазақ тілінде әйел көркін сипаттайтын, ғаламның тілдік бейнесін танытатын концептілер төмендегіше көрініс тапқан:

«Көз» – тана көз, бота көз, бадана көз, айна көз, қарақаттай көз, жәудір көз, күлім көз, көген көз, қой көз, қоңырқай көз, тұнық, мөлдір көз, мойылдай көз, тұнжыр көз, нәркес көз, тостағандай жанары, елегізеген еліктің жанарындай, қос жұлдыздай қос жанары,т.б.

«Қас, кірпік» - қалам қас, қиғаш қас, имек қас, айдай боп қиылған жіп-жіңішке қас, жаңа туған айдай иілген қас, шағаланың қанатындай қиылған қас, шолпандай алтын кірпігі,

найзадай ірі кірпігі, егіншінің қол орағындай қас, доғаланып жатқан өзен нобайындай жіңішке қас, т.б.

Сұлу әйел мойнына байланысты тұрақты тіркес, теңеулердің сирек ұшырасуы халқымыздың сұлулықты сырт көзден жасырып, қымтап ұстайтынынан болса керек. Ал қаз мойын тіркесі иілген әдемі мойынды білдіреді. Әуелде аттың сипатына байланысты, кейін сұлу қыз, көрікті әйелдің мойнына қатысты айтылатын тұрақты тіркеске айналған. Қаз бен аққудың кейбір ұқсастығы негізінде «кербездік», «сұлулық » концептісін бейнелейтін жағымды коннотация туған. Қазақ халқында «қаз» құсы жағымды ассоциация тудырса, орыс халқының танымында оның баламасы «гусь» жағымсыз мәнге ие (гусиная походка).

«Шашы» – жібектей майда шаш, сүмбіледей қара шаш, қолаң жібек шаш, толқынды қою қара шаш, білектей-білектей қос бұрым, тізесіне төгілген білектей бұрым, жылтырап өрілген жуан бұрым, көмірдей шаш,т.б.

«Белі» - қыпша бел, бұраң бел, қынай бел, құмырсқа бел,қылдырықтай бел, қылдай жіңішке бел, гүл жібектей бұралған бел, тал шыбықтай бұралған бел, белі нәзік талып тұр,т.б.

«Мұрны»- пісте мұрын, қыр мұрын, кесек мұрын, бауырсақ мұрын, ұзындау келген мұрын, азырақ келтелеу келген қыр мұрын,т.б.

«Ерні, аузы» - қып-қызыл ерін, шиедей ерін, қаймақтай ерін, жұқалаң қызыл ерін, оймақтай ауыз, т.б.

«Тісі» - кірсіз тіс, маржан тіс, әдемі ақ тіс, мінсіз аппақ тістер, күріштей аппақ тіс, самаладай тістері, меруерттей тізілген тістер, қолмен қойғандай аппақ, майда тістер, жүгерідей тізілген т.б.

«Беті, жүзі» - бүйрек бет, алма бет, аққұба, бидай өңді, қызыл шырайлы, торғылт, қара сұр, үлбіреген қызыл бет, бәйшешек бетті, толған айдай, піскен алмадай, ашаң да ашық жүзді, қауызын жарып келе жатқан гүлдей, жаз дидарлы, иман жүзді, бүр ашқан қызыл қызғалдақтай, наурыздың ақша қарындай, аршыған жұмыртқадай,аршыған жауқазындай, зерен жүзді,т.б

«Сымбат, мүсіні, денесі» - талдырмаш, сұңғақ бойлы, кер маралдай керілген, сымға тартқан күмістей, өзеннің құба талындай, құмға шыққан құба тал, талшыбықтай майысқан, шынардай, теректей, Сырдың құба талындай, Жайықтың боз талындай, қамыстай тұлғасы,т.б.

Сұлулықтың бір шарты – әдемі жүріс-тұрысы. Көріктіге балаған әйел ербең- ербең етсе, қойқаң-қойқаң ойқастаса, оны сұлулардың қатарына қосу қиын. Ақылына көркі сай, көздері нұрлы, денесі сымбатты, жүрісі ұнасымды әйел кімді де болса, табындырады.

«Қимыл-қозғалысы, жүрісі» - салалы қою кірпігін қағып, анда-санда көз астымен қарауы, көз қиығын серпе тастау, балдай шұбатылып, жібектей ширатылған, күлтеленіп жүреді, аяңшыл бедеудей аяғын кербездене басу, селт еткен маралдай, т.б.

«Күлкісі, дауысы, лебізі» - ерке күлкі, сыңғырлаған күлкі, сылқ-сылқ күлкі, мөлдір су бұлағындай күлкі, мөлдір суға маржан сепкендей күміс күлкі, күмістей сыңғырлаған үн, жас ботаның даусындай, күміс қоңыраудай, сиқырлы дауыс, періштедей сүйкімді дауыс, әнтек күрмеліп, шиңгірлеген құлыншақтың әлде түн ішінде көл жүзінде сыңқылдаған аққудың даусы, т.б.

«Мінезі»- ерке мінезді, сәби сезімді, уыздай таза, балға ашытқан қымыздай тәтті, жібектей сызылған, бұлтсыз күндей ашық, жаздай жайдары, нәзік жүректі, асқан парасатты, сөзге өткір, мінезге бай, жайдары, жарқын,т.б.

«Сұлулық» адамзат баласына ортақ категория болғанымен, оның эталоны әр халықта әр түрлі. Еуропада, әлемдік деңгейде өткізілетін сұлулық байқауларында қатысушы арулардың сыртқы келбеті мен сыр-сымбатына мән беріледі. Ал қызға, әйелге ең алдымен дүниеге ұрпақ әкелуші болашақ ана ретінде қарайтын халқымыз қыздардың бойынан парасатты ана болуға лайықты ғажайып мінез-құлық сұлулығын іздейді, сондай ізгі қасиеттерді дәріптейді.

Қазақ әйелінің бағасы мен сипатын, қадір-қасиетін дәл тауып, оны өзінің даналық сөздері, мақал-мәтелдері арқылы өрнектеп, ұрпақтарына мирас етуші халқымыздың бітім-болмысы, тұрмыс-тіршілігі, асылы мен жасығы туралы көзқарасы аталған теңдессіз мұраларында айқын көрініс тапқан. Мысалы, «Әйелдің әйелден артықшылығы – мінезінде», «Көріп алған көріктіден – Көрмей алған текті артық», « Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін», «Жақсы әйел жаман еркекті адам қылады, жаман әйел жақсы еркекті надан қылады», «Жақсы әйел өміріңді ұзартады, жаман әйел үстіңе тұз артады» дейді халық даналығы.

Байқап отырғанымыздай, қазақ әйелінің «сұлулық» концептін құрайтын сөздер, тұрақты сөз тіркестері, теңеулерге тірек сөз ретінде халқымыз үшін, оның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, кәсібіне, таным-талғамы мен пайым-парасатына қатысты, тілді тұтынушылар үшін түсінікті, ортақ мағыналар алынған.

«Қазақ әйелі» концептісінің тілдік көрінісінің кейбір қырларын сипаттау үшін «Қыз Жібек» фильмін талдап көрейік. Көркем туындыларда әйел бейнесін мүсіндеп, әйел сипатын бейнелегенде ұлттық салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптық ерекшеліктерімен бірге рухани дүниенің сырлары, эстетикалық сезімдері, ұлттық таным, болмыс, тәлім-тәрбие ерекше орын алатыны мәлім. Сол сияқты кинотуындыда «әйел» концептісін білдіретін бірліктердің ұлттық дүниетанымға сай берілгені аңғарылады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «әйел» сөзінің 2 анықтамасы көрсетілген:

1. Адам баласының ұрғашы жыныстылары
2. Жұбай, зайып [4, 592-б.].

Кинофильмдегі сомдалған әйелдер бейнесінде қазақ қызының болмысы, мінезі, нәзіктігі мен ар-ұятын көре аламыз. Мәселен, Қыз Жібектің образы арқылы қазақ әйелінің концептісін сипаттайтын тілдік бірліктерге назар аударайық: алдымен Жібектің сұлулығын суреттеуде ұтымды теңеулерді қолданған: «тотыдайын таранған, қасы көзі қиылған», эпитеттерден қолаң шашы мен ақ маңдай сынды сөздерді атай аламыз. Бұл Қаршығаның Жібектің көркем, кербез тал бойын сипаттағанда қолданған сөздері.

Фильмде әйелдердің мінсіз бейнесімен қатар, ошақ қасындағы жауапкершілігі мен тазалығын ерекше атап өтуге болады. Мәселен, фильмнің алғашқы эпизодтарында әйелдер жиналған қауымға сусын тарататын тұсты алайық, мұнда кеседегі сусындарды арнайы матамен ұстап көпшілікке ұсынады. Бұл елеусіз деталь арқылы қазақ әйелдерінің үй шаруысындағы ұқыптылығы мен тазалығын аңғаруға болады. Қызға тән инабатылық мен ұяңдықты кинофильмде Жібектің Төлегенге кестелі орамал ұсынған кезде байқай аламыз. Қыз қылығымен демекші, Жібек мөлдір сезімі мен жігітке жауабын әдеппен білдіреді. Сәукеле, бөрік, қамзол, шашбау, бүрмелі көйлек сынды ұлттық киімдердің алуан түрлі үлгісі фильмде кездеседі. Әсіресе, Қыз Жібектің мүсінін айшықтайтын киімдер оның ұяң да нәзік болмысын толықтыра түседі.

Қыз Жібек фильміндегі бабаларымыз ұстанып келе жатқан дәстүрдің бірі отқа май құю. Бұл дәстүр келін түскенде жасалынатыны белгілі. Жібек пен Төлеген атастырылып сөз байласқан күні бұл рәсім орындалады. Шаңырақтың берексі мен шаттығы үшін атқарылытын жоралғының келін үлесіне тию тегіннен емес. Бұл да қазақ әйелі концептісін сипаттайтын ерекше тұстардың бірі. Себебі басқа ұлттарда келінге берілетін жауапкершілік, отанасы мен отбасы ұйытқысы деген статустар айрықша маңызға ие болмауы мүмкін. Қазақ әйелдеріне тән қасиеттердің бірі даналық, парасаттылық, байыптылық. Қыз Жібек түс көргеннен соң жүрегі бір қауіпті сезеді. Сол себептен ерімен кеңесіп, бар білгенін айтып береді. Қиын кезде еріне тіреу болу қазақ әйеліне тән мінездің бірі. Бұны да Жібектің бойынан табамыз.

Осылайша, «қазақ әйелі» концептісі ұлттық ерекшеліктерге байланысты жан-жақты ашылады. Мәселен, тек сыртқы бейнесімен қатар, көркем мінездің иесі, даналықтың символы, отанасы ретіндегі рөлі, ердің ары сияқты тағы басқа тірек ұғымдарды қамтиды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира\ Б.А. Серебренников, Е.С. Кубрякова, В.И. Поставалова и др. – М.: Наука, 1988. – 216 с.

2. Гуревич П.С. Антропоцентризм как философская позиция\\ Философская антропология. М., 2001. – 160 с.

3. Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. Т.2. М., 1963.

4. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию / Пер. с нем. Общ. Ред. Т.В. Рамишвили, послесл. А.В. Гулыги и В.А. Звегинцева. - М.: ОАОИГ «Прогресс». – 2000. - 400 с.

СКАЗКА КАК ЖАНР ХУДОЖЕСТВЕННОГО СТИЛЯ РЕЧИ

Касимова А., студентка II курса педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель **– Даминова Л.К.,** кандидат педагогических наук, доцент ЗКИТУ

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Создание сказок имеет очень древнюю историю. Сказки появились так давно, что с точностью определить время их рождения очень сложно. Скорее всего, первые сказки сочиняли крестьяне и пастухи, которые часто выступали в роли главных героев повествования. Они же передавали сказочные истории из уст в уста, от поколения к поколению, изменяя их и дополняя новыми деталями. Сказки рассказывали взрослые и — вопреки нашему нынешнему представлению — не только детям, но и взрослым тоже. Сказки учили выпутываться из непростых положений, с честью выходить из испытаний, побеждать страх, любая сказка оканчивалась счастливым финалом.

Изучением художественного стиля сказок занимались многие фольклористы и литературоведы, такие как: Аникин В.П., Виноградов В.В., Кожина М.Н., Лосев А.Ф., Померанцева Э.В., Солганик Г.Я., Тюпа В.И., Намычкина Е.В. Некоторые ученые, такие как В.Я. Пропп, А.И. Никифоров полагают, что: «В истоках сказки лежат первобытные обряды. Сами обряды забылись — рассказы же сохранились как кладези полезных и поучительных знаний» [1].

Слово "сказка" засвидетельствовано в письменных источниках не ранее XVII века. «Оно произошло от слова "каза́ть" и имело значение: перечень, список, точное описание. Современное значение слово «сказка» приобретает с XVII—XIX веков.Сказка – произведение о вымышленных событиях и героях, обычно с участием волшебных, фантастических сил» [2].

Существуют следующие классификации сказок: сказки о животных, волшебные сказки, социально-бытовые сказки. Кроме этого, сказки также классифицируются на фольклорные (народные) и литературные (авторские).

Сказка имеет свою, не схожую с другими жанрами структуру.В 1920–е годы выдающийся фольклорист и один из основоположников современной теории текста В.Пропп проанализировал сотни сказок в поисках общих структур, тем и похожих фрагментов. Результатом его трудов стало написание в 1928 году книги «Морфология волшебной сказки», в которой он идентифицировал 31 элемент в структуре сказки.

Выделяют также основные элементы в композиции сказки: присказка, зачин – завязка – развитие сюжета – кульминация – развязка – концовка.

Сказка относится к эпическому жанру художественного стиля речи. «Стили – это своеобразные регистры языка, которые позволяют переключать его с одной тональности на другую. Стиль языка – совокупность языковых средств и приемов, употребляемых в зависимости от цели и содержания высказывания с учетом обстановки, где происходит высказывание» [3].

«Литературно-художественный стиль - функциональный стиль речи, который применяется в художественной литературе. Этот стиль воздействует на воображение, психику и чувства читателя, передаёт мысли и чувства автора, использует всё богатство лексики, возможности разных стилей, характеризуется образностью, эмоциональностью речи» [4]. Как средство общения художественная речь имеет свой язык – систему образных форм, выражаемую языковыми средствами. Основой художественного стиля речи является литературный язык. В художественном произведении слово не только несёт определённую информацию, но и служит для эстетического воздействия на читателя при помощи художественных образов. Чем ярче и правдивее образ, тем сильнее он воздействует на читателя.В своих произведениях писатели используют, когда это нужно, не только слова и формы литературного языка, но и устарелые диалектные и просторечные слова.

«Для художественного стиля характерно использование большого количества стилистических фигур и тропов (оборотов речи, в которых слово или выражение употреблено в переносном значении). Например:

1. Тропы:

• эпитет - образное определение;
• метафора - употребление слова в переносном значении для определения предмета или явления, схожего с ним отдельными чертами;
• сравнение - сопоставление двух явлений, предметов;
• гипербола - преувеличение;
• литота - преуменьшение;
• перифраза - замена однословного названия описательным выражением;
Ғалымның жазу, орфография жөніндегі теориялық зерттеулері негізінен қазақ әліпбиін жасау, бөгде тілдің графикасын қазақ тілінің ішкі ерекшелігіне бейімдеудің тиімді жолдарын іздестіру, жүйелі жазу емлесін құрастыру, оны жетілдіру, орфоэпия мен орфографияның өзіндік белгілеріне сай қазақ тілі дыбыстарының ерекшеліктерін көрсету, қазақ тіліне енген терминдердің жазылу заңдылықтарын бір жүйеге келтіру, қазақ орфографиясының жетекші принципін анықтау, т.б. бағыттарда болды.

Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады десек, графиканың басты қағидаларының бірі - белгілі бір әріп бір ғана фонеманың таңбасы болуы керек. Сондықтан да Қ.Жұбанов қазақ орфографиясын ғылыми негізде құру үшін алфавит құрамына енуге тиісті әріптердің санын қазақ тіліндегі белгілі бір фонеманың іс жүзіндегі қажеттілігіне қарай белгілеуді мақсат еткен. Ғалымның айтуынша, қазақ жазуы фонетикалық принципті ұстануы тиіс, себебі бұл принцип қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкес келеді дейді. Сөздің дұрыс жазылуы, айтылуы сол тілдің ішкі ерекшеліктерінен туындауы керектігін айта келіп: “Емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуға керек. Тіліміздің жаратылысына қарасақ, емле дыбыс негізді болуға керек”, - деп түйін жасаған [1.498].

Қ.Жұбанов тіліміздің фонологиялық ерекшеліктерін дөп басып тани білген. Ғалым қазақ тілі дыбыстарын буын құрамында қарастырып, дауыстылардың таңбасы “буынның жуан-жіңішкелігін білдіретін қарақшы” деген дәлелді пікір айтады. Латын графикасын қабылдауда кеткен кемшіліктер мен олқылықтарды түзеу жөніндегі жұмыстарға Қ.Жұбанов белсене ат салысты. Қазіргі таңда латын графикасына көшудің маңыздылығы туралы мәселе көтеріліп жатырса, бұл жөнінде де ғалым есімі еріксіз ойға оралады.

Қ.Жұбанов емле жасау жөнінде өз ойларын былайша тұжырымдайды: “Қазақтың әдеби тілінде ұстап-тұтынылатын сөздердің бәрі де дұрыс жазылып, әрқайсының өзіне меншікті тұрақты таңбасы болуы керек те, сол тұрақты түрден айнып, басқаша жазылған жазудың бәрі де қате делінетін болуы керек. Бірақ ол үшін мына сөз “таза қазақша”,

мынаның “тегі жат” деп, - сөз-сөздің тегін қосып жатудың қажеті жоқ: тегі қайдан шықса да бәрі бір, қазақ тіліне кірген сөздің бәрі де қазақтың өз сөзі делінуі керек”, - дейді [1.337].

Қ.Жұбанов қазақ әліпбиін жасаудағы А.Байтұрсынұлының мұрасына да құрметпен қараған. “Алфавит құрудың математикалық формуласы” туралы Н.Ф.Яковлевтің еңбегі шын мәнінде А.Байтұрсынұлының қазақ әліпбиін жасауда қолданған амалы екендігін айтып, оны заңсыз иеленуді ғылыми плагиат деп ашық сынаған да Қ.Жұбанов болды [1.507]. Осы мәселеге байланысты сөзінде А.Мектептегі: “Құдайберген Жұбановтың ащы шындықты тіке айтуы ол кезең тұрғысынан жүрек жұтқандық, ерлік еді”, - деп бағалайды [3. 166].

Ғалым жазу, орфография мәселесін барлық уақытта да сингармонизммен байланыста қараған. Мәселен, латынға көшу кезінде араб жазулы қазақ алфавитінің жетістіктерінің бірі дәйекшіден бас тарту дұрыс еместігін, себебі қазақ тілінің табиғатында **е, к, г** дыбыстарынан басқасы жуан-жіңішке болып екі түрлі дыбысталатынын, сондықтан, оларды бір таңбамен белгілеу мүмкіндігінен айырылып қалатындықтарын айтты [1.504].

Араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуындағы дәйекшінің артықшылығын Қ.Жұбанов өте жоғары бағалаған. Ол 1912-1930 жылдар аралығында 18 жылдай қазақ сөзі А.Байтұрсынұлы жасаған әліпби арқылы жазылғанын айтып, араб алфавитінің табиғатына тән кейбір ерекшелігі болмаса, бұл жазудың еш кемшілігі байқалмағанын, сондықтан одан бас тартып, латынға көшу мәселесі жоғары жақтың қысымы екендігін ескертеді [1. 506].

Қ.Жұбанов жазу мәселесіндегі теориялық зерттеулерінде орфография мен орфоэпия мәселесінің ара жігін ашып, жазу емлесін жасау барысында, әсіресе, түбір мен қосымша арасындағы дыбыстардың айтылуы мен жазылуына сингармонизм заңдылығы тұрғысынан жете көңіл бөлген [1.208-213].

Әр тілдің өзіндік табиғаты, дыбыстар тіркесімі болуы заңды жағдай болып табылады. Соған орай әр тілдің өзіндік орфографиялық ережелері болуы шарт. Бұл заңдылық сақталмаған жағдайда тілге қиянат болады.

Қазақ жазуы алғашқы кезеңде араб графикасына негізделсе, 1929 жылдан бастап латын әліпбиіне көшірілді де, 1940 жылы кирилл жазуына ауыстырылды. Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында бірнеше жазу үлгілерін пайдаланғаны мәлім. Әсіресе, А.Байтұрсынұлының жаңа әліпбиі қазақ халқының мәдени тарихында, рухани өмірінде, түркітануда, жалпы тіл ғылымында үлкен мәні бар белес болды. А.Байтұрсынұлының сингармофонологиялық зерттеулерімен таныса отырып, оның қазақ алфавитін құрастырып, орфография принциптерін жасауда ғажайып білгірлік танытқанының куәсі боламыз. Жазу, орфография мәселесіне байланысты жұмыстарда А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың еңбегін ерекше атаған жөн. Араб графикасына негізделген жазу А.Байтұрсынұлы есімін еріксіз ойға алдырса, латын графикасын қазақ жазуына икемдеу істерінде Қ.Жұбановтың орны ерекше. Сондықтан да, қазақ жазуы мен орфографиясында, жалпы, қазақ жазу мәдениетін арттыруда осы қос ғалымның қосқан үлесі зор.

Қорыта айтқанда, Қ.Жұбанов қазақ әліпбиі мәселелерін талдау барысында жалпы тіл білімі деңгейіндегі ғылыми ізденістерге, белгілі ғалымдар еңбектеріне, басқа тілдің кейбір эксперименталды зерттеу деректеріне арқа сүйей отырып, грек, ағылшын, француз, неміс,орыс, армян, грузин, араб және туыс түркі тілдерінің ерекшеліктерін жетік біліп, оларды қазақ тілімен байланыстыра, салыстыра баяндағанын көреміз. Ғалым ұсынған ойлардың бәрі де өз кезінде шешімін таппағанмен де, оның өміршең идеялары мен теориялық тұжырымдары қазақ тіл білімінің ғылым биігіне көтерілуіне үлес қосты.

Ал бүгінде қазақ жазу жүйесі кезекті реформа алдында тұр. Жазу жүйеміздегі өзгерістер, ең алдымен, тіл тынысын ашатын түбегейлі реформаға айналсын десек, А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың ұлттық әліпби мен емле туралы айтқан тұжырымдарын әрдайым есте ұстап, басшылыққа алайық деген ұсыныс бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым,1999. -581 б.
2. Джунисбеков А. Просодика слова в казахском языке. - Алма-Ата: Наука, 1987. -92 с.

3. Мектеп-тегі А. Қазақ жазуының қасиеті мен қасіреті // “Жалынжурналы. №1, 2. Алматы: 1996. 152-170 б.
4. «Жұбанов тағылымы-VI» халықаралық ғылыми – теориялық конференциясы материалдары. - Ақтөбе, 2005. - 193-197 б.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНДЕГІ МОҢҒОЛ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Сағындық Гүлнұр, БҚИТУ педагогикалық факультетінің ІІІ курс студенті
Ғылыми жетекшісі – **Сабыр М.Б.,** филология ғылымдарының докторы, профессор

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Түркітану ғылымындағы әлі күнге толық зерттелмеген күрделі мәселенің бірі - түркі-монғол тілдерінің арақатынасы. Нәтижесінде, түркі-монғол тілдерінің арақатынасы, туыстығы жөнінде екі түрлі көзқарас қалыптасты. Белгілі алтаист Г.И.Рамстедттен бастап, Б.Я.Владимирцев, Е.Ф.Поливанов, Н.Н.Поппе, І.Кеңесбаев, Ш.Ш.Сарыбаев сияқты ғалымдар алтай тілдерін тегі бір туыс тілдер деп санап, жан-жакты терең зерттеулер жүргізіп, нанымды пікірлер айтты.

Ал В.Л.Котвич бастаған, Л. Лигети, Дж.Клоусен, Г.Д.Санжеев, Т.А.Бертагаев т.б. ғалымдар қостаған алтаистердің екінші тобы алтай тілдеріндегі ұксастық типологиялық ұксастық деп санайды. Мұның өзі алтай тілдерінің туыстығы туралы пікірлердің бір түйінге келмегенін, әлі де зерттейтін мәселелердің аз еместігін көрсетеді. Соңғы кезде ғалымдар алтай тілдерінің туыстығын дәлелдейтін фактілерді тілдің барлық деңгейлерінде көптеп кездестіріп жүр [1].

Түркі-монғол тілдік қатынастарының бір тарауы қазақ-монғол тілдік байланысы болып саналады. Қазіргі қазақ тілі мен қазіргі монғол тілінің арасында ортақ элементтер өте көп. Ортақ элементтердің бәрі де белгілі бір заңдылықтар бойынша қайталанып отырады. Сонымен қатар ұқсастықтар тілдің барлық қабатында, әсіресе негізгі түбір құрамында да жиі кездеседі.

Дегенмен түркі-монғол, оның ішінде қазақ-монғол тарихи, тілдік, этномәдени сабақтастығы топонимдерден анық көрінеді. Моңғолдар билеген кезде Қазақстан территориясына ықпал еткен негізгі фактор феодалдық мемлекет пен хандықтың құрылуы болды. XIV ғасырдың басында Ақ Орданың орнында екі көлемді көшпелі феодалдық иеліктер – Ноғай ордасы мен Өзбек хандығы пайда болды. Кейбір зерттеулерге қарағанда, Ноғай ордасына Тобылдан Еділге дейінгі жерлер кіріп, маңғыт және алшын тайпалары қоныстанды. Бұл тайпалардың осы жерлерді мекендегенін батырлар жырындағы деректерден, осы жерлердегі жер-су атауларынан анық байқауға болады [2].

Моңғолдар үстемдігі салдарынан қазақ жеріне, оның ішінде, батыс өлкесіне де моңғол атаулары ене бастады. Алайда қазақ топонимиясының моңғол тілінен енген атаулар мен толығуын жоғары да көрсетілгендей, тек осы шапқыншылық болған кезеңмен шектеуге болмайды. Батыс Қазақстан территориясында кездесетін кейбір атаулар қазақ тілі мен моңғол тілідері арасындағы байланыстың тарихи тамырының тым тереңге кететінін дәлелдеуге негіз бола алады [3]. Облыс топономиясы құрамындағы **Бұлдырты, Сайқын, Қотантал, Қалдығайты, Жымпиты, Аңқаты** секілді атаулар моңғол шапқыншылығы дәуірінен де бұрын, түркі-моңғол тіл бірлестігі кезеңінде пайда болған деп топшалаймыз. Демек, топонимдер құрамындағы моңғол тілінен енген сөздердің семантикасын Ә.Әдірахмановтың, К.Қонқобаевтың, О.Т.Молчановаңың, А.В.Суперанскаяның классификацияларына сүйене отырып, екі негізгі лексико-семантикалық топқа бөліп қарауға болады.

1. Түркі-монғол тіл бірлестігі заманында қалыптасқан атаулар;
2. XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығынан кейін қалыптасқан атаулар.

Батыс Қазақстанның жер-су атауларында моңғол тілінен еңген сөздердің көп болуы – сонау XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығымен байланысты болған болу керек. Тарихта із қалдырған моңғол шапқыншылығы Азия мен Шығыс Европа секілді Қазақстанның батыс аймағын да көп қырғынға ұшыратқан. Сөйтіп, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму процесін ұзақ уақытқа бөгеді. Шыңғыс әскері зобалаңынан қазақ даласындағы көптеген қалалар қиратылып, олардың талай ғасырлық тарихи қираған қорғандар астында қалып,

атаулары жойылды. Бұл шапқыншылық сол кездегі Орта Азиядағы түркіліердің гүлдегенген мәдениетін жермен-жексен етті. «Моңғол шапқыншылығы моңғолдарға қарағанда, түркіл тектес халықтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне ерекше әсерін тигізді» деп тұжырымдаған академик В.В.Бартольдттың пікірін моңғол шапшылығына берілген баға деп есептеуге болады.

Моңғол тілінен енген топонимдер Қазақстанның барлық аймағында кездесетіні сияқты, Батыс Қазақстанда да бар деп есептеледі. Олар: **Нарын, Шаған, Қалдығайты, Бұлдырты, Аңқаты, Деркөл, Сайқын, Жымпиты, Қотантал, Шағатай, Түмен.** Бұл топопнимдер Е.Қойшыбаевтың, Ә.Әбдірахмановтың, Д.Жүнісовтің, Ә.Нұрмағанбетовтың еңбектерінде түрлі көзқарастармен берілген. Осы ғалымдардың пікірлерін жинақтап талдай отырып, кейбір атаулардың пайда болуы төңірегінде өз пікірлерімізді де жөн көрдік. Мысалы, **Қара-хара** сөзін Ғ.Қонқашбаев тек түркі-моңғол тілдерінде ғана кездеседі десе, Е.М.Мурзаев **гар-гора** сөзін үнді-европа тілдерінен басқа тілдерге ауысқан деп санайды. Бірақ бұлар - талас туғызатын пікірлер, өйткені *қар-кер-ғыр* формасындағы сөздер семит-хамит, картвель, Алтай тілдері сияқты тілдік бірлестіктерде де кездеседі. Ендеше **қара** сөзінің түп-төркіні тым тереңде, көне замандарда жатыр.

Оба – алтай тілінде**:** 1. стог, куча; 2. устар, груда жертвенных камней в честь духа горы – **обо, обого** деп берілген. Моңғол тілінде **овоо-оба,** бурят-моңғол тілінде обоо-«куча», «груда», «насыпь», «курган» мағынасын береді. Ә.Әбдірахмановтың зерттеуіндегі көне моңғол тіліндегі *оба-обоо* сөзі моңғол тілінде **овойх-үйілу, овоолох-үю, овоолсон-үйген, үйілген** мағынасын береді. Қазақ тіліндегі **үй, үю** т.б сөздермен *обо, овоо, ово* т.б гомогенді түбірден тараған десек, оның негізі түркі – моңғол туыстығына қарай бастайды. Оны қазақ тіліндегі *оба* сөзі қосылған топонимдердің бәрі де шағын төбешік, бір нәрсенің үйіндісін елестететін мағынасы да көрсетеді. Батыс Қазақстан облысында да *оба* тіркесінен жасалған **Қараоба, Қызылоба, Бозоба, Бесоба, Қособа, Тасоба, Ақоба** т.б атаулар бар.

Түмен – Жаңақала ауданындағы елді мекен. «Түмен» сөзінің моңғолдық төркіні алғаш 1898 жылы шыққан В.Катаринскийдің «Грамматика киргиского языка» деген еңбегінен бастап анықталған. Ендеше, Түмен топонимінің этимологиясы – «сансыз, көп» мағынасын беретін моңғол сөзімен байланысты.

Мұқыр – Жаңақала ауданындағы елді мекен және ұзындығы өте қысқа 30-ақ шақырым өзен аты. Өзеннің моңғол тілінде **«мохоо» - қысқа, тұйық, доғал, ұшы жоқ,** ал **«мухар» - қысқа, мұқыл, тұйық** мағыналарында қолданылады. Демек, топоним «қысқа өзен, тұйық өзен» ұғымын береді. Көрсетілген зерттеулердегі пікір бойынша, **Мұқыр** топонимі Қазақстанда, сол секілді мұндай атаудың Моңғолияда да жиі кездесуі оның түркі – моңғол тілдеріне ортақ сөз екендігіне дәлел болады. Моңғолша сөздікте «мухар» сөзінің екінші мағынасын «тұқыл, мұқыл» деп аударған. Осылайша жүргізілген салыстырулар бұл сөздің түркі-моңғол тілдеріне ортақ екенін және осы сөз мағынасының географиялық обьектінің сипатына дәл келетіндігін анықтайды.

Егіндікөл - Қаратөбе ауданындағы елді мекен, кеңшар орталығы. Бұл топонимге негіз болған **егін** сөзі – моңғолдың *эхен, экендь* сөзінен шыққан, яғни *баста*у, *басы* деген мағынаны береді. Біздіңше, бұл атаудың қазақ тіліндегі *егін* сөзіне еш қатысы жоқ. Себебі, қазақта егіншілік кәсібі беріректе басталған. Бұл атаудың қалыптасуына негіз болған ауылдың іргесінен бастау алған бұлақ болса керек. Осы бұлақтан аққан су жиналып көлге айналған. Демек, бұл топоним де көнеден келе жатқан түркі-моңғол тіл бірлестігі заманында пайда болған.

Қалдығайты – Батыс Қазақстан обылысының Қаратөбе ауданындағы өзен атауы және кеңшар орталығы. Сөз түбірі моңғолдың **Хандағай** сөзі болуы ықтимал. «Моңғолша – қазақша сөздікте» хандағай - бұлан – (бұғының бір түрі) деп түсіндіріледі. Демек, **Хандағай сөзі** мен осы гидронимдегі **қалдығай** сөздері тым жақын, айырмасы **н-л** дыбыстарының алмасуында ғана. Проф. С.Аманжолов мұндай дыбыс алмасуларының батыс говорларына тән екендігін айта келіп, *ғандел-ғанден, жамалдат-жамандат* болып айтылуы **н-л** дыбыстарының алмасуының белгісі деп есептейді. Ендеше, **хандағай-қалдығай** алмасуын

осы негізде түсіндіруге болады. Қазақша **бұлан** деп аталатын бұл жануардың Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Қостанай облыстарында кезедсуі аталған гидронимге мұндай аттың қойылуы заңды екенін дәлелдейді. Сондай-ақ, Қалдығайты бассейніне жақын аймақта **Бұлан** деп аталатын елді мекеннін болуы да бұл жерлерді бұландардың мекендегенін дәлелдей түседі. Ал сөз соңындағы **-ты** тұлғасы – түркі тілдеріне тән туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ. Бұл жұрнақтың Батыс Қазақстан облысындағы кейбір гидронимдерде буын үндестігі щаңына бағынбай жалғануы да **Хандығай-Қалдығай** атауының көне екендігін білдіреді. Сонымен Қалдығайты атауының этимологиясы Хандығай+ты – Қалдығай+ты – Бұланды.

Шаған – Жайық өзенінің оң жақ саласы. Қазақстан тирриториясына кең таралған моңғол атауы. Е.Қойшыбев «Шаған (Чаған, сақан, саған, цахан) тұлғасы – түркі және моңғол тілдерінде құмдақ жерлерге тән өсімдік аты, түйе малының азығы» деп көрсеткен. Б.Қалиев **шаған** атаулы шөптің қазақ тілінде төрт түрінің кездесетіндігін айтады. Ал Г.Қоңғашбаев **шаған** сөзін моңғолдың өзгертіліп айтылған **цаган – белый(ақ)** деген сөзі деп қарайды. Алайда біз қарастырып отырған өзен жағалауында **шаған** деп аталатын шөп өспейді. Өзеннің бұлай аталуы оның жағалауына терек ағашының көп өсетіндігіне байланысты емес пе екен деп болжаймыз. Себебі жаз айларында теректен ұшатын ақ мамықтан өзен беті көрінбей кететінін ескерсек, өзен атауының қалай пайда болғанын анықтау қиын емес. Жоғарыда көрсеткеніміздей, моңғолша – қазақша сөздікте **цагаан-ақ** деп аударылған. Моңғол-қазақ тілдеріндегі **ц-ш** дыбыстық параллель – заңды құбылыс: **цацаг-шашақ, цулбуур-шылбыр.** Қазір **Шаған** атауының бастапқы мағынасы мүлде ұмытылып, тек өзен атауы мағынасы ғана қалған. Ә.Әбдірахманов оны моңғол тілінен енген, мағыналық информациясы жоқ кірме атау деп санайды.

Деркөл - Шаған өзенінің саласы. Е.Қойшыбаевтың сөздігіне сүйенер болсақ, **«дыр-жер+күл-көл»** сөздерінен құралған гидроним «толағай жер асты суы» деген мағынаны береді. Ал Б.Базылханның сөздігінде **дер-үлкен, мол, көлемді** деген мағынаны білдіреді. Соған қарағанда, жер асты суларынан нәр алатын бұл өзеннің **Деркөл** атауының өзі моңғол тіліндегі мағынамен өте жағын екенін көреміз. Біздің ойымызшы, қазақ тіліндегі «толысқан, кемеліне келген» деген мағынадағы «дер шағы, дер кезі» т.б салыстыруға болады.

Бұлдырты - Сырым ауданындағы елді мекен және өзен атауы. Б.Базылханның сөздігіндегі *«бұлдыруу» - бұдыр жер, қатпарлы, бұжырлы жер* деп берген пікіріне қосылып, мұны да түркі-моңғол туыстығының бір көрінісі деп қарауға болады. Демек, **бұлдыр // бұлдыруу // бұдыр // бұжыр** т.б сөздерді гомогенді түбірлер деп қарастырып, олардың тегін, өзгерту процесін тереңірек зерттеу қажет екенін айтқымыз келеді.

Жымпиты - Сырым ауданының орталығы, елді мекен. Бұл топонимнің құрамындағы сөздің *жимпию* естімеген еш байланысы жоқ. Бұл атаудың көне түркі тіліндегі *«чим» - қорған, бекініс* мағынасын беретін сөзі мен қосымша арқылы жасалған деген Е.Қойшыбаевтың пікірінің негізі бар. *Жым* сөзі моңғол тілінде де бар. Б.Базылхан сөздігінде оны *«жым жол»* деп береді[4]. **Жымпиты** топонимінің моңғолдық тегі туралы айтылған пікірге толық қосылуға болады. Оның төмендегідей себептері бар: біріншіден, **Өленті, Бұлдырты, Аңқаты, Қалдығайты, Жымпиты, Шідерті** топонимдері бір аймақ көлемінде орналасқан; екіншіден, бұл топонимдердің барлығының да моңғол тілінде баламалары бар; үшіншіден, бұл топонимдердің барлығына да **-ды, -ты** көне топоформанты жалғанып тұр[5]. Осы дәлелдемелерді негізге ала отырып, **Жымпиты** топонимі де моңғол тілінен енген деп айта аламыз.

Аңқаты – Сырым, Ақжайық аудандарын кесіп өтетін өзен атауы және елді мекен аты. **Аңқаты** атауын түркі тілдерінде кездесетін мына сияқты сөздермен түбірлес әрі мағыналас деп қараймыз. Қырғыз тілінде – *«аң» - шұғыр, ор;* якут тілінде – *«аңхай» - жыра, жылға, сай, ор* т.б. Осы деректерге сүйенсек, якут тілінде сақталған *жыра, сай* мағынасындағы **аңхай** мен қазіргі қазақ тілінде фразеологиялық тіркес түрінде сақталған **«аңқа – аңқасы кебу»** дегендегі **аңқа** «**аң** – *ауыз қуысы, саңылау, өңеш, жұтатын тесік*» мағынасындағы түбірден шыққандығын көреміз. Ал сөз соңындағы *-ға* В.Котвичтің зерттеуінде, *кішірейту,*

еркелету мағынасы беретін *-ған, -кен, -ған, -ген* жұрнақтарымен тығыз байланысты да, *-ты* зат есімнен қатыстық сын есім тудырушы қосымша деп көрсетілген.

Осыған орай, екінші пікірді де келтіре кетуді жөн көрдік. Б.Базылханның сөздігінде *«анга» - қуаң жер, жаңбыр сирек жауатын жер* мағынасын білдіреді. Олай болса, *«аңқасы кебу»* мен *«қуаң жер»* сөздері синонимдес болып келеді. **Аңқаты** топонимі – XII ғаысрға дейін, түркі даласына Шыңғыс әскері келгенге дейін қалыптасқан атау. «Итак, мы переправились через реку Йагады именно таким способом. После этого таким же оброзом переправились через реку Джам. Затем перешли через реки Джахыш, Узил, Эрдэн, Варыш, потом **Анхаты,** Вабна – большие реки» деп жазды А. Ибн-Фадлан өзінің күнделік-жол жазбасында. Демек, осы деректерге сүйене отырып, Аңқаты атауы көне дәуірлерде, түркі-моңғол тілдері туыстастығы кезеңінде қалыптасқан деп топшалаймыз.

Қорыта айтқанда, Батыс Қазақстан жер-су атаулары көне тарихың шежіресі іспеттес. Түркі-монғол этномәдени байланысынан терең сыр шертеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдаров Ә. Оразов М. Түркітануға кіріспе.Алматы, Мектеп.1985.

2. Сагидолда Г. Казахско-монгольские топонимические параллели. Афтореферат диссертации на соискание ученой степени канд. филол. наук. Алма-Ата, 1993, 21 с.

3. Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі: Монография. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2016.

4. Базылханов Б. Моңғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954 ж.

5. Карпини П. История Монголов. Спб, 1911 ж.

6. Хабшай С., Мініс Ә. Моңғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954 ж.

ЖАСТАР ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сакенова Жанайым, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі – **Раманова А.А.,** филология ғылымдарының кандидаты, БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Бүгінгі күні әлеуметтік тіл білімінде жастар жаргондарының жеткілікті түрде зерттелмегендігін ескере келсек, жастар жаргондарының лексика-семантикалық, морфологиялық, стильдік ерекшеліктерін анықтау ғылыми тұрғыдан өзекті тақырып болып табылады. Қазақстандық студенттердің саны миллионнан асады, олар жас ұрпақтың білімді, мәдениетті және зиялы өкілдері деп есептеледі. Қоғамда да олардың өзіндік орны бар. Демек, осы әлеуметтік топ өкілдерінің тіліне назар аудару зерттеу жұмысымыздың тақырыбы өзекті мәселеге арналғандығын дәлелдей түседі.

Жаргон (ағылш.slang; jargon;) - әлеуметтік диалект; айналымдарды ерекше лексикамен және фразеологиямен, экспрессиялылықты әңгіме аралық тілден және сөз жасау құралдардың ерекше қолдануымен айырмашылығы болады, бірақ меншікті фонетикалық және грамматикалық жүйемен ие болмайды. Жаргондық лексиканың бөлігі - бір емес, (соның ішінде және одан тарлау жоғалған) көп әлеуметтік топ [1].

Жаргонның лексикасы қайта мағыналау, метафоралау, қайта ресімдеу, дыбыстық қысқарту тағы сол сияқтылар, сонымен бірге басқа тілдегі сөздер және морфемалардың белсенді меңгеруі. Мысалы: құламалы-сәнді, іскер, үй - пәтер, бакстер - долларлар, қол арба - автокөлік, тартып қалсын - кетсін, баскет - баскетбол, чувак - жігіт. Жаргон қазіргі тілде кең таралған, әсіресе жастардың тілінде жиі кездеседі.

Бұл терминнің этимологиясы даулы мәселелердің бірі. Алғаш рет ол 1750 жылы «көше тілі» ретінде тіркелген. Ағылшын лексикографиясында «сленг» термині шамамен XIX ғасырдан бастап кең қолданысқа ие болды,1850 жылдан бастап бұл термин ауызекі тіл лексикасының заңсыз атауы ретінде кеңінен қолданыла бастады.

Қазіргі таңда жастар арасында жаргон сөздерді қолдану 50 %-дан жоғары көрсеткішке ие және супер, класс, окей сөздері әдеби тілді бірте-бірте ығыстырып барады. Жастар сленгі қызықты лингвистикалық феномен, оның ауқымы тек жас ерекшелігімен ғана емес, өзінің аты айтып тұрғандай әлеуметтік, уақыттық және кеңістікпен шектеледі.

Жастар жаргоны – кез келген тілде қолданылатын және барлық уақытта өмір сүретін, тек сандық құрамы мен тілдік және тілден тыс факторлардың әсерінен қолданылу аясын өзгертетін құбылыс. Жаргондар жастар мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады, себебі бір де бір мәдениет өзінің коммуникативтік кодтық сөзінсіз өмір сүре алмайды, тіл әртүрлі тұрмыстық, мәдени және саяси салада қолданыс табады. Студенттер тілінің негізгі ерекшелігі оның қызметінің көптігімен сипатталады. Жастар арасындағы жаргон сөздер әмбебаптық қызмет атқарады, белгілі бір мақсатты көздегендіктен тез таралады.

О.В.Цибизова жаргон бірліктерінің пайда болуының оннан астам жолдарын ашып көрсетеді және сол арқылы сленг сөздердің сөздік құрамының үнемі жаңарып, толығып отыратындығын дәлелдей түседі [2]. Жастар жаргоны лексикасының үнемі толығу және пайда болуының негізгісі ретінде төмендегі дереккөздерді көрсетуге болады.

Жастар жаргонын пайдаланудың басты функционалды міндеттерінің бірі – оның коммуникативтік қызметі. Ерекше әлеуметтік топ құрылады, сонымен қатар ішкі ұқсастық белгілер мен тілдегі жаңа қолданыстар өзінің құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, коммуникативтік актіге түсуге бағытталады.

Жастар жаргоны креативті қызметті іске асырады, бұл лексикалық бірліктерді қарым-қатынас жағдаятында өз ойын білдіруге қажетті құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Әдеби тілге тән нормалар мен табуларды бұзып, жаңа сөздерді ойлап шығарады, ол арқылы жастар дербестігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін аша түседі, тілдің лексикалық құрамын жаңартады.

Жастар жаргонын пайдалану көптеген мақсаттарды шешуге жол ашатындықтан, номинативті бірліктердің жасалуы мен таралуы түрлі бағытта болады. Бірінші кезекте жастар жаргонының лексикалық құрамының толығу ерекшелігін қарастыру керек, бұл көп жағдайда жастардың дүниені тану тәсілін анықтайды.

Жастардың жаргон сөздері – аға буын өкілдеріне қарсы тұру арқылы тұтас қоғамдық жүйеге қарсылық білдіруден пайда болған 13 – 30 жас аралығындағы адамдардың әлеуметтік диалектісі. Қалада оқитын жастар мен жекелеген шағын топтар арасында қолданылады.

Жастар жаргоны кіріктіру негізінде жүзеге асады. Жаргонға семантикалық әзіл тән. Әсіресе өте сәтті қолданылған мағынасыз сөз ойыны жоғары бағаланады. Жаргон сөздер тұрақты емес. Заман ағымына сәйкес сөздер ескіріп, жаңа жаргондар пайда болып отырады. Бұл процестер тез жүзеге асады. Егер басқа сленгтерде сөздер ондаған жылдар бойы сақталса, жастар жаргондарының соңғы онжылдықта ұмытылып кеткендері қаншама. Ұрпақ ауысып отырған сайын осыдан 5-6 жыл бұрын қолданылған жаргондар қазір күлкілі әрі құлаққа түрпі естілуі мүмкін. Қоғамдағы тенденциялардың өзгеруіне байланысты кейбір сөздер ескіріп қолданыстан шығып отырады.

Жаргон сөздердің басты ерекшелігі – күнделікті көңілсіздіктен арылу, кекесін, бетперде. Жастардың жаргон сөздері оларды күнделікті күйбеңнен, үлкендердің, ұстаздардың, ата-аналардың көңілсіз әлемінен бір сәт алыстау. Бұл заман ағымына ілесіп отыратын, қоғам мен елдің тірлігіндегі әрбір өзгеріске реакция беретін жанды сөз.

XX ғасырдың соңғы он жылында жалпы жаргондар қорының толығуына қылмыстық аргоның да үлесі мол болды. «Бұл негізінен кеңестік дәуірде түрме тілінің халықтан жасырын болмағандығына байланысты» [3] осылайша жалпы жаргонда келесі сөздер пайда болды: пахан, махан, мент.

Жаргон да мода сықылды жыл сайын өзгеріп отырады. Мәселен, бұрындары толық адамды – «бөшке», арықты – «глиста», жалқауды – «сачок», мықты, күшті жігіттерді – «блатной», «фраер», өсек-аяңға жақын жүретіндерді – «шестерка», «стукач», ауылдан келгендерді – «колхозник», «деревня», «ауылбай», «мырқымбай» деген екен. Бұлардыңбіразықазір де айтылады. Оларды жаңасымен толықтырып, «творчестволық» шеберлігіміз жылдан-жылға шыңдалып жатыр. Бүгінгілер неғұрлым қысқа да нұсқа сөйлейді. «Қалың қалай?» деп созып тұрмай: «каксың?» дей салады. Оған жауап бергенде «жағдайым жақсы» деп жатпай-ақ, «лафа» дейсің, бітті. Әлде біреу дауыс көтерсе «дік-дік етпе», одан әрі ұнамай бара жатса «қашып кет» десеңіз, әлгіңіз табан астында өзі жоғалады. Одан қалса қыздар: «жігітіммен ренжісіп қалып едім» деп сызылып тұрмай: «жігітімді лақтырып кеттім» десе бірден түсінікті. «Маған бірлік саласың ба?» деп сыпайыланбай-ақ: «единица атшы» десеңіз санаулы секундтардан кейін телефоныңыз сыңғыр ете түседі. Құрбың мен кездескен кезде: «құлпырып кетіпсің» деп ағыннан жарылмай-ақ: «ұрып тұрсың» десең бұл да сөзіңнің нысанаға дөп тиюіне жеткілікті.

Дара сөзден болған жаргондар: ботан- зерделі адам, жылауық- қызғаншақ, іші тар, ауру- адамға маза бермейтін адам, қуғынбай- артық сөйлеп кеткен, мылжың, сасымашы- босқа сөйлемеу, мамка, батя- ата-ана, шеф– бастық, читалка- оқу залы, общяга– жатақхана, аташка- ата, ажека– әже, сущняк– сусын, сындырды – көндірді, тартыл – қатарға қосыл, жыртты– жеңді, өшті- басылып қалды, қума- жөнсіз сөйлеме, Super– керемет, Forever– мәңгілік, крутой– мықты, тема– керемет, лох– аңқау, тупой– топас, хата– үй, баспана, мент– полиция қызметкері, кайф– рахат, ксерокстау – ксерокөшірмеден өткізу.

Ықшамдалу тәсілі арқылы жасалған жаргондар: универ – университет, академ – академия, зоофак –зоотехникалық факультет, препод - мұғалім, ұстаз, инет – интернет, геофак – географиялық факультет, филфак – филологиялық факультет, педфак – педагогикалық факультет, истфак – исторический факультет, физмат – физика-математикалық факультет, спортфак – спорттық факультет, музфак – музыкалық факультет, экономфак – экономикалық факультет, дш – дене шынықтыру, жатақ– жатақхана, степуха – стипендия, перваш – бірінші курс, втораш – екінші курс, Ok- жақсы, шпор – шпаргалка, прикол – әзіл, комик – әзілкеш, старшак –топ басшысы, сотка – ұялы телефон, бірбаштар –

орыстың «перваш» сөзінің әзіл түріндегі аудармасы, мағынасы «бірінші курстық», екібаштар –«втораш», яғни «екінші курстық», зачетка – сынақ кітапшасы.

Күрделі сөздерден болған жаргондар: «құлаққа лапша ілу» — өтірік айту, «маяк тастау», «гудок тастау» — қысқа ғана қоңырау шалу, «тормозы ұстап қалды» — бір жағдайдан шешім таба алмай қалды, жындыларский зат - ыңғайсыз зат, тормозы ұстап қалу, зависать ету - бөгеліп қалу, базар жоқ, әңгіме жоқ - сенімді болу, талпамен келу - көпшілікпен келу, типаж болу - өзімшіл, өркөкірек, косякқа кіру - ыңғайсыздыққа тап болу, шпор жасау - жауап парағын дайындау, крышасы бар,танкасы бар - қолдау көрсететін ағасы бар, миді шіріту - көп сөйлеу, картоптыжарды - бәрін аузына қаратты, сағызша шайналды - жауап таппай дал болу, шемішкеше шақты - жауабын зуылдатып айтып тастау, ала көзіменстрелять ету - қадала қарау, маршруткаға міну - қоғамдық көлікке міну, потеря болу - қобалжу, әбіржу, ёё маё - мәссаған, таң қалу, құлақтан тепті – алдады, қуадыекенсің – жөнсіз сөйлейді екенсің, бітіпқалдым – шаршадым, лақтырыпкетті – тастап кетті, алдап кетті, қояннынсуретінсалып кетті - алдап кетті, қораға кірді – алданды, балта қадады – сөзбен ұтты, мат қылды – жеңді, ұтты, ат екенсің – сұлу екенсің, күлкіден қырылып қалды – қатты күлді, шашып тастады – тез орындады, артымды жабыңдаршы – жоқтығымды білдірпеңдер, әрі ойна – мазаны алма, қашып кетші – аулақ жүр, қатырып кетті – алдап кетті, пуки-пуки – керемет, чики-чики –керемет, чики-пуки –керемет, единица ату – ұялы телефонға бірлік салу, единица салу – ұялы телефонға бірлік салу, бәрі ОК – бәрі тамаша, селфилатпадық па? – фотосуретке түспедік пе? Кайф ұстадым – рахаттандым, автомат алу – емтиханды тапсырмай, «өте жақсы» деген бағаны алу.

Қазіргі кезде жастар арасында жаргон сөздер қолдану кеңінен тараған. Сонымен қатар орыс тіліндегі, ағылшын тіліндегі сөздерді араластырып сөйлеу де "модаға" айналды.

Тақырыптық бөлуде жаргондық лексиканың төмендегіше топтары анықталған:

1) жоғарғы оқу орнын, колледждерге атау беру (универ, академ);

2) факультеттер мен мамандықтарды атау: (зоофак, геофак, филфак, педфак, истфак, физмат, спортфак, музфак, экономфак);

3) кеңістіктегі атаулар: жатақ, читалка ;

4) әлеуметтік атаулар. Мысал ретінде қарапайым күнделікті өмірде қолданылатын «базар жоқ», «сындырды», «лапша ілді», «құлақтан тепті», «картопты жарды», «тартыл», «қуады екенсің», «бітіп қалдым», «лақтырып кетті», «жыртты», «қояннның суретін салып кетті», «қораға кірді», «балта қадады», «өшті», «мат қылды», «ат екенсің», «күлкіден қырылып қалды»,«шашып тастады», «менің артымды жабыңдаршы», «әрі ойна», «қашып кетші», «қума»т.б. сөздер мен сөз тіркестерін жиі естиміз. Осы сөздерді қолданушылардың дені жастар. Енді бұл сөздердің мағынасын ашып, негізгі нұсқасын анықтап көрейікші. Базар жоқ- айтуға сөзім жоқ, тамаша, өте жақсы, керемет; сындырды: екі мағынасы бар, мысалы: жігіт қызды сындырып алды десе, онда ол жігіт қыздың көңілін өзіне аударды, келісімін алды, қаратты дегенді білдіреді. Ал егер, ақша сындырды десек, онда күшпен ақша жинап алды деген ұғымды береді. Лапша ілді, құлақтан тепті, қояннның суретін салып кетті - алдап кетті, сазға отырғызды; картопты жарды – қатырды; тартыл - қатарға қосыл, кел; бітіп қалдым (батыс жақта) – ғашық боп қалдым; жыртты - өз дегеніне жетті, мақсатына қол жеткізді, таң қалдырды; қораға кірді – сәтсіздікке ұшырады; мына қыз «ат» екен - мына қыз керемет сұлу екен; прикол ұстады – мазақ етті, келеке қылды; мат қылды, өшірді – жеңді, тоқылдамашы – сөз тасыма, құлақ - аңқау деген сияқты мағыналарды береді.

5) кірме жаргондар: «степуха», ««перваш», «втораш», «super», «ok», «forever», «общяга», «шпор», «универ», «прикол», «комик», поточка, сушняк, старшак, крутой, тема, лох, супер-пупер, тупой, инет, хата, сотка,

6) мәнсіз жаргондар: «бірбаштар», «екібаштар», споки-чмоки, пуки-пуки, чики-чики, чики-пуки, трали-вали.

7) аралас жаргондар: «маяк таста», единица ату немесе единица салу, шашлык атшы, бәрі ОК, селфи атпадық па?

Студенттік жаргондардың көбі – өзгертілген ресми атаулар. Қазіргі студент сөздеріндегі қолданылатын жаргондарды бірнеше тақырыптық топтарға бөлуге болады: оқу, оқу пәндері, уақыт, студенттік өмірдің қолданысындағы заттар, студенттік тұрмыс, оқытушылар және олардың психологиялық қасиеттері т.б. Әртүрлі жаргондық атауларды студенттер өз өмірлерінде маңызды орын алатын заттарға, адамдарға, уақыт кезеңдеріне қояды.

Студенттік жаргондардың көпшілігі оқыту құралдарына және тәртіпке қатысты пайдаланылады. Егер де оқытылатын пән атауы бір сөзден тұрса, студенттердің тілдік қарым-қатынасында философия, тарих, риторика, лексикология, фонетика, грамматика, т.б. тәрізді өзгертілмеген күйінде қалады. Егер ол бірнеше сөзден құралса, универбаттар қолданылады. Мысалы, хандық дәуір (хандық дәуір әдебиеті), қысқарған сөздер: ҚҚТ (қазіргі қазақ тілі) және эллиптикалық сөз тіркестері (редукцияланған) әдеби тіл (қазақ әдеби тілінің тарихы), стиль (қазақ тілі стилистикасы), т.б.

Жастар жаргондарын қарастыра келе, олардың синонимдес, антонимдес, омонимдес болып келетіндігін де байқадық.

Синоним болып келетін жастардың жаргон сөздері:

1) құлаққа лапша ілу // құлақтан тебу – алдау деген мағынаны білдіреді;
2) «маяк тастау» // «гудок тастау» — қысқа ғана қоңырау шалу;
3) тормозы ұстап қалу // зависать ету - бөгеліп қалу;
4) базар жоқ // әңгіме жоқ - сенімді болу;
5) крышасы бар //танкасы бар - қолдау көрсететін ағасы бар;
6) лақтырыпкетті// қоянныңсуретінсалып кетті // қатырып кетті – тастап кетті, алдап кетті;
7) единица ату // единица салу – ұялы телефонға бірлік салу;
8) Super // тема – керемет.

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы мәнде келетін жастардың жаргон сөздері:

1) Перваш – старшак;
2) Крутой – лох;

Омоним болып келетін жастар жаргондары:

1) Құлақ (аңқау) – құлақ (сөз жеткізуші, тыңшы);
2) Бітіп қалдым (шаршадым) – бітіп қалдым (ғашық боп қалдым.

Жастардың киім кию үлгісі мен тәртібі сияқты олардың сөйлеу тілі де басқа әлеуметтік топ өкілдерінен өзгешеленіп тұрады. Жастар жаргондары осының нақты айғағы болып табылады.

Жаргонизмдер табиғатына зер сала отырып, олардың барлығы бірдей төменгі стиль туғызатын сөздер емес, белгілі бір әлеуметтік топтар тіліндегі жасырын мағыналы сөздер екенін түсіндік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998.

2. Цибизова О.В. Современный молодежный жаргон: проблемы лексикографического описания. – Автореф.дисс. ... к.ф.н. Архангельск, 2006.

3. Аюшеев Б.Б. Студенческий жаргон как социальный диалект этнической Бурятии. Автореф.дисс. ... к.ф.н. Улан-Удэ, 2006.

ТРАДИЦИЯ ЛАМРИМ В ТИБЕТСКОМ БУДДИЗМЕ

Санджиев Чагдыр, магистрант II курса направления «философия»
Научный руководитель - **Уланов М.С.,** доктор философских наук, профессор

Калмыцкий государственный университет имени Б.Б. Городовикова, г.Элиста, Россия

Понятие «ламрим» имеет широкую известность благодаря классическому произведению «Ламрим Ченмо» выдающегося тибетского ученого-философа, основателя традиции Гелугпа Чже Цзонхавы (1357-1419). Однако оно имеет более широкое значение и не ограничивается одним лишь этим произведением. Ламрим представляет собой особый жанр буддийской литературы, возникший в Тибете в Средние века. И хотя отдельные произведения, исполненные в этом жанре, имеют некоторую популярность, сам жанр и его значение для тибетского буддизма остаются малоизученными. В связи с этим есть определенная необходимость более подробного его исследования.

Известно, что философское знание в буддизме фиксировалось в форме комментаторской традиции, запечатлевающей наиболее важные и принципиальные в теоретическом отношении положения буддийского учения. Согласно буддийской традиции, Будда Шакъямуни передал свод наставлений, состоящий из 84-х тысяч учений по количеству омрачающих эмоций, которым может быть подвержено сознание живого существа [1, с.13]. Впоследствии они были собраны в систему «Трех корзин» (Трипитака), которая изначально была зафиксирована на пали, санскрите, и, впоследствии, на китайском языке. В Тибете полное собрание поучений Будды называется «Ганджур», который состоит из более ста томов. Комментарии на «Ганджур» называются «Данджур» и состоят из более двухсот томов. Они написаны авторитетными индийскими учеными и некоторыми тибетскими буддийскими учителями. Если «Ганджур» состоит из сутр, т.е. слов Будды, то «Данджур» состоит из шастр (комментарий). Буддийские сутры дают общую ориентировку, предопределяют ценностно-смысловой вектор учения, а в шастрах представлены сущностные определения. Буддийский философский трактат (шастра) представляет собой или прямой комментарий, написанный на какую-либо фундаментальную сутру, или систематическое изложение определенной системы, предпринятое с целью наставления своих последователей. В своем логико-дискурсивном изложении шастра охватывает всю совокупность причинной зависимости сансары.

Учения о пути поэтапного духовного совершенствования или постепенного приближения к состоянию Просветленности были собраны в отдельные руководства, которые принято обозначать произведениями класса «Ламрим» (путеводителей). Это своего рода общий взгляд на все концептуальные темы, имеющие наибольшее значение для того, кто практикует буддизм махаяны и другие направления буддизма. Степень подробности освещения тем зависела от уровня духовного совершенства составителя текста. Основная задача таких «путеводителей» заключается в раскрытии истинной природы сансары.

Тексты класса Ламрим были жестко структурированы и, как правило, в основе своей состояли из положений, заимствованных из канонических махаянских сутр и шастр. Появление сочинений такого класса в свое время было вызвано необходимостью систематизации основ учения и распространения его в более широких слоях народных масс. Принято считать, что тексты класса Ламрим берут свое начало с «Письма другу» [2] и «Свода всех сутр» Нагарджуны (I-II вв.). По словам досточтимого Чадо Тулку Ринпоче, тибетские учёные всегда высоко оценивали это произведение Нагарджуны, полагая, что данный трактат является предшественником религиозных произведений класса Ламрим, то есть «путеводителей» Махаяны, содержащих духовные наставления и нравственно-поведенческие предписания. По этой причине Чже Цонкапа (1357-1419), основатель буддийской школы гелугпа в Тибете, в своём «Ламриме» обильно цитирует «Письмо к другу».

Таким образом, высокочтимый автор «Письма к другу» Нагарджуна становился зачинателем и этой традиции. Данное сочинение, как пишет Е. Торчинов, является знаменательным текстом и для индийской литературы: «Фактически это первое произведение, некогда существовавшее на санскрите, в жанре посланий, или писем (лекха), возникновение которого учёные относят как раз ко II веку, то есть ко времени начала сложения нагарджунизма. Новый жанр отвечал и новым задачам буддизма, его ориентации на общественно-культурные ценности, которые теперь не только входили в сферу забот религии, но и воспроизводились особым типом текстовой деятельности. Посредством последнего Махаяна приступила к освоению знаковых систем различных слоёв индийского общества, чтобы переформулировать их установки в соответствии с идеалами и целями Великой колесницы» [3, с.48].

Среди классических произведений этого класса часто называют «Бодхичарьяаватару» Шантидевы (VII век), «Большое руководство к этапам Пути Пробуждения» Цзонкапы (XV в.).

В этом ряду особое внимание заслуживает известный труд «Светильник на пути к Пробуждению» Атиши [4, с.3]. Он первым в данном труде вводит понятие «Трех личностей» (высшей, средней и низшей), а также разъясняет учение, относящееся к традиции развития мудрости (Праджняпарамита) и традиции развития метода (Бодхичитты). В сочинениях Цонкапы «Абхисамаяаланкара» называется коренным текстом традиции Ламрим, основанной Атишей. Уникальность данной работы Атиши состоит в его необычайной лаконичности и глубине, что всегда вызывало повышенный интерес к данному тексту среди разных буддийских школ Тибета.

Текст состоит из 68-ми шлок (четверостиший), разбитых условно на три блока в зависимости от уровня духовно-нравственного развития личности. Структурно текст выстроен таким образом, что каждый индивидуум имеет возможность определить уровень своего развития и начать дальнейшее совершенствование вплоть до перехода в Колесницу тантр и в последующем достижения конечного результата, просветления. Под низшей личностью в тексте подразумевается всякий, кто заботится лишь о собственном благополучии в сансаре. Под эту категорию подпадает абсолютное большинство существ, наполняющих этот мир. Под средней личностью подразумевается тот, кто отвратившись от сансарического счастья и отбросив зло, радеет лишь о собственной нирване. Под это определение подпадают адепты, идущие путем шраваков (слушателей) и протекабудд (будда для себя самого) - относящихся к традиции тхеравады (Колесницы старших). Под высшей личностью подразумевается тот, кто желает покончить со всеми страданиями других, мучительно их, ощущая, как свои. Таким образом, под высшей личностью в тексте Атиши подразумевается последователь традиции Махаяны (Великой колесницы). Далее автор объясняет фундаментальную идею Махаяны - Бодхичитту и ее деление на две категории: вдохновенную и практическую.

Важность этой идеи выражается в том, что именно ее наличие или отсутствие определяет принадлежность адепта к традиции Махаяны или Тхеровады.

Для того, чтобы усилить стремление к просветлению (Бодхичитте), необходимо наличие обетов Бодхисаттв, а их в свою очередь невозможно обрести без наличия одного из семи обетов протимокши (обетов индивидуального освобождения), которые в свою очередь необходимо принять от достойного Учителя. Следует отметить, что если в тексте Атиши качество наставника описывается лишь в одной шлоке, то в Ламриме Цонкапы этому посвящена целая глава.

Следующим этапом объясняется важность и способы достижения безмятежности ума (шаматхи) с последующим ее переходом в глубочайшее сосредоточение (самадхи). Однако, не сочетая их с запредельной мудростью невозможно полностью избавиться от омрачений (клещ), поэтому и необходимо сочетание мудрости и метода. Объяснению именно этих тем посвящена большая часть текстов класса Ламрим.

Первым классическим образцом произведения класса Ламрим, не переведенным с санскрита, а написанным собственно на тибетском языке, является шастра под названием «Драгоценное украшение освобождения» Дже Гамбопы. Как произведение класса Ламрим шастра представляет собой стройное и доступное изложение основ буддийского учения. Наставления даются в форме ответов на вопросы, что дало повод исследователям назвать это сочинение «буддийским катехизисом». В доступной форме излагаются основные положения буддистского учения в простых философских формулировках. Шастра охватывает широкий круг вопросов, отражающих учение о спасении буддизма махаяны. Доходчивость ее содержания во многом объясняется упрощенностью изложения сложных философских тонкостей и активным использованием широко известных буддийских притч.

Сущностным признаком данного философского трактата является строгая логика, базирующаяся на традиционном принципе изложения учения. В нем отчетливо прослеживается полиморфизм буддизма как религиозной и философской системы, выражающейся в единстве доктринального, психотехнического и философского уровней. Все эти три составляющие едины в своем религиозно-прагматическом назначении. Известно, что данный текст относится к Ламримам традиции Кагъю тибетского буддизма.

В силу ясности изложения материала, стройности и упорядоченности тем, а также доступности для широких масс, тексты данной традиции получили повсеместное распространение в Тибете. Тексты такого содержания получили развитие во всех основных школах тибетского буддизма. Например, в традиции сакъя известна работа ученого ламы XII века Соднам-Цзэмо «Дверь, ведущая в учение» [5]. В традиции гелуг широко известна работа ламы Цонкапы «Большое руководство к этапам пути просветления» (Ламрим Ченмо), XV в. Следует также выделить работы мастеров традиции ньингма XVII-XVIII в. Минлинг Тэрчен Гюрмэд Дорджи «Драгоценная лестница» [6], Джигме Лингпа «Сокровищница драгоценных качеств» [7] и Патрула Ринпоче «Слова моего всеблагого учителя» [8].

Следует признать, что наибольшую известность среди текстов класса Ламрим на тибетском языке имеет работа ламы Цонкапы «Ламрим Ченмо» [9]. Лама Цонкапа (1357-1419) - великий тибетский духовный учитель, реформатор буддизма в Тибете, основатель школы гелуг. Будучи блестящим ученым-практиком, получившим наставления от лучших учителей своего времени, обладающий феноменальной памятью и множеством последователей, он, по настоятельным просьбам своих учеников, в 1402 г. написал один из своих самых значительных трудов «Большое руководство по этапам пути к пробуждению». В нем было самым подробным образом изложено практическое руководство развития личности, продвигающейся к обретению всеведения. Затем, по просьбе учеников, спустя определенное время, данный труд вышел в несколько измененном варианте, который стал известен как «Средний Ламрим - сокращенное руководство к этапам пути пробуждения». Также, автором был написан «Малый Ламрим»: краткое изложение смысла учения об этапах пути, а также краткие основы практики постепенного пути пробуждения. Данный труд ламы Цонкапы переведен на многие языки мира, в том числе на английский, китайский, русский языки.

Существуют и менее известные Ламримы, написанные другими авторами: «Сущность очищенного золота» Далай-ламы III Сонам Гъяцо [10], «Путь блаженства, ведущий к всеведению» Панчен ламы I [11], «Освобождение на вашей ладони» Пабонка Ринпоче [12] и многих других.

В России передают комментарии к Ламриму тибетские ламы, с начала 1990-х гг. проживающие в нашей стране. Среди них можно отметить Еше–Лодой Ринпоче [13], Геше Джампа Тинлея [14], Шивалха Ринпоче [15] и др. В Калмыкии много раз даровал устный комментарий на «Ламрим Ченмо» Геше Тензин Дугда.

Таким образом, произведения класса Ламрим являются наиболее известными в широкой среде буддийскими текстами в Тибете. Это стало возможным во многом благодаря тому, что их авторами были великие ученые-ламы, несравненные знатоки учения, опирающиеся на авторитетные источники. Благодаря этому тексты данного класса получили

распространение во всех тибетских буддийских школах и направлениях и даже в наши дни являются темой для наставлений многих выдающихся буддийских учителей современности.

Особая роль в утверждении жанра Ламрим принадлежит Чже Цонкапе, основоположнику наиболее влиятельной из школ тибетского буддизма, Гелуг, который почитается наравне с Буддой. «Большое руководство к этапам пути Пробуждения» (Ламрим-ченмо) — его наиболее знаменитый труд, где важнейшие идеи индо-тибетского буддизма изложены в форме систематического руководства, в котором подробнейшим образом описан весь путь духовного развития вплоть до достижения Пробуждения. В целом, учение «Ламрима» - это собственно тибетское изложение пути буддизма. Оно восходит к краткому тексту индийского учителя Атиши, который пришел в Тибет в одиннадцатом веке и понял, что тибетцы нуждаются в подробном объяснении совокупности этапов пути к просветлению. Впоследствии тибетские мастера всех традиций передавали полученное Учение, основываясь на своем личном исследовании и опыте.

Список литературы:

1. Леонтьева Е., Путеводитель по буддизму. Иллюстрированная энциклопедия - М.: Эксмо, 2015 - 256 с.
2. Загуменов Б., Ачарья Нагарджуна. Послание к другу. Издание 2-е, исправленное и дополненное. - СПб, 2004 - 365 с.
3. Торчинов Е.А., Введение в буддологию: курс лекций. - СПб, 2000 - 304 с.
4. Далай-лама XIV. Путь блаженства. Практическое руководство по стадиям медитации. Пер. на русский С.Хос. - М., 2007. Библиотека буддийских текстов сайта «geshe.ru», URL: http://geshe.ru/books/HHDLXIV/put_blazhenstva.pdf
5. Соднам-Цзэмо. Дверь, ведущая в учение. перевод с тибетского, послесловие и комментарий Р.Н.Крапивиной. - СПб., 1994. - 224 с.
6. Минлинг Тэрчен Гюрмэд Дорджи. Драгоценная лестница. Ламрим школы нингма / Пер с тиб. Tsepak Rigzin, пер. с англ. Фарида Маликова. - 2-е. - СПб.: Ясный Свет, 2003. - 250 с.
7. Jigme Lingpa. Treasury of Precious Qualities. Padmakara Translation Group.- 2-е,. - Boston: Shambhala Publications, 2010. - Т. 1. - 576 с.
8. Патрул Ринпоче. Слова моего всеблагого учителя. Устные наставления по предварительным практикам учения Дзогчен лонгчен нингтиг. Пер. с англ. – СПб.: Уддияна, 2004. – 536 с.
9. Чже Цонкапа. Большое руководство к этапам Пути Пробуждения. Т.1, Т.2, пер. с тиб. А.Кугявичуса. – СПб.: «Нартанг», 1994.
10. Далай-ламы III Сонам Гъяцо. Ламрим Сершунма. Сущность практики Ламрим Дже Цзонхавы. - Улан-Удэ: Изд-во БГУ, 1998. - 52 с.
11. Панчен-лама I Лобсанг Чокьи Гьялцен. Обнаженное руководство по этапам пути к Пробуждению – путь блаженства, ведущий к всеведению / Пер. с тиб. Б. Лудандагбын. – Новосибирск: Дже Цонкапа, 2013. – 114 с.
12. Пабонка Ринпоче. Освобождение на вашей ладони (в двух книгах) / Пер. с англ. С. Хос. – М.: Фонд «Сохраним Тибет», 2015. – 1080 с.
13. Еше–Лодой Ринпоче. Краткое объяснение сущности ламрима. – СПб., Улан-Удэ, 2002. – 320 с.
14. Тинлей, Геше Джампа. Комментарий к «Ламриму»: Байкальские лекции 2007. – Улан-Удэ: Изд-во Дже Цонкапа, 2008. – 244 с.
15. Шивалха Ринпоче. Собрание сущностных наставлений. - Кызыл: Фонд Энерел, 2006. – 184 с.

ҚАЗАҚТЫҢ АС БЕРУ ДӘСТҮРІ: ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

Сандибаева Акжан, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекші – **Наби А.Ғ.,** магистр, БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қазақ қоғамының әлемдік тарих үрдісінің бір саласы ретінде өзініңөткенінде жүйелі ой елегіне түспеген, зерттелмеген, зерттелсе де біртекті бағасына ие бола алмаған құбылыстары мен оқиғалары көп-ақ. Соның ішіндегі маңыздыларының бірі-қазақтыңөлген адамды шығарып салуға байланысты қалыптасқан жылға созылатын уақыттық-межелік ырым-жоралар жосынының аяқталу кезеңін білдіретін - ас беру дәстүрі.

Сүйектің өте тез өсуі кейде жанға батарлықтай ауыратыны байқалады, денесі құрысып, қатты мазасызданып, баланың берекесі кетеді. Соның әсерімен баланың мінезінде ашушандық, қызбалық пайда болады. Жүректің көлемінің өсуі бойдың өсуін қуып жете алмайды, сондықтан да қа жүретін тамырлар әлдеқайда жіңішке болады, қан қысымы артады [1]. Өсудегі морфологиялық тепе-теңдіктің болмауынан тамырдың соғуы да, жүректің жұмысы да қалыпты болмайды, басы ауырады, қаны аздылықтан тез шаршайтын болады.

Бала жеткіншек шаққа өткен кезде оның жүйке жүйесінің құрылымы морфологиялық жағынан жетіліп болады. Оның одан әрі қарай дамуы ағзаның барлық қызметіне және екінші сигналды жүйенің жетілуіне бақылау жасауды күшейтеді. Балалық жастан өту жүйке жүйесіне де оңайлыққа түспейді.

Ағзаның тез өсуі әрі оның өсуінің бір қалыпты болмауы жүйке жүйесінің өзара байланысы мен өзара қарым-қатынасының қайта құрылуына мәжбүр етеді. Бастауыш сынып жасындағы бала әлемге ерекше қызығушылықпен, балалық аңғалдықпен қарайды, жеткіншек өзін қоршаған әлемге баға береді және оған деген өзінің қарым-қатынасын орнықтырады [2]. Ол өмірдің тұрмыстық қарым-қатынастарына еніп, енді тек өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ғана емес, сонымен бірге өзі теориялық жағынан игерген қағидалар бойынша қарым-қатынасқа түседі және адамдардың мінез-құлқын, қоғамдық құбылыстарды бағалауда ешкіммен ымыраға келмейтін, өз дегенім болсын дейтін әдет табады. Ол айналадағының бәрінің сыншысы. Ол өзі жақсы көретін адамдардың кемшілігін де көргіш болады және сол үшін киналады.

Жеткіншектік кезеңнің шектері шамамен балалардың орта мектептің V-VIII сыныптарында оқитын кезеңімен сәйкес келеді де, 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды, бір-ақ жеткіншектік жастың, іс жүзінде басталуы бесінші сыныпқа көшуімен тура келмей, бір жыл ерте не кеш болуы мүмкін.

Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны оның «өтпелі», «бетбұрыс», «қиын», «сыналатын» кезең деген атауларында бейнеленген. Бұл атауларда осы жастарда болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтумен байланысты даму процестерінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған. Балалық шақтан ересектікке өту осы кезеңдегі дене, ақыл-ой, адамгершілік, әлеуметтік дамудың барлық жақтарының негізгі мазмұны мен өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Барлық бағыттарда сапалық жаңа құрылымдар қалыптасады, организмнің сана-сезімнің, үлкендермен және жолдастарымен қарым-қатынасы, олармен әлеуметтік езара іс-әрекет әдістерінің, мүдделердің, танымдық және оқу

іс-әрекетінің, мінез-құлыққа, іс-әрекет пен қарым-қатынасқа арқау болатын моральдық-этикалық нормалар мазмұнының қайта құрылуы нәтижесінде ересектік элементтері пайда болады.

Жеткіншектің жеке басы дамуының аса мақызды факторы – оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі, ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, ақырында өзіне қанағаттанарлық қарым-қатынас орнатуға (өзінің, жеке басы мен өзінің болашағын және ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерін жобалау) бағытталады. Алайда жаңаның қалыптасу процесі біраз уақытқа созылады, көптеген жағдайларға байланысты болады. Мұның өзі, бір жағынан, жеткіншекте «балалық» пен «ересектіктің» қатар болуымен, ал, екінші жағынан, сол бір ғана паспорттық жастағы жеткіншектерде ересектіктің түрлі жақтарының даму дәрежесіндегі елеулі айырмашылықтардың болуымен анықталады. Міне, осы жоғарыда айтылған жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың арасындағы қарым-қатынас мәдениетінен бұрын алдымен адамның әлеуметтік дамуының ерекшеліктеріне тоқталайық [3].

«Адам» ұғымы барлық индивидтерге тән, ортақ қасиеттер мен ерекшеліктерді симпаттауда қолданылады. Индивид - биоәлеуметтік жан ретіндегі жеке адам. Тұлға – қоғамдық қатынастардың субъектісі. Индивид қоғаммен нақтылы әлеуметтік қауымдастықтар, институттар арқылы ықпалдасқанда, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді, әлеуметтік байланыстарды жүзеге асырғанда ғана барып тұлға дәрежесіне көтеріле алады.

Тұлғаны әлеуметтік тұрғыдан талдау оның құрылымын анықтаудан басталады. Оны қарастырудың түрлі жолдары бар. Олардың арасынан тұлғаның құрылымының үш элементі «ол», «мен», және олардың жоғары «супер эго» түрінде қарастыратын З.Фрейдтің тұжырымдамасын бөліп айтуға болады. «Ол» - бұл біздің түйсіктеріміз басым, айсбергтің көрінбейтін бөлігі сияқты сана түкпіріміз. «Мен» - бұл түйсіктермен байланысты, дүркін-дүркін оған кіріп, отыратын сана. «Эго» санасыздықты қоғамға ыңғайлы қалыпта ұсынуға тырысады, «меннен» жоғары, моральдық нормалармен принциптердің жиынтығын құратып, адамгершіліктің «қадағалаушысы», ішкі бақылаушысы іспетті.

Сондықтан да біздің санамызда барлық уақытта, бір жағынан, оған кіретін түйсіктермен, екінші жағынан, «меннен жоғары» талап қоятын моральдық тыйым салулар арасындағы тартыс жүріп жатады. Фрейд мұны шешудің механизмі ретінде «олдық сублимациясын» (ығыстырылуын) ұсынды. Фрейд «біздің психикалық тіршілік иесін «ол» «мен»және «меннен жоғары» деп қарастыруымыздың өзі осы психикалық тіршілік иесі жайындағы алға жылжуын көрсетеді, осы бөлу психикалық өмірдің динамикалық арақатынастарын бұдан да тереңірек түсінудің, жақсмылап сипаттаудың құралы болуы тиіс» деп жазған екен. «Меннің» айрықша түсінісу ықпалының әсерінде екені анық, былайша айтқанда, «ол» үшін түйсіктің маңызы қанша үлкен болса, «мен» үшін түсінудің маңызы да соншалық. Мұнымен бірге «мен» де «ол» сияқты түйсік әрекетіне бағынады [4]. «Мен» «олардың жетілдірілген бөлігі болып саналады.

Әлеуметтік әрекеттің белгілі бір құрылымы бар: әрекет етуші тұлға, мақсат, ситуация (жағдай); нормативті бағдар, әрекет затының реакциясы.

Осының бәрі индивид неге осылай әрекет еткеніне түсінік беруі тиіс. Ең алдымен, адам мінез құлығы адамға қоғамның таңып беретін мәртебелік – рольдік мінез – құлығының мазмұнымен байланысты. Осылайша адам әлеуметтік сахнадағы «актерге» айналады.

Бірақ қоғам өз мүшелерінің әлеуметтік ролді орындауға мәжбүр ету, рольдік ауытқулар, болған жағдайда оны түзетіп отыру керек.

Т.Парсонстың жалпы социологиялық теориясында құрылымдық талдау мәселесі маңызды орын алды. Бұл жерде ол әлеуметтік жүйені қызмет ету тұрғысынан ғана емес, даму тұрғысынан да қарауды ұсынды. Бұл үшін ол тең дәрежелі және интеграция идеяларына, «тәртіп», «әрекет», «құрылым», «талап»түсініктеріне назар аударады (ғалым оны «айнымалылар» деп атайды, бұл эмперикалық социология термині, ұғымы).

Тиімді ұйымдастыру және материалдық, адами, мәдени ресурстарды бөлу мәселесі. Бұл функциялды талаптар бейімделу мәселесі ретінде белгілі: өмір сүруі үшін жүйе ішкі жағдайларға да, сондай – ақ сыртқы өзгерістерге де бейімделуі керек. Бұл функцияға экономика сәйкес келеді: қоғам мүшелері өмір сүре алатындай белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға қажетті материалдық өнімдерді жеткізеді және бөледі. Көрсетілген жүйе салаларына бейімделу процестерін реттейтін зауыттар, банктер, дүкендер және т.б. сияқты әлеуметтік институттар сәйкес келеді. Соңында қатынастар шеңберінде орындалатын норма – рольдер, кәсіпкер жұмысшы, тұтынушы және т.б.

1. Негізгі мақсаттарды анықтау және оған жетуге қолдау көрсету процесі мәселесі. Бұл функцияға саясат және саяси ұйымдар – партиялар, қозғалыстар және т.б. сәйкес келеді. Олар мақсат қояды және функционерлер арқылы қоғам мүшелерін осы мақсатқа жұмыс істеуге ынталандырып саяси әрекеттермен айналысады.

2. Интеграция мәселесі – тұрақтылықты, бірлік, ынтымақтастықты сақтау. Бұл функцияны жалпы нормалармен құндылықтарды, белгілер жиынтығы мен жалпы мәдениетті құру және оған қолдау көрсету жолымен әлеуметтік бақылау институттары жасайды. Адамдардың мінез – құлқына қоғамның әдейі әсер етуі арнайы ұйымдар – мемлекеттік аппарат пен заңды институционалды құралдар арқылы жүзеге асырылады, олар теңдіктің бұзылуы мен жүйені қайта өндіруді талаптану және мәжбүрлеу формалары арқылы табысты жүргізуге мүмкіндік береді.

Мінез – құлық үлгісіне қолдау көрсету, қайраткерлердің өздерінен талап етілетін әлеуметтік рольдерін орындау кезіндегі дәлелдемелері мен жүйесіндегі жасырын шиеліністерді жою мәселелері. Берілген тәртіпті сақтау үшін әлеуметтік жүйе адамдардың өз дербестігін алуына сонымен бірге белілген қоғамдағы норма – рольдерді игеруіне, бұл нормаға бағыну қажеттілігін дамыту үшін әлеуметтендіру процесі мен механизмін жасауы керек.

Ұжымдық қарым-қатынасты жеке тұлғаның қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың негізгі құралы ретінде сипаттай отырып, психологтар қарым-қатынастың оның мүшелері бойында мынандай әлеуметтік-психологиялық қасиеттердің қалыптасуына жағдайлар жасайтынын атап көрсетеді:

- өзге адамның ішкі дүниесін түсіне білу қабілеті – рефлексия;
- өзін басқа адаммен теңдестіру білу қабілеті – идентификация;
- қарым-қатынастағы партнерге жағымды әсер ете білу қабілеті – динамизм;
- өзгенің уайым-қайғысын бөлісе білу қабілеті – эмпатия;
- өз-өзін басқара білу қабілеті – эмоциялық тұрақтылық.

Қарым-қатынастың осындай сан қырлы жақтары мен ерекшеліктері ұжымдық ұйымдардың тіршілігінен жақсы байқалады.

А.С. Макаренко ұжымның басты белгілерін нақты тұжырымдап берді: ұжым басқа ұжыммен органикалық байланыста болатын қоғамның бір бөлігі болып табылады; оның негізгі белгілері: қоғамдық маңызды ортақ мақсаттың болуы; ұжым мүшелерінің өзара жауапкершілікті және өзара тәуелді қарым-қатынасының болуы; өзін-өзі басқару органының болуы.

Ортақ бірлескен іс-әрекетпен айналысып отырған адамдармен қарым-қатынас орнату қуаныш сезімін тудырып, мақсаткерлік, өзін өзі сыйлау және қадірлеу сияқты қасиеттердің қалыптастырады, рухани қанағаттанбаушылықтан қорғайды. Бірақ ұжым жеке тұлғаның өзін-өзі айқындау алаңына айналу үшін жеткіншектер ұжымдық өмірдің алуан түрлі қызметтеріне толық ат салысып, өз білімдері мен іскерліктерін, дербес қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік алуы тиіс.

Жеткіншектік жас - өзіне-өзі талдау жасайтын шақ қана емес, сонымен бірге нағыз «ұжымшыл» шақ. Жеткіншек үшін бәрінен маңыздысы құрбы-құрдастарының мұны қабылдауы, топқа өзін қажет сезінуі, онда белгілі бір беделмен құрметке жетуі. Ұжымдағы статустың төмен болуы, әдетте, барынша алаңдатады.

Жеткіншектердің көпшілігі бірден бірнеше адамға теңелгісі келеді, яғни өз басының сондай болсам деген бейнесі түрлі адамдардың жақсы жақтарынан жасалады. Жеткіншектерді өздері теңессем деген адамдардағы өзін тартатын көптеген қасиеттер мен ерекшеліктердің арасында қасиеттердің екі тобы басым болады. Бұлар – адамгершілік қасиеттер мен ерлік қасиеттер.Үлгілердің арасында әдеби кейіпкерлерден гөрі нақты адамдар басым болады. Әдетте, жеткіншекке өзінен гөрі үлкен, естияр болып көрінетін құрдастары үлгі болады. Сондықтан мұндай үлгі болған құрдасы жеткіншекті үлкендердің қасиеттеріне әкету жолындағы аралық басқыш сияқты. Қайсыбір жағынан өзінен гөрі есейген құрдасына теңесу арқылы жеткіншек өзін ересекке жақындатады, оған түпкі мақсатқа қарай ілгерілеу оңайырақ. Жеткіншек теңесетін үлгінің нақ құрбы-құрдасы болғаны өте маңызды. Мұндай бағдар ұстағанда салыстыру процесінің жемістілігі үшін, ал осы арқылы өзінің ерекшеліктерін ұғынып, бағалау үшін де, өзін-өзі тәрбиелеу үшін де қолайлы жағдайлар жасалады, себебі жеткіншек үшін өзін құрдасымен салыстыру, өзінің кемшіліктерін, жетістіктері мен табыстарын салыстыру оңайырақ. Ересек адам – бұл іс жүзінде жетуі қиын үлгі, оның қасиеттері жеткіншекте көбіне болмайтын өмірлік жағдайлар мен қатынастарда көрінеді, ал құрдасы – жеткіншекке нақты мүмкіндіктер деңгейінде өзін бағалауға, өзі тікелей теңесіуне болатын адамда жүзеге асырылған түрінде көруге жағдай жасайтын өлшем. Оның үстіне жеткіншек үлгі-жолдасымен үнемі араласып жүреді, өзіне ұнаған қасиеттің көрінуінің түрлі формаларын бақылауға мүмкіндік, тіпті түсіндіру, ақыл-кеңес түрінде үлгі, жолдасынан тікелей көмек те ала алады.

Жолдастарымен, достарымен араласу жеткіншекте басқа адамды, өзін тану құралдарын дамыту үшін, оның өзі туралы түсінігінің қалыптасуы үшін өте маңызды. Қылықтар, қасиеттер мен қатынастар туралы әңгімелесулер мен таластар ерекше міндет атқарады. Мұндай талқылауларда жеткіншектің танымдық- бағалау іс-әрекетін басқа адамдармен бірге жүзеге асыратыны және сыртқы сөздік тұрғыда өрістейтіні маңызды. Талқылауларға қатысу арқылы қалыптасатын әлеуметтік қасиеттер өте көп: іс-әрекеттердің адамгершілік мазмұнын, мақсаттарын, себептері мен салдарын саралай, салыстыра және бағалай білу, өзінің және өзгелердің пікірлері мен дәлелдерінің дұрыстығын не қателігін көріп, ұғына білу, т.б.

Жеткіншектің айналасындағылардан жақсы баға алғысы, жақсы көзқараста болғанына жеткісі келетіні айқын көрінеді. Нақ осы себепті ол өзінің қасиеттері мен мүмкіндіктеріне берілген бағалауға, табыстары мен сәтсіздіктеріне өте сергек қарайды, өзін жақсы жағынан көрсетуге, әсіресе қатынасы мен пікірі өзі үшін өте маңызды адамдардың риза болуына жеткісі келеді.

11-15 жастағы балаларды зерттеген психологтар бұл кезеңдегі қарым-қатынаста құрдастарының алар орны зор екенін дәлелдей отырып, сол арқылы жеткіншектердің ата-анасымен, мұғаліммен, үлкендермен қарым-қатынасының теңдестірілген деңгейі қалыптасады деп есептейді.

Жеткіншектің өзінің әлеуметтік статусын анықтаудағы тағы бір ерекшелігі – оның өзіндік дербестігі туралы толғаныстары. Өсе келе дербестікке ұмтылу сферасы жедел ұлғаяды. Олар нақты іс-әрекеттерге ғана емес, кейбір таңдауларға, шешімдерге, пікірлерге де қатысты байқалады. Еліктеу көптеген жеткіншектерге тән, бірақ тікелей қайталау оларға ұнамайды және көбінесе «балалықтың қалдықтары» деп бағаланады.

Жеткіншектердің қарым-қатынас мәдениетін таныту іскерлігі жоғары дәрежеде ұйымдасқан ортаның болуын талап етеді. Әлеуметтік-мәдени салада болып жатқан қазіргі өзгерістер жастарға тіршілік аясының кез келген саласында белсенділік көрсетуге қолайлы жағдайлар жасап отыр. Бос уақыт саласы жеткіншекке іс-әрекет түрін өз қызығушылықтарына сәйкес ұйымдастыруға, еркін тілдесуге, бастамалық танытуға, әлеуметтік жағдайды тұлға дамуының динамикасына сай өзгертуге мүмкіндік береді. Демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру заңдылықтарына сүйене отырып, бос уақыт саласын жеткіншектің өзін-өзі танытуға және айқындауға, жаңа әлеуметтік тәжірибе жинақтауға бағыттау қажет. Жеткіншектің демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру деңгейі неғұрлым

жоғары болса, оның мінез-құлқының шығармашылық сипаты анық байқалып, әлеуметтік белсенділіктің тұлға қалыптастырушы ретіндегі қасиеті соғұрлым артады.

Жеке тұлғалар мен ұйымдық жастар құрылымдарының қоғамдық маңызды белсенділігін ынталандыратын жастар саясатын жүзеге асыру жеткіншектердің өздігінен шешім қабылдау, ол үшін өзіне жауапкершілік жүктеу, саналы таңдау жасау сияқты қасиеттерін дамытып, қоғам игілігіне қызмет жасауға дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мақсатты тәрбиелік ықпал жасау жедел өзгеріп отырған өмірде өз жолын таба алатын, жалпы адамзат құндылықтары мен әлеуметтік шығармашылықты қолдай отырып, өз мүдделерін дәлелді түрде қорғай алатын тұлға қалыптастыру мақсатын көздейді. Жастайынан әлеуметтік маңызды белсенділік танытуды қажетсіну және оны жүзеге асыра алу іскерлігі ересектік кезеңде қоғам проблемаларына әрекетсіздік танытуға жол бермейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алдамұратов Ә. Оқушыларды ұжымда тәрбиелеу психологиясы, Алматы, 1991.
2. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика, Алматы, 2004.
3. Беличева С.А. Сложный мир подростка, Свердловск, 1994.
4. Бобнева М.И. Социальные нормы и регуляция поведения, Москва, 1999.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ӨШУ СИТУАЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Абисатова Айкөркем, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Умбетова Г.М**., педагогика ғылымдарының магистрі,
БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Ел болып еңсеміз көтеріліп, дамыған елдің қатарына қосылуға ниет етіп жатқанда олқы тұсымызды толтыруды қолға алдық. Соның бірі – педагог беделі. «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі», деп Мағжан Жұмабаев айтқан еді. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел арасындағы осы сөзді қайта тірілтіп, 2019 жылғы 30 желтоқсан күні «Педагог мәртебесі туралы» заңға қол қойып, педагог мәртебесін заңмен бекітті. Жаңа заңда қарастырылған позициялардың барлығы мұғалімнің жеке дамуына және оқу процесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, педагогтың оқыту мен тәрбиелеудің авторлық әдістерін әзірлеу және қолдану, оқу құралдарын таңдау, ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану, біліктілікті арттыру және тағылымдамадан өту формаларын таңдау бойынша кәсіби құқықтары кеңейтілді. Педагогке тән емес функцияларға тартуға, шамадан тыс есеп беруге, негізсіз тексерулер жүргізуге тыйым салу арқылы жүктемені азайту бойынша жеке нормалар көзделген [1]. Осы заңнаманы қабылдаудың өзі қазіргі таңдағы педагогтың қоғамдағы орнын айқындап отыр.

Осыған орай, кәсіби мамандарды дайындау мәселесін шешудің де жаңа жолдары қарастырылуда. Кәсіби даму - (лат. profiteor – өз ісімді хабарлаймын) – еңбек әлемінде, соның ішінде жекеленген кәсіби ролдердің, кәсіби мотивацияның, кәсіби білімдер мен дағдылардың әртүрлі аспектілерін игеруге бағытталған адамның онтогенезде болып жатқан әлеуметтену үрдісі. Кәсіби дамудың негізгі қозғаушы күші әлеуметтік топтар мен институттарға идентификациялану негізінде әлеуметтік контекстке интеграциялануға тұлғаның талпынысы болып табылады [2]. Еліміздің бүгіні мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан– жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өзбетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады.

Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігінен көрінеді. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзіндік білім алуына және өздігінен шығармашылық түрде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім – бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы [3].

Философиялық еңбектерде педагогикалық ситуация дегеніміз - байланыстың, қызметтің, уақыттық-кеңістік шарттарының субъективтілік және объективтілік бірліктері деп беріліп, тұлғаның әлеуметтік таратушысы, нақты бір мәдениеттің, дамыған даралықтың өкілі ретінде қарастырылады.

Кәсіби өшу – педагогтың эмоционалдық тұрғыдан құлдырауын, тұлғалық шеттетілуін, оқушылардың жекелік ерекшеліктерін ескермей, өмірдегі әртүрлі жағдайларға бей-жай қатынас орнату болып табылады. Қазіргі уақытта білім беру саласында өзгерістер көп, сол өзгерістерге лайық педагог болу үшін қойылатын талаптар да күрделене түсуде. Бұл адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту қажет дегенге әкеледі. Оған білім беруді гуманизациялау сай келеді. Білім берудегі гуманизация да тұлғаның ақыл – ой, эмоциональдық, еріктік және адамгершілік әлеуетін байыту, өзін – өзі көрсету, өзін – өзі дамыту шекарасын кеңейту және өзіндік қалыптасу үшін ақиқат жағдайлар туғызуды

талап етеді. Мұны білім берудің гуманистік мақсаты деп санаған философ Э.В. Ильенков еді. Аталған гуманистік мақсат әр адамның жеке дамуының адамдық мәдениетінің шегін, танылған және танылмаған, жасалған және жасалмаған аймағын анықтауға мүмкіндік береді. Адамды мәдениеттің жаңа деңгейін меңгеруге көшіру, оның әлемге, басқа адамдарға және өзіне деген қатынасын өзгерту, өз іс – әрекеттері және оның әкелер жағдайына деген жауапкершілігін арттыру – білім беруді гуманизациялаудың басты нәтижесі [4].

Кәсіби өшудің себептері, яғни оған әкелетін стрессогенді факторлар: эмоционалды күю синдромы, моббинг, субъективті моббинг, кәсіби өшу синдромы, қажу, жұмыс қарбаластығы және қақтығыстар, жұмыстың бірқалыптылығы және т.б. себептерден пайда болуы мүмкін. Осы аталған факторларға қысқаша тоқталып кетсек:

Жағымсыз алаңда жұмыс істеу – кез келген мамандықта жағымсыз материалмен жұмыс істеуге тура келеді, осы жағдайда жағымсыз эмоциялар пайда болады. Өз кезегінде олар жинақталып, кәсіби деформацияға әкеледі [5].

Эмоционалды күю синдромы – бұл когнитивті және физикалық энергияның біртіндеп жоғалтуын, жұмыстың орындауымен зерделі жүдеу, физикалық қажу, жеке аластатушылық және қанағаттанудын төмен деңгейін көрсететін процесс.

Жұмыс қарбаластығы және қақтығыстар – әріптестер арасында түсініспеушілік, олардың тым сынағыштығы. Педагог тәжірибесінде әріптестерімен кейбір жағдайда келіспеушіліктер, түсініспеушіліктер болып тұрады.

Моббинг – психология ғылымында жаңа терминдердің бірі болып табылады, ол жұмыста қыспаққа алуы және қудалауды қайғыру күйімен сипатталады.

Субъективті моббинг – тұлғаның жұмысқа бейімделуінің деструктивті формасы. Тексеріс,емтихан, комиссия және т.б. себептерден қобалжу болып табылады.

Ургентті аддикция – өзі байқамай, міндеттемелердің орындалмайтын санымен жүктеу. Экстремалды жағдайлар – педагогтар жұмыс барысында тез әрі жауапты шешімдер қабылдауы қажет.

Мұғалімнің жұмысы адам өміріне байланысты болғандықтан жеке де, кәсіби де өте қызушығынды, тұрақты жетілдіруді талап етеді.

Ғалымдар У.Томас пен Ф.Знанецкий өздерінің еңбектерінде кәсіби өшу синдромының субъект қағидасы арқылы түсінудің қажеттілігін ашып көрсетіп, жағдаят – бұл құндылықтар жиынтығы деп оларды белгілеріне қарай үш типке топтастырады [6]:

а) адамның немесе қоғамның әрекет жасауы үшін қажетті объективті жағдай. Бұл жағдайлар адам мен қоғамның санасына тікелей немесе жанама әсерін тигізуші экономикалық, діни, интеллектуалдық құндылықтар жиыны;

ә) тікелей нақты мінез-құлыққа әсер етуші адамның немесе топтың өзіндік бекімі;

б) қандай да бір дәрежедегі нақты жағдайлар тұжырымы мен бекімдер сезімін көрсетуші жағдаят анықтамасы.

К.Левин еңбектерінде педагогтың кәсіби өшу ситуация жалпы өмірлік жағдайларға да, жеке әп-сәтте болатын жағдайға да қатысты делінген. Осы тұрғыдан алғанда автор ситуация мәнін нақты бір сәттегі мінез-құлықты сипаттайтын барлық фактілер жинағын «психологиялық өмір кеңістігі» терминін пайдалана отырып ашады.

М.Мороудың айтуынша кәсіби әрекеттегі өшу іштегі жағымсыз эмоцияның жинақталуынан пайда болады.

А.Н. Моховиков кәсіби өшу ситуациясының қалыптасуы тұлға ішілік кикілжің және психологиялық стреске байланысты деп атап өткен болатын.

В.В.Бойко тұлға психологиялық жарақаттаушы жағдайларда қорғаныс мезанизмі ретінде эмоцияны қолданудан бас тарту салдарынан кәсіби өшу қалыптасады деген болатын.

Д.Г. Трунов кәсіби өшу ситуациялары кезінде өзіндік басқару қабілетінің төмендейтінін айтқан болатын. Ал өзіндік басқару үш негізгі нәтиже арқылы жүзеге асады [7]:

- тынышталу;
- қайта қалыптасу;

- белсендену.

Педагогтардың кәсіби өшу ситуациясы үш кезеңнен тұрады:

1) үрейлену - жағымсыз тітіркендіргіш әсер еткен сәтте туатын жауаптың алғашқы кезеңі. Таңырқау іспетті сезім пайда болады;

2) төзімділік – жағымсыз тітіркендіргіш әсеріне беріліп кетпей, оған төзу реакциясы туады. Бұл кезде гипоталамус-гипофиз жүйесінің ықпалымен бүйрек үсті безінің гормондарының мөлшері қанда тез мөлшерде көбейіп кетеді. Симпатикалық жүйке жүйесінің әсерімен жүректің соғу ырғағы жылдамданады, тыныс алу ырғағы да жиілене түседі. Бұлшық еттердің жиырылу қабілеті күшейеді;

3) әлсіреу – бейімделу қорының мүикіндігі азайып, таусылады, сондықтан психологияда дезадаптация (бейімделудің нашарлап жойылуы) пайда болады. Кәсіби өшу ситуациясы көпке созылған ауыр түрі адамды жүдетіп, қайғыға батырады [8].

Кәсіби өшу ситуациясының физиологиялық, психологиялық, жеке тұлғалық, медициналық белгілері бар. Физиологиялық белгілері: әлсіздік байқалады, сергектігі жоғалады,әрқашан шаршағандық сезімде болады. Жеке тұлғалық белгілері: еріксіздік, өзін - өзі ұстауының бұзылуы, әлжуаздық, шығармашылық дамуға қабілетсіздік, қорқыныш, себепсіз ұрейленушілік сезімде жүреді. Медициналық белгілері: бастың жүректің айнуы, үйқысыздық, аффектер, истерикалық реакциялар, жоғары нервтілікпен көрінеді. Психологиялық белгілері: психикалық қызметтердің динамикалық өзгерісі, соның ішінде ойлау операцияларының бәсеңдеуі, зейіннің шашыраңқылығы, ес процесінің нашарлауы, сенсорлы сезімталдықтың төмендеуі, шешім қабылдаудың тежелуі.

Кәсіби өшу ситуациясы – санасыз дау - жанжал деңгейінде басталатын реакция. Кәсіби өшу ситуациясы қорқыныштан айырмашылығы оның белгілі бір объектісі болмайды. Кәсіби өшу ситуациясы қорқыныш негізсіз үрей тән, ол әрқашан интрапсихикалық яғни оның себептері ішкі болып табылады [9, 10].

Педагогтардағы кәсіби өшу ситуациясының қалыптасуы тұлғаның әректінде, денелік дамуында және қарым- қатынасында, таным үрдісінде өзгешелектерге ұшыратады.Кез-келген кәсіби өшу ситуациясы құрылымы өзіне тән мынадай көрсеткіштерден тұрады:

- Жалпы факторлар;
- Арнайы факторлар;
- Субьективті тұлғалық факторлар (тұлғаның жеке ерекшеліктеріне тән яғни өзін - өзі бағалаудың төмендігі, мотивациялық ерекшелік, темперамент, үрейлену, агрессивтілік).

Ғылыми зерттеуіміздің мақсаты - педагогтардың кәсіби өшу ситуациясын зерттеу,тұлғалық және ұйымдастырушылық факторларды анықтау.

Бұл мақсатты іске асыру үшін 3 әдістеме таңдап алынды:

1. В.В. Бойконың «Кәсіби өшу ситуациясын зерттеу» әдістемесі
2. Х. Зарг, Р. Гампел сауалнамасы
3. З.Т. Лиридің тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеуге арналған сауалнамасы.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының анықтаушы педагогикалық эксперименті кезеңінде зерттеу базасы бойынша эксперимент және бақылау сыныптары таңдалып алынды. Эксперименттік жұмыстарға қатысатын педагогтар іріктелінді. Нәтижелеріне талдау жасайтын болсақ, «қысым» кезеңінде (фазасында) бірінші және екінші топта "психологиялық тұрғыдан жарақаттаушы жағдайларды уайымдау" белгісі жоғары (5-педагог -25%) болып келеді. Бұл топтағы педагогтар қазіргі кезде психологиялық жарақаттаушы жағдайларды уайымдап жүреді. Шешілмеген жағдайлар «өшу синдромының» артуына әкеп соқтырады. Үшінші топта бұл белгі қалыптаспаған."Өз-өзіне қанағатттанбау" сезімі бірінші және екінші топтағы педагогтардың (орташа есеппен 35%) қалыптасқан. Бұл педагогтардың жұмыс орнындағы кәсіби әрекет барысында өзіне қанағаттанбауын білдіреді. Ал кәсіби әрекетте өз –өзіне қанағаттанбау бұл психологиялық қорғаныс механизмінің әлсіреуіне әкеліп, «кәсіби өшу синдромының» артуына мүмкіндік береді [11, 12].

"Қорқыныш пен үрей" синдромы педагогтардың (орташа есеппен 30%) қалыптасқан. Бұл педагогтер жағдайлық және тұлғалық үрейлерді сезінуде. Олар кейде мамандықтарының

дұрыс таңдалғаны туралы өкініш білдіреді. Бұл белгі екінші және үшінші топта төмен деңгейде қалыптасқан.

“Резистенция” фазасында "эмоциялық тұрғыдан даму» (орташа есеппен 15%) синдромы жоғарғы көрсеткіш көрсетуде. Қорғанудың бұл тәсілі кәсіби әрекеттен тыс туыстарымен және достарымен қарым қатынаста жүзеге асырылады. Жұмыс барысында бұл адамдар арнайы белгіленген заңдылықтар бойынша өмір сүреді.

«Қалжырау» фазасында «тұлғалық шеттетілу» белгісі маңызды орын алып отыр. Бұл педагогтердің 3% қалыптақан және 2% қалыптасу кезеңінде. Бұл белгі қарым-қатынас арқылы көрініп, тұлғаның кәсіби әрекетке деген қызығушылығының төмендеуімен байланысты.

Зерттеу нәтижелеріне талдау жасау барысында педагогтардың көбі эмоционалды өшу синдромының екінші фазасында яғни «күресу» кезеңінде екені анықталды. «Қалжырау» фазасында зерттелушілердің 50% эмоционалды өшу синдромына шалдықпаған. Осылайша егер педагогтермен түзету – дамыту жұмыстарын жүргізетін болсақ эмоционалдық өшу синдромының жағымсыз белгілерімен күресуге болады.

Зерттеу нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштеріне сүйенетін болсақ, анықтау экспериментіне қарағанда қорытынды экспериментте эмоционалды өшу ситуациясы қалыптасқан педагогтермен түрлі психологиялық –педагогикалық қолдау жұмыстарының (аутотренинг, тренигтер, ролдік-ойындар,кеңес беру) жүргізулінің арқасында оның сандық көрсеткіштерінің төмендегенін байқаймыз.

Жалпы зерттеу жұмысын қорытындылайтын болсақ, педагогтардың кәсіби өшу ситуациясының туындауына көтеген кәсіби және тұлғалық жағдайлар әсер етеді. Эмоционалды өшу ситуациясының қалыптасуы педагогтерде түрлі психикалық және денелік тұрғыдан ауытқушылықтарға әкеліп соқтырады. Бұл тұлғадағы үрей, көңіл-күйдің жиі ауысуын, өз–өзіне сенімсіздікті кейде әлеуметтік қарым-қатынастағы қиындықтар болуы мүмкін. Сондықтан бұндай жағдайды болдырмас үшін арнайы диагностикалық және түзету-дамыту және мектеп әкімшілігі тарапынан қолдау жұмыстары жүргізіліп отырылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2019 жылы 27 желтоқсанда Дереккөз: https://primeminister.kz/kz/news/reviews/pedagog-m-rtebesi- turaly-zan-mu-g-alimderdin-zhalak-ysyn-koteru-k-u-k-yk-taryn-k-org-au-zh-ne-leumettik-k-oldau

2. Мұқашева Ф. Кәсіби біліктілік биік болсын. // Қазақстан мектебі. – 2004.-№ 3. – 32-35 б. 3.Мәшенбаев Т. Мұғалім іс-әрекетіндегі дәстүрлі мәселелер.// Қазақстан мектебі. – 2004.-

№ 11 –11-13 б.

4. Колесников Л.Ф. Резервы эффективности педагогического труда. Новосибирск 1985 г.

5. Маслач К. Профессиональное выгорание: как люди справляются. //Педагогическийдиалог. - № 1. – 2012. – С.176-181.

6. Аникеева Н.П. Психологический климат в коллективе. М., Просвещение, 1989г. 7.Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., Педагогика,1991г.

8. Трунов, Д.Г. "Синдром сгорания": позитивный подход к проблеме / Д.Г. Трунов -Журнал практического психолога, № 5, 1998. - С. 7-10.

9. Шитова И.Ю. Проблемы педагогической профессии и пути их разрешения. Интернет2002г.

10. Мильруд Р.П. Формирование эмоциональной регуляции поведения учителя. Вопросыпсихологии N6. 1987г.

11. Антилогова Л.Н. Этико-психологические аспекты труда учителя. Омск 1992г.

12. Бойко В.В. Энергия эмоций в общении: взгляд на себя и на других. – М., Информационно-издательский дом ‘’Филинъ’’, 1996.

ХАРАКТЕРИСТИКА ПОНЯТИЯ «СОЦИАЛЬНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ»

Абенова Ирина, магистрантка II курса педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель - **Габдрахманова Ш.Т.,** к.п.н., доцент

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Социальная компетентность является одним из важнейших видов компетентностей. Рассмотрим некоторые варианты трактовок понятия «социальная компетентность».

Исследователь И.А.Зимняя, указывая на то, что компетентности формируются в социуме, подчеркивает социальный характер всех компетентностей [1].

И.А.Зимняя выделяет три группы социальной компетентности:

1) компетентности, относящиеся к самому человеку как к личности, субъекту деятельности, общения;

2) компетентности, относящиеся к социальному взаимодействию человека и социальной сферы;

3) компетентности, относящиеся к деятельности человека [1, с.11].

Н.И.Белоцерковец определяет социальную компетентность как определенный уровень адаптации человека к эффективному выполнению заданной социальной роли [2, с.5].

Спектр проблем по формированию социальной компетентности нашло отражение в работах У.Пфингстера, Р.Хинтча, А.Голфрида, Р.Дзуриллы и др. [3, с.3].

Как отмечает Е.В.Каменская, А.Голфрид и Р.Дзурилла определяют способность индивида решать различные проблемные ситуации, с которыми он сталкивается, проявлением социальной компетентности [4, с.5].

Опираясь на мнение О.В.Кандауровой, можно сделать вывод о том, что социальная компетентность учащихся колледжа - это способность устанавливать социальное взаимодействие с учетом позиций других людей, направленное на сотрудничество, работу в команде, проявлять коммуникативные навыки, умение принимать собственные решения и нести за них ответственность, осознание собственных потребностей и целей, определение личностной роли в обществе, развитие личностных качеств, саморегулирование [5, с.11].

По мнению Е.В.Коблянской, социальная компетентность может быть рассмотрена как умение выбрать правильные социальные ориентиры и умение организовать свою деятельность в соответствии с этими ориентирами. А также трактуется как понимание отношения «Я» - общество [6].

В работах В.М.Басовой социальная компетентность понимается как интериоризированный личностью социальный опыт, адекватный определенной системе социальных отношений и обеспечивающий человеку возможности для самореализации в этой системе [7]. Она характеризуется сложным переплетением знаний, умений и действий, ориентированных на социальную реальность, среду обитания и ситуации повседневности, отражает отношения в системах «человек-человек, «человек-группа», «человек-общество», ««человек-мир» в личном опыте индивида через интериоризированные им нормы, ценности, правила, традиции, обычаи [8, с.15].

Автор И.Г.Захарова в своем исследовании под социальной компетентностью понимает способность взять на себя ответственность, совместно вырабатывать решение и участвовать в его реализации, толерантность к разным этнокульруам и религиям, проявление спряженности личных интересов с потребностями предприятия и общества [9, с.3].

Как отмечает С.З.Гончаров, автор статьи «Социальная компетентность личности: сущность, структура, критерии и значение», социальная компетентность личности – это интегративное социальное качество личности, включающее в свой состав ясное ценностное понимание социальной действительности, конкретное социальное знание как руководство к действию, субъектную способность к самоопределению, самоуправлению и

нормотворчеству; умение осуществлять социальные технологии в главных сферах жизнедеятельности согласно должному уровню культуры, нравственности и нрава [10, с.7].

Социальная компетентность являет из себя структуру, который состоит из основных компонентов и различных содержательных уровней: аксиологический – верные социальные знания, необходимые для взаимодействия человека с самим собой, с другими людьми для оптимального решения социально значимых задач; субъектный – готовность к самоопределению и самоуправлению, самодеятельности м нормотворчеству, умение порождать причинные ряды и нести ответственность; праксиологический, или технологический – умение осуществлять гуманитарно-социальные технологии и коммуникации в системе социальных норм, институтов и отношений [10, с.8].

Одним из основных навыков в структуре социальной комптентности в современных условиях можно бесспорно отметить навык анализа социальных ситуаций и принятия самостоятельных решений, позволяюий делать выбор адекватной стратегии поведения в условиях неопределенности и риска [11, с.152].

В. Н. Куницына [12] определяет социальную компетентность как систему знаний о социальной действительности и себе, социальных умений и навыков взаимодействия, поведения в стандартных социальных ситуациях, что способствует адаптации, целесообразному принятию решений и максимальному использованию обстоятельств.

Анализируя вышеизложенные определения и сопоставляя их, в качестве основного содержания определения социальной компетентности будем считать совокупность социальных знаний, умений и навыков, применяемых в главных сферах деятельности человека.

Таким образом, рассмотрев множество трактовок понятия «социальная компетентность», мы вывели свое определение данного понятия. По нашему определению, социальная компетентность – это способность личности, позволяющее человеку адаптироваться, принять соответствующие социальные цели, конструктивно взаимодействовать в специфических социальных условиях, продуктивно решать профессиональные задачи и проигрывать социальные роли с использованием ресурсов социального окружения и личностных ресурсов индивида.

Анализ психолого-педагогической литературы по данной проблеме позволяет выделить следующие компоненты социальной компетентности: мотивационно-целевой, когнитивный, деятельностно-коммуникативный и рефлексивный [8, 11, 13]. Содержание каждого из компонентов отражает основные компетенции, которые и составляют социальную компетентность (см.таблицу 1).

Таблица 1. Содержание социальной компетентности

Социальная компетентность	Показатели
Мотивационно-целевой	способность брать на себя ответственность, участвовать в принятии решений, ставить цели и планировать результат, анализировать, корректировать [8, с.15].
Когнитивный	знание основ социологии, педагогики, психологии, этики, необходимые для успешной адаптации в профессиональной деятельности и социальной жизни; знание сущности и содержания процесса общения и умение взаимодействовать [13, с.98].
Деятельностно-коммуникативный	умение устанавливать межличностные связи, умение правильно оценивать вербальную и невербальную экспрессию во взаимоотношениях с людьми; умение согласовывать свои действия с действиями других субъектов деятельности; способность конструктивно

	разрешать конфликтные ситуации, навыки эффективного общения.
Рефлексивный	знания человека о себе и социальной среде; умение сознательно контролировать свою деятельность (учебную и профессиональную) и уровень собственного развития, личностных достижений; способность и умение осмысливать свою профессиональную деятельность, оценивать свои умения [11, с.152].

Формирование социальной компетентности происходит в различных средах, а ее основных составляющих компетенций – в учебном процессе [14]. Реализация социальной компетентности в неопределенной ситуации (взаимодействие с социумом) происходит посредством включения студентов колледжа как в производственную практику, так и организацию условий для их взаимодействия с различными структурами общества.

Подводя итог вышесказанному, можно отметить, что в настоящее время в условиях карантинного режима жизни и дистанционной работы, учебы, социальная компетентность приобретает новые характеристики. На данный момент социальная компетентность во всех сферах жизнедеятельности человека становится определяющим составляющим успешности личности.

При организации процесса формирования социальной компетентности учащихся колледжа необходимо учитывать некоторые факторы, которые могут сущетсвенно влиять на его эффективность. Прежде всего, необходимо определиться ценностными ориентирами и содержанием учебно-воспитательной работы, которые, среди прочего, должны выстраивать процесс профессиональной подготовки в колледже.

Представленные в данной статье результаты исследования будут положены в основу построения теоретической модели и педагогической технологии формирования социальной компетентности студентов колледжа.

Список литературы:

1. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Эксперимент и инновации в школе. 2009, № 2. С.7-14. [Электронный ресурс] URL http:// cyberleninka.ru/article/n/klyuchevye-kompetentsii-novaya-paradigma-rezultata-obrazovaniya. Дата доступа 26.03.2021.

2. Белоцерковец Н.И. Формирование социальной компетентности детей 3-7 лет в условиях открытого доступа образовательного учреждения: автореферат дисс. - Ставрополь, 2002. - 18 с.

3. Лавская Н.С. Формирование социальной компетентности педагогов-дефектологов. Автореферат дисс.на .. кандидата пед.наук. Москва, 2012. – 24 с.

4. Каменская Е.В. Формирование социальной компетентности студентов в социокультурной среде учреждений среднего профессионального образования. Автореф.дисс... к.п.н. Москва, 31 с.

5. Кандаурова О.В. Формирование социальной компетентности студентов ссуз в процессе изучения социально-гуманитарных дисциплн. Автореферат дисс.на .. кандидата пед.наук. Казань, 2013. – 24 с.

6. Коблянская Е.В. Психологические аспекты социальной компетентности. Автореф.дисс... к.псих.н. Санкт-Петербург, 1995. - 17 с.

7. Басова В.М. Теория и практика формирования социальной компетентности личности: Учебное пособие к спецкурсу. - Кострома: КГУ им. Н.А.Некрасова, 2004. - 188 с.

8. Басова В.М. Формирование социальной компетентности сельских школьников. Автореферат дисс.на .. кандидата пед.наук. Ярославль, 2004. – 24 с.

9. Захарова И.Г. Формирование социальной компетенции будущих инженеров. Автореферат дисс.на .. кандидата пед.наук. Саратов, 2010. – 24 с.

10. Гончаров С.З. Социальная компетентность: сущность, структура, критерии и значение // Образование и наука. 2004. №2 (26). С.3-18.

11. Глушова Е.О. Модель развития социальной компетентности студентов вуза // Педагогика. Психология. Социальная работа. Ювенология. Социокниетика. 2012. № 2. С.151-154.

12. Щербакова, Т. Н./ Психологическая компетентность учителя: содержание, механизмы и условия развития. Ростов-н/Д, 2005. В. Н. Куницына, Т. Н. Щербакова.

13. Бейлина Н.С. Сущность понятия «социальная компетентность» // Вестник Череповецкого государственного университета. 2011. № 3. Т.2. С.97-99.

14. Zhunusova, E. K.; Tursungozhinova, G. S.; Kabdualieva, A. Zh.. Формирование социальной компетенции будущих педагогов-психологов. Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии**,** [S.l.], v. 58, n. 3, jan. 2017. ISSN 2617-7552. URL https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/645. Дата доступа 29.03. 2021

СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Бегилова Алия педагогика және психология мамандығының 1 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - Набидоллина Ш.С., педагогика ғылымдарының кандидаты, БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Құзыреттілік түсінігі көп аспектілі жан-жақты ұғымды білдіреді. «Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады.

«Терминдер» сөздігінде «Құзыреттілік қандай да бір оқу пәнін оқыту процесінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген. Латынның «competentis» деген термині «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағыналарды береді. Бұл жалпы алғанда құзыреттіліктің мәнін анықтайды. Кәсіби құзыреттілік категориясын айқындау үшін оларды әр түрге айналдыру, нақтылау және жалпы логикалық ұғымға біріктіруді жүзеге асыру керек. Ғылыми еңбектерде «құзыреттілік» ұғымына түрліше мағына беріліп жүр. Орыс ғалымдары В.А.Адольф, А.В. Хуторской, Н.В.Кузьмина, И.А. Зимняя А.К.Маркова, Э.Ф.Зеер, В.А.Сластенин т.б. педагогикалық зерттеулерінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айтады.

Ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, «Құзыреттілік— бұл білімді, іскерлікті қолдану қабілеті, оқу міндеттерін шешуде тәжірбие негізінде стандарттан тыс жағдайда адамның табысты нәтижелі әрекет ету қабілеті» басшылыққа алады. В.А.Сластенин «...кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқару мақсатында теориялық және практикалық дайындығы мен қабілеттерінің бірлігі» деп есептейді. «Құзыреттілік» ұғымы адамның мәселеден жақсы хабардарлығы, танымдар мен тәжірибелерді меңгеру аумағын білдіреді. Белгілі бір сала бойынша құзыретті болу – осы салаға негіздемелік талдау жасау және ондағы тиімді іс-әрекет етуге мүмкіндік беретін лайықты білім мен қабілетке ие болу.

Коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі педагогтың жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, “бағдар ету”, сонымен қатар, педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

Ақпараттық құзыреттілік студенттер мен олардың ата-аналарының, педагогтардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды. Интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілік- талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау сияқты қарастыра білудің кешені, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің икемділігі мен сындылығы ретіндегі зерденің қасиеті түрінде қарастыруға болады. Негізгі құзыреттіліктер тізімі әлеуметтік тәжірибе мен жеке басының тәжірибесін, сондай-ақ студенттердің өз бетінше білімін дамытуға қолданылатын негізгі қызмет түрлерін құрылымдық жағынан таныстыру негізінде анықталады. А. В. Хуторский біліктіліктің 3 негізгі түрін енгізген:

1) негізгі құзыреттіліктер: құндылық – мәнді, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-еңбектік, жеке тұлға ретінде өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі,
2) жалпы пәндік құзыреттілік,
3) пәндік құзыреттілік.

Ш.Х. Құрманалина өзінің ғылыми еңбектерінде «Ақпараттық-оқыту ортасы деп орта компоненттерін пәндік мазмұнмен толтырған жағдайда, білім алушылар, оқытушы және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдары арасындағы интерактивті өзара іс-қимыл процестерінің пайда болуы мен дамуына, сондай-ақ білім алушының танымдық белсенділігінің қалыптасуына ықпал ететін жағдайлар жиынтығы» -деп түсіндіреді.

Біздің зерттеулерде АКТ құзыреттілігі ақпаратты таңдау, игеру, өңдеудің процестерін пәндік білімнің ерекше түріне айналдыру нәтижесі болып табылатын интегративті жеке сапаны қалыптастыру, бұл компьютерді қолдана отырып, әртүрлі технологияларды қолданған кезде ғана емес, сонымен қатар, ақпараттық ресурстарды құруға мүмкіндік береді,негізгі, кәсіби, арнайы құзіреттілікті қалыптастыруды қамтиды.

Педагогикалық-психологиялық білім негіздерін меңгеру, ақпараттық ортасын құру және онымен жұмыс істеу арқылы оқу процесінің психологиялық мәнін, педагогикалық заңдылықтарын зерттеу студенттердің АКТ-құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді деп санаймыз.

Ғылыми зерттеулерді талдау нәтижесінде студенттердің АКТ-құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың келесі қажетті педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік береді:

* оқыту саласы бойынша ақпараттық оқыту аланың құру;

* сабақты дайындау және өткізу кезінде, сабақта түрлі дидактикалық мәселелерді шешу үшін АКТ-ның педагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану;

* базалық, кәсіби, арнайы құзыреттілікті қалыптастыру үшін студенттерді модуль, гипермәтін, интерактивтік тапсырмалар мен автоматтандырылған тестілерді және өздерінің электрондық білім беру өнімдерін әзірлеуге тарту.

*ақпараттық-оқыту алаңын құрастыру үшін білім беру процесі субъектілерінің интерактивтік өзара іс - қимылын жобалау, оқыту сапасына мониторинг жүргізу .

Жоғарыда аталған шарттар жүйеде пайдаланылуы тиіс, бұл күтілетін нәтижені алуға мүмкіндік береді.

Теориялық талдау негізінде АКТ -құзыреттілікті қалыптастырудың үш деңгейін анықтадық:

1.Базалық деңгей- "Компьютерлік технологиялар", "Педагогика", "Психология", "Тәрбие жұмысының әдістемесі" пәндері арқылы білім беру процесінде АКТ-ны пайдаланып оқытуды көздейді. Бұл деңгейде студенттердің ақпараттық және коммуникациялық технологияларға, БАҚ-қа, педагогика және психология бойынша әдебиеттерге қызығушылығы, ақпарат алудың заманауи тәсілдерін игеруге деген ұмтылысы сақталады.

2.Пәндік деңгей - АКТ педагогикалық контексте оқытылады. Студенттер үнемі АКТ қолданудың орындылығы мен қажеттілігін сезінеді. Қарапайым мәтіндерді және Word кестелік процессорындағы кестелері, суреттері мен схемалары бар мәтіндерді құру және редакциялау тәсілдерін меңгеруді үйренеді. Бұл деңгей студенттердің электрондық оқулықтармен жұмыс жасап, оқытушы құрастырған алгоритм бойынша іс-әрекеттерімен сипатталады.

3.Шығармашылық деңгей-педагогика, психология бойынша алынған білім негізінде кәсіби қызметте қолдануға арналған бағдарламалар құру қабілетімен сипатталады. Ақпараттық технологияларды сапалы пайдалану, сондай-ақ өзін-өзі бағалау және кәсіби саладағы басқалардың дамуын бағалау, жұмыс істеу үшін қажетті ақпаратты мақсатты таңдай білу.

Көрсетілген педагогикалық шарттар студенттердің танымдық қабілетін жоғарлатады, жаңа ойлау қалыптасады және нәтижесі ретінде – түлектің АКТ-құзыреттілігі қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Адольф В.А. Профессиональная компетентность современного учителя // Монография. Красноярск .1998г.- С. 310.

2. Кузьмина, Н.В. Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся / Н.В. Кузьмина//Вопросы психологии. – 1984. - № 1. – С. 20-26.

3. Курманалина Ш.Х. «Методология и технология создания электронной методической системы в условиях информатизации образования» // Монография. Алматы. 2002. Издательство «Алем». – С.316.

4. Хуторской А. В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты // Доклад на отделении философии образования и теории педагогики РАО.-Центр «Эйдос».2002

СОТРУДНИЧЕСТВО РОДИТЕЛЕЙ И ПЕДАГОГА КАК СРЕДСТВО НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА

Бимагамбетова Дина, студентка 4 курса педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель – **Жумагулова Г.А.,** старший преподаватель ЗКИТУ

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

В начале нашей работы, хотим обратить внимание на бесценное наследие Абая Кунанбаева, которое свидетельствует о том, что идеи и взгляды просветителя полностью совпадают с народными представлениями о нравственном воспитания подрастающего поколения. Почти все произведения великого мыслителя пронизаны воспитательными назиданиями, опирающимися на народные идеалы. В книге «Слова назидания» мы находим весьма ценные и интересные высказывания по многим проблемам современности: в центре миропонимания Абая, как и других мыслителей, находится человек, сложность и многогранность его отношений с окружающим миром; свой нравственный идеал он выразил в обращении к молодёжи: «Адам бол!» – «Будь человеком!». Педагог много внимания уделяет проблеме отцов и детей, привитию молодёжи чувства уважения к старшим, бережного отношения к Земле предков, сохранению их традиций и обычаев. Особенно ярко в его наследии высказано новое отношение к семье, к родительскому дому, к женщине. Абай воспевает казахскую женщину и мать как опору разумной семьи, воспевает её мудрость, душевную красоту, доброту. Учитывая колоссальное влияние семьи на формирование нравственных качеств детей, поэт требует от родителей, и от педагога, чтобы они сами были воспитанными и честными. Главными средствами воспитания мыслитель считает труд и просвещение народа. Поэт указывает, что только труд может доставить человеку честь и почет [1].

Қорытындылайтын болсақ, арт-терапия – қазіргі кезде психологияда және психотерапияда адам ағзасына оң әсер тудыратын ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Арт- терапияның адам психикасына әсері жайлы айтылып жүрген көптеген көңіл аударарлық пікірлер бар. Әлеуметтік сала мамандары үшін арт-терапияны қабылдау олардың өздерін тәрбиелеу және түрлі қажетті нәрселерді орындауға ықпалын тигізеді. Жалпы арт-терапияның негізгі мақсаты – уайым, қобалжу, түңілу сынды теріс сезімдерді санадан шығарып жіберіп, оның орнын жағымды эмоцияларды ендіру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін көркем өнер шығармаларын қолдану тиімді болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Арнайы психология» пәнінің - дефектология мамандығына арналған оқу-әдістемелік кешені / Қраст. А.Р.Рымханова – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 153 бет.

2. Астапов В. М. Введение в дефектологию с основами нейро- и патопсихологии. - М., 1997.

3. Киселова М.В. Арт-терапия в практической психологии и социольной работе – СПб.: Речь, 2007. – 336 с.

4. Ченемисова Л. Музыка адамның жан арқауы. «Жантану мәселелері». – №5. – 2013. – 13 б.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ–ҚҰЛЫҚҚА БЕЙІМДІЛІГІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Жалелова Аймаржан, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі **– Кадыржанова Ж.Е.,** пс.ғ.к., БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновацялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Суицидті аса қауіпті дерт деп арастырсақ, оның алдын алу, балалар өмір сүретін ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ата-анаға мектеп ұжымы мен психолог т.б мамандар үшін ортақ мақсат. Суициология ғылымы – социология, психология, медицина, демография, психиатрия ғылымдарымен бірлесе отырып, суицидтің себептерін биологиялық, психологиялық, әлеуметтік деп жіктейді [1]. Зерттеуші ғалымдар биологиялық зерттеуді генетикалық тұрғыдан қарастырса, психологиялық себептерді адамның психикалық және тұлғалық даму ерекшеліктері тұрғысынан қарастырады. Отбасынан жақын адамнан айрылу, ортадан шет қалу, нашар тәрбие т,б әлеуметтік себептермен бірге психикасы әлі толық қалыптаспаған балаларға әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар өте көп. Тағы бір есте болатын жағдай, ересек адамдар мен балалар суицидінің ерекшеліктері бар. Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жумсау жағдайының 95-98 % аффективті реакциялар нәтижесінде болатындығы белгілі.

Суицид- (лат.тілінен sui – өзін + caedere – өлтіру) — өзін – өзіне қол жұмсауға икемді адамның әрекеті. Былайша айтқанда, бұл адамның өзінің «ішкі болмысына» жасалған қаттыгездігі, яғни жауыздығы. Суицид дертіне әдетте рухани әлсіз, психикалық тұрғыдан тұрақсыз адамдар шалдығады. Сондай – ақ, өз – өзіне қол жұмсауға күнделікті күйзеліс түрткі болуы да мүмкін [2].

Қазақстан суицид бойынша әлемнің алдыңғы бестігіне кіреді екен. Ал Орта Азияда «бәйгенің» басында келеміз. Елімізде әрбір 100 мың адамның 53 – інің ажалы өздерінен болатыны анықталған. Нақтылы айтсақ, еліміз, өкінішке қарай, өзін – өзі өлтірушілердің жалпы саны жағынан әлемде үшінші орынға, ал қыз балалар өлімі бойынша бірінші орынға шыққан. Бұл Қазақстандағы суицид саны жалпыәлемдік стандартпен салыстырғанда, өте жоғары деңгейде екендігін білдіреді

Суицидтік қауіпті топ.

• Жастар: өз ара қарым-қатынас түрі бұзылғандар, «жалғыздыққа» ұшырағандар,күш көрсетуді әдет қылған девианттық немесе қылмыстық қылықтарымен ерекшеленетін ішімдік немесе есірткі қолданатындар;
• Өзін тым қатты сынауға алатындар;
• Жеке басының қорланғанын немесе қайғылы жағдайды басынан өткізген жандар;
• Өмірде алдына қойған табыстары мен күткен жетістіктерінің сәйкес келмеуінен уайымға салынған жасөспірімдер «Үздік» синдром;
• Ауыр науқастан немесе айналасындағылардың сырт айналуынан күйзелген жандар;
• Өзін өлтіру жайлы әңгімелер (мысалы,«мен оданда өзімді өлтіремін»);
• Осы тақырыпқа дауыстап қиялдану;
• «Менің ешкімге керегім жоқ»,«бәрібір мені ешкім сағынбайды» деген тақырыптармен мазаны алуы; [3]
• Өнер немесе әдебиеттегі өлім мотивтеріне ден қоюы;
• Өзіне ең қымбат деген заттарды таратып беруі;
• Ата-аналарға кенес!
• Өмірде бәрін мінсіз ету мүмкін емес.

Әр бір жас кезеңдеріне сай суицидальді белсенділік тән болады.

- Балалық шақ – 12 жасқа дейін;
- Жеткіншектік кезең – 12-17 жас;
- Жастар арасы - 17-29 жас;

- Ересектер арасы – 30-35 жас;
- Қарттық кезең – 55-70 жас.

И.П.Павлов өзін-өзі өлтіруді «мақсат рефлексін» жоғалту деп түсіндірген. Осыған байланысты ол: «Мақсат рефлексі әр адамның өмір мәні және энергия көзі. Өмір қызығы бір мақсатқа жетуге талпыну, егер сол мақсатқа жете алмаса басқа мақсатты көздеп соған қол жеткізу, қызығу, ұмтылу. [3] Соған байланысты біздің өміріміз гүлденеді және мәндене түседі. Егер адамның өмірінде мақсат жоғалса оның өмірі мәнсіз болады. Сол себепке байланысты біз өлген адамдар артынан қалған қағаздардан, олардың өмірлерінің мәні жоғалғанына байланысты олар өз- өздерін өлтіруге мәжбүр болғандарын ұғынамыз. Бірақ адам өміріндегі мақсаттар саны шексіз...» Тек И.П.Павлов суицидке барған адамдардың ешқайсысында психикалық ауытқуы жоқ деген.

Суицидальді мінез- құлықтың 5 типі бар:

1) Протест.
2) Жанашырлыққа шақыру.
3) Қайғыдан қашу.
4) Өзін-өзі жазалау.
5) Өмірден бас тарту.

Суицидалды мінез-құлық соматикалық, психикалық ауытқуы бар, тіпті сау адамдарда да кездеседі. Сондықтан өзін- өзі өлтіретін адамдардың барлығының психикасында ауытқуы бар деуге болмайды. Медициналық статистикаға байланысты адамдардың бір жартысын ақыл- ойы кеміс адамдар, бірін жүйке-жүйесі тозған адамдар, бірін мазасыз адамдар десе, енді бірін өз эмоцияларын басқара алмайтын адамдар құраса, қалған бөлігін ешқандай психикалық ауытқуы жоқ адамдар құрайды екен. [4]

Суицидальді мінез-құлық тағыда балалар үйінде және толыққанды емес отбасында өскен балалар арасында жиі кездеседі. Сонымен қатар отбасы аралық қақтығыс, әке-шешесінің айырылысуына да байланысты болады.

Көктем, жаз жыл мезгілдерінде сейсенбі күні суицид жасалу күні жоғары болады. Күз, қыс мезгілдерінде сәрсенбі, бейсенбі күндері суицидтің жасалуы төмен болады деп қарастырады.

Өзіне-өзі қол салу мінез-құлқы және сыртқы жоспарда көрініс табады. аяқталған суицидті біріктіреді

• Өзіне қол салу әрекеті дегеніміз – саналы түрде өз өмірін қандай да бір жолдармен қиюға бағытталған, бірақ соңы өліммен аяқталмаған іс-әрекет. Өз өмірін қиюға немесе басқа мақсатқа бағытталған әрекет қайтымды немесе қайтымсыз болуы мүмкін.

• Аяқталған суицид деп- өлімге әкеліп соққан әрекетті айтамыз. Өзіне қол салу көріністері арқылы өзіне суицидтік ойларды, түсініктерді, көрністерді, күйзелістерді, сондай-ақ суицидтік тенденцияны, олардың арасынан түпкі ой мен ниетті айқындауға болады. [4]

Суицидалдық ниет- түпкі ойға ерік компоненті қосылған кезде шығады, яғни, шешім сыртқы мінез-құлық әрекетіне көшуге дайын болу кезеңі.

Өзіне -өзі қол салу негізгі 3 топқа бөлінеді: шынайы, демонстративтік және жасырын.

• Шынайы суицид (шындығында да өзін-өзі өлтіргісі келетін адам) –Қашанда жабырқау дағдарыстық жағдай немесе өмірден бас кешу жайлы ой, өмір сүрудің мәні жайлы ойланып күйзелу жатады.

• Демонстративтік суицид – өлуге деген ниетпен байланысты емес, қайта өз проблемасына назар аудатудың әдіс-құралы болады, көмекке шақырады.

• Жасырын суицид - өзін-өзі қол салу мінез-қылығының бір түрі. Бірақ қатаң мағынада оның белгілеріне жауап бермейтін, сонда да сол бағыт пен қорытындыға ие болады. [5] Бұл іс-әрекет көп жағдайда қауіп-қатер деңгейінің жоғарғы ықтималдылығымен ұштасып жатады.

Мына мінез-құлық әрекеттеріне байланысты:

• Жасөспірім кезеңде суицидалдық мінез-құлықтың кейбір өзгешеліктері болады. Жасөспірімдер арасында ересек балаларға қарағанда өзін-өзі өлтіруге әрекет жасау жиі кездеседі. Бірақ олардың азғана бөлігі өздерінің қойған мақсатына жетеді. Суицидалдық мінез-құлық бұл жаста көп жағдайда демонстративтік сипат, сонымен бірге байбаламдық сипат алады. А.Е.Личконың көрсеткеніндей, тек қана жасөспірімдердің 10 пайызы ғана шынайы өлгісі келетін ниет білдірсе, ал 90 пайызы көмекке шақырған жанайқай. [5]

Қазіргі кездегі суицидтің себептері, әр суицидтің шығу себебі бар. Бірақ көп жағдайлардағы себеп ондай адамдардың иманының болмауы мен өмірдің қиыншылықтарын дұрыс түсінбеулерінде болады. Бұлар басты себептері. Ал басқа себептердің барлығы осы басты себептерге тікелей тәуелді. Мысалы, сүйген қызымен ұрысып, немесе аралары ажыраған жігіттің өзін-өзі өлтіруіне санасы ояу адам баласы үшін ешқандай ақылға қонымды себеп жоқ. Ақымақтықпен өз өмірін қияды.

Суицидтің алдын алу үшін ата-аналар,мұғалімдер,психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер, салауатты өмір салтын қалыптастырушы мамандар, бұқаралық ақпарат құралдары бірлесе жұмыс атқару керек. [5] Яғни ең алдымен алдын алу жұмыстары жасалу қажет: жасөспірімдер мен жастар арасында осы тақырыпта дәрістер, әңгімелесулер, сұхбаттасула, кеңес беру, сұрақ-жауап сияқты жұмыстардың көбірек жүргізілгені дұрыс. Суицидке баратын адамдар көбінесе ішкі жан күйзелісін басынан кешіреді немесе қатты стресс жағдайында болады,сонымен қатар психикалық ауырулармен,көңіл күй бұзылыстарымен,әсіресе депрессиямен зардап шегеді және болашақ өмір қызықтырмайтын болып келеді.

Бала өмір сүретін жақын ортасы, яағни отбасы, мектеп, құрдастары, біз атаған факторларды қалыптастыруға қабілетті болса біз түпкі мақсатымызға жете аламыз.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» деп атап көрсетті. [6]. Елбасымыз айтқандай жасөспірімдер бойында өмірге қажет қасиеттерді көбірек сіңірсе, соншалықты олардың психологиялық қорғанышы күшті, әрі суицидке қарсы тосқауылы берік болады деп сенуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Серікбаева.Қ.Б «Балар мен жасөспірімдер суициді мәселесі». «Педагогика және оқушы психологиясы».№2, 2014

2. Мұсаева С.А, Бегалиев.Т.Б. «Жас ерекшелік педагогикасы» Астана: Фолиант, 2006

3. Садуақасова З.М. «Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу». Сынып жетекшісі анықтамасы. №3, 2011

4. Дергачева Е.В, Козоловская М.С, Барабанова Е.И. «Суицид. Диогностика, коррекция. Книга 1». Усть-Каменагорск, 2010

5. Колдышева А «Оқушылар арасындағы суицид белгілері: диагностика мен алдын алу проблемалары» Сынып жетекшісінің анықтамасы. №10, 2011

6. Н.Ә.Назарбаев: «2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» ҚР президентінің Халыққа Жолдауы. 2014.

А.ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ҚАРА СӨЗІНДЕРІНІҢ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ МӘНІ

Жасқайратова Гүлсезім, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Кинжекова Р.С.,** п.ғ.к., БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Абай – қазақтың ұлы ақыны, философы. Абайдың дүниетанымдық көзқарастары, ой-пікірлері XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Әйгілі шығыс классиктері: Фирдауси, Сағди, Ширази, Науаилардың шығармаларын оқып, олармен жете танысты. Сонымен қатар батыстың атақты ойшылдары мен кемеңгер философтары Сократ,В.С.Белинский, тағы басқаларының шығармаларын оқыды. Оқыған шығармаларындағы көзқарастарды өз дәуірімен салыстыра ой қорытып отырды және олардың ой-пікірлерін қазақ өмірінде болып жатқан өзекті мәселелерді қара сөздері арқылы түсіндіруге тырысты. Адамзат қауымында болып жатқан жан мен тән, өмір мен өлім жөнінде жазылған философиялық толғамдары қазақ халқының басында қалай болып жатқандығы жайлы түсіндіріп, оған өз көзқарасын білдіруге тырысты.

Абай қара сөздерін публицистикалық стильде жаза отырып, оқырманмен сырласады, пікірлеседі, кеңескен түрде мазмұнды да мағыналы өзіндік ой-пікірін білдіреді. Абайдың өзі қара сөзін жазар алдында оқырманға «керек кісі болса алсын, алмаса, өз сөзім өзімдікі» деген болатын.

«Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп, Жүрмесін деп аз ғана сөз шығардық,» – дей отырып, «Атымды адам қойған соң» үндемей қалмайын, өмірден көрген- түйгендерімді кейінгі жастарға айта отырайын, егер де шалыс басып жүрген жастар болса, келеңсіз іс-әрекеттерін түзетер, ой-елегінен өткізер дегенді айтқысы келеді. Абай қара сөздерінің барлығы да сол замандағы әлеуметтік күрделі мәселелерді сөз еткенімен, бүгінгі таңда да қара сөздеріндегі ғибратты ойлары мен ақыл-кеңестері әлі де маңыздылығын жойған жоқ, керісінше, Абайдан алар өсиетті кеңестері нағыз осы дәуірге лайықталып жазылғанға ұқсайды. Соған қарағанда Абайдың: «Дүние – үлкен көл, заман − соққан жел», «Алдыңғы толқын ағалар, артқы толқын інілер, кезектене бөлінер, баяғыдай көрінер» деген сөздерінен-ақ Абай тұжырымдамаларының қазіргі жастар үшін де берер тәрбиесі орасан зор болары анық. [1, 256б]

Абайдың даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы «Қара сөздері», оның қазақ қоғамындағы көптеген өзекті мәселелерді қозғағанын білеміз.

«Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: **бірі – бейбітшілікті, екіншісі – руханиятты, үшіншісі – табиғатты қорғау Һәм сақтап қалу.** *Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің баста бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің болашағы байлаулы»* - деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтпақшы, адамзат баласының өмір сүруіне қажет деп танитын осы үш фактор. [2, 41б]Мұның ішінде, әсіресе «руханият» ең маңыздысы. Себебі, адам баласы рухани азықсыз өмір сүре алмайды. Жалпы, әлемдегі кез-келген халықты алып қарасақ та, ең алдымен, тәлім-тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді, болашақ ұрпақтың өн бойына рухани азық сіңіруге тырысады. Өйткені тәлім-тәрбиенің, адамгершілік қасиеттердің адам өмірінде алар орны ерекше. Атақты ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы Әл Фарабидің де «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген аталы сөзі бар. Осыдан-ақ тәрбиенің адам өміріндегі маңызын көруге болады.

Абай өз заманының сипатын, халқының сол кездегі жағдайы мен психологиясын, жеке адам бойындағы жақсы не жаман ниеттерді, өзінің дүниетанымын көрсеткен. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі Ғ.Мүсірепов мынадай пікір айтады: *«Абайдың қасиеті – өз заманынан биік тұруында».* Абай *«түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып»* деуінде үлкен мән бар. [2, 43б] Абай – тәлімгер ұстаз. Жеке адамға ақыл, мінез, іс,

адамшылықты сақтайтын ұят-намыс керек дегенді айтады. Ал осындай адамшылықты жүрекпен байланыстырады. Жүрек – адамның ішкі сезімі деген ұғымда қолданған.

Абайтанушылар ақынның қара сөздерін зерттей келе, мынадай тақырыптарға бөледі.

1. *Адам жанын зерттеу, бала тәрбиесі жайлы;*
2. *Имандылық тақырыбы;*
3. *Жаман мінез, әдеттер;*
4. *Адамгершілік жайлы;*
5. *Қазақ мақалы;*
6. *Қазақ халқы жайлы.*

Адам психологиясы және бала тәрбиесі жайында ағартушы **7, 10, 20, 25, 31, 41, 43 қара сөздерінде** айтқан. Адамның қызығушылығы «бір нәрсені, не көріністі білейін, игілігін көрейін» деген ерекше ынталануынан шығады. Қызығу, жан мен тәннің құмары және жас бала психологиясы жайында **7-қара сөзінде** айтқан. *«Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды»* дейді.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздері халыққа ерекше тәрбие береді, адамгершілікке үндейді. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Мұның барлығы адамзатты адамгершілікке жетелеу мақсатында еді.

Абайдың қара сөздерінің кім үшін болса да, тәрбиелік мәні зор. Әсіресе білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды. Өйткені ғылым да, өнер де жастар үшін. Адамның қолын бақытқа жеткізетін ілім-білімді игеру де – жастардың ғана қолынан келетін іс.

Абайдың **«Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші»** сөздері білімге ұмтылуға бөгет жасайтын надандық мақтаншақтық мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, **«Алтыншы сөзінде»** Абай: «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес», - десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Ырыс алды – тірлік» дейді. Жанын қорғалап жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады..

Ұлы ақын осы пікірін өзінің **«Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де** толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар-намысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп жала жабу, ауызбіршіліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан, мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, еңбексіздіктен келіп туатынын дәлелдей келе, ақын өзінің оқырмандарын жат мінездерден қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, келешек ұрпақ үшін құндылығы да осында.

Өзінің өлеңдеріндегі тәрізді қара сөздерінде де ұрлық, парақорлық, пәлекорлық, мансапқорлық, тағы басқалар елдің ел болуына зор бөгет екендігін айта келіп, «Қырық бірінші сөзінде» ұлы ақын екі нәрсені ұсынады: *біріншісі – «Бек зор үкімет», екіншісі – қаржы*. Үкіметтің күшімен қазақтың ұл, қыздарын еріксіз түрде мектепке беріп, оларды ғылымның әр саласынан мамандандырып, ой-санасын жаңаша тәрбиелеп, бұрынғылардан мүлде өзге психология, өзгеше наным-сенімдегі адамдар етіп тәрбиелесе, сонда ғана елдің түзелетіндігін айтқан.

Абайдың **«Он жетінші сөзі»** қайрат, ақыл, жүрек, ғылымға арналады. Алдыңғы үшеуі адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әрқайсысы өзін бірінші орынға қойып таласады да, ғылымға төрелікке жүгінеді. Ғылым үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынайды. Жеке-жеке үшеуінде де кемшілік бар.

«...Осы үшеуің басынды қос, оның ішінде жүрекке билет», - деп үкім шығарады. *«Егер үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтаймын»,* - дейді оларға ғылым. Демек, Абай жүректі, яғни адам – адамды сүю, адам үшін қызмет етуді бірінші орынға қояды. Бірақ ғылым бойынша да, Абайша да ең идеал нәрсе – осы үшеуінің бірлігі. *«Осы үшеуі (ақыл, қайрат, жүрек) бір кісіден менің айтқанымдай табылса, табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам сол»,* - дейді.

Тап осы тәрізді, тағы бір үлкен адамгершілік мәселесін қозғайтын шығармасы – **«Отыз алтыншы сөзі».** Қара сөз – ұят туралы. Өз кезегінде ұяттан, ардан безгендерді сынай келіп, ұят және оның түрлерін сөз етеді. **Ұяттың бір түрі – адамның балалық дәуірінде болатын табиғи құбылыста, екіншісі – жасықтық, ынжықтықпен байланысты.** *«Ұялмас нәрседен ұялған ұялу – ақымақтық, жамандық»,* - дей келіп, шын мәніндегі ұят қандай болу керек деген сұраққа жауап береді.

«Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіп, қылған қылмысының аты...», - дейді.

«Ұят кімде болса, иман сонда» деген қазақтың мақалынан да ұятқа үлкен мән бергенін көреміз. Сондықтан да ұлы ақынымыз Абай да бұл мәселеге аса көңіл бөліп, өскелең ұрпақтың ар-ұяттарын таза сақтауын арман еткен. Қара сөздердің бүгінгі таңда тәрбиелік мәні зор. [3, 330-38б]

Шығыс пен Батыс классиктерінің ағартушылық ой- пікірлерінен мол нәр алған ұлы ақын бала тәрбиесі мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде педагогикалық көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. "Егер есті кісінің қатарында болғын келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал", - дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. [4, 7б]

Абай сана-сезімді тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлін материалистік тұрғыдан түсіндіре білді. Адамның жақсы-жаман, ақылды-ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты, ақ сүйек тұқымынан шыққандар ақылды, батыр, алғыр болады деген буржуазиялық нәсілдік, идеалистік көзқарасқа қарама-қарсы. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: "Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім", - деді.

Абай даналығы еңбек ет – мал тап деген ақылға саяды. Тек еңбек, еңбеккеқұмарлық халықты өнерге үйретеді, білімге меңзейді, ғасырлар бойы қайыршылық жайлаған халықты – еңбек қана биікке шығарады, психологиясын өзгертеді – деген Абай даналығы бұл күнде де күшін жойған жоқ.

Еңбек Абайша айтсаң – өнер. Жастардың еңбек тәрбиесі, сонда ғана жүзеге асады, егер ол халықтың бүкіл көпшіліктің, түптеп келгенде, бүкіл қоғамның игілігіне айналғанда, оның молшылық қажетіне жараған жағдайда, білім алып, бақытты болған шағында. Ол еңбек тәрбиесі – басқа барлық тәрбиенің негізі. Басқалары ақыл-ой, адамгершілік, патриоттық, эстетикалық, экологиялық пен экономикалық еңбек тәрбиесінің құрамдас бөлігі екеніне дәлелдеп берді.

Еңбек тәрбиесін, оқу мен білім алудың негізі – деп түсінген Абай жас ұрпақтың барлық тәрбиесінің көзін, бұлағын еңбектен іздеді. Ол еңбек пен қоғамдық еңбектің тұтастығын, бірлігін – парасаттылық пен инабаттылықтың, білімділіктің, тұлғалықтың, ісіне талғамын, үлгілері – өмірдің, тіршіліктің жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететінін аса көрегендікпен дәлелдеді, оған өлең жолдарын, ғақлияларын арнады. Ең бастысы – еңбек пен адамгершілік санасын қалыптастырады, адамды, жастарды эстетикалық рухта тәрбиелеп, оларды әдемілікк, көрнектілікке жеткізеді, оларды жарқын болашаққа шақырады, материалдық игілікке жол ашады. Ақын пікірінше еңбек – адамды жан-жақты дамыған, ғұламалыққа көтереді, баулиды, жетелейді. Абай арманы еңбекке, адамгершілікке, ақыл-ой, парасаттылық пен инабаттылыққа негізделген, үлкен мәдениеттіліктің қайнар бұлағына айналған. Абай тағылымы – даналықтың, ғұмалықтың, құдіреттіліктің, имандылықтың кәусар тамшысы, ағынды тасқыны, дария көлі, мұхиты.

Абай поэзиясының ең басты ерекшелігі тәрбиелік тағылымы мол асыл мұрасы ол өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты барынша толық бейнелеп береді. Бірақ, ақын творчествосы жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз.

Тарихи принцип тәрбиелік тағылым Абай творчествосының сол дәуірдегі қоғамдық өмірден тамырластығын танып-білудің бірден-бір қажетті шарты екенін мойындай отырып, ақын шығармаларын бүгінгі оқырмандар әсіресе, жасөспірімдер қалайда өздерінің өмірге көзқарасы, арман-мұраттарын жалғастыра, жанастыра қабылдайтынын жоққа шығара алмаймыз.Абай творчествосының өз заманымен, сол кездегі қоғамдық өмірмен байланысын, сол кезде қандай зор танымдық, тәрбиелік міндет атқарғанын, сөз өнерінде не жаңалық әкелгенін толық түсінсек, сонда ғана біз оның кейінгі кезеңдерде, қазіргі заманда қоғамдық ой-сананың, мәдениеттің, оқудың өркендеуіне қандай ықпал жасап келе жатқанын толық аңғара аламыз. Сондай-ақ, ақын мұрасының өміршеңдігін, заман озған сайын маңызы, әсері қаншалықты күшейе түскенін зер салып байыптасақ, оның өз заманының озық тілек-мақсаттарына сәйкес тарихи өмірдің өзі туғызған бастапқы сипат-қаситтерін айқынырақ тани аламыз. Оның ең басты бір қыры оқу-тәрбиелік маңызында.

Абай жастарды тәрбиелеудің әр түрлі жолдарын, ең алдымен отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді ұсынды. Балалардың дүниеге көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасының рөлінің ерекше зор екенін көрсетті. Абай әлемінің кең өріс алуы, оның поэзиясы мен әлеуметтік, оқу-тәрбиелік демек, ағартушылық көзқарасының әлеуметтік сипат алуында болды.

Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен, адамгершілік сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы. Абай ақыл, адамгершілік, жоғары саналылық еңбектің еңбек тәрбиесіне негізделуін өзінің өлең-жырларының ғақлималарын арқауы етті. Мысалы, «Ақыл бітпесе дәулетке, дәулет бітпесе қабілетке жан-жақты болып жетілу тіреледі еңбекке» деп жырлауы соның айғағы.

Осы жерде ерекше атап айтатын нәрсе, өмірдегі келеңсіз құбылыстарды анықтап, айғақтап беру арқылы жамандықтан сақтандырудағы, әрі онымен күресуге үндеудегі педагогиканы және әдебиеттің, ондағы тәрбиелі образдың рөлі айрықша. Бұл жалпы әдебиет атаулының адам тәрбиесіндегі және адамгершілік рухани байлықты молайтудағы ең негізгі эстетикалық, этикалық міндеттерімен тікелей байланысты. Демек, қоғамдағы орны бөлек орта, дүние – адамгершілік рухани байлықтың ортаймауына жауап беретін бірден-бір рухани ұлы күш тәрбие болып келген. [5, 4б]

Әдебиеттер тізімі:

1. Қадыржан Сейталиев. Педагогика тарихы. Алматы, «Білім».2008. 25б.
2. Малик, Л. Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәні. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2018. №9.41б.
3. Ж.Әбиев, Педагогика тарихы. Алматы, 2006ж.330-386
4. Мұратбай Жолдасбаев, Еділ Мамытбеков. Даналық кілтін ғылымнан іздеген: «Egemen Qazaqstan» газеті .2020. 25 ақпан.
5. Асқарбек Құсайынов .Абай тағылымы .//Вестник академии педагогических наук Казакстана. 2020.№2. 4б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН МУЛЬТФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Жұмагельдина Гулнур, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Гинаятова А.А.** педагогика ғылымдарының магистрі,
БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Елбасымыз жолдауында «XXI ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуда. Елдің даму деңгейі білімі арқылы бағаланатын болады» - деп сапалы білім беруге ерекше назар аударған еді. Соған байланысты тәрбиеленушінің тұлғалық құрылымы, сапалары мен басты белгілерін анықтаудың мәні зор. Мектепке дейінгі кезеңнен бала еркін ойлауға, алдына қойған істі жоспарлап,

Сыни ойлауда балалардың ойы, еркін сөйлеуі, тілі дамып, өзінің де өзгенің да жауабына сын тұрғысынан баға беруге, құрметтеуге үйренеді. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасын меңгеріп, тәжірибе жүзінде қолдану барысында көптеген педагогтар жетістіктерге жетті. Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, педагогтың әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде педагог басты роль атқарған болса, қазір тәрбиеленушінің белсенділік көрсететуі маңызды. Процесс педагогтың емес, білім алушының іс-әрекетімен бағаланып, нені оқыту емес, қалай оқыту керектігі маңыздырақ болып отыр. Осы орайда тәрбиеленушінің ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Бұл технология Кеңес өкіметі кезінде 1973 жылдан, Қазақстанда 1997 жылдан бері таныла бастады.Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. Кезінде жоба ретінде ұсынылып, көпшіліктің қолдауын тапқан бұл технологияда Выготский, Пиаже, Эльконин-Давыдовтардың, басқа да ғалымдардың еңбектерінің ең құнды жерлері көрініс тауып, идеялар тоғысып, біріктірілген іспетті.

Сыни ойлау деген не? - деген сұрақ туындайды. Сыни ойлау-өзіндік ойлау. Сыни ойлау - шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан, сұрақ қоюдан басталады. Сыни ойлау - әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы.

Зерттеуші ғалымдар М.В.Кларин, В.П.Беспалько, Г.К.Селевко т.б. көрсетуі бойынша педагогикалық технология арқылы, бірінішіден, білім беру тәжірибесінде оқу-тәрбие үрдісінің алдын ала жобасын жоспарлап, оны кез келген сыныпта, топта қайталамау мүмкіндігінің болуы; екіншіден, педагогикалық технология оқушылардың оқу танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие үрдісінің алдын ала жобасына негізделуі керек, үшіншіден педагогикалық технологияның ең маңызды жағы-мақсат қою. Ол оқу мақсатын нақты анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалауды және тұлғаның дамуы мәселесін қарастыруды қажет етеді.

Дәстүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, оқу үрдісінің мазмұндық құрылымын үнемі жетілдіріп, оқытуға ең ұтымды жаңа технологияларды пайдаланудың жолдарын іздестіру, іріктеп алуды отандық зерттеуші ғалымдарымыз, әдіскер – ұстаздар басты назарға алып, әр қырынан қарастырып, көптеген іс-шаралар жүзеге асуда. Әр технология пәнді оқытуда өзінің ерекше сипатымен айқындала түседі. Жаңа педагогикалық технологиялар жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға оның өзіндік шығармашылығын арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндіктерін туғызады. Зерттеуші ғалым М.М.Левин: «Педагогикалық технологияның негізгі қызметі – оқу үрдісінің білім беру мақсатын іске асыру және жеке тұлғаны дамыту»,- деп көрсетеді. Педагогикалық әдебиеттерде «педагогикалық технология» жайында үш жүзден аса анықтама бар .

Білім беру жүйесінде соңғы жылдары «білім берудің инновациялық технологиялары» ұғымы жиі қолданыла бастады, педагогикалық қызметтің жан-жақтылық сипатына орай бұл ұғымды бір жақты түсіну мүмкін емес. Энциклопедиялық сөздікте «Білім берудің инновациялық технологиясы – бірыңғай мақсатпен біріккен және оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологияларды қамтыған, оқыту, тәрбиелеу және басқару түрлерінің, әдістері мен оқу құралдарының жиынтығы» деген анықтама берілген.

«Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға жеке кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы ілім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш – қуат мүмкіндіктерін, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту, оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану, білім беруді ақпараттандыру» деп, Қазақ Республикасының «Білім туралы» Заңында нақтылап, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде жеке адамның білімділігін арттыру, жеке тұлғаның құзырлылығын қалыптастыру, білім берудің дамытушы сипатын жетілдіру секілді маңызды мәселелерін айқындап, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Мақсаты барлық жастағы балаларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде білім беру мекемелерінің тәжірибелеріне ене бастады.

“Сын тұрғысынан ойлау” ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шыңдалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз:

• шыңдалған ойлау кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;

• күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық;

• үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сын тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы үш кезең бойынша қолданылады. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Заман талабына сай мектепке дейінгі балаларға сапалы, тиянақты білім беру-педагогтар алдындағы үлкен міндет. Бұл әрбір білім саласы қызметкерінен тынымсыз ізденісті,оқытудың жаңа формасымен, әдіс тәсілдерін тиімді пайдалануды қажет етеді .

Бала дамуына көптеген факторлар әсер ететіні белгілі. Өйткені бала дамуы-күрделі процесс. Тәжірибе баланың қалыпты дамуы дұрыс қарым-қатынастың болуына, бала айналасындағы адамдардың бірін-бірі ұнатуына, құрметтеуіне, бала күн тәртібінің дұрыс жолға қойылуына байланысты екенін көрсетеді. Мұндай ортада бала көңілді әрі қалыпты өсіп дамиды. Кейде бала үшін барлық жағдай болғанның өзінде баланың дұрыс қалыптасуына негіз бола бермейді. Балалар бірдей биологиялық, психологиялық заңдылық бойынша дамиды. Демек, өсіп келе жатқан тұлғаның қалыптасуы да бұзылуы да аяқ астынан болуы мүмкін. Қалай болғанда да дұрыс берілген тәрбие, тұлғада "Мен” бейнесінің пайда болуын қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі бала тіршілік әрекетін ұйымдастыру аса жауапты іс. Өйткені, сол арқылы бала дамиды, азамат боп қалыптасады. Қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі мектепке дейінгі кезеңнен баланы сыни ойлауға, шыңдалған ойлауға үйрету. Ал сыни ойлауға үйрету үшін оның белгілі бір жолы, құралы қажет. Яғни, бұл арада сыни ойлауын

қалай дамытуға болады?- деген сұрақ туатыны анық. Сыни ойлауға үйрету жолы көп. Соның бірі мультфильмдер ақылы сыни ойлауға үйретудің мүмкіндігі. Бұл жерде, мультфильм дегеніміз не, оның бала дамуына әсері қандай?-деген заңды сұрақ туындайды.

Мультфильм немесе мультипликациялық фильм (лат. mult, лат. Iplicatio-көбейту,ағылш. film -таспа)-көптеген суреттерден және солардың қимыл әрекетінен құралатын үздік туындылардан тұратын фильм.

Экрандағы балаларды қызықтырып көздерінің жауын алатын таңғажайып туындыларды жасайтын суретші-мультипликатор деп аталады. Болашақ мультфильм кейіпкерлері солар салған суреттермен жанданады. Бірақ, оны солай жандандырудың өзі оңай емес. Олардың қимыл-қозғалыстарын суретші көптеген суреттерден құрастырады. Он минуттік фильм 115 мың суретті қажет етеді. Ол суреттерді тек ақ қағазға сала салмай, ол кейін целлулойдқа көшіріліп боялады, мультстанокте кадр-кадр боп, яғни бөлек-бөлек көріністер болып түсіріледі. Бұл өте күрделі де үлкен жұмыс, бір суретшіге тым қиын. Сондықтан заманауи құрылғылар арқылы анимациялық мультфильмдер түсірілуде.

Мультфильм бірнеше түрге бөлінеді:

Жасау тәсіліне қарай

- Ермексазды қолданып жасалған мультфильмдер
- Сурет салынған мультфильм
- Компьютерлік графиканы қолданылған мультфильм
- Қуыршақ фильм

Ұзындығына қарай

- Толық метражды мультфильмдер
- Қысқа мультфильмдер

Мультфильмдегі оқиғалар баланың ойлауы мен қиялын дамытуда, көзқарасын қалыптастыруда тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Осылайша, мультфильм баланы тәрбиелеудің әсерлі құралы. Бірақ, мультфильм бала қажет ететін ересектермен қарым - қатынастың орнын толтырмайды. Бірде бір мультфильм баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасына жетпейтінін ата-аналар түсінуі тиіс.

Сыни ойлауды дамытуға бағытталған мультфильмдердің орындалуына ойлау белсенділігі, тез үйрену, ептілік пен тапқырлық, талпыныс, дербестілік, еңбек сүйгіштік, байқампаздық т.б. қасиеттер әсер етеді.

Осы проблемаларға байланысты балалардың сыни ойлауын дамытуда мультфильмдер тіл дамыту барысында мақсатты түрде жүйелі пайдаланылды. Мультфильмдерді көру барысында балалардың қызығушылығы оянып, оқу әрекетінің әрбір бөлімін саналы қабылдаудан балалардың сыни ойлауының артқаны байқалды. Сөйтіп қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі дәлелденеді. Бұл зерттеудің ғылыми болжамының дұрыстығын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Серімбетова С. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. – Алматы, 2002. – Б. 14.

2. Жарықбаев Қ.Б. Психология. - Алматы: Білім,1993. - Б. 17.

3. Жұмабаев М. Педагогика.- Алматы: Ана тілі, 1992.

4. Қожагелдиева С., Нұртазаева Н. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудың тиімділігі//Бастауыш мектеп. - Алматы, 2009. №4.

5. Әлімов Асхат. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. - 263 б.

ВЗАИМОСВЯЗЬ МОТИВАЦИИ И САМООЦЕНКИ С УСПЕВАЕМОСТЬЮ В МЛАДШЕМ ШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ

Куанышева Мадина, студентка IV курса педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель - **Кирилина Н.П.,** магистр социальных наук,
старший преподаватель ЗКИТУ

Западно–Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Одной из важных задач, которая встает перед современной психологией и педагогикой, является формирование активной личности, мотивированной на деятельную жизненную позицию. Ученые уделяют большое внимание исследованию роли мотивации в профессиональной деятельности. Изучается связь мотивации с личностными особенностями, такими как самооценка, уровень притязаний, тревожность и др. Взаимосвязь мотивации с самооценкой личности – одна из наиболее интересных тем в современной психологии.

Младший школьный возраст считается важным периодом в психосоциальном развитии человека. Ребенок вступает в такую ячейку общества, как школа, получает новые права и обязанности. Школьник начинает адаптироваться и заниматься общественно значимой деятельностью, от уровня выполнения которой зависят его место среди окружающих и взаимоотношения с ними. Новая социальная ситуация обусловливает и формирование особенностей личности ребенка младшего школьного возраста [1, стр. 44].

Самооценка непосредственно влияет на эффективность учебной деятельности. От нее зависит уверенность в своих силах, отношение к ошибкам, успеваемость, мотивация и другие моменты учебной деятельности. В младшем школьном возрасте происходят значительные изменения в успеваемости учебно-познавательной деятельности, характеризующиеся падением учебной мотивации.

Проблема мотивации является актуальной как в отечественной, так и в зарубежной психологии. С одной стороны, это происходит потому, что необходимость внедрения в практику психологических исследований, выход к реальному поведению человека, к его регуляции требует сегодня реального познания закономерностей человека, особенно в отношении их реализации. С другой стороны, назрела необходимость раскрытия связей внутренних мотивационных тенденций человека к действию с социальной детерминации его психики.

В психологической литературе не удалось встретить прямого определения термина «учебная мотивация». Возможно, это связано с терминологической неясностью, которая существует в общей психологии. Термины «учебная мотивация», «мотивация учения», «мотивация учебной деятельности», «мотивационная сфера учащегося» используются как синонимы в широком или узком смысле.

Можно дать следующую характеристику внутренним и внешним мотивам учения.

Внутренние мотивы носят личностно значимый характер, обусловлены познавательной потребностью субъекта, удовольствием, получаемым от процесса познания и реализации своего личностного потенциала. Доминирование внутренней мотивации характеризуется проявлением высокой познавательной активности учащегося в процессе учебной деятельности. Овладение учебным материалом является и мотивом, и целью учения. Учащийся непосредственно вовлечен в процесс познания, и это доставляет ему эмоциональное удовлетворение.

Внешние мотивы характеризуются тем, что овладение содержанием учебного предмета не является целью учения, а выступает средством достижения других целей. Это может быть получение хорошей оценки, получение стипендии, подчинение требованиям учителя или родителей, получение похвалы, признания товарищей и др. При внешней мотивации учащийся, как правило, отчужден от процесса познания, проявляет пассивность, переживает бессмысленность происходящего либо его активность носит вынужденный

характер. Содержание учебных предметов не является для учащегося личностно значимым [2, стр.68].

Мотивация может быть внутренней или внешней по отношению к деятельности, но всегда является внутренней характеристикой личности как субъекта этой деятельности.

Важное место в изучении мотивации учебной деятельности занимает определение уровней ее развития у школьников. Современные психологи, в частности, А.К. Маркова, Т.А. Матис, А.Б. Орлов и Н.Ф. Талызина, выделяют следующие уровни:

1. Отрицательное отношение к учению. В данном случае доминирующим является мотив избегания наказания. В результате возникает неуверенность в своих силах, неудовлетворенность собой.

2. Нейтральное отношение к учению. При этом интерес к результатам учения весьма неустойчив. Следствием является неуверенность, переживание скуки.

3. Положительное ситуативное отношение к учению. Наблюдается познавательный мотив в виде интереса к результату учения и к отметке учителя и социальный мотив ответственности. Характерна неустойчивость мотивов.

4. Положительное отношение к учению. Присутствуют познавательные мотивы, интерес к способам добывания знаний.

5. Активное, творческое отношение к учению. Наблюдаются мотивы самообразования, их самостоятельность; осознание соотношения своих мотивов и целей.

6. Личностное, ответственное, активное отношение к учению. Мотивы совершенствования способов сотрудничества в учебно-познавательной деятельности. Устойчивая внутренняя позиция. Мотивы ответственности за результаты совместной деятельности».

В.Л. Гинзбург выделял следующие виды мотивации относительно ее уровня сформированности:

1) очень высокий уровень мотивации, преобладание учебных мотивов, возможно наличие социальных мотивов;

2) высокий уровень учебной мотивации, преобладание социальных мотивов, возможно присутствие учебного и позиционного мотивов;

3) нормальный уровень мотивации, преобладание позиционных мотивов, возможно присутствие социального и оценочного мотивов;

4) сниженный уровень мотивации, преобладание оценочных мотивов, возможно присутствие позиционного и игрового (внешнего) мотивов;

5) низкий уровень учебной мотивации, преобладание игровых или внешних мотивов, возможно присутствие оценочного мотива [3, стр.43].

Так же различают познавательные и социальные мотивы. Направленность на содержание учебного предмета говорит о наличии познавательных мотивов. Направленность на другого человека в ходе учения — о социальных мотивах. И познавательные и социальные мотивы могут иметь разные.

Проблема возникновения и развития самооценки - одна из центральных проблем становления личности ребёнка.

Интерес ребенка к своему "я" – к своим особенностям, возможностям, способностям – в каждом возрасте проявляется по-разному, на каждой ступени жизни обогащается новым содержанием. "Я сам!" – говорит трехлетний малыш. И это значит, что он выделил себя из окружающего предметного мира, отличил от других людей. Для нас такое отличие самоочевидно, иначе быть не может, но для малыша – это заметный шаг в развитии.

Самосознание – сложный психический процесс, особая форма сознания, характеризующаяся тем, что оно направлено само на себя. В процессе самосознания человек выступает в двух лицах: он – и познающий, и познаваемый.

Важной стороной самосознания и показателем достаточно высокого уровня его развития является формирование такого его компонента, как самооценка [4, стр.256].

Самооценка отражает особенности осознания человеком своих поступков и действий, их мотивов и целей, умение увидеть и оценить свои возможности способности.

На начальных этапах развития ребенок оценивает преимущественно свои физические качества и возможности ("Я большой", "Я сильный"), затем начинают осознаваться и оцениваться практические умения, поступки, моральные качества. Самооценка начинает выступать в качестве важнейшего регулятора поведения человека, его активности в учении, труде, общении, самовоспитании.

Самосознание и самооценка проявляются и формируются в деятельности, под непосредственным воздействием социальных факторов - в первую очередь - общения ребенка с окружающими.

Решающее влияние на формирование самооценки оказывают два фактора: отношение окружающих и осознание самим ребенком особенностей своей деятельности, ее хода и результатов.

Структура самооценки представлена двумя компонентами — когнитивным и эмоциональным. Первый отражает знания человека о себе, второй — его отношение к себе. В процессе самооценивания эти компоненты функционируют в неразрывном единстве: ни тот, ни другой не может быть представлен в чистом виде. Знания о себе человек приобретает через общение с другими людьми. Эти знания неизбежно обрастают эмоциями, сила, и напряженность которых зависит от того, насколько значима для личности полученная информация [5, стр. 42].

Качественное своеобразие когнитивного и эмоционально компонентов придает их единству внутренне дифференцированный характер, определяющий особенности развития каждого из них.

Многие исследователи отмечают, что младшим школьникам свойственно завышать оценку собственных качеств. Объясняется это тем, что дети оценивают себя выше по тем показателям, которые представляются им самим важными, и это завышение указывает на их эгоцентризм, в то время как подросткам свойственно занижать оценку собственных качеств.

На основе современных научных знаний можно с достаточной уверенностью утверждать, что связь между успеваемостью школьников и их представлениями о своих способностях, носит характер взаимовлияния. Учебные успехи, учительские оценки влияют на самооценку, так как успешность в освоении знаний является в современной системе образования главным показателем личностной значимости. Под влиянием постоянной оценки представления о себе часто приобретают негативный характер, самооценка оказывается заниженной и направленной лишь на успехи в учебной деятельности.

Но и самооценка в свою очередь воздействует на уровень учебных успехов через механизмы ожиданий, притязаний, мотивации, уверенности в своих силах. Дети, представления которых о себе не допускают высоких достижений, обычно реализуют эти представления и учатся плохо. И наоборот, дети, обладающие более высокой самооценкой и позитивными представлениями о своих учебных способностях, обычно учатся гораздо лучше.

В разных исследованиях также отмечается, что теплое, внимательное отношение родителей является основным условием формирования и дальнейшего подкрепления положительной самооценки ребенка. Жесткое, негативное отношение родителей имеет обратное действие: такие дети, как правило, сфокусированы на неудачах, они боятся рисковать, избегают участия в соревнованиях, кроме того, им присущи такие черты характера, как агрессивность и грубость, а также высокий уровень тревожности.

Самооценка, как и другие личностные образования, формируется в результате деятельности, и через осознание результатов своей деятельности человек приходит к осознанию себя как субъекта этой деятельности, к оценке своих возможностей и качеств. Главным образом, самооценка сопряжена с социальной обусловленностью Я-концепции личности. Она изучается как некоторый интегратор трех основных составляющих Я-образа: самопонимание (когнитивный компонент), самоуважение, глобальное самоотношение,

уверенность в себе (эмоционально-оценочный компонент), самопоследовательность, внутренний локус контроля (конативный компонент).

В процессе обучения и учебной деятельности происходит развитие и преобразование структуры мотивации субъекта деятельности. Этот процесс идет в двух направлениях: во-первых, общие личностные мотивы, переходят в учебные; во-вторых, изменение уровня развития учебных умений и навыков влечет изменения и в системе учебных мотивов.

Особенностью учебной мотивации учащихся младших классов является присутствие у них «подростковых установок» (системы ценностей, идеалов, оценок, зачастую отличающихся от взрослых и преобладающих большей «генетической» устойчивостью, перешедших от старших школьников к младшим и почти не поддающихся педагогической коррекции). Например, к таким установкам можно отнести порицание учащихся, которые не позволяют списывать или тех, кто жульничает и пользуется шпаргалками [6, стр.19].

Итак, под мотивом учебной деятельности понимаются все факторы, обусловливающие проявление учебной активности: потребности, цели, установки, чувство долга, интересы. Обычно изучают следующие факторы мотивации учения: обучение ради обучения, без удовольствия от деятельности или без интереса к преподаваемому предмету; обучение без личных интересов и выгод; обучение для социальной идентификации; обучение ради успеха или из-за боязни неудач; обучение по принуждению или под давлением; обучение, основанное на понятиях и моральных обязательствах или на общепринятых нормах; обучение для достижения цели в обыденной жизни; обучение, основанное на социальных целях, требованиях и ценностях.

Таким образом, такое важнейшее свойство личности как самооценка, формируясь в младшем школьном возрасте, развивается в соответствии с внутренними свойствами личности и его сферой социализации. На мотивацию к учебной деятельности младших школьников оказывают влияние такие факторы, как психологические и социальные, в том числе самооценка младшего школьника.

Список литературы:

1. Горлова Е.Л. Центральное психологическое новообразование младшего школьного возраста как основа развивающего обучения. /- М., 2002. – 28 с.

2. Цукерман Г.А. Что развивает и чего не развивает учебную деятельность младших школьников //Вопросы психологии. – 2018. – № 5. – С. 68-81.

3. Гинзбург М. Р. Психологическое содержание личностного самоопределения / М. Р. Гинзбург // Вопросы психологии. - 1994. - №3. - с 43 - 52.

4. Маралов В.Г. Основы самосознания и саморазвития детей. – М., 2002. – 256 с.

5. Квинн В.Н. Индивидуальные особенности самооценки личности // Образование в современной семье. – 2009.- № 8.- С. 42 – 48

6. Дмитриева И.М. Формирование познавательного интереса у младших школьников в структуре общей способности к учению. – Н. Новгород, 2013. – 19 с.

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақсот Қарылғаш, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Джонисова Г.К.,** п.ғ.к., БҚИТУ доценті

Бүгінгі күні жаһандану жағдайында өркениеттіліктің өлшемі, тетігі, құндылығы ретінде шығармашылық сипаттағы білімнің орны үлкен. Оны өлшем ретінде қабылдауымыздың себебі, кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі мен меңгерген білім, біліктерін шығармашылықпен қолдана алуына байланысты. Себебі әлемдегі ғажайып жаңалықтарды өзі білім, білікті шығармашылық құндылық ретінде бағалаумен, оны ізгі мақсаттарға сәйкес қолданып, жаңаны табумен мүмкін болады.

Еліміздегі орта білім беру жүйесінің 12 жылдық білім беруге көшуді, әлемдік білім беру кеңістігіне бағдар тұтуы білімге деген көзқарасты жаңаша тұрғыдан қарастыруды көздейді. Осыған сәйкес қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - білімді, бәсекелестік қабілеті бар, шығармашыл, дербес, ізденімпаз, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Мектептегі жас ұрпақтың ақыл-ойы, рухани дамуының негізі – оқылатын пәннің мазмұнына, оқу-тәрбие жұмысының мақсатқа сәйкестігі мен меңгеретін ғылыми білімдер жүйесінің шығармашылық сипатына байланысты. Білім беру саласындағы реформалар бір жағынан әлемдік білім беру кеңістігіне сай өркендеуге ұмтылса, екінші жағынан ұлттық болмысты қалыптастыру мақсатында мәдени-тарихи құндылықтарға сай өзіндік бет бейнесін сақтауды көздейді. Қазіргі кездегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығы мен шығармашыл тұлғасын қалыптастыру мәселесіне қызығушылықтың артуы осы міндеттерді шешудің бағдары ретінде қарастырылып отыр. «Парадигма» латын тілінен аударғанда «үлгі» деген мағынаны білдіреді. Ал қазіргі педагогикада білім берудің концептуальдық моделі ретінде қолданылып келеді. Білім беру парадигмаларының көптеген түрлері бар. Кейбір ғалымдар білім беру парадигмаларының көптүрлілігін педагогикалық өркениетке байланыстырады, адамзат қоғамы көптеген сатылардан: табиғи және репродуктивті-педагогикалық өркениеттен өтіп, креативті-педагогикалық өркениетке енуде деген пікірлер айтылуда. Бұл педагогикалық өркениет мұғалім іс-әрекетінің жаңа қырларын аша отырып, кәсіби педагогикалық сапалары мен қызметтерін түбегейлі түрде жаңартуды талап етеді. Бұл ізденістердің жарық жұлдызы ретінде педагогикалық парадигма, яғни адамзат қоғамының әлемдік әсер тәсілдерін меңгеруі мен педагогикалық ой-өріс пен қарым-қатынастың онтологиялық және жеке аспектілерін қамтитын жүйесі ретінде алға шығады. Парадигма (латын тілінен аударғанда) үлгі немесе мысал, алгоритм, нобай дегенді білдіреді [2].

Білім беру парадигмасы - білім берудің тұжырымдамалық нобайы. Бұл ұғымды Колесникова енгізген.Білім беру парадигмаларын қалыптастыру адамзаттың әлеммен өзара әрекеттесудің әр түрлі тәсілдерін игеру барысында жүзеге асып отырған. Әр парадигма дүниені, педагогикалық нысандарды қабылдаудың, олардың мәнін түсінудің әр түріне сай келеді. Мәдениетке деген үш амал және білім берудің тұжырымдамалық үш үлгісі бар.

Мәдениетке деген үш амал:

1) аксиологиялық – мәдениет құндылық ретінде қарастырылады;

2) әрекеттік – материалдық немесе рухани құнылықтарды игеру, жасау бағытындағы белгілі бір іс-әрекет;

3) тұлғалық – мәдениет тұлғаның белгілі бір типтерінде, оның қасиеттерінде көрініс табады.

Осы мәдениетке деген үш амалға сәйкес білім берудің тұжырымдамалық үш үлгісі немесе үш парадигма бар:

1. Дәстүрлі-консервативті (аксиологиялық амалға сай) білім беру арқылы мәдениетті сақтау, оң мәні бар.

2. Рационалистік (әрекеттік амал) – баты назарда білім емес, әрекет ету тәсілдері.
3. Феноменологиялық (тұлғалық амал) – мәдениет құбылысы, білім беру субъектісі ретінде адамға деген ізгілікті қарым-қатынас [3].

Парадигмалар мыналар бойынша ерекшеленеді:
- білім беру мақсаттары бойынша;
- мектеп функцияларын түсіну бойынша;
- мақсатқа жету жолдары бойынша;
- педагогикалық әрекеттесу сипаты бойынша;
- оқушының білім берудегі позициялары бойынша.

Негізгі құндылықтарды таңдау білім беру парадигмасын айқындайды.

Дәстүрлі-консервативті (білімдік) **парадигма.**

Дәстүрлі-консервативті парадигма негізін үш постулат құрайды:
1) білім беру негізінде базалық білімдер мен соларға сәйкесті икемділіктер мен дағдылар жатуы керек.
2) білім беру жүйесі академиялық сипатқа ие болып, ғылымның негізгі салаларына бағдарлануы керек. Мектеп уақыт сынынан өткен, білім беру негізін құрайтын мәселелерге баса назар аударауы тиіс.
3) Этикалық құндылықтарға ерекше орын беріледі.

Бұл парадигма сақтаушылық функцияға негізделген. Мектеп мақсаты әлеуметтік реттілікті сақтауға ықпал ететін идеалдар мен құндылықтарды сақтау және кейінгі ұрпаққа беру болып табылады. Академиялық бағыттылық өмірмен байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Бұл парадигма Кеңестер Одағында өткен ғасырдың 50-жылдарына дейін сақталып келді.

Технократиялық (аралық) парадигма. Бұл парадигма ғылыми-техникалық революция құбылыстары мен деректерін қадағалау мен олардың салдарынан туындады. Оның негізінде ғылыми дәлелденген, тәжірибемен сынақтан өткен шындық туралы түсініктер жатыр. Технократиялық парадигмадағы мұғалім ұраны: «Күш - білімде!». Мұнда шынайылық өлшемі тәжірибе болып табылады. Бұл жағдайда білім нәтижесі «иә-жоқ», «біледі-білмейді», «меңгерген-меңгермеген» деп есепке алынады. Әрдайым белгілі бір эталон, үлгі, норматив болады да, білім деңгейі сонымен өлшенеді. Адамның сапасы белгілі бір әлеуметтік функцияларды орындауға дайындығын бағалау арқылы анықталады. Қажетті білім, тиісті құлық туралы түсінік мемлекеттік деңгейде анықталып, бекітіледі. Философиялық сана деңгейінде ғылым мен білімге деген «сүйіспеншілік» болады, бірақ балаға деген шынайы сүйіспеншілік артық нәрсе ретінде алынып тасталып, оның орнына талап пен құрмет назарға алынады. Ресми түрде Кеңестер Одағында 1958 жылы ендірілді. Оқулықтардан Конституция, психология, логика алынып тасталды. Орнына техникалық қызмет көрсету, әскери дайындық пәндері енгізілді. Қазіргі еңбек практикасы - сол парадигманың жаңғырығы.

Бихевиористік (құлық) парадигмасы. Бихевиористік (құлық) парадигма негізінде психологиялық бағдарлану жатыр. Бихевиоризм – мінез-құлықты адамның сыртқы ортаның әсеріне реакциясы ретінде қарастыратын мінез-құлықтың психологиялық теориясы. Мұнда ішкі көңіл-күйге емес, сыртқы стимулға көбірек назар аударылады. Бұл үлгіде мектеп балалардың мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында білім игеру жолы ретінде қарастырылады. Мектеп мақсаты: оқушыларды ортаға, белгілі бір ситуацияларға бейімделген мінез-құлық қалыптастыру және әлеуметтік нормаларға, мәдени талаптарға сай келетін белгілі бір әрекеттер жиынтығын беру. Құлық ұғымымен адамға тән (ойлар, сезімдер, әрекеттер сияқты) барлық таным түрлері белгіленеді. «Әлеуметтік инженерия» терминін американ психологі Скиннер енгізген. Мұның бәрі нақты бір дағдылар мен реакцияларды қалыптастыруға бағытталады. Бұл парадигма Австралияда, Бельгияда, АҚШ-та қолданылған.

Гуманистік (Феноменологиялық) парадигма. Басты назарда – оқушының дамуы, оның жеке мұқтаждықтары, тұлғааралық қарым-қатынастар. Түйіні: ізгілікті амал, тұлғалық өсуге көмек беру, өмірге дайындығына назар аудару. Бұл амалдың негізінде даму, өзіндік

даму, өзін-өзі көрсету, шығармашылық жатыр. Даму – оқушының берілген тапсырманы шешуде белсенділік пен дербестіктің жоғары деңгейіне өтуі. Выгодскийдің айтуынша, даму балаға берілетін көмек шамасымен анықталады. Выгодский бойынша, дамудың екі аймағы бар: Өзекті даму аймағы, яғни БИД (білім, икем, дағды) меңгеріп, оны өздігінен пайдалану аймағы. Жақын даму аймағы, яғни білім игеру үшін баланың ересектер көмегін пайдалану аймағы. Сонымен бірге, жалпы даму (әмбебап қабілеттер), арнайы даму (салалық қабілеттер, дарындылық), мәдени даму салалары бар. Дамудың ең жоғары деңгейі – өзіндік даму. Бастысы: таным жолын әркімнің өздігінен табуы. Ұраны: «Таным – күш!». Педагогикалық процесс диалог немесе полилог бойынша жүзеге асады және импровизацияға толы, біржақты шындық болмайды. Негізгі ұстанымы: әркімнің дүниені тану құқығын шектемей балалар мен ересектердің құндылық-бағдарлы теңдігі. Бұл бағыт субъект-субъектілік қарым-қатынасты қалыптастырады. Мұғалім мен оқушылар іс-әрекеттің мақсатын, оның мазмұнын бірлесе жасап, оны ұйымдастыру мен бағалау формаларын ынтымақтастықта жұмыс жасай отырып, таңдайды. Негізгі өкілдері: Сократ; Коменский; Песталоцци; Руссо; Дьюи және тағы басқалар. Олардың көзқарастары бағыттас болғанымен, пікірлері бірдей бола бермейді. Парадигма аясында білім берудің алуан түрлі үлгі, нобайлары қатар жүзеге асырылуда. Бірақ олардың бір бағыттас екендігін балаға деген құндылық қатынас пен баланың дамуы мектептің басты мақсаты екендігін мойындауы көрсетеді. Парадигма 1991 жылы әр жерде мұғалімдер бастамасымен енгізілді. Осы уақытқа дейін өзектілігін жойған жоқ. Кейбіреулер бұл парадигманың уақытша құбылыс екенін, кейін менталитетке сай келетін білімдік парадигмаға қайта оралатынын айтады[4].

Ғылыми зерттеуіміздің мақсаты білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу болып табылады. Зерттеуге Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының №40 ЖОББМ нен 9,11 сыныптардан 30 оқушы алынды.

Бұл мақсатты іске асыру үшін сауалнама және екі әдістеме таңдап алынды:

1. Жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығын анықтауға арналған сауалнама
2. Ю.И. Киселеваның “Өз -өзіңді бағалауың қалай?” әдістемесі
3. Е.П. Торренстің креативтілік тестісі.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының *анықтаушы* педагогикалық экспериментті кезеңінде зерттеу базасы бойынша эксперимент және бақылау сыныптары таңдалып алынды.

Эксперименттік жұмыстарға қатысатын оқушылар іріктелінді.

1-кесте. Жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығын анықтауға арналған сауалнама нәтижелері

	Жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығын анықтауға арналған сауалнама нәтижелері	**Пайыздық көрсеткіштері**
	шығармашылық қызығушылығы төмен	62%
	өзіндік жұмыста ізденімпаздығы байқалмайды	66%
	дербес жұмыс істеуге талпынбайды	58%
	шығармашылық жұмысты қажет деп есептемейді	49%




Диаграмма 1. Жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығын анықтауға арналған сауалнама нәтижелері

Анықтаушы эксперимент нәтижелері мынадай болды: оқушының 62%-і шығармашылық қызығушылығы төмен; өзіндік жұмыста ізденімпаздығы байқалмайды - 66%; дербес жұмыс істеуге талпынбайды - 58%; шығармашылық жұмысты қажет деп есептемейді - 49%.

Кешенді жұмыс формалары мен түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығы қалыптасуында маңызды компоненттерінің дамуы (мотивациялық-еріктік, мазмұнды-операциялық, рефлексиялық - бағалау) жағдайына талдау жүргіздік. Зерттеу жұмысы әр сынып бойынша жүргізіліп, қорытынды нәтижесі жалпыланып, диаграмма түрінде сарапама жасалды.

Эксперименттің екінші диагносткалық *қалыптастыру* кезеңіндегі жұмыстар нәтижелері жоғары сынып оқушыларының білімді меңгеруге белсенділігі, шығармашылық іс-әрекетке ынталануы, жаңашылдық процестер мен ғылыми зерттеулерге, дербес өзіндік жұмыстарға қызығушылығы, білімді меңгеруге деген құндылық бағдары мен көзқарастары оның іс-әрекетінде айқын көрініс тапқанын көрсетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы 12-жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы, 2006.
2. Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. - Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2014.
3. Айтбаева А.Б., Білім берудегі жаңа технологиялар. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
4. Көшімбетова С.А. Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру жолдары. Оқу-әдістемелік құрал. – Тараз, 2004.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚИТЫН ПТД БАЛАЛАРҒА АРТ-ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мухаммедова Ақсұңқар - БҚИТУ педагогикалық факультетінің II курс студенті
Ғылыми жетекші – **Халикова Б.Т**., педагогика және психология магистрі,
БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал қ.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Еліміздің әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Жалпы орта білім беретін мектепте үлгерімі төмен балалар тобында психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар кездеседі. Психикалық дамудың тежелуі – бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі. Баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері түрлі болуы мүмкін. Бұл жағдайдың негізгі себебі бала миының әлсіз түрдегі органикалық зақымдануы немесе іштен туа біткен, туылу кезінде және өмірінің бастапқы кезеңдерінде болған жағдайлар, негізгі әлеуметтік жағдайы, нашар көруі, құлақ ауруы тағы да басқа себептерден болуы мүмкін.

Психикалық дамуы тежелген балалар дегеніміз – оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Мұндай балалар білімі мен дағдыларына, тұлғалық жетімділігіне мінез-құлқына байланысты мектепте оқуды бастауға дайын емес. Олар оқуда көп қиыншылықтар көреді: мектепте орнатылған тәртіп нормаларын сақтау оларға аса қиын. Оқудағы қиыншылықтар олардың жүйке жүйесінің әлсіреуінен тереңдей түседі – жүйкесі тозып, соның салдарынан олар тез шаршайды, жұмысқа қабілеті төмендейді, бастаған жұмысын аяқтамайды.

Бұл балалардың оқу үлгерімі ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 1-сыныптан бастап көріне бастайды. Бірақ анық белгілері 2-3 сыныпта белгілі болады. Психикалық дамуы тежелген балалар зейіннің ерекшеліктері оның тұрақсыздығынан, бір объектіге тұрақты көңіл бөле алмайтындығынан көрінеді. Басқа да сыртқы қоздырғыштардың болуы бұл оқушылардың жұмысын тежеп, қате жіберуін арттырады. ПДТ балаларда қабылдау қабілетінің дамуы да төмен, мұны балалардың қоршаған әлем туралы білімдерінің жеткіліксіздігінен, шектеулігінен, үзік-үзіктігінен, әдеттегі қалыптан басқаша тұрған заттарды, сызбалық бейнелерді тани алмайтындығынан (егер олар сызылып тасталған немесе бірінің үстіне бірі орналастырылған болса) байқауға болады.

Психикалық дамуы тежелген балалардың оқу үлгерімін жақсарту үшін, баланың интеллектуалды қабілетін дамыту үшін арт-терапияны қолдану маңызды. Бұл баланың өзіне деген сенімділігін, қоршаған орта туралы түсінігін және жан-жақты болуына көмектеседі. Арттерапияның мақсаты барлық адамды суретші немесе мүсіншіге айналдыру емес, оның мақсаты индивидтің шығармашылық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ішкі көңіл-күйлерін ашып көрсетуге белсенділігін арттыру. Терапиядағы табандылық клиенттің өз қабілеттілігіне сай жеке шығармашылық белсенділігін арттыруына көмектеседі, өзінің бір туынды жасап шығаруына бағыт-бағдар береді. Жоғарыда айтып кеткендей арт-терапияны жүргізу барысында суреттің берер көмегі өте зор. Суреттің алдына қойған мақсаты –жеке тұлғаға өзін тани білуіне көмектесу және бұл өмірде өзінің бір жеке тіршілік иесі екендігіне көзін жеткізу. Суреттерді әртүрлі мақсаттарда және әртүрлі әдістерде, сонымен қатар әр жағдайдағы психотерапиялық коррекциялауда қолданады. Суреттің өзіндік акті –жеке тұлғаның анық көрінісі, ол адамның қорқыныш сезімдерін, конфликтілі жағдайларын, арман – тілектерін санасыз бейнелейтін алғашқы бастама болып табылады.

Жалпы арт-терапия дегеніміз – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. *“Арттерапия”*– термині (*art – өнер, artterapy – өнер арқылы терапия жүргізу*) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арттерапия – ауру адамның психоэмоциональды халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді.

Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданылады. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында (музыкалық терапия, драмалық терапия, бимен терапия жүргізу т.б.) қолданыла бастайды. Сонымен адам сурет сала отырып, өзінің ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіруге мүмкіндік алады, өзіне жағымсыз жайттарды жеңіл қабылдайды. Арттерапия арқылы тұлға бойындағы қабілетін көрсетіп, шығармашылығын шыңдайды. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Демек тұлға шығармашылығын дамытуда арттерапиялық әдістемелерді қолдану маңызды. Жоғарыда айтып кеткендей арт-терапияны жүргізу барысында суреттің берер көмегі өте зор. Суреттің алдына қойған мақсаты –жеке тұлғаға өзін тани білуіне көмектесу және бұл өмірде өзінің бір жеке тіршілік иесі екендігіне көзін жеткізу. Суреттерді әртүрлі мақсаттарда және әртүрлі әдістерде, сонымен қатар әр жағдайдағы психотерапиялық коррекциялауда қолданады. Суреттің өзіндік акті –жеке тұлғаның анық көрінісі, ол адамның қорқыныш сезімдерін, конфликтілі жағдайларын, арман – тілектерін санасыз бейнелейтін алғашқы бастама болып табылады.

Арттерапия - ішкі кернеулер мен қатты эмоциялардан босатады. Арттерапия элементтерінің көмегімен психикалық дамуы тежелген баланың қалыптылығын сақтап, өзара қарым-қатынасты жағымды әрі тиімді ұйымдастыруға болады. Шығармашылықтың көмегімен ПДТ балалар өз сезімдерін терең түсініп, жүгендей білуге үйренеді. Бұл оның әлеуметтік ортаға тез бейімделіп, еніп кетуіне бағыт-бағдар беріп отырады. Креативтілік бала бойында сенімділікті оятып, оның қалыптасуына негіз болады. Қоршаған ортаны, шындықтағы болмысты өз тұрғысынан қабылдауға үйретеді. Арттерапияның әрбір функциясы әрбір жеке адамның үйлесімді дамуына үлес қосады.

Жалпы оқу-тәрбие процесін ізгілендіру мақсатында оқытудың креативті жақтарын дұрыс ұйымдастыра білсе, арттерапияның берері мол. Арттерапия оқыту процесін өзінің шынайы көрнекіліктерімен жандандырып, әрбір ПДТ балалардың білімге, ғылымға деген қызығушылығын оятады. Сонымен қатар, шығармашылық ойлау қабілетін дамыта отырып, қоршаған ортаға байланысты көзқарасын жаңаша қалыптастырады. Жалпы арттерапияны интерактивті оқыту әдістемесінің қатарына жатқызса да болады. Өйткені, білім алушы мен арттерапевт немесе педагог та сабақ барысында белсенді позцияда болады. Тағы да айта кететін жағдай арттерапиямен тек арттерапевт, психолог немесе педагог қана айналыспайды. Арттерапиямен барлық маман иелері, үй жағдайында ата-аналар сауатты түрде айналысса, қоғамымыз шығармашыл, мәдениетті, эстетикалық талғамы жоғары дамыған жеке тұлғалармен толыққан болар еді.

Л.Д.Лебедева ұсынған арт-терапияға қатысты ұғымдарды жіктеуге жүгінеміз:

1. Түрі-өнермен терапиясы.
2. Сынып-шығармашылық терапиясы (шығармашылық терапия).
3. Субкласс-экспрессивті терапия.

Экспрессивті терапия — бұл адамның жеке өсуін, дамуын және сауығуын ынталандыру мақсатында адамның қолдауын қамтамасыз ететін жағдайда қозғалыс, сурет салу, кескіндеме, мүсін, музыка, жазу, вокализация, импровизацияны қолдана отырып, шығармашылық өзін-өзі көрсетудің әртүрлі формаларының кешені. Экспрессивті терапия-кез-келген көркемдік форма арқылы өзін-өзі зерттеу процесі.

Өзін-өзі көрсететін шығармашылық терапияның түреліне:

музыкалық терапия;

ойын терапиясы;
драматерапия;
ертегі терапиясы;
библиотерапия;
фототерапия
маскотерапия
құм терапиясы
би терапиясы;
дене-қозғалыс терапиясы;
арт-терапия.

Арт-терапия түрлері:
изотерапия (сурет терапиясы);
көрнекі (сурет терапиясы);
медитативті сурет салу;
мультимедиялық терапия (интегративті, бір уақытта шығармашылық өзін-өзі көрсетудің әртүрлі тәсілдерін қолдану).

Ойын психотерапиясы-ойын арқылы балалар мен ересектерге психотерапиялық әсер ету әдісі.

Білім берудегі арт-терапияны қолдану -бұл жүйелік инновация болып сипатталады:
1) теориялық және практикалық идеялар, жаңа технологиялар кешені;;
2) әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық құбылыстармен байланыстардың әр алуандығымен;;
3) педагогикалық шындықтың басқа компоненттерінен (оқыту, басқару процестері және т.б.) салыстырмалы тәуелсіздік (оқшаулау).);
4) интеграцияға, трансформацияға қабілеттілігі.

Психикалық дамуы тежелген балалар-бұл денсаулық жағдайы білім беру бағдарламаларын игеруге кедергі келтіретін немесе оны оқыту мен тәрбиелеудің ерекше жағдайларынан тыс қиындататын балалар.

Балалардың бұл санаты тән: эмоционалды тұрақсыздық, қозғыштықтың жоғарылауы, агрессивтілік, мазасыздық, дамыған өзін-өзі бағалаудың болмауы және т.б., бұл баланың сыртқы әлеммен қарым-қатынасын қиындатады. Сонымен қатар, осындай бұзылулардың аясында мінез-құлық пен қарым-қатынас әдістерінің теріс сипатын, тұтастай алғанда балалардың жеке өсуінің деформациясын анықтайтын екінші тұлғалық ауытқулар оңай пайда болады.

Осылайша, дамуында ауытқулары бар балаларға арнайы ұйымдастырылған педагогикалық және психологиялық көмек қажет, оның барысында келесі міндеттерді шешу қажет:
- танымдық мотивацияны қалыптастыру;
- жоғары психикалық функцияларды, ең алдымен сөйлеуді мақсатты қалыптастыру;
- ауызша медиацияның жетіспеушілігін жеңу, сыртқы әлеммен өзара әрекеттесудегі қиындықтар, қарым-қатынастың әртүрлі формаларын дамыту;
- эмоционалдық саланы, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- әлеуметтік-тұлғалық даму бұзылыстарының алдын алу және түзету;
- жалпы және ұсақ моториканың кемшіліктерін жеңу.

Л.Д.Лебедеваның жетекшілігімен жүргізілген зерттеулер арт-терапиялық сабақтар келесі маңызды педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретінін көрсетті.
1. Тәрбиелік: өзара әрекеттесу балалар құрдастарымен және ересектермен дұрыс қарым-қатынасты, эмпатияны, ұқыпты қарым-қатынасты үйренетін етіп жасалады. Бұл тұлғаның адамгершілік дамуына ықпал етеді, моральдық нормалар жүйесінде бағдарлауды, мінез-құлық этикасын игеруді қамтамасыз етеді. Мұғаліммен ашық, сенімді, достық қарым-қатынас қалыптасады.

2. Түзету: бұрын деформациялануы мүмкін "Мен" бейнесі сәтті түзетіледі, өзін-өзі бағалау жақсарады, мінез-құлықтың дұрыс емес формалары жоғалады, басқа адамдармен өзара әрекеттесу жолдары жасалады.
3. Дамытушылық: балалар эмоционалды тәжірибенің вербализациясын, қарым-қатынастағы ашықтықты, риясыздықты үйренеді.

Бұл міндеттерді педагогикалық әсер ету және психологиялық түзету әдістерінің кең спектрін қолдана отырып, арнайы педагогика мен арнайы психология шешеді. Бұзушылықтардың әртүрлілігі мен көптігіне байланысты балалармен түзету жұмыстары әртүрлі әдістер мен әдістерді тартуды талап етеді. Өнердің көмегімен психикалық дамуы тежелген балаға әсер ету сөйлеуді, жалпы танымдық белсенділікті дамытуда, оның өзін-өзі реттеуін, ойын әрекетін жақсартуда, жеке жетілмегендікті, эмоционалды-сауық саласының бұзылуын жеңуде, мотористикаларды дамытуда оң рөл атқара алады. Арт-терапиялық технологиялар дамудың кемшіліктерін жеңуде маңызды рөл атқара алады. Мысалы, балаларға әсер ететін музыкалық құралдарды қолдану кезінде, әсіресе топтық сабақтарда, психологиялық түзетудің көптеген мәселелері шешіледі. Жабық, аутист балаларда қарым-қатынас дағдылары қалыптасады, құрдастарымен бейресми байланыстар пайда болады. Қорқынышты балалар, ингибирленген балалар сенімдірек болады, олардың өзін-өзі бағалауы артады, қорқыныштың көрінісі жұмсарады. Агрессивті, эгоцентристік балалар өздерінің импульсивті импульстарын тоқтатуға және басқалардың мүдделерімен есептеуге үйренеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Копытин А. И. Основы арттерапии. – СПб.: Лань, 1999.
2. Групповая психотерапия. Психокоррекционные группы: теория и практика / Пер. с англ. - М.: Прогресс, 1990. –368 с.
3. Сьюзан Хоган. Феминистские подходы в арт-терапии. Лондон: Рутледж, 1997.
4. Копытин А.И. Арттерапия на русском языке. Питер, 1994.
5. Арттерапия – это творчество под наблюдением психолога. http: // bd.ru
6. Видео-арттерапия – Психологический словарь. http: // psi.webzone.ru
7. Артпедагогика и арттерапия в специальном образовании - …tttp:// gbg.ru

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Мұқтарова Әсем, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі – **Жумасейтова А.Е.,** педагогика ғылымдарының магистрі,
БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне өте қатты көңіл бөлген халық. Сондықтан бала үшін ойынның мәні ерекше. Ойын баланың өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ зиялыларынан А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Жұмабаев және т.б ойынның бала өміріндегі басты іс – әрекет екендігін атап көрсеткен. Ойынның тәрбиелік негіздерін адам баласының саналы ғұмыры басталғаннан әр кезеңде әр түрлі пікір айтып, өз ұрпақтарын тәрбиелеп, білім беруде іске асыру мәселесін үзбей айтып келеді.

Қазақтың ұлттық ойындарының қоғамдық және әлеуметтік маңызы аса зор. Қазақ халқы ұлттық ойындарға бай халық. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып жатыр. Ата – бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек ұлттық ойындардың бала өміріндегі атқаратын міндеті айрықша.

Еліміздің заманауи білім кеңістігіне бет бұруы ұлттық педагогикада, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді қажет етеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт – дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деп жазған болатын. Яғни, мектепке дейінгі кезеңнен бастап ұлттық тәрбиені қалыптастыру, баланың физикалық және ой – өрісінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру өте өзекті.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын – сауықтарының бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығын жақсартуда пайдасы аса күшті екені баршаға аян. Балалар тек қана қойнап қоймай, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Яғни, қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады. Мысыл ретінде: «Қуыр – қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады.

Қазақ халқы шыр етіп жерге түскен баласына салт – дәстүрлі тәрбиелерін бере отырып, балаларға арналған түрлі ойындарды үйреткен. Ол ойындарының көпшілігінің тәрбиелік маңызы зор. Тұрмыстық заттардың атын білуді, санай білуді үйрету, тіл дамыту, төрт түлік малдың, төлдерінің аттарын үйрету сияқты жаттығу ойындары баланың ой – өрісін дамытады. Бесіктен шықпаған бала анасынан бесік жырын естісе, бесіктен шыққан балаға саусақ санатып, сол сандарға күнделікті тұрмыста кездесетін заттардың атын қосып үйретеді.

Фольклортанушы ғалым Ә.Диваев «Қазақ балаларының ойындары» деген еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: 1. Өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала; 2. Жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар; 3. Он бес пен жиырма жас аралығындағы жастар. Осылай үш топқа бөліп келіп, мектеп жасына дейінгі балаларға лайықты «Санамақ», «Тәй – тәй», «Айгөлек», «Соқыр теке», «Алақан соқпақ», «Ақ серек – көк серек», «Сен тұр, сен шық», «Орамал тастамақ», «Ұшты ұшты» т.б. деп ұлттық ойындарды бөлді.

Мектеп жасына дейінгі ұйымдарда әр өткізілетін оқу қызметтерінде балаларға арнап ұлттық ойындарды ойнатып, түрліше қолдануға болады. Мәселен, санамақтардың әр түрін «Он бір қара жұмбақ», «Бес тас», «Саусақ ойыны», «Ойлан тап» т с.с. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін санамақты ойын түрінде айта отырып, алдымен жеті атаны, екіншіден 7-ге дейін санауды үйретуге болады. Сонымен қатар 1-10 ға дейін және кейін санауға үйретуге болады. Санамақ ойынын түрліше өзгерте отырып, санауға, қосу, азайту амалдарын үйренген кезде пайдалануға болады.

Сондай – ақ, мектеп жасына дейінгі балалар үшін ұлттық ойын «Соқыр теке» ойыны.

Соқыр теке бақ – бақ,
Біз айтамыз тақпақ.
Мықты болсаң кәнекей,
Пішіндерді тап – тап.

Бұл ойынның мақсаты бала пішіндерді қолымен сипап сезу арқылы анықтайды. Ойын барысында әр бала қолына түрлі пішіндер немесе геометриялық дене ұстап тұрады, ал көзі байланған бала соның бірін ұстап, ажыратуы қажет. Сонымен қатар заман талабына сай балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, теледидар, интерактивті тақта арқылы пішіндерді танытып, сандарды, санамақтарды тез жаттатып, түрлі ойын – есептер шығарып, баланың ой – өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін арттыруға болады.


Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ұлттық ойынның тағы бір түрі «Орамал тастамақ».

Кел, кәнекей тұрайық,
«Орамал тастамақ» ойынын
Тездете кәне, басталық.
10-ға дейін мүдірмей,
Айтып шығып кідірмей.
Орамалды жалғайық,
10 – 1 – ге дейін кідірмей,
Кері санап шығайық.

Балалар шеңберге тұрып, бір – біріне орамалды жалғап, тура, онан соң кері санап шығады. Мақсаты: Тура және кері санауға, шапшаңдыққа үйренеді. Яғни, ұлттық ойын элементтерін пайдалану арқылы педагог балаларға математикалық түсініктерді қарапайым ойын түрінде танытуына болады. Ұлттық ойындардың атын өзгертіп, күрделендіріп, не балалардың ұғымына лайықтап, жеңілдетіліп те пайдалануға болады.

Балабақша жасындағы балаларға ұлттық ойындарды ойнату арқылы олардың адамгершілік қабілеттерінің дұрыс және мәдениетті болып қалыптасуын жетілдіруге болады. Сонымен қатар ұлттық ойындарды балаға ертеден ойнату баланың ұлттық дәстүрді бағалап өсуіне, табиғи ортаны, жан – жануарды тануына көмектеседі.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты:



Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным – түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен – бірі ептілікті үйренеді. Ойын үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез – құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Қазақтың көне жыр – дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Мәселен «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елін сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысқа түсіп, одан кейін көп кісі қатысқан ойын – сауықтарда өздерінің мергендік, палуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендері айтылады.

Ұлы педагогтар халық мұрасының, ұлттық құндылықтардың қайталанбайтын түпнұсқалығын, тілдің, оның формалары мен мазмұнының ерекшелігін өсіп келе жатқан ұрпақтың танып, білуіне халықтық ойын арқылы жағдай жасау қажеттілігін жариялаған. Ұлттық ойындар арқылы моральдық құндылықтар қалыптасады, тапсырылған іске ұжым алдындағы жауапкершілік, достық сезімдер, мақсаттарға жету іс – әрекеттері, өзекті сұрақтарды шынайылықпен шешу жүзеге асырылады. Ойын – барлық тәрбие нормаларының қайсысынан болса да жоғары тұрады, өйткені ол баланың тұрмыс – тіршілігін ұйымдастыруға, баланың белсенділігін арттыруға, өз бетімен әрекет етуге мүмкіндік береді.

Тарихы тереңге жайылған салт – дәстүрлеріміз бен ұлттық ойындарымыздың мән – мағынасы мен берер тағлымы орасан зор екендігі баршамызға аян. Қоғам қаншалықты дами берсін, бүгінгі ақпараттық технология үстемдік құрған ғасырда да ұлттық ойындарымыздың құндылығы мемлекеттің болашағын шешетін құндылық ретінде өзінің тарихтан бері келе жатқан орнын сақтап қала беретіні анық.

Ұлттық ойындарымыздың тағы бір түрі – асық ойыны. Асық – көнеден келе жатқан көшпенділер мұрасы. Сол себепті халқымыздың асық ойыны – тәлім – тәрбиенің көзі деп білемін. Қай кезеңде болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрасының – міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Асық – төрт түлік малдың ішінде қой – ешкінің тілерсегінде, асықты жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Қазақта асық қасиетті саналады. Асықтың түр – түрлерімен балалар мен үлкендер де қызығып ойнаған. Асық ойыны арқылы баланы мергендік пен ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйластыққа тәрбиелеген. Бұл ойын көшпелі кезеңімізден бері мал шаруашылығымен айналысқан ата – бабаларымыздың қолданысында келе жатқан көне ойын түрі. Сол заманда әр қазақтың балалары мен жастарының бас қосуының негізінде асық ойыны ойнатылатын, әрі асықтарын сәби күннен бастап жинаған.

Асық технологиясы бүгінгі бүлдіршіндерді дамытуға қажетті бірегей методикалық құрал екенін айтуға болады. Асықты ұяшықтарға салу баланың саусақ буындарына өте пайдалы. Балалар боялып, тесілген асықты бір түстен кейін екінші түсті жіпке өткізіп, тізбектейді. Тізу арқылы бала түстерді бір – бірінен ажырата алады, қолының ұсақ моторикасын дамиды. Саусақтармен жұмыс жасау арқылы, саусақтары иілгіш болып жаттығады. Мұның бәрі баланың қиялы мен ойын, ұшқырлығын, зейінін жан – жақты дамытады.

Асық терапиясы балалардың қимыл – қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік – логикалық ойлауды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға, сабырға, бірлесе әрекет етуге тәрбиелейді.

Ұлттық ойындарды мектепке дейінгі ұйымдардың оқу тәрбие жұмысында пайдалану тәрбиешіден үлкен білімділікті, шеберлікті, соның нәтижесін көруге деген құштарлық пен төзімділікті, сабырлықты қажет етеді. Өйткені ол, бір күндік немесе бір жылдық іс – әрекеттің жемісі емес, ұзақ жылғы тірнектеп жиылған еңбектің жемісі болып табылады. Ұлттық ойындарды оқу – тәрбие жұмысына пайдалану педагогикалық жүйенің жалпы заңдылықтарына бағынады. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық

өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан – жақты тәрбиелік қасиетін шыңдай түседі.

Ұлы Абай «Адамның ерекше қасиеттері – ақыл – ой, сана – сезім, ішкі жан дүниесі, жоғары кәсіби – дәрежесі, шығармашылығы ұстаздан қалады» - деп тегін айтпаған. Олай болса, баланың бойындағы ерекше қасиетті, шығармашылықтың қабілетті ашу – тәрбиеге жүктелер жауапты міндет.

Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуіне пайдасы зор. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен ойната отырып жан – жақты тәрбиелейміз.

Ұлттық ойындар

Ойын: «Асықтарды түсіне және санына қарай топтастыр»

Мақсаты: Түстерді, сандарды ажырата отырып, асықтарды топтастыруға үйренеді. Ойлау, есте сақтау қабілеттері артады. Жұптық жұмыс жасауға дағдыланады. Достық қарым-қатынастары артады.

Шарты: Екі бала жұптасып отырып 1-ден 10-ға дейінгі қатарды санына, түсіне қарай асықтарды орналастырады. Жұбы қателесіп кетсе қолдау көрсетіп, қателікті түзеуге мүмкіндік береді. (Түстерді үш тілде айту. Асық туралы қысқаша мәлімет беру: Асық төрт түлік малдың сүйегінен алынады. Оның түрлері өте көп. Асық тәрбие құралы болып есептелінеді, ешқандай зияны жоқ)





Ойын: «Қыз қуу»

Мақсаты: «Қыз қуу» ұлттық ойынына қызығушылықтарын арттыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Шарты: Ойынға 2 бала шығады. 1 ден – 6 ға дейінгі сандар бейнеленген сүйекшенің көмегімен ойналатын ойын, ойынды қыз бала бастайды. Сүйекшені лақтырғанда қай сан түссе, сонша қадам жүреді. Бала қызға қуып жетсе, керісінше қыз бала ұл баланы қуады. Ойын жалғаса береді.





Ойын: «Тышқан мен мысық»
Мақсаты: Балалардың кеңістікті бағдарлау, берілген белгі бойынша жылдам қимылдау, ептілік, батылдық қабілеттерін дамыту.
Шарты: Ойынға 5 бала шығады. Оның 1-уі мысық, 4-3 тышқан. 1-ден 6-ға дейінгі түстер бейнеленген сүйекшенің көмегімен ойналатын ойын. Ойын жүргізуші сүйекшені лақтырғанда қай түс түссе, сол түстегі тышқан мысықтан қашу керек. Мысық тышқанды ұстаған жағдайда айыбына өнер көрсетеді. Ойын жалғаса береді.





Әдебиеттер тізімі:
1. Сейіт Кенжеахметұлы. Қазақтың салт – дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары. Атамұра, 2010.
2. Қазақ халқының салт – дәстүрлері. «Көшпенділер» баспасы. Алматы, 2013.
3. «Мектептегі мерекелер» журналы. №11 (149), қараша, 2020 жыл.
4. «Тәрбиелік іс–шаралар: мектепте және мектепке дейінгі мекемелерде» журналы. №3 (73), 2020 жыл.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ БАЛАЛАРДА АГРЕСИВТІЛІКТІ ЖЕҢУДЕ ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Нағимуллина Азиза, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Нурмуканбетова В.Е.,** әлеуметтік ғылымдарының магистрі, БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Мектепке дейінгі балалар арасындағы жоғары деңгейдегі агерсивтілік қазіргі қоғамның өзекті мәселесі болып отыр. Мектептегі, мектепке дейінгі мекемелердегі агресивтілік ата-аналарды, педагогтарды, тәрбиешілерді алаңдатуда. Білім беру гуманистік және демократиялық жүйенің маңыздылығымен байланысты, соның ішінде мектепке дейінгі қоғамдық тәрбие берудің негізгі мақсаты баланың өмір сүруінің ең алғашқы жыладыранан-ақ қоғамның кері әсеріне қарсы тұруға көмектесетін адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, толерантылыққа, әлемді сүюге үйрету болып табылады [1].

Ерте балалық шақта және мектепке дейінгі кезеңде агресивтілік көптеген балаларда тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделуінің әлсіз көрінісі және жалпы әлеуметтік комуникативтік дағдылардың қабылданбауы әсерінен пайда болады. Біртіндеп, басқалармен қарым-қатынастың әсерінен өзара әрекеттесудің деструктивті формалары жаңа әлеуметтендірілген мінез-құлық формаларымен алмастырылады [2].

Тақырыптың өзектілігі сөзсіз, өйткені мұндай мінез-құлқы бар балалардың саны тез өсуде. Бұл бірқатар қолайсыз факторлардың жиынтығынан туындайды. Зорлық-зомбылыққа табынуды үнемі насихаттайтын бұқаралық ақпарат құралдары, компьютерлік ойындар да өз үлесін қосуда.

Отбасылық тәрбие дағдарысы, баланың миына зақым келтіру түріндегі салдарларды қалдыратын патологиялық босану үлесінің артуы. Соңғы жылдары балалардың агрессиялық проблемаларына ғылыми қызығушылық айтарлықтай өсті, бірақ, өкінішке орай, жұмыс негізінен оның механизмдері мен көріністері туралы теориялық пайымдауды қамтиды. Балалардың агрессиясының жоғарылауы балалар командасындағы жиі кездесетін мәселелердің бірі болып табылады. Агрессияның белгілі бір түрлері мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігіне тән. Барлық дерлік балалар ұрысады, күреседі, шақырады және т. б. [3].

Балалардың белгілі бір санатында агрессия тұрақты мінез-құлық нысаны ретінде сақталып қана қоймай, дамып, тұлғаның тұрақты сапасына айналады. Нәтижесінде баланың өнімді әлеуеті төмендейді, толыққанды қарым-қатынас мүмкіндіктері тарылып, оның жеке дамуы деформацияланады. Агрессивті бала басқаларға және өзіне көптеген қиындықтар әкеледі. Алайда, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында ертегінің мектеп жасына дейінгі балалардың агрессивтілігін түзетудегі теориялық негізделген мүмкіндіктері табылды. Соңғы жылдары балалардың агрессиялық проблемаларына ғылыми қызығушылық айтарлықтай өсті, бірақ, өкінішке орай, жұмыс негізінен оның механизмдері мен көріністері туралы теориялық пайымдауды қамтиды [4].

Сонымен қатар, түзету мен терапияның нақты тәжірибесіне негізделген зерттеулер салыстырмалы түрде көп емес. Сонымен қатар, агрессивтілігі тек қалыптасу сатысында тұрған мектеп жасына дейінгі балаларға көмектесу өте маңызды. Бұл сізге уақтылы түзету шараларын қабылдауға мүмкіндік береді, балалардағы агрессия мәселесін және агрессивті мінез - құлықты қалыптастыру процесін зерттеудің өзектілігін, сондай-ақ оны мектепке дейінгі балалық шақтан бастап-баланың жеке басының бастапқы қалыптасуының жас кезеңін іздеуді анықтайды. Біздің ата-бабаларымыз бала тәрбиесімен айналысып, оларға қызықты оқиғалар айтып берді. Кінәлі баланы жазалауға асықпай, олар іс-әрекеттің мәні айқын болатын әңгіме жүргізді, ал көптеген әдет-ғұрыптар балаларды бақытсыздықтардан қорғады, өмірлерін үйретті [5].

Мұғалімдер мен психологтардағы "ертегі терапиясы" термині оң мағынаға ие, өйткені бұл тәрбие мен оқытудың ең көне әдісі. Бүгінгі таңда ертегілерді қолдану туралы айтатын болсақ, ең алдымен, бұл адамның рухани әлемі мен әлеуметтік іске асырылуы, адамның табиғатына жақын. Білім беру жүйесі туралы білім беру тәсілдері деп түсініледі. Ертегілерді қабылдау арқылы біз баланы тәрбиелейміз, оның ішкі әлемін дамытамыз, жанды емдейміз, өмір заңдылықтары мен шығармашылық күш пен тапқырлықты көрсету жолдары туралы білім береміз. Балалар қандай да бір проблемаларға тап болады, ересектерге келеді, бірақ көбінесе ересектер ұсынатын әдістер олар үшін қолайлы емес. Содан кейін олар ата-аналар оларға көмектесе алмайды деген қорытындыға келеді. Балаға толып жатқан қайғы, тітіркену, ашу немесе қуанышты қайда қою керек? Мұнда ертегі терапиясы көмекке келуі мүмкін. Бұл бірдей ертегілер, тек кез-келген мәселеге бағытталған. Бұл нәресте жиі кездесетін белгілі бір жағдайлар туралы әңгіме, сонымен қатар баланың бойында пайда болатын сезімдерді сипаттайды, олар өмірдің әртүрлі оқиғаларымен байланысты болуы мүмкін. Біріншіден, бала ересектерді оның проблемалары қызықтыратынын, ересектер оның жағында екенін түсінеді. Екіншіден, ол өмірге келесі көзқарасты үйренеді:" өзіңізде жанжалды шешу үшін күш ізде, сен оларды міндетті түрде табасың және қиындықтарды жеңесің", яғни біз өз өмірімізді өзіміз үшін құрғандай өмір сүреміз. Үшіншіден, әңгімелер кез-келген жағдайдан шығудың жолы әрқашан бар екенін көрсетеді, оны тек іздеу керек [6].

Ертегі әңгімелерінде олар көтеретін тақырыптардың келесі топтарын бөлуге болады.

1. Қарым-қатынасқа байланысты қиындықтар.
2. Кемшілік сезімі. Барлық дерлік агрессивті мінез - құлық өздерінің "маңыздылығын" сезінудің және керісінше дәлелдеуге тырысудың нәтижесі болып табылады.
3. Әр түрлі себептер бойынша қорқыныш пен уайым.
4. Жас ерекшелігіне байланысты мәселелер. Ертегі терапиясының нәтижесінде бала өзіне қажет ересектердің қолдауын сезінеді. Қиял-бұл күрделі процесс. Бала көретін және еститін нәрсе-оның болашақ шығармашылығы үшін алғашқы тірек нүктелері. Ол материалды жинақтайды, одан кейін оның қиялы құрылады. Бұдан кейін осы материалды өңдеудің күрделі процесі жүреді. Белгілі бір эмоционалды және мінез-құлық қиындықтары бар балалармен жұмыс істеудің тиімді әдістерінің бірі-ертегі [7].

Бұл адамзат өркениетіндегі практикалық психологияның ең ежелгі әдісі және қазіргі ғылыми практикадағы ең жас әдістердің бірі. Үшін практикалық психологиядағы бағыт болу үшін ертегі үлкен жолдан өтті. Ол болған және болуы жалғастыруда құралы тәжірибесін беру және білім "сөз-ақ аузынан". Бұл әртүрлі мамандардың зерттеу тақырыбы, көптеген психологтарға, психотерапевттерге және мұғалімдерге психологиялық көмек және әртүрлі психикалық бұзылуларды, соның ішінде агрессияны оқыту және түзету әдісі ретінде қызмет етуді жалғастыруда. Ақыр соңында, ол адамзат мәдениетінде ерекше құбылыс ретінде танылды [8].

Бұл әдіс мектепке дейінгі, бастауыш мектеп және басқа жастағы балаларда кездесетін бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс мектепке дейінгі, бастауыш мектеп және басқа жастағы балаларда кездесетін бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, ертегі арқылы сіз агрессивті, сенімсіз, ұялшақ балалармен жұмыс жасай аласыз; ұят, кінә, өтірік, өз сезімдерін қабылдау, сондай-ақ әртүрлі психосоматикалық аурулар, энурез және т.б. [10].

Зерттеу мақсаты: мектеп жасына дейінгі 6-7 жасар балалардың агрессиясын ертегі терапиясымен емдеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Түзету-дамыту жұмыстарын жүйелеп бағдарлама құру.
2. Бағдарламадағы әдістерді қолдану арқылы сыналатын топқа тиімділігін бағалап тексеру, зерттеу.
3. Зерттеу барысынан алынған нәтижелерді талқылау.
4. Зерттеуге алынған экспериметті топтағы балалардың агрессивтілік әрікетіне түзету-дамыту жұмысының тиімділігін қорытындылау.

Зерттеу объектісі: мектеп жасына дейінгі 7 – бала алынды, Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық білім беру бөлімінің Аққозы жалпы орта білім беретін-мектеп балабақша кешені. Мектепке дейінгі зерттеу нәтижесінде агрессивтілік деңгейі жоғары балалар реттеліп алынды.

Зерттеу пәні: 5-6 жастағы балаларды агрессивті әрекеттің пайда болу.

Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін факторлар.

Көптеген балалардың агрессиялық жағдайға тап келуінің басты себебі коммуникация мен қарым-қатынастағы базалық әлеуметтік ептіліктердің жеткіліксіздігімен байланысты. Өзінің әлеуметтік үйрену теориясында А.Бандура агрессивті мінез-құлықты талдаудың үш кезеңін бөліп көрсетті:

1. Әрекеттерді меңгеру тәсілдері;
2. Олардың көрінуіне себеп болатын факторлар;
3. Солар бекітілетін жағдайлар.

Зерттеу әдістемелерін таңдау:

Біз жұмысымыздың басында, әдістемелерді өңдеу барысында бізге балалардың агрессиясының анықтауға көмектесетін зерттеу әдістемелерін жинадық. Мұнда мынандай әдістемелер қарастырылды: бірінші әдіс – бұл «Әлемде жоқ жануар» тесті. Бұл тұлғаны зерттейтін жобаланған әдістемені 1985 жылы М.З.Друзкевич ұсынған. Бұл әдістемеде таза ақ қағазға, жұмсақ қаламмен кездеспейтін жануарды ойлап тауып, суретін салып, оған кездеспейтін ат қойылады.

- Екінші әдіс «Кактус»графикалық техника. Мақсаты: баланың эмоцияналды сферасының жағдайын, агрессияның болуын, оның бағыты мен қарқындылығын анықтау.
- Үшінші әдіс «Қолдар». Агрессивті қатынастарды зерттеуге бағытталған проекциялық әдіс. Б.Брайклин,З.Пиотровский,Э.Вагнер құрастырған.
- Төртінші әдіс «Үй - адам –ағаш» Баланың агрессивтілігін және қақтығыстар негативтілік дұшпандық сияқты мінез құлық бұзылыстарының басқа түрлерін бағалау.

Қорыта айтқанда ертегіні пайдалану процесі балаға өз проблемаларын актуализациялауға және жүзеге асыруға, сондай-ақ оларды шешудің әртүрлі жолдарын көруге мүмкіндік береді. Өзінің құрылымында педагогикалық бағытқа ие бола отырып, ертегі терапиясы адамның рухани табиғатына сәйкес келетін білім беру жүйесі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Практикум по сказкотерапии. - СПб.: Речь, 2010. - 460 с.
2. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Путь к волшебству. Теория и практика сказкотерапии. – СПб.: Златоуст, 2015. – 382 с.
3. Юнг К.Г. Конфликты детской души: пер. с нем. – М.: Канон, 1994.
4. Франц М.Л. Избавление от колдовства в волшебных сказках. - М.: Класс, 2007. - 128 с.
5. Юнг К.Г. Структура психики и архетипы. – М.: Издательство: Академический проект, 2008. – 210 с.
6. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Путешествие в страну сказок: практическое пособие. – М., 2005. – С. 14–115.
7. Соколов Д. Сказки и сказкотерапия – М., 2001. – С.12 – 35.
8. Сакович Н.А. Практика сказкотерапии. – СПб.: Речь, 2007. – 214 с.
9. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Формы и методы работы со сказками. - СПб.: Речь, 2006. - 140 с.
10. Гнездилов А.В. Авторская сказкотерапия. – СПб.: Речь, 2012. – С. 36-42.

КОМАНДЫЛЫҚ ЖҰМЫС ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Науханова Назерке, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі – **Кадыржанова Ж.Е.,** психология ғылымдарының кандидаты,
БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновацялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.[1]

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту” бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру.

“Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі – өкілдері бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған ғана емес, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру болып табылады” делінген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында. [2] Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымының әрбір мұғалімінің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаналықтар мен кайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды.

Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі.

Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

- шыңдалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;
- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық;
- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым. [3]

Бұл технология Кеңес өкіметі кезінде 1973жылдан, Қазақстанда 1998 жылдан бері таныла бастады. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте қолданылады.Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. «Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы» RWCT Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір – түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Кезінде жоба ретінде ұсынылып, көпшіліктің қолдауын тапқан бұл технологияда Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, Эльконин-Давыдовтардың, басқа да ғалымдардың еңбектерінің ең құнды жерлері көрініс тауып, идеялар тоғысып, біріктірілген іспетті.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін қажет әрекеттер. Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, білім деңгейін көтеруде, балаларды

шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп есептеймін. [4] Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шыңдалған, бірін-бірі толықтырған ойлау десек қателеспейміз.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым үш деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің үлгісі. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Технология бойынша әр сабақ үш кезеңнен тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны ашу;
- ой толғаныс.

Бірінші кезең «Қызығушылықты ояту»

Кезеңнің мақсаттары:

- оқушы өзінде қалыптасқан білімі мен түсініктерін өзектендіру;
- оқылатын тақырыпқа танымдық қызығушылықты ояту;
- оқушының белсенділігін ояту;

Екінші кезең «Мағынаны ашу»

Кезеңнің мақсаты:

- жаңа ақпаратпен танысу;
- жаңа ақпараттармен өз білімімен ара — қатынас белгілеу.

Жеке тұлғаның іс-әрекеті Қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер

- мұғалім ұсынған белсенді оқыту әдістерін қолданып, жаңа тақырып материалдарын тыңдайды, оқиды;

-жаңа ақпараттардың мәнін түсіну барысында мәтін шетіне белгі қояды немесе жазып алады;

- қарастырылған материалдармен жұмыс істеу барысында өз түсінгенін қадағалайды, алдына қойған мақсаттарына жету үшін белсенді әрекет етеді.

Белсенді оқу әдістерін қолдану:

— инсерт;
— екі жақты күнделік;
— қосымша журнал;
— сабақтың бірінші кезеңінде қойылған сұрақтарға белсенді түрде жауап іздеу және т. б.

Бұл кезеңде жаңа ақпараттармен, ойлармен танысады, тиісті тақырыпқа байланысты кино көру, дәріс, әңгіме, тыңдау немесе тәжірибе — эксперимент жасау, мультимедиялық құралдарды пайдаланады. Сабақта жұмыс дара және жұп түрінде жүргізіледі. [5]

Үшінші кезең «Ой толғау»

Кезеңнің мақсаты:

— қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын ашу.
— оқылған материалды талдау және қорытындылау.
— тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау.
— Мағынаны тану кезеңінде білімге сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады.
— Қарастырған тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жаңа тақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады.
— өзіне қойған сұрақтарға мағыналы жауап алғандарын бағалайды.
— Алған білімдерін өмірмен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз бетімен жаңа идеяларды ойластырады. — кластер құру
— әртүрлі кезеңдегі ақпараттардың өзара қатынасын сипаттайтын кестелер толтырады.
— түйін сөздерге қайта оралу.
— дұрыс және дұрыс емесін мақұлдауға қайта оралу.
— рефлексивті сұрақтар

-пікір алмасу.

-шығармашылық жұмыстар. Оқылған ақпаратты талдау, түсіндіру, шығарманы өңдеу жұмысы топ бойынша жүргізіледі.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану балалардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. [6] Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы стратегияларды білімді меңгертудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті.

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланудың сабақ сапасына әсері өте мол. Сабақта жаңа технология элементтерін тиімді пайдалану оқушылардың танымдық әрекеттерін, белсенділігін дамытып, оларды шығармашылыққа жетелейді. Баланың логикалық ойлау қабілеті дамып, сабақтың сапасын артады. Ізденушілігін арттырып, өз ісіне сенімін нығайтады. Сабаққа қызығушылығын арттырып, белсенділігі күшейеді. Оқушылар сабаққа зор ынтамен қатысады, сабақ та сапалы өтеді. [7]

Егер де жаңа технология элементтерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді. Ең бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету, мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады. Қазіргі заман талабына сай оқушы мектепте алған білімін өмірде қолдана білуі маңызды. Елімізге қызмет ету үшін оқушылар білімді, ақпараттық технологияларды қолдана алатын, өмірде кездесетін проблемаларды шешуге бейімделген тұлға болуы тиіс. Бұл технологияның тиімділігі, оқушы мұғалімнің бағыт-бағдар беруі арқылы өз бетімен ізденіп, жаңа мәліметтер алып, еңбектену арқылы игереді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қошқарбаев Н. «Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары». - А., 2010.

2. Жартынова Ж.А., Ким В.Н., Қойлық Н.О., Орақова А.Ш. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып, сабақты жоспарлау және басқару». - А., 2009.

3. Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау // Қазақ тілі мен әдебиеті. - №10. 35-45 б.

4. Жеке тұлғаға бағытталған сабаққа қойылатын талаптар //Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. - 2008. 18-24 б.

5. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту //Білім-Образование. - 2006. - №2. 15-18 б.

6. Тілдік тұлға қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлаудың маңызы //Білім-Образование. - 2007. - №5. 12-23 б.

7. Мирсеитова С. «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері». - А., 2011 жыл.

ПСИХОСОМАТИКАЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚОРҒАНЫС МЕХАНИЗМДЕРІ ЖӘНЕ АУРУҒА ДЕГЕН ҚАТЫНАСЫ

Нургалиева Лаура, БҚИТУ педагогикалық факультетінің II курс студенті
Ғылыми жетекшісі – **Халикова Б.Т**., педагогика және психология магистрі,
БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал қ.

Психосоматикалық қатынастар мәселесі Гиппократ пен Аристотель заманынан бері бірнеше ғасырлар бойы психикалық және соматикалық тығыз байланыс байқалып, зерттелгеніне қарамастан, қазіргі медицинаның ең күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. 1818 жылы Лейпцигтегі неміс дәрігері Я.Хайнрот "психосоматикалық" терминін енгізді. Оның сөздері: "ұйқысыздықтың себептері әдетте психикалық соматикалық, бірақ өмірдің әр саласы оған жеткілікті негіз бола алады". "Психосоматика" термині жалпы қабылданған медициналық лексикаға бір ғасырдан кейін ғана енген.

Психосоматикалық бұзылыс - бұл ішкі органдар мен жүйелер функциясының бұзылуы, олардың пайда болуы мен дамуы негізінен нейропсихикалық факторлармен, өткір немесе созылмалы психологиялық жарақаттың тәжірибесімен және адамның эмоционалды реакциясының ерекшеліктерімен байланысты.

Психосоматикалық бұзылулардың ең көп таралған түсіндірмесінде соматикалық (физикалық) азаптың пайда болуында да, әлсіреуінде де психологиялық факторлардың маңыздылығын білу тән. Осылайша, қолданыстағы физикалық ауруды психосоматикалық ауруға жатқызу критерийі қоршаған ортадан психологиялық маңызды ынталандырудың болуы болып табылады, олар уақыт өте келе осы физикалық бұзылыстың пайда болуымен немесе өршуімен байланысты. Психосоматикалық бұзылулардың бұл түсінігі кең болып саналады, өйткені олардың пайда болуы мен дамуы нейропсихикалық факторлармен, өткір немесе созылмалы психологиялық жарақаттармен немесе адамның қоршаған ортаға жеке және эмоционалды реакциясының ерекшеліктерімен тығыз байланысты ішкі органдар мен жүйелер функциясының барлық бұзылыстарын қамтиды.

Қатаң айтқанда, психосоматикалық бағыт тәуелсіз медициналық пән емес-бұл ауруға әкелетін себептердің алуан түрлілігін ескеретін тәсіл. Демек, адаммен тұтас жұмыс істеуге мүмкіндік беретін әртүрлі әдістер мен әдістер. Бұл медициналық мамандықтар мен адамға деген көзқарастардың бытыраңқылығы, бұл дәрігердің жұмысындағы тұтастық идеясының жоғалуына әкелді. Бұл проблеманың өз себептері бар, ең алдымен-медицина ғылымында әдіс ретінде талдаудың басым болуы. Қазіргі уақытта медицинада 10 мың белгілер мен нозологиялық формалар сипатталған және адам ауруларымен сәтті күресу үшін үш жүзден астам медициналық мамандықтар бар.

Адам эволюциясы процесінде оның психикасының қоршаған ортаға бейімделуінің әмбебап механизмі біртіндеп бұзылды. Адам психологиясының және оның тіршілік ету ортасының өзгеруімен бірге жаңа психологиялық белгілер мен синдромдар пайда болды және сандық түрде өсті. Эволюция барысында адам биологиялық түр ретінде өзіне тән күшті, икемділікті, ұтқырлықты, терморегуляция қабілетін және сезім мүшелерінің белгілі бір сипаттамаларын алды. Ежелгі инстинктивті адам мінез-құлық бағдарламалары аштыққа, суыққа, жаулар мен жыртқыштардың шабуылына қарсы тұруға көмектесті.

Адамзат тарихы дамыған сайын жүктемелер өзгеріп отырды, олардан генетикалық қорғаныс бағдарламалары жоқ, ал қазір қоршаған ортаға бейімделу адамның бұлшықет күшіне, сүйектер мен сіңірлердің беріктігіне және жүгіру жылдамдығына қарағанда бірнеше есе көп адамның психикалық қабілетіне байланысты. Жаудың қаруы емес, сөз қауіпті болды. Бастапқыда денені қорғауға жұмылдыруға арналған адамның эмоциялары қазір жиі басылып, әлеуметтік контекстке еніп, уақыт өте келе бұрмаланып, олардың қожайыны ретінде

танылуын тоқтатады және ағзадағы деструктивті процестерді тудыруы мүмкін (Радченко, 2002).

Психосоматикалық тәсіл пациент тек ауру органның тасымалдаушысы болуды тоқтатқан кезде басталады және толығымен қарастырылады. Содан кейін психосоматикалық бағытты деперсонализацияланған медицинадан "емдеу" мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады.

Қазіргі идеяларға сәйкес психосоматикалық аурулар мен бұзылулар келесі бұзылуларды қамтиды.

1. Айырбастау белгілері. Невротикалық қақтығыс қайталама соматикалық жауап пен өңдеуді алады. Симптом символдық сипатқа ие, симптомдардың көрсетілуін жанжалды шешуге әрекет ретінде түсінуге болады. Конверсиялық көріністер көбінесе ерікті моторикаға және сезім мүшелеріне әсер етеді. Мысал ретінде истерикалық паралич және парестезия, психогендік соқырлық пен саңырау, құсу, ауырсыну құбылыстары жатады.

2. Функционалдық синдромдар. Бұл топта жүрек-тамыр жүйесі, асқазан-ішек жолдары, мотор аппараттары, тыныс алу органдары немесе генитурия жүйесіне әсер етуі мүмкін жиі анықталмаған шағымдардың түрлі-түсті көрінісі бар қабылдауға келген "проблемалы пациенттердің" басым бөлігі бар. Дәрігердің осы симптомдарға қатысты дәрменсіздігі, басқалармен қатар, осы шағымдарды көрсететін әртүрлі ұғымдармен түсіндіріледі. Көбінесе мұндай науқастарда тек жеке органдардың немесе жүйелердің функционалдық бұзылыстары болады; органикалық өзгерістер әдетте анықталмайды. Айырбастау белгілерінен айырмашылығы, жеке симптомның дене функциясының бұзылуының нақты емес салдары бола отырып, нақты мәні жоқ. Александр бұл дене көріністерін тән белгілері жоқ эмоционалды стресстің белгілері ретінде сипаттады және оларды орган неврозларымен белгіледі.

3. Психосоматоздар-тар мағынада психосоматикалық аурулар. Олар морфологиялық тұрғыдан анықталған өзгерістермен және органдардағы патологиялық бұзылулармен байланысты қақтығыс тәжірибесіне алғашқы физикалық реакцияға негізделген. Тиісті бейімділік органның таңдауына әсер етуі мүмкін. Органикалық өзгерістермен байланысты аурулар әдетте шынайы психосоматикалық аурулар немесе психосоматоздар деп аталады. Бастапқыда жеті психосоматоз бөлінді ("қасиетті жеті"): бронх демікпесі, ойық жаралы колит, маңызды гипертония, нейродермит, ревматоидты артрит, он екі елі ішектің ойық жарасы, гипертиреоз.

Кейінірек бұл тізім кеңейе түсті-психосоматикалық бұзылуларға қатерлі ісік, жұқпалы және басқа аурулар жатады.

4. Эмоционалды-тұлғалық реакция мен мінез-құлықтың ерекшеліктерімен байланысты психосоматикалық бұзылулар-жарақатқа және өзін-өзі бұзатын мінез-құлықтың басқа түрлеріне бейімділік (алкоголизм, нашақорлық, темекі шегу, семіздікпен тамақтану және т.б.). Бұл бұзылулар жеке басының ерекшеліктері мен оның тәжірибесінен туындайтын белгілі бір қарым-қатынасқа байланысты, нәтижесінде денсаулықтың бұзылуы болып табылатын мінез-құлыққа әкеледі. Мысалы, жарақатқа бейімділік дәлдікке, мұқияттыққа қарама-қайшы қасиеттері бар адамдарға тән. Жоғары азық-түлік тұтыну индикаторы ретінде қарастырылуы мүмкін беделін, әлеуметтік позиция немесе ауыстырумен, өтемақы, реніш.

Психиканың әсері кез-келген адам ауруларында қолайлы және мүмкін, сондықтан психосоматикалық медицина ешқашан тек психосоматозды зерттеумен шектелмеді. Психосоматикалық тәсіл медициналық қызметтің принципі ретінде психоәлеуметтік факторлардың кез-келген соматикалық аурулардың пайда болуы мен ағымына әсерін және осы факторларды ескере отырып, науқастарды психотерапиялық емдеуді мүмкіндігінше мұқият зерттеу болып табылады. Алайда медицинадағы психосоматикалық бағытты қазіргі заманғы түсіну аурулардың пайда болуы мен ағымының психологиялық механизмдері мен факторларын зерттеуден, психикалық стресс факторының табиғаты мен белгілі бір органдар мен жүйелердің зақымдануы арасындағы байланысты іздеуден тұрады.

"Психосоматика" сөзі күнделікті өмірде де, ғылыми әдебиетте де жиі қолданылатынына қарамастан, бүгінгі күні бұл терминнің бірыңғай анықтамасы жоқ. Жалпы алғанда, оның мағынасы оған кіретін сөздерден туындайды (жан мен дене). Бір жағынан, бұл термин психика мен дене функциялары арасындағы қарым-қатынасты орнататын, психологиялық тәжірибенің дене функцияларына қалай әсер ететінін, тәжірибенің белгілі бір ауруларды қалай тудыруы мүмкін екенін зерттейтін ғылыми бағытты білдіреді. Екінші жағынан," психосоматика " термині психикалық және физикалық өзара әсер етумен байланысты бірқатар құбылыстарды, соның ішінде бірқатар патологиялық бұзылуларды білдіреді. Үшіншіден, психосоматика психосоматикалық бұзылуларды ("психосоматикалық медицина") емдеуді мақсат ететін медицина бағытын білдіреді. Қазіргі уақытта психосоматика Пәнаралық ғылыми бағыт болып табылады:

- ол ауруларды емдеуге қызмет етеді, сондықтан медицина аясында;
- эмоциялардың физиологиялық процестерге әсерін зерттей отырып, ол физиологияны зерттеу тақырыбы болып табылады;
- психологияның саласы ретінде ол ауруларға байланысты мінез-құлық реакцияларын, физиологиялық функцияларға әсер ететін психологиялық механизмдерді зерттейді;
- психотерапияның бір саласы ретінде ол эмоционалдық реакция мен мінез-құлықтың организм үшін деструктивті тәсілдерін өзгерту жолдарын іздейді;
- әлеуметтік ғылым ретінде ол психосоматикалық бұзылулардың таралуын, олардың мәдени дәстүрлермен және өмір сүру жағдайымен байланысын зерттейді.

Психосоматикалық медицинаның дене мен психикалық арасындағы алшақтықты жоюға тырысатын ғылым ретінде пайда болу кезеңінде психосоматикалық аурудың қатаң бір сызықты моделі жасалды. Кейіннен ол физикалық және психоәлеуметтік факторлардың өзара әрекеттесуі кезінде кез-келген аурудың пайда болу мүмкіндігі туралы идеямен алмастырылды, бұл аурудың көп факторлы ашық моделіне әкелді. Осы жағдайға байланысты психосоматикалық бұзылулардың тар шеңбері проблемасының орнына интегралды психосоматикалық тәсіл келді.

Психосоматикалық бұзылулардың патогенезі өте күрделі және анықталған:

- спецификалық емес тұқым қуалайтын және туа біткен ауырлық соматикалық бұзылулар және. ақаулар;
- психосоматикалық бұзылуларға тұқым қуалайтын бейімділік;
- нейродинамикалық ауысулар (ОЖЖ қызметінің бұзылуы);
- жеке ерекшеліктері;
- травматикалық оқиғалар кезінде психикалық және физикалық жағдай;
- қолайсыз отбасылық және басқа да әлеуметтік факторлардың негізі;
- травматикалық оқиғалардың ерекшеліктері.

Бұл факторлар психосоматикалық бұзылулардың пайда болуына ғана емес, сондай-ақ жеке адамды психо-эмоционалдық стресстерге осал етеді, психологиялық және биологиялық қорғауды қиындатады, соматикалық бұзылулардың пайда болуын жеңілдетеді және ауырлатады.

Құмарлық пен тұрақты алаңдаушылық, нейро-вегетативті-эндокриндік өзгерістер және қорқыныштың тән сезімі түрінде көрінетін эмоционалды реакция психологиялық және соматикалық сала арасындағы байланыс болып табылады. Қорқыныш сезімінің толық дамуына қорғаныс физиологиялық механизмдері кедергі келтіреді, бірақ әдетте бұл физиологиялық құбылыстар мен олардың патогендік әсерін толығымен жоймай, азайтады. Бұл процесті ингибирлеу деп санауға болады, яғни психомоторлы және ауызша мазасыздық немесе дұшпандық сезімдер орталық жүйке жүйесінен келетін ынталандыру вегетативті жүйке жүйесі арқылы соматикалық құрылымдарға апаратын және осылайша әртүрлі мүшелер жүйелерінде патологиялық өзгерістерге әкелетін жағдай.

Психологиялық қорғаныспен бұғатталмаған эмоционалды тәжірибе болған кезде, Бірақ соматизация арқылы ол тиісті органдар жүйесіне әсер етеді, зақымданудың функционалды кезеңі соматикалық жүйеде деструктивті-морфологиялық өзгерістерге

айналады, психосоматикалық аурудың жалпылануы орын алады. Осылайша, психикалық фактор зиянды ретінде әрекет етеді.

Психосоматикалық ауруларға денсаулықтың бұзылуы жатады, олардың этиопатогенезі тәжірибенің шынайы соматизациясы болып табылады, яғни психикалық тепе - теңдікті қорғау кезінде дене денсаулығы зақымдалған кезде психологиялық қорғаныссыз соматизация.

Қазіргі психосоматикада бейімділік аурудың дамуын шешетін және кешіктіретін факторларды ажыратады. Бейімділік-бұл туа біткен (мысалы, генетикалық тұрғыдан анықталған) және белгілі бір жағдайларда мүмкін органикалық немесе невротикалық ауру түрінде пайда болатын дайындық. Мұндай аурудың дамуына серпін қиын өмірлік жағдайлар болып табылады. Егер невротикалық немесе соматикалық аурулар көрсетілсе, онда олар өздерінің заңдылықтарына сәйкес дамиды, алайда олар қоршаған орта факторларымен тығыз байланысты. Созылмалы ауруларда аурудың дамуына ықпал ететін факторлардың маңызы жақында ғана белгілі болды. Қалай болғанда да, психосоматикалық және невротикалық ауруды диагностикалау үшін оның пайда болуының ситуациялық сипатын түсіну қажет. Психосоматикалық бұзылулардың болуы негізгі диагнозды жоққа шығаруға әкелмейді. Егер бүгінгі күні психосоматикалық, биопсихоәлеуметтік ауру туралы айтатын болсақ, онда бұл тек бейімділік - тұлға - жағдай арасындағы байланысты көрсетеді.

Қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынаста болған адам аурудан аулақ болып, экстремалды соматикалық және психикалық жүктемелерге төтеп бере алады. Дегенмен, өмірде жеке проблемалар бар, олар белгілі бір өмірлік жағдайларда теріс эмоциялар мен өз-өзіне күмәндануға әкелетін осындай ауыр бекіту мен ақыл-ойдың бұзылуын тудырады. Дәл қиын жағдайларда эмоционалды депрессияны көрсететін психосоматикалық тұрғыдан ауыр науқастар өздерінің жағдайын дұрыс бағалай алмайды және сипаттай алмайды.

Осылайша, психосоматикалық аурулардың патогенезін қазіргі түсінуде олардың табиғатын түсіндіруде көп факторлы деп танылады. Соматикалық және психикалық арақатынас, яғни бейімділік пен қоршаған ортаның әсері, қоршаған ортаның нақты жағдайы және оның субъективті өңделуі, физиологиялық, психикалық және әлеуметтік әсерлері, олардың жиынтығы мен толықтырылуы - мұның бәрі өзара әрекеттесетін психосоматикалық ауру факторлары ретінде маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сидоров П.И., Парняков А.В. Клиническая психология: учебник. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2008. - 880 с.: илл.

2. Малкина-Пых И.Г. Психосоматика. - М.: Эксмо, 2008.

3. "Основы психосоматической медицины", разработки к семинарским занятиям для студентов 6 курса лечебного и спортивного факультетов"/ Под ред. У.В. Лебедевой, Н.Г. Незнанова, Л.И. Вассермана. – СПб: Изд-во СПбГМУ им. акад. И.П.Павлова, 2008.

4. Мишуров С.В. Психосоматикалық бұзылыстар және дене психотерапиясы. //https://kk.perestanovki.org/4724-psychosomatic-disorders-and-body-psychotherapy.html

ДИДАКТИЧЕСКАЯ ИГРА КАК СРЕДСТВО АКТИВАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

Пустоварова Елена, студентка II курса педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель - **Султаниязова Н. Ж.,** магистр психологии,
старший преподаватель ЗКИТУ

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Основной формой учебно-воспитательной работы в начальной школе, как известно, является урок. Именно на уроке усваивают учащиеся знания и приобретают навыки использования их в практической учебной работе. На уроке же закладываются основы формирования каждого учащегося как личности, формируется его познавательная активность.

Может ли современный урок в начальной школе быть радостным и интересным? Может ли он активизировать творческие и познавательные силы ученика? Может ли он, не только давать знания, расширяя кругозор учащихся, но и ставить его перед ситуацией нравственного выбора, принятия им самостоятельного решения? Мы считаем, что может и должен! И достичь этого можно активизацией познавательно – игровой деятельностью на уроках. Как говорил В.А. Сухомлинский и мы с ним абсолютно согласны «Игра – это огромное светлое нежное, через которое в духовный мир ребенка вливается живительный поток представлений и понятий об окружающем мире. Игра – это искра, зажигающая огонек пытливости и любознательности» [1].

Задача учителя – научить каждого ребенка самостоятельно учиться, сформировать у него потребность активно относиться к учебному процессу [2].

Педагоги и психологи на протяжении многих десятилетий в качестве одного из действенных методов формирования положительного отношения к учению выделяли игру.

Игра для детей задержкой психического развития (ЗПР) продолжает оставаться одним из главных средств и условий развития интеллекта школьника. Игра порождает радость и бодрость, воодушевляет ребят, обогащает впечатлениями, помогает избегать назойливой назидательности, создает в детском коллективе атмосферу дружелюбия.

В играх для школьников не должно быть серости и однообразия. Игра должна постоянно пополнять знания, быть средством всестороннего развития ребенка, его способностей, вызывать положительные эмоции, и развивать его познавательную активность.

Игра – путь детей с ЗПР к познанию мира, в котором они живут. Труд и учение, сочетаясь с игровой деятельностью, способствуют формированию характера и развитию воли. Усилия (физические и психические), которые ребенок делает в игре, плодотворны, так как в игре незаметно для себя он вырабатывает ряд навыков и умений, которые в последствии пригодятся ему в жизни. Игры разнообразят виды деятельности на уроке, воспитывают интерес к предмету, развивают внимание, память и мышление учащихся, ведут к систематизации жизненного опыта, являются разрядкой для нервной системы, развивают инициативу и находчивость, приучают к труду, точности, аккуратности и к настойчивости в преодолении препятствий.

Ш. А. Амонашвили писал, что без игры на уроке невозможно увлечь ребенка в мир знаний и нравственных переживаний, сделать его активным учеником и творцом урока. Игра в полной мере соответствует активной природе младших школьников. В школьной практике наибольшее распространение получили дидактические игры, так как при использовании их на уроках, происходит активное усвоение знаний [3].

Дидактическая игра (игра обучающая] – это вид деятельности, занимаясь которой дети учатся. Это является утвержденным в педагогической практике и теории средством для

расширения, углубления и закрепления знаний. Она является важным средством воспитания умственной активности учащихся. Она вызывает у детей живой интерес к процессу познания и помогает им усвоить любой учебный материал.

Дидактическая игра только внешне кажется развлечением, в действительности она требует серьезной предварительной подготовки со стороны учителя и учащихся. В процессе игры от детей с ЗПР требуется выдержка, большое умственное напряжение, проявление самостоятельности. Но игра всегда приносит удовлетворение и радость и не нужно бояться, что она нанесет ущерб научности. Сделав материал доступным, интересным, игра создает широкие образовательные возможности для выявления у учащихся общих знаний, понятий, установлений межпредметных связей. Кроме того она способствует сплочению детского коллектива, формированию у учащихся взаимного уважения и понимания, влияет на отношения учителя и ученика, делая их более доброжелательными [4].

В своей работе я использую следующие виды дидактических игр:

1. Игры – путешествия призваны усилить впечатление, обратить внимание детей на то, что находится рядом.
2. Игры – поручения по содержанию проще, а по продолжительности короче. В основе их лежат действия с предметами, игрушками, словесные поручения.
3. Игры – предложения (что было бы, если…). Перед детьми ставится задача и создается ситуация, которая требует осмысления последующего действия. При этом активизируется мыслительная деятельность детей, они учатся слушать друг друга.
4. Игры – загадки. В основе их лежит проверка знаний, находчивости.
5. Игры – беседы. В основе их лежит общение. Основным является непосредственность переживаний, заинтересованность, доброжелательность.

В основе словесных игр лежит накопленный опыт детей, их наблюдения. Задача этих игр состоит в систематизации и обобщении [5, 6].

Одним из современных игр для обобщения являются программированные дидактические игры. В них игровое действие происходит при использовании техники – на произведенное действие, в качестве ответа, появляется обратная связь – звуковой или световой сигнала. Ориентируясь по этому сигналу, дети контролируют, правильно ли соблюдаются ими определенные правила. Дидактическая игра, как и каждая игра, представляет собой самостоятельную деятельность, которой занимаются дети.

Дидактические игры по числу участников в них делятся на коллективные, групповые, индивидуальные.

Очень важно различать дидактические игры и игровые моменты, так как дидактическая игра имеет определенную структуру. Основными структурными компонентами дидактической игры являются: игровой замысел, правила, игровые действия, познавательное содержание или дидактические задачи, оборудование, результат игры.

Игровой замысел – первый структурный компонент игры – выражен, как правило, в названии игры. Он заложен в той дидактической задаче, которую надо решить в учебном процессе. Каждая дидактическая игра имеет правила, которые определяют порядок действий, и поведение учащихся в процессе игры способствуют созданию на уроке рабочей обстановки. Существенной стороной дидактической игры являются игровые действия, которые озвучиваются правилами игры, предоставляют учащимся возможность проявлять свои способности, применять имеющиеся знания для достижения целей игры.

Основой дидактической игры, которая содержит ее структурные элементы, является познавательное содержание. Оно заключается в усвоении тех знаний и умений, которые применяются на уроке. Все структурные элементы дидактической игры взаимосвязаны между собой, а отсутствие основных из этих элементов нарушает логику игры. Сочетание всех элементов игры и их взаимодействие приводит к повышению организованности игры, к желаемому результату. Дидактическая игра имеет определенный результат, который является финалом игры, придает игре законченность [7].

Дидактическая игра – это игра только для ребенка. Для взрослого она – способ обучения. Цель дидактических игр – облегчить переход к учебным задачам, сделать его постепенным. Все это позволяет сформировать основные функции дидактических игр:
- функция формирования устойчивого интереса к изучению и снятия напряжения, связанного с процессом адаптации ребенка к школьному режиму;
- функция формирования психических новообразований;
- функция формирования собственно учебной деятельности;
- функция формирования общеучебных умений, навыков учебной и самостоятельной работы;
- функция формирования навыков самоконтроля и самооценки;
- функция формирования взаимоотношений и освоение социальных ролей.

Изучение современной педагогической литературы об игре позволяет сформулировать следующие требования, которые учитель должен соблюдать при организации дидактических игр на уроках в начальной школе:
1. Однако игра не должна быть самоцелью, а должна служить средством развития интереса к предмету, поэтому при ее организации следует придерживаться следующих требований;
2. Правила игры должны быть простыми, точно сформулированными. Материал игры должен быть посилен для всех детей.
3. Дидактический материал должен быть прост и по изготовлению, и по использованию.
4. Игра интересна в том случае, если в ней участвует каждый ребенок.
5. Подведение результатов игры должно быть справедливым и четким [2].

Ценность дидактической игры как воспитательного средства заключается в том, что, оказывая воздействие на коллектив играющих детей, педагог через коллектив оказывает воздействие на каждого из детей.

Дидактическая игра – сильный стимулятор умственной, коммуникативной деятельности детей с ЗПР. Она позволяет закрепить знания и навыки школьников, применить их на практике, приучает к самостоятельности в работе, соблюдению норм речевого этикета. Использование дидактических игр необходимо для решения всех задач речевого развития. Они закрепляют и уточняют словарь, развивают объяснительную речь. В играх ребенок попадает в ситуации, когда он вынужден использовать приобретенные речевые знания и словарь в новых условиях. Они проявляются в словах и действиях играющих[8].

Таким образом, использование дидактических игр в работе, способствуют и развитию речевой активности детей, и развивает их познавательную активность.

Список литературы:

1. Соловейчик В.А. «Сухомлинский о воспитании». М., 1973г.

2. Пакулова О. А. Через игру к совершенству // Проблемы и перспективы развития образования: материалы междунар. науч. конф. (г. Пермь, апрель 2011 г.).

3. Амонашвили Ш.А. «Здравствуйте, дети!», Просвящение 1983г.

4.Спивакоская А.С. Игра – это серьезно. М., 1981г.

5.Беседы с учителем. Методика обучения. 1 класс / Под ред. Л.Е. Журовой. М.: Вентана-Графф, 2002г.

6. Богусловская З.М., Смирнова Е.О. Развивающие игры для детей младшего школьного возраста. М.: Просвещение, 1991г.

7. Усова А. Роль игры в воспитании детей. М., 1976г.

8. Букатов В.М.. Педагогические таинства дидактических игр: учеб.пособие. М.: Моск. психол.-соц. ин-т: Флинта, 1997г.

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Саматова Нұргүл, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Баймуханова Б.К.,** пс.ғ.к., БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал қ.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі қағидаларының бірі оқушылардың креативті ойлауын дамытуды, креативті қызметке деген қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, олардың білімін дараландыруды көздейтін жеке бағдарлау болып табылады. Сабақтарда шығармашылық іс-әрекеттің басым болуымен оқу процесінің сипатын, оқушылардың іс-әрекет тәсілдерін, оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас стилін, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің стилін өзгерту қажеттілігі туындады.

Баланың дамуы тек іс-әрекетте жүреді. Оқушыларға дайын білімнің белгілі бір көлемін айту ғана емес, оларды ойлауға, белсенді шығармашылық ізденіс процесінде қажетті тұжырымдарға келуге үйрету өте маңызды. Танымдық іс-әрекетке деген қажеттілік кездейсоқ пайда болмайды. Педагогтар оны әр баланың жеке қасиеттеріне сүйене отырып, дамытады.

Педагогтардың негізгі міндеттерінің бірі - оқушылардың танымдық белсенділігін жандандыру, өйткені оқу іс-әрекетінің барлық мотивтерінің ішінде ең тиімдісі-оқу процесінде пайда болатын танымдық қызығушылық. Ол қазіргі уақытта ақыл-ой белсенділігін арттырып қана қоймай, оны әр түрлі мәселелерді шешуге бағыттайды.

Осылайша, сабақта оқушылардың танымдық белсенділігін жандандыру мектептегі оқу процесін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Оқушылардың білімін саналы және берік игеру олардың белсенді ақыл-ой белсенділігі процесінде жүреді. Сондықтан әр сабақта жұмыс Оқу материалы оқушының белсенді іс-әрекетінің тақырыбына айналуы үшін ұйымдастырылуы керек. Бұған іздеу қызметінің элементтерін, креативті тапсырмалар жүйесін пайдалану, проблемалық жағдайларды шешу арқылы шығармашылық ойлауды дамыту ықпал етеді.

Соңғы жылдары жеке тұлғаны даму сатысының алғашқы баспалдағынан бастап жан-жақты тәрбиелеу, бойында эмоционалды және рационалды бастамалардың үйлесімді дамуын жүзеге асыратын тәрбие беру өзекті мәселеге айналып отыр.

Қазіргі қоғам жас ұрпақтың жаңаша ойлауын, біртұтас дүниетанымының қалыптасуын, әлемдік сапа деңгейдегі білім, білік негіздерін меңгеруін талап етіп отыр. Жеке тұлға бойындағы қажетті басқа сапалармен қатар, «креативтілік», «креативті ойлау» сияқты сапалар да жиі айтылып жүр.

Креативтілік - бұл адамның идеяларды қалыптастыру, жаңа және стандартты емес нәрсе жасау қабілеті. Креативтілік - бұл ерекше ойлау қабілеті және осы ойлауды іс жүзінде қолдану.

Қазіргі заман психологиясында «креативтілік» аумағындағы зерттеулер белсенділік байқалуда. Креативтілік – ағылшынның “Creativity” сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді. Шығармашылық психиканың даму механизмі мен негізі ретінде қарастырылады (Н.В. Кипиани, А.М.Матюшкин, Я.А. Пономарев, И.Н. Семенов және т.б.). Оны зерттеу ойлау заңдылықтарымен байланыстырылады (Н.Г. Алексеев, С.М. Бернштейн, В.С. Библер, В.Н. Пушкин, О.К. Тихомиров, Э.Г. Юдин және т.б.). Шығармашылық психологиясындағы креативтілік атауымен белгілі болған бағытты зерттеуді Дж. Гильфорд, С. Медник, В. Смит, К. Тейлор, Е. Торренс, Х. Трик, М. Уоллах, Д. Халперн және тағы басқа шетел ғылымдары жүргізді. Бірақ, Н.Т. Алексеев, С.М. Бернштейн, А.Н. Лук, Я.А. Пономарев, Н.Г. Фролов, Э.Г. Юдин, М.Г. Ярошевский сияқты авторлардың айтуы бойынша креативтілікті зерттеудің қорытындылары айтарлықтай нәтижелі болмады [1,52 б.].

Шетел зерттеулерінің креативтілікке берген анықтамалары мен ұғымдарын талдай және жалпылай отырып, Р. Холлменн былай дейді: «Креативтілік жаңа тәсілмен жүзеге асырылған қабылдау ағыны (Маккеллар), жаңа байланыстар табу қабілеті (Кюби), жаңа қарым-қатынастардың пайда болуы (Роджерс), жаңа шығармалардың туындауы (Меррей), жаңалықтар ашуға және оларды білуге қабілеті (Лассуэль), жаңа шешімдерге әкелетін ақыл-ой іс-әрекеті (Жерар), жаңа ұғымға тәжірибені көшіру (Тейлор), жаңа констелляциялық мағыналардың елесі (Гизелин)». Бірақ көптеген зерттеушілер креативтіліктің анықтамасында тұлғаның ерекшелігіне немесе қасиетіне басты назар аударады. Дж. Гилфорд креативтілік пен шығармашылық потенциалды табысты шығармашылық ойлауға ықпал ететін қабілеттер мен басқа ерекшеліктерінің жиынтығы тәрізді анықталуы мүмкін деп есептейді.

Қазіргі заман және шетел шығармашылық психологиясында шығармашылық процестің сатылануы туралы пікір қалыптасқан (мәселенің пайда болуы, инкубация, интуитивті шешім қабылдау, идеяларды жүзеге асыру, верификация). Оның орталық буыны болып интуитивті кезең саналады (А.В. Брушлинский, А. Кестлер, А.Н. Лук, В.А. Моляко, Я.А. Пономарев, Т. Рибо, Р. Уоллес, П.М. Якобсон және т.б.).

Креативтілікті – жаңа өнім немесе шығармашылық ойлаудың қорытындысы деген пікірді ұстанған ғалымдар таласы әлі де жалғасуда (К. Тейлор, В.А. Терехов, О.К. Тихомиров және т.б.). Басқа зерттеулерде жаңаны құруда шығармашылық процестің басымдылығы көрінеді (Р. Арнгейм, А.В. Брушлинский, В.А. Моляко, В.Н. Пушкин, Р. Уоллес, П.М. Якобсон және т.б.). Бұл ұстаным әсіресе Р. Арнгеймнің еңбектерінде айқын көрінеді [2,30 б.].

Психологиялық зерттеулерде «креативтілік» термині тұлғаның интеллектуалдық және өз бетінше мәселені көтеруі, ерекше идеяларды айтып, оларды өзгеше жолмен шешу ерекшеліктерінің кешенін білдіреді. Креативтілік маңызды және ерекше феномен болатын бұрынғы зерттеулер мен қазіргі зерттеулерде креативтілікті тұлғаның интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктері ретінде қарау беталысы айқындалады. Бұл креативтілік мәселесіне деген әр түрлі бағытталғандықты көрсетеді: ол әрине, барлық тұлға бірдей жете алмайтын креативтілік қорытындысы емес (бұл мәселе күрделірек, өйткені қорытынды ретінде тек ғылымдар мен қас шеберлер жететін объективті әлеуметтік маңызды жаңа қорытынды қарастырылады), рефлекция және субъективті өз-өзін бағалау негізіндегі тұлғалық маңызды жаңа сапа деп зерттеледі.

Кез-келген креативті бағыттылық, шығармашылыққа деген қабілет балаға жаңаны жасап шығаруға түрткі болатын арнайы білімдерді талап етеді және келешекте өз потенциалын толық пайдалануға көмектеседі.

Оқушыларға табиғатынан таланттылық тән. Шығармашылық тапсырмалар өз кезегінде баланың қиялын, бейнелік-ассоциативті ойлауын, еске сақтауын белсендендіріп, байқампаздығын, интуициясын, яғни ішкі әлемін қалыптастырады. Бұл баланың жалпы шығармашылық дамуына әсер етеді.

Дж.Гиллфу креативтілікті дивергентті ойлау деп анықтайды (латын divergennia – бөліну, түрлі бағыттағы ойлау типі), яғни қандай да бір мәселені шешуде дұрыс шешімге сай дәрежедегі идеяларды ұсыну қабілетін сипаттайды.

Е.Торренс креативтілікті білімнің жетіспеушілігінен, қиындықтарды сәйкестендіруден, болжамдардың пайда болуы және қалыптасуымен байланысты туындаған мәселеге деген сезімталдықтың пайда болуы ретінде анықтайды. Ол проблемалар мен қарама-қайшылықтарды сезіну қабілетін атап көрсетті, сонымен бірге жетіспейтін алғашқы деректерге салыстырмалы түрде берілетін болжамды тұжырымдайды. Креативтілік өлшемі сапасында танымдық шығармашылықтың іс-әрекеттің ерекшелігін сипаттайтын қасиеттер тобы пайдаланылады. Креативті ойлау сипаттамасы, олар:

- жылдамдығы – қандай да бір мәселені шешудің көптеген жолдарын ұсыну қабілеті, бұл жерде олардың сапасы емес, көлемі маңызды;

- икемділігі - әр түрлі ойларды ұсыну мүмкіндігі, мысалы объектілер мен әдістердің байланысы;

- ерекше – стандартты емес жаңа ойлардың туындауы, күнделіктіден басқа ерекше жауаптар табу;

- нақтылау – шығармашылықты жетілдіру қабілеті, оны аяқтауға ұмтылу [3,16 б.].

Оқушылардың креативті ойлауын дамытуда ересектердің ролі маңызды. Себебі бұл кезеңде балалар өз іс-әрекеттерін толықтай ұйымдастырып, алынған нәтижелерді өзбетті бағалай алмайды. Педагогтың міндеті бала тұлғасының табиғи жолмен дамуына микроклимат және жағдай туғызу. Даму үрдісінің креативтілігі спираль принципі бойынша жүзеге асады. Әр сатыда жаңа сапалар пайда болып, сонымен қатар ескі сапалар да көрініс тауып отырады. Баланы әрдайым шешім қабылдаудың неғұрлым сандық көрсеткіштеріне ие болуына жол ашып, оны мадақтап және бірігіп сапасын бағалауға дағдыландыру қажет.

Соңғы жылдардағы зерттеулерге сүйене отырып, психологтар креативті ойлаудың құрамдас бөліктерін анықтады:

1. Ақыл-ойдың икемділігі – елеулі қасиеттерді ажырату және бір идеядан екіншісіне оңай көшу қабілеті.
2. Жүйелілік және бірізділік – идеялар жүйелі құрылады және бірізді талданады.
3. Диалектілік – қарама-қайшылықтарды анықтау және оларды шешудің жолдарын табу біліктілігі.
4. Тәуекелділікке дайындығы және шешім қабылдауға жауапкершіктің болуы [4].

Сонымен, креативті ойлау дегеніміз - оқушының ойлау белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғары түрі. Шығармашылық қабілетке мүмкіндік жасауда бүгінгі оқушының ойына түрткі болатын, заманауи әрі өміршең жағдаятты тудыратын, қызығушылығына себепкер тақырыптарды таба білу талабы тұр. Оқушы кешегі тарихы мен бүгінгісін салыстыра отырып, әдебиеті мен мәдениетінен қалыс қалмайтын креативті ойлауға қабілетті тұлға ретінде дамуы бүгінгі қоғамның басты міндеті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гуревич К.М., Горбачева Е.И. Умственное развитие школьников: критерии и нормативы.-М., 2007.-52 с.

2. Евдокимов В.И. Научные основы повышения эффективности обучения средствами наглядности: автореф. … д-ра пед. наук:. 13.00.01. – Киев, 1990. - 30 с.

3. Қадірова Б.Н. Оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытудың кейбір ғылыми-педагогикалық проблемасы // Білім. 2005. №1. 16-б.

4. Оспанова Б.А. Бәсекеге қабілетті маманның кәсіби-креативті әлеуетін дамыту аспектілері// Қазақстан жоғары мектебі. Алматы, 2005. №2.

АУТИСТІК БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Серікова Зарина, БҚИТУ педагогикалық факультетінің III курс студенті
Ғылыми жетекші – **Халикова Б.Т**., педагогика және психология магистрі,
БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал қ.

Аутизм – кішкентай балалардың ми қызметінің бұзылуы салдарынан айналадағы адамдармен қарым-қатынас пен байланысқа түсу қиыншылықтарын тудыратын психикалық ауытқу. Негізінен бұны ауру деп айту қиын, бұл – психикалық дамудың бұзылуы: шындықтан ауытқу, өз-өзінен кету, немқұрайлылық немесе сыртқы құбылыстарға жауапты қимыл әрекеттердің болмауы. Мұндай балалар ортамен қарым-қатынаста үлкен сезімталдық танытады [1].

Аутизмдегі психикалық даму тек ұсталған немесе бұзылған ретінде ғана емес, бұрмаланған ретінде анықталады. Бұрмаланған, яғни мұндай баланың психикалық функциялары әлеуметтік өзара әрекеттесу мен нақты өмірлік мәселелерді шешуге сәйкес дамымайды, бірақ аутостимуляция құралы ретінде, тіпті олардың қабілеттері өмірде жүзеге асырылмайды. Мұндай балаларға әлеуметтік тәжірбині беру, оларды мәдениетке енгізу аса қиын, эмоционалды байланыс орнату және баланы дамып келе жатқан өзара әрекеттесуге тарту аутизмге арналған арнайы психологиялық-педагогикалық көмектін негізгі бағытын білдіреді. Ең алғаш аутизм туралы Э. Блейлер, Лео Каннер, О.С. Никольская, Г. Аспергер, А. Ретта, К.С. Лебединская сынды ғалымдар қарастырған. Қазіргі кезеңде аутизмді зерттеу өрісі кеңейіп отыр. Аутизм ¾ бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Ол болса психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса, оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін. Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша, аутизмі бар балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқымқуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі. Тұқым қуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті және туу кезінде алған жарақаттар, нейроинфекциялар, тағы басқа жағдайлар барлығы да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар [2].

Аутизмнің алғашқы белгілеріне тоқталатын болсақ, белгілер баланың үш жасына дейін анық байқалады. Әдетте, ер балаларда жиі кездеседі. Ата-анасы баланың құрдастарымен салыстырғанда кеш дамып, әлі сөйлемегенін байқайды. Алғашында бала естімейтін сияқты болып көрінеді, бірақ тексеру барысында нәтижесі олай еместігін көрсетеді. Мұндайда баланың жалпы дамуы тежеледі. Мінезі тұйықтала түседі. Атын атап шақырса, елең етпеуі де мүмкін. Өзге балалармен де ойнамайды. Танып-білуге ұмтылмайды. Тіпті жаңа ойыншық та оны қызықтыра алмайды. Яғни, мұндай балада қалау, сағыну, аяныш, өкініш, қамқорлық сияқты сезімдердің ешқайсысы болмайды. Оған бәрібір. Өз әлемінде, өзімен өзі өмір сүреді. Тәулік бойы ұйықтамай жүре беруі мүмкін. Ештеңені қажет етпейді. Кейде бала сөйлеуді бастайды, бірақ біраз уақыт өтісімен, сөйлеу қабілетін қайта жоғалтады, күнделікті қылықтары қайталанады, күнде бір ойыншықпен және жалғыз ойнайды. Тіпті ойыншықтың тек бір бөлігімен ғана (мәселен, тек қолымен немесе басымен) ойнауы мүмкін. Күнделікті қайталанатын тәртіптің өзгеруін бала өте қиын қабылдайды. Ата-аналарының айтуынша, бала көзге тіке қарамайды. Көбісінің зияткерлік қабілеттері де төмен [3].

Аутист-балаларды оқытуда кешенді түзете-оқытуда жаңа технологияларды қолданудың артықшылығы оқу материалын визуалды түрде елестете алу қабілеті болып табылады. Қоғамның және білім беру жүйесінің қазіргі кездегі дамуы түрлі іс-әрекеттердің интенсификациялық үрдісінің өсуіне байланысты болып келеді. Осыған орай, болашақ білім беру жүйесі мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім берудің көп бөлігі жаңа технологияларға негізделетінін, қозғалмалы ойын және ақпараттық технологиялардан тұрады. Тәжірибе көрсеткендей, кешенді түзете-оқыту әдістері мақсатты түрде аутист балаларды түзете оқыту және тәрбиелеуде пайдалану балалардың жан-жақты дамуына, түзету мен толықтыру жақтарына психологиялық-педагогикалық жағдай жасайды. Сонымен қатар әр баланың тұлғалық ерекшеліктерін ескереді. Түзете-оқыту үрдісінде кешенді түзете-оқыту әдістерін қолдану бала ағзасының компенсаторлы мүмкіндіктерін белсендіріп, ауытқушылықтарды жеңуге, алдын алуға мүмкіндік туғызады. Осы толықтырудың негізінде мүмкіндігі шектеулі балалардың қабылдаудың сақталған түрін жүзеге асыру және баланың психикалық функцияларын дамыту қолайлы жүзеге асады. Ақпаратты көрнекі түрде көрсету қандай іс-әрекет болсын оның әсерлілігін жоғарылатады [4].

Аутистік бұзылысы бар балалармен жұмыс барысында жүргізілетін жаңа әдістер:

- глобалды оқыту әдістемесі бойынша аутизмі бар балалардың есте сақтауын дамыту;
- сенсорлы интеграциялау әдісі арқылы аутизмі бар балалардың қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастыру;

1. Глобалды оқыту әдістемесі.

Ерте жастағы аутист-балаларды оқытуда глобалды оқыту әдістемесін қолдану барынша тиімді болып табылады. Глобалды оқыту – баланың бүкіл сөзді толығымен қабылдауы (жазылуына қарап). Глобалды оқыту барысында. Сөздің бөліктері, буындар, жеке әріптер арқылы. Мысалы: *ма-ма, па-па, а-ға, ал-ма, ал-м-ұрт.* Аталмыш әдіс арқылы бірте-бірте қалыпты оқуға өтуге болады деп санаймыз. Ең алдымен қарапайым, күнделікті қолданыста жүрген сөздерден басталады. Олар: *ана, әке, аға, апке, ата, апа* т.б. Біраз уақыт өткеннен кейін ұзақ сөздерді қосуға болады. Мысалы: *құыршақ, машина, кітап, ойыншық* т.с.с., яғни біз бұл кезеңде де балаларың күнделікті қолданатын, айналасындағы заттарға сүйенеміз. Келесі кезеңде біз жақын адамдардың аттарын қосып жазамыз.

1. Нұсқаушы балаға қарапайым заттық суреттерді көрсетеді. Суреттің астында алдын ала даярланған заттың аты жазылған. Балаға берілетін тапсырма: алдын ала даярланған жазуды тиісті суреттің астына қою қажет. Алынатын суреттер: машина, автобус, кеме, қайық, ұшақ, тік ұшақ т.б.
2. Дәл осы тапсырма, тек осы жолы тапсырма күрделене түседі. Яғни, суреттер іс-әрекетті сипаттайды, сөйлем екі сөзден тұрады. Мысалы, машина жүрді, кеме жүзді, ұшақ ұшты т.б., бала тиісті сөз жазылған карточканы сәйкес суретпен біріктіруі қажет.
3. Тапсырма ерекшелігі — заттың сынына мән беру. Яғни түсіне, көлеміне, пішініне. Мысалы, қызыл машина, сары автобус, үлкен қайық т.с.с. балаға берілетін тапсырма тиісті сөз жазылған карточканы сәйкес суретпен біріктіруі қажет.

Әр тапсырада 3 суреттен берілген. 1-суретті дұрыс тапқаны үшін — 2 ұпай, дұрыс жауап бермеген жағдайда 0 ұпаймен бағаланады.

2. Сенсорлық интеграция әдістемесі.

Көп адамдар денесін сезініп, сезімдерін сәйкестендіріп, қоршаған ортаны сол арқылы тануға тырысады. Ал аутизм диагнозы бар балаларға ол қиынға соғады. Сенсорлы интеграция терапиясы баланың қоршаған орта тітіркендіргіштеріне тым қозып отырғанын немесе қоршаған ортаның аса әсер етпегенін болжап, анықтауға көмектеседі. Осылайша, сенсорлы интеграцияның мақсаты – мидың сенсорлы ақпаратты өңдеуін жүзеге асыру. Сол арқылы бала күнделікті өмірде сол ақпаратты қолдана алады.

Сенсорлы интеграцияның мысалдары:

- гамакта тербелу (кеңістікте бағдарлану);
- музыкаға билеу (есту жүйесі);
- бұршақ толтырылған қораптармен ойын (тактильді сезімдерін дамыту);

• туннельде жорғалау (кеңістікте бағдарлану және жанасу);
• қозғалып тұрған шариктерге жанасу (көру сезімі мен тактильді бағдарлануы);
• орындықта айналу (тепе-теңдік және көру қабілетіне әсер);
• бөренеде тепе-теңдік ұстап тұру (тепе-теңдік сақтау)

Аутизмі бар балалардың оқытуда, қарым-қатынасқа түсуін, әлеуметтік ортаға бейімделуін, сөйлеу тілін қалыптастыруда, психикалық үрдістерін дамытуда кешенді түзете-оқыту әдістерін жүйелі қолданып, пайдалану үдерісіне сараптаулар мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік беріп отыр:
• тәжірибелік топтағы балалардың психикалық функцияларын қалыптастыру сапасы жоғарылады;
• аталмыш жаттығуларды, тапсырмаларды орындауда балалардың белсенділігі, қызығушылығы арта түсті;
• аутизмі бар балаларға жүргізілген эксперименттен кейін балалар мен педагог арасындағы қарым-қатынас жаңа қарқын алды;
• аутизм диагнозы бар балаларға эксперимент жүргізу нәтижесінде жақсы нәтиже көрсетілді.

«Томатис терапия»

Томатис - арнайы аудио-вокалдық жаттығу әдісі. Арнайы құрал сенсорлы-дыбыстық ынталандыру. Бұл құрал орталық құлақ жұмысына әсер ете отырып, миға ықпал жасайды делінген. Әдістің мақсаты – мидың есту арқылы алған ақпаратты қабылдап, қорыту мүмкіндіктерін арттыру. Томатис әдісі негізіндегі жаттығулардың арқасында сөзді қабылдау және түсіну процесін қайта жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл жаттығуларды аутистикалық спектр ауытқулары, назардың жетіспеуі синдромы және гипербелсенділік, сөйлеу және психомоторлық дамудың тежелуі, жазу дағдысының дұрыс қалыптаспауы (дисграфия, дислекция) сияқты ауытқу түрлері бар, естіген ақпаратты қабылдап, қорытуда біраз қиналатын, соның кесірінен коммуникация мен білім алуда қиындықтарға ұшырап, әлеуметтік дағдыларын дамытуда артта қалып жүрген балаларға қолданады.

Қорыта келгенде, аутист балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсету, оларды қоғамдық ортаға бейімдеу, өзінің қатарлас құрбыларымен қарым-қатынасқа жиі түсуін бақылау, отбасымен, арнайы мамандармен қарым-қатынасын, әлеуметтік педагог, психолог, логопед тарапынан қолдау табуы қажет. Балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсету шараларын жүргізуде кешенді түзете-оқытудың, заманауи әдістердің маңызы зор. Аутизм диагнозы бар балалардың қоғамда өздерін ұстай алуын, достарымен қарым-қатынасқа түсуге әзірлігін арттырудың маңызды тәсілі арнайы таңдап алынған түзету-педагогикалық көмек көрсетуді қолдану болып табылады.Аутизмі бар балалармен жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша зерттеу болжамдарының дұрыс екені дәлелденіп, аутизм диагнозы бар балаларды оқытуда кешенді түзете- оқытудың, заманауи әдістерді пайдаланудың тиімділігі көрсетілді. Яғни, аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізу барысында кешенді түрде әдістерді қолдану баланың сауығуына барынша мүмкіндік береді. Ең алдымен, баламен қарым-қатынас орнату оңайға түседі, қызығушылығы оянады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Щипицина Л.М. Детский аутизм. Хрестоматия: учеб. пособие для студ. высш. и средн. пед. психолог. и мед. учеб. заведений. - СПб.: Дидактика Плюс, 2001.
2. Мамайчук И.И. Помощь психолога детям с аутизмом. - СПб.: Речь, 2007.
3. Аршатская О.С. Психологическая помощь ребенку раннего возраста при формирующемся детском аутизме //Дефектология. 2005. № 2. С. 46-56.
4. Питерс Т. Аутизм: от теоретического понимания к педагогическому воздействию. - СПб.: Ин-т специальной педагогики и психологии, 1999.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ

Сырымова Назерке, БҚИТУ педагогикалық факультетінің I курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Гайнуллина Р.Б.,** әлеуметтік ғылымдарының магистрі,
БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қазіргі кезде оқу-тәрбие үрдісіндегі ең негізгі және күрделі мәселелердің бірі – «қиын балалар» мәселесі. Соңғы уақытта оқушылар арасындағы нашақорлық, алкогольді пайдалану, адам өлтіру, ұрлық сияқты жағымсыз іс-әрекеттер өте жиі кездеседі. Статистика бойынша балалардың мұндай жағымсыз әрекеттері жылдан-жылға күрт өсуде. Осыған байланысты көптеген педагог – психолог ғалымдардың ғылыми жұмыстары, еңбектері, мақалалары жазылып келеді, солай бола тұраса да, «қиын бала» мәселесі әлі күнге ең өзекті мәселе болып қалуда.

«Қиын балалар» ұғымы 1920-30 жылдары пайда бола бастады. Бастапқыда ғылым саласында емес, күнделікті өмірде қолданылып жүрді. Біраз уақыт ұмытылып, 1950-60 жылдардың басында қайтадан қолданысқа енді.

Қазір де бұл терминдер ғылыми сөздіктерде нақты орын алып отыр.Бұл әрдайым социолог, психолог, юрист, дәрігер, педагог мамандарының зейінін өзіне аударып, оларды алаңдатып отыратын үлкен мәселе болып табылады.

Жалпы, баланың қиын тәрбиеленуі, қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамауын ғылымда девиация (латынның «deviatio» тыңдамау, ауытқу деген мағынаны береді) деп атайды. Соған орай көптеген әдебиеттерде «қиын бала» түсінігінің орнына «девиантты» терминінің қолданылуы жиі кездеседі. Жалпы, «қиын мінез-құлық», «девиантты мінез-құлық», «ауытқыған мінез-құлық» түсініктері синонимдер болып табылады. Қиын бала туралы ұғымда қай терминді алсақ та қателеспейміз.

Девиантты мінез-құлық пен біздің мемлекетіміздің ғана емес, әрбір әлеуметтік қоғамның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Біздің әрқайсымыз күн сайын әр түрлі әлеуметтік жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуымен кездесеміз: агрессия, қатыгездік, зиянды әдеттер, заңға қарсы іс әрекеттер және т.б. Сонда бірталай сұрақ туындайды. Осындай мінез-құлықтың себебі қандай? Адамның өзіне және айналасындағыларға да зиян тигізуіне не апарады? Девиантты мінез-құлық қоғамда ресми дәстүрлі қалыптасқан заңға және нормаларға сәйкеспейтін мінез-құлық. Девианттық мінез-құлық ішкілікке салыну, қараусыз қалу, нашақорлық, кәмелетке толмағандар арасында қылмыстар және басқа да формаларда көрінеді. Девиантық мінез-құлық психологтарды, дәрігерлерді, құқық қорғау мекемелерінің қызметкерлерін, әлеуметтанушыларды, философия мамандарын ойландырмай қоймайды [1].

Қазіргі таңда қоғамызда жыл өткен сайын қылмыс жасаушылардың жасы жасарып, нашақорлық, тәртіпсіздік, девиантты тәртіптегі балалар саны өсіп отыр. Кейбір балалардың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері және қалыпты нормадан ауытқуы, заң бұзушылық арқылы көңіл аударту, алынған ақыл мен міндеттерді орындамау, қоғам мен мектеп, сол сияқты мектептегі талаптарды тыңдамау салдарынан туындайтын іс-әрекеттерді «девиант» деп айтамыз. Бұл тәртіп бұзу, адамгершілік мінез-құлықты сақтамау және заң нормаларына бағынбаудан келіп туындататын жасөспірімдер. Девиантты мінез-құлықты балаларға тәртіпсіздік, әлеуметтік тәрбиеге қарсы, заңға қарама-қайшы, теріс іс-әрекеттерді бойына сіңірген балаларды жатқызу болады. Олар өмірдің ащысын көп көрген, отбасы жылуы болмауынан ұшырасады. Бұл балалардың дамуында кідіріс болады, тіпті физикалық және психикалық аурулар симптомының пайда болуына әкеліп соқтырады. Соның салдары денсаулықтың төмендеуіне себеп болады, сондықтан да оларды тек педагогтар емес, дәрігерлер де өз бақылауына алуы керек.

Девиантты мінез-құлықтың биологиялық және психологиялық себебін түсіндіретін трактаттар XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында шыға бастады. Итальяндық дәрігер Ч.Ломброзо мен американдық психолог В.Шелдон девиантты мінез-құлықтың пайда болуын адамның биологиялық ерекшеліктерімен байланыстырды. Девиантты мінез-құлықты әлеуметтік тұрғыдан ең алғаш рет Э.Дюркгейм түсіндірді. Ол әлеуметтік және мәдени факторлардың мәнін ашатын «аномия» түсінігін енгізді. «Аномия» дегеніміз – реттіліктің, тәртіптің, заңдылықтың болмауы.

Сонымен қатар, қиын балалардың психологиялық ерекшеліктері теориялық тұрғыда Л.С. Выготский, А.С. Макаренко еңбектерінде талқыланып, бірқатар қазақстандық педагог зерттеушілер В.Г. Баженов, А. Жұмабаев, К.А. Жүкенова, А.М. Карабаева, И.Ф. Назаров, В.А. Парфенов, В.А. Трифонов, В.П. Шевченко, Л.В. Лысенко, Л.К. Керимов және т.б еңбектерінде де көрініс тапты.

Қиын балалардың жекелік ерекшеліктерін зерттеп, іске асырған П.П.Блонский (1936 ж) болды. Ол қиын балалардың мінез-құлық тарихын мектеп, отбасы арқылы ашып көрсетіп, сонымен қатар қиын балаларға мұғалімнің қатынасы арқылы «қиын оқушы» терминін нақтылауды жөн көрді.

Блонский: «Қиын бала, бұл ең алдымен кәдімгі бала, оған табиғи қарапайым тұқымқуалаушылық тән. Айырмашылығы, ол педагогикалық қараусыз қалған. Сондықтан, оны дені сау, қараусыз қалған бала ретінде тәрбиелеу керек» дейді [2].

«Девиантты мінез-құлық» терминін психологияда көбіне жастық категориямен, яғни жасөспірімдік кезеңмен байланыстырады. Бұның себебі, жасөспірімдік кезең әлеуметтік-мәдени өзгерістерге жоғары сензитивтілікпен ерекшеленеді. Дәл осы жаста баланың мінез-құлық девиациясы отбасы, мектеп ұжымы шекарасынан шығып, қиын мәселені туындатып, қоғамға, өзіне қауіп төндіре бастайды.

Девиантты мінез-құлықтың пайда болуы мен салдары оның тұлға ретінде дамуына қатты әсер етуі мүмкін.Девиантты мінез-құлық түрлеріне: қылмыскерлік, ішкілікке салыну, нашақорлық, жезөкшелік, құмар ойындарына қызығушылық, психопатиялық бұзылу және суицид т.б жағымсыз қылықтарды жатқызуға болады.

Девиация бірнеше типтен тұрады: девиантты, делинквентті және криминалды мінез-құлық.

Девиацияны зерттеуші көптеген ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндіреді:

• жанұяда берекенің болмауы;
• ата-аналардың бақылауының жетіспеушілігі.
• ата-ананың «ерекше» қамқорлығы;
• физикалық жазалау
• тәрбие берудегі кемшіліктер;
• өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;
• өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;
• агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы;
• мінез-құлықтың асоциалды, агрессивті, деструктивті, аддиктивті формаларының көріну үдерісіне бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ), әсіресе теледидар, компьютерлік ойындар, видеофильмдер және т.б. үлкен әсер етеді.

Жасөспірімдердегі девиантты мінез-құлықтың пайда болу себептерін көптеген ғалымдарымыз зерттеген болатын және олардың әрқайсысы әртүрлі нұсқаларын жасап шығарған болатын. Соның ішіндегі, негізгі сәйкес себептерге тоқталатын болсақ:

1) Биологиялық факторлар – баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын физиологиялық және анатомиялық жағымсыз ерекшеліктер. Оларға мыналар жатады:

- ұрпақтан-ұрпаққа берілетін немесе ананың жүкті болғанда дұрыс тамақтанбауы, арақ-шарап, нашақорлы заттарды пайдалануы, темекі тартуы, ананың физикалық, психикалық т.б. сырқаттары себеп болатын генетикалық факторлар: ақыл-ой дамуының

бұзылуы, есту, көру кемшіліктері, жүйке жүйесінің зақымдауынан пайда болған денедегі кемшіліктер.

- психофизиологиялық факторлар: психофизиологиялық күш, дау-жанжал, келіспеушілік жағдайлар, адам организмдеріне кері әсер ететін, қоршаған ортаның химиялық құрамы, соматикалық, аллергиялық, токсикалық ауруларға душар ететін энергетикалық технологияның жаңа түрлері;
- физиологиялық факторлар: сөйлеу дефекттері, адам бойындағы соматикалық кемшіліктер.

Бұлардың бәрі адамның қоршаған ортаға, жеке адамдарға деген жағымсыз қарым-қатынасын тудырады, ал балалар болса, өзіндік сезім мен танымдық деңгейіне байланысты, құрбы-құрдастары арасында, ұжымда еркін сезіне алмайды, қатынасы бұзылады.

2) Психологиялық факторлар. Бұған баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Акцентуациялық сипаттағы мінезді балалар өте ашушаң, дөрекі болады. Оларға міндетті түрде әлеуметтік-медициналық реабилитация, сонымен қоса, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар жүргізу керек. Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму барысында әлеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі мүмкін. Егер, балаға ата-ананың жылуы, махаббаты, ықыласы жетіспесе, онда, ол ата-анасынан шеттеніп кетеді. Шеттену - невротикалық реакциялар, қоршаған ортамен қатынастың бұзылуы, сезімдік (эмоциалық) тепе-теңсіздік және суықтық, ашуланшақтық, психикалық аурулар және психологиялық патологиялар сияқты жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуына жол ашады. Егер, балада адамгершілік құндылықтар қалыптаспаса, онда, ол пайдакүнемдік, қанағатсыздық, зорлаушылық, дөрекілік т.б. сияқты жағымсыз қасиеттерге бейім тұрады.

3) Әлеуметтік-педагогикалық факторлар. Олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар. Бұның бәрі баланың оқудағы бейімсіздігін көрсетеді. Оқушының оқудағы бейімсіздігінің (дезадаптация) қалыптасуы мынадай сатылардан өтеді:

- оқудағы декомпенсация – баланың жалпы мектепке деген қызығушылығы жоғары, бірақ бір немесе бірнеше пәнді оқуда қиыншылықтарға тап болуынан;
- мектептік бейімсіздік (дезадаптация) – бала сабаққа үлгермеуімен қатар, оның мінез-құлқы өзгеріп, мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы бұзылып, сабақтан қалуы көбейеді немесе мектептен біртіндеп қол үзе бастайды;
- әлеуметтік бейімсіздік – баланың оқуға, мектепке, ұжымға деген қызығушылығы жойылады, асоциалдық топтармен араласып, алкогольге, нашақорлыққа қызыға бастайды;
- криминалдылық – кейбір отбасындағы әлеуметтік жағдайдың өте төмен болуы, балаларды да өз ортасындағы әлеуметтік теңсіздікке әкеледі, ал мектеп оқушысы, жасы жетпегендіктен жұмыс істей алмайды, содан барып олар қылмысты іс-әрекеттрмен айналыса бастайды.

Баланың психоәлеуметтік дамуындағы ауытқушылықтардың негізгі факторы - ата-ана. Баланың бойындағы асоциалды мінез-құлықты қалыптастыратын отбасы қатынасының бірнеше жағымсыз стилдері бар:

- дисгармонды стиль - бір жағынан ата-ана баланың барлық тілектерін орындайды, үлкен қамқорлық жасайды, екінші жағынан конфликті жағдайларға баланы итермелейді;
- тұрақсыз, конфликті стиль – толық емес отбасындағы, ажырасу кезіндегі, ата-ана мен балалар бөлек тұрған жағдайдағы тәлім-тәрбиелік кемшіліктерден туындайды;
- асоциалды стиль - ата-ананың арақ ішуі, нашақор заттарды пайдалануы, криминалды іс-әрекет, аморальді өмір сүру жағдайы, отбасылық қаттыгездік, зорлаушылық жатады [3].

Балаға көрсетілген қатыгездік қатынасқа жататындар: қинаушылық, физикалық, эмоционалды, жыныстық зорлық-зомбылық. Қатыгездік үйде, далада, мектепте, балалар

үйлерінде, ауруханада көрсетілуі мүмкін. Мұндай іс-әрекетке душар болған балалар қалыпты түрде даму көрмей, қоршаған ортаға бейімделе алмай қалады. Соның әсерінен, бала өзін жаман, керексізбін деп сезінеді. Баланың қаттыгездікке жауап беру түрі баланың жасына, тұлғалық ерекшелігіне, әлеуметтік тәжірибесіне байланысты. Психикалық реакциялардан басқа (қорқыныш, үрей, ұйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы т.б.) балалардың мінез-құлқы да өзгереді: агрессия жоғарылайды, төбелескіш, өзіне сенімсіз, ұялшақ, өзіне деген бағасы өте төмен болады. Зерттеулерге қарағанда, зорлық-зомбылықты көп көрген балалар өскенде зорлаушы рөлінде болуды қалайды.

4) Әлеуметтік-экономикалық факторлар. Әлеуметтің теңсіздігі, қоғамның кедей және бай болып бөлінуі, жұрттың кедейленуі, жұмыссыздық, инфляция, әлеуметтік кернеу, т.б.

5) Моральды-этикалық факторлар. Қазіргі қоғамдағы адамгершілік қасиеттерінің деңгейі төмен болуы, рухани құндылықтардың бұзылуына алып келеді.

Девиантты мінез-құлықты балаларды түзету күрделі әрі қиын процесс. Оны іске асыруда көп шыдамдылық пен белсенділік қажет. Қазіргі, осы саладағы жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде, девиантты мінез-құлықты балаларды түзетуде мынадай шарттарды орындау қажеттігі туады:

• балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;

• оның жағымды қасиеттеріне сүйену;

• оның адамгершілік күшіне, потенциалды мүмкіндіктеріне сену;

• оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жалпы білім беретін бағдарламаларды тиімді пайдалану;

• девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құру [4].

Жасөспірімдердегі кездесетін девиантты іс-әрекеттерді түзетудегі негізгі бағыттарды қарастырсақ:

1. Жалпы білім беретін оқу орындарында оқу-тәрбие процестерін жетілдіру – тәртібі нашар, сабақтан қол үзген қиын балалар үшін арнаулы мектептер ашу

2. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді әлеуметтік қорғау – ата-ана мен балаларға психолог, психиатр, нарколог мамандар тегін консультация беретін әлеуметтік-психологиялық кеңес орталығын құру.

3. Құқық қорғау органдарында балалар мен жасөспірімдердің жұмысын жетілдіру – қараусыз қалған балаларды сауықтыруға арналған бағдарлама жасау.

Біздің қоғамымызда жасөспірімдердің адамгершілік келбетіне қоятын талаптардың өсуіне, оларды жақсылыққа тәрбиелеуге баса назар аударылуда. Ал қазіргі кезеңде құқықтық тәртіпке немқұрайлы қарайтын ұрлық, зорлық, бұзақылық т.б. қылмыстық әрекеттер мен қарапайым азаматтардың демалысы мен көңіл-күйіне көлеңке түсіретін жастар жиі кездесіп отыр. Елдің экономикалық жағдайы, бұрынғы дүниетанымның құлдырауы мен бәсекелі және жоғары өндірісті жағдайда өмір сүру мен жұмыс жасау іскерлігі мен дағдысының жоқтығы – қоғамның күрделі қиындықтары мен ішкі дау-жанжалдарды тудыруға әкеледі.

Жастар арасында ересектермен күрделі және қиын қарым-қатынастар көрінеді. Сонымен қатар, қаталдық пен агрессивтілік пайда болып, қылмыстық әрекеттер көбейді. Осындай жағдайларға байланысты жасөспірімдердің мінез-құлық ауытқушылықтарын психологтар зерттеп білулері шарт [5].

Мінез-құлқында ауытқушылығы бар балаларен жұмыс жасаудың сан алуан жолдары бар. Ең алдымен жасөспірімдермен дұрыс тіл табысып, сөйлесе білу керек. Жақсы беделге ие болған мұғалімнің жеке өнегесі қандай оқушыға болса да күшті әсер етеді.

Көмек көрсететін психологтар баланың ішкі жан дүниесін алыстан көріп білуі шарт. Мінез-құлқы ауытқыған оқушыны ешқандай ұжым өмірінен, қоғамдық пайдалы еңбектен тыс қалдыруға болмайды, олар барлық үйірме жұмысына, басқа да шараларға қатысуы керек. Бұл олардың зиянды істермен айналыспай, жауапкершілік сезімін туғызуға жол салады.

Қазіргі кезде жасөспірімдердің мінез - құлқындағы ауытқушылықтарынан әртүрлі қылмыстық әрекеттер мен жағымсыз істер көбейіп отыр. Осы жағдайлардың алдын алып,

түзету үшін әрбір педагог, ата-ана, психолог бірлесе жұмыс жасай отырып, әрбір жасөспірімнің дербес ерекшеліктері мен мінез-құлқын ескеріп, анықтап, соған сәйкес жұмыстар жүргізу керек [6].

Қорыта айтқанда, девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл шаралар, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен байланыстырылып, адамдар арасындағы қарым-қатынас (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылатын болса, болашақта девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдер саны азаяды деп айта аламын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақажанова А.Т., Садырова А. Девиантты мінез-құлықтың кейбір теориялық сипаттамалары. Ізденіс. - Алматы, 2007.

2. Қалыбаева Р., .Мектеп психологының “ қиын ” балалармен жұмыс әдісі. // Мектептегі психология, 2007. - № 1.

3. Шамұратова Х. “Қиын ” бала қайдан шығады // Алтын Орда, 2006.

4. Қойжігітов А. Девиантты іс-әрекетті балалар мәселесі. //Ұстаздар пайымы, 2007. - № 3, 2-9 б.

5. Қызықты психология. Танымдық психологиялық журнал. 2013 жыл, № 5

6. Дүйсенбиева С .“Қиын” баланы қайта тәрбиелеу жолдары.// Болашақ, 2007.

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ КЕШЕУІЛДЕГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тлешев Аманғали, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Баймуханова Б.К.,** пс.ғ.к., БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал қ.

Қазіргі кезеңде арнайы білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.Сондықтан балалардың дербестігін және танымдық қабілеттерін дамытып,өмірдің жаңа жағдайларында пайдалана білуге үйретудің қажеттілігі туындайды. Соңғы жылдары психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың танымдық қабілеттерін дамыту – түзету (коррекциялық) жұмыстарының , сондай – ақ арнайы мамандарды дайындаудың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар категориясын 50-шы жылдардың аяғынан бастап зерттеу кеңінен қолға алына бастады. Проблеманы зерттеумен айналысқан ғалымдар: М.С.Певзнер, Т.А.Власова, К.С.Лебединская, В.В.Ковалев, П.Е.Сухарева, В.И.Лубовский т.б. бала дамуы ерекшеліктеріне қарай өз пікірлерін ұсынды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу білім беру жүйесінің бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Бұл орайда ҚР Үкіметінің 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы іске асырылуда. Мұнда білім саласы мамандарына арналған міндеттер барысында ақыл-ойы қалыпты дамитын балалармен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың да білім алуына барлық жағдайды жасау керектігі жүктелген.

Қазақстан Республикасында әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін Мемлекет тарапынан көптеген шаралар енгізіліп жатыр. Бүгінгі күні білім саласында өз шешімін таппай отырған мәселелер жеткілікті. Инклюзивті білім беруді дамыту бағыттары 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік дамыту бағдарламасында шешімін тапты.

«Қазақстан республикасының 2011-2020 жылдары білім беру жүйесін дамыту бағдарламасында» көрсетілгендей ҚР білім беру саясатының құзырлы міндеті – білім беру сапасын көтеру болып табылады. Басты міндеттердің бірі халықтың барлық сатыдағылары үшін сапалы білім алудың қолжетімдігін қамтамасыз етуді қарастырады. Осы тұжырымдардың барлығы мүмкіндігі шектеулі балаларға да қатысты және 2002 жылы жарық көрген «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңында бекітілген. Осы заңды жүзеге асыру бағытында республикада ана тілінде оқытудың психологиялық және педагогикалық теориясы мен практикасын дамытудың жағымды нышандары жасалуда.

Балалардың ақыл – ой дамуындағы жеңіл ауытқулары «Психикалық дамудың кешеуілдеуі» деп аталатын терминмен сипатталады. Бұл кемшіліктің негізгі себебі: бала миының әлсіз түрдегі яғни органикалық зақымдауымен, сондай – ақ іштен туа пайда болған, туылу кезіндегі зақымданулар жатады. Сонымен бірге дамудың кешеуілдеуі жоғарғы жүйке жүйесінің ауруларымен, созылмалы және соматикалық жағдайлармен, бас миының жарақаттануымен, эндрокриндік жүйенің бұзылуымен байланысады.

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Инфантильді балалар өзінің құрдастарынан жас, олардың ойлары да тұрақсыз болады. Оларды ми қабілеті де тәулік бойына өзгереді. Кейде сабақтың аяғына таман немесе шаршаған уақыттарда болады. Бұл балаларға тән ерекшелік зейіні мен жұмыс қабілетінің ең төменгі деңгейде болуға тиіс. Кейбір балаларда іс — әрекеттің басында зейіндері жоғары болады да, ал кейін төмендей бастайды. Ұзақ мерзімді есте сақтауы мен қысқа мерзімді еске сақтауының төмендеуі, есте сақтауының беріктілігінің жетіспеуі, сондай – ақ интеллектуальдық белсенділігінің төмендеуі – осы категориялардағы балаларға тән ерекшеліктер [1,146 б.].

Балалардың танымдық белсенділіктері жеткіліксіз. Ол баланың тез шаршауымен, тежелуімен сипатталады. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар есептің шартын, диктантқа арналған сөздерді және сөйлемдерді есінде сақтамайды. Олар зейіндерін тапсырмаға шоғырландыра алмайды, кей кездері мектептің тәртібіне бағынбайды. Мұндай балалар көңіл бөлгенді қажет етеді. Түзету жұмыстарын, арнайы оқыту процестерін емдеу мекемелерін талап етеді.

Психикалық дамудың кешеуілдеуіндегі әртүрлі дәрежеде сипатталады. Жеңіл түрде көрініс берген жағдайда бұл балалар көмекті жалпы білім беретін мекемелерде ұйымдастыруға болады. Ауыр жағдайлардабалаларда арнайы білім беретін мектептерге немесе мекемелерге оқытады.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың белсенді жағдайдан баяулыққа, жұмыскерлік көңіл – күйден, жұмыссыздыққа жиі өту процестері жүйкелік – психикалық жағдайлармен байланысты. Балалар қандай да бір тапсырманы орындауда үлкендердің көмегін қажет етеді. Ересектердің көмегін қажетсіну, іс — әрекеттің нәтижесін меңгеру, оны ұқсас әрекеттерге тасымалдау және психикалық дамуы кешеуілдеуі бар балаларды ақыл – есі кем балалардан ажыратуға болады.

Балаларда іс — әрекеттің тұрақсыздығы қимыл – координациясының жеткіліксіздігі мен режимге бағына алмаушылығы болса да, мұндай балалардың басым көпшілігі дене шынықтыру пәні мен спорт ойындарын жақсы көреді. Олардың психикалық дамуындағы жоғарғы мүмкіншіліктердің бар екендігін түзету жұмыстарын ұйымдастыру барысында ескерген жөн.

Психикалық дамуы кешеуілдеген бала тұлғасының даму ерекшеліктерін түсіну үшін, Л.С.Выготскийдің – жеке тұлға даму просесіндегі күшті әсер мен ақыл – ойдың өзара байланысы мен өзара әсері жөніндегі зерттеуі өте маңызды болып табылады және қалыпты мектеп оқушыларының арасындағы дамуының айырмашылығы әр түрлі іс — әрекеттерде байқалатын өзіндік психикалық өмірдің екі сала арасындағы қарым – қатынасқа түйінделеді. Бұл баланың ақыл – ойы мен күшті әсер арасындағы тәуелді қарым – қатынас, оның іс — әрекет түрі және мазмұны тұлғаның псхикалық саладан педагогикалық салаға өтуі кезінде дұрыс, жағымды қасиеттердің жеңіл қалыптасуына мүмкіндік береді. Яғни ақыл – ойы кем мектеп оқушыларының тұлғалық қасиеттері белсенді бағытта даму мәселесіне ауысады. Психикалық даму кешеуілдеген балалар мінез – құлқы мен тұлғасын зерттей отыра, олардың құрылымындағы сақталған компаненттерді ашуға мүмкіндік туады. Осыған сүйене отырып, әлеуметтік маңызы бар қасиеттерінің қалыптасуымен оның даму деңгейі және мінез – құлықының тұрақтылығы үшін керекті жұмыстарды, сонымен қатар, тәрбиесі қиын балалар мен ақыл – ойы кем оқушылардың ақаулы мінез – құлқын түзету – тәрбиелеу шараларын ұйымдастыруға болады [2,143 б.].

Отандық көптеген ғалым – дефектологтардың, яғни Л.С.Выготский (1931-35), И.М.Соловьев (1935), Л.В.Занков (1939), В.И.Лубовский (1956), Л.В.Викулова (1965), Н.Г.Морозова (1965), В.И.Пинский (1962,1981), Н.Л.Коломинский (1970), Ж.И.Намазбаеваның (1986) және тағы басқаларндың эксперименттік зерттеулерінде психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың тұлғасын даму ерекшеліктерінің кейбір жақтары қамтылған. Сонымен қатар, авторлар келесі реттегі мәселелерді, яғни ақыл – ойы кем оқушылардың тұлғасының қалыптасуы мен дамуындағы өзін — өзі бағалаудың рөлі, ақыл – ойы мен күш әсер арасындағ қарым –қатынас, ақыл – ойы кем балаларды дамыту және оқытупроцесінде олардың өзгеруі; өзін — өзі бағалаудың дамуының ерекшеліктері және даму динамикасы; ақыл – ойы кем балалар мен жеткіншектердің мамандықтарды талдауына талаптану деңгейінің дамуының өсуі; ақыл – ойы кем оқушылардың оқу – іс — әрекетіндегі қарым – қатынастардың қалыптасуына және мінез – құлықтарына күткен бағаны әсер етуін зерттеген [3].

Л.В.Занковтың «Ақыл – ойы кем баланың психологиясы» атты еңбегінде, Дефектоологиялық институттың психологиялық зертханасында И.М.Соловьев және оның әріптестері, ақыл – ойы кем оқушылардың ақыл – ой және тәжірибелік тапсырмалар орындау

барысындағы, мінез – құлықтың және эмоционалдық – екір – жігер сферасының өзіндік ерекшеліктерін зерттеген. Жетістікке жету және жетпеу қамын бақылай отырып, олардың жетістікке жетпеу қамы айтарлықтай дәрежеде дамымауы байқалады. Жалпы зерттеулердің нәтижесінде ақыл – ойы кем оқушылардың өзін — өзі бағалау сипаттамасы оқытумен тәрбиелеу барысында айтарлықтай өзгеруі байқалады және мінез–құлқы мен ішкі құрылымы жағынан бастауыш сынып оқушыларымен жоғары сынып оқушылары арасындағы өзін — өзі бағалаудағы айырмашылықтары көрсетеді [4].

Зерттеулер нәтижесінде И.Л.Коломинский ақыл – ойы кем балалар мен жеткіншектердің өзін — өзі бағалау деңгейі жеке пән түрінде әр түрлі болып келеді деген шешім қабылдады. Сонымен қатар, автор 7-сынып оқушыларының өзін — өзі бағалау деңгейінің 5 – сынып оқушыларымен бара – бар екендігін көрсетті.

Г.М.Дульнев, өзінің зерттеулерінде аса бір жоғары немесе керісінше ақыл – ойы кем балалармен жеткіншектердің іс — әрекеттер нәтижелерінің төменгі деңгейі эмоционалды – ерікті компаненттерінің алғашқы жіктеусіз деңгейі дамуындағы мағыналығының төмендеуін түсіндіріп өтеді. Сонымен қатар, талаптану мен өзін — өзі бағалау деңгейі арасындағы айырмашылықтың жоқтығын көрсетті [5,412 б.].

В.А.Вярянин өзін — өзі бағалауының дамуы қалып қою себебі, өмір тәжірибесінің таяздығында, өзін өзгелермен салыстыра білмеуінде, сыныптылдығының төмендігінде, мінез – құлықтың бұзылуында және оқыту – тәрбие жұмысының жеткілікті ұйымдастырылмағандығында деп түсіндірді.

Алғашқы рет көмекші мектеп оқушылардың тұлғасын толықзерттеген Ж.И.Намазбаева. Автор тұлғаның негізгі кампоненттерінің құрылымының өзгешелігін ашты (эмоционалды даму, сана – сезім, өзінің іс — әрекетінің нәтижелерін ойлау, мектепке деген қарым – қатынас, қызығушылықтар және т.б.) сонымен қатар, ақыл – ой, тәжірибелік, еңбек іс — әрекет барысында, ақыл – ойы кем балалармен жеткіншектердің тұлғасының қалыптастыру жолдарын анықтады.

Осылайша, жоғарыда аталып өтілген ғалым – дефектологтардың зерттеулері мінез – құлқында бұзылуы бар психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тұлғасының әр түрлі кампоненттерінің өзіндік дамуын көрсетті. Дегенмен де, жалпы олардың тұлғасымен мінез–құлқының дамуына қарамастан зерттеушілер жалпы және көмекші мектеп оқушыларының тұлғалық заңдылықтарының бірлігін және мінез–құлқында бұзылуы бар ақыл–ойы жеткіншектердің тұлғасының әлеуметтік кемелдену құрылымы келешекке деген мүмкіндіктерін анықтады. Алайда әдебиеттердің талдауында мінез – құлықтарында бұзылуы бар ақыл – ойы кем жеткіншектердің тұлғасының дамуы, жан–жақты психологиялық зерттеумен қарастырылмағандығын көрсетті. Сондықтан да, осы жеткіншектердің тұлғасын толық зерттеу қажеттілігі талап етілуде.

Қазіргі таңда мектептегі оқушыладың даму деңгейлеріне көп мән беріліп, дифференциялды тексеру жұмыстары басталды. Балалар бойындағы ауытқушылықтарының ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы тузету жұмыстарын жүргізе бастады. Осы мүмкіншіліктері басты назарға алынып, белгілі бір мақсатқа бағытталып, жүзеге асырыла бастады.

Психикалық дамуы тежелуі балалардың танымдық мүдделерінің жетіспеуінің көрінуі жоғары психикалық функциялардың жетілмеуімен, жадтың бұзылуымен, көру жіне есту арқылы қабылдаудың функционалдық жетімсіздігімен, қозғалыстың нашар үйлесуімен ұштасады. Қол буындары қозғалыстарының әлсіздігі өнімді қызметке-илеу, сурет салу, құрастыру, жазуға теріс әсер етеді.

Танымдық белсенділіктің төмендеуі айнала туралы білім қорының және баланың мектепте оқуның алғашқы сатысындағы жасына сәйкес практикалық дағдыларының шектелуінен көрінеді.

Тілдің аздаған жетімсіздіктері дыбысты дұрыс айтпаудан, сөздік қордың жүдеулігі мен жеткілікті сараланбауынан, логикалық, грамматикалық құрылыстарды меңгерудің

қиындығынан көрінуі мүмкін. Балалардың едәуір бөлігінде фонетикалық-фонематикалық қабылдаудың жетімсіздігі, есту-сөйлеу жадының төмендеуі байқалады.

Эмоциялық-ерік жағы мен мінез-құлық бұзылыстары ерік-жігердің әлсіздігінен, эмоциялық тұрақсыздықтан, шамшылдықтан, импульсивтіліктен немесе, керісінше, сылбырлықтан, селқостықтан көрінеді.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың негізгі айырмашылығы мынада: бұл балалардың сабаққа деген үлгермеушілігі, сондай – ақ дағдылары мен танымдық процестеріндегі өзара ауытқушылықтарымен сипатталады. Арнайы педагогикада, сондай – ақ дефектология ғылымында психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тобын зерттеу негізінен XX ғасырдың ортасынан бастап бастау алды. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге, ең алдымен олардың эмоциясына назар аударған жөн. Бұл балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады. Бұл балалардың қалыпты балалардан ерекшелігін айтар болсақ, яғни олардың әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез – құлықтарымен және іс — әрекеттерімен ерекшеленеді.

Педагогтар мен дефектологтардың пікірінше, біздің елімізде мұндай балалармен жұмыс жүргізетін жаңа, нәтижелі бағдарламалар мен әдістемелер жоқтың қасы. Демек, мүмкіндігі шектеулі балалар отбасының әлеуметтік – педагогикалық проблемаларын зерттеп білу және оларды шешуге әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, отандық төл мамандарды тарту – бүгінгі күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе.

Жыл санап мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп келеді. Бұрынғыдай оларды бақытсыз адам ретінде қарамай, қоғамының белсенді мүшесі және өз тағдырына батыл сеніммен қарайтын адам ретінде қабылдауда. Осы орайда әлеуметтік қызметкерлердің міндеті – қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың жанайқайын, яғни ауруының себеп – салдарын анықтап, оның бала ағзасының дамуы қандай бөгеттер жасап отырғандығын анықтау, мүмкіндігі шектеулі балалармен олардың отбасындағы қарым – қатынасын дамытып, дені сау балалармен аралас – құралас өсуіне жағдай туғызу, қоғам мен жеке адамдардың түсінігіне жарымжан балаларға әркез жәрдем беруге әзірлігін қамтамасыз етуге үйрету.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мустаева Л.Г.Коррекционная падегогика и социолого психологические аспекты сопровождения детей с задержкой психического развития. 2005. – 146 С.

2. Лапшин В.А, Пузанов Б.Т.Основы дефектологии. Москва: Просвещение, 1990. – 143 С.

3. Кузнецов Л.В.Особенности мотивационно – волевой готовности детей С ЗПР к школьному обучению// Дефектология. 2005. - №4.

4. Павлишй Т.Н. Исследования особенностей познавательный деятельность у детей с задержкой психического развития // Дефектология. 2006.- №4.

5. Дети с задержкой психического развития / Под ред. Т.А. Власовой, В.И. Лубовского, Н.А. Цыпиной. М., 1984.- 412 С.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КОПИНГ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тыныштықова Әйгерім, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі – **Амангелдиева Б.Н.,** психология ғылымдарының магистрі,
БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал қ.

Әлемдік психологиялық ғылымында өмірлік қиын жағдаят кезінде мінез-құлықты реттеу, танымдық реттеу механизмдері мен байланысты копингтік проблема белсенді зерттеліп келеді. Адамның қиын жағдаяттан шығуы ғылымда жасерекшелікке, даму кезеңіне байланысты қарастырылады (Л.С. Выготский, Э. Эриксон).

Адам өміріндегі ең маңызды, есте қалатын кезеңнің бірі – жасөспірімдік шақ. Яғни, 11-20 жас аралығы. Мінезі де, сабағы да қиындап, қоршаған ортамен жанжалдасатын, сіркесі су көтермейтін уақыт. Әсіресе 7, 8, 9-сыныптарда оқитын оқушыларға тән көрініс.

Жасөспірімдер өздерінің енді бала емес екенін, алайда ересекке де жатпайтынын түсінеді. Ересектерге еліктеп, солардың қылығын қайталайды, кейбірі зиянды әдеттерге әуес болады. Үлкендердің ақыл айтқанын жақтырмайды. Өйткені, өздерін ақылды сезінеді. Ата-аналарының айтқан ескертулеріне, мұғалімдерінің кеңестеріне қарсыласып, өре түрегеледі. Бойлары да өсе бастайды, әсіресе қыздар тез жетілгендей болады. Аласа бойлы сыныптастарын менсінбей, жоғары сынып жаққа ұрлана қарау көбейеді. Кейбіреулерінің түрлері де өзгеріп кетеді. Ал сыртқы келбет жасөспірімдер үшін бірінші орында. Сол себепті өзінің түріне көңілі толатын жасөспірім кем де кем [1].

Осы кезеңде жасөспірімдер «Мен кіммін?» деген сұрақты өзіне жиі қояды.

Шынымен де олар кімдер?

Бақытымызға орай, жасөспірімдік шақ өтпелі кезең. Оның ата-анасы, ата-әжелері де дәл осы кезеңнен өткен. Сондықтан әрбір жеткіншек өзіне түсініксіз қалыптың уақытша екенін есінде ұстағаны жөн. Жасөспірімдер басындағы проблемаларға қарамастан, сабақ оқу, үй шаруашылығына көмектесу, үлкендерді сыйлау, кішілерге қамқор болу деген сияқты міндеттерді орындауға тиіс. Бір жағынан осы міндеттер оларды өз проблемаларынан алаңдатып, көңілін басқа жаққа аударады. Қазір жасөспірімдерге арналған әдебиеттер дүкендерде де, ғаламтор жиегінде де көп-ақ. Әрбір жасөспірім өзін-өзі танумен айналысса, өз проблемаларын жеңілдетіп қана қоймай, болашағының бағытын да анықтай алады [2].

«Копинг» түсінігі (ағылшын тілінде coping) бала дамуының дағдарыстарын зерттеуде алғаш рет психологиялық әдебиеттерде 1962 жылы пайда болды. 4 жыл өткеннен кейін 1966 жылы Р. Лазарус өзінің «Психологиялық стресс және оны игеру үрдісі» атты еңбегінде «копинг» түсінігін әртүрлі жағдайлар негізінде қалыптасқан стресстерді жеңу үшін саналы түрде қолданылатын тәсіл деп сипаттама берген. Ол копингті «адамның шамадан тыс ресурсы ретінде бағаланатын ішкі немесе сыртқы спецификалық талаптармен күресудегі когнитивті және мінез-құлықтық аумақта жүретін үзіліссіз өзгермелі қадам» ретінде қарастырды.

Копинг түсінігінің мазмұны қоршаған орта мен адамның өзара әрекеттесуі жағдайындағы талаппен сәйкестену үшін, индивидпен қабылданатын когнитивті және мінез-құлықтық күш болып қалды.

Копинг - мінез-құлық стратегиясы адам өмірлік қиындықтарды жеңе алатын саналы мінез-құлықтың жеке элементтері ретінде қарастырылады.

Копинг-мінез-құлық балалар мен жасөспірімдерде ғана дамымайды, бірақ оны психоәлеуметтік құзыреттілікті арттыру мақсатында мақсатты түрде қалыптастыруға, үйретуге болады. Бұл қиын жағдайларға төтеп берудің конструктивті стратегиясын таңдау, ол адамның дамуындағы табысты, оның тұтастығын, жетілуін және тұрақтылығын анықтайтын факторға айналады [3].

Копинг - мінез-құлық өзін-өзі реттеу мен күресу процестерінің жиынтығы ретінде копинг-стратегиялар мәселесін көптеген шетелдік ғалымдар зерттеді Д. Амирхан, Н. Селе, Дж. Роттер, Р. Лазарус, Р. Плутчик, С. Фолкман және отандық авторлар Н.М. Никольская, Р.М. Грановская, С.В. Фролова, Н.А.Сирота, В.М. Ялта қарастырды. Бір-бірімен байланысты бес компонент бөлінеді:

1) кейіннен болатын шығындардың алдын алу немесе залалсыздандыру үшін пайдалануға болатын әртүрлі ресурстардың (әлеуметтік, қаржылық, уақытша және т.б.) жинақталуы;

2) түсіну, болуы мүмкін ықтимал күйзелістерді, дағдарыс жағдайларын білу;

3) бастапқы кезеңдегі болуы мүмкін ықтимал күйзелістерді, дағдарыстық жағдайларды бағалау;

4) копинг - стратегиялардың алдын ала, дайындық әрекеттері;

5) жасалған әрекеттердің табыстылығы туралы кері байланысты шығару және жүзеге асыру.

Жағдайды когнитивті бағалағаннан кейін жасөспірім стрессті жеңу механизмдерін әзірлеуге, яғни копингке кіріседі. Егер жасөспірімнің копингстратегияларын қолданғаннан кейін стресстік жағдай сақталса, онда одан әрі жеңу әрекеті қажет болады. Бұдан копинг-процесс құрылымы стрессті қабылдаудан басталады, бұдан әрі - когнитивті бағалау, жеңу стратегиясын әзірлеу және іс-қимыл нәтижесін бағалау жүреді.

Теориялық және эксперименталды зерттеулер нәтижесінде стрессті жеңу үшін әр адам өзінің психологиялық резервтері мен жеке тәжірибесіне негізделген өзінің стратегияларын пайдаланады. Сондықтан стресс-еңсеруші мінез-құлықты копинг-ресурстар мен копингстратегияның өзара іс-қимылының нәтижесі ретінде қарастыра бастады. Копинг-стратегиялар-тұлғаның қабылданатын қауіпке жауап ретінде пайда болатын стресс факторын басқару тәсілдері. Копинг-ресурстар-адамдар мен стресстің салыстырмалы түрде тұрақты сипаттамасы, онымен бірге болу тәсілдерін дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта мінез-құлықтық копинг-стратегиялар белсенді және пассивті, адаптивті және дезадаптивті болып бөлінеді. Белсенді стратегияларға «проблемаларды шешу» стратегиясы, адамның мінезқұлқының проблемалық немесе стресстік жағдайды шешуге бағытталған барлық нұсқаларын қамтитын базистік копинг-стратегия ретінде және ортадан әлеуметтік қолдау алуға бағытталған мінез-құлықты қамтитын «әлеуметтік қолдау іздеу» стратегиясы жатады. Пассивті копинг-мінез-құлыққа базистік копинг – «қашқақтау» стратегиясын қамтитын мінез-құлық нұсқалары жатады, бірақ кейбір қашқақтау нысандары белсенді сипатта болуы мүмкін. Копинг-мінез-құлықтың жас және жыныстық айырмашылықтары үлкен қызығушылық тудырады. Жасы ұлғайған сайын проблемаларды шешудің белсенді мінез-құлық стратегияларын қолдану мүмкіндігі артады (Петроски М., Биркимер Дж.,1991). Жасөспірімдердің копинг- мінез-құлықы туралы әлі де аз зерттелген.

Копинг- мінез-құлық мәселесімен айналысатын психологтар копинг стратегияларының тиімділігіне әртүрлі көзқарастарды ұстанады. Бір жағынан, көптеген теориялар копинг-стратегиялар өз мәні бойынша өнімді, функционалды, сондай-ақ өнімсіз, дисфункционалды болуы мүмкін екендігін ескереді, ал екінші жағынан авторлар копинг-мінез-құлықтың ажырамас сипаты оның тиімділігі болып табылатын ескереді; олар оны «бейімдік ісәрекеттер, мақсатты және әлеуетті саналы іс-әрекеттер» ретінде анықтайды.» Копинг-стратегиялардың бірнеше жіктелуі бар. Лазарус С. Фолкманмен бірге копинг стратегияларының жіктелуінің ең танымал екі түрі ұсынды:

- проблемалық-бағытталған,
- эмоционалдық-бағытталған.

Бірінші жағдайда, адам стрессті бастан кешіріп, мәселені түсіну арқылы жағдайды өзгертуге тырысады, ол не істеу керек және не істеу керектігі туралы ақпаратты іздейді. Мұндай түсінік ойланбай жасалған әрекеттер мен импульсивті әрекеттерден аулақ болуға көмектеседі [4].

Стресстік жағдайлардағы копинг-мінез-құлықтың эмоционалды түрі стресстен психологиялық қысымды төмендетуге көмектесетін ойларды қамтиды. Ой сізді жақсы

сезінуге көмектеседі, бірақ мәселені шешуге бағытталмайды. Мысалға: әзіл, алкоголь, транквилизаторлар, жағдайды қабылдамау.

Лазарус пен Фолкман еңбектерінде сегіз түрлі копинг-стратегиялары бар. Стресс жағдайында адамның өзіне көмек көрсетудің түрлі стратегиясына ие болуы мүмкін. Оларға мыналар жатады:

1. Мәселені шешу бойынша іс-әрекеттерді жоспарлау, жағдайды талдау, проблемадан шығу үшін жасалынған түрлі әрекеттер.
2. Конфронтациялық копинг. Күрделі жағдайды конфронтациялау арқылы шешуге тырысу.Мәселе дұшпандық пен жанжалдың көмегімен шешіледі, іс-әрекеттерді жоспарлауда қиындықтар болады. Қарама-қайшылық көбінесе бейімделмеген болып көрінеді, бірақ адам өзінің мүдделерін қорғауда табандылық танытады, адам қиындықтарға белсенді түрде қарсы тұрады.
3. Мәселеге жауапкершілік алу. Өз рөлін бағалағаннан кейін шиеленісті жағдайды түзетуге тырысады.
4. Өзін-өзі бақылау. Адам өзінің эмоциясы мен әрекеттерін басқарады.
5. Стресс мәселесіне оң баға беру. Бұл жағдайда іс-әрекеттердің артықшылықтарын іздеу керек.
6. Айналадағылар мен жақын адамдарыңыздың көмегіне жүгіну.
7. Алшақтау. Жағдайдан кету, оның маңыздылығын төмендету стратегиясы.
8. Проблемалардан аулақ болу, қиындықтардан қашу.

Лазарус адамның жағдайды стресстік немесе жоқ деп бағалайтынын көрсетті. Тек ол өзі үшін потенциалды стресс көлемін бағалай алады. Әрбір қиын жағдайда адам күйзелісті жеңу үшін копинг ресурстарын өзі анықтайды.

Жасөспірімдер арасындағы копинг-мінез-құлық әдетте былайша жіктеледі:

- мәселелерді шешуге бағытталған іс-әрекеттер;
- топта қолдау іздеу;
- социумда қолдау іздеу немесе басқа адамдарға көмек көрсету;
- қашу-аулақ болу. Бұл жағдайда күш-жігердің мақсаты проблемадан жасырыну, одан қашу болып табылады.

Адамның мінез-құлқының негізгі стратегияларын зерттейтін бірегей сауалнама бар. Ол стратегияларды жеңудің индикаторы деп аталады, сондықтан оның идеясы: адам мінез-құлқының барлық негізгі стратегияларын үш топқа бөлуге болады: мәселені шешу, әлеуметтік қолдау, қашқақтау.

Копинг-стратегиялардың бірінші тобы-бұл мәселелерді шешу. Индивид қалыптасқан проблемалық жағдайда тиімді шешудің барлық қолжетімді әдістерін іздеу үшін бар барлық ресурстарды пайдаланады. Ол барлық жауапкершілік оның мойынында деп есептейді және ол жағдайды жақсарту жолын өзі табу қажет.

Екінші топ әлеуметтік қолдауды іздеу – адам жақындардың кеңестерін пайдалана отырып, жағдайды шешудің жолын өте белсенді түрде іздейді және басқалардан қолдау іздей бастайды. Ол ештеңе істей алмайтындығына және өз нұсқаларының дұрыстығы мен тиімді екендігіне сенімді, сондықтан ол мұны қажет деп санайды және сыртқы ортадан қолдау күтеді.

Стратегияның үшінші тобы - қашқақтау . Адам іштей жабылып, проблемасы туралы ешкімге айтпауды, айналасындағы адамдармен қарымқатынас жасаудың барлық түрлерінен аулақ болуды қажет деп санайды, ол мәселені шешуден толығымен аулақ болуды, ол туралы ойлардан арылуды, ештеңе болмағандай өмір сүруді жөн деп есептейді. Адам қашқақтауды ұстана отырып, алкоголь, есірткі, түрлі тәуелділік сияқты кейбір пассивті әдістерді қолданады. Сондай-ақ, ол ауыра бастауы мүмкін, егер бұл жағдай орын алса, ол осы процесті алып тастауды шешеді, емделмейді, ол осылайша мәселенің шешімін кешіктіреді деп санайды. Бірақ егер мұндай әдіс жүзеге аспаса, көп ұзамай ол ең ауыр және шешуші әдіске - суицидке баруға мәжбүр болады. Қашқақтау стратегиясы-бұл жалған немесе дезадаптивті

мінез-құлықты уақытында қалыптастыру жағдайын еңсерудің маңызды тәсілдерінің бірі. Мұндай копинг-стратегия жеке тұлғаның дамуының төменгі деңгейінде болған адамдағы дистрессті жеңу немесе жеңілдету тәсілі болып табылады. Мұндай стратегияны қолданатын адам жеке және орта ресурсты проблемаларды тез және тиісті түрде шешу мүмкіндігі тұрғысынан жеткілікті дамымаған. Бұл тактика проблеманың өзіне, оның қарқындылығына, тұлғалық ерекшеліктеріне, жасына және адамға қол жетімді ресурстар жүйесінің жағдайына байланысты адекватты немесе адекватты емес болуы мүмкін екенін атап өткен жөн [5].

Осылайша, қорытындылай келе, қазіргі кезде теориялық және эмпирикалық көзқарастарында копинг проблемаларға қатысты көзқарастар бар. Алайда, әртүрлі бағыттардың ішінде бір модульді бөліп көрсетуге болады - бұл копинг дегеніміз жағдайдың сипаттамасымен, субъектінің жеке ерекшеліктерімен, адамның белгілі бір жағдайға қатынасымен ғана емес, сонымен бірге интерактивтілікпен де анықталатын динамикалық процесс. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл өзара әрекеттесу субъектінің жағдайды түсіндіруді де, оның ішіндегі өзі туралы идеясын да қамтитын жан-жақты танымдық бағалауды қалыптастырудан тұрады. Копинг мінез-құлық (еңсеру мінез-құлқы) адамның психологиялық әл-ауқатына кейбір қауіп-қатермен күресу ретінде қараймыз, бұл қауіптің сипаттамасы «ескі» шешімдерді автоматты түрде пайдалануды көздемейді, керісінше жаңа шешімдерді әзірлеуді талап етеді. Жалпы 20 ғасырдың соңында басқа психологияның түрлі салаларында копингті зерттеу қызығушылықтары байқала бастады: жеке тұлға психологиясында, клиникалық және әлеуметтік психологияларда белсенді зерттеулер жүргізілді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Копинг-поведение в стрессовых ситуациях (С. Норман, Д.Ф. Эндлер, Д.А. Джеймс, М.И. Паркер; адаптированный вариант Т.А. Крюковой) / Фетискин Н.П., Козлов В.В., Мануйлов Г.М. Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп. – М, Изд-во Института Психотерапии. 2002. - С.442-444.

2. Тәжібаев Т.Т. Жалпы психология / Алматы: «Қазақ университеті», 1993. 240 б.

3. Сибгатуллина И.Ф., Апакова Л.В., Зайцева Л.Д. Особенности копингповедения в реализации интеллектуальной деятельности субъектами высшей школы // Прикладная психология. 2002.

4. Сирота Н. А. Копинг - поведение в подростковом возрасте / Дисс.докт. мед. наук: 19.00.04. - Бишкек - СПб,1994. - 320 с.

5. Жұмасова К.С. Психология. Оқулық /Астана: 1-бас. Фолиант, 2006. - 292 б.

6. Ремшмидт Х. Подростковый и юношеский возраст (проблемы становления личности). - М., 2002. – 317

7. А.Ю. Маленова Дисс: Особенности и личностные детерминанты копинг-поведения ситуациях оценивания - 2007 г – стр-209.

8. Ә . Алдамұратов. Жалпы психология / Алматы . 2011 жыл. 67-70 б.

СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ СВОБОДНОГО ВРЕМЕНИ СТУДЕНТОВ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Шевченко Рената, студентка I курса педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель - **Шонбаева С.Т.,** старший преподаватель ЗКИТУ

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

В условиях современного общества жизнь человека протекает в очень быстром ритме. Вместе с тем для любого общества необходимым является формирование гармоничной, всесторонне развитой личности с высоким уровнем духовной культуры и наличием творческих устремлений. В связи с этим для современного этапа развития нашего общества актуальной становится проблема правильной организации свободного времени студенческой молодёжи, не занятого учебным процессом, домашними хлопотами или работой. Времени, которое должно способствовать культурному воспитанию, творческому развитию, но зачастую используется только как средство релаксации и расслабления или развлечения.

Свободное время - часть общего бюджета времени человека, которая остается после выполнения им трудовых, учебных и других обязанностей, удовлетворения потребностей физиологического плана и используется по собственному усмотрению для реализации духовных и материальных интересов.

Социолог Орлов Г.П. определял свободное время так: «…Это часть социального времени, являющаяся сферой свободной деятельности и развития людей. Оно обусловлено, в конечном счете, всей совокупностью социальных отношений данного общества и уровнем духовного развития каждой личности» [1].

Анализируя эти определения, можно сделать вывод о том, что свободное время — это важная часть жизни человека, которая даёт ему возможность не только отдохнуть от повседневных забот, но и проявить себя в каком-либо виде активности, самореализоваться, расширить кругозор.

Современный мир, как заметил один из крупнейших социологов современности Энтони Гидденс, радикально отличается от предыдущих столетий. Эти изменения, прежде всего, отражаются на темпе современной жизни, которое вынужден испытывать человек в повседневной жизни, поэтому все меньше времени остается у него на отдых и «общение» с самим собой.

Свободное время студентов – это время, которое они затрачивают на самих себя, на свой отдых и саморазвитие.

Среди общих тенденций, характеризующих предпочтения учащейся молодежи в сфере свободного времени, мы выделяем следующие:

- повышение оценки культурно-досуговой деятельности как сферы самовыражения и самореализации юношей и девушек;
- доминирование культурно-потребительских видов и форм времяпрепровождения;
- усиление интернационализации содержания и форм использования свободного времени;
- расширение инновационных процессов в культурно-досуговой деятельности, рост критического отношения к традиционным формам и содержанию свободного времени;
- стихийно-групповой характер использования свободного времени;
- нарастание гедонистических и статусно-престижных мотивов времяпрепровождения;
- превращение свободного времени в зону повышенного риска, продолжающийся рост алкоголизации и наркотизации молодежи, деструктивных форм поведения [2].

Студент сам определяет, как распорядится своим свободным временем, и организовать его по своим интересам, запросам и возможностям. Распоряжаясь своим свободным временем, студент старается провести его с пользой, отдохнуть от учебы, посетить развлекательные учреждения. Так же студент организует свое свободное время,

опираясь на организацию времени своих одногруппников, с которыми хорошо общается. Это время может быть как активно проведенное, так и пассивно.

Соответственно, организация свободного времени молодежи одна из первоочередных задач, стоящих перед системой образования и обществом в целом.

Проблемы свободного времени всегда интересовали исследователей. Так, еще в 70-х годах XX в. М.Г. Бушканец, рассматривая организацию педагогом внеклассной деятельности учащихся, выделял следующие функции свободного времени:

1) дополнение и восстановление физических и духовных сил личности, поглощаемых учебным временем (рекреационная функция);

2) профессиональное и духовно-нравственное ориентирование, формирование представлений о здоровом образе жизни (ориентационная функция);

3) самореализация индивидуального творческого потенциала личности, удовлетворение потребности личности в общении (коммуникативная функция);

4) познавательное, практико-прикладное и художественно-творческое развитие, эмоционально-эстетическое насыщение (развивающая функция) [3].

Человек - существо целостное, и поэтому то, что он делает в свободное время, не может не оказывать влияния на его поведение в рабочее время суток. Человек, ограничивающий свои запросы только в одной сфере деятельности, закрыт для переживаний, которые идут из других источников, поэтому он не сможет гармонично развиваться как внутренне, так и внешне.

В структуре свободного времени можно выделить следующие компоненты свободного времени:

- Отдых. Активный отдых: общение со сверстниками, прогулки, отдых на природе. Пассивный (физический) отдых;
- Досуг. Пассивно-репродуктивная или развлекательная деятельность: просмотр телепередач, кинофильмов; слушание музыки; посещение дискотек, концертов, спектаклей и т.д. Совместный семейный досуг. Организованный коллективный досуг;
- Возвышенная (развивающая) деятельность. Интеллектуально-познавательная деятельность: дополнительные занятия, занятия в предметных и профильных курсах, чтение литературы. Творческая деятельность: занятия техническим и художественным творчеством, декоративно-прикладным и изобразительным искусством. Социально-полезная деятельность: активное участие в жизни группы и университета, в деятельности молодежных общественных организаций, экологических, трудовых и других объединений, волонтерских центров.

По своей структуре проведение свободного времени содержит в себе более 500 форм деятельности, которые в свою очередь можно разделить на три группы:

1. Проведение свободного времени во всех его проявлениях (туризм, посещение выставок и музеев, участие в культурных мероприятиях, отдых с целью получения собственного удовольствия и др.);

2. Общественно-профессиональная деятельность как способ проведения свободного времени (моделирование, изобретательство, различное творчество), дистанционное и вечернее обучение, общественная и организационная работа и др.;

3. Нерациональное использование свободного времени, что, с одной стороны, может означать пассивный отдых, а с другой – девиантное поведение [4].

Все это, вместе взятое, выдвигает такие социально-психологические проблемы организации свободного времени студентов в современном мире как:

1. Пассивный отдых. Современная цивилизация навязывает человеку пассивный отдых, развлечение и культурное потребление «не вставая с места» при массовом использовании телевидения и современных технологий. Сегодня можно высылать письма, оплачивать услуги и счета, получать товары, общаться с друзьями, путешествовать и познавать мир, учиться, не выходя из собственного дома.

2. Девиантное поведение. Наиболее распространенные виды девиантного поведения среди студенческой молодежи – использование нецензурных выражений, курение и употребление алкоголя. Наиболее значимой причиной этих форм отклонений в поведении является окружающая среда.

шахталарында жұмысшылардың орташа айлық контингенті 28 646 адамға жетті, 1943 жылмен салыстырғанда өсім 112,7% - ды құрады. 1944 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша бассейнде 42 955 адам немесе жұмысшылардың жалпы құрамының 85,5% еңбек етті. 1945 жылы Қарағанды көмір бассейніне 13 542 адам жұмысқа қабылданды, оның 4 000-нан астамы Солтүстік Кавказдан қоныс аударушылар болды. Шешендер басқа ұлттардың жұмысшыларымен қатар еңбек етті және жақсы еңбек нәтижелерін көрсетті.

Көршілес Ақтөбе облысында шешендер 10 ауданға қоныстанды, барлығы 4 129 отбасы, немесе 20 248 адам, оның ішінде еңбекке жарамды 7 536 адам есепке алынды, өндірісте 5 354 адам жұмыс істеді, колхоздарда – 1 254 адам, совхоздарда – 435 адам және өнеркәсіптік кәсіпорындарда – 493 адам.

Жоғарыда атап көрсетілгендей депортация барысында шешен ұлтының көп бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды өңірлеріне орналастырылды. Яғни темір жол бойында орналасқан облыстар мен қалаларға қоныс аударылды. Батыс Қазақстан облысы сол кезеңде аталған бағыт бойынша теміржол бойында орналаспағандықтан, шешен ұлтын біздің облысымызға депортациялау жоспарда болмады. Шешен ұлтының алғашқы легінің облысымызға қоныс аударуы депортациядан кейінгі жылдарға сәйкес келеді. Республикамыздың басқа облыстарына депортацияланған шешен ұлтының өкілдері шаруашылық жағдайына байланысты, құрылысқа, оқу орнындағы жолдамаларына байланысты Батыс Қазақстан облысына ерікті түрде қоныс аудара бастаған. Бұл дерекке дәлел ретінде ҚХА Батыс Қазақстан облысы бойынша «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің жетекшісі Данильбек Саратов мырзамен сұхбат барысындағы ақпараттарды келтіруге болады. «Менің ата-анам Қостанай облысына депортацияланған, мен сол облыста дүниеге келдім. Кейін біздер Түлкібас ауданына қоныс аудардық. 1968 жылы анам Шешенстанға қоныс аударамыз деп шешті. Алайда мен ол жақта тұра алмадым, 1975 жылы Оралға құрылыс отрядында жұмыс жасау үшін келдім. Маған дейін келген шешендер оқу орындарындағы және орнындағы жолдамалар бойынша келген адамдар. Мысалы ретінде құрметті құрылысшы Гурсаев Заинди, Аблдаев Шамсуддин сияқты құрметті адамдарды айтуға болады. Гурсаев Заинди 1968 жылы құрылыс отрядына жұмысқа келген, 1969-1970 жж. Аблдаев Шамсуддин құрылыс техникумына жолдама бойынша оқуға келген.» Бұл берілген ақпараттардан Батыс Қазақстан облысында шешен диаспорасының қалыптаса бастауы, қоныстана бастауы 1960 жылдарға сәйкес келеді деп топшылауға болады. Дегенмен облысымыздағы шешен ұлтының санының көбеюі XX ғасырдың соңғы он жылдығына сәйкес келеді. [4]. 1994-1996 жж, 1999-2000 жылдар аралығында Шешен Республикасында соғыстың орын алғаны тарихтан белігілі. Бейбіт тұрғындарға қарсы оқ атылды, тыныштық бұзылды. Ел тұрғындары бас сауғалап басқа елдерге жаппай қашқан болатын. Бұл жолы қиындыққа тап болған шешендерді Қазақстан тағы да құшақ жая қарсы алды. Архив құжаттары бойынша Батыс Қазақстан облысына 1995 жылы 1200 адам, 1999 жылы 800 шешен баспанамен қамтылып, бейбіт жерде өмір сүруге мүмкіндік алған.

Депортация мәселесіне кері оралатын болсақжергілікті мұрағаттардан депортацияланған халықтың нақты санын анықтау мүмкін емес, алайда сол оқиғаларды өз көзімен көрген, бүгінгі таңда Жәнібек, Казталов және облысымыздың басқа да аудандарында тұрып жатқан кейіпкерлердің әңгімелерінен көптеген мәліметтер алуға болады.

Батыс Қазақстанға көшірілгендердің жалпы санын анықтау кезінде бірде-бір құжатта күштеп көшірілген халықтардың өкілдері ескерілмеген, сондықтан мен жоғарыда айтқан эвакуацияланғандарды есепке алудың толық еместігі және үлкен дәлсіздіктер туралы қорытынды осы мысалдармен расталады. Материалдар ұзақ уақыт бойы құпия болып келді және ғылыми зерттеулерде жақында ғана қолданыла бастады. Бірақ қазір толық деректерді алу өте қиын, өйткені мұндай құжаттардың негізгі бөлігі орталық органдардың мұрағаттарында сақталады, көбінесе зерттеуші үшін қолжетімді емес. [5].

Облысымызға қоныс аударған шешендердің жай-күйі мен ары қарайғы тағдыры туралы архив құжаттарында мәлімет аз болғандықтан, бүгінгі таңда облысымызда өмір сүріп жатқан шешен ұлтының өкідерінен сұхбат алу арқылы біраз мәліметтер алуға болады. Бөрлі

ауданына қарасты, Жарсуат елді-мекені шешен ұлтының шоғырланған жері ретінде белгілі.Алайда бүгінгі таңда көпшілік шешендер өз тарихи отандарына немесе басқа елді-мекендерге көшіп кеткен, нәтижесінде Жарсуат елді-мекенінде 3 ғана шешен отбасы өмір сүріп жатыр. Хажамурадов және Ибрагимовтар отбасылары арасында өз әулеттерінің қайдан депортацияланғаны, депортация барысында отбасында қанша адамның қайтыс болғандығы, қоныстандырылған жерлердегі өмір сүруге қаншалықты жағдайдың жасалғандығы жөнінде сауалдар қою арқылы, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

Шешен ұлтының депортациясы өте қатал әрі қатыгез жолмен жүзеге асырылған, әр отбасы кем дегенде 30-50 пайыз адамын жоғалтқан. Бұл шығындар бұдан да көп болуы мүмкін еді, алайда жергілікті ұлт өкілдері үлкен адамгершілік пен мейірім көрсетіп, көп адамдарды өлімнен алып қалды. Өз кезегінде шешен ұлтының өкілдері қазақ тілін, мәдениет меңгеріп, еліміздің барлық салаларында еңбек етті. [6].

Мүлдем басқа этномәдени ортада Солтүстік Кавказдан келген арнайы қоныс аударушылар өзара түсіністікке негізделген жергілікті халықпен достық қарым-қатынас орнатты. Өндіріс процесінде әртүрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынасы ұлттық оқшауланудың тудырды, өзара қарым-қатынас орнатуға ықпал етті, оларды өз құқықтары үшін күресте біріктірді, халықаралық ынтымақтастық пен халықтар достығының негізін қалады.

Осылайша, соғыстан кейінгі жылдары адам ресурстарының тапшылығы жағдайында арнайы контингенттің жұмысы аймақтың экономикалық әлеуетін одан әрі арттыру үшін белсенді қолданылды, әсіресе көмір, тау-кен өнеркәсібінде, шахталар, өнеркәсіптік нысандар құрылысында және т.б. Еңбек қызметі арнайы қоныстанушыларға қаржылық жағдайын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар моральдық және психологиялық проблемалардан арылуға мүмкіндік берді.

Ел басшылығы жеткізілімді жақсартуға және одақтас республикалардың кәсіпорындарындағы адамдардың осы санатын нығайтуға ықпал ететін жағдайлар жасауға бағытталған түрлі шешімдер қабылдады. Құқықтық жағдайы шектеулі шешендер мен ингуштар арнайы қоныстанудың жаңа, өте қиын өмір сүру жағдайларына төтеп берді, не болғанын объективті бағалады, жанқиярлықпен жұмыс жасады.

Қорытындылай келе,күшпен көшіріліп, Сталиндік саясаттың құрбаны болған шешен ұлтына халқымыздың, қазақ халқының көрсеткен жанашырлығы мен адамгершілігі әлі күнге шешен ұлтының жадында. Үлкен тарих қойнауының аз ғана уақыт шеңберінде бірге өмір сүруге мәжбүр болған екі ұлт адамшылығы мен мейірімін жоғалтпады. Қиын жағдайға тап болған ұлтқа мейірім көрсете білген қазақ халқына деген шешен ұлтының бүгінгі ұрпақтарының алғысы мен махаббаттары ерекше көрінеді. Бүгінде шешен ұлтының өкілдері еліміздің әртүрлі салаларында, дәл өткен ғасырдағыдай аянбай еңбек етіп, ортақ Отанымыздың дамуына өз үлестерін қосып жүр.

Әдебиеттер тізімі:

1. ASSEMBLY.KZ https://assembly.kz/ru/ethnos/ru/chechentsy/

2. Исакиева Зулай Сулимовна, К 75-летию депортации чеченцев и ингушей в среднюю азию и казахстан: о жизни спецпоселенцев, 3-4бб.

3. От депортации к интеграции: документы и материалы, посвященные 60-летию депортации чеченцев и ингушей в Казахстан / сост.: Е.М. Грибанова, А.А. Гунашев, А.С. Зулкашева, Л.Н. Сапонова. Алматы, 2004., 25-29 бб.

4. Чеченцы в Казахстане / Гунашев, А. А., - Алматы : Дәуір, 2003 . - 151 с. - – 9965-517-60-6, 24-28бб.

5. Н.Э.Масанов, Ж.Б.Абылхожин, И.В.Ерофеева, А.Н.Алексеенко, Г.С.Баратова. История Казахстана. Народы и культуры. -Дайк-пресс, 2000 г. 608 с.+вкл.28 с., 51-53 бб.

6. Ермекбаев Ж.А. Чеченцы и ингуши в Казахстане. История и судьбы.- Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 500с. +24 с.вкл., 18-21 бб.

БИЖАН ЖАНҚАДАМОВ ЖӘНЕ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

Байболова Сагадат, БҚИТУ педагогика факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекші- **Құрманалин С.Б.,** тарих ғылымдарының кандидаты, БҚИТУ профессоры

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

1916 жылғы патша жарлығы мен оның отарлаушылық саясатына қарсы басқа «бұратана халықтар» сияқты қазақ халқы да жаппай көтерілгендіктен, бұл көтеріліс жалпыхалықтық ұлт-азаттық сипатқа ие болды. Қазақстанның барлық аймақтарындағы сияқты бұл көтерілістің ошақтары Батыс Қазақстан жерінде де орын алды. Көтерілістің құлаш жайған аудандары қатарында Жетісу, Торғай, Ақмола, Сырдария, Семей облыстарымен бірге, біз диплом жұмысына арқау етіп отырған Бижан Жанқадамовтың туған өлкесі Орал облысы да болды.

Сонымен еңбекшілердің жаппай бас көтеруі шілде-тамыз айларында Орал облысы мен Бөкей Ордасында да орын алды. Орал облысында көтеріліс Шыңғырлау болысының бесінші ауылында болған оқиғамен байланысты. Шыңғырлау болысы Бижан Жанқадамовтың туған елі Қалдығайты болысымен көршілес еді. Бұл оқиғаны 1916 жылдың 12-шілдесінде полиция департаментіне Тамбов-Орал темір жолы жандарм полициясы басқармасының Орал бөлімшесінің бастығы Баблановтың жеделхаты толық баяндайды: «8-ші шілдеде бесінші ауыл қазақтары болыстың басқармасына келіп, қара жұмысқа аттандырылуға тиісті адамдардың тізімін беруін талап етті. Алайда басқарма олардың өтінішін орындаудан бас тартып, қару жұмсайтындығын білдірді. Өтініш айтушылар басқарма мен оның хатшысын өлтірді» [1, 29 б.]. Бұл хабар бүкіл облысқа тарады.

Алайда Шыңғырлау болысында және онымен іргелес Қалдығайты болысында бұл кезде жазалаушы отрядтың елге шығуына байланысты үлкен дүрбелең басталған еді. Көтерілісшілер жазалаушы отрядқа қарсы батыл әрекет жасай алмады. Оралдың соғыс губернаторы Мордвинов прокурор, жандармдарын ертіп, оқиға болған жерге келіп, Бекпан қазіреттің үйінде болысты кімдер өлтіргені жайында тергеу жүргізе бастады. Ахмет болысты өлтірушілерді бірден аша алмаған Мордвинов болыс етіп Қаныбетті (Ахметтің інісі) тағайындады. Дегенмен губернатор тергеу барысында Доспаев, Байтеміров, Есмағұлов дегендердің көрсетумен 12 адамды ұстап (олар: Елубаев Даужан, Нұржан; Жанбарақов Қожа, інісі Мұхаметқазиев; Қатаев Тәжі; Төриев Есмағұл – 3-ші ауылдан; Тәжімұқанов Баймолда; Қолболсынов Ізбасар; Тәжімқұлов Сайап, Бекжанов Ғайып – бәрі де 6-шы ауылдан; Арыстанов Дүсікей; Қосбатыров Тәштен – 7-ші ауылдан), Орал түрмесіне жөнелтті. Соғыс губернаторының нұсқауымен көтерілістің бұл басшылары бірден төтенше сотқа тартылды. Жалпы тергеу барысында, болыс Ахмет Сарбалаевтың өлігін іздеу кезінде Шыңғырлау болысының халқы үкімет органдары тарапынан ерекше қысымға ұшырайды. Қаныбет болысқа берілген билікке сәйкес Шыңғырлау болысынан мыңнан астам 15-37 жастағы жігіттер майданға алынды. Ауылда қалғандарға алым-салық мөлшері өсірілді. [2, 88 б.]

1916 ж. таптық және ұлттық езушіліктің және соғысқа деген өшпенділіктің күшеюі жаппай құбылысқа айналды. Соғыс елдегі жалпыұлттық дағдарыстың пісіп-жетілу процесін тездете түсті.

Көтерілістің шығуының басты себебі - әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар болып табылады: отарлық езгінің күшеюі, жерді тартып алу, алым-салықтардың өсуі, еңбекшілерді қанау, орыстандыру саясаты, соғысқа байланысты қалың халық бұқарасы жағдайының нашарлап кетуі.

Көтерілістің бұрқ ете қалуына патшаның 1916 ж. 25 маусымдағы армияның тыл жұмыстарына Қазақстаның, Орта Азияның 19-дан 43 жасқа дейінгі «бұратаналық» еркек халықтарын шақыру жөніндегі жарлығы тікелей сылтау болды. Еріксіз алынғандарды

армия қимыл жасап жатқан аудандарда қорғаныс құрылысы мен әскери байланыс жолдарын салу жұмысына пайдалану жоспарланды (500 мыңнан астам адам алу көзделді).

Бірінші дүниежүзілік соғыс Ресей империясы халықтарының соның ішінде қазақ халқының онсыз да ауыр жағдайын қиындата түседі. XX ғасырдың алғашқы жылдарынан, әсіресе 1914 жылдан бастап халықтың жағдайы бұрынғыдан да ауырлай түсті. Соғыс қисапсыз шикізатты, азық-түлікті, малды т.б. материалдық игілікті жалмай берді. Уақыт өткен сайын соғысқа байланысты тонау мен қанау күшейе түсті. Әртүрлі салықтардың мөлшері артып, жаңа салықтар енгізілді. Жергілікті халық төлейтін салықтар көлемі 3-4 есе, ал жекелеген жағдайларда 15 есе көбейді. Сонымен қатар халық күнделікті тұтынатын заттар үздіксіз қымбаттай берді. Мәселен, 1914-1916 жылдар аралығында Орал облысында әр түтінге салынатын салық 3 сомнан 8 сомға өсті. XX ғасыр басында бір пұт ұнның бағасы 94 тиын болса, 1916 жылы ол 40 сомға дейін көтерілді. Қазақстанның батыс облыстарында 1916 жылы бидай ұнының бағасы 1,5 есе, ал еттің бағасы екі есеге дейін жоғарылады [3, 5 б.].

М.Дулатовтың «Оян қазағынан» (1909ж.) А.Байтұрсыновтың «Масасынан» (1911ж.) бастап ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясы халықтың жер суынан айырылуына, отарлық езгінің күшеюіне байланысты наразылық білдіріп, сол арқылы халықтың санасын оятуды, жігерін қайрауды өзінің басты міндетіне айналдырды. Осы бағыттағы жұмыстар «Айқап» журналы (1911-1915 жж) мен 1913 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газетінің қызметінен айқын көрінді. Бұл бағытты Қазақ өлкесінің әр аймағындағы зиялылар жалғастырып, дамытты. Солардың ішінде оралдық қайраткер Бижан Жанқадамов та болды [4, 12 б.].

Орал облысының Орал, Ілбішін, Темір, Гурьев уездері мен Бөкей Ордасында патшаның заңсыз жарлығына қарсы ел жігіттерінің бас көтерулері мен қарулы қақтығыстары әр жерде әр түрлі деңгейде өтті. Бірақ бұл өлкеде қарсылық көршілес Торғай облысының Ырғыз уезіндегідей ұйымдасқан қарулы көтеріліс дәрежесіне жеткен жоқ.

Оның басты себептерінің бірі Орал қаласында және патша үкіметінің бекініс қалаларында Орал казак жүздіктерінің орналасып, олардың қарусыз көтерілісшілерді тез арада жазалау мүмкіндіктерінің болғандығынан еді. Сонымен бірге патша үкіметі ел арасында ықпалды, беделі күшті зиялы интеллигенция өкілдерін көтерілістің бас кезінде – ақ бақылауға алып, оларды алдын ала елден аластатып жер аудару және ел ішінде бүлікшілік басылғанша түрмеге жабу сияқты шараларды қолданды. Бұған С.Меңдешов, Б.Құлманов (екінші Мемлекеттік Дума мүшесі) және Исатай батырдың немересі Дінбаянұлы Өтепқали сияқты азаматтардың елден алыстатылып, түрмеге жабылуы дәлел болады [5, 71 б.].

Орал облысы мен Бөкей Ордасында 1916 жылғы оқиғалар көтеріліс дәрежесіне жетпей тек қана бас көтеру, толқу деңгейінде ғана болғанымен халықтың патша әскеріне қарсы күресі ұлт - азаттық көтеріліс тарихының беттерінен лайықты орын алады.

Батыс өңірінде патша үкіметінің 25 маусым жарлығына осы өңірдің оқыған зиялы азаматтары да бір кісідей ат салысты. Ұлт жанашырларының үгіт – насихаттарын халыққа жеткізбеу үшін оларды түрмелерге жапты. Атап айтсақ: Залиев Нұғман, Меңдешев Сейітқали, Құлманов Бақтыгерей, Әйтиев Әбдірахман т.б.

XX ғасырдың басындағы қазақ қауымының рухани және саяси сұраныстарына мүмкіндігінше толық жауап беруге атсалысқан ұлттық интеллигенция 1905 – 1907 жылдардағы революциялық қозғалыс барысында барлық деңгейдегі орыс әкімшілігімен бетпе – бет келіп отырды. Сондай – ақ, олардың қоғамдық – саяси көзқарас-тарының қалыптасып, бірыңғай саясатпен араласуына осы 1905 – 1907 жылғы орыс революциясы белгілі дәрежеде ықпал жасады.

Отарлаушылар қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығының басым бөлігіне иелік етіп қана қоймай халықты рухани езгіге де түсіреді. Оны тілінен, дінінен, ділінен айыру бағытында жымысқылықпен ойластырған шаралар жүйесін жүзеге асырады. Ұлттық

және әлеуметтік езгінің күшеюі, соғыс тудырған қиыншылықтарға байланысты халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық пен аш-жалаңаштылықтың етек жаюы – міне осының бәрі халықтың басым көпшілігі тарапынан жаппай наразылық туғызады.

Салық жинау жүйесін жасады, елбегі, хан, хан кеңесі, қазылар алқасы, сардарбек тағайындалады. Жетісуда қазақтар, қырғыз, өзбек, ұйғырлармен бірігіп, ел арасында елшіліктер жүреді.

1916 жылы шығыс халқы патшаға қарсы көтеріледі. Июнь жарлығын аяққа басады. Қозғалыс ұлттық, халықтық сатыға көтеріледі. Ұлттар мен отаршыл әкімшілік, Қазақстанның оңтүстігіне көшіп келген казактар болып, қақ жарылады. Көтерілген халық хандық кезіндегідей, ұлттық мемлекеттік негіздерін жаңғыртады. Қозғалыстың қозғаушы күші, оның мақсаты, деңгейі, шеңбері барлық жерлерде жаңа басқару жүйесінің қалыптасуында ұлт-азаттық көтерілісті көз алдында еріксіз әкеледі. Бұл миллиондардың қозғалысы, ұлтқа төнген қауіп-қатерге қарсы біріккен, қалың қауымның қозғалысы. Бұл өте қымбатқа түскен, еркіндікті аңсаған халықтың тығырыққа тірелген сәтіндегі соңғы серпін. Жоқ бұл жай бұрқ етіп көтеріліп, жалп етіп сөнген бір қас-қағымдай көтеріліс емес, ғасырлар шері қатпарланып, халықты қайыстырып, туған елді тастап, шекара асып, ауып кетуге дейін шешім алған халықтың шешуші қадамы - төңкеріс.

1916 жылы шілденің басында Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік көп кешікпей қарулы көтеріліске айналған стихиялық баскөтерулер басталды. Халық қаһарының соққысын алдымен тылдық жұмыстарға баратындардың тізімін тікелей жасаушы болыс басқарушылары, ауыл ағамандары және патша әкімшілігінің басқа да төменгі қызметкерлері алды. Қара жұмысқа баратындардың тізімін жасау жүйесі іс жүзінде жаппай парақорлық пен қызмет бабын теріс пайдаланушылық туғызды.

Оның үстіне патша өкімет орындары лауазымды адамдарды, болыстық, селолық және ауылдық басқарушыларды, жергілікті тұрғындардан шыққан полицейлік төменгі шендегілерді, имамдарды, молдаларды, майда несие мекемелерінің есепшілері мен бухгалтерлерін, жоғарғы және орта оқу орындарының оқушыларын, үкіметтік мекемелер шенеуніктерін және дворяндық, құрметті азаматтық құқықпен пайдаланатын адамдарды армияға алудан босатты.

Патша жарлығына және жер-жерде оны орындаудағы әділетсіздік тәсілдерге қатты ашынған бұқара қолдарына не түссе, сонымен қаруланып, патша өкіметінің өкілдеріне, болыстық басқарушыларға, ауылдық ағамандарға, полицейлерге, казактарға, чиновниктерге «адамдар бермейміз» деген айқаймен тарпа бас салып, сазайын тарттырды. Олар болыс басқарушысының, ауыл ағамандарының кеңселері мен үйлерін өртеді, осылай ету арқылы тылдық жұмыстарға алынудан арыламыз деп аңғырт ойлап, іс жүргізу қағаздары мен әскерге шақырылатындардың тізімдерін жойды.

Стихиялық қозғалыстар бірте-бірте ұйымдасқан сипат ала бастады. Торғай мен Жетісуда оның танылған жетекшілері Ә.Жанбосынов, А.Иманов, Ә.Жангелдин, Б.Әшекеев, Т.Бокин, Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов, А.Қосақов ж.б. басшылық еткен ірі ошақтары пайда болды.

Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтып, царизмнің әскери-отарлаушылық және кең көлемді орыстандыру саясатына қарсы әрі белгілі бір дәрежеде ауылдың бай-феодалдық басшы топтарына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысына ұласты. 1916 ж. көтерілістің басты мақсаты - қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы бұдан бұрынғы барлық күресіне қорытынды жасайтын ұлттық және саяси азаттыққа жету болды.

Көтерілістің негізгі қозғаушы күші ұлттық шаруалардың қалың топтары, жаңадан туындап келе жатқан жұмысшылар, қолөнершілер болды.

Отарлау әкімшілігінің жерді тартып алу, алым-салықты өсіру тәрізді әрекеттері өлке тұрғындарының барлық топтарын оның ішінде ауқаттыларды да қамтып жатты. Осыған байланысты көтерілісшілер арасында феодалдық-байшыл элементтер, дін иелері, зиялы қауым да орын алды (ұзақ уақыт бойы кеңес тарихшылары Ресейдің орталық аудандарындағы пролетариат пен кедей шаруаның таптық күресі деңгейіне бейімдеп,

соған жеткізсем деген таптық принципке салып, ұлт-азаттық қозғалысының әлеуметтік базасын жасанды түрде тарылтып келді). Шындығында азаттық қозғалысына орыс және шетел капиталымен бәсекелесе бастаған жас ұлттық буржуазия, феодалдық қатынастарды сақтап қалғысы келген дәстүрлі ақсүйектер, интеллигенцияның әртүрлі топтары белсене араласты.

Қазақ қоғамында патша жарлығы мен көтеріліске деген көзқарас бір мәнді болған жоқ: бай-феодалдық басшы топтардың белгілі бір бөлігі, сондай-ақ жергілікті әкімшілік деп аталатынның чиновниктері патша жарлығын сөзсіз қолдады және оның басты жүзеге асырушылары болды. Қазақ интеллигенциясының батыл өкілдері (Т.Бокин, Ниязбеков, Жүнісов, С.Меңдешев, Б.Алманов, Т.Рысқұлов, Ә.Жангелдин т.б.) патша жарлығына қатал қарсы шықты, сөйтіп халықты қарулы қарсыластық көрсетуге шақырды. Ал, «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан либерал-демократиялық интеллигенцияның жетекшілері қазақтарды тыл жұмысына шақыруды уақытша кейінге қалдыруды, оны тиісті дайындық жұмыстарынан кейін жүзеге асыруды ұсынды. Бұл орайда олар соғыс жеңіспен біткен жағдайда өз халқының тағдырын жеңілдету мен ұлттық автономия құруға үміттенді. Олар іс жүзінде қарусыз халық осы заманғы техникамен жарақтанған патша армиясына қарсыласуы мүмкін емес деп санады. Олар қарусыз халық үкіметтің жазалау шараларының құрбаны болады деп қауіптенді. Сонымен, қазақ халқының революцияшыл-демократиялық ой-пікірінің басшылары отаршыл империямен парасатты ымыраластық тактикасын жүзеге асырып, халықтың аман қалуы, оның этникалық тұтастығын сақтау идеясын бірінші орында ұсынды. Көтерілістен кейінгі қанқұйлы жазалау, Қазақстанның жүз мыңдаған халқының қуғын-сүргінге ұшырауы осы қауіптің дұрыс болғанын дәлелдеді

Жарлық Қазақстанның барлық аймақтарына дерлік жаппай наразылық тудырады. Ә.Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, «қалың елдің дариядай толқуы» басталады. Ә.Бөкейханов 1926 жылы Мәскеудегі Кеңес Одағы халықтарының орталық баспасында көтерілістің 10 жылдығына орай жарияланған «1916-1926 жыл 25 июнь» атты еңбегінде былай деп жазады: «Түстігінде Хантәңіріден Арқада Тобылға дейін, батыста Астраханнан шығыста Алтайға дейін үйінен өрт шыққандай алаштың ұлы қозғалды. Ерлері ұйқы да жоқ, дамыл да көрмей қала, дала барып тоқым кеппей жортады... Текеде, Қостанайда, Атбасарда, Қарқаралыда ел болыстарын сабайды, жарады, өлтіреді. Патшаның жарлығын болыстардан көрді. Елді орысқа жердей сатқан сендер дейді. Қазақ-қырғызбен бірге өзбек, түрікпен, тәжіктер бас көтерді.» [6, 85 б.]. Демек, көтеріліс әуел бастан-ақ бүкілқазақстандық және ортаазиялық сипатқа ие болады. Қазақстанның әр аймағында сихиялық түрде басталған патша жарлығына қарсы әрекеттер бірте-бірте ұйымдасқан сипат алады, қарулы көтеріліске ұласады.

Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтыды, алайда оның ірі ошақтары алдымен Жетісуда, онан кейін Торғай-Ырғыз өңірінде қалыптасады. Көтерілістің басты мақсаты ұлттық және саяси азаттыққа қол жеткізу болатын. Көтерілістің негізгі қозғаушы күшін ұлттық шаруалардың қалың тобы, сондай-ақ сол кезде қалыптасу үдерісін бастан кешіп жатқан жұмысшы табының өкілдері құрады. Сонымен бірге оның ұлт-азаттық сипатта өрістеуіне оған қазақ халқының басқа да әлеуметтік топтарының байлар мен ауқаттылардың және патшаның билік жүйесіндегі төменгі баспалдағының (туземная администрация), сондай-ақ солшыл қазақ зиялыларының жекелеген өкілдерінің қатысуы әсер етеді. Көтеріліске қазақтармен қатар ұйғырлар, өзбектер, қырғыздар, дүнгендер және жекелеген басқа халықтардың өкілдері қатысқан оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақты (сол кездегі Сырдария және Жетісу облыстарын) қоспағанда, Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты өзінің ұлттық құрамы жағынан бір ұлттық күрес болады.

Қазақ қоғамында атап айтқанда, оның сол кездегі саяси элитасының арасында, көтеріліске көзқарас бір мәнде болған жоқ. Қазақ зиялыларының радикалды өкілдері (Т.Бокин, Ж.Ниязбеков, Ә.Жүнісов, Т.Рысқұлов, С.Меңдешов, Б.Алманов, Ә.Жангелдин, т.б.) патша жарлығына батыл қарсы шығады және халықты қарулы қарсылыққа шақырады, ал «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан либерал-демократияшыл зиялылардың жетекшілері (А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов және басқалар) патша әкімшілігінен

тыл жұмысына адам алуда асықпауды өтініп, әуелі дайындық шараларын жүргізу жөнінде ұсыныстар жасайды. Сонымен қатар олар көтеріліске шыққан халық патша өкіметі тарапынан аяусыз жазалауға ұшырайтынын ескертіп, көпшілікке жарлықты орындауға қарсылық көрсетпеуге шақырады.

Қазақстандағы көтерілістің алғашқы ошақтары 1916 жылғы шілде айының бас кезінде пайда бола бастайды. Халықтың ашу-ызасының бастапқы соққыларына жұмысқа алынатындардың тізімдерін тікелей жасаған болыс басқарушылары, ауыл старшындары және жергілікті әкімшіліктердің басқа да қызметкерлері ұшырайды. Өйткені тізім жасаудағы бұрмалаушылық әуел бастан жаппай парақорлық пен қиянат жасаушылықты туғызған болатын. Әкімшілік жүйесі ол кезде қазақтарда тууы туралы куәліктердің болмағандығын пайдаланып, тізімге жас шамасына қарамастан, кедейлерді енгізіп, ауқатты әулеттерден пара алып, олардың өкілдерін шақырудан босатады. Оның үстіне патшалық өкімет орындары өлке тұрғындарының кейбір әлеуметтік топтарының өкілдерін (болыс басқарушыларын, жергілікті халықтан шыққан төменгі шенді полицейлерді, имамдар мен молдаларды, дворян және құрметті азамат құқықтары барларды, т.с.с.) майданның қара жұмыстарына шақырмайтын болады. Осының барлығы халықтың басым көпшілігінің ашу-ызасын туғызады. Көтерілісшілер болыстық кеңселерді, болыстар мен ауыл старшындарының үйлерін, жасалынған тізімдерді өртейді. Жекелеген болыс бастықтарын өлтіреді. Қазақстандағы көтеріліс патша әкімшілігі үшін де, сондай-ақ жергілікті үстем феодалдар тобы үшін де күтпеген жерден басталады.

1916 ж. шет аймақтардағы ұлттық қозғалыс ресейлік үстемдікке қарсы жүргізілген күрестің биік шыңы. Отаршылық жүйеге бүкіл шығыс бір майдан болып шықты. Орта Азия мен Қазақстанға қарсы жіберілген жазалаушы қосын күші осы аймақтарды жаулап алуға жіберген күштен артты. Үш жүз жыл Ресейден келген жаушылардан 3-4 айда келген жазалаушы қосын артты деу – империяның біртұтастығы үшін патша өкіметі, отаршыл жүйе еш нәрседен тайынбайтынын көрсетеді. Отқа шарпылған Ұлы Дала стратегиясы міне осылай қалыптасты.

1916 ж. көтеріліс кезеңінде қазақ халқының біржола құрып кету қаупі туды. Жоңғарлармен күрес дәуіріндегідей, тарихи мәселені тағы да төтесінен қойды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақбай Ж. Жанша. – Алматы: Жазушы, 1994. – 180 б.
2. Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1916-1920 жж.). – Орал: БҚМУ баспасы, 2000. – 201 б.
3. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. - Алматы: Санат, 1997. - 320 б.
4. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. – Алматы: Жалын, 1996. – 224 б.
5. Қоспаев Б.Д., Анесова А.Б. Ақжайықтық Алаш арыстары. – Көкшетау: Көкше-Полиграфия, 2017. – 240 б.
6. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 38 б.

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ЖЕТЕКШІСІ МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ӨМІРІНІҢ СОҢҒЫ КЕЗЕҢІ
(1839-1846 жж.)

Балгенжиева Гульзада, БҚИТУ педагогика факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекші- **Құрманалин С.Б.,** тарих ғылымдарының кандидаты, БҚИТУ профессоры

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Көтерілісшіл ақын Махамбет 1838-1846 жылдардағы өмірін қашқындықта, қудалауда өткізді. Бұл кез Кіші жүздегі саяси жағдайдың шиеленісе түскен кезі еді.

Патша әкімшілігі басып алу мақсатында Хиуа хандығымен қарым-қатынасын шиеленістіріп жібереді. XIX ғасырдың басынан патша өкіметі Түркіменнің кейбір аудандарын, руларын түрлі амалмен Ресейге қарата берді. 1833 жылы Орынборға В.А.Перовский әскери губернатор болып келісімен Хиуа хандығына қарсы жорыққа әзірлік шұғыл басталады.

1834 жылдан бастап Каспийдің шығысындағы Қайдақ бұғазы жағасына Александровск әскери қамалы салынады. Бұл Хиуа қаласының өкпе тұсында еді. Одан бекініс салынады. Бұл Хорезм алабына біртіндеп жақындай беру әрекеті Хиуа хандығын алаңдата бастады. Екінші жағынан ағылшын агенттері келіп, тіміскілеуге кірісті. Бірақ оларды Хиуа ханы қажет деген уақытында жойып отырды.

Орынбор әкімшілігі Хорезммен арадағы бейбіт қатынасты бұзып, күш көрсету, қорқыту амалдарын қолданып, оның әскери әлсіздігін біліп, тікелей зорлыққа көшеді. Хиуа саудагерлерін Орынборда тұтқындап, мүліктерін тартып алады. Бұл екі ел арасында араздықты өршіте түседі.

Хиуа ханы енді Кіші жүздің оңтүстігіне өз өкілдерін жиі жіберіп, бұрынғы шапқыншылықты қойып, жергілікті елдің патша әкімшілігі мен казак әскерлерінің озбырлығына қарсы, отарлық езгіге қарсы наразылығын пайдаланбақ болады. Сөйтіп В.А.Перовскийдің жорығын болдырмау шарасын іздестіреді. Кіші жүздің оңтүстігіндегі қазақ ауылдарына Хорезм шолғыншылары жиі келе бастайды.

Міне, осы жағдайда Исатай көтерілісіне қатысқандар патша әскерінің Хиуаға жорығын жақтамады. Өйткені бұл оңтүстіктегі босқан елдің болмашы тәуелсіздігін жою еді, отарлық езгіні кеңейту еді.

Махамбет үшін 1838-1846 жылдар халыққа қарсы хан, сұлтандар және би, старшындармен күрес сәтсіз, ауыр азаппен аяқталды. Құрттайынан бауырында өскен Исатай батыр енді жоқ, көп жолдастары қаза болды, қолға түсіп сотталды, жер аударылды. Туған інілері Есмайыл, Қожақмет, Сүлеймен тұтқындалып, айдалып кетті. Ағасы Бекмұқамбет қудаланып, жаламен абақтыда екі жыл жатып шығады. Жолдастары қолға түсіп, жер аударылып, келмеске кетті. Махамбет осы кезде:

Ен Қабыланын жөнелтіп,
Елсіз қаңғып қалған шақ.
Кім айтады бізді мұңсыз деп [1, 76 б.] жырлайды.

Бұл жылдар Махамбет үшін қайғылы, қасіретті жылдар болды. Ол Ішкі тарапқа жасырын бірнеше рет барса да, жанұясын таба алмады. "Уа, күндер-ай, күндер-ай", "Мұнар күн", "Атай да Матай екі құм", Жәңгір ханға, Баймағамбет сұлтанға айтқандары т.б. көптеген өлеңдері мен "Өкініш", "Жұмыр", "Қылыш", "Қайран Нарын" деген күйлері осы кезеңде шыққан болса керек. Оның бірінде сол кездегі әлеуметтік жағдайды әшкерелесе, екіншісінде өз ісінің сәтсіздікке ұшырағанына өкініп, қайғырады. Өз басының мұңын көптің халімен ұштастыра келіп, заман сұмдығын көрсетеді. Бірақ ақын қанша қайғыға салынғанмен еңсесі түспейді, өжеттігі ұстап, "айныман" деп өре тұра келеді. Дегенмен қаһарман ақын күрестен тайынбайды. 1838 жылы Қайыпқали шұғыл қашып кеткесін Махамбет бірнеше ай Кіші жүзде болып, қудалау көбейгесін Сам, Үстіртке, Хиуаға кеткен. Ол онда барып та күреске

дайындалады. Көтеріліс жеңілгенмен шаруалар топ-топ болып қарсылығын тоқтатпайды. 1839 жылдың басында көтерілісшілер мен Махамбетті ұстау үшін Төменгі Жайық дистанциясының бастығы Жем, Сағыз жағына Әбіл Табылдин деген сұлтанды жібереді. Бұны естіген Ноғай Мыңжасаров бастаған көтерілісшілер 150 адам болып сұлтанға тап береді. Тек ауыл адамдарының ара түсуімен сұлтан өлімнен құтылады [2, 171 б.]. Мұндай қарсылық Кіші жүздің әр жерінде болып жатты. Бірақ елде патша әскерінің кезіп жүруінен, бұлардың басын біріктіру мүмкін болмады.

Бұл уақытта Орынбор соғыс губернаторы В.Перовский Хиуа хандығымен екі арадағы қатынасты шиеленістіріп, Хиуаға қарсы әскери жорық ұйымдастырудың саяси және әскери әзірлігін дайындаған еді.

Махамбеттің 1839 жылғы қаңтардағы хатына қарағанда патша әскеріне қарсы Хиуадан әскер шықпақ болған. Махамбеттің Самнан жазған бұл хаты қолына тиісімен генерал В.Перовский патшаның Соғыс министріне арнайы мәлімдеме жазып, Хиуаға қарсы жорық ұйымдастырудың қажеттігі туралы бұрынғы пікірін қуаттайды. Бірақ хиуалықтар сақтық жасап, өздігінен ашық соғысқа шықпайды. 1839 жылдың көктемінен патша әскері бірінің артынан бірі Кіші жүзге – Жем, Сағыз, Ақбұлақ өзендеріне қарай шығып, Ембіде, Шошқакөлде, Ақбұлақта бекіністер салып, Хорезм алабына жорыққа дайындалады. Күзде генерал В.Перовский басқарған әскерлер саны 5000 адамнан асады, оған 240 адаммен Баймағамбет сұлтан қосылады [3].

Бұл жағдайда Махамбетке бытыраған қарусыз шаруаларды күреске топтастыру қиын болған. Өйткені полковник К.Геке, т.б. жаздай ауыл аралап, болмашы наразылықтарды басып отырады. Бірде Махамбеттің өзін де ұстамақ болады, оның орнына басқа айыпсыз он шақты адам ұсталып, жазаланады. Ал Махамбет пен оның жолдастары құдалауға түседі. Батыр амалсыз тағы да оңтүстікке кетеді. Патша әкімшілігі өздерінің елге істеген қанқұйлы сойқандығын ескермей, Махамбеттің Хиуаға баруын опасыздық деп танып, оны барынша балағаттап сөгумен болады.

1839 жылы қыркүйекте Махамбеттің Шошқакөл, Ақбұлақ өзені маңында жүргенін білеміз. Оны ұстап алмақ болып, Ақбұлақ бекінісінің командирі Геке тағы қырға шығады. Бірақ ақынды таба алмай, жазықсыз елді бүлдіріп қайтады.

Махамбет осы жолы Борсық құмында Бұқараға бара жатқан экспедициядағы тау-кен инженері капитан Е.П.Ковалевскиймен еркін орысша сөйлесіп, өзінің шешендігімен экспедициядағы орыс офицерлерін таң қалдырады. Сонымен Е.П.Ковалевский "Құрлықтар мен теңіздерді кезуші" деген кітабында: "Біз Борсық құмындағы ауылдарда болған кезімізде өз халқының ішінде өте тамаша қазақты кездестірдік" дей келіп, Махамбет "аз уақыттың ішінде-ақ өзінің ақылдылығын да, шешендігін де танытты" деп жазған [4, 81 б.]. Махамбет экспедиция адамдарына ағынан жарылып, өзінің күресін, қазіргі мүшкіл халін баяндап, 4-5 жылдан бері үй-күйсіз ел кезіп жүргенін, Ішкі тарапқа да бара алмайтынын, экспедицияға өздерімен бірге ала кетуін сұрайды. Көп толғаныстан кейін экспедиция алып кеткенмен, Махамбет жолда олардан қалып қояды.

Бұдан кейін Махамбет 1839 жылдың желтоқсан айында Ішкі тарапқа келді деп Жәңгір хан дабыл қағады. Ақынды ұстау туралы би Балқы Құдайбергенов пен сұлтан Әділ Бөкеев тапсырма алады, бірақ олар Жайық бойын көп іздеп, оны таба алмайды. Жәңгір губернатор мен Шекара комиссиясына тағы да хат жазып, әскер шығарып, Махамбетті ұстауды өтінеді. Губернатордың тапсыруымен Орал әскерінің атаманы мен Баймағамбет сұлтан да жер-жерге іздеу салады. Бірақ батырды таба алмайды. Ел оны жасырды, іздеушілерге айтпайды.

Міне, осы 1839 не 1840 жылдың бір қысталаң кезінде Махамбеттің Жәңгір ханмен кездескені жөнінде ел ішіне аңыз тараған. Махамбеттің бұл жайында Жәңгір ханға айтқан толғауы да бар.

1840 жылдың жазында генерал-майор Жемчужников ел арасына, Жем бойына шығады, оның не мақсатпен шыққанын түсінбеген ел жан-жаққа қашады. Ал генералдан хат алып шыққан 2 қазақты Аққұм деген жерде, ішінде Махамбет бар 200 адам ұстап алып аттарын алады да, өздерін жаяу жібереді.

Осы жылы күзде Махамбет Ішкі тарапқа тағы өтеді. Мұны естіген Жаңгір 1840 жылғы 20 желтоқсанда Орынбор әскери губернаторына хат жазып "Махамбет Жайықтан өтіп жылқы ұрлайды" [5, 97 б.] деп жалған мәлімет таратады. Шындығында ақын бұл сапарында ең алдымен болашақ күрес қамымен Бөкейліктегі серіктеріне жолығады, ал жанұясын іздеп таба алмайды.

Дегенмен жергілікті әкімдер ауыл-ауылға тыңшылар жіберіп іздестірумен болады. Төменгі Жайықтағы 1-дистанцияның бастығы М.Өзбекқалиев қуғыншыларға Махамбеттің Сары, Тәни деген жолдастарымен Дуан деген жерде жасырынып жатқанын хабарлайды. Сөйтіп ақын абайсызда қолға түсіп, конвоймен Текеге (Оралға), ал 17 наурыз күні Орынборға әкелініп, Ордонанс-гаузге қамалады. Сонда Орынбор полицейі Махамбеттің мынандай белгілерін жазған: бойы аршын, 5 ¾ вершок, шашы, қастары, мұрты, сақалы қара, беті таза, қара торы, қой көзді, - 37 жаста [6, 244 б.].

Орынбор соғыс губернаторы Махамбет ісін 24 наурызда әскери сотқа береді. Тексеру кезінде Махамбет өзіне тағылған кінәні мойындамайды, қайта 1838 жылы жазда И.Шустиковты іздеп шыққан губерниялық секретарь М.Айтовты ел қысымынан қорғап, хорунжий Щустиков және урядник бастаған 5 казак-орысты босатуға көмектескенін, Бұқараға бара жатқан тау-кен инженері капитан Е.П.Ковалевский экспедициясының қарақшылар шапқынынан құтылуына жәрдемдескенін, інісі Хасенді Хиуаға қазақтарды Ресей үкіметіне бағыныңдар деп үгіттеу үшін жібергенін және басқа да қызмет еткенін айтады [6, 254 б.]. Әскери сот Орынбор Шекара комиссиясынан, оның қызметкері М.Айтов бұл айтылғандарды растап, оның үстіне Махамбет оған 1839 жылы ел ішінде жүргенде көмектескенін баяндайды. Шынында Шустиков қазақ шаруаларын қудалап жүріп және бейбіт келе жатқан топқа тап болып, мылтық атып қолға түскен. Шустиков 4 солдатымен батыр Есет Көтібарұлының қолында Борсық құмына дейін тұтқындалып барып, аман қайтады. Бұл – патша әкімшілігімен өшпенділіктің өршіп тұрған шағында таңқаларлық жай. Бұл Махамбет секілді аса беделді адамның көмегімен болуы мүмкін.

1839-1840 жылдары ұйымдастырылған сәтсіз Хиуа жорығынан кейін, губернатор В.Перовский Соғыс министріне патша үкіметіне қарсы күрескен кейбір қазақ ауылдары мен жекелеген адамдарға амнистия жариялау қажеттілігін айтып, ұсыныс береді, бұл мақұлданады. Мысалы, Есмайыл Өтемісұлы мен Исәлі Шоңаев 1840 жылғы 16 шілдеде шыққан патшаның "Бек қайырымды манифест" деген жарлығы бойынша 1841 жылы 26 мамырда тұтқыннан босатылып, Ішкі орданың ханына жөнелтіледі [2, 176 б.].

Бұл амнистия Хиуа жағында жүрген көптеген рулар мен беделді адамдардың Ресей үкіметіне сенімін арттыруы тиісті еді. Сондықтан Махамбетті соттаса, ел ішінде амнистияға сенбеушілік, наразылық қайта өрістеуі мүмкін. Міне осы жайды ескеріп, Орынбор әкімшілігі Махамбетті 1841 жылы 34 шілдеде абақтыдан босатып, Кіші жүздің Орта бөліміне Арыстан Жантөрин сұлтан қарамағында тұруға жібереді.

Осы жылдары Махамбеттің елге белгілі көптеген толғаулары өмірге келеді. Соның бірі "Атадан туған көп едім" өлеңінде Махамбет былайша мұң шағады:

"…Атай да Матай екі құм,
Шауып келсем басыңа
Көзім түсер елім жоқ"

Осы кезеңде ақын Баймағамбет сұлтанмен де бірнеше рет кездеседі. Аңыз-әңгіме Махамбетті Кенесарыға қарсы күреске де қатыстырады.

"…Таршылық басқа түскен соң,
Қапаланам мен-дағы,
Қаумалаған қасымда,
Қарындастың кемі үшін"

-деген ақынның 1841-1845 жылдардағы өмірі құсалықпен өткен секілді.

Дегенмен де біз зерттеу, саралау барысында белгілі махамбеттанушы И.Кенжалиевтің еңбектерінен төмендегідей мәліметтерді кездестіреміз.

Махамбет Матай маңында айдауда екі жылдай жүріп Қалдығайты, Бұлдырты өзендері бойындағы Алаша руы ауылдарына келіп паналайды. 1845 жылы мамырда губернаторға берген мәліметінде Баймағамбет сұлтан Махамбеттің екі жылдан бері Орта бөліктен кетіп өзінің қарамағындағы Алаша руының белгілі адамдары Сатыбалды, Қаратай Кенжеғариндермен бірге Қалдығайты өзені маңында жүргендігін айтады. Осы кезде Махамбет жолдастары арқылы жанұясын да табады.

1845 жылы ақпан айында балаларының сауатты болуына талпынған әке Орынборға, Шекара комиссиясына келіп, Нұрсұлтанын жаңадан ашылған мектепке бермекші болады. Комиссияға арыз беріп, баласын оқуға алуды сұрайды, бірақ Шекара әкімшілігі Махамбеттің мұнда келу себебіне күмәнданып ақынды тергей бастайды.

Кіші жүзде Махамбет қанша мұңды болып жүргенімен, жасымайды. Бір уақыт қайғылы жырласа, артынан "Айныман", "Қайрасаң қайта жетілдім" деп өзінің қайсарлығын, күреске әзірлігін білдіреді. Кіші жүздің батыс жағында жүріп, Самар даласындағы елмен байланыс жасайды. Ішкі тараптан патша қуғынынан қашып келген шаруалар Махамбетке келіп паналайды. Мысалы, Алаша руының Алтыбас аталығының азаматы Сатыбалды Кенжеғарин інісі және балаларымен Баймағамбет пен Орал казак әскерінің қудалауынан қашып Махамбетке келген. Сондай-ақ ноғай Мәстек Ахметов, Жәміл Тілешұлы, Т.Теңізбаев, т.б. келіп паналайды. Бұлар арқылы ақын Бөкейлікпен байланысады.

Орынбор шекара комиссиясы Махамбеттің өз баласын оқуға қабылдау туралы өтінішінен кейін бұл мәселені шешу үшін губернатор Обручевтен рұқсат сұрайды. Губернатор 1845 жылы 4 наурызда Махамбет туралы толық мәлімет беруін талап етіп, билеуші сұлтан Б.Айшуақұлына тапсырма береді. Осыған сәйкес билеуші сұлтан Орынборға екі рет мәлімдеме жасаған, онда Махамбеттің "тұрақты мекені жоқтығы, мінезінің тым нашар, қазақтар арасында аса зияндылығы, қашқындарды жасыратындығы, оларды өзімен бірге алып жүретіндігі және қарсыласуға әзір екендігі" хақында біржақты сипаттау беріледі. Жалпы Баймағамбеттің хаттарының мазмұнынан ақынның озбырлыққа қарсы күресті әлі де тоқтатпай, өз маңына өжет шаруаларды тығызырақ топтастыра түскенін көреміз.

Махамбет Өтемісұлы бастаған шаруалардың қайта тұтанған наразылық әрекеттерін Жәңгір хан да 1842 жылғы Орынборға жазған рапортында баяндайды.

Баймағамбет Айшуақұлының хатын Орынбор Шекара комиссиясы 1845 жылғы 7 шілдедегі мәжілісінде қарап, билеуші сұлтанға Махамбеттің үстінен онымен бірге көшіп жүрген ру адамдарын ұйымдастырып қоғамдық үкім жасатып, Шекара комиссиясына түсіртуге тапсырма береді. Сөйтіп, ақын отаршылдар тарапынан қудалауға тағы да ұшырайды.

Бірқатар рубасылар Сарыбөпе, Қазы Сырымұлы, старшындар - Ө.Баймағамбетов, Т.Өтесов, т.б. Шекара комиссиясына рапорт түсіріп "зиянды адам Махамбетті аластату" туралы өтінеді. Бұл ұсынысты Алашаның Сатай Кенжеғарин, Кенжетай Жаманқарин, Қ.Төлегенов, К.Жақсымбетов, Т.Салықов, Қара Жұмыров, Сарытай Сатыбалдин, Өшірті Баймұратов сияқты кейбір билер мен хорунжий Бектұрсын Аллаяров қол қойып қолдайды.

Сөйтіп, Махамбет Өтемісұлына қастандық жасаудың негізі қалана бастайды. Мұның басында Орынбор әскери губернаторы генерал Обручев, ұйымдастырушы Орынбор Шекара комиссиясы, іске асырушы Баймағамбет сұлтан мен орынбасары Мұқаметқали Тәукин болды.

1845 жылдың тамыз, қыркүйек айларында екі рет сұлтан М.Тәукин Шекара комиссиясынан Махамбетті Орынборға жіберу туралы нұсқау алады. Бірақ бұл істі жүзеге асыру оңай болмады. Ақынды жеткізу жөніндегі тапсырманы 1846 жылғы 28 ақпанда Б.Айшуақұлы да алады. Баймағамбет 1846 жылғы 20 наурызда Шекара комиссиясына берген жауабында бұл тапсырманы сол жылдың 14 ақпанында IV дистанция бастығына тапсырғандығын және бұл істі орындауды күні бүгін де қатаң талап етіп отырғандығын мәлімдейді. Сондай-ақ билеуші-сұлтан Алаша руының басқарушысы Сарыбөпе Кенжеғаринге де Махамбетті ұстау турасында амал қолдану қажеттілігін тапсырғандығын да айтады.

Шекара комиссиясы тапсырманың орындалмау себебін сұрап Б.Айшуақұлына 10 сәуір және 12 маусым күндері тағы да екі хат жазады. Баймағамбет сұлтан 7-ші және 12-ші шілдедегі екі хатында Өтемісұлын ыңғайлы сәтте өзім ұстап, комиссияға жеткізем деп Орынбор үкіметін сендіреді. Бірақ ақынды ашық тұтқындау мүмкін емес-ті, сондықтан бұдан гөрі елеусіздеу, қолайлы сәтті, зұлымдықты іздестірді. Орынбор Шекара комиссиясы тамыздың басында тағы да Махамбетті әкелуді талап етті. Бірақ Баймағамбет қолайлы кезеңді күте берді.

1846 жылы күзде Махамбет әлде қалай бөлініп, жалғыз үй 3-4 жолдасымен Қараой деген жерде (қазіргі Индер ауданы, Атырау облысы) қалып қояды. Қасында інісі Хасен, Бетімбай Шөкешұлы, Меңдібай Есмамбетұлы болады.

Баймағамбет сұлтан ақынның үйіне Тама руының Ықылас Төлеев басқарған жиырма шақты адамды жібереді. Олардың Махамбет үйіне жақындап келгенін үйдегілер сезбей қалады. Келушілер "мал іздеп жүрген жоқшымыз" деп сылтауратады. Бәрі жиналып батырдың үйіне келеді, ішке Ықылас, Мұса Нұралыұлы және бір кісі кіреді. Келгендер Адай руының бір ауылынан жоғалған 4 жылқы туралы әңгіме бастап, соны тауып бер деп Махамбетке айып тағады, әңгіменің аяғын әдейі жанжалға айналдырады. Махамбеттің "ешбір жылқы алмадым" дегеніне келгендер көнбейді. Сол арада ол "қолға тірілей берілмеймін" деп қарсылық жасайды. Алыс-жұлыс басталып, сырттан жүгіріп кірген Жүсіп Өтеулінов қылышпен Махамбетті ту сыртынан келіп қарақұстан соғып құлатады. Екіншісі келіп құлап жатқан ақынның басын кесіп алады. Жендеттер табанда Махамбеттің үйін тонап, інісі Хасенді, әйелін, Бетімбай Шөкеұлын, 8 жылқы, 4 түйе алып Баймағамбетке апарады.

Сөйтіп, Қараойда қайран ер қапыда қанішерлердің қолынан қаза табады.

Қаһарман ақын, талантты күйші Махамбет Өтемісұлы еңбекші халық мүддесі үшін осылайша құрбан болды. Сөз жоқ, Махамбет ісінде, сол кездегі қоғамдық ортаға байланысты кемшіліктері де, қателіктері де болды. Дегенмен Махамбет батыл, өжет қимылдың адамы. Ол жалынды жырымен де, ісімен де озбырлыққа, зорлыққа қарсы аянбай күресті. Оның бар әрекеті өз халқына адал қызмет етуге бағытталды, шаруалар қауымына теңдік, бостандық әперем деген мақсатқа арналды, сөйтіп сарбаз ақын отаршылдық дәуірдегі Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстың аса көрнекті өкілі болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Махамбет Өтемісұлы. Өлеңдері.- Алматы: Жазушы, 1962.-145 б.
2. Кенжалиев И. Исатай – Махамбет.- Алматы: Қазақстан, 1991.-192 б.
3. Құрманалин С.Б. Кіші жүз және 1847-1858 жылдардағы Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1847-1858 жж.).-Орал: Полиграфсервис, 2019.-256 б.
4. Ковалевский Е.П. Странствователь по суше и морям.- СПб., 1843.- С.384
5. Народно-освободительное движение казахов в 1836-1838 годах. Документы, материалы, статьи.-Алматы: Изд-во АН Казахстана, 1992.- С.235
6. Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и восстания Исатая Тайманова.-Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1946. – С.254

ҚАЗАҚСТАН МЕН БАШҚҰРТСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Берикбосынова Марина, БҚИТУ педагогика факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекші -**Құрманалин С.Б.,** тарих ғылымдарының кандидаты, БҚИТУ профессоры

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Башқұрттар [өз атауы - башкорттар; башкорт, яғни бас құрт (түркіше - бас бөрі)] — түркі тілдес халық. Башқұртстан Республикасының байырғы халқы. Ресейдің Челябі, Қорған, Орынбор, Пермь облысы, Свердлов облысы, Саратов облыстарында, шағын тобы Қазақстан мен Орта Азияда да тұрады. Жалпы саны 1 млн. 500 мың адам (1995), Башқұртстанда 1 млн-дай. Түркі тілінің қыпшақ бұтағына жататын башқұрт тілінде сөйлейді. Орыс және татар тілдерін де қолданады. Жазуы кириллицаға негізделген. Башқұрттар этногенезінің қалыптасуына VII-X ғасырлардағы әр алуан түркі тайпалары (үсерген, байлар, сұраш, маңғауыр, жағалбайлы, тама, бешуыл, кедей, табын, мың, керей, қаңлы, арғын, байұлы, т.б.) ұйытқы болды. XI-XIII ғасырларда қазіргі башқұрт жерін мекендеген бесене, Еділ бұлғары мен мадияр тайпаларына қыпшақтардың әсері күшейіп, көне башқұрт этносының қыпшақтану бағытында дамуы арта түсті. Бату шапқыншылығы, башқұрт жеріне Қыпшақ даласынан халықтың көптеп қоныс аударуы башқұрттардың қыпшақтану процесін одан әрі жеделдетті. Қазақ халқының этногенезінде шешуші орын алатын түркі тайпаларының басым көпшілігі башқұрт халқының құрамында да кездеседі.

Қыпшақ дәуірі башқұрт халқының қалыптасуының (XV-XVI ғғ.) басты кезеңі болып табылады. XVI ғ-дың орта кезінен Башқұрттар Ресей империясының отарына айналды. Башқұрттар әскери қызметке, алтын кен орындарына жұмысқа тартылды. Бұрынғы кезде Башқұрттартар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданып, аң ауласа, XVII-XIX ғасырларда егіншілікпен айналысып, отырықшылыққа көшті. Тілі мен мәдениеті, қоршаған ортасы татарларға жақын болғанымен, ұлттық тұрмыс-тіршілігі мен дәстүрінде қазақ халқына ұқсастық басым. Мысаслы, қайыстан, теріден жасалған бұйымдар, ер-тұрман, үй жиһазы, ыдыс-аяғы, киіз басу, кілем мен алаша тоқу кәсібі қазақ қолөнеріне ұқсас. Ұлттық тағамдары да қазақ халқының ұлттық тағамдарына ұқсайды: айран, құрт-ірімшік, қаймақ, қымыз, т.б. Бишбармақ, құлдама, салма, чурпаря аталатын тағам түрлері де бар. Далалы жерлерде кірпіштен, орманды-далалы аймақтарда ағаштан қима үйлер салады. Ұлттық киім үлгісінде: әйелдер “кюлдэк” аталатын ұзын, кең етекті қынама көйлек, зерлі қамзол, әсем тақия, ерлер кең балақты шалбар, бағалы аң терісінен тігілген дөңгелек бөрік, тымақ киеді. Кең тараған музыка аспабына қазақтың сыбызғысына ұқсас курай, шаңқобызына ұқсас қобыз, варган, домра жатады. Жыл сайын ораза мен құрбан айты, наурыз мейрамы, көктемгі егіс жұмыстарынан кейін сабантой тойланады [1].

Башқұртстан Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде - орыс жазығының шығыс шеті мен Орал тауының оңтүстік бөлігінде орналасқан. Ауа райы континентті. Жерінің 34%-і қара топырақты жазық, 35%-і орман, қалған бөлігі - орманды дала. Жері ауыл шаруашылығына қолайлы әрі минералды ресурстарға (газ, көмір, темір, гипс, алтын, т.б.) өте бай.

Бұл өңірге адамдар палеолит дәуірінде қоныстана бастаған. Б.з.б. 3 - мыңжылдықта бұл аймақтағы тайпалар мал өсірумен, егіншілікпен айналысқан. Б.з. 1-мыңжылдығында бұл аймақ түркілердің Ұлы Бұлғария, Хазар, Еділ бұлғариясы мемлекеттерінің меншігінде

болды. Көшпелі башқұрттар (түрк. — “бас бөрілер”) туралы алғашқы жазба деректер IX - X ғасырлардан бастап кездеседі. Ибн Руст 903 жылы «башқұрттар өз алдына дербес ұлт, олар Еділ, Қама, Тобыл және Жайықтың жоғарғы ағысы аралығындағы Орал тауларының екі жағында да қоныстанған» деп жазды. 1229 жылы қазіргі Башқортостан жеріне Бату әскерлері басып кіріп, 1236 жылы толық жаулап алды. Сөйтіп, башқұрттар қазақ халқының да негізін құраған тайпалармен бірге бірнеше ғасыр бойы бір мемлекет құрамында болды. Жошы ұлысының құрамына кірген башқұрттардың осыдан кейінгі тағдыры күреспен өтті десек артық айтпаймыз. Алтын Орда ыдырағаннан кейін башқұрт тайпалары Ноғай Ордасының, кейбір бөліктері Қазан және Сібір хандықтарының құрамына енді. 1557 жылы башқұрттар Ресей империясының шапқыншылығына ұшырады да, Ноғай, Сібір хандықтарымен қоса Ресей отарына айналды. Ресей патшалығының қол астына өтсе де, башқұрт ұлты іс жүзінде өзінің тәуелсіздігін сақтады. Бірақ, бұл ұзаққа созылған жоқ. Ресей өкіметінің башқұрттарды аяусыз қанауы, шенеуніктердің әділетсіздігі XVII - XVIII ғасырларда бірнеше халық көтерілістеріне алып келді. Түрік халықтарының басым көпшілігінің мойнына тағылған орыстың темір ноқтасы башқұрттарға да ілінді. Осыдан екі-үш жыл бұрын Ресей Федерациясы мен Башқұртстан автономиялы республикасының билігі «Ресейге өз еркімен қосылудың 450 жылдығын» атап өтті. Жергілікті сарапшылар мен тарихшылар осы уақыт аралығын «күрес пен тартыс» жылы деп те атайды. Башқұрттардың ең ірі көтерілістерінің бірі 1735-1740 жылы орын алған болатын. Алдын ала жоспарланған, ұйымдасқан көтеріліс жеңіске жақын тұрды. Бірақ, башқұрттың бурзян атты руы асығыстық танытып, соғысты ерте бастап кетті. Нәтижесінде, жоспардың күл талқаны шығып, башқұрт көтерілісі аяусыздықпен басып-жаншылды. Бас көтеруге башқұрттармен басы піспейтін мещарлар да (татарланған башқұрттар), татарлар да, көптеген ру-тайпалар да, тіпті қазақтар да қосылған еді. Ханын сайлап, бастары біріккен халықтың мақсаты ақыры орындалмады. Қақтығыста әрбір төртінші башқұрт қаза тауып, ел қызыл қанға боялды. Десек те, башқұрт ұлтының күресі мұнымен тоқтаған жоқ. 1773-75 жылдардағы Пугачев көтерілісіне Салауат Юлаев бастаған башқұрт жасақтары да қосылды. Бір жылдан астам уақыт орыс әскерлеріне қарсылық танытқан башқұрт жасақтары көптеген жеңістерге жетеді. Ержүрек ақын өзінің батырлығымен халық жадында мәңгіге қалды [2].

Ресей өкіметі тарапынан болашақта мұндай көтерілістерді болдырмау үшін бірнеше шаралар іске асырылды. 1735 жыл Санкт-Петербургте Сенаттың жанынан Еділ бойы халықтарын шоқындыру кеңсесі құрылды. Башқұрт көтерілісшілерінің басқа халықтармен, әсіресе, Ресейге жаңа қосылған әрі саны көп Кіші жүз қазақтарымен бірігіп кетпеуі үшін 1747 жылы Орынбор губерниясы құрылып, оның тұңғыш губернаторы И.И. Неплюев башқұрттар мен қазақтар арасына жалпы ұзындығы 3,5 мың км-ге жететін қамалдар шебін тұрғызуға кірісті. Осы бекіністерді салу әрі күзету үшін ішкі Ресейден 95378 орыс шаруасы көшіріліп әкелінді. Осы төңіректегі башқұрт және қазақ руларына бекіністерге жақындауға, әрі-бері өтуге тыйым салынды. Бірақ туысқан екі халықты мүлдем бөліп тастауға ешқандай шекара бөгет бола алмады. Жазалаушылардан қашқан башқұрт көтерілісшілері үнемі қазақ даласын паналап отырды (қ. Қарасақал). Бірыңғай күштеу шаралары арқылы бағындыру мүмкін еместігіне көзі жеткен үкімет кейбір жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. 1786 жылы Уфа губерниясы құрылып, башқұрттар отырықшылыққа көше бастады, мешіт-медреселер салуға рұқсат етілді. Дегенмен патша өкіметі отырықшы башқұрттардың арасына орыс шаруаларын орналастырып, жыл сайын олардың санын көбейте түсті. Уфа, Орынбор сияқты қалалар ірі сауда орталықтарына айналып, оларға көршілес Қазақ даласы, Орталық Азия

елдерінен сауда керуендері жиі келіп тұрды. Бекіністерде жергілікті халықтар арасынан үкіметке қажетті ұсақ шенеуніктер дайындау үшін орыс мектептері ашылды. Бұл мектептер мен медреселерде башқұрт және басқа да халықтардың көптеген зиялы азаматтары білім алды. Уфадағы "Ғалия", тағы басқа медреселерде башқұрт жастарымен бірге татар, қазақ жастары да көп оқыды. Осы медреседе оқыған қазақ ақын-жазушылары М.Жұмабаев, Б.Майлин, Т.Жомартбаевтар башқұрт ақыны Сайфи Құдаш пен татар жазушысы Г.Ибрагимовпен шығармалары байланыста болды.

Башқұртстан мәдениеті дәстүрлі ұлттық мәдениет арнасында қалыптасты. Ежелден іргесі ажырамаған тұрмысында, тілінде, салт-санасында ұқсастықтар көп қазақ пен башқұрт туысқан халықтар болғандықтан, Алтын Орда, Ноғай Ордасы кезеңдерінен қалған батырлар мен билер туралы көптеген жыр-дастандар екі халыққа да ортақ. Ауыз әдебиетінде ерекше жетілген жанр - қобайыр (қазақтың толғауына жақын). «Ақбоз ат», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Кусак бей», «Кунгур бұқа» секілді эпикалық жырлар башқұрт тарихының әр түрлі кезеңдерін бейнелейді. Терме жанры да жақсы дамыған. «Салауат», «Орал» сияқты тарихи жырлары, башқұрт әдебиетінің көптеген нұсқалары ауызша айтылып, қолжазба түрінде тараған. Башқұрт әдебиетінің тарихын С.Юлаев (1752—1800), Т. Ялсыгул (1787—1838), Ә. Қарғалы (1784—1825), Г. Салихов (1794—1867), Ш. Зәки (1825—1865) секілді ақындар қаласа, кейіннен М. Ғафури (1880—1934), ұлты қазақ М.Камалетдинұлы (Ақмолла) (1831 — 1895), Құдаш, тағы басқа дамытты. Қазақ, татар поэзиясында елеулі із қалдырған Ақмолла ақын — башқұрт әдебиетіндегі ірі тұлға. Мифтахетдин Ақмолла XIX ғасырдағы башқұрт поэзиясының ірі өкілі, ұлттық әдебиеттің әрі қарай дамуына ықпал еткен ақын. Ақмолланы көп ұлттар башқұрттар, татарлар, қазақтар өзінің ағартушысы әрі түркі-мұсылман халықтарының тарихындағы ислам мәдениетінің ірі тұлғасы ретінде таниды. Ол ежелгі түрік тілін тек жетік деңгейде ғана біліп қана қоймаған, сондай-ақ шығыс поэзиясының терең мағыналы, оқуға жеңіл шебер тілді жаңа түрлері мен үлгілерін жасап шығарды.Ақмолла Салават Юлаевтан кейін халқының ауыр жағдайына көкірегі қан жұтып «Менің башқұрттарым!» деп жар салған ұлтының екінші перзенті. Ақмолла өзінің әлеуметтік жағдайымен, қызметінің шеңберімен және талантының ұлылығымен ерекше тұрған тұлға. Башқұрт және қазақ халқына жақын, халықпен біртұтас болып біріккен дәл Ақмолладай басқа ешкімді де жоқ шығар. Ол нағыз халық шешені — ақын-импровизатор, дана, жетекші. Оны басқа атақты шешендермен қатар қоюға болмайды, себебі Ақмолла оқыған адам, көп ғылымдармен таныс болған, араб, парсы тілдерін білген, өзінің тиянақты аяқталған концепциясы бар, қоғамдық өмірдің көп жақтарына нығыз көзқарастары қалыптасқан философ. Міне, осы аталғандардың бәрі оны XIX ғ. түркі-мұсылман халықтарының рухани тарихындағы ұлама ойшылы тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Ақмолла аңызға толы еңбекқор ақынның, күрескер ақынның өмірін кешті. Оның өмірлік және творчестволық жолы — бұл өз халқына, прогресстік қоғамға деген шексіз қызмет етудің тамаша үлгісі. Халқы сүйіп Ақмолла (таза, ұлағатты ұстаз деген мағынада) деп атап кеткен Мифтахетдин Камалетдинұлы 26 желтоқсанда 1831 жылы бұрынғы Оренбург губерниясының Белебеевск уезінің, Күлильменек болысында, Тоқсанбай ауылында (қазіргі Башқұртстан Республикасының Миякин ауданының, Тоқсанбай ауылында) Камалетдин Ишқожа молланың отбасында дүниеге келген. Башқұртстанның оңтүстік - батысындағы Ақеділге барып құятын Дем өзенінің табиғаты сұлу, осы өлкеден талай ақындар мен жазушылар шыққан: С.Аксаков, Мұса Джалил, Сайфи Құдаша

және Мұстай Карим [3, 6 б.]. Ақмолланың творчестволық жолы XIX ғасырдың екінші жартысына сәйкес келеді. Оның тұлға ретінде көзқарасының қалыптасуына Башқұртстандағы (кантондық жүйе) және Қазақстандағы отызыншы және қырқыншы жылдардағы отаршылдық саясаттың өршуінен туындаған өмір шындығы әсер етті. XIX ғасыр — Башқұртстан мен Қазақстан тарихындағы, башқұрт және қазақ халықтарының тағдырындағы ең бір ауыр кезең еді. Бұл ең алдымен саяси –елдік тәуелсіздігінен айырылған башқұртарды, қазақтарды экономикалық тұрғыдан одан әрі қарай отарлау ғана емес, сондай-ақ рухани мәдени тұрғыдан отарлау, башқұрт және қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы қоғамдық ой иелерін, еркіндік идеяларын, ұлттық теңдік пен әлеуметтік гармонияны өз бойында сақтап қалған тұлғаларды басу дәуірі еді **[4, 3 б.].**

Ақмолланың қоғамға деген көзқарастары, идеалдары, діни- философиялық ойлары феодалдық артта қалушылыққа, діни догматизм мен фанатизмге және ортағасырлық схоластикаға деген көзқарастары түркі-мұсылман халқының тағы бір тамаша өкілі қырымдық Ғаспаралының көзқарастарымен үндесіп жатты, оның азаматтық тұлғасы Башқұртстан мен Қазақстан халықтарының отаршылдық қанауға қарсы күрес барысында қалыптасты. Ақмолла өмір бойы адамзат тарихындағы Ұлы тұлғалар (Заратуштра,Будда т.б.) тәрізді халықтың өмір ауыртпалығының себебін түсінуге тырысты, осыған діннен,ғылымнан жауап іздеді. Сондықтан тек жалғыз жолды қараңғылықты жоюды ол ағартушылықтан көрді. Жалпы Ақмолланың философиялық көзқарастарындағы басты орында түркі-мұсылман халықтары үшін тек қана дін ғана емес, қоғамдық өмірде адамдардың барлық тіршілік-тағдырын өзгертуге қабілетті деп санаған ғылым- білім де маңызды орында тұрды.

Ақмолла дінді реалистік тұрғыдан ұғынып, мистикадан алыс болған. Алайда ол тағдырға сенген, әсіресе бұл «Менің орным зынданда» деген өлеңінен байқауға болады.Тағдырға деген сенім оның көзқарасында кейбір обьективизмнің белгілерін, оның дүниеге деген скептикалық қатынасын айқындады. Бұл XIX ғасырдағы Башқұртстан мен Қазақстанның рухани атмосферасына тән сопылықтың ықпалымен байланысты. Ақмолла сопы ақын Шамсутдин Закидің шығармашылығының көп ықпалында болды (Шамсутдин Заки Ақмолла оқыған Стерлібаш ауылының медресесінде сабақ берген). Сопылық дәстүрдің өкілі ретінде Ақмолла тағдырдан қашып құтыла алмайтын адам қасіретінің тазарту ролін терең түсінген. « Тауқыметті тартпаған пенде өркөкірек, тек қана қасіретті өмір ғана оның жанын тыныштандырады», — дейді ақын. Ақмолла шығармашылығында скептизицизм басым болғанымен ол негізінен рационалдық бағытын ұстанды. Танымда ол әлеуметтік әділдік бастауымен қоғамды қайтадан өзгертудің әлеуметтік тетігін көрді. Оның басты құралы ретінде ағартушылық деп түсінді. Өзінің көзқарастар жүйесінде ақын білім адам өмірінде шешуші мәнге ие деп санады. Қараңғылық пен сауатсыздық тек адастырып қана қоймайды, сондай-ақ азапқа салады. Білім адамдарға дүние жаратылысының құпияларын ашады. «Әрекет жаса, білімдік танымда сен рахат аласың, білімсіздіктен қорқатын бол— ол барлық қасіреттің бастамасы, білімдар ол аспанға да ұшады, суда да жүзеді, мұнда ешқандай сиқырлықта, таңғажайыпта жоқ». Зайырлы білім мен діни сенім арасындағы айырмашылықты терең және нәзік түсінген Ақмолла зайырлы білімді насихаттайды. Ол білімде адамгершілік ағартушылығы мен тәрбиелік құралын көрді. «Ғылымды біліп, сен жақсылықты танисың, жетілгеннен кейін, сен жақсылық жасайсың».

Ақын адамгершілік насихаттарының көмегімен адамдар арасында теңдік пен сенім орнатуға болады деп сенді.Ақмолланың ағартушылығының ерекшелігі осында болды.Тұлғаның адамгершілік жетістігі қоғамның саналы құрылысының негізіне жатады деп қарастырды ақын. «Жоғары дәрежелі тұлға» ұғымы Шығыс және түрік әдебиетінде маңызды орынға ие болған. Жанды жоғары дәрежеліктің, ал денені күнәнің көзі деп қарастырған сопылықтардан ерекшелігі, Ақмолла жердегі құндылықтардан бас тартпайды. Ақынның шығармаларында сопылық әдебиеттің нышандары байқалады, алайда ол әрі қарай жылжиды.Оның лирикалық қаһарманына жердегі саналы тұлғаның сапалары тән,ол замандастарының тілінде сөйлейтін нақты адам.

Ақмолланың Шихабетдин Марджаниге арналған некролог-элегиясы ғалымдардың ерекше назарын аударады. Қазанда ағартушылықтың жаршысы Марджани сияқты ғалымның пайда болуы Ақмолла түркі халықтары үшін жалпы қуаныш ретінде жариялайды. Қазанды ағартушылықтың бір орталығы ретінде көрсеткен Ақмолла ағартушылық ойының жалпы гуманистік маңызын түсініп, дүниеге кеңірек қарайды. Сондықтан ол башқұрттарға, қазақтарға, татарларға түсінікті аралас тілде жазып, шығармаларына осы халықтардың бай фольклорынан бейнелер мен салыстыруларды енгізген. Марджани образын ол жырында ғылымдағы терең білімдері бар «палуан» батыр ретінде суреттейді. Ол поэмасына шынайы өмірді, әсіресе өзінің өмір салтын сипаттағанда жазады, бұл әрине, оның алдындағы ақындардан басты айырмашылығы. Ғалымды тек қана мадақтап қоймай Ақмолла алғашқы рет осындай мадақ жырында дәуірдің өткір қайшылығын көрсетіп, схоластика мен фанатизмге қарсы күрестің күрделі және кең панорамасын береді. Автор адал, ақиқатты моллалар қандай болу керектігі туралы ой толғайды. Оның дін жолында жүрген адам қандай қасиет пен пайымға ие болуы керекті жайлы пікірлері бүгінгі діни-мәдени руханиятымыз жаңғырып жатқан заманда өзектілігі арта түспесе кеміген жоқ. Сонымен Ақмолла шығармашылығында маңызды пікір сана мен адамгершіліктің бірлігі, ал адамгершілік қасиеттер білім мен ғылым арқылы келеді деп тұжырымдайды.

Ақмолланың діни тақырыптарға арналған шығармаларындағы негізгі көркемдік бейнелері біртұтас дүниені құрайды: жоғарғы жаратушыны, лирикалық қаһарман, аспан денелері, табиғат дүниесінің бейнелері (жануарлар,жәндіктер, құстар және географиялық құбылыстар). Ерекше Алланың бейнесі. Жоғарғы жаратушы тақырыбына деген ерекше ықласы өзіне назар аудартады. Барлық сопылық бағыттағы діндәрлар сияқты ақиқатты тануда махаббат категориясына сүйенеді. Оның эпитеттері өте кең көлемді, ақиқатқа жету жолдары күрделі. Сондықтан, осыдан шығатын қорытынды Ақмолла бірінші орынға нақты бір дінді емес, сенімді қояды, тек содан кейін ғана Ш. Марджани және Курсави сияқты өзінің идеалдарына деген таңдану мен қызығушылық тұр**.** Ақмолла бір сөзбен айтқанда XIX ғ. жасаған түркі-мұсылман қайраткерлері ішіндегі айтулы тұлға деуімізге болады.Оның шығармаларын С. Сейфуллин 1935 жылы құрастырып шығарса, 1986 жылы ақын өлеңдері «Күндер мен түндер» деген атпен екінші рет қазақ тілінде басылды. М.Ғафуридің «Ақынның алтын кенінде» (1931) атты өмірбаяндық шығармасында қазақ тұрмысын бейнелейді. Башқұрт әдебиетінде прозалық шығармалар да ұлттық әдебиеттің арналы саласына айналды. Құдаштың «Қос қайың», Д.Юлтыйдың «Қан», А. Тагировтың «Солдаттар», А.Бикчентаевтың «Аққулар Оралда қаладысы» прозадағы, Құдаштың «Отаным менің» - поэзиядағы іргелі шығармалар. Башқортостан жазушыларының шығармалары қазақ оқырмандарына да жақсы таныс. М. Кәрімнің «Ай тұтылған түн» пьесасы қазақ сахнасынан көп жыл бойы түскен жоқ.

Р. Ниғмати, Х. Карим, Бикчентаев, К. Мерген, Р. Бикбаев, Р. Гарипов, Р. Сафин, Н. Мусин, тағы басқа қазіргі башқұрт әдебиетінің көрнекті өкілдері, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, тағы басқа көптеген қазақ шығармалары башқұрт тілінде жарық көрген. Қазан төңкерісіне дейінгі башқұрт музыкасы халық шығарм. негізінде дамыды. Олар ұзақ күй (лирикалық және эпикалық әндер), тақпақ (терме) болып екіге бөлінеді. Башқұрттар әнді жеке де, қосылып та айтқан. Музыкалық аспаптары: қурай (сыбызғы), қобыз (қазақтың шаңқобызы сияқты). Қобызды көбінесе, әйелдер мен балалар тартады. Башқортостанда мемлекеттік филармония, консерватория, музыкалық училищелер, мектептер бар. 1919 жылы Стерлитамакта тұңғыш ұлттық драма театры (қазіргі М. Ғафури атындағы Башқұрт академиялық драма театры) құрылды. Ұлттық кәсіби театр өнерінің шеберлері: халық артистері А.К. Мубаряков, З.И. Бикбулатова, Ғ.М. Мингажев, А.Ф. Зубаиров, Г.Х. Карамышов, Г.М. Тукаев, т.б. Башқортостанның сәулет және бейнелеу өнері де кәсіби деңгейге көтерілген. 1920 жылы Уфада Көркемөнер музейі ашылды. 1926 жылы құрылған Башқортостан көркемсурет училищесінен (қазіргі Уфа өнер училищесі) И.И. Урядов, А.Э. Тюлькин, М.Н. Елғаштина, Х.М. Арсланов, Г.Ш. Имашева, А. Хромов, Г. Мұстафин, Р. Ишбулатов, т.б. талантты суретшілер легі шықты. Башқортостанның халықтық қолөнері қарапайым да тартымды. Бас киім, сүлгі, киіз үй, сәндік бұйымдардағы өрнектер қазақ, қырғыз оюларына ұқсас. Башқортостанның музейлері мен архивтерінде де қазақ халқының тарихына қатысты құнды деректер сақталған. Ал Уфа мұнай институты сынды бірегей жоғары оқу орындарынан қазақстандық мамандардың бірнеше легі тәрбиеленіп шықты. Ғасырлар бойы үзілмеген қазақ-башқұрт қарым-қатынастары қазіргі уақытта да жақсы жолға қойылған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хаит Б. Түркістан 1917 жылдың қарсаңында / неміс тілінен аударған Г.К. Көкебаева // Алаш. – 2006. – № 4. – 90-93 бб.

2. Бөкейханов Ә. Шығармалар.- Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.

3. Харисов А.И. Литературное наследие башкирского народа. - Уфа, 1965, с. 285

4. Асфандияров А.З. Башкирия в период кантонного управления (1798—1865 гг.). Автореферат канд. дисс. – М., 1963, с. 30

АҚСАҚАЛДЫҚ МЕКТЕП ТАҒЫЛЫМЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮР

Булекбаева Жанаргуль, БҚИТУ педагогикалық факультетінің III курс студенті
Ғылыми жетекшісі- **Дауесова А.Ж**., тарих ғылымдарының магистрі,
БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қазақ халқының заң жүйесі бұл өзінің жөн-жосығы. Жөн-жосық халықымыздың әдетінде, салт-санасында, ырым-нанымдарында әбден орнығып, қай мәселені шешуде де жетекшілік рөл атқарып, халықтық заң-дәстүрге айналып болған.

Қазақта жөн-жосық көп: ата-баба дәстүрі, аналар дәстүрі, қыз-келіншектер мен жігіттер дәстүрі, келіндер дәстүрі, құда-құдағилар дәстүрі, нағашы-жиендер дәстүрі дегендер арнайы заңдастырылмаса да, әлі де берік.

Әдетте педагогикамен айналысып жүрген зерттеушілер қазақ педагогикасының қайнар көзі, ағар мөлдір бұлағы біздің рухани байлығымызда екенін ескермей, ұрпақ тәрбиесінде нәсілі басқа елдердің тәжірибелерін ұсынуға ыңғайлы болып тұрады. Әрина, ұрпақ тәрбиесінде Я.А.Коменский, И.Песталоции, И.Гербарт, К.Ушинский, Л.Толстой, А.Макаренко, В.Сухомлинскийлердің тәжірибелерін жоққа шығармаймыз. Бірақ қазақ халқының сан ғасырлық тәжірибелерімізді тіпті ұмытуға болмайды.

Халық – қазіргі сөйлеу тілімізде сіңісіп кеткен ұғым бойынша ұлы педагог, яғни сан ғасырлық қалыптасқан қазақы ұғым бойынша ұлы тағылым иесі.

Осы тағылым иесі – көпті көрген көне көзді ақсақалдар, олардың өмір тәжірибелері кезінде айтылып қалды да, өкінішке орай, жазылып қалмады. Бірақ ақсақалдардың ұлағатты сөздері халық жадында мәңгі сақталып, олардың көбі мақал-мәтелге айналды немесе ақыл-нақыл сөздер ретінде өмірден шығып қала қоймады.

Ақсақал деген атақты қазақ халқы кез келген жасы үлкен адамға бермеген. Ақсақал деп – өзінің ісімен, сөйлеген сөзімен, бүткіл көзқарасымен, ұрпақ туралы ойларымен, әдет-ғұрыпқа беріктігімен ерекше көзге түскен және тәлім-тәрбие саласында әманда үлгі-өнеге көрсетерлік, қысылғанда, ақыл-кеңес берерлік, адасқанда, тура жол сілтерлік, өсиет берерлік, бүкіл ауылға (елге) жетекшілік рөл атқарарлық азаматтарды айтқан [1, 36 б.].

Ақсақал атану кейде жасы ұлғайғандығына қарамайды, ақыл иесі, көреген, алдын болжағыш парасатты жас азаматтар да бола алады. Халық тарихында Қаз дауысты Қазыбек билік айтуға, ақылгөй дана атануға 15 жасынан кірісті деген аңыз бар. Сырым батыр өзінің даналығын 7 жасынан-ақ көрсете алған деседі, ал халық әдебиетінде Тазбала мен Қарашаш 12-14 жасар кезінде-ақ тапқыр, ақылды атанғандар санатына кірген. Сондай ақ, қазақ халқы – белсенді халық, белсенділерден құралған. Атақты жырау Сыпыра Сұрғалтайұлы 120 жасқа дейін әлеуметтік саяси мәселелерден қол үзбеген. Бұхар жырау 95-ке келсе де, Абылай ханның кеңесшісі атанған.

Қазақтың жазба әдебиеті дана ақсақалдарының көреген, алдын болжағыштық өсиеттерін жария етіп келді. 1950-1990 жылдары қазақ әдебиетінің қадірлі ақсақалдары: Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин жастары ұлғайса да, қазақ халқының өмір мектебін құрғандардың, әсіресе, еңбек қадірін ерекше бағалаушылардың көркемдік образын жасақтады.

Ақсақалдық мектептің қазақ даласында ресми дәрежеде болмаса да, айтқан өсиетнамалары, көрсеткен үлгі-өнегесі, берген ақыл-кеңесі, ұстаздық, жетекшілік, тәлімгерлік қызметтері бір кездері бұлжытпай орындалған еді. Осылайша, ақсақалдық мектептің беделі орасан зор еді. Ақсақалдар 20 – 40-жылдардағы мектеп мұғалімдері, яғни өмір оқытушылары сияқты беделге ие болған еді. Осы беделдерден қауіптенген партократтар оларды біртіндеп өмірден ығыстыра бастады [2, 39 б.].

Көне көзді, көпті көрген ақсақалдар бір кезде тарихымызды жасауда алдыңғы сапта жүрді, қазақ халқының тағдыры үшін ыстығына күйіп, суығына тоңды. Олар ешқашан

әкімдіктен үміт еткен жоқ. Ақсақалдық дәстүр ақсақалдардың азаматтық беделіне шан тигізілмей, анда-санда олармен ақылдасуын тіледі. «Алпысқа келгеннен ақыл сұрама» деген мақалды ұстанған қазіргі күннің жастары бұл мақалдың астарына мән бермейді. Ал бұл мақалдың астарында, ақылды жасыңнан меңгер, қай мәселе болса да, өз білгеніңмен шеш; ақсақалдар ақыл берер-ау деп, жасыңнан албырттыққа салынба, өзіңе сен, өз құшіңнен қайыр күт, «ақылың мен еңбегің» екі жақтап сені адам етеді деген мегзеу бар астарында.

Ақсақалдар қазақ аулында пір тұтқан әулие адамдар болды. Ешқандай мәселе оларсыз шешілмеді, әсіресе, жасатар ауыл ақсақалдарының алдынан өтпей, қарсы болмайтынын біле тұрса да, ақылдаспай шешпейтін еді, бұл ауыл азаматтарының ақсақалдықты сыйлауы, құрметтеуі еді. Қызылордалық ақын С.Егембергенов:

«...Тыңда әкеңді,тыңдамасқа болмайды,
Әлі де сен аз білесің ол жайлы.
Айтқан сөзін тыңдар ұлы болмаса,

Бәрінен де әке үшін – сол қайғы...» - деп, өз өлеңімен әкені әуелі ақсақал дәрежесіне көтеретін – туған баласы екенін көрсетеді. Ұлы тыңдамаса, сыйламаса, әке қадірі сол босағада жойыла бастайды, ақсақалдықтан айырылады. Осы жерден сабақ алып, өз ұрпағымызды тәрбиелеуге мән бергеніміз жөн болар еді. Өйткені қазіргі таңда тәрбие мәселесінде мектеп жалғыз қалды, отбасы мен мектеп ұрпақ тәрбиесіне жіті мән беріп, бірлесе тәрбиелесе жойылудың аз ақ алдында тұрған ақсақалдық мектебіміз жандана түсер еді.

Қазақ тағылымының ортасы үй іші, ауылы, руы, аймағы, бүткіл атырабы еді. Осы ортаның басында ақсақалдар жүрсе, бел ортасында аналар, әжейлер, кейуаналар жүрді.

Ана-әже-кейуаналардың қимыл-ісі, әрекеттері, ой-қиялы, бар арман-тілегі, мақсат-үміттері, елжіреу-еміренулері келешек ұрпақ еді. М.Әуезов дәуірнамасында Зере әже Ұлжан бастаған барлық келіндерін жинап: «Байлауын байладық. Енді түге, жат жиынның алдында жас балаларыңның жақсы талабын жер қылмаңдар. Өліге жасаған қызметтеріңнен бастарың кішіреймес. Араз-құраздарыңды ұмытыңдар... Балаларым мен келіндерім, сендер төбеңмен жүріңдер. Отымен кіріп, күлімен шық қонағыңның... Шалдықсаң да, қабақ шытпа. Қуанып, жарқырап жүріп, күтіңдер!..» [3, 243 б.] дейді елжіреп.

Кейуана мен ақсақалдар ру намысын, ел тұтастығын, ұрпақ тағдырын, ел аралық татулық-достастықты көп ойлаған. Ел анасы – ел атасы деген тіркестер босқа айтылмаған. Ауыл арасындағы жаман ғадет-ғұрыптар: имансыздықты, мансапқорлықты, тәкәпарлықты, өзімшілдік пен көргенсіздікті, арамдық пен көре алмаушылықты, залымдық пен арсыздықты, күншілдікті, жасықтық пен ынжықтықты қатты ескеріп, олардың жайылып кетпеулерін қадағалайды.

Қыз-келіншек, әйел-ана, әже-кейуана тағылымы өшпес, із қалдырды. Ол – қазақ тілінің ана тілі деп аталуы. Мұндай жағдайдың ешбір елде жоқтығы қазақ әйелінің өзіндік қасиетін де, басқалардан айырмашылығын да танытады. Әйелдер тек қана ерге ие емес, жерге де, елге де ие, олардың жасаған ісі, қалдырған ізі ақсақалдық мектептен кем емес.

Кеңпейіл қазақ халқының ата-бабасынан қан арқылы ұрпағына беріліп, бар ұлттың ерекше сый-құрметіне бөленіп келе жатқан ізгі дәстүрі, асыл қасиеті – қонақжайлылық. Бұл дәстүр, ақсақалдар мен кейуаналарымыздың тәлім-тәрбиесі, тағылымы. Оны кейбір дінтанушы адамдар әулие адамдардың алтыншы қасиетіне де балайды. «Құдайым, би қылмасаң да би түсетін үй қыл», — деп бабаларымыздың Жаратқан Иемізге жалбарынуы сірә, сол себепті де шығар. Және де халқымыздың қонақжайлылықты қатты қастерлегені соншалықты, ауылға келген бейтаныс қонақтар кез келген үйге түспей, дастарханы мол, пейілі кең, үйі таза, көргенді ұл-қызы бар үйлерге ғана қонақ болған. Оған үй иесі қатты қуанып, ақ батасын берген. Әйтеуір, қазақ халқының салт-дәстүрінде қонақ шақырмау, қонақты үйге түсірмеу – үлкен айып болып саналады. Қазақтарда меймандостыққа байланысты салттар: қонақ кірген кезде киіз үйдің есігін –қожайын,ал қонақ шыққан кезде қонақтың өзі ашады. Сырттан үйге кіргенде ауызды малжаңдатып бірдемені шайнай кіру әбестік саналған, ал керісінше үйден дәм татып шығу дастарханды сыйлағандықтың белгісі

болған. Қазақ өзі ашықса да, ең дәмдісін құдайы қонаққа сақтаған. Қазақ өте мырза, өте қонақжай, қолындағы барын қолнағына беретін халық. «Бар болса, біреу сояды, жоқ болса, екеу сояды» деген атақты Қарашаш сөзі тегін айтылмаған. «асылған етті айтпа, ниетті айт» дегені қонаққа деген шексіз риялығын дәлелдейді.

«Кездессең қазағымның тентегіне,
Қарамайды өмірдің келтегіне.
Астындағы атын құрбысына сойып беріп,
Жүген ұстап қалады ертеңіне!» - деген қара өлеңмен берілген сыйластық сонша талдауды қажет етпейді [4, 243 б.].

Қазақта көрші қақы деген ұғым бар. Оның мәні де адам бағасын ардақтау, татулықты уағыздау, жарастықты дәлелдеу. Қ.Мырзалиев «Қазақ құдасын құдайындай сыйлайды» дегенді тегін айтпаған. Ж.Молдағалиев «Қазақ аш отырса да, қонақ келуінен бас тартпайды», - дейді. Міне, осылайша ұмыт болып бара жатырған қазақ халқы салт-дәстүрінің ұрпақ тәрбиесінде маңызы зор. Қазақ халқының тағдырына, ұрпақ тағдырына, ел тағдырына, ұлт тағдырына немқұрайлы қарау енжарлықты туғызады.

Тәрбие саласында жіберілген қателіктерді өскелең ұрпақ кешірмейтінін есте ұстағанымыз жөн.Тәрбие қазақта ешқашан көзден таса болмаған, оны бұзу шектен шыққандық деп ұғылды. Ал, бұл жерде тәртіп терең сезімнен туындайды. Тәртіпті бұйрықпен немесе қорқытумен орнатуға болмайды. Ол жүрек қалауы, сезім қалауы.

Қорыта келгенде, ұлттық құндылықтарымыз қазақ мәдениетінің негізгі қайнар көздері екені мәлім болды. Ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатырған тарихымыздан көшпенді қазақ тәрбиесіндегі өркениет, мәдениеттің болғанын бабалар қалдырған мұралардан, халық аузында жүрген мақал-мәтелдерден-ақ көруге болады. Қазақтың әрбір айтқан сөзі даналыққа сүйеніп, дәстүр мен дін біте қайнасқан үлгісінде көркем бір бейнеде үйлесімділік таба білгені анық.

Халықтың салт-сана, әдет-ғұрпы қай заманда болмасын ерекше тәрбие құралы болып келді. Бұл жөнінде көптеген ғұламалар пікірлерін білдіріп кеткен. Мәселен, Қазақ халқының салт – дәстүрі арқылы ұлтжанды, рухани – мәдени толысқан ұрпақ тәрбиелеудегі маңызын М.Жұмабаев атап көрсетсе, дана бабамыз Бұқар жыраудан қалған «Тәлім ал, тәлімді алсаң тәлімгерің ұлтының салт-дәстүрімен, ұлтының қарапайымдылығымен, мейірімділігімен тәлім берсін» – деп айтып өткен.

Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетін қайта өркендету жағдайында жас ұрпақты ұлттық дәстүрмен тәрбиелеудің қажеттілігі туып отыр.

Өйткені халықтық салт-дәстүрдің ішінде бүкіл халықтың мінез-құлқы, болмысы, дүниетанымы, мәдениеті, тілі мен діні, өмір сүру жолы, психологиясы топтасып жатыр. Бұл құндылықтар қазіргі қоғамның күрделі өзгерісі кезеңінде жас ұрпақты әлемдік деңгейде оқытып, біліммен қамтамасыз ете отырып, тәрбиесін ұлттық етуде ерекше тәрбие құралы болып саналмақ. Ұлттық тәрбие тек ұлттың салт-дәстүрі арқылы ғана берілмек. Бұл орайда еліміздің көптеген педагог ғалымдары құнды еңбектерін жазып, оны іс – жүзіне асыруды мақсат етіп келеді [5, 243 б.].

Қазіргі білім беру үдерісінде мектепте халықтық педагогиканы пайдалануды сабақтарда, сыныптан тыс жұмыстарда ұлтық салт-дәстүрлер жайында әңгіме айтумен, үйретумен ғана шектесек, тақырыптық ертеңгілік, кеш, ойындарды қуалап кетсек, мұнымыз өзімізді де, балаларды да алдау болады. Ол үшін мектептің барлық оқу-тәрбие жүйесін толығымен ұлттық негізде құрсақ, онда рухани-мәдени деңгейі жоғары, ұлттық мұрларымызды шын мәнінде қастерлей білетін ұрпақты тәрбиелеген болар едік.

Баланы оқыту мен тәрбиелеуде қазіргі таңда еуропалық үлгіге көзсіз еліктеген оқу жүйесінің кезеңі. Өйткені, әр егемен елдің басқа ешбір елге ұқсамайтын өз ерекшелігі, өз дүниетанымы, өзіндік тарихы, ұлттық сипаты бар. Ұлт бойындағы сипат сол ұлт өкілінің өзіндік тарихы қасиеті арқылы байқалады. Ұлттың өзіне тән қасиетінің сақталуы оның санасына байланысты. Сана мен сезімнің әсер етуі бір мезгілде жүзеге асырылуы тиіс. Мектептердегі барлық оқу-тәрбие процесіне халықтық тағылым элементтерін енгізу бүгінгі

ұрпақтың басты мақсаты. Сондай – ақ, білімнің қайнар көзі оқулықта десек, осы оқулықтарды ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып қайта жазу басты парызымыз.

Қазақ ұлтының этностық ерекшелігін байыптасақ, бұл халық – ұрпақ сабақтастығын сақтап, алысты жақындатып, аразды татуластыратын, ізетті келіннен таныған, татулықты абысыннан тапқан дарқандықты даласынан, даналықты бабасынан, пәктікті баласынан алған халық. Қазақ адамгершіліктің басы әділдікті ту етіп, әділдіктің басы болған адалдықты анасынан алған. Аналар ұрпақты ұлағаттылыққа баулып, дауға-дәру, жауға-қару, араздыққа-араша татулыққа-тамыр, тазалыққа-нәр, пәктікке-пәрмен, дәстүрге-дәрмен, өнерге-тұлпар, көкке-сұңқар етіп тәрбиелеген. Ұлы ақын Абайдың: «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел. Алдыңғы толқын – ағалар кейінгі толқын – інілер; кезегімен өлінер, баяғыдай көрінер», – дегеніндей тіршілікке тірек, бірлікке білек болған ақсақалдарымыз көшеді оның орнына жаңа толқын жастарымыз өседі. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді қазақ талайды қызықтырып, үлгі болар әдет-ғұрып сандаған қиындықтардан сүрінбей аман өтіп күні бүгінге дейін жетіп отырғанда ілім-білімді, зерделі санасы толысқан ұрпағы осы қазыналарды тәрк етіп, аттап өтпесе екен.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әжіғали С. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 328 б.

2. Ғабитов Т., Затов Қ. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі: оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 382 б.

3. Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы: Толғанай Т, 2004. – 334 б.

4. Тілеужанов М. Халық тағылым. – Алматы., «Рауан» баспасы, 1996. – 302 б.

5. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы. IY том. 1968.

ВСТРЕЧА ЛЬВА ТОЛСТОВА С УРАЛЬСКИМИ КАЗАКАМИ

Волобуева Дарья, студентка II курса исторического факультета ОГПУ
Научный руководитель - **Годовова Е.В.,** доктор исторических наук, доцент, профессор кафедры истории России ОГПУ

Оренбургский государственный педагогический университет, г.Оренбург, Россия

Довольно широко известно, что в уральских степных пределах бывал «писатель земли русской» Лев Николаевич Толстой. Имеются достоверные документальные свидетельства о двух встречах писателя с уральскими казаками. В обоих случаях речь идет о людях, проживающих на территории современного Первомайского района, включающего в себя земли бывших Соболевской и Красновской станиц Уральского казачьего войска.

В 1862 году Лев Николаевич решил подлечиться кумысом и отправился в заволжскую степь. Вместе со слугой и двумя крестьянскими мальчиками из яснополянской школы он поселился среди башкир, на речке Каралык, в 130 верстах от Самары. Узнав, что в Уральске наказным атаманом служит Аркадий Дмитриевич Столыпин, его сослуживец и товарищ по Крымской войне. Лев Николаевич отправился к нему с визитом.

В воспоминаниях начальника Второго округа Уральского казачьего войска, опубликованных под инициалами И.А., подробно рассказывается о встрече с графом Толстым. В журнале «Литературный вестник», а ранее в газете «Уралец», были опубликованы эти воспоминания:

«В 1862 году, в памятное время атаманства А.Д. Столыпина, привелось мне быть местным окружным начальником в Красном, по дороге от Уральска на Самару. Это был Второй округ нашего войска и совмещал в себе нынешние станицы Красновскую и Соболевскую.

Весной этого года, помнится, в мае, в жаркий полдень, собрался я поехать по округу и велел казакам приготовить дорожную тележку и лошадей, а сам, одетый и готовый в путь, прилег в ожидании. Ставни были притворены. Вижу – тихо отворяется ко мне дверь из соседней комнаты, которую называли залой.

Входит какой-то господин средних лет с русой бородкой; в парусиновой летней паре, с соломенной шляпой в руке, и, конечно, ничего со света не разберет, - лицо незнакомое.

- Граф Толстой, - назвал себя вошедший на мой вопрос.

Я попросил дорогого нежданного гостя в залу и тут вспомнил, что граф был в Уральске в гостях у нашего атамана и возвращался в самарскую степь. Граф Толстой и Столыпин, оба в чине артиллерийских капитанов, вместе участвовали в Крымской кампании 1853-1856 годов.

… Я предложил гостю свой незатейливый обед. Он охотно принял мое простое угощение. Спутником его из Уральска был только что окончивший курс войскового училища А.А. Коновалов. Лев Николаевич ехал на паре казачьих подводных лошадей, запряженных в простую телегу. Такая езда не отличалась удобствами. Я предложил гостю мою запряженную тележку на железном ходу доехать до первой станции соседнего самарского ведомства.

Так я встретил и проводил дорогого гостя и только пожалел и жалею до сих пор, что встреча была так неожиданна, и я не мог познакомить писателя с нашими «горынчанами», дать ему случай побеседовать с ними и послушать нашу любимую песню про «Яикушку-горыныча, золотое донышко» [1].

Интересно, что именно после этой поездки в дневниках Л.Н. Толстого появилась широко цитируемая до сих пор запись: «Вся история России сделана казаками. Недаром нас зовут европейцы казаками. Народ казаками желает быть» [2, с.123].

Гораздо менее известно о другой встрече уральцев с великим писателем. Речь идет о визите казаков Соболевской станицы, отца и сына Логашкиных, в Ясную Поляну. Сообщает

нам о ней Владимир Галактионович Короленко. В письме ему (от 20 января 1904 г.) Л.Н. Толстой благодарит за присланную книгу и замечает: «…Я был болен, когда казаки были у меня. Ваше предисловие объясняет мне их посещение…». Это письмо Льва Николаевича – ответ на письмо Короленко. Прочитав в газетах заметку о посещении Толстого казаками (1903 г.), Короленко понял, что это были Логашкины и прислал Толстому книгу Г.Т. Хохлова «Путешествие уральских казаков в Беловодское царство», которая была издана при участии В.Г. Короленко в том же 1903 году. В предисловии писатель отмечает: «…легенда о Беловодии не нова и давно уже потрясает простые сердца своей заманчиво-мечтательной прелестью» [3, с.7].

Как известно, Короленко все лето 1900 года провел на Урале у казаков, где и встретился с Г. Хохловым, прочитал в рукописи невероятную, но истинную историю о путешествии уральцев в поисках сказочной страны Беловодии, расположенной, якобы, в Опоньском и Камбайском царствах. Тогда же он пообещал Хохлову помочь напечатать рукопись и обещание свое выполнил.

У уральских старообрядцев веками жила мечта о некоем царстве, где, по преданиям «сохранилась и процветает во всей неприкосновенности полная и цельная формула благодати. Ни татьбы, ни убийства, ни корысти царство это не знает, так как истинная вера порождает также и истинную благодать» [3, с.9].

В 1898 году урядник Рубежной станицы Вонифатий Максимычев, а также Анисим Барышников и Григорий Хохлов отправились по маршруту инока Марка на поиски «истинной веры и древляго благочестия». Они получили разрешение Войска и Атамана, а также 2600 рублей на дальнюю дорогу.

Троица добралась до Цейлона, побывала в Сингапуре, Камбодже (Камбайское царство), Вьетнаме, Японии (Опоньское царство), но рая зеленого нигде не нашли, через Дальний Восток вернулись домой.

Эта экспедиция в поисках земли обетованной была далеко не единственной. Беловодье десятилетиями прельщало души местных староверов. Среди них «ходили» так называемые «маршруты», то есть указания верного пути, однажды объявился даже архиепископ Беловодский по имени Аркадий. Но большинство уральцев ему не поверило, хотя некоторых он смутил своими речами. Когда лжеархиепископ оказался в наших местах, он поставил в попы нескольких своих сторонников, среди которых оказался и Логашкин (скорее всего это был Фрол, который впоследствии жил в Сергиевке). Об этом в упомянутой уже книге писал Г.Т. Хохлов.

Осталось подробнее рассказать о самом визите, случившемся в феврале 1903 года. Вообще, откуда пришла столь неочевидная идея? Узнав из газет о переписке Толстого с одним из индусов, отец и сын Логашкины сделали странный вывод, что графу известен «маршрут» в Беловодии собрались в Ясную поляну.

Писатель в то время не на шутку разболелся и никого не принимал. Но казаки оказались настойчивы и все же прошли: «Нельзя ли доложить, что уральские казаки приехали издалека, дело важнеющее» [1]. В конце концов Лев Николаевич их принял, но долго не мог понять, что они от него хотят. Поняв, в чем дело, он был ошеломлен такой наивностью, но не желая обижать гостей, писатель сказал им, что да, есть такая земля, но попасть туда невозможно и вы, казачки, не ищите дороги в Беловодию. Во всей этой истории Лев Николаевич Толстой увидел не только свидетельство простодушия и невежества, но, в первую очередь, своеобразное проявление вечно живущей в русском народе недостижимой мечты о справедливой жизни. Солидарен с ним оказался и В.Г. Короленко.

Список литературы:

1.Шаталов А.М. Л.Н. Толстой в Уральске и уральцы у Толстого // Простор. 2010. № 5. URL: http://www.zhurnal-prostor.kz/index.php?id=817.

2.Толстой Л.Н. Полное собрание сочинений в 90 томах. Т. 48. М., 1952.

3.Хохлов Г.Т. Путешествие уральских казаков в Беловодское царство. Санкт-Петербург, 1903.

ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИЙ КУРС ЕЛИЗАВЕТЫ ПЕТРОВНЫ

Гаврилова Елена, студентка V курса исторического факультета ОГПУ
Научный руководитель - **Петрич Л.В.,** кандидат исторических наук, доцент

Оренбургский государственный педагогический университет, г.Оренбург, Россия

Правление Елизаветы это время, когда Российская империя утвердила свой международный авторитет, закрепила за собой зоны влияния в Европе, ясно выявила свои интересы и мощью вооруженных сил и экономики заставила уважать себя как великую державу. В этом смысле политика дочери Петра Великого продолжала политику правительства Анны Иоанновны, хотя в ней были свои оттенки.

В.О. Ключевский оценивая политику Елизаветы Петровны говорил о ее умении вписать Россию в европейскую картину, сделать все возможное, чтобы страна стала полноправным партнером западных государств[1, с. 177]. Он отмечал: «… Елизавета была вынуждена воевать чуть не половину своего царствования, побеждала первого стратега того времени Фридриха Великого, брала Берлин, уложила пропасть солдат на полях Цорндорфа и Кунерсдорфа…»[1, с. 179].

Говоря о внешней и внутренней политике императрицы исследователь Анисимов Е.В. в своей работе уделял внимание людям, которые ее окружали в государстве и на мировой арене[2, с. 24]. Это помогает понять тактику действий императрицы, ее взгляды на тот или иной метод управления страной.

Большая часть исследователей считает, что руководство внешней политикой России в царствование Елизаветы Петровны сосредоточилось в руках канцлера А. П. Бестужева-Рюмина, который после Петра I по-прежнему придерживался трех основных направления[3, с. 272]:

– балтийское (приоритетной задачей русской дипломатии являлось предотвращение реванша Швеции, удержание всех своих владений и господствующего положения на Балтике);
– польское (закрепление влияния России в Польше);
– европейское (семилетняя война) [4, с. 99].

Опираясь на основные направления внешней политики Бестужев-Рюмин в многочисленных докладах, записках, письмах не раз излагал ее концепции, называемые им «системой Петра Великого» [5, с. 26]. .

В основе ее лежало, во-первых, признание важности для России, как великой державы, собственных имперских задач. Во-вторых, опорой международных отношений России считались три союза - с «морскими державами» - Англией и Голландией, а также Саксонией и Австрией[6, с. 31].

Называя союз с Англией «древнейшим», Бестужев считал, что Россию и Англию связывают торговые отношения, которые приносят огромные барыши купечеству и казне, и за этот союз, имеющий экономическую подкладку, России нужно держаться двумя руками[7, с. 22].

Союз с Саксонией важен тем, что саксонский курфюрст - польский король, а Польша - один из тех районов Европы, куда с особой силой распространяются русские имперские интересы. Заметим, что к этому времени будущие разделы Речи Посполитой были во многом подготовлены активной русской политикой по разложению польской государственности и отказываться от этого магистрального интереса ради эфемерного союза с Пруссией Россия никак не могла[7, с. 34].

В 1741 году Швеция объявляет войну Российскому государству. Главная причина войны – стремление Швеции к реваншу за Северную войну 1700–1721 годов[8, с. 381].

Уже через месяц после начала войны, в Финляндии произошло первое крупное столкновение между шведским корпусом под командованием генерала Врангеля и русской армией во главе с фельдмаршалом Ласси. Шведы занимали выгодную позицию под защитой

крепостных пушек. Первая атака русской пехоты была отбита. Тогда Ласси направил в бой кавалерию. Она ударила шведам во фланг, и они были вынуждены отступить. Фельдмаршал Ласси наголову разбил шведский корпус под Вильманстрандом. Шведы понесли значительные человеческие потери. В плен попал и сам Врангель со своим штабом.

А.А. Керсновский в труде «История русской армии» приводит такие цифры: «У Ласси было 10000, у Врангеля – 6000. Наш урон – 2400 убитых и раненых, шведов – 3300 убитых и раненых, 1300 плененных, 4 знамени, 13 орудий» [9, с. 86].

Этим сражением фактически закончилась кампания 1741 года. После этого Россия начала наступление в Южной Финляндии. Без серьезного сопротивления были взяты Нейшлот, Борго, Фридрихсгам, Тавастгуз.

В августе 1742 года армия фельдмаршала Ласси окружила шведское войско под командованием генерала Бускета в Гельсингфорсе (Хельсинки). Одновременно с этим Балтийский флот начал блокировать город с моря. В результате, 26 августа 1742 года под Гельсингфорсом Ласси отрезал шведской армии пути к отступлению, и она капитулировала[10, с. 396].

После Гельсингфорской капитуляции Швеция начала мирные переговоры в городе Або. Елизавета объявила, что нет отныне причин для ведения войны, и попросила французского посланника Шетарди о помощи. Сначала Шетарди бросился помогать Елизавете. Он уговаривал шведского генерала К.Э. Левенгаупта завершить войну. Однако Шетарди получил неодобрительную оценку из Версаля.

Один из ближайших сподвижников Елизаветы лейб-медик Г. Лесток приложил все усилия, чтобы Елизавета приняла выгодное для Франции и Швеции решение. Вскоре Шетарди и Лесток привлекли нового вице-канцлера А.П. Бестужева. Однако канцлер проявил мужество и решительно заявил, «что он заслуживал бы смертную казнь, если бы стал советовать уступить хотя бы один вершок земли – надобно вести войну» [11, с. 29].

В итоге, военные действия весной возобновились. Швеция не имела хорошей пехоты, поэтому, свои последние надежды она возлагала на флот. 20 мая 1743 г. возле острова Корпо в Балтийском море произошла очередная битва между Россией и Швецией. Несмотря на то, что шведское войско численно превосходило русское, отряд под командованием капитана 1-го ранга Кайсарова решительно атаковал эскадру адмирала Фалькенгрена.

В этом бою, который длился около трех часов, особенно отличились русские артиллеристы. В результате меткого огня, на шведских кораблях начался пожар, и они были вынуждены отступить[12, с. 102]. В июне из Кронштадта на галерах вышел отряд Ласси для высадки десанта в Швеции. Но по пути было получено известие о заключении Абоского мира (1743).

Так, русско-шведская война 1741–1743 гг. окончилась Абоским миром. По условиям договора Россия расширила свои владения в Южной Финляндии (до р. Кюмене). Несмотря на безусловное превосходство русской армии, война велась не слишком активно. Военные действия сводятся только к двум важнейшим эпизодам, а именно – крупное сражение у крепости Вильманстранд и Гельсингфорская капитуляция[12, с. 107]. Главный итог войны для России – это подтверждение Швецией приобретений России в Прибалтике. [13, с. 138]
Н.А. Полевой, говоря о войне со Швецией и удачном для России мирном договоре в Або, считает что это была попытка европейских стран привлечь Елизавету на свою сторону в войне за австрийское наследство[14, с. 102].

Конечно, на внешнеполитические действия Елизаветы сильное влияние оказывали ее фавориты и приближенные. И в первую очередь это канцлер А.П. Бестужев-Рюмин о котором мы писали раньше. Однако не всегда фаворитам удавалось убедить в каких-либо вопросах Елизавету Петровну. Ярким примером этого является «курляндское дело».

В 1740 г. герцог Курляндии, вассальной территории Речи Посполитой, Бирон был сослан. Польско-саксонский генерал К.З. Арним, прибывший в Петербург 5 апреля 1750 г., отправил письмо Бестужеву с просьбой об освобождении Бирона, приложив к нему копию обращения об этом Августа III. Да и сам Бестужев был сторонником освобождения Бирона.

Он представил Елизавете Петровне реляцию русского посланника в Дрездене графа Кейзерлинга, который рекомендовал освободить Бирона. Причем писал он крайне убедительно. Он считал, что возвращение герцога в Курляндию сможет избавить Россию от вероятных денежных претензий Речи Посполитой, выбьет оружие из рук недоброжелателей России – Франции, Пруссии и Швеции и укрепит позиции Российской империи в Прибалтике. Однако Императрица Елизавета ответила отказом. Дальнейшие попытки повлиять на Елизавету через ее фаворита А.Г. Разумовского не увенчались успехом. В письме Бестужева Разумовскому ничего не говорилось о причинах отказа, следовательно, дело было не в политической логике. А причина была сугубо личного характера[15, с. 71].

Основные события внешней политики Елизаветы Петровны были сосредоточены на западе, но и в восточном направлении предпринимались кое-какие важные действия[16, с. 275].

Например, царице удалось расширить территорию Российской Империи на восток, присоединив Средний жуз (территория современного Казахстана). Также императрица основала Оренбург в ходе исследования юга Уральских земель[17, с. 63].

Внешняя политика Елизаветы Петровны отличилась и снаряжением экспедиции Беринга к берегам Камчатки. В результате была открыта Аляска, составлены новые карты с учетом вхождения в состав Российской Империи новых земель, к примеру, Курильских островов[18, с. 275-276].

Как, мы видим, внешняя политика при Елизавете Петровне велась достаточно активно. Однако вопрос о политической активности Елизаветы в историографии остается дискуссионным.

Несмотря на то, что с XIX в. было принято считать, что Бестужев являлся полновластным хозяином внешней политики России при ленивой и легкомысленной Елизавете, которая во всем доверяла канцлеру и позволяла ему делать все, что он пожелает, не имея возможности и желания противостоять его воле.

Однако при знакомстве с подлинными документами того времени эта точка зрения постепенно пересматривалась, хотя и до сих пор можно встретить утверждения, будто все успехи и неудачи внешней политики Елизаветы принадлежат именно Бестужеву[19, с. 24].

И все-таки решения Елизаветы Петровны по внешнеполитическим вопросам в основном зависели от канцлера Бестужева. Он приходил к императрице на доклад с выписками из реляций русских представителей при иностранных дворах, зачитывал то, что считал важным, добавлял к этому свой письменный вариант действий, снабженный пространным обоснованием. Обычно Бестужев приводил сразу несколько разносторонних доводов (лишнее доказательство того, что Елизавете было непросто навязать свое мнение), обширность которых утомляла государыню и делала ее более покладистой.

Список литературы:

1. Ключевский В.О. Русская история. Полный курс лекций в трех томах /. Кн. 3. М.:, 1993.
2. Анисимов М.Ю. Российский дипломат А.П. Бестужев-Рюмин // Новая и новейшая история. 2005. №6. С. 24.
3. Валиахметова И. Д. Внешняя политика российской императрицы Елизаветы Петровны (внешнеполитическая доктрина А. П. Бестужева-Рюмина) // Молодой ученый. 2016. № 16 (120). С. 272.
4. Анисимов М.Ю. Россия в системе великих держав в царствование Елизаветы Петровны (1741-1761 гг.). М., 2020. С. 99.
5. Анисимов М.Ю. Российский дипломат А.П. Бестужев-Рюмин // Новая и новейшая история. 2005. №6. С. 28.
6. Емелина М. А. Алексей Петрович Бестужев-Рюмин // Вопросы истории. 2007. № 7. С. 31.

7. Ешевский С.В. Очерк царствования Елизаветы Петровны // Отечественные записки. 1868. № 5-7. // URL: https://www.livelib.ru/book/1002138441-ocherk-tsarstvovaniya-elizavety-petrovny-eshevskij-sv
8. Широкорад А.Б. Северные войны России. М., 2001. С. 381.
9. Керсновский А.А. История русской армии в 4 томах. М.., 1999. Т. 1. От Нарвы до Парижа. 1700– 1814 гг. С. 86.
10. Широкорад А.Б. Северные войны России. М., 2001. С. 396.
11. Анисимов М.Ю. Российский дипломат А.П. Бестужев-Рюмин // Новая и новейшая история. 2005. №6. С. 29
12. Керсновский А.А. История русской армии в 4 томах. М.., 1999. Т. 1. От Нарвы до Парижа. 1700– 1814 гг. С. 102.
13. Анисимов М.Ю. Россия в системе великих держав в царствование Елизаветы Петровны (1741-1761 гг.). М., 2020. С. 138.
14. Полевой Н. Столетие России с 1745 по 1845 гг. СПб., 1845. С. 102
15. Манько А.В. Женщины на русском престоле. М., 2002. С. 71
16. Валиахметова И. Д. Внешняя политика российской императрицы Елизаветы Петровны (внешнеполитическая доктрина А. П. Бестужева-Рюмина) // Молодой ученый. 2016. № 16 (120). С. 275.
17. Наумов В.П. Елизавета Петровна // Вопросы истории. 1993. № 5. С. 63
18. Алиахметова И. Д. Внешняя политика российской императрицы Елизаветы Петровны (внешнеполитическая доктрина А. П. Бестужева-Рюмина) // Молодой ученый. 2016. № 16 (120). С. 275-276.
19. Анимисов М.Ю. Российский дипломат А.П. Бестужев-Рюмин // Новая и новейшая история. 2005. №6. С. 24.

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІСТАН ШАҺАРЫ- ЕЛІМІЗДІҢ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ

Ғариполла Мейрамбек, БҚИТУ педагогикалық факультетінің 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі- **Бижанова А.Е**.,тарих ғылымдарының кандидаты БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Түркістан қаласының тарихын баяндағанда ортағасырлық сәулет өнерінің үлгілеріне тоқталмай кете алмаймыз. Олар ең алдымен Қожа Ахмет Иассауи кесенесі мен оның тарихында өзіндік орны бар Арыстанбаб кесенесі. Алдымен кесене құрлысына дейінгі кезеңге көз жүгіртер болсақ, XIV - XV ғасырларда қазақ даласында ірі өзгерістер жүріп жатты. Дәл осы кезде жалпы түркілік тұтастық біржола ыдырап, әлемнің көптеген халықтары сияқты түркі тілдес халықтар да даралана бой көрсетіп, этностену (этнизация) үрдісі бел ала бастады. Ақсақ Темірдің қанды да, шаңды да жорықтары түптеп келгенде түп түркілік рухты тұтастандыру сияқты болып көрінгенімен, түркі халықтарының даралана этностену үрдісі оған дес бермеді. Тарихи дамудың қисыны жеке адамның қалауына көнбеді. Бір кездері Еуразия алабындағы ең қуатты мемлекет болған Алтын Орданың жұртынан бірнеше хандық бой көтерді. Солардың ішіндегі ірілерінің бірі Ақ Орда еді. Жошы хан әулетінен өрбіген Орда-Ежен әулетінің құзырындағы Ақ Орда мемлекеті XIV ғасырда қазіргі Қазақстан жерін толық қамтып үлгерді деуге болады. Ұлы Даладағы әрі көшпенді, әрі отырықшы өмір салт үйлесімді ырғаққа түсіп, саяси - әлеуметтік тұтастанудың қарқын алуына мұрындық болды. Оңтүстік өңірде Отырар, Сауран, Сығанақ, Жент, Иассы-Түркістан, Созақ сияқты қалалар жаңғыра бой түзеді. Әлеуметтік өмірдегі тегеурінді тұтастық мәдени-рухани тұтастыққа ұласты. Бұрынғы қарлұқ-ұйғыр, ұйғыр-оғыз, қыпшақ-оғыз, қыпшақ-ноғай диалектілері кірігіп, қазақ халқы өзіндік дара тілін орнықтыра бастады.

Әлеуметтік өмірде көшпелі мал шаруашылығы бел алып жатқандықтан, сол өмірге сай қолөнер туындылары жасалды, далалық сәулет өнері өркендеді.

Тарихи тағдыры Түркістанмен атап айтқанда, Қожа Ахмет Иассауимен тығыз байланысы бар сондай ескерткіштердің бірі Отырар қалашығына таяу орналасқан Арыстанбаб кесенесі. Кесененің екі үлкен, бір кіші күмбездері, бұрышындағы мұнаралары мен иіліп өрілген терезелері ерекше сымбатымен, адамды еріксіз өзіне тартатын сәулет өнерінің тамаша туындысы болып табылады. Сонымен қатар ол Орта Азия мен Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген зианатшылардың тағзым ететін қасиетті де орны.

Бұл кесененің соншалықты құрметке ие болуының сыры неде деген сұраққа жауап берер алдында сол заманның тарихи бейнесін қалыптастыру қажет. Ол ең алдымен түркі халықтарының арасындағы исламның таралуына тікелей қатысты. Жаңа дінді түркілерге таныту алғаш VIII ғасырда басталған [1]. Мұсылмандық біртіндеп түркілердің қалың орналасқан жері - Сырдың орта ағысы бойына ене бастады. X ғасырда өмір сүрген тарихшы Ибн Хауалдың айтуынша “Фараб, Кенжид пен Шаш аралығында жақсы жайылымдар бар, онда исламға кірген мыңға жуық түркі әулеттері тұрады” [2]. Бірақ бұл кезде түркі тайпаларының басым бөлігі жаңа дінді толық қабылдай қойған жоқ. Алланы мойындап, Мұхаммед пайғамбар бағыштаған жолға түскендердің өзі, ескі наным-сенімдерінен бір жола бас тартпаған еді. Отырарда жүргізілген қазба жұмыстары, XI-XIII ғасырдың өзінде әр үйде отқа сыйынатын орындар болғанын көрсетті. Тіпті XIII ғасырдың басында Отырар тағына ие болған Қайырханның өзі ислам дініне жастайынан кірмегені мәлім.

Түркі тайпаларына дінді күштеп енгізу нәтиже бермеді, тек насихат жолы жемісті болды. Уағыздауда жергілікті халық арасынан шыққан шайқылардың сөзі өтімді еді. Ал осындай түркі шайқыларының көш басында Арыстанбаб пен оның шәкірті Қожа Ахмет Иассауи жүрді.

Енді Арыстанбаптың (кейде Арыстанбаб) есіміне келер болсақ, ол екі сөздің қосындысынан құралған. “Арыстан” арабтың “арсылан” сөзінен өзгеріп, тілімізге бейімделген түрі. Араб тілінде оның бірнеше мағынасы бар бірі “арыстан” дегенді білдірсе,

екінші мағынада “үлкен, зор, алып” дегенді байқатады. “Баб” академик В.В. Бартольдтың айтуынша “қақпа” деген мағынаны білдіретін араб сөзі. Ал түркі елінде “баб” деген тіркес ислам дінін таратушылардың есімдеріне қосылған. Түркілерде аса қадірлі қарттарды, қастерлі адамдарды “баба”, “ата-баба”, “бобо”, “дада” - деп атаған. Арыстанбаб, Түркістан халқына дін таратуда үлкен қызмет жасаған белгілі адам болған. Осы пікірлерді Әбубәкір Диваев жазып алған қазақ бақсыларының әулиелерден демеу сұрап айтатын сарыны айғақтай түседі:

Түркістанда түмен бап
Сіздерден медет тілеймін
Сайрамдағы сансыз бап
Отырардағы отыз бап
Ең үлкені Арыстанбаб
Сіздерден медет тілейміз.

Тағы да бір дәлел келтірер болсақ, әйгілі сопылық ақын Сүлеймен Бақырғани:

Бабтардың бабы Хорасанда,
Сансыз бабтар Үндістанда,
Бабалар басы - баба Арслан [3] - деп жырлаған.

Бүкіл әулие-әнбиелердің дәрежеленуінің ең басында Арыстанбаптың жоғары тұрған “Алпамыс батыр” жырының бір нұсқасында “Байбөріге құдай перзент берді” - деген қуанышты хабарды жеткізуші Баба Түкті Шашты Әзіз сөзі аңғартады:

Жам әулие жиналдық
Бастығы болып Арыстанбаб,
Жабыла тілеп жыладық
Жарылқап берді Жаппар Хақ [4].

Міне, осыған мазмұндас Орта Азия мен Қазақстанда кең танымал діни ғазал ретінде О.Дастановтың “Әулие жерлер туралы шындық” кітабында өлеңдер бар [5].

Сонымен Арыстанбаб, ғаламдық діндердің бірі исламды түркі әлеміне танытушы, таратушы. Жаңа дін арқылы түркілер араб тілі мен әліппесін меңгерді, сол кездегі мұсылман мәдениетінен нәр алып, оның дамуына үлкен үлес қосты.

Көп үзілістен кейін Арыстанбаб кесенесі жөніндегі ғылыми сипаттама 1950 ж. В.В.Константиновaның “Некоторые архитектурные памятники по среднему течению р.Сырдарьи” деген мақаласында жарияланды. Онда алғаш рет Арыстанбаб ғимаратының жоспары басылып байырғы және кейіннен қосылған бөлмелері суреттелді, оның кейбір құрылыс тәсілдері мен нақыштарының Баба-ата медресесіне келетіні әңгіме етілді. Алайда кіре беріс маңдайшасындағы мұсылманша көрсетілген соңғы өңдеу мерзімі қазіргі жыл қайыруымызға дұрыс аударылмады. Шын мәнінде “санат 1327”, қазіргі жыл санауымыз бойынша В.В.Константинова көрсеткен 1907 жыл емес, 1909 жыл болады.

Арыстанбаб кесенесіндегі ұстындар өзінің көнелігімен сонау А.Черкасов мақаласынан бастап зерттеушілер назарына іліккен еді. Бірақ оны ғылыми айналымға енгізген Мәскеулік профессор В.Л.Воронина болды. Ол осы ұстындар жайлы жеке мақала жазып, әрқайсысының бет-пішімі мен ою-өрнегінің сызбасын берді. Орта Азия мен Қазақстанның көне ұстындарымен салыстыра отыра Арыстанбабтағы тіреулердің ерекшеліктерін әңгіме етті [6].

1987 жылы “Білім және еңбек” журналында М.Сембиннің кесене жайлы мақаласы жарияланды. Онда бұрынғы зерттеулер барысын қорыта келе Арыстанбаб ұстындарындағы ою-өрнектердің Орталық Қазақстандағы Аяқ-Қамыр мавзолейінің нақыштарына келетініне назар аударған [7]. Соңғы уақытта Арыстанбаб кесенесі жайлы Ю.Елгиннің [8] М.Қожаевтың [9] зерттеулері жарияланды. Арыстанбаб кесенесі ғасырлар бойы түрлі өңдеу-жөндеуді басынан кешірген құрылыс. Кейде Арыстанбабтың XI-XII ғасырларда өмір сүргенін тілге тиек ете отырып, оның кесенесі Арыстанбаб дүние салған соң, іле-шала тұрғызылған деген жорамал айтылады. Алайда бізге жеткен қазіргі кесенеде XII ғасырдың белгілері жоқ. Бұл арада біз ислам дінінің алғашқы кезде қабыр үстіне төбесі жабық құрылыс

тұрғызуға тыйым салғанын есте ұстағанымыз жөн. Осы тұрғыдан қарағанда, XII ғасырда Арыстанбаб ғимаратының болмауы да мүмкін. А.Черкасовтың жазбаларында Арыстанбаб кесенесі әулие және шәкірттері жатқан екі бөлмеден, сондай-ақ алдындағы бастырмадан тұрғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұлардың жобасы XIV ғасырдың құрылысына сай келеді. Осымен қатар бастырмадағы ұстындар да XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында жасалған деген тұжырымды мамандар айтқан болатын. Яғни қазіргі Арыстанбаб құрылыс кешеніндегі қабырханалар бөлігі ең көнесі, әуелгісі болып табылады. Бұған қоса халық арасында кең тараған мынадай аңыз бар: "Қожа Ахмет кесенесінің қабырғалары қаланып болған түні алып жасыл өгіз көтерілген дуалдарды мүйізімен соғып, құлатады. Ғимарат қабырғалары қайта тұрғызылып, күмбездері қалана бастағанда бұл оқиға тағы да қайталанып, бәрі үйілген төбеге айналады. Бұл жай Әмір Темірді көп ойландырады. Түсінде бір шал келіп, аян береді, ол Қожа Ахметтің ең алғашқы ұстазы, Арыстанбаб моласының үстіне мазар көтеруге әмір ететінін жеткізеді. Бұл талап орындалған соң ғана Әмір Темір Түркістандағы құрылысын ойдағыдай аяқтайды" [10].

М.Сембин Арыстанбаб туралы мақаласында О.Дастановтың "Әулиелі жерлер туралы шындық" атты кітабындағы келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Арыстанбаб кесенесінің сәулетшісі ташкенттік Ескендір қажы болған деген болатын [11].

Сонымен Арыстанбаб ғимараты төл өнеріміздің туындысы. Өн бойына ортағасырлық және XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы сәулеткерлікті тамаша ұштастырған ғажап шежірелі кесене.

Арыстанбаб кесенесін сөз еткенде оның ажырамас бөлігіне айналған шырақшыларды және олардың қолында сақталып келген бұйымдарды әңгіме етпеу мүмкін емес.

Алыстан шаршап-шалдығып жеткен зияратшыға ниет қабыл болсын деп қарсы алып, хал-жайына ортақтасып, демеу жасайтын адамдар қажет еді. Бұған қоса әулие жерді күтіп, құлағанын жөндеп-жамап, қорып отыру да керек. Осы міндеттердің бәрін шырақшылар атқарған. Ал, шырақшылықты атадан балаға мирас еткен әулет өкілдері кесенеге қатысты аңыз-әңгімелерді көптеп білген. Тарихи орынды зерттеп тануда бұл аса қажетті мағлұмат болып табылады. Әрине, олар да сын елегінен өткізіліп, басқа тарихи деректермен салыстырылуы тиіс.

Арыстанбаб кесенесінде шырақшылардың болғанын И.Т. Пославскийдің 1898 ж. жарияланған "Развалины города Отырара" деген мақаласынан аңғару қиын емес. Онда Арыстанбаб күмбезінің қасында мешіт және суы тұщы құдығы бар, бұл арада әулие жерді күтушілер отбасымен бірге тұрады делінген. Ал, 1909 жылғы А.Черкасовтың "Поездка на развалины Отырара" атты мақаласында Арыстанбаб шырақшысының есімі аталады: Нар-Магомет Азиз-Арсланбаев. Ол орыс зерттеушісіне Арыстанбабтың Қожа Ахметке құрма әкелгені жөніндегі аңызды және ұстын-тіреулердің "мақта ағашынан" жасалғанын әңгімелеп береді.

1904 жылғы А.Кларенің "Древний Отырар и раскопки, произведенные в развалинах его в 1904 году"мақаласында Нарымбет шырақшының есімі аталып, ол туралы дерек келтіріледі. Отырар тарихы үшін бұл аса құнды мағлұмат болғандықтан оны тұтас келтіре кетікенді жөн көрдік: "По словам шейха Мазара Арслан-баба (в 2-х верстах от развалин Отырарской цита-дели) Нар-Мұхаммед-Азис-Арсланбаев, в г.Туркестане хранится у одного из Отырар-ходжи старинная книга, в которой описана вся история Отырара со смерти Тамерлана до нынешних времен, но достать список с этой книги и ознакомиться содержанием нам не удалось".

Міне, осы жолдардан Нарымбет шырақшының көзі ашық, көне тарихтан хабардар адам екенін байқауымызға болады. Әрине, бұл кітап табылса, Отырар тарихының көптеген беймәлім беттеріне қанығар едік. Осы кітаптың болғаны жөнінде Нарымбет шырақшының немересі, қазіргі Шәуілдір тұрғыны Нарымбетов Мамасадық да растайды. Бұл кітапты ол әкесі Бабахан қарының қолында көргенмін дейді.

Алайда осы әулеттен Арыстанбабта алғашқы шырақшы болған Нарымбеттің әкесі Шерімбет Әздер екен. Ол Арыстанбаб кесенесінде Лашынбаб пен Қарғабабтың қасындағы үшінші қабірде жерленген.

Нарымбет Әздермен сырлас болған, жұрт батагөй Жұмабай деп атап кеткен бір қарияның әңгімесі бойынша (мұны "Оңтүстік Қазақстан" газетінің 1991 жылғы 19 желтоқсандағы №200-201 санында Ш. Шорабеков жариялады). Түркістан шаһарында ғұмыр кешкен Шерімбет Әздер Арыстанбаб әулиенің басына орнатылған күмбездің түбі құзданып, құлауға айналғанынан хабардар болып, оны қалпына келтіру ниетімен бабтың қасына келеді, бұл шамамен XIX ғасырдың аяғы болуы тиіс, себебі 1898 жылы И.Т. Пославскийдің мақаласында Арыстанбаб кесенесінің қараушыларының болғаны аталып кеткен.

Он бес ғасырлық тарихы бар Түркістан қаласын, ендігі жерде, Орталық Азиядағы аса маңызды мәдени, рухани, ғылыми және сауда-экономикалық орталыққа айналдыру болашақ ұрпақтың қолында деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Арыстанбаб. А, 1992.2-3 б.б.
2. Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары. А, 1991. 102 б.
3. Ежелгі дәуір әдебиеті. Екінші кітап. А,1991.125-126 б.б.
4. Батырлар жыры. Алпамыс. 2 том. А, 1986. 195 б.
5. Дастанов О. Әулие жерлер туралы шындық. А,1967. 5 б.
6. Воронина В.Л. Колонны из Отырара. А, 1975. С.70-76.
7. Сембин М. Арыстанбаб//Білім және еңбек. 1987.N 2. 42 б.
8. Елгин Ю. Арыстанбаба кумбез //Казахская ССР. Краткая Энциклопедия. Т.4. А, 1991. С.130.
9. Қожаев М. Арыстанбаб. А, 1992.32 б.
10. Массон М.Е. О постройке мавзолея Ходжа Ахмета. М, 1970. С.21.
11. Сартқожаұлы Қ. Тас белгілер тіл қатады // Білім және еңбек, 1984. N 2. 19 б.

ЖАППАС РУЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ ШЕЖІРЕЛЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Гизатуллин Рахат, БҚИТУ педагогикалық факультетінің II курс студенті
Ғылыми жетекшісі- **Калменов М.Д**., PhD докторы, БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қазақ елінің арасында өлеңмен шежіре тарқату дәстүрі болған. Ол шежірелердің көбі Әнес сахабадан бастап шежіре айтушы өз руына дейін келіп, сосын өз руының шежіресін толығырақ таратып, ішінен шыққан белгілі адамдарды атап өтеді. Осы шежірелердің көбі айтып отырған шежіресінің негізі Мырқы, Құнанбай, Досжан қажылардың 1876 жылы Меккеден алып келген шежіресі екенін айта кетеді. Мысалы, Табын Шоңбай Жұбанұлы:

Құнанбай, Мырқы, Шабдан, Досжан хазірет
Меккеден келген екен шежіре алып.
Сарапқа салыстырып қарағанда,
Осыны өзгесінен көрдім анық.
Бастадым Ансариден бермен қарай,
Аңдатып ата жолын ескі тарих.
Атамыз Ансариден туған Мәлак,
Кісі екен тура жолмен өткен талап.
Толығып жасы ортаға жеткен кезде,
Анесті берген екен құдай қалап... [1] – десе, Жаппас Әйіш Шохаманұлы келесідей дейді:

Жазуға ата жөнін әл келгенше
Көңіліме міндеттедім етіп норма
Меккеден Мырқы әкелген шежіреде
Айтыпты ата жөнін үшбу форма.
Насырды назым сөзге айналдырдым
Әуес қып ұстай ма деп балдар қолға.
Ойладым Ансарыдан бастамаққа,
Адамнан алып тілге шаппай шарха.
Ал тілім, суыр семсер алмасыңды,
Сомпайып су өткендей бекер тоңба.
Алжасқан алпыс асып аз ғана ми,
Рахмет орындалса жетер солда.
Атамыз Ансарыдан туға Мәлек,
Кісі екен сақылыққа еткен талап,
Келгенде жасы жетіп жер ортаға
Анасты береген екен Құдай қалап... [2].

Мұндай шежірелер көп, әрі бір-бірінен аз ғана айырмашылықтары да бар. Біз солардың бірі Меңліаяқ Сәрменбайұлының «Шежіре басы Аннастан» атты өлеңмен өрілген шежіресіндегі Әннастан бастап Қазаққа дейінгі шежіресін тізбектеп жазайық: Аннас – Жабал – Мағаз – Ер Усайыл – Ақшолпан – Аламан – Алаш – Жайылхан – Майқы – Сәбиян – Айырқалпақ – Қазақ [3].

Қазақ шежіресін жинауда Шәкәрім Құдайбердіұлы да асталысты. Оның 1911 жылы Орынбор қаласынан «Түрік, қырғыз-қазақ һәм ханлар шежіресі» кітап болып басылып шықты. Сонда «Қазақтың түп атасы» деген өлеңінде жоғарыдағы аталған шежірені қатты сынайды:

Қазақтың түп атасы – батыр Түрік,
«Арабсың» деген сөздің түбі шірік.
«Пәленше сахабаның затысың» деп,
Алдаған дін жамылған өңкей жүлік [4].

Бұл ойды Алаш арыстарының бірі Әлихан Бөкейханұлы да қоштап айтады: «Қазақтың асылы турасында жалпы жұрт арасында бірсыпыра ертегілер бар болса да, халық оған рас екен деп иланып жүрген жоқ. Қазақтың мектеп, медресе һәм школда оқып шыққан жастары қазақтың асылын анық біліп жете алмаса да, әйтеуір асылы түрік нәсілінен екендігіне анық иланады. Ақылы мол, зейіні толық қарашаруаның да бірсыпырасы осыны қоштайды. «Қазақ пен ноғайдың түбі бір» деген сөзді һәр бір қарияның аузынан есітуге болады. «Өзбек – өз ағам» деген мақалды һәрбір қазақ біледі. Бірақ, қазақтың өзге түрік қауымдарынан қай заманда айрылып, қалайша бөлінгендігі турасында анық мағлұмат жазылмағандықтан сол арасы кішкене көмескі болып тұр.

Қазақтың бірсыпыра аңқау адамдарында «Анас саһабаның нәсіліненбіз» деген, қырғызда «Акаше саһабаның нәсіліненбіз» деген ауру бар. Бұл ауру тым-ақ күшті көрінеді. Тарихтан қандай мықты дәлел келтіріп, «Анас» деген сөздің асылсыз екендігін ыспат етсек те оған илана қоймайды» [5]

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы қазақты Әнас сахабадан таратуының себебін «Сахабалар және қазақ тарихы деректері (үшінші нұсқа)» деген жазбасында баяндап кеткен: «Замандардан заман өткенде, бұрынғылар өліп таусылып, қалғандарға нәубет жеткенде: «Араб жұртынан бір Мұхаммед деген пайғамбар шығыпты!» - деп, әуезесі айдай әлемге жайылып кеткенде, Түркістан аймағынан түрік ұрпағынан үш оқ нәсілінен «Тоқсан екі баулы Қыпшақ» атанып тұрған заманда тоқсан екі батыр атқа мінді дейді.

«Сол пайғамбарды барып көрелік. Жақсы болса, жанына жолдас болып ерелік», - деп. Мінген көліктері - ат, ұстаған қарулары - бір-бір сойыл; құрғақ шөлмен жүріп барса, Мұхаммед пайғамбар екі соғысты мұнан бұрын өткізіп, үшінші соғыстың үстіне барған екен.

Жан-жақтан ереуілдеп шаң шығады екен де, шаңдатып келе жатқандар кәпірлер тобына қосыла береді екен. Мұсылманға үйден шыққан өздерінен басқа ешкімнің шаңы қосылмайды екен. «Күншығыстан бір шаң шықты, о да кәпірлерге қосылады ғой!» - деп тұрысып еді. Бұл шаң кәпірлерге бармады. Мұсылмандар тобына келіп килікті. Ан хазіретіміз Мұхаммед Мұстафа ғалиассалауат араб (ғараб) тілімен сөйлеп еді, білмеді. Парсы тілімен сөйлеп еді, білмеді. Әбубәкір Сыдық Расул-Аллаға көлденеңдеп жетіп келді:

− Иар сол Алла, - дейді, - Менің атам - Қахафа Түркістаннан келген екен. Бұлар Түркістан жұртының саяқтары болса керек. Түркі тілімен айтсаңыз, білер, - дейді. Түркі тілімен сөйлеп еді, бастарын изеп, шұлғып, оқырана түсті:

− Өзіміз әдейі сізге: «Біріміз - оқ, біріміз жақ болып, қазылған жол, шашылған топырағыңызда арқамыз - соқпақ, басымыз омақа болсын!» - деп, келдік, - деп, кәпірге қарай лап қоя шауып, дүрсе қоя берді.

Кірген жерін - есік, шыққан жерін - тесік қылып, ілездің арасында апа-сапа кәпірлер - қой, бұлар бір оған тиген топалаң есепті болып, көп кәпір мұсылман дініне кіріп, бұрын-соң көрмеген тамаша майдан болды. Сонда бұлардың батыр басы, азаматы Аққөсе екен де, оған таяулары: Мәлік, Ақтам, Құттықожа, Имамбайыр дегендер екен.

Сонда пайғамбарымыз шаттанғаннан:

− Алла түркі ғайыр мин үмбеті! - дегенде, Сәлмен парсы сахаба үғып алып:

− Ал Түркі ғасайы, - дегенде, Аққөсе бабамыз ұғып алған екен.

Сонан кейін бұлар қалған өмірін пайғамбар қасында өткізіп: «Ансары» - атанған екен. «Мұһажырын ансары» - деген қауым қыбыла, ру, тұқым, ел аты емес, Меккеден пайғамбарды іздеп (ізлеп), һынжыр қылып көшкендер «Мұһажырын» - аталған екен де, пайғамбарға болысып, күш-көмек бергендер «ансары» аталған екен. «Уалсабтұн Алла ұлыңмен әл мұһажырын уа әл-анзар» - «Бәйгенің озып алдын алған Мұһажырын мен Ансарылар» - делінген сөз екен. Аққөсе мен Мәлік - екеуі бір ағайынды. Нәзір деген әкелерінің аты екен. Мәліктен Әнес туады да, сол Әнестің үрім-бұтағынан: түрікпен, қарақалпақ, қазақ тарайды» [6]. Және де осы әңгімесін тек қана дерек ретінде келтірмей, оған деген өз көзқарасын да білдіріп кетеді: «Басқа жұрттан шығып тарих жазушылар - мұндай қайдан шығып, қайда барып ұшырасқанын білмейді де: «Әнес ибн Мәлік хазіретлері - ғараб. Қазақ өзін ғарабтан туғызып, пайғамбарға туысқан, бауыр болғысы келеді» - дейді. Мына

мен Мәшһүр Жүсіп Көпеев алпыс бес жаста (1923 ж.) осы сөзді жазып отырмын. Бақсыдай бал ашып, түлкідей түс көріп, жауырын жағып, құмалақ салып, айтып отырғаным жоқ. Мен де нұсқалардан көрумен, кәрі құлақтылардан естумен өз білгенімді шамам келгенше қорытып, шындап тыңдап, айтып отырмын» [6,197].

Дегенмен 1990 жылдан бері қазақ шежіресін түгендеуге елеулі үлес қосқан Жарылқап Бейсенбайұлы «Қазақты арабпен туысқан етіп шығаратын бұл жалған сарынның түп төркіні кезінде ісләм дінінің түрік тайпаларын өз ыңғайына икемдемек ниетімен тығыз сабақтасып жатыр. Ал, шын мәнінде араб пен түрік тайпалары бір-бірімен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын аралары алшақ, тілі, рухани тіршілігі де бүтіндей басқа, екі түрлі нәсіл» деп өз ойын батыл білдіреді.

Бұл қарама-қайшы екі пікірдің тайталасын доғара тұрып, Қазақтан Жаппасқа дейінгі шежіренің тарқатылуына келелік. Жоғарыдағы Меңліаяқ Сәрменбаев шежіресінің желісімен жалғастырар болсақ, Қазақтан: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс; Ақарыстан Ұлы жүз рулары, Жанарыстан Орта жүз рулары, ал Бекарыстан Кіші жүз рулары тарайды. Бекарыстан: Арғымақ, Алау; Алаудан: Алшын; Алшыннан: Қыдуар; Қыдуардан: Нәдірқожа, Сәдірқожа, Қыдырқожа; Нәдірқожадан: алты ата Әлім, Сәдірқожадан жеті ру, ал Қыдырқожадан он екі ата Байұлы тарайды. Қыдырқожа бай болған, 8 әйел алған адам екен. Үшінші әйелінен Алтын мен Сұлтансиық туса, алтыншы әйелінен Жамбыл мен Үйсін деген бала туыпты. Жамбылы кейін Жаппас атанып, Үйсіні Байсын жерінде қалған екен дейді [3,12-15].

Қазақтан бері қарай жазылып, айтылып жүрген нұсқалар өте көп. Олар жайында жазылған, салыстырып сараланған кітаптар да аз емес. Солардың ішінен негізгі айтылып жүрген нұсқаларды жазамыз.

Сыр өңірінде болған Жаппастың Жәдікбай тақтасынан шыққан Әйіш Шоқаманұлы да өлеңмен шежіре жазған адам. Ол кісінің нұсқасында Қыдырқожаның Жайма деген әйелінен үш сиық туады (Қыдырсиық, Бақытсиық, Сұлтансиық). Соның Сұлтансиығынан Алтын, Байбақты, Қызылқұрт туады. Ал Байдың сегізінші әйелі Самсадан Жамыл мен Үсен туған. Жамыл кейін Жаппас атанған, ал Үсеннің тұқымы Жиделібайсын жерінде делінеді [2,11-12].

Батыс Қазақстан өңірінде артына мұра ретінде 3 томды қолжазба қалдырған Иманбай Жұмағазиев атты Жаппастың Шалтағының Сейітқұл аталығынан тарайтын кісі өткен. Оның қолжазба шежіресінде келесідей дерек бар: «Қыдуардың үшінші ұлы Қыдырғожа. Қыдырғожаның әулеті 12 ру болып көбейген. Бұнымен қатар малға да өте бай болғандықтан «Байұлы» аталып кеткен. Қыдырғожаның бәйбішесі Жамбы ана, тоқалы Тотан-бибі. Қыдырғожаның елі, яғни «Байұлдары» Арал теңізі мен Жайық өзені арасын мекендеп, кіші жүз елінің негізгі тобы болған. Қыдырғожаның әкесі Қыдуар даланы өртеп алып, сөндіре алмаған соң халық өрттен қашып, сегіз ай босқындыққа ұшыраған. Оны «Сегіз ай Сауран айналды» дейтін көрінеді. Сол Сауран айналып жүргенде Орта жүз арғыннан (өз елінен) босып кеткен Әлімғожа, Мәлімғожа деген екі кісі келіп Қыдырғожаны паналап, мекен еткен жерінде отырып қалыпты. Қыдырғожа ол кезде малға бай болғанымен, басқа мұқтаж екен. Сол уақытқа дейін өзінен бала да болмаған көрінеді. Сондықтан Қыдырғожаның еншілес балалары да көп болған. Орты жүзден келген Әлімғожа өліп, оның әйелін Қыдырғожа алады. Одан Бақтысиық туыпты. Бұл балам бақытты болсын деп атын Бақтысиық қойыпты. Одан кейін Мәлімғожа өліп, оның әйелін де Қыдырғожа алған. Одан Қыдырсиық туған. Оны қыдырудан тапқан балам деп атын Қыдырсиық қойған. Қыдырғожаның бәйбішесі Жамбы анадан туған жалғыз Сұлтансиық. Тотан бибіден Ысық туған. Сонымен Қыдырғожаның өзінен туған осы төрт бала. Бақтысиықтан Жаппас, шын аты – Дулат. Бақтысиықтың бәйбішесі Алтын, тоқалы Самса. Алтын бәйбіше өкшесі қанамаған адам екен. Самсадан туған Дулат баланы тәрбиелеп өсірген. Алтын бәйбіше көріп отыру үшін бесікте жатқанда бетін жаппай ашық қояды. Сол себепті «Алтын жаппас» деп аталып кеткен. (Алтын жаппас – Алтын бәйбішенің бетін жаппай өсірген баласы деген ұғым береді).

Атырау өңіріндегі белгілі шежіреші Ыбыраш Қорқытұлы он екі ата Байұлын келесідей таратқан. Құдиярдан Алқожа, Асанқожа туады, Асанқожадан – Еркожа, Қыдырқожа, Елтай, Естай, Ата, Қалпақ. Еркожадан – Ожырай, Жаппас, қызы Алтын,

Қыдырқожадан – Қыдырсиық, Сұлтансиық, Бақтысиық. Алтайдан – Адай, Естайдан – Беріш, Атадан – Есентемір, Қалпақтан – Таз. Ерқожаның баласы Ожырай еншіге өкпелеп, кейіннен Кетеге сіңген делінеді [7].

Ал Мұрат Мөңкеұлының шежіресінде Құдиярдан – Сәдірқожа, Нәдірқожа, Нұрқожа, Асанқожа, Алқожа, Қыдырқожа. Ожырай мен Жаппас Асанқожаның балалары боп сипатталады. Есентемір – Нұрқожаның баласы. Нұрқожа жастай өліп, оның әйелі Тастыны Қыдырқожа алған. Тасты Қыдырқожаға тигеннен кейін, одан Алтын туған делінеді [7,77].

Ал Адай Қараш ЫБырайым ахун Құлбайұлы он екі ата Байұлы таралысын өзінің өлеңмен жазылған шежіресінде басқаша береді. Ол Алшыннан: Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс. Ақарыстан: Әлімқожа. Бекарыстан: Байқожа. Байқожадан: Ата, Қалпақ, Естай, Елтай. Олардан: Есентемір, Таз, Беріш, Адай. Жанарыстан: Қыдырқожа. Қыдырқожаның бәйбішесі Жанбиден: Сұлтансиық, Қыдырсиық, Бақытсиық. Тоқалы Тотаннан: Жаппас. Бұл шежіре бойынша Жаппас он екі Байұлының ең үлкені болып тұр [8].

Ру атының Жаппас атануына байланысты аңыз-әңгімелерге келетін болсақ, «Жаппас руының қалай пайда болғандығы жөнінде ел аузында сақталып келген бірнеше аңыз-әңгімелердің біреуіне ғана тоқталып өтейік: Самсы анамыз Қыдырсиық әулетіне келін болып түскеннен кейін оған байдың бәйбішесі күн көрсетпейді, тіпті қастандық та жасайды. Өйткені, Самсы анамыз өте көркем, сұлу, ақылды болған. Ел жайлауға көшкенде аяғы ауыр Самсыны жұртта адастырып тастап кетеді. Алғашқы кезде бәйбіше анамызды көшпен келе жатыр десе, кейін Самсы анамызды адасып кеткен шығар деп өтірік лақап таратады. Көште қалған Самсы анамыз қатты толғатып, ауылдың (көшіп кеткен ауылдың - М.Ғ.) жанындағы жабта тұрған арбаның астына барып жайғасады. Туған баласының кіндігін өзі кесіп, баланы арбаның үстіне жатқызады. Оны қоректендіріп (емізіп - М.Ғ.) болғаннан кейін жанына жатып, Самсы анамыз баласын етегімен жауып ұйықтап кетеді. Көптен кейін оянса, анамыз өз бетімен жүріп келе жатырған керемет әсем пәуеске арбаның ішінде баласымен екеуі жатқанына таң қалады. Баланың үстіне жапқан етегін жинап қараса, жаңа туған сәби ұйықтап жатыр екен. Баланың денесі ашылған кезде пәуеске арба өзінен-өзі тоқтайды, ал етегімен қайтадан жапса, пәуеске арба орнынан жылжып алға қарай өзінен-өзі жүре береді. Бір күні сыртта отырған бай жылжып келе жатырған пәуеске арбаны көріп таң қалады, оның үстінде отырған Самсы анамызды таниды. Жиналған жұртшылыққа пәуеске арбаның қалай қозғалатынын көрсету үшін етегін бір ашып, бір жабады. Жас нәрестенің тектілігін байқаған жұртшылық болашақ әулиені «Жаппас» деп атап кеткен. Бұл керемет құбылысты көрген бәйбіше ызасы келіп үйіне (киіз үй - М.Ғ.) кіреді. Оң жақта тұрған сабаны пісіп-пісіп жібергенде одан бір құс ұшып шығады. Құс шаңырақтан серпе шығып, Жаппас атанған жас сәбидің қасына қонады, сәлден кейін көзден ғайып болып ұшып кетеді. Оны көрген жұртшылық баланың текті екенін байқайды, болашақ әулиенің еліне құт-береке әкелетініне үміт артады» [9].

Көріп отырғанымыздай, шежірелер бойынша Жаппастың әкесі Қыдырғожа, бірде Бақтысиық, Ерқожа болса, тағы бірде Асанқожа деп келе береді. Ал шешесі Самса, кей жерде Алтын, Тотан деп аталады. Өзінің шын аты Жанәбіл, басқа нұсқа бойынша Дулат. Осылардың ішінде ел аузында көп айтылатыны, халық арасына кең тарағаны – Жаппастың әкесі Қыдырғожа, шешесі Самса, шын аты Жанәбіл деген нұсқасы.

Сонымен қатар, ешқандай нұсқасыз анық айта алатын нәрсеміз: Жаппас руы – Кіші жүздегі Алшын тайпасына жататын он екі ата Байұлының бір руы.

Ұрпақтар сабақтастығы бойынша әр атаға 25-30 жылдан беріп есептер болсақ, Жаппас деген адам XV ғасырда өмір сүрген болып шығады. Ал зерттеушілер қазақ руларының тарихын ерте замандардан таратады. «Ғылыми деректерге сүйенер болсақ, Қазақ пайғамбарлардан тараған жоқ. Ол – тым көне замандардан байтақ даламызда, алып аймағымызда қоныстанған этникалық тарихы аса күрделі, байырғы тайпалық бірлестіктер қауымдасуының: сонау Сақ, Ғұн, Үйсін мемлекеттері, Түрік, Түркеш, Қарлық дәулеттерінің, Қыпшақ ұлысы, кейінгі Алтын орда, Көк орда, Ноғай ордаларының құрамына кірген түркі тілдес елдер мен жұрттардың топтасқан одағының ортақ атауы. Бізге жетіп отырған

шежірелер – сол байырғы жеке-жеке рулардың, дәлірек айтқанда, бүгінгі Қазақстан аумағын мекендеген елдердің қазақ халқы боп ұйысқан қауымдастығы аясына бірігер алдында, не біріккеннен кейін ғұмыр кешкен аталарының бергі тарихы» [7,9]. Мұндай тарихтан Жаппас руы да құралақан емес. Тарих ғылымдарының кандидаты Ғани Меңілбаев Жаппас тайпасының ежелгі шығу тарихын зерттеп жүр. Ол Жаппас тайпасына қатысты өз зерттеулерін келесідей қорытындылайды: «Жаппас тайпасының тарих бетіне шығу кезеңдерін: сақтар, сарматтар, аландар, ғұндар, массагет, түрік, хазар, оғыз, Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығы деп тарқатуға болады. Осылардың ішінен Жаппас тайпасының атауына байланысты және таңбалық белгілеріне байланысты жазбаша деректерді, заттай деректерді кездестіруге болады» [9,57].

Байқап отырғандарыңыздай, ру-тайпаның шығу тегін шежірелік аңыздар мен тарих ғылымы екі түрлі баяндайды. Сондықтан да шығу тегімізді шежірелік аңыздар бойынша шартты түрде айтсақ та, түп тамырымыздың көне замандардан келе жатқан көшпелі тайпалардың бірі екендігін түсіне білуіміз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Маданов Х. Кіші жүз шежіресі, Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 168 бет.
2. Кіші жүздің Жаппас Жәдікбай руының шежіресі. ҰйымдастырушыНаурызбай Марат Алтынбекұлы. Қызылорда, 2016 ж.
3. Меңліаяқ ақын мұрасы / Құрастырған Қ.Меңліаяқова. – Алматы: «Әуен», 2000 – 208 бет.
4. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Роман, қара сөздер, мақалалар, аудармалар. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008 Т.2. – 512 бет.
5. Түрік баласы. Қазақ тарихы. IV. «Қазақ», 1913, № 7. // Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының толық жинағы. III том. – “Сарыарқа” баспа үйі, Астана, 2009.
6. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Алматы: «Ел-шежіре», 2010. Т.10. – 400 б.
7. Бейсенбайұлы Жарылқап. Қазақ шежіресі (ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). – Алматы. «Ана тілі» апталығы – «Атамұра», 1994. 160 бет. Ататек кестелерімен.
8. Ыбырайым ахун Құлбайұлы. Алтынды орда қонған жер: Шежірелер, толғаулар, арнау өлеңдер. – Түзетіліп, толықтырылып, екінші басылуы. Алматы: «Жазушы», 2012. – 272 бет.
9. Меңілбаев Ғ.А.Қазақ халқының ежелгі ру-тайпалар мен жаппас тарихы. Ғылыми танымдық жинақ. Қызылорда, Қызылорда-Қанағаты, 2015 ж. – 256 бет.

БОСҚЫНДАР МӘРТЕБЕСІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Гимранова Сағыныш, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
тарих, экономика және құқық факультетінің II курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Габитова А.Г.,** магистр, М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетінің оқытушысы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Бірнеше ондаған жылдардан бері босқындар проблемасын қазіргі заманның маңызды проблемаларына жатқызады. Босқындардың жер ауыстыруының жағдайлары мен себептері әр түрлі. Кейбіреулері адамдардың өзара қатынасының шеңберінде қалыптасатын немесе соның нәтижесі болатын жағдайларға байланысты туындайды; келесілері, пайда болуы адамдарға тәуелсіз жағдайлармен шартталады, мысалы дүлей апаттармен. Босқындардың негізгі массасын, әрине, бірінші тектегі жағдайлар туғызады, атап айтқанда: қарулы қақтығыстар, нәсілдік және діни тіресулер.

Батыс зерттеушілерінің жұмысында халықаралық құқықтағы босқындар жағдайы мәртебе ретінде анықталады. Осы терминді кең мағынада қолдану мүмкіндігін ұйғара отырып, оны құқықтық біліктілік тұрғысынан қолданылуының негізделуіне шүбә келтіру керек.

Босқындар проблемасы көкейтесті проблемалардың бірі болып табылады, оның айналасында көптеген жылдардан бері мемлекеттердің саяси, экономикалық, ұлттық және басқа мүдделерімен байланысты шиеленіскен және сөнбейтін күрес жүруде. Босқындар проблемасын шеше отырып, құқықпен анықталған қорғау құралдарын орнықтыра отырып, мемлекет, бәрінен бұрын, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау қажеттігін жетешілікке алады.

Адам құқығын қадірлеу қағидасы халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Адам құқығы ол тұратын елдің заңдарымен қарастырылған экономикалық, саяси, әлеуметтік, азаматтық және мәдени құқықтарымен және бостандықтарымен анықталады. Бұл құқықтар мен еркіндіктердің сипаты оның көлемі сияқты сол мемлекеттің және оның заңдарының қоғамдық – саяси және әлеуметтік – экономикалық құрылысымен анықталады.

Босқындар сияқты мұндай категориядағы адамдардың болуы мемлекеттер үшін құқықтық салдар тудырып қана қоймай, сонымен қатар оларды қорғау бойынша құқық пен жауапкершілікті де қосады. Қазіргі кезде бұл міндет халықаралық қауымдастықтың өкілі болып табылатын босқындар істері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Жоғарғы Комиссары Басқармасына жүктелген (БЖКБ БҰҰ), бірақ мемлекет те босқындарды қорғау бойынша қызметті орындай алады, бұл барлық уақытта олардың материалдық мүдделерімен байланысты емес, әдетте, олар бұл проблемаға құлшына кіріспейді.

Босқындарға қатысты құқықтық нормаларды зерттей отырып, босқындарды қабылдаумен және кіргеннен соңғы оларға қалай қарайтынымен байланысты мемлекеттер міндеттемесіне ғана емес, сонымен қатар әрекеттері немесе керісінше әрекетсіздігі халықтың босуына әкелетін мемлекеттің потенциалды халықаралық-құқықтық жауапкершілігіне де көңіл аудару қажет. Мемлекеттің жауапкершілігі, өз кезегінде, оның территорияны және халықты бақылау фактісінен шығады. Жеке тұлғалар мен топтар, халықаралық мәні бар және өздері қоғамдық фактілермен немесе соған қатысымен байланысатын территорияда адам құқығын еркін жүзеге асыруға мүмкіндігі болуы қажет; өздігінен ақиқатты, мұндай жағдай сырттан тықпалау, күштеу кезінде емес, ал ұлттық демократиялық және өкілдік басқару, азаматтық қоғам мен құқықтық тәртіп басым болатын жерде барынша ықтималды болады.

«Босқын» ұғымының шекарасын анықтау ауыр жағдайға душар болған адамдардың қажетсінуін тез қамтамасыз етуге кедергі келтіретін казуистика мен семантикадағы лайықсыз жаттығу сияқты көрінеді. Соған қарамастан, мемлекет босқын мәртебесі мен

баспананы немесе сол жерде қорғануды кімнің қолдана алатынын айқындау кезінде барынша шектейтін критерийлерге көндіреді. Дүлей апат құрбандарына қатысты ерекше қажеттіліктің болу фактісі жеткілікті негіз бола алады, бірақ адамнан келген жағдайлар мен апаттар құрбандарына қатысты қосымша факторлардың болуы талап етіледі. Сонымен, босқындар категориясының кез – келген анықтамалары мен сипаттамаларын құрудың мақсаты — көмек пен қорғау көрсетуді жеңілдету мен негіздеу; одан өзге, егер тұлғаның жағдайы қажетті критерийлерге сәйкес келетін болса, онда оның сәйкес құқықтар мен жеңілдіктерге үміткер бола алатындығын куәландырады. Сондықтан, халықаралық құқыққа сәйкес босқындар категориясының сипаттамасын анықтай отырып, дәстүрлі бөлінетін қайнар көздерді – шарттар мен мемлекеттер тәжірибесін – талдау керек, сонымен қатар босқындар проблемаларын шешу үшін халықаралық қауымдастықпен құрылған әр түрлі ұйымдардың процедуралары мен тәжірибелеріне де көңіл аудару қажет.

«Босқын» ұғымының анықтамасы халықаралық құқықта екі негізгі құжаттарда бар: 1951 жылғы БҰҰ «Босқындар мәртебесі туралы»[8] конвенциясында және соның босқындар мәртебесіне қатысты 1967 жылғы Хаттамасында.

Бұл актілердің арасында бірнеше айырмашылықтар бар, жекелеп айтқанда, 1951 жылғы БҰҰ Конвенциясы уақыт бойынша және географиялық шектеулерді қарастырады, яғни ол Еуропада орналасқан елдерге қатысты қолданылады және 1951 жылдың 1 қаңтарына дейін өткен уақиғалар нәтижесінде босқынға айналғандарға қатысты болады. Ал 1967 жылдың Хаттамасына келетін болсақ, ол жоғарыда айтылған шектеулерді жояды және онсыз-ақ мемлекеттерге қатысты және нәтижесінде босқындар проблемасы пайда болған немесе пайда болатын кез – келген жағдайға, мейлі ол бұрын болсын немесе келешекте болатын болса да қолданылады.

«Босқындарға» анықтама беру әрекеті Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылмай тұрғанда да жасалынған, атап айтсақ, Ұлттар Лигасы қамқорлығымен жасалған шарттар мен келісімдер. Онда атаулы «топтық тәсілдеме» қолданылды. Бұл кездегі қажетті шарттар келесідей болды:

а) тұлға өзі туылған жерден тыста болуы керек

б) осы мемелекеттің қорғанысын пайдаланбауы керек

Мысалы, «орыс босқындары» 1926 жылы «Советтік Социалистік Одақтар Республикалары үкіметінің қорғанын пайдаланбайтын немесе енді пайдаланбайтын және басқадай азаматтық алмаған, орыс ата-текті кез-келген адам» ретінде анықталды. «Армян босқындары» ұғымының да мазмұны тура осыған ұқсас болды. Көрсетілген анықтамалар орыс және армян босқындарының жеке басының куәлігін беруге қатысты 1926 жылдың 12 мамырындағы Келісімде болды. Бұл жағдайда тұлғаның туған жерінен тыс жерде болуы тікелей талап етілген жоқ, бірақ ол ұйғарылған еді, өйткені келісімнің мақсаты жүруді және көшіп-қонуды қамтамасыз ету үшін жеке басының куәлігін беру болды. Егер жеке басының куәлігін алған адам өзінің ата-тегіне оралатын болса, онда Жеке басының куәлігі өзінің күшін жояды. Нәтижесінде мұндай тәсілдеме Германиядан қашқан адамдар туралы 1936 жылғы келісімдерде қолданылды.

Босқын мәртебесі халықаралық құқық тұрғысынан қарағанда, біржағынан мемлекеттер егемендігі қағидасымен және сонымен байланысты территориялық үстемдік пен дербес сақталу қағидаларымен, ал екінші жағынан – жалпы халықаралық құқықтан (Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттар мен қағидаларын қоса) және шарттардан шығатын бәсекелесті ізгілікті қағидалармен сипатталатын құқықтық кеңістікті алады.

Босқындардың халықаралық-құқықтық режимінің бекітілуі сөзсіз белгілі құқықтық салдарды туғызады, оның ішіндегі ең маңыздысы — мемлекеттердің тұрақты түрде non-refoulement қағидасын сақтау міндеті. Non-refoulement қағидасы бірде-бір босқынның оған қудалау мен азаптау қатері төнуі ықтималды елге қайта қайтарылмауы керектігін қарастырады. 1954 ж. non-refoulement қағидасы 27 мемлекет қатысқан ББҰ-ның

конференциясында қабылданған болатын. Қарастырылған қағида босқындарға да, сонымен қатар баспана іздеуші тұлғаларға да таралады. 1977 ж. БЖКБ атқарушы комитеті мүдделі тұлғалар босқын деп ресми түрде танылуы,танылмауына қарамастан қағиданың маңыздылығын мақұлдады. Non-refoulement қағидасы қуғындалу қаупі төніп тұрған кез келген тұлғаға тарайды немесе белгілі бір елге қайтарылатын тұлғаның сол елде азапталуы мүмкін деуге негіз болған жағдайда әрекет етеді.

Қарастырылып отырған қағиданың ережелері кейбір құқықтық қайшылықтар енгізді. Мысалы, 1951 ж. бірқатар мемлекеттер 33 бап (non-refoulement) экстрадиция (беріп жіберу) қағидасына зиян келтірмейді деп жорамалдады. Дегенмен, мемлекеттер тәжірибесі және пікірлердің кең шеңбері non-refoulement қағидасы қолайлы түрде босқынды экстрадициядан (беріп жіберуден) қорғайды деп болжайды.

Мемлекеттер non-refoulement қағидасымен байланысты болғанымен, олардың белгілі бір әрекет еркіндігі сақталады, мысалы, «ұзақ мерзімді баспана» беру немесе оның жүзеге асуы мен тоқтатылуының шарттарына қатысты. Дегенмен мемлекеттер — Конвенция мен Хаттаманың қатысушылары — босқындарды жер аударту ерекше проблемалар туғызатынын мойындады және 32 бапқа сәйкес «олардың территориясында заңды түрде тұрып жатқан босқындарды қайтармауға, бұл мемлекеттік қауіпсіздік пен жалпы тәртіпке қатысты болмаған жағдайда» міндеттенеді. Одан өзге, жер аудару туралы шешім сот тәртібімен шығарылуы тиіс және босқындарға шағынуға құқық берілуі керек, «тек қана, жер аударуға мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты жағдайлар мәжбүрлемесе». Сондай ақ, жер аудару туралы қаулы қабылданған босқындарға басқа елге заңды түрде ену үшін рұқсат алуға қажет жеткілікті мерзім берілуі керек, дегенмен мұндай өздері қажет деп табатын ішкі сипатқа ие шараларды қолдану мемлекет еркінде болады.

Тәжірибеде бұл қағиданы оның барлық міндеттілігіне және императивтілігіне қарамастан сыйлау оңай болмайды, өйткені қандай шешімді таңдауға еріксіз көндіретін саясат мүмкіндіктерінен ажырату қиын. Соңғысы саяси факторларға сөзсіз тәуелді, оның ішінде адамдарды қашуға мәжбүр ететін жағдайларға да; дегенмен шешім қанағаттанарлықтай болуы үшін қандай да бір мемлекетпен байланысы бар адамның тілегіне толығымен көңіл аудармауға болмайды.

Мемлекет босқын мәртебесінің берілу салдарының бірімен байланысты (non-refoulement қағидасымен), бірақ баспана беру туралы шешім олардың қарауына қалдырылады. Мемлекеттің міндеттемесі мен қарау еркіндігі арасындағы аралықта босқындар құқықтық анықсыздық аймағына түсіп қалуы мүмкін, ол жерде олардың құқықтық және әкімшілік қауіпсіздіктері әр түрлі болады. Тәжірибеде көптеген мемлекеттер босқын мәртебесін берумен байланысты процедуралар бітпейінше баспана іздеуші тұлғалардың болуына рұқсат береді немесе шыдайды. Келесі елдер оларға үшінші елге баруға ұсыныс жасай алатынына қарамастан шешім қабылданғанға дейін тұруға рұқсат береді. Уақытша тұру әр түрлі жағдайлардағы сияқты басқа елдерге орын ауыстыруды күтетін баспана іздеушілерге де рұқсат етіледі.

Тәжірибеде көптеген елдерде босқын мәртебесін ресми таныған кейін оған заңды түрде тұруға рұқсат нысанында баспана беріледі. Кейде баспана заңмен немесе әкімшілік тәжірибемен бекітілген құқық негізінде беріледі. Қазақстан Республикасында, мысалға, көші-қон және демография бойынша Агенттікпен, облыстардың, қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының, аудандардың және қала ішіндегі аудандардың ішкі істер бөлімдері мен басқармаларымен берілген саяси баспана беру туралы куәлік негізінде ықтиярхат рәсімделеді.

Басқа жағдайларда босқын деп танылған тұлғаларға ашық немесе жасырын түрде басқа елге бару ұсынылады. Тұрғылықты тұруға рұқсат нысанында баспана берілгеннен соң, адамға қараудың стандарттары ұлттық құқықтағы халықаралық шарттардың әрекет ету сипатына және егер бар болса, олардың инкорпорациясы туралы заңнаманың ережесіне тәуелді болады.

Енді, шығарып жіберуден қорғау, беру және мәжбүрлі қайтару заңмен жанама (мысалы, депортация туралы шешімге шағымды қарайтын аппелляциялық соттардың істің барлық жағдайын ескеруге өкілетті болған жағдайда) немесе тікелей (жер аудару және баруы керек ел үшін ұйғарымды негіздер шеңбері айқын шектеулі болғанда) қамтамасыз етіле алады.

Босқынның мәртебесінің ресми бекітілуі анықталған тұлғаның немесе топтың жағдайы сәйкес құқықтық критерийлерді қанағаттандыратыны туралы қандай да бір органмен бекітілуіне әкеп соғатын құқықтық салдарларға әкеледі. Тұлға оның жағдайы анықтамаға сәйкес келсе, босқын деп танылады, сондықтан босқын мәртебесінің бекітілуі адамды босқын етпейді, тек қана оны босқын деп жариялайды, дегенмен, егер мемлекет босқын мәртебесін бекітуден бас тартса немесе мемлекет пен БЖКБ оны әртүрлі анықтаса, онда проблемалар пайда болады.

Жалпы ережелер бойынша, тұлға босқын деп танылады, егер ол 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенцияда тұжырымдалған критерийлерді қанағаттандыратын болса. «Босқын» ұғымын және босқын деп есептелуге құқықты тұлғалар категориясын анықтайтын конвенция ережелерін үш бөлімге бөлуге болады. Бірінші бөлімде босқын деп танылуы үшін тұлға қанағаттандыруы қажет критерийлер анықталады. Екінші бөлімінде босқынның босқын ретінде танылуын болдырмайтын жағдайлар келтірілген. Үшінші бөлімінде ол бірінші бөлімдегі критерийлерді қанағаттандыратын болса да, тұлға конвенция әрекетінен шығарылатын себептер көрсетіледі.

Дегенмен, 1951 ж. Конвенцияда босқын мәртебесін анықтау тәртібі туралы ешнәрсе айтылмайды. Сондықтан босқындар мәртебесін беру туралы өтінішті бағалауға (осы ұғымның анықталу күшіне қарай) субъективті және объективті факторлар кешені ықпал етеді, ал мұндай бағалаудың міндеті — халықаралық құжатты тереңдетілген ізгілікті мақсатта талдау — кейбір негізін қалаушы ережелерді сақтаумен түсіндіріледі.

Босқындардың мәртебесін тану процедурасы олардың өз мүддесінен шыға отырып және осы саладағы халықаралық – құқықтық заң шығарушылық қызмет процесінде әзірленген ережелерді ескере отырып мемлекеттермен анықталады. Мысалы, Германияның босқындар мәртебесін анықтау және тану мәселелерімен айналысатын әкімшілік соттарының тәжірибесінде тұлғалардың қауіптенуі негізді деп есептелген кездегі жағдайларды классификациялау кең тараған. Келесі қауіптенулер негізделген деп танылады:

1) олардың азаматтығы бар елде, «саяси сенімсіз» деп қаралатын тұлғалар;

2) олардың азаматтығы бар елдегі режимге белсенді оппозицияда болатын тұлғалар;

3) шетелде жүрген уақытында өз елінің үкіметіне ашық түрде қарсы шыққан тұлғалар;

4) тегі оларды қудалауға әсер ететін тұлғалар;

5) шетелде жүрген кездегі ой-көңіл күйі олардың азаматтығы бар ел үкіметінің наразылығын тудыратын тұлғалар;

6) олардың азаматтығы бар елдегі жағдайларға байланысты қудалауға ұшыраған тұлғалар.

«Объективті критерийлерді» басшылыққа ала отырып, босқындар режимін тану мақсатында немесе оларды қандай да бір түрде сыныптау үшін негізді деп қарастырылатын қауіптенулердің толық тізімін жасау маңызды әрекет деп атау екіталай. Мұндай әрекеттердің сәтсіздігі босқындар проблемаларының пайда болуымен байланысты қандай да бір жағдайларды бағалау процесінде объективтік элементтердің болмауына байланысты.

«Қудалау» термині «босқындар» ұғымының анықтамасының бір бөлігі ретінде алғаш рет Босқындар істері бойынша Халықаралық Ұйымның жарғысына енгізілді. Жарғының I қосымшасының «С» бөлімінде тұлғалардың азаматтық еліне немесе кәдімгі мекен-жайына қайта оралуына қарсы салмақты қарсылық болып «нәсіліне, дініне, ұлтына немесе саяси көзқарасына байланысты қудалау немесе қудалауға негізделген қауіптілік» табылады.

1948 жылы «қудалау» термині Адам құқығы туралы жалпыға бірдей Декларациясына енгізілді. Декларацияның 14 бабында «басқа елдерде қуғындалудан баспана іздеу және сол баспананы пайдалану» құқығы туралы айтылды және сол бапта баспанаға құқық қандай

жағдайда қолданылмайтындығы көрсетілген: «Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына қарсы келетін әрекеттер немесе саяси емес қылмысты жасағанға негізделген қудалау жағдайларында».

1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенцияда «қудалау» терминіне түсініктеме берілмеген. Оған түсініктеме берудің бір нұсқасы ретінде осы конвенцияның 33 бабына сілтеме жасауға болады, онда босқындарды «олардың нәсіліне, дініне, азаматтығына, белгілі бір әлеуметтік топқа қатысына немесе саяси көзқарасына байланысты өмірі мен еркіндігіне қауіп төнетін елге» мәжбүрлі түрде қайтаруға және жер аудартуға тыйым салынады.

Бұл мәселе 1957 жылғы 13 желтоқсандағы «Қылмыскерлерді беру туралы» Конвенцияда көрініс тапты[9], ол саяси қылмыспен байланысты қылмыс жасаған немесе саяси қылмыс жасағаны үшін беруден бас тартуды қарастырады.

1951 ж. Конвенция босқынның қудалаудан қауіптенуін немесе қудалаудың шынымен болуын талап етпейді. Қауіптену адамның кәдімгідей шетелде болуы кезінде қалыптасқан жағдайлармен тууы мүмкін (мысалы, студент, дипломат ретінде немесе демалыста), ал «толық негізделген» деген анықтама өткен шақтан гөрі келешекке қатысты. Сонымен, субъективті және объективті факторлар ұштасады. Қауіптену босқын анықтамасының ең болмағанда субъективті факторларда шоғырлануын бейнелейді. Қауіптенуді ұлғайтуға немесе азайтуға болады, бірақ олар орынды болып қалады. Дегенмен анықтамалардан, тәжірибеден және түсіндірмелерден іс жүзінде тәуекелді бағалауға бағытталған мәртебені анықтауда субъективті элемент қандай рөл атқаратыны тіпті айқын емес. Егер өтініш білдірушінің оның қауіптенуі туралы әңгімесі бірізді және сенімді болса, онда жаңа ресми дәлелдерді талап етудің қажеті болмас. Бұл жерде, субъективті қауіптенуге дәлел емес, адамның өмірінің, көзқарасы мен міндеттерін қоса, субъективті аспектілеріне дәлел керек шығар. Олар адам өмірінің әлеуметтік және саяси жағдайын айқындауға көмектесіп қана қоймай, екіжақты сұрақты шешуге көмектеседі: жеке өтініш білдірушіге сенім туралы және шын мәніндегі орынды қауіптену туралы. Өйткені мәселенің түйіні, «субъективті» қауіптену толық негізделген болып табылуында; өтініш білдірушінің қудалаудың үлкен қаупімен кезіккендігі фактісін анықтау үшін фактілер жеткілікті ме.

Істің жағдайын дәлелдеу ауыртпалығы өтініш берушіге жүктеледі, бірақ адамның қашу кезінде басынан кешкен оқиғалары мен психикалық жарақаттары өтініш білдірушінің хабарлаған мәліметтерінің сәйкес фактілері мен сенімділігін тексеруші және бағалаушы кез-келген адам үшін сәйкес міндеттеме туғызады. Босқындарға «қорғау» беру — Конвенция мақсаттарының бірі болғандықтан, критерийлердің либералдық түсіндірмелері қажет. Қудалау алдындағы қорқыныш үрейдің негізділігі немесе негізсіздігі туралы шешім — бұл іс мәніне қарай, егер оны шыққан еліне қайта қайтарса, өтініш білдірушімен келешекте не болуы мүмкін екендігі жайлы гипотеза тұрғызу. Сондықтан дәлелдемелердің дұрыс стандартын қолдану кезінде ерекше абай болу қажет.

Босқындарды құқықтық қорғау туралы халықаралық нормаларды қолдану үшін мемлекеттер оларды бекітулері қажет. Кейбір мемлекеттерде бекіту актісінің өзі шарттың ұлттық деңгейдегі әрекет ететінін көрсетеді, осыдан заңды мәртебеге немесе қандай да бір жеңілдікке қол жеткізгісі келген босқын оған құқықтық норма ретінде сілтеме жасай алады. Дегенмен мұндай елдерде де, әсіресе, процедура мәселелерінде шартты мемлекет ішіндегі құқыққа инкорпорациялау бойынша нақты шаралар талап етілуі мүмкін. Басқа мемлекеттерде, оның ішінде жалпы құқықтық жүйедегі көптеген елдерде босқын мәртебесі ұғымы құқықтық мазмұнға ие болуы үшін олардың құқықтық жағдайының стандарттарын

заң бойынша қорғау мақсатында және атқарушы биліктің қарауына тәуелді болмауы үшін міндетті түрде арнайы заң талап етіледі.

Босқындарды қорғауға (тікелей немесе жанама) аймақтық ұйымдар да әсер етеді, мысалы, Африка бірлігі ұйымы, Американдық мемлекеттер ұйымы (АМҰ) және Еуропа Кеңесі. Бұл ұйымдар, атап айтқанда, Африкадағы босқындар проблемасының нақты аспектілерін құрайтын 1969 ж. ОАЕ Конвенциясы, Адам құқығы туралы 1969 ж. Американдық конвенция, Адам құқығы туралы 1950 ж. Еуропалық конвенция, Босқындар үшін визаны алып тастау туралы 1959 ж. Еуропалық келісім, Әлеуметтік қамсыздандыру туралы 1994 ж. Еуропалық келісім, Босқындарды қорғау туралы Хаттамасы бар консулдық қызмет туралы 1967 ж. Еуропалық келісім және Босқындар үшін жауапкершілікті беру туралы Еуропалық келісім сияқты құжаттарды жасады.

Көші-қон және босқындарды қорғау мәселелеріндегі ұйымаралық және мемлекетаралық ынтымақтастықтың қажеттігі көптеген форумдарда мейлінше жиі мойындалуда, оның ішінде Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық бойынша Ұйымда (бұрынғы — Мәжіліс). ОБСЕ процедуралары халықаралық шартқа тән қатаң нормативті сипатта болмағанымен, ынтымақтастық туралы мәселе әрбір кездесудің көңіл аудартатын мәселесі болып табылады және де ол барған сайын егжей-тегжейлі қарастырылады. 1986-1987 жж. Венадағы кездесуде СБСЕ қатысушы – мемлекеттері сұрақтар кешенін талқылады, олар: кез – келген елді тастап кету, өзінің елін де және оған қайта оралу, сонымен қатар босқындардың репатриацияға құқығы.

Босқындар мәселелерін шешуге үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) да қатысады. Жүздеген ұлттық және халықаралық ҮЕҰ босқындар мен баспана іздеуші тұлғаларға көмек көрсетуге және олардың бүкіл дүниежүзі бойынша қорғалуына ат салысуда. Олардың арасындағы ең белгілі ҮЕҰ:

- «Шекарасыз дәрігерлер» ұйымы, шұғыл жасалған лагерьлер мен мекендердегі босқындардың денсаулығын қорғау бойынша медициналық көмек пен қызмет көрсетуге арналған;
- «Босқындар істері бойынша АҚШ Комитеті», ол көңіл аударуды қажет ететін проблемалары бар жерге тұрақты түрде барып тұрады және проблемалар мен жағдайлар туралы құжаттарды жариялайды;
- 1973 ж. құрылған «Босқындар істері және мәжбүрлі эмигранттар бойынша Еуропалық кеңес» — босқындар мәселелерімен және баспана құқығымен айналысатын 60-тан аса еуропалық ҮЕҰ ынтымақтасуына арналған форум;
- әр түрлі «босқындар істері бойынша кеңестер» — Нидерландыда, Ұлыбританияда және басқа еуропалық елдерде, олар заңгерлік және басқа кеңестер береді немесе босқындарға және баспана іздеуші тұлғаларға қатысты ұлттық саясатқа ықпал етуге тырысады; құқық қорғаушы ұйымдар, олардың босқындар мен құдаланушыларға қатысты баяндамаларды ұсыну, бақылау бойынша қызметі олардың мандатының логикалық жалғасы болып табылады.

Босқындар істері бойынша қызметтің (мысалы, көшіп-қону мәселелерін регламенттеу тәжірибесі көрсеткендей) әр көпбағыттағы салалық өзіне тән ерекшеліктері бар. Мысалы, босқындарды қорғау мен «ар тұтқындарын», яғни «олардың күш қолданбағанын ескере отырып саяси, діни немесе басқа ойлы сенімдерінің немесе олардың этникалық тегі, жынысы, терісінің түсіне немесе тіліне қарай түрмеге қамалған, ұсталған немесе басқа шектеулерге ұшыраған» ерлер мен әйелдерді қорғауға қатысты Халықаралық амнистияның жарғылық қызметі бірін бірі толықтыратыны айқын.

Сонымен, босқындар мәселесі бүгінгі күнде ерекше маңызға ие мәселелердің бірі. Соңғы уақыттарда таралған, ең алдымен, терроризм актілерімен, аймақтық соғыстармен байланысты адамдар үшін қауіпті қатер, сөзсіз, қақтығыстар пайда болған жерлерден қашқан босқындар ағыны болатын жағдай туғызады. Олардың ішінде, барынша айқын мысал ретінде бола алатын, Америкадағы террористік актілер, оның жауабы ретіндегі Ауғанстандағы әскери әрекеттер, соның нәтижесінде Ауғанстаннан қашқан босқындардың өте үлкен

армиясы пайда болды (2001 – 2002 ж.ж); Израильдің Палестинаға қарсы әскери әрекеті, оның нәтижесінде палестиндік босқындардың ағыны күннен – күнге артуда (2002 ж.) және т.б.

Сонымен қатар, босқындар табиғи катаклизмалар, саяси соқтығыстар және көптеген басқа себептер нәтижесінде пайда болады. Көрсетілген кез-келген жағдайларда адамдар олардың құқықтары мен бостандықтары бұзылған, өмірі мен денсаулығына қатер төнетін жерлерден қашады.

Соған қарамастан, босқындар жағдайын реттеуші халықаралық құқық нормалары әлі де құқықтық қорғау жүйесі ретінде толық қалыптаспаған. Өйткені, төтенше деп есептелетін жағдайларға қажет реттеуді қамтамасыз ете алмайды. Белгілі шамада олар жәбірленуші тұлғалардың жағдайын жеңілдетеді, бірақ олар ақырына жеткізілген болып табылмайды, өйткені босқындар мен баспана іздеушілерге әлі де болса уақытша баспана немесе уақытша қорғау беруден, өзінің үйлеріне қауіпсіз қайтуды қамтамасыз етуден немесе өтемақы төлеуден бас тартылуы мүмкін.

1) Жүргізілген талдаулар негізінде бүгінгі таңда босқындарға қатысты қолданылатын негізгі дайындалған ережелер келесілер болып табылатынын айтуға болады:

- еркіндік пен жеке қауіпсіздікті шектеуге тыйым салу;
- босқындарды олардың өмірі мен еркіндігіне қатер төнетін елге немесе территорияға қайта оралуының алдын алу;
- босқын мәртебесін анықтау процедурасына қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- баспана беруді қамтамасыз ету;
- жер аударуды болдырмау;
- қамаудан босату;
- жеке басының куәлігі мен жүру құжаттарын беру;
- өз еркімен еліне қайтаруға ықпал ету;
- жанұялардың қосылуына ықпал ету;
- оқу орындарында оқу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- еңбекке құқықты және басқа да экономикалық және әлеуметтік құқықтарды қолдануын қамтамасыз етеді;

2) Көрсетілген ережелердің көбісі бірінші дәрежелі маңызы бар ережелер болып есептеледі, ал non-refoulement қағидасы тұрақты шешімдер іздеудің ең маңызды бастапқы нүктесі қызметін атқарады. Дегенмен, босқындарға қатысты қабылданатын шаралар және олар өмір сүретін жағдайлар жеке бастың қауіпсіздігі, отбасылардың қосылуы, шешімдерге жету үшін салынатын халықаралық күшке және көмек қойылатын талаптарға үлкен мән береді.

3) Халықаралық құқық тұрғысынан қарағанда босқындарға қараудың дәл стандарты олар тұрған мемлекет Конвенция мен Хаттаманы немесе басқа сәйкес шарттарды бекіткеніне тәуелді ерекшеленеді. Ол босқын ұғымы терминіне кең немесе тар мән берілуіне байланысты болады, тұлғаның ресми түрде босқын деп танылуы және мемлекет территориясында заңды тұруы да осыған байланысты.

4) Босқын мәртебесін анықтаудың ресми процедурасы айтарлықтай дәрежеде 1951 жылғы Конвенция мен 1967 жылғы Хаттаманың жүзеге асырылуы мен қолданылуының тиімділігін қамтамасыз етеді, сондықтан Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңындағы процедураның бекітілуі босқындар сияқты құбылыспен күресте мемлекет саясатын анықтайтын маңызды кезең болып табылады.

5) Қазақстан Республикасында босқындардың саяси – құқықтық мәртебесі арнайы заңда бекітілмеген, бұл әрине өз кезегінде ағаттық болып табылады. Бұл жағдайға қатысты Ресей Федерациясын мысалға келтіруге болады, онда босқындардың құқықтық қатынастары жеке салалық заңдық актіде бекітілген. Біздің республикамызда ондай заң жоқ және босқындардың құқықтық мәртебесі заңдардың толық бір блогімен реттеледі. Ең алдымен,

бұл ҚР «Халықтың көші – қоны туралы» заңы, одан соң әр түрлі үкімет қаулылары, ведомстволық ережелер, нұсқаулар және т.б.

Осыған қарамастан, Қазақстан зерттелінген салада екіжақты және көпжақты келісімдерге келе отырып, өзінің бейбітшілікке ұмтылатын бағдарламаларын жүзеге асыруда. Осыған байланысты көптеген елдермен салыстырғанда, Қазақстанның босқындардың жағдайын құқықтық реттеу саласындағы қатынастары тұрақты болып қалатынын атап айту керек. Мысалы, атап айтқанда, АҚШ президенті Д.Буштың өкіміне сәйкес, 2006 жылы Құрама Штаттар 70 мыңнан артпайтын саяси босқындарды қабылдайды, деп хабарлайды Қазақпарат. Бұл құдалауға ұшыраған немесе АҚШ-та тұратын өзінің жақын туыстарымен қауышқан адамдар. Квота 10 мыңға азайтылды, бұл иммигранттарды (көшіп келушілерді) қабылдауды шектеудің жалпы онжылдық беталысын көрсетеді. Р. Рейганның кезінде квота 200 мыңды құрады. Бұрынғы Кеңестік Одақ елдерінің ішінен келесі жылы босқындар мәртебесін 17 мың адам ала алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Босқындардың мәртебесі туралы Конвенция (Женева, 28 шілде 1951 ж.). Қазақстан Республикасы аталған Конвенцияға 15 желтоқсан 1998 жылғы Заңға сәйкес қосылды.
2. Геноцидтік қылмыстың алдын алу және сол үшін жаза туралы Конвенция (9 желтоқсан 1948 ж.) «Геноцидтік қылмыстың алдын алу және сол үшін жаза туралы Конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» ҚР Заңы 29 маусым 1998 жыл №244-1
3. Апартеидтің алдын алу және сол үшін жаза туралы Конвенция (30 қазан 1973 ж.).
4. Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы БҰҰ Конвенциясы. 21 қараша 1947 ж.
5. Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық Конвенция (Нью-Йорк, 7 наурыз 1966 ж.).
6. Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенция (Рим, 4 қараша 1950 ж.) (өзг. мен тол. 21 қыркүйек 1970 ж., 20 желтоқсан 1971 ж., 1 қаңтар 1990 ж., 6 қараша 1990 ж., 25 наурыз 1992 ж., 11 мамыр 1994 ж.)
7. 1949 жылғы Әрекет етуші әскердегі жараланғандар мен аурулардың жағдайын жеңілдету туралы Женева Конвенциясы .
8. 1949 жылғы Қарулы күштер құрамына кіретін жараланғандардың, аурулардың және теңізде кемелері қирағандардаң жағдайын жеңілдету туралы Женева Конвенциясы .
9. 1949 жылғы Әскери тұтқындарға қарау туралы Женева Конвенциясы.
10. 1949 жылғы Соғыс уақытында азаматтық халықты қорғау туралы Женева Конвенциясы
11. ETS №024 беру туралы Европалық Конвенция (Париж, 13 желтоқсан 1957 ж.)
12. Босқындар мәртебесіне қатысты Хаттама (31 қаңтар 1967 ж.) Қазақстан Республикасы аталған Хаттамаға 15 желтоқсан 1998 жылғы ҚР заңына сәйкес қосылды
13. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы (Сан-Франциско, 26 маусым 1945 ж.).
14. Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері бойынша Жоғарғы Комиссары Басқармасының Жарғысы (14 желтоқсан 1950 ж.).
15. Босқындар істері бойынша Халықаралық Ұйымның Жарғысы, I қосымша,II бөлім.
16. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының Жарғысы (Конституциясы) (Нью-Йорк, 22 маусым 1946 ж.)
17. Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің Жарғысы 24 маусым 1998ж.

АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЕҢІСІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ғұбай Айдана, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
тарих, экономика және құқық факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекші - **Байбулсинова А.С.,** тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Көп ұлтты кеңес халқы үшін ауыр сын болған Ұлы Отан соғысы туралы көптеген сүбелі еңбектер жазылды.Бірақ арада жылдар өтті,айтылды не жазылды екен деп тарихымызды,әкелеріміз бен аналарымыздың ұлы ерлігін ұмытуға хақымыз жоқ.

Қаһарлы жылдардың бұрын-соңды болмаған асқан қиындығы,халқымыздың майдандағы,тарихта теңдесі жоқ ерлігі,тылдың майданға көмегі,елде қалған кәрі мен жастың ерлік қимылы ,жанқиярлығы,әкені баладан,аруды жардан айырған бұл сұрапыл соғыс туралы әлі де жазылары сөзсіз.Ақжайық ауданы Батыс Қазақстан облысының орталық бөлігін алып жатыр.1941 жылдың 1 қаңтарында қазіргі Ақжайық ауданының аумағындағы халық саны 59,4 мыңнан астам болды. Халықаралық жағдайдың барынша шиеленісе түсуіне байланысты бірнеше ауылдық Кеңестерге бөлінген осы Чапаев және Тайпақ аудандары тұрғындарының ,ауылшаруашылық құрылымдары мен мемлекеттік мекемелерінің ,өзге де еңбек ұжымдарының алдына бүкіл елдегідей аса күрделі міндеттер жүктелді.Алдымен жергілікті басқару органдары қажет болғанда жаппай әскери мобилизациялау жұмысын шұғыл жүргізу мүмкіндігі реттелді.Оның заңнамалық негізі 1936 ж .қабылданған Одақтық жаңа Конституция және 1939 ж.1 қыркүйекте жарияланған жалпыға бірдей міндетті әскери қызмет туралы заң болатын.Конституцияда «Военная служба-почетная обязанность всех граждан СССР» деп көрсетілді.Аудандық әскери комиссариаттар тарапынан Қызыл Әскер қатарына шақырылуға жататын азаматтардың есебін алу, оларды тұрғылықты жерде әскери қызметке қысқа мерзімде даярлау және жөнелту жүзеге асырылды.1938ж.Ілбішін (Чапаев)ауданынан 138,Тайпақ ауданынан 52 адам Қызыл Әскер қатарына шақырылған.

Жергілікті партия ұйымдарынан әскерге сауатты саяси жетекші офицерлер іріктелді.Ауыл жастарын әскери қызметке баулу,мектептердегі әскери даярлық ісіне жете мән беру аудандық халық ағарту бөлімдерінің ерекше назарына алынды. Осы мақсатта аудан орталығында 2 орта мектепке әскери жетекшілер (қазіргі бастауыш әскери дайындық пәні мұғалімі) алған 1938 жылы 21 маусымда тағайындалған.

30.11.1939ж-13.03.1940ж аралығында Совет Одағы Финляндиямен соғыс жағдайында болды.Бұл оқиғаға байланысты аудан аумағында жаппай әскерге шақыру болмағанымен ,мерзімді әскери қызметте болып Совет-Фин соғысына қатысқан ақжайықтық жауынгерлердің аз болмағаны белгілі.

1941 ж.22 маусымда фашистік Германия Совет Одағына опасыздықпен шабуыл жасады.Аудандық партия ,Кеңес органдары ,әскери комиссариаттар алдын-ала жасалған нақты іс-қимыл жоспары бойынша Қарулы Күштер қатарына азаматтарды жаппай мобилизациялауға дереу кірісті. Осы аталған мекемелерде аудан жастарынан ,Азамат соғысына ,Совет –Фин соғысына ,Халхин-Гол қақтығысына қатысушылардан майданға сұранған жүздеген өтініш-хаттар түсіп жатты.Облыстық партия комитетінің нұсқауы бойынша аудан аумағында әуе шабуылынан қорғаныс шаралары ,облыстық партия комитетімен тікелей байланыс желісін орнату ,командалық құрамының және әскери комисариаттардың тәулікбойғв жұмыс режиміне көшуі ,елдімекендердегі жарық көздерін алғашқыда жартылай,кейін толық бүркемелек т.б.жүзеге асырылды.Аудандық халық ағарту бөлімінің арнайы бұйрығымен Чапаев селосында санпостылар ұйымдастырылды.Ондағы тәуліктік кезекшілік аудан орталығы мұғалімдеріне ,мектеп директорларына жүктелді.Соғыс жағдайына қатысты осы аталған және басқа да маңызды шаралардың орындалуын бақылап отыру үшін ауданда Төтенше комиссия құрылып жұмыс жасады. Майдан шебінен шалғай

Ақжайық өңірі тұрғындары әуе шабуылынан қорғауға бағытталған бұл шаралардың маңыздылығы Жәнібек ,Орда аудандарын жау ұшақтарының бомбалауы жиілегенде түсінікті болды.

СССР Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті 1941 ж.17 қыркүйекте 16-50 жас аралығындағы ерлерді 1 қазаннан міндетті әскери оқуға тарту туралы қаулы қабылданды. Аудандық Кеңес және Төтенше комиссия бұл қаулыны аудан аумағында жүзеге асыруды халық ағарту бөліміне міндеттеді. Ересектер және 1926-1927 жылдары дүниеге келген ұл балаларды 20 наурыз -10-сәуір аралығында арнайы әскери жаттығу пункттерінде (ВУП) оқыту басталды.Мұндай жаттығу пункттері алғаш Горячкин ,Жасқайрат,Калинин атындағы колхоздарда (Киров,Бидайық ауылдық Кеңестері) ұйымдастырылған.ВУП-тардағы оқыту бағдарламаларында болашақ қызыләскерлердің орыс тілін меңгеруіне ерекше маңыз берілді. Отан соғысы басталған алғашқы күннен майдан мен тылдың біртұтастығы қозғалысы ұйымдастырылды.Ақжайық өңірінде оның мынандай негізгі бағыттары жүзеге асырылды.

1.Майдандағы жағдайдан елді хабардар ету.1941 жылдың 22-24 маусымында қазіргі Ақжайық ауданы аумағындағы барлық колхоздар мен совхоздарда, МТС-тарда 10800 адамның қатысуымен жиналыстар,митингілер өтті.Шілде –тамыз айларында еңбек ұжымдарында 230 лекция,17 баяндама оқылды.14 мыңнан астам адам Отан қорғау тақырыбына әңгіме ,пікірлесу сияқты шаралармен қамтылды.Оған барлық деңгейдегі партия,Кеңес органдарының жауапты қызметкерлері халықпен кездесуге,бұқаралық саяси үгіт-түсінік жұмысына қабілетті аудан активі,мектеп басшылары мен мұғалімдер жұмылдырылған.

Аудандық газеттердің бетінде майдандағы қалыптасқан жағдай,тылдағы жанқиярлық еңбек,Отан қорғау тақырыптарына мақалалар көптеп жарияланды.

2.Бүкілхалықтық қорғаныс қорын құру.1941 жылғы 22-30 маусымда жергілікті Кеңестерде тұрғындардан жүздеген хаттар түсті.Онда олар өздерінің жеке қаржы қорларынан майданға көмек беру ниеттерін білдірді.Талпындық 100 колхозшының 50 мың сом колма-қол ақша жинап тапсырған бастамасы ,бүкіл Жайық өңіріне арналған үндейі ,Тамбов колхозшыларының патриоттық қадамы аудан еңбекшілері тарапынан қолдау тапты.Жамбыл ауылдық Кеңесінің тұрғындары «Қазақстан колхозшылары» атты танк колоннасы мен әскери ұшақтар эскадрилиясын жасақтауға 387357 сом қаржы тапсырды. «Путь к коммунизму» колхозының мүшесі Әжікен Шүйінішәлиев 80000 сом қаржы аударды.Тек 1941 жылдың 30 желтоқсанына дейін 197 колхозшы Отан қорғау қорына 135930 сом қаражат бөлді.Оның 44295 сомы-қолма-қол ақша.

Қырқыншы жылдардағы аудандық газеттердің сарғайған беттерінен аудан еңбекшілерінің шынайы патриотизмін бейнелейтін мына мақалаларды оқуға болады:

Жеңіс үшін бәрін аямайды

Мерген Советіне қарасты «Советская степь» колхозының колхозшылары «Батыс Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын құрауға өз еңбегімен тапқан қаржыларын беріп жатыр.... алғашқы күндері –ақ колхозшылар 111,6 мың сом ақша,10 қой, 11 центнер астық берді.Бронді қамал қорына қаржы жинаудың саяси маңызын,еліміздің патриоттары өз еңбегімен жинаған қаржыларын мол беріп жатқанын және Сталин жолдастың оларға арнаған телеграммаларын колхоз үгітшіс ,партия мүшесі Чербатов,бастауыш партия ұйымының секретарі Монин жолдастар жақсы түсіндіруде.Қаржы жинауға арналған митингілерден колхозшылар қаржыларын аяған жоқ.Колхоздың шопандары Жиенғали Шінікеев 5 мың сом,Дініш Қоспаев 8 мың сом,екі баласы армиядағы жасы 58-дегі Жақау Қоспаев 30 мың сом ,колхоздың есепшісі Болдыреев 3 мың сом ақша мен 1 семіз қой және 12 пұт астық берді.Митингідегі сөзінде –колхозшы жолдастар,-деді Жақау Қоспаев –біз қазір Қызыл Армияның алға басуын естіп қуаныштымыз.Менің екі балам бірдей Отан қорғауда жүр.Келіңдер.Бәріміз де Қызыл Армиямен бірге жауға қарсы шабуылға шығайық.Біз өз еңбегімізбен тапқан қаржымен қанқұйлы жауға соққы бере аламыз....[1]

Ақжайық ауданының құрамына 18 әкімшілік-аумақтық бөлініс-Ақжол,Ақсуат,Алмалы,Базартөбе,Базаршолан,Бударин,Есенсай,,Жайық,Жаңабұлақ,Қабырша

қты, Қарауылтөбе,Куралысай,Мерген,Сарытоғай,ТайпақЧапаев ауылдық округтері кіреді. Туған жер-адам баласының кіндік қаны тамған,жанына,журегіне жақын,қимас сезімге бөлейтін алтын ұясы. Әркімге өз ауылы,туған жері мақтан.Дегенмен, менің кіндік қаным тамған өлкемді атағанда елең етіп,мойын бұрмайтын адам кемде-кем.Сондықтан да Ақжайық ауданына қарасты Мерген ауылымның Ұлы Отан соғысы Жеңісіне қосқан үлесі туралы айтқым келеді.Тарихи деректерге сүйенсек Мерген ауылында ежелгі сақтар өмір сүрген ,кейін келе қыпшақтар XVII ғасырдың бірінші жартысына дейін Алтын Орданың қарамағында болып соңында қалмақтар,кейін қазақ ноғайлар мекендеген.XVIII ғасырдың 40-шы жылдарында ,яғни 1739-1742 жылдардың аралығында Орынбор комиссиясының бастығы, кейін Орынбор губернаторы болған Неплюев Иван Ивановичтің нұсқауымен шекаралық бекініс ретінде Мерген форпостысы салынған.Бекіністі салудағы мақсаты-біртіндеп қазақ даласын зерттей отырып,өзінің отарлық саясатын ішке қарай енгізе түсу болды.Паллас Петр Симон жаратылыстануды зерттеуші географ және саяхатшы 1768 жылдары Мерген поселкісіне келген [2].

Ақжайық ауданындағы елдімекен, Мерген ауылдық округінің орталығы.Аудан орталығынан оңтүстік-шығысқа қарай 31км.,Жайық өзенінің оң жағасында орналасқан.Ауылдың солтүстік батысы Жайық өзенінің тік жарқабақты,солтүстігі-жайылмалы,ал солтүстік шығысы –тоғайлы,шалғынды болып,оңтүстік пен батысы шөлейтті жусанды далаға ұласады.Географиялық жағынан өте қолайлы орналасқан.Ауыл іргесінен Атырау,Орал тас жолы,мұнай ,газ құбырлары жоғарғы кернеулі электр жүйесі өтеді.Топырағы құнарлы өзен шөгіндісінен тұрады. Жергілікті тұрғындары бау бақшамен айналысады.Тұрғыны -1770 адам.Кеңес үкіметі орнағанға дейін мұнда Жайық казактарының шағын әскери бекінісі болды. 1919 жылы Кеңес үкіметі орнады.1963 жылы шағын колхоздардың ізінде Куйбышев атындағы совхоз құрылды.Шаруашылықты жетпісінші жылдары басқарған Бизьянов Евгений Константинович пен Есенғалиев Телжанның кезінде Мерген ауылында тұрғын үй құрылысы,сексенінші жылдары Өмірзақов Мәрленнің басшылығымен жаңа үлгідегі мектеп,балабақша,мәдениет үйі,интернат ғимараттарын салу қарқынды жүрді.1997 жылы совхоз таратылып,округ бойынша 14шаруа қожалығы құрылды.Сексенінші жылдардың аяғында басталып,тоқсаныншы жылдары негізінен жүзеге асырылған ауылшаруашылығындағы реформалар,жекешелендіру,совхоз игілігін оның тұрғындарына үлестік өлшеммен әділетті бөліп беру кезінде совхозды басқарған Амангелді Кәкімов пен Орынғали Батталовтың еңбектері зор болды.Ауылдық округте сонымен қатар Горячкин,Жолап ауылдары орналасқан,1 орта 1 негізгі мектеп кітапхана ,45 орындық интернат ,дәрігерлік амбулатория,бірнеше сауда нүктелері бар.Еркін жайылымды мал өрісі,шабындық алқаптар мен 4500 га көлтабан,Жайық бойының тоғайлықтары ,жол қатынасының қолайлығы бұл ауылды шаруашылық үшін де,демалыс аймағы ретінде де ерекшеленіп отыр[3].

Жері шалғынды қоңыр,бозғылт қоңыр топырақты .Астық тұқымдас шөптер аралас,бетеге,қау,боз шөптері өседі.Тұрғыны 1797 адам (2005).Іргесі 1963 жылы Куйбышев атындағы қой кеншарының құрылуына байланысты қаланды. 1997 ж .округ болды.Оған Горячкино,Жолан ауылдары қарайды. Жерінің көлемі 61241 га, оның ауыл шаруашылығына жарамдысы 61089 га,одан шабындығы -5547 га, жайылымы-55542 га.Шаруа қожалықтары 24,46 адам шағын кәсіпкерлікпен айналысады.Тұрғындары мал шаруашылығымен шұғылданады.Көкөніс ,картоп,бау-бақша өсіреді.2924 бас ірі қара,6183 бас қой-ешкі,235 бас жылқы ,2520 бас құс бар.2 мектеп,дәрігерлік –акушерлік және 2 фельдшерлік пункт жұмыс жасайды.Мәдениет үйі (2) клуб,3 кітапхана бар[4]

Мерген ауылы –азамат соғысы жылдарында 1919 жылы 18 тамызда В.И.Чапаевтың қолбасшылығымен 25-ші дивизияның 1-ші бригадасының полкі шабуылға шықты.Ақ казактар Мерген бекінісін 3 қатарлы орлы окоптар шебімен,жаяу және атты әскермен, бороно автомобилдермен қорғады.Осы жерден ақ казактарды жібермеуге бар күшін салып,кескілескен шайқас жүрді. Ұрысты В.И.Чапаев пен Батурин басқарып қатысты. В.И.Чапаевтың ақ боз аты оққа ұшады.Осы ұрыста ерлік көрсеткен бірнеше

қызыләскерлерді В.И.Чапаев наградаға ұсынды.Олар :Пикалов Д, Бубликов,Сильчинков ,Новиков және Морозов .Мерген станициясы үшін болған ұрыстың қандай болғанын 25 дивизия штабының 4 армия штабына салған телеграммасынан көруге болады.Мерген үшін ұрыс 18 тамыз күні бойы жүріп, 19 тамыз күні танертен аяқталды.42 адам өліп ,225 адам жараланды.,2 адам хабарсыз кетті.40 ат өліп,150 ат жараланды.Полк командири Петров Василии ауыр жараланып,73 атты әскерден тек 17-сі қатарда қалды.Мерген бекінісі 1919 жылдың 19 тамызында азат етілді.Ауылдың үлкен кісілері Болдырев Н,Иконников Е. Айтулары бойынша Мерген форпостысында Орал казактары мен жергілікті тұрғындар балық аулаумен ,мал және егін бақша өсірумен айналысқан.Негізгі тұрғындары орыстар,татарлар мен азғана қазақ ұлтынан тұрған.Олар негізінен мал бағып,жалданып жұмыс істеп,Орал казактарына Кочемасов Иван Власко,Лапатино ,Кирочинск,Ульянск ,Бородино деген байларға қызмет еткен. Мерген форпостысында азамат соғысына дейін 720 үйі бар жанұя тұрған,10 шақты шағын дүкен тұрғындарға қызмет етіп,бір желдирмен ,кірпіш күйдіріп шығаратын кірпіш зводы,ағаш ұста шеберханасы жұмыс істеген[5].

Азамат соғысынан кейін тұрғын үйлердің 4/3 бөлігі бүлініп, қирап,өртеніп кетті. Шаруашылық құлдырап ,ашаршылық басталып, жұқпалы аурулар етек алды.Ауыл тұрғынының саны азайды.1920-1928 жылдың 17қаңтарына дейін Чапаев ауданындағы елді-мекендер Орал губерниясына қарады,территориясы 4 болысқа бөлінді, соның біреуі Мерген болысы Орал Уезіне қарады.1929 жылдың «Орал округі және оның аудандары» атты VII статистика кітабында жүгінсек Мерген ауылында ауылшаруашылық несие кооперациясы 1925 жылы құрылған. 1926-1927 жылдың бірінші жартысында несие коперациясының ақша айналымы 35829 сомға жеткен. 1 лавка және бірнеше дүкендерді болған. Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаумен айналысқан бидай,мал өнімдері ,ет,сүт,май, жүн,тері сүйек,жұмыртқа,мия тамырларын дайындап ,балық аулаумен айналысқан.Колхозға алғашқы мүше болып кіргендер; Бородосов Тойекеш,Болдырев Александр Константинович,Ермуханова М,Имангалиева Қ, Иманкулова Қ, Зиленцова Қ, Құстаубаева Қ,Рукавишников Н, Карташова М [6].

Мерген ауылынан саяси қуғын сүргінге 30адам ұщырап атылған.1938 жылы РСФСР КК 58-1а ,58-2,58-7,58-11 баптарына сәйкес УНКВД –ның БҚО бойынша үштігі сотталған.Осы адамдар 1957,1958,1989 жылдары ақталған. Репрессияға ұшырағандарға Шляпин Ф.И., Чебатарев П.И, Чебатарев М.АҚоспаев Бақтығали Дінішұлының 2004 жылы шыққан « Аудан мектептері 1936-1970жж.» тарихи деректеме жинағында облыс бойынша жетім балаларды тәрбиелейтін Мерген балалар үйінде 1936-1937 оқу жылында таршылық-тапшылық,аштық азабын тартқан мектеп табалдырығын ешқашан аттамаған әр жастағы 86 бала қабылданған.Мерген ауылында оларды оқытатын және жатқызатын орынның тарлығы үлкен қиындық тудырады.Балалар үйінің алғашқы тәрбиешілері Дәулетяров ,Калентьев Никита Иванович,директоры Мусин Қажберген Спанұлы ,Уранаев Х.болған.Мерген ауылынан Ұлы Отан соғысына қатысқан ауылдастардың 150 дейі қайта оралмаған.Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін Раков К.Н., Молдағалиев Е., Акашаев С., Коневцев Н. Елешев Шарапи « Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталып, Бородкин К.Е ,II « Даңқ орденінің» иегері атанды. Ұлы Отан соғысына қатысқан Акашаев Сарсенгали 4 жыл Қазақтың ұлттық әскери полкінің командирі болған. Ұлы Отан соғысындағы көрсеткен ерлігі 312 атқыштар дивизиясының генерал –майоры А.Ф. Наумовтың «На Варшавском шоссе» атты естелік кітабында жақсы баяндалған.

Ұлы Отан соғысына қатысқан Бородкин Константин ,Портнов Н,. Жұмақұлов Орынбасар, Құстаубаев Қапездің майдандағы ерліктері , Жеңіс сарбаздары,Сіздерге бас иіп тағзым етеміз» деген естелік кітабында жақсы айтылған. Ауыл тұрғындары Ұлы Отан соғысы жылдарында жанқиярлықпен ауыл шаруашылығында қызмет еткен.

1941-45 жылдарда Ұлы Отан соғысындағы «Ерлік еңбегі үшін» медалімен Мырзағалиева Балқан марапатталып,ХТЗ трактырын айдап жер жыртып,егін салып,оны оруға қатысқан Құстаубаева Назира ,Биманова Азима,Карташова Анна Петровна өгіз соқамен жер жыртып,қол орақпен егін орып,бақша дақылдарын өсірумен ,шөп шабумен

айналысса,Тапиева Хафиза, Чебатарева Шура ,Иманкулова Казима әр түрлі қол еңбегін жасап,Карташова Елена 1942-45 жылдары СТЗ тракторын айдаған, Ермұқанов Нәумет,Карташов Михаил 14 жасынан колхоз жұмысына араласып, СТ36 тракторында еңбек еткен.1942 жылы 20 қаңтар күні шыққан аудандық «Екпінді жол» газетінің шежіресіне жүгінсек Мерген советіне қарасты советская степь колхозының колхозшылары, «Батыс Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын құрауға өз еңбегімен тапқан қаржыларын беріп жатыр. Танк колоннасына қаржы жинаудың алғашқы күндерінде –ақ колхозшылар 111600 сом ақша,10 қой 11 центнер астық берді.Бронды қамал қорына қаржы жинаудың саяси маңызын ,еліміздің патриоттары өз еңбегімен жинаған қаржыларын мол беріп жатқан Сталин жолдастың оларға арналған телеграммаларын колхозшыларға колхоз үгітшісі партия мүшесі чербатов бастауыш партия ұйымының секретарь монин жолдастар жақсы түсінуде Қаржы жинауға арналған митингімізде колхозшылар өз еңбегімен тапқан қаржыларын алған жоқ. Колхоздың шопандары Жиенғали Шінікеев 5000 сом, Дініш Қоспаев 8000 сом ,өзінің екі баласы армиядағы ,жасы 68-дегі Жақау Қоспаев 30000сом акша колхоздың есепшісі Болдырев Н.К.3000 сом ақша мен бір семіз қой және 12 пұт астық берді .Митингідегі сөзінде –Колхозшы жолдастар –деді Жақау Қоспаев ,-біз қазір Қызыл Армияның алға басуын естіп қуыштымыз,менің екі балам бірдей Ұлы Отан қорғауда жүр ,келіңдер! Бәрімізде Қызыл Армия мен бірге жауға шабуылға шығайық.Менің көмегім деп 30000 сомды жанынан алып қолма қол берді.

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі. Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Майдангерлердің иығына аса ауыр жүк түсіп, Отаны, елі үшін от болып жанды, оқ болып атылды. Қаншама боздақтар ұрыс даласынан қайтпай қалды. Арын – байрақ, намысын найза еткен ерлердің қаһармандығы аңызға айналды. Осы қасиетті күні адалдық пен еліне деген жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен қаһармандардың рухы алдында бас иіп, тағзым етеміз. Мерген ауылы өзіндік тарихы тереңде жатқан, әрбір тұлғасы қазақ тарихында өз үлесін, қолтаңбасын қалдырған тарихи мекендердің бірі. Тарихи деректерге сүйенсек ,бұл жерде ежелгі сақтар өмір сүрген,кейін келе қыпшақтар XVII ғасырдың бірінші жартысына дейін Алтын Орданың қарамағында болып соңынан қалмақтар,кейін қазақ ,ноғайлар мекендеген.Сол сияқты ел мойындаған Социалистік Еңбек Ерлері Мұқанаков Құбай,Жүнісов Ниетқали,Қалисанов Мырзағали Мерген орта жалпы білім беретін мектебінде арнап бұрыш ұйымдастырылып, сызу пәнінің мұғалімі Мұрат Өтешұлы мүсінін жасаған.Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін шайқастардағы теңдессіз ерлік көрсеткен Мұқанаков Құбай,Жүнісов Ниетқали,Қалисанов Мырзағали .

Құбай Мұқанаков шаруашылық пен мәдени құрылыстағы аса үздік жетістіктері үшін еңбекте ерекше көзге түсіп, өзінің аса үздік жаңашыл қызметтерімен қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, халық шаруашылығын өрге бастыруға, ғылым мен техниканы дамытуға, КСРО-ның күш-қуатын нығайтып, даңқын шығаруға ат салысқан еңбеккер болып табылады.Құбай Мұқанаковтың өмірбаянынан шолу жасасақ Орда ауданының Теректі ауылдық кеңесіндегі Куйбышев атындағы колхозда 1922 жылы дүниеге келді.Сол кездердегі ауыр жағдайларға байланысты Қ.Мұқанаковтың орта білім алуына жағдайы болмады.Ол небәрі төрт-ақ сынып бітіріп, еңбекке ерте араласты.Қой да бақты, жылқы да бақты.Сөйтіп ауылдағы қандай жұмыс болмасын бәріне төзіп шындалды. 1934 жылдан Куйбышев атындағы ауыл-шаруашылық артелінде колхозшы болып еңбекке араласты.1942 жылы Қызыл Әскер қатарына алынып,1944 жылға дейін еліміздің фашист басқыншыларынан азат етуге қатысты.Соғыстан оралғаннан кейінгі жылдары туған ауылында жылқы фермасының меңгерушісі қызметін атқарды. Малдың бағым –күтімінен де, төл алу көрсеткішінен де Құбағаңның жігіттері әріптестерінен арқан бойы алда жүрді. Адал еңбегінің арқасында, талапшылдығы мен уәдеге берік ер мінезімен ол ауылдастары арасында құрметке бөленді .Жылқы шаруашылығын өркендетуге қосқан зор үлесі үшін 1949 жылы Қ.Мұқанаковқа « Социалистік Еңбек Ері» құрметті атғы берілді .1963 жылы Чапаев казіргі Ақжайық ауданындағы куйбышев атындағы совхозда аға шопан болып еңбек етті.1973 жылы дүниеден озды[7].

Жүнісов Ниетқали 1904-1965— жылқышы, Социалистік Еңбек Ері 22.10.1949. 1904 жылы Орал облысы (қазіргі Батыс Қазақстан облысы), Орда ауданында туған. Еңбек жолы1931 жылдан Куйбышев атындағы колхозда қоғамдық мал шаруашылығында істеген.1942-1943 жылдары Совет Армиясы қатарында Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жарақат алады.1943-1963 жылдары Орда ауданындағы Куйбышев атындағы ұжымшарда аға жылқышы, ферма меңгерушісі болып еңбек етті. Жылқыны қысы - жазы бірдей жайып бағу жағдайында 57 биеден 57 құлын алған. Ақжайық ауданы, Мерген ауылында дүниеден озды.

Қалисанов Мырзағали - шопан, Социалистік Еңбек Ері (1948). 1876 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Теректі Орда жайлауында туған. Ұлы Октябрь революциясына дейін байдың малын баққан.1932-1960 жылдары Чапаев ауданы (қазіргі Ақжайық ауданы), Куйбышев атындағы колхозда аға шопан болып істеді.1947 жылы өзіне бекітіліп берілген саулықтардың әр жүзінен 144-тен төл алып, отардағы қой санын жүзден мыңға дейін өсірді. Социалистік Еңбек Ері (1948) атығын иеленді [8].

Осындай елі үшін, халқы үшін жасаған елеулі еңбектері халық жадында мәңгі сақталмақ. Сонымен, аталған маңызды жәйттарды саралай отыра, Көне дәуірден қазіргі кезге дейінгі Мерген ауылының тарихы мен онда туып-өскен, еліміздің маңызды тарихи кезеңдерінде өз қолтаңбаларын қалдырған, өз саласының ісінің үздігі болған тұлғалар туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу және оны ғылыми айналымға енгізу туған жеріміздің тарихының қатталып, насихатталуына үлес қосып, тарихи тұлға алдындағы, болашақ ізденуші алдындағы парызымыз деп санаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Майдангерлер. Ақжайық ауданы 1-басылым. «Полиграфсервис». - Уральск, 210-223б. «Екпінді жол» №1 (765).

2. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. 1998. - 30 ст.

3. Қоспаев Б. Ақжайық ауданы Тарихи-танымдық анықтамалық. - Орал, Дастан. 2006. - 111-112б.

4. Батыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы энциклопедиясы. - Орал, Дастан. 2006. - 170 б.

5. Хлебников Н.М. Легендарная Чапаевская Москва, 1970. - 204-205 стр.

6. Ауыл тұрғыны Маркелова Л. Естелігі.

7. Майдангерлер. Ақжайық ауданы 1-басылым. «Полиграфсервис». - Уральск, 210-223б.

8. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2002.

В.И.МЕЖОВТЫҢ ЕҢБЕГІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ XIX ҒАСЫРДАҒЫ САЯСИ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Джугунусова Айнур, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
тарих факультетінің II курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - **Избасарова Г.Б.,** тарих ғылымдарының докторы, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс библиографиясының қайраткерлері арасында И.В.Межов ерекше орын алады. Өзінің қырық жылға жуық қызметінде өз заманындағы Ресей және шетел библиографтарының ешқайсысы жасай алмаған қомақты еңбек қалдырды. Межовтың әдеби мұрасы Ресей тарихының, ғылымы мен мәдениетінің библиографиясын көрсететін көптеген білім саласының әдебиеттерін жинақтайтын 100 томнан артық библиографиялық еңбектерден тұрады.

Межов өзінің библиографиялық көрсеткіштерін Ресейде барлық қоғамдық-саяси қатынастарда түбегейлі өзгеріс болып, таптық күрес өте күшейген кезеңде жариялады. Оның мұрасы орыс ғылымы мен мәдениетінің жоғары даму деңгейін байқатты, сондай-ақ ол еңбектерінің әрқайсысы ғылым мен мәдениетке қосылған өлшеусіз үлес болды деуге болады.

В.И.Межов жаңашыл-библиограф, өз ісінің шебері, кең көлемдегі библиографиялық жұмыстардың ұйымдастырушысы, бастамашысы және орындаушысы болғандықтан да оның еңбектері кеңес библиографтарының қызығушылығын тудырды.

Зерттеуші Фрадкина З.Л. өз зерттеуінде «Владимир Измайлович Межов 1830 жылы 17 мамырда Саратов губерниясында дворян отбасында дүниеге келді.Оның әкесі-штаб емшісі Измаил Тимофеевич Межов-ұлы дүниеге келгеннен кейін үш айдан соң өмірден өтті, баланың анасы Матрена Васильевна тәрбиеледі » деп жазады [1,5б].

1840 жылы ақын В.А.Жуковскийдің көмегімен 10 жасқа толған Межов заң білімін беретін және мемлекеттік қызмет үшін шенеуліктер даярлайтын жетімдер институтына оқуға қабылданады. Сақталған аттестатына қарағанда Межов өте жақсы оқыған және 1850 жылы институтты үздік бітіріп, 14 класс төменгі шенеулік шенін иеленген.

Өзінің шенеуліктік еңбек жолын 1851 жылы императорлық көпшілік кітапханасында бастайды. Әуелгі уақытта орыс бөлімін меңгеруші кітапханашыға көмектесіп, кітапханаға түскен жаңа кітапханада қабылдап, тіркеп отырды. Екі жылдан соң, 1953 жылы кітапханада тіркеуші (регистратор) қызметі арнайы бекітілген кезде, Межов В.И. сол қызметке дайындалады.

Бұл жұмыста Межовтың еңбек сүйгіштігі мен қабілеті тез байқалып, оң бағасын ала бастайды. Кітапханадағы қызметінің алғашқы бес жылында л баспа беттерінен көрінген жоқ.

Ресейдегі I Николай өлгеннен кейінгі және Қырым соғысының аяқталуынан соң басталған өрлеу елде баспа өнімдерінің, журнал санасының көбеюіне алып келді.

«Бір ғана 1855 жылдың өзінде императорлық көпшілік кітапханаға түскен кітаптардан саны бірнеше есе өсті (1854 жылы 2098 болса, 1855 жылы 5584 баспа бірлігі), бұл сан жыл сайын өсе берді де, 1860 жылы 704 бірлікке жетті.

Мерзімді баспасөз де жылдан-жылға дамып отырды. 1854 жылы 5-ақ мерзімді баспасөз болса, 1855 жылы-8, 1856 жылы -10; 1857 жылы -24; 1859 жылы -53 баспасөзге өсті.

Ғылым мен баспасөздің қарқынды дамуы библиографияға деген қызығушылықты оятты. Ағымдық библиографияға, оның қорына алғашқылардың бірі болып А.А. Краевский басқаруымен шығатын «Отандық жазбалар» журналы ерекше қызығушылық танытты.

1856 жылы Краевский сол кезде міндетті дана алып отыратын көпшілік кітапханаға жаңадан шыққан кітаптардың тізбегін жасап отыруға ұсыныс жасады.Бұл тізімді құру кітапханада міндетті даналарды тіркеп отыратын тіркеуші Межовқа жүктелді.Межовтың библиографиялық қызметі солай басталып еді.

Оның «Отандық жазбалар» («Отечественные записки») журналы үшін құрастырылға алғашқы библиографиялық көрсеткіші сол кездегі көрнекті библиографиялық көрсеткіші сол кездегі көрнекті библиограф Г.Н.Геннади тапарынан жоғары бағаға ие болады. Г.Н.Геннади ол туралы «Бұл Ресейде шығып жатқан кітаптардың толық және есепті көрсеткіші болды» деп жазды.

Алғашқы библиографиялық көрсеткішінің жемісті болғандығын кейіннен кейбір өзгерістермен және толықтыруыларымен 1859 жылы «Русская беседа» журналының қосымшасы ретінде қайта басылып шыққандығынан да көруге болады.

1858 жылы «Отандық жазбалар» белгісіз себептерге байланысты ағымдық библиографияны жариялауды тоқтатады да, Межов 1858-1859 жылдардағы библиографиялық көрсеткіштерді «Ішкі істер Министрлігі журналында» жариялай бастады.

1860 жылы «Кітап жаршысы» («Книжный вестник») библиографиялық журналы жарыққа шығады, Межов сол журналға жаңа кітаптардың тізімін жүйелі түрде дайындап беріп отырады. Сежов Владимир Измайлович осылай жай тіркеушіден библиограф-зерттеушіге айналды.

1865 жылы ойға алған бір библиография дайын болды, Межов оны «Ресейдегі шаруалар мәселесі» деген атаумен шығарылымға берді.

Межов «Шаруалар мәселесіне» жазған алғысөзінде оның шығарылу қажеттілігін былай түсіндіреді: «Шаруалар мәселесі үшін толық, анық библиографияның қажеттілігі мен үшін тіпті де дау тудырмайды-бұл сұрақ үшкір тастай болып өзінің өміршеңдігі және маңыздылығымен біздегі орын алған тәртіпке қызмет етеді: осы сұрақтан мүмкін орыс тарихының жаңа кезеңі басталатын болар. Қоғамдық өмпірдің өмірдің барлық жағын қамти отыра ол оған жаңа құқықтық қатынастар мен жаңа ойлар енгізеді. Шаруалар сұрағы осы жаңа кезеңінің тарихшы, саясатшы- экономшы, заңгер, шаруа, өнеркәсіпші, этнограф және т.б. үшін бастау алар нүктесі болады. Біздің қоғамдық өміріміздің әр түрлі құбылыстарын олар осы басты себептен шыға отырып түсіндіреді» [2, 1725б].

Межов бұл библиографияның басты тапсырмасы әдебиет есебінің әсіресе шаруалар сұрағы баспада белсенді түрде талқылаған 1858-1864 жж. толықтығы деп есептеді. Межовтың сөзі бойынша ол өзінің библиографиясы арқылы сол кездің журналистикасындағы пікірлер алқасының (сөз, әрине, бақылаудағы баспа туралы болып отыр) «фотографиялық қайта жандануына» тырысты.

Әдебиет есебінің толыққандылығы шаруалар сұрағы бойынша библиографияда «Патша-азат етушіге» деген Межовтың апологетикалық қатынасына қарамастан, орыс қоғамының барлық әдеби ағымының ойы тоғысты, оның ішінде Н.Г.Чернышевскийдің және «Современниктің» басқа да қызметкерлерінің да мақалалары бар.

«Шаруалар мәселесінде» үлкен ауқыммен шаруалар реформасының барлық кезеңі көрсетілді, соның ішінде «Ережеге» байланысты болған толқулар да болды.

Бұл сипат «Шаруалар мәселесінде» үлкен дереккөздік маңыз берді. Библиография толық және дәл сипаттамамен, жүйелеумен, түсініктеменің бар болуымен және рецензиядағы жөн-жобалары, жақсы көмекші кілттерімен сипатталады, бұл Межовтың ерте кездегі жұмыстарының ішіндегі жақсысы болып табылады. Бұл библиография кеңес тарихшыларының көзқарастарын білдіре отырып, құнды анықтамалық ретінде әлі күнге дейін қалып отыр.

Межов шаруалар сұрағының библиографиясымен қатар 60-шы жылдары салалық библиографияның да жинағын шығара бастады, ол Ресейді «жан-жағынан және егжей-тегжейлі» тануға арналған, бір-бірімен тығыз байланысты әдебиеттердің біртұтас жинағы, Межовтың замандастары осылай деді. Федалды монархияны буржуазиялық монархияға айналдыру алдындағы қадам болуға тиісті 60-шы жылдардың реформасы орыс өмірінің барлық жақтарына қатысты болғандықтан да әрине, реформаға дайындық құқық жөніндегі сұрақтар, халықтың білімі, санағы, этнографиясы, географиясы және тарихы турасындағы мақалалардың толассыз легіне әкелді.

Межов библиографияда білімнің нақ осы саласына қатты көңіл бөлді. Өз картотекасындағы деректерді 60-шы жылдардың буржуазиялық реформасы кезеңіндегі өмірлік-маңызды мәнге ие әдебиеттерге бөліп ғылыми қоғамның баспалары мен әртүрлі журналдарында жарық көруіне қол жеткізді.

60-шы жылдары қоғамның даму жағдайында орыс ғылымының тез өсуі, өмірге көптеген қоғамдар мен мекемелерді алып келді, олар өздерінің мерзімдік басылымыдарында тарихтан, археологиядан, географиядан, этнографиядан және құқықтан жинаған деректі және зерттеу материалдарын жариялап отырды.

Орыс географиялық қоғамы осы қоғамдықтардың ішінде маңызды роль атқарды. Межов қоғаммен тығыз байланыс орнатып, 1860 жылы қоғамның қаражатына және 1859 жылдан бастап оның мерзімдік басылымдарында жүйелі түрде георграфия, этнография және санақ әдебиеттерінің ағымдық библиографиясы шығарыла бастады. Межов бұл кітапнаманы 20жыл бойына үздіксіз жариялап отырды, оның 1859-1880жж. аралығындағы 9 томдық «Орыс географиясының, санағының және этнографиясының әдебиеті» әлі күнге дейін анықтама ретіндегі құндылығын жойған жоқ.

Осындай жағдайда Межовтың императорлық Археологиялық қоғаммен байланысы (1862-1872жж.) «Известии император Археологического общества» басылымының беттерінде 10 жыл бойына (1859-1868жж.) «Орыс археологиялық әдебиетінің библиографиялық сілтемелерін» жариялап отыруға мүмкіндік берді.

Буржуазиялық реформаның дайындық кезеңінің және оның алғашқы жүргізілуі жылдары көкейкесті сұрақтарға құқық пен халықтық білімнің де сұрақтары енгізілді. Бұл мәселе бойынша әдебиетті Межов өзінің «Орыс құқықтануының әдебиеті» 1859-1866жж. және «Орыс педагогикасының, дидактикасының және әдістемесінің әдебиеті» 1859-1888жж. (автордың қайтыс болуына байланысты аяқталмаған) катты күрделі еңбектерінде ескертті.

60-шы жылдары орыс зиялы қауымы өз елінің тарихына да айтарлықтай қызығушылық таныта бастады. Мысалыға, Ресейдің болашағына деген өздерінің саяси көзқарастарын бекіту үшін, ресейдің тарихи өткенін орыстың қоғамдық ойының әртүрлі бағыттағы өкілдерін іздестірді. Осыған байланысты орыс халқының тарихына, және сонымен қатар Ресейдің эконгомикасының тарихына деген қызығушылық артты.

Кең көлемдегі ағымдағы тарихи әдебиеттің кітап қорын, 1861 жылдан бастап «Орыс тарихи библиографиясы» атты кітапханашылар П.П. және Б.П.Ламбиндер құрастырған жыл сайынғы мерзімдік шығарып отырған Ғылым Академиясының кітапханасы реттеді.Жылдық басылымдар әдебиетті 1855 жылдан бастап есептей бастады да, өзінің толығымен және дәлдігімен ерекше болды, дегенмен өте кешігіп шығатын. 1861 жылы 1855-56 жж. арналған жылдығы шыққаннан кейін 1857 жылға арналған шығарылым тек 1865 жылы шықты.

«Бұл жағдай Межовты 1866 жылы деректері өз картотекасымен жиналған, 1859-1864 жж. арналған «Орыс тарихының әдебиетінің» мәліметін шығаруға итермеледі. Бұл библиографиямен Межов Ламбиндердің жылдық басылымдарын тікелей жалғастырды (бұл кезде 1858 жылға арналғаны дайындалып жатқан болатын, ол 1867 жылы шықты», бірақ оны 20 жылдай уақытқа басып озды, себебі соңғы жылдық басылым (1864 ж. арналған) 1884 жылы ғана шықты» [3,3б].

«Орыс тарихының әдебиеті» тақырып жағынан Ламбиндердің жылдығынан айтарлықтай айырмасы болды; Межов бұл айырмашылыққа өзінің алғы сөзінде нұсқау жасайды. «Менің «Орыс тарихының әдебиетіме»деп жазды Межов –тек таза тарихи мақалалар мен тарихи сипаты бар басқа да ғылым жөніндегі мақалалар енді. Ал Ламбиндердің библиографиясына география, этнография, санақ ғылымы , орыс сөздігінің тарихы, педагогика, құқықтану, кезеңдік сипат алған мақалалар енген, бұлар үшін менде 1859-1864 ж. Арналған сілтемелер құрастырылып, баспанаға басылып та қойылған» [9,201б].

Осылайша, Межов Ламбиндердің библиографиясына қарағанда өз жұмысының тақырыптық аясын шектеп, оның өзінің отандық сипаттағы 1859-1864 жж. Арналған кітапнамалық жұмыстарының бөлігі ретінде қарастырды.

«Орыс тарихының әдебиеті» Межовтың кітапнамашылық қайраткерлігінің онжылдығын қорытындылады. 20-дан астам әр түрлі библиографиялық сілтемелер олардың көбі мыңдаған кітаптар мен мақалалардың атауын есепке енгізді-міне, бұл жылдардың нәтижесі осындай болды. Осы уақыт ішінде Межов өз жұмыстарын келесі журналдарда жариялап отырды: «Отечественные записки» (Отандық жазбахаттар), «Русская беседа» (Орыс әңгімесі), «Сельское благоустройство» (Ауылдық абаттандырулар), «Филологиялық жазбахаттар», «Книжный вестник» (Кітап жаршысы), «Вестник император Русского Археологического общества», «Этногорафиялық жинақ», «Халық ағарту министрлігінің журналы», «Әділет Министрлігінің журналы». Ол қоғамдардың ғалымдарымен, библиографтардың кең шеңберімен, баспагерлермен, ғалымдармен байланыста болып, өзінің алғыр және қабілетті библиограф ретінде танытты.

Әдебиеттер тізімі:

1.Атабаев Қ., Қадыртаева М. Деректанудың теориялық мәселелері: Оқу құралы.Алматы: Қазақ университеті,1999,44бет.

2.Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы. «Атамұра»-1999.15-16ббет.

3.Каппелер А. Ресей көп ұлтты империя// Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы . – Астана. «Фолиант».-2006.Т.7.-389бет.

4.Иванчикова Э. «Туркестанский сборник» и его значение для изученич прошлого Казахстана// Библиотечно-библиографический бюллетень. Алма-ата ,1958.Вып.1.с.10.

5.Бетгер Е.К. Новые материалы о «Туркестанском сборнике» // Известия Академии наук Уз ССР. Ташкент , 1953.№3. С123-125.

6.Фрадкина З.Л. В.И.Межов (1830-1894).Под ред. Проф. А.Д. Эйхенгольца.Москва, 1949.

7.Геннади Г.Н. Обзор библиографических трудов В.И.Межова.-Подпись:Г.Г.

8.Александров Н. Новые библиографические труды В.И.Межова, 1878,№ 2632, р444.

9.Буринский Е.Ф. Рецензия на кН: Голубев, А. И Собко, Н.П.Русская библиографии . Год первый (1878)....вып.2.Спб.1879- «Рус.библиография»,1879,№1

10.Вакуловский Н.Н. Что желательнно от русской библиографии. «Рос.Библиография», 1879,№ 16,с. 51-52.41, с.201-03.

11.Языков Д.Д. Новые библиографические труды В.И.Межова. «Ист.Вестник», 1894, №7, с.174-81. Наиболее плоный списокк трудов В.И.Межова.

12.Спиридонов В.С. Библиографические методы Межова. Вторая не появившиеся в печати часть «Русской исторической библтографии» за 1800-1854гг.-Книга о книге .Л,1927.с.35-36.

13.Дерунов К.Н. Жизненные задачи библиографии.-«Библиографические. Известия », 1913,№1, с.20-21.

14.Якуншин В.Е. Библиографические методы Межова.-Подпись :В.Веденеев.-«Рус.ведомости», 1894,3 162, с.3.

15.Ефремов П.А.Г-ну Межову .-Подпись : Редактор «Книжного вестника», «Голос»

16.Симони П. Библиография русская.-В кН: Новый энциклопедический словарь Брокгауз-Ефрон.Т.6.Спб.,б.г. стб.478-80.

17.Межов В.И.- В кн: Новый энциклопедический словарь Брокгауз.

КАЗАХСТАНСКО-РОССИЙСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО В СФЕРЕ РАЗВИТИЯ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПЕРВЫЕ ДЕСЯТИЛЕТИЯ НЕЗАВИСИМОСТИ

Джумагамбетова Жулдыз, магистрант I курса педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель - **Балыкова А.М.,** кандидат исторических наук, доцент ЗКИТУ

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Содержание образовательного процесса зависит от уровня развития общества. Политикой любого государства является ориентировать образование на будущую перспективу. И Казахстан, и Россия делают все возможное для развития качественного образования. Интеграционные процессы, происходящие в мировом сообществе во всех сферах человеческой деятельности, затронули также систему высшего образования. Формируется единое мировое образовательное пространство, выражающееся, прежде всего, в гармонизации образовательных стандартов, учебных планов специальностей вузов в разных странах. Открытое образовательное пространство предполагает рост мобильности студентов и сотрудничества преподавателей университетов разных стран.

Двустороннее сотрудничество между Республикой Казахстан и Российской Федерацией в области образования в первые десятилетия Независимости осуществлялось в рамках:

– Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о сотрудничестве в области культуры, науки и образования от 28 марта 1994 года;

– Программы сотрудничества Республики Казахстан и Российской Федерации в гуманитарной сфере от 4 октября 2007 года;

– Декларации между Республикой Казахстан и Российской Федерацией о вечной дружбе и союзничестве, ориентированной в XXI столетие;

– Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о сотрудничестве в области подготовки и аттестации научных и научно – педагогических кадров высшей квалификации от 28 марта 1994 года;

– Соглашения о создании и функционировании филиалов высших учебных заведений в государствах – участниках Договора о Таможенном союзе и Едином экономическом пространстве от 26 февраля 1999 года;

– Протокола о намерениях по созданию совместных образовательных учреждений от 23 декабря 1998 года;

– Соглашения между Министерством образования и науки Республики Казахстан и Московским государственным университетом имени М.В. Ломоносова о сотрудничестве в области образования от 10 октября 2000 года;

– Соглашения между Министерством образования и науки Российской Федерации и Министерством образования и науки Республики Казахстан об условиях деятельности общеобразовательных учреждений с казахским языком обучения города Байконура от 21ноября 2006 года [1, с.290].

В целях формирования общего образовательного пространства в ноябре 2001 года заключен договор между Министерством образования и науки Республики Казахстан и Федеральным государственным унитарным предприятием «Издательство «Просвещение»» Министерства РФ по делам печати, телерадиовещания и средств массовых коммуникаций по написанию совместных учебников и учебно – методических пособий. Для реализации межправительственных договоренностей ежегодно Казахстан обеспечивает учебниками и учебно – методическими комплексами учащихся казахской диаспоры приграничных районов Российской Федерации [2] (Алтай, Омск, Оренбург, Саратов) по казахскому языку, казахской литературе, истории Казахстана. В сфере высшего образования установлены связи с более 50 вузами, научно-исследовательскими институтами и центрами Российской

Федерации. Заключены договоры с более 40 учебными заведениями по оказанию образовательных услуг. На территории Республики Казахстан функционируют 6 филиалов российских вузов: Казахстанский филиал Московского Государственного Университета имени М.В. Ломоносова, филиал Московского авиационного института «Восход» в городе Байконуре, Алма-Атинский филиал Санкт-Петербургского гуманитарного университета профсоюзов, Алма-Атинский филиал Академии труда и социальных отношений, Усть-Каменогорский филиал Московского института экономики, статистики и информатики и Костанайский филиал Челябинского государственного университета.

Успешным примером евразийской интеграции в образовательной сфере является деятельность Казахстанского филиала Московского Государственного Университета имени М.В. Ломоносова. Десятилетняя последовательная и целенаправленная деятельность Казахстанского филиала Московского Государственного Университета реально содействует укреплению межгосударственных, общественно – политических и экономических отношений между двумя странами и народами. Так, за первые десятилетия Независимости в Московском Государственном Университете обучились 520 студентов из Республики Казахстан [3]. Для приема на обучение в филиал Московского Государственного университета ежегодно выделяется 125 государственных образовательных грантов. Высокие стандарты и требования к подготовке студентов обеспечиваются, в том числе, и путем командирования в филиал профессоров и преподавателей Московского Государственного Университета для чтения лекций, ведения семинарских и практических занятий. В среднем в процессе учебного года в филиал приезжают более 140 преподавателей из Москвы.

Филиалу Московского авиационного института «Восход» были выделены гранты в количестве 45 мест для подготовки специалистов для комплекса Байконур по основным направлениям эксплуатации средств подготовки и пуска ракет – носителей и космических аппаратов.

Вместе с тем, установлено сотрудничество базовых вузов по стандартизации (Казахский национальный университет имени аль – Фараби, Казахский национальный технический университет имени К.Сатпаева и Карагандинский государственный технический университет) с Общественным Советом Базовой организации государств – участников Содружества Независимых Государств в области образовательных стандартов[4, с.194].

Казахстанско – Российское пограничье имеет все предпосылки стать одним из ведущих центров межгосударственного сотрудничества в сфере образования и науки. С российской стороны границы на расстоянии 250 – 300 километров от нее располагаются такие крупные отечественные учебные и научные центры, как Самара, Саратов, Новосибирск, Омск, Магнитогорск и другие, в которых сосредоточены до 1/6 всех высших учебных заведений России, значительная часть крупных научно – исследовательских институтов и конструкторских бюро.

В основе такого сотрудничества лежат принципы, позволяющие путем дальнейшей децентрализации и демократизации системы управления образовательными учреждениями создавать наиболее благоприятные условия для их взаимодействия, расширять взаимное участие в подготовке кадров, в том числе и через аспирантуру и докторантуру. Например, Оренбургский государственный аграрный университет заключил договор с Западно – Казахстанским аграрным университетом, который предусматривает содействие российской стороны в подготовке для Казахстана специалистов по 14 направлениям. На базе Актюбинского высшего гуманитарного колледжа открыт учебно – консультационный пункт Оренбургского аграрного университета, где обучается свыше 100 студентов [5, с. 58-59].

В качестве нового перспективного направления консолидации образовательного пространства Казахстана и России может стать деятельность учреждений дистанционного образования. Первым опытом в этой области стала реализация проекта Казахстанско – Российского университета дистанционного образования (КРУДО), осуществляемого силами Томского государственного университета и Казахстанского государственного

педагогического института. На базе Томского университета создана и активно действует ассоциация "Открытый университет Западной Сибири", в которую входят и 25 высших и научных учреждений Казахстан и России.

Жасөспірімдердің қылмысқа баруларының тағы бір себебі ретінде оларды кішкентай күнінен тәрбиелеу кезінде жіберіп алған қателіктер болуы мүмкін. Сондықтан әр отбасы балаларының тәрбиесін ең басынан қолдарына алуы қажет. Баланы тәрбиелеу туралы ұлы Абай Құнанбаев секілді ешкім айтпаған шығар. Ол өзінің 10-қарасөзінде: «Әуелі өз күнәңді өзің көтергеніңмен тұрмай, балаңның күнәсіне тағы да ортақ боласың. Әуелі балаңды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, міне, мұны берем» деп. Басында балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Боқта!» деп біреуді боқтатып, «кәпір, қияңқы, осыған тимеңдерші!» деп оны әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде молданың ең арзанын іздеп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, «пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?» дейді. Шыныменде, бұл көп отбасыда кездесетін және ойландыратын жәйт. Әр ата-ана өз балаларының сұрағанын көңілдерін қалдырмай, ренжітіп алудан қорқып алып беретіндері туралы уәде беріп жатады. Бірақ та, сол сөздерінде тұра алмай қалатын кездер де болып жатады. Сол кездерде «бала ғой» деп көңілін жықпағаннан гөрі, ересектерше ашық сөйлесіп, бәрін түсіндіруге тырысу дұрыс шешім болып табылады. Бала тәрбиесі өзекті мәселе болғандықтан Абай Құнанбаевтың бұл тақырыпқа қайта-қайта оралуы да сондықтан. Ол өзінің жетінші қарасөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі –білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, даусына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» дейді. Кей кездерде ата-аналар балаларының қызығып сұрап жаудыратын сұрақтарын жауапсыз қалдырып, «ойнай қойшы» дейтін сәттер болады. Бұл ата-ана тарапынан кеткен қателіктердің бірі болып табылады, сондықтан да баланың сұрап, білгісі келетін әр сұрағына бей-жай қарамай, жауап берген дұрыс.

Жасөспірімдердің арасында кездесетін қылмыстардың тағы бір түрі – ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру. Бұл қылмысты жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 188-бабына сәйкес мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш

жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
Негізі баланың бозбала шағы қиындық туғызады. Баланың ұрлықты үнемі жасауы әдетке айналып кетуі әбден мүмкін. Бала өз жанұясын емес, үйінен тыс жерлерден ұрлық жасаса, бұл өзінің жетіспеген қалауларын ұрлық арқылы жетістіруі болып табылады. Егер бала ұрлыққа үнемі баратын болса, есейген шағында бұл мінез-құлқының бір қалыптасқан дағдыға айналған бөлімі болады. Ата-ана баласының оларға кез келген сәтте арқа сүйеуіне болатынына сенімді болуына жағдай жасауы қажет. Ұрлықтың қиындықтарымен жұмыс жасай жүріп, ата-ана баласының орнына өзін қойып көруі қажет, тек солай баланың жағдайын түсінуге болады. Алайда, ұрлық жасаған балаға негізінде тек түсінушілікпен қарау жеткіліксіз. Ондай жағдайда халықтық педагогика танымдарынан да тәлім алуға болады. Мысалы:
баланды бес жасқа дейін патшаңдай сыйла;
он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса (айтқанды екі етпейтін елгезек болуға, әр ісін «талаппен бастап, талғаммен аяқтауға» әдеттендіру).
он бес жастан бастап тең құрбыңдай сыйлас. Халқымыз тіпті, «он үште отау иесі» деген сөз қалдырған. Яғни, бала өзіне артылған жауапкершіліктерді сезіне білуі қажет. Ой-санасы мен мінез-құлқын дұрыс қалыптастыруға бағыт-бағдар беру ата-ананың басты міндеті болып табылады.

Қазіргі жасөспірімдердің көпшілігі оқуға, адал еңбекке ынта қоймайды, бос уақыттарын көбінесе қаңғыбастықпен, құмар ойындарға, ішімдікке, нашақорлық және басқа да есеңгіртетін заттарды пайдалануға, ойынханаларда жат музыка тыңдауға арнайды. Қылмыс жасаған жасөспірімдердің бір бөлігі ақыл ойының кемістігі барлар, жүйке ауруымен ауыратындар болып отыр. Бұлардың көпшілігі тәрбиенің, бақылаудың жоқтығынан ерте бастан ішімдікке, есірткілік заттарды тұтынуға үйренген, қаңғыбастықпен, үйден қашып, кездейсоқ қылмыстық заттармен байланыс жасағандар. Бүгінгі жасөспірімдер ортасында әлеуметтік топтар арасында қарама-қайшылық бар, яғни, бір топ жастар өзін қорғауда біреулерге арқа сүйейді, олардың ішінде билік органдары да бар. Ал екінші топ ондай көмекке ие бола алмайды. Сондықтан олар қыспаққа түседі.
Жиі кездесетін қылмыстардың бірі болып алаяқтық саналады. Алаяқтық жолмен алдау дегеніміз шындыққа жатпайтын фактілерді көрінеу бұрмалап, жалған хабар беру, мәлімдеме жасау, жалған құжаттар көрсету арқылы өзін құқық қорғау органының қызметкері етіп көрсету, әр түрлі келісімдер бойынша бұйымның, заттың саны, сапасы, бағасы жөнінде көрінеу шатастыру, жалған сенім хаттар көрсетіп, басқа біреуге тиесілі қаражатты немесе мүлікке құқықты алу, осындай әдіспен біреудің үйін, көлігін және басқа мүлкін сатып, айырбастап жіберу, т.б. болып табылады. Бұл қылмысты жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 190-бабына сәйкес мүлкі тәркіленіп, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмысқа апаратын тағы бір себеп ретінде есірткіні айтып өткен жөн. Жастардың арасында есірткіге әуестік көбіне білместіктен басталады. Есірткіні түнгі клубтар мен би алаңдарында, арнайы сатылатын орындардан, тіпті мектепте де сатып алуға болады. Уақытпен бірге есірткінің дамуы жүруде. Бұрын жасөспірімдер анаша, марихуана шегіп улы химиялық заттар иіскейтін болса, қазір героин, кокаин, синтетикалық есірткілерді қолданады. Ал синтетикалық есірткінің ерекшелігі, адам оған бір-ақ рет дәмін татқаннан кейін әуес болып қалады. Жасөспірім балалардың нашақорлыққа салынуының себептері ретінде мыналарды айтуға болады: ата-ананың баласын тәрбиелеуге уақытының болмауы, жасөспірімнің отбасы мүшелерінің бірі арақ-шарап ішуі немесе есірткі қолдануы; әкесі мен шешесінің жиі жанжалдасуы; ата-ананың бірі бала тумай тұрғанда маскүнем болуы; отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сүйіспеншілігінің болмауы, отбасындағы түсініспеушіліктің

орын алуы; мектепте мұғалімдердің нашақорлық мәселелеріне көңіл бөлмеуі, жасөспірімдер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізбеуі.

Жалпы 2020 жылдың басында еліміз бойынша жастар қолымен жасалған 1289 қылмыстық іс тіркелген. Соның 538-і ауыр қылмыс категорияларына кісі өлімін туындату, әйел зорлау, қарақшылық шабуыл жасау, тән жарақатын салу түрлері жатады.

Қорыта келсек, жасөспірім балалардың көпшілігі өздерін кінәлі санамай, қылмысқа баруларын жұмыссыздықтан, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайдан көреді. Бастарына төнген қиындықтардан шығатын басқа жолдар іздестіргілері келмейді. Осы жасөспірімдердің қылмыстарының алдын алу үшін ең алдымен мемлекеттік органдармен байланыс орнату қажет. Жасөспірім балалар арасында патриоттық сезімін, мәдени құндылықтарды дамытып, тәрбиелеу керек. Әрбір отбасында өсіп келе жатқан балаларымен жақын сөйлесіп, оның мазалаған ойларын біліп, айналасында қоршаған достары туралы хабардар болуы қажет. Және де қылмыстарды азайту мақсатында мына шараларды орындау қажет:

- Кәмелетке толмағандардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында белгілі бір жеңілдіктермен мәдени, спорттық кешендер салу;
- Ата-аналардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында арнайы құқықтық білім беру орталықтарын ұйымдастыру;
- Көше тәртібін қадағалауға сол кәмелетке толмағандардың өзін «Жас сақшылар» деген құқықтық ұйымдар ұйымдастыру арқылы тарту;
- Ішкі істер органдары мен мектептердің, ата-аналардың байланысын одан әрі нығайту;
- Оқушыларға, жалпы жасөспірімдерге арналған құқықтық басылымдар шығару.

Еліміздің ертеңі нұрлы болсын десек, осы бастан мемлекеттің болашағы жастарды түзу жолға салып, өркениетке бағыттау керекпіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі: Ерекше бөлім, 2014 ж.
2. Антонян Ю.М. Причины преступного поведения. – М., 1992 г.
3. Ветров Н.И. Профилактика правонарушений среди молодежи. – М., 1980 г.
4. Қайыржанов Е.І., Бұғыбай Д. Кәмелетке толмаған қылмыскерлерге жаза тағайындаудың ерекшеліктері. - Алматы: Өркениет, 2000 ж.
5. Нарикбаев М.С. Уголовная ответственность несовершеннолетних.
6. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне түсіндірме: Ерекше бөлім, 2015 ж.
7. Филоновский И.Г. Мотивы и цели преступлений, 1968 г.

ПРОФИЛАКТИКА ЭКСТРЕМИЗМА И ТЕРРОРИЗМА В ПОДРОСТКОВОЙ СРЕДЕ

Жастлек Дарига, студентка I курса педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель - **Вориводина А.Р.,** кандидат юридических наук, доцент ЗКИТУ

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

В современном мире реальную угрозу национальной безопасности страны представляют - экстремизм и терроризм.
Почему мы об этом говорим?

Во-первых, молодежь - самая неподготовленная, пластичная среда для проникновения идей экстремизма и терроризма с еще несформировавшейся психикой, легко поддающаяся на уловки хорошо подготовленных провокаторов.

Во-вторых, экстремизм и терроризм постоянно подпитывается неопределенностью положения молодого человека и его неустановившимся взглядами на происходящее.
Википедия говорит нам, что такое экстремизм и терроризм то это процессы глобализации в экономической, политической, культурной сферах, втягивающие население в нашем случае молодежь в миграционные потоки разного характера и уровня, проводят к усложнению структурных связей конкретных обществ и всего сообщества в целом. В современной науке нет однозначного определения понятия «экстремизм», «терроризм» как такового, единое отношение отсутствует и в мировой юридической практике [5] .Этимологически происходит от лат. «крайний» и может быть интерпретировано как приверженность крайним взглядам и мерам.

В некоторых странах такого рода деяния называют преступлениями по мотивам вражды и ненависти, но в данном случае вражда и ненависть испытывается не просто к человеку как к личности, а как к представителю определенной национальной, религиозной, социальной группы, как к носителю тех или иных политических и идеологических взглядов и убеждений. Это не просто убийца или хулиган, это «идейный» преступник, убежденный в своей правоте.

Если насматривать каждую тему отдельно то можно сказать терроризм – это тяжкое преступление, когда организованная группа людей стремиться достичь своей цели при помощи насилья. Террористы – это люди, которые захватывают в заложники, организуют взрывы в многолюдных местах, используют оружие. Часто жертвами терроризма становятся невинные люди, среди которых есть и дети. Понятие «терроризм», «террорист», появилось во Франции в конце 18 века. Так называли себя якобинцы, причем всегда с положительными оттенками. Однако во время Великой французской революции слово «Терроризм» превратилось в синоним преступника. До самых недавних пор понятие «терроризм» уже означало спектр различных оттенков насилия.[6]

18 февраля 2005 года в Казахстане был принят Закон "О противодействии экстремизму" под номером.[3] Согласно закону, экстремизм – это совершение физическим и (или) юридическим лицом или объединением, признанными в установленном порядке экстремистскими, следующих действий и целей:
-насильственное изменение конституционного строя;
-нарушение суверенитета Республики Казахстан, целостности, неприкосновенности и не отчуждаемости её территории;
-подрыв национальной безопасности и обороноспособности государства;
-насильственный захват власти или насильственное удержание власти;
-создание, руководство и участие в незаконном военизированном формировании;
-организация вооружённого мятежа и участие в нём;
-разжигание социальной, сословной розни (политический экстремизм).

Терроризм – это идеология насилия и практика воздействия на принятие решения государственными органами, органами местного самоуправления или международными

организациями путём совершения либо угрозы совершения насильственных и (или) иных преступных действий, связанных с устрашением населения и направленных на причинение ущерба личности, обществу и государству.

Основные типы терроризма:

-националистический
-религиозный
-ядерный
-транспортный
-государственный
-внутренний
-анархический

Основными чертами современного молодежного экстремизма является возрастающая организованность, сплоченность группировок, формирование в них идеологических, аналитических и боевых структур усиление мер конспирации, применение для распространения своей идеологии и координации действий новейших информационных технологий, в перечень основных причин роста экстремистского поведения молодежи, исследователи склонны включать следующие: социальное неравенство, желание самоутвердится, недостаточную социальную зрелость, а также недостаточный профессиональный жизненный опыт, а следовательно, и сравнительно невысокий (неопытный, маргинальный) социальный статус. В настоящие время в сознание молодежи преобладают негативные оценки в отношении нынешнего состояния Казахстана и его будущего. По мнению Тахировича А.Б. современная молодежь проходит свое становление в очень сложных условиях ломки старых ценностей и формирования новых социальных отношений. Отсюда растерянность, пессимизм, неверие в будущее. Растут агрессивность и экстремизм, шовинизм и криминальность. Поэтому такой аспект молодежи, как изучение проблематики молодежного экстремизма весьма актуален. Молодежный экстремизм как явление последних десятилетий можно рассмотреть с различных позиций, чаще выражающееся в пренебрежении к действующим в обществе правилам и нормам поведения или в отрицании их. Молодежь во все времена была подвержена радикальным настроениям. В силу возрастных ее свойств даже в спокойные времена количество радикально настроенных людей среди молодежи всегда выше, чем среди остального населения. Мы знаем насколько распространен терроризм, знаем страшные страницы истории в последнее время, когда мы становились очевидцами страшным трагических событий.[7]

Экстремизм- это сложная и неоднородная форма выражения ненависти и вражды. Различают следующие виды экстремизма:

-политический
-национальный
-религиозный

Политический экстремизм- это движения или течения против существующего конституционного строя.

Национальный экстремизм выступает под лозунгами защиты «своего народа», его экономических интересов, культурных ценностей, как правило, в ущерб представителей других национальностей, проживающих на этой же территории.

Под религиозным экстремизмом понимают нетерпимость по отношению к инакомыслящим представителям той же или другой религий. В последние годы обострилась проблема исламского экстремизма.

Рассмотрим несколько глобальных примеров на тему террористические атаки. Самый крупный террористический атак в мире 11 сентября 2001 года в США, вошедшая в историю по названием «Теракт 11 сентября». Его жертвами стали 2993 человека, почти десять тысяч человек получили ранения. Утром 11 сентября 19 террористов захватили четыре пассажирских самолета, два из которых были направлены в башни Всемирного торгового центра, расположенные в южной части Манхэттена в Нью-Йорке. В результате атак башни

обрушились, вызвав серьезные разрушения прилегающих строений. Третий самолет, захваченный террористами, атаковал военное ведомство Пентагон в Вашингтоне. Четвертый авиалайнер не долетел до цели- пассажиры и экипаж самолета попытались перехватить управления, и в результате этого самолет упал в поле в штате Пенсильвания. Ответственность за теракт взяла на себя международная исламская организация «Аль-Каида». Его лидером является Усама бен Ладен, который спустя десять лет после катастрофы бал убит американскими военными. Ответственность за еще один кровавую катастрофу взяла на себя организация, являющаяся частью «Аль-Каиды». Под названием «Взрывы Мадриде», 11 марта 2004 года серия терактов потрясла испанскую страну. С интервалом в несколько минут в окрестностях Мадрида взорвались десять заложенных взрывных устройств. Все взрывы сработали в четырех пригородных поездах. Трагедия унесла 191 человек, более двух тысяч человек получили ранения. В ходе расследования было выдвинуто предложение, что дата терактов в Мадриде была выбрана с символическим значением- взрыв прогремели через 911 дней (и ровно 2,5 года) после терактов в США 11 сентября 2001 года (9\11).[8]

Террористическая организация « Аль-Каида» считается наиболее опасной после «ИГИЛ».

Исламское государство Ирака и Леванта – это террористическая организация, которую можно назвать самой активной из нашего списка. Будучи сформирована в 2004 году. Эта организация выступает за возвращение к оригинальной интерпретации исламских текстов, пропагандирующих шариат и насильственное распространение ислама. Организация регулярно снимает видео казней и выкладывает их в сеть, внушая страх и ужас всему миру.
Подростки террористы: десятиклассник Сергей Гордеев- вооруженный винтовкой и карабином, ворвался в кабинет географии и двумя выстрелами убил учителя, затем после прибытия Гордеев открыл огонь по полицейским, в результате чего старший сержант Сергей Бушуев получил смертельное ранение. Старшеклассники Эрик Харрис и Дилан Клиболд- вооруженные до зубок на своих автомобилях припарковались у здания школы и заложили в школьной столовой две бомбы с таймером. Юнцы планировали дождаться взрывов на улице, а затем расстреливать всех выбегающих из здания людей. Школьники планировали уничтожить около 500 человек, однако бомбы не сработали. И тогда школьники ворвались в школу и начали стрелять по всех кто попадется в их поле зрения. Они убили одного учителя и 12 учеников, и более 20 были ранены. После бойни убийцы покончили собой: каждый выстрелил себе в голову.

Борьба с терроризмом и экстремизмом становится первоочередной задачей не только правоохранительных органов, но и государств, и союзов государств. Этот вопрос вынесен на уровне ООН, где недавно был даже создан пост заместителя генерального секретаря ООН- главы контртеррористического управления. К сожалению, Казахстан не стал исключением. В нашей стране также ведется борьба с терроризмом и экстремизмом. Первый президент Назарбаев Н.А. в своей книге «Критическое десятилетие» отмечает « Каковы бы ни были геополитические причины происхождения терроризма в лице отдельных террористов или террористических групп, терроризм окончательно вышел из-под контроля мировых и региональных держав».[4]

Противодействие терроризму и религиозному экстремизму в Казахстане имеет превентивную направленность и является одной из направлений в обеспечении национальной безопасности страны.

Безусловно, проводить профилактику экстремизма и терроризма среди молодежи намного выгоднее, чем ликвидировать последствия подобных явлений. Можно, в частности, предложить следующие действия, направленные на уменьшение радикальных проявлений в молодежной среде:

Первое - проведение комплексных мероприятий по формированию правовой культуры в молодежной среде. Так же расширение юридической составляющей в воспитании и образовании. Знание своих собственных прав и свобод будет способствовать

развитию у молодого поколения чувства уважения к правам и свободам других лиц, в том числе к их жизни, здоровью и достоинству.

Второе - совершенствование вопросов досуга и отдыха молодежи. Необходимо также активнее пропагандировать в молодежной среде здоровый образ жизни, занятия спортом и физической культурой. Важно заметить, что перечисленные мероприятия должны быть доступны всей молодежи и в материальном плане.

Третье - воспитание у молодежи толерантного мировоззрения, терпимого отношения ко всем людям, вне зависимости от их национальности, религии, социального, имущественного положения и иных обстоятельств.

Четвертое - повышение уровня социальной и материальной защищенности молодежи, помощь в трудоустройстве молодых специалистов, поддержка жилищных программ для молодежи.

Согласно УКРК за террористический акт, то есть совершение взрыва, поджога или иных действий совершенных против общественной безопасности, устрашения населения, оказания воздействия на принятие решений государственными органами РК. Наказываются лишением свободы на срок от 6 до 10 лет конфискацией имущества (ст. 255). Пропаганда терроризма или публичные призывы к совершению акта терроризма, а равно изготовление , хранение с целью распространения или распространение материалов указанного содержания. Лишения свободы на срок от 5 до 10 лет с конфискацией имущества (ст. 256). Создание, руководство террористической группой и участие в ее деятельности наказываются лишением свободы на срок от 10 до 17 лет с конфискацией имущества, лишением гражданства Республики Казахстан или без такового (ст. 257). Финансирование террористической или экстремистской деятельности и иное пособничество терроризму либо экстремизму- лишения свободы от 5 до 10 лет с конфискацией имущества (ст.258). Вербовка или подготовка либо вооружение лиц в целях организации террористической либо экстремистской деятельности – наказывается лишением свободы на срок от 8 до 12 лет с конфискацией имущества (ст.259). Прохождение террористической или экстремистской подготовки – лишение свободы от 3 до 7 лет (ст. 260). Захват или удержание лица в качестве заложника, совершенные в целях понуждения государства, организации или другого лица совершить какое-либо действие или воздержаться от совершения какого-либо действия как условия освобождения заложника – наказываются лишением свободы на срок от 3 до 8 лет (ст. 261). [2]

Подводя итоги терроризм и экстремизм самая главная угроза для Казахстана так и для других стран. При этом отметим необходимость противостоять вовлечению в террористическую деятельность, так как существует опасность оказаться в сетях террористической организации, попав под влияние идеологии насилия и экстремистского мышления. Отметим ряд факторов и социальных явлений, которые могут способствовать вовлечению человека в террористическую деятельность:

- рост неудовлетворённости в обществе, прежде всего из-за большого разрыва в уровне доходов между самыми богатыми и самыми бедным;
- упадок духовной жизни общества, разрушение исторических и культурных традиций народов, утверждение культа индивидуализма, эгоизма и насилия, формирование в обществе неверия в способность государства защитить своих граждан, снижение значимости таких понятий, как долг, достоинство, честь и верность Родине;
- влияние организованной преступности на обострение и углубление противоречий в обществе, постепенное втягивание определенной части населения в криминальные отношения;
- снижение уровня защищенности жизненно важных интересов личности от внешних и внутренних угроз, снижение уровня жизнь населения, безработица, - все это способствует формированию в обществе настроений социальной отчужденности, усилению эгоизма, апатии и иждивенчества со стороны значительной части населения.

Список литературы:

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 23.03.2019 г.)

2. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года №226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 30.12.2020 г.)

3. Закон Республики Казахстан от 18 февраля 2005 года №-31 « О противодействии экстремизма» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 25.05.2020г.)

4. Назарбаев Н.А., Критическое десятилетие. – Алматы, 2003г.

5. Википедия. Доклад о работе с родителями. Конференция «Профилактика экстремизма и терроризма в подростковой среде»

6. Бозиев А.Т., О некоторых условиях повышения эффективности предупреждения экстремизма и терроризма в подростковой среде

7. Архив телевизионных эфиров американских каналов за 11 сентбря 2001 года.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ИСЛАМ ДІНІНІҢ АРА-ҚАТЫНАСЫ

Жиналиев Ғарипулла, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
тарих, экономика және құқық факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекші- **Тасмағамбетов А.С**., т.ғ.д., доцент

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Қазақ даласына тараған мың жылдан астам тарихы бар ислам діні көшпенділердің салт -дәстүрлерімен біте қайнасып, Ұлы дала халқының ажырамас бөлігі болып кеткені тарихымыз бен мәдениетімізден анық байқалып тұр. Қазақ еліне ислам діні еніп таралғанына он екі ғасырдан астам уақыт өтті. Оның басында ислам, дін уағыздаушы дәрүіштер арқылы тарап, бірте-бірте елдің саяси әлеуметтік, мәдени өміріне кең түрде араласып, маңызды орын атқаратын болып шықты.

XIY-XY ғасырларда Қазақ елі ислам дінінің Ханафи мазһабының (діни-заңдылық мектеп) жолын ұстанушы аймақ ретінде араб елдеріне танымал болып, сонымен бірге сопылық бағытын ұстанатын болды. Жергілікті қарапайым халық көбіне сопылық бағытын ұстанған (пір, ишан, дәрүіштерге) көбірек ілтипат танытты. Себебі дәстүрлі дінбасыларға қарағанда, сопылық бағытының өкілдері қарапайым халыққа жықынырақ болып көрінді [1, 41 б].

Жергілікті ислам орталығы Түркістан қаласындағы сопылық бағытының өкілі Хазірет Сұлтан – Қожа Ахмет Иассауй (XII ғ.) кесенесі болды. Бұл сопылық орталықта қазақ ата – бабаларымыз атақты адамдар мен хандарды жерлейтін болды. К.Рыжовтың кітабында: «Алтын Ордада мемлекеттік – құқықтық сала ислам дінінің заңдарына негізделіп, Шыңғысхан ұрпақтары (араб сөзі «сұлтан») деп аталып, діни ақсүйектер қожалар пайда болды», - деп жазылады [2, 28 б].

Қазақ хандығы дәуірінің кезінде оның халқы мұсылман елдерімен тығыз байланыс орнатып отырды. Халықтың рухани өмірінде Бұқара, Самарқан, Хиуа, Ташкент, Туркістан қалалары маңызды орын атқарып, халық арасында Йассауи сопылық бағыты кең өріс алды. Онымен қатар, рухани сахнаға Орта Азия аймағынан Нақшбандия сопылық ағымы пайда болды. Нақшбандия тариқаты (өзге сопылық тариқатынан айырмашылығы) қатты дауыстап зікір салу практикасын жойып, ритуалдық аспабтар қолдану практикасын тоқтатып, исламның дәстүрлі ортодоксалдық бағытымен шиеленісу жолдарын азайтқан болатын [3].

Қазақ Хандығында ислам діні мемлекеттік деңгейге көтерілді, - дейді зерттеуші А.Сұлтангалиева [4, 30 б]. Ш.Құдайбердіұлы айтуы бойынша ислам діні Алтын Орда дәуірінде мемлекеттік дін болып орнықты. В.Радловтың айтқанын құптап, көптеген батыс зерттеушілері қазақтарды сунниттік бағытын ұстанған мұсылмандар деп үзілді – кесілді нақты айтқан болатын деп жазады А.Нургалиева [5, 36 б].

Исламтанушы Әшірбек Момынов қазақтардың ортағасырларда өзіндік мұсылман жамағаты қалыптасқанын айтуда. Қазақстан мен Орта Азия аймағында Ханафи мазһабы, матуриди мектебі қалыптасқаны белгілі. Бұл мазһаб бойынша, мұсылман болу үшін «Иман» - яғни «Ля илляһа илАллаһ, Мұхаммад расұлАллаһ», - деп тілмен айтып, жүрекпен бекіту жеткілікті болатын. Ал намаз оқымау күнә болғанымен иманнан айырмайды деп айтылатын, яғни иман мен амал екі бөлек ұғым.

Ғалым Ибн Рузбихан: «Бұрындық хан мен Қасым хан дәүіріндегі қазақтар өздерін мұсылман деп танитын», - деп айтуда [6].

Өлкетанушы Иван Андреев XYIII ғасырдың 80-ші жылдары найман ханы Абұлфейізбен дос болып сол уақыттағы қариялардан қазақтардың Алтын Орда дәүірінен мұсылмандықты берік ұстанып жүргенін жазып алған. Алтын Ордада мешіт қызметін атқарған киіз үйлер болғандығы да айтылуда [7].

Қожаберген жырау – жау мезгілде сарбаздарды ескертіп, «намазды қысқартып оқыңыз, оқығанда біреуіңізді күзетші етіп қойыңыз», - деп ескерткеніне қарағанда, сарбаздар намаздарын қаза қылмай оқығандарын байқауға болады [8].

Ислам қазақтың тілін байытып, ертегілер, аңыз – әфсәна, ән – жыр бүкіл фолклор тұрмыс – салт өмірге араласып, өз әсерін қалдырғаны белгілі. Қазақ тілі жаңа сөздерімен байытылып мың құбылып шықты. Ханафи мазhабы өзінің толеранттігімен қазақтардың санасына тез сіңіп, біте қайнасып кетті. Көнеден келе жатқан Наурыз мейрамы ислам дініне сіңісіп, наурыз тойында Құран оқылып, аруақтарға дұға бағышталып, діни өкілдерінің батасымен басталатын болды. Ислам келісімен наурыз мейрамында жаңа кейіпкер Қызыр баба немесе Қадыр Ата келеді, бар армандарымызды орындайды деп сенетін болды халық. Наурыз мейрамында Қыдыр Атаны көрсек, бақ қонып қыдыр дариды, деп жорыды (Қызыр – сопылық мифологиясының кейіпкері) [9].

Ертедегі бақсылардың сарындарымен емдеу тәсілі, сопылық ағымымен ұштасып, Құранмен емдеу, дұға оқу, дем салу деген ислам қағидаларымен біте қайнасып кетті.

Кеңес одағының дүркіреп тұрған кезінде ислам діні ресми сахнада көрінбей тұрса да, қазақтың өмірінде маңызды орын алғандығы көнекөз қариялармыздың әнгімесінен байқалып тұрады.Қалалық өмір салты діннен алыстау болуы мүмкін, бірақ, ауылдықтар ислам дінінің салт – дәстүрлерімен тығыз байланыста болғандығы зерттеу нәтижесінде анық болып отыр. Олардың барлығын тізбектеп айтып шығуға тырыссақ, ең біріншісі, адам баласы шырылдап дүние есігін айқара ашқан сәттен – ақ, Ислам дінінің ең бірінші қағидасы, сол жаңа туылған нәрестеге азан шақырып ат қою болған. Жаңа туылған баланың құлағына азан шақырудың сыры, баланың ең алғаш естігені Аллаh Тағаланы ұлықтау сөздері мен Мұхаммед Саллалаhу Ғалейhи Уәссаламның оның құлы әрі елшісі екендігін дәлелдейтін шаhада сөздері болсын деген тілек.

Сондай – ақ, Пайғамбар (С.Ғ.С.) немересі Хусайн бин Әлиден (р.а.): «Туылған баланың он құлағына азан айтып, сол құлағына қамат айтса, ол балаға жын – шайтанның зияны тимейді», - деген хадис риуаят етілген. Яғни, азан айтқанда, жын – шайтан қашады делінген. Ал, бала дүниеге келгенде, оны жын – шайтан мазалайтынын Пайғамбарымыз (С.Ғ.С.) айтқан болатын: «Мариям және оның ұлынан басқа, әрбір балаға туылған сәтте шайтан тиіседі. Шайтан тиіскен сәтте, бала шырылдай бастайды», - деген [10].

Сондықтан, сәбидің құлағына азан шақырылса, ұйықысы тыныш болады, - деп айтқан ислам ғұламалары. Сол қағиданы ұстанып, зерттелген аймақтың барлығы да 90 пайызы балаларына туылған күнінен азан шақырып ат қойған екен. Тіпті, бұл амал парыз емес сүннет амалы болса да (яғни, Құранда айтылмаған, Пайғамбарымыз (С.Ғ.С.) өсиет етіп кеткен). Бұл амалды әрбір өзін мұсылманмын деп санаған адам өзіне міндет деп қабылдаған. Негізі, ислам қағидасы бойынша, балаға туысымен азан шақырып ат қойған. Немесе нәрестеге үш күн болғанда, ең әрі бес не жеті күн толғанда азан шақырып ат қою дұрыс деп қабылдаған [8].

Ал, зерттелген аймақта, бала қырқысынан шыққанда, яғни қырық күн толғанда, шашын, тырнағын алып, кісі шақырып, бесікке салып, молданы шақыртып азан айтып ат қойған. Қариялардың айтуы бойынша, қырық күннің себебі, ол уақытта (20-шы ғасырдың 50-

60-шы жылдары) Кеңес одағының ауылдық жерлерінде медициналық жағдай төмен болған екен. Ауылдағы қазақ әйелдері көбіне үйде босанып жүрген, қасында жөн білетін қартаңдау әйел болса жақсы, болмаса, далалықта – қырлықта отағасы мал бағып жүргенде, сол уақыттағы әйелдер өздері босанып, өз сәбиінің кіндігін өзі кесіп, отағасы малдан оралғанша, өзі жуынып – шайынып, сәбиін емізіп, құндақтап ұйықтатып, өзі үй жинап ас пісіріп, шай қайнатып ештеңе болмағандай, отағасын күтіп отырады екен.

Сол медициналық жағдай төмен болған себептен, сәбилер көп шетінеген көрінеді. Қырық күн өтіп халықты жинап, той жасайтын себебі: «сәби тұра ма, тұрмай ма?», - деген ой. Қырық күннен кейін, нәресте ет жинап, күле бастағасын, әрі қарай тұратын болды. Той қылып бесікке салуға болады деп тұжырымға келген. Осы жердегі көріністе ислам дінімен қазақтың салт - дәстүрінің ұштастылығы анық байқалады, ең бірінші: қырқынан шығарып, шаш – тырнағын алып, тұма – туыс, көрші – көлем, алыс – жақын халықты жинап, той жасап бесікке салу салты – бұл қазақтың салт – дәстүрі, ал екінші: осы жерде, жергілікті мешіт қызметкерін немесе бір елге сыйлы, халыққа қадірлі ақсақалды шақырып алып, сол кісіге азан шақыртып сәбиге ат қою салты – бұл исламның қағидасы. Қырқынан шығару салты – ежелден келе жатқан ғұрып. Ол ислам дінінен бұрын қазақ даласында пайда болған салттарының бірі, шариғатқа еш қайшылығы жоқ, сондықтан, Ханафи мазһабінің ғұламалары бұл салтты өткізуге рұқсатын берген.

Негізі, халық дәстүрінде, қырқынан шығару мен бесікке салу екі бөлек салт болуы мүмкін, бірақ, зерттелген аймақта, бұл екі дәстүрдің біріккені байқалады. Қырқысынан шығару салтында, халықты шақырып, сол шақырылған адамдардың алдында, азан шақырып ат қойып, бесікке салу үрдісін жасаған [6].

«Бесік алып бару» - қазақтар бір жерге келін болып түскен қызының түңғышына, қыздың ата – анасы бесік дайындап, алып барған. Тойға жиналған халық осы жерде құдаларымен танысады. Қыздың жеңгелері халықтан бесіктің көрімдігін сұрайды. Жөргектен шығарып, иткөйлегін кигізіп, бесікке салуға әйелдер ішінен ең сыйлы, парасатты, жөн білетін, бала – шағалы болған бәйбішелердің бірі салады. Баланы бесікке саларда, бесікті отпен аластау ырымы жасалады. Бұл ырым исламнан бұрын зороастризм (отқа табынушылық), дәүірінен қалған болуы керек. Нәрестені бесікке салып, бесіктің түбек тесігінен, қолын жайып тосқандарға «тыштыма» үлестіреді. Жаңа бесікке «тыштыма» алғандары байғазыларын береді.

Ханфи мазһабінің сопылық бағыты Қазақстан жеріне тез сіңісіп кеткен бір себебі, бұл бағыт, басқа исламнан бұрынғы шариғатқа қайшы келмейтін салт – дәстүрлерді қабылдап, жаңа деңгейге көтеріп шығарған. Сондықтан, қазақ елінде исламнан бұрыңғы әдеп – ғұрыптар ислам дінімен бірігіп, біте қайнасып кеткен. Қырқысынан шығарып, азан шақырып ат қойып, бесікке салу да, осының бір айғағы [11].

Зерттелген аймақтың ерекшелігі, түрік – қыпшақ заманынан бастау алып, Алтын Орда кезеңінде, патшалық Ресей уақытында,кеңес дәүірінің дүркіреп тұрған заманының өзінде, халқымыз ата – баба салт – дәстүрлерін берік ұстанып, ислам дінінен бұрын пайда болған дәстүрлердің мұсылман дінімен біте қайнасып, осы өңірге тән Далалық ислам қалыптасқанын байқауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мустафина Р.М. «Бытовой Ислам в Казахстане. Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем». Сборник статей. – Алматы:НИЦ «Ғылым», 2001.

2. Рыжов К. Все монархи мира. Мусульманский Восток. XY-XX в.в. – Москва, 2004.
3. edu.e-history.kz «Ислам в Казахстане в современный период». Мустафина Р.М. профессор университета им. Л.Н.Гумилева.
4. Сұлтангалиева А. Ислам в Казахстане. – Алматы, 1998. , с 30
5. Нургалиева А.М. «Ислам в социокультурных традициях казахского народа восприятие западно-европейских и американских авторов 18-12 в.в.»// Евразиискоe сообщество, №1 (57). 2007 г.
6. Ислам в Казахстане в советский период». (Информационная поддержка школьников, студентов и преподавателей) // m.kaz-ekzams.ru.
7. Islam. «Религия Казахского ханства». Н.Нуртазина д.и.н. религиовед. 19.11.2014 г.
8. Posredi.ru. «Суфизм на Южном Урале». Л.Ямаева. 18.02.2016 г.
9. el.kz. «Бата алу пір тұту». Дереккөзі: «Қазақтың балуандық өнері», Е.Әлімханов. 06.06.2013.
10. «Азан шақырып ат қою парыз ба?». «Әзірет Султан» мешітінің ресми сайты. 27.02.2014 ж.
11. edu.e-history.kz «Қазақ Еліндегі Ислам білім беру институтының эволюциясы». Б.М. Әпенов к.ф.н. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері.

НӘЖІМЕДЕН ЫҚСАНҰЛЫ ЕСКАЛИЕВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Зайнуллина Назгуль, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
тарих, экономика және құқық факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекші - **Рысбеков З.Т**., т.ғ.д., академик

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Есқалиев Нәжімеден Ықсанұлы – мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат. Батыс Қазақстан облысындағы еңбек жолын 1966 жылы Жәнібек ауданының «Талов» совхозында бөлімше агрономы болып бастап, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы дәрежесіне дейін көтерілді. Содан соң бірнеше жыл облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары болып істеді.

1980 жылы Мәскеудегі КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы халық шаруашылығы академиясын бітіргеннен кейін, Талдықорған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына бастық етіп жіберілді. Бұдан кейін Талдықорған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінде бірнеше жыл істеді. 1985 жылы Орал облысына қайтып оралып, облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып істейді. Бұл кезеңде ол қоғамдық және саяси қайраткер ретінде өзін таныта білген, өз ісіне құзырлы, ахуалды обьективті бағалай білетін кемел басшы болып танылып үлгерген еді. Сол себептен де облыс басшылығының тізгінін ұстайтын адам қажет болған шақта, 1986 жылы бірауыздан Орал облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Осыдан бастап 7 жыл бойы облыстың бірінші басшысы болды. Тек мемлекеттік басқару құрылымының өзгеруіне байланысты оның қызметі де өзгеріп отырды. 1986 жылдан 1993 жылға дейін Нәжімеден Ықсанұлы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық Кеңестің төрағасы, Батыс Қазақстан облысының әкімі, ҚР Премьер-Министірінің кеңесшісі қызметтерінде болды. 1994 жылдан бастап елшілік қызметке ауыстырылды. Ол Қазақстан Республикасының Өзбекстандағы төтенше және өкілетті елшісі болды.

Қазақстан Республикасының Украина Республикасындағы төтенше және толық өкілетті елшісі қызметін атқарған. Халықтар достығы орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Одақ, Республика Жоғарғы Кеңестерінің депутаты болған [1].

Сол жылдары ұлтжанды, білімді қазақ жастарының басын біріктірген «Жас тұлпардың» көздеген мұрат-мүддесі де, бағдарламалары да ұлтшылдық бағытпен үйлесе қоймайтын. Оның негізгі қызметі ағартушылық сипатта болатын. Бұл ұйымның ұйымдастырушылары, дем берушілері Мәскеуде оқыған озық ойлы қазақ жігіттері еді. Әрине жастардың ізгі ниет, махаббаттарын түсінбейтін,түсінігісі келмейтін тоталитарлық жүйе, белсенділердің белден басатын іс-әрекеттері қай-қайсымызға да оңай тие қойған жоқ. Біздің бақытымызға орай, институт ректоры Хайдар Арыстанбеков, партком хатшысы Михаил Рыбаков сынды көпті көрген, парасат-пайымы мол абзал азаматтар, аға буын өкілдері жастарға қорғаушы да, қамқоршы да бола білді. «Жас тұлпар» ұйымының мүшелері арасынан көптеген қоғам, мемлекет қайраткерлері, жоғары лауазым иелері, оқымысты-ғалымдар өсіп шықты. Болатхан Тайжан, Мұрат Әуезов, Сәбетқызы Ақатай, Мақаш Тәтімов сынды қазір ел таныған қайраткерлер осы ұйымның мүшелері еді.

Сол алпысыншы жылдарға тән, айрықша атап өтуге тұрарлық келелі істердің бірі студенттік құрылыс отрядтарындағы ұйымдастырушылық, тәрбие жұмыстарының халық шаруашылығының болашақ мамандарын қалыптастыруға жасаған игі әсерінің мол болғандығы. Мен алғашында институттың аудандағы отрядтарын басқардым. Сол кездегі республикалық және одақтық студент жастар отрядтарының жетекшілері болған Сырым Бөкейханов, Ғалым Әбілсейітов, Ергешбай Дербісов және басқа кейін елге белгілі болған азаматтар студенттік жылдардың өзінде қарым-қабілетімен ерекшелене білген еді.

Маған оқытушылық қызметке қалып, ғылым жолына түсуіме мүмкіндіктерім болғанымен жағдайым келе қоймады. Әкеміз қайтыс болып, өзімнен кіші алты бала жетім

қалды. Ауылға қайтуға мәжбүр болдым. Орал облысындағы Жәнібек ауданына қарасты «Талов» асыл тұқымды мал совхозының бөлімшесіне ферма агрономы болып орналастым. Содан табаны күректей 12 жылымды Орал облысындағы ауыл шаруашылығына арнауға тура келді.

Мен агроном, жалпы, ауыл-шаруашылығының маманы ретінде осы саладағы ресми еңбек жолымды 1966 жылы Жәнібек ауданына қарасты «Талов» кеңшарынан бастадым. Бұл шаруашылықты ол уақытта Георгий Панченко деген азамат басқарды. Ол шаруаның жай-жапсарын білетін, адамдармен тіл табысып, жұмыс істеуге пейілді әрі қазақшаға судай жақсы кісі еді, жарықтық. Кейде жастықтың жалынымен артықтау кетіп бара жатсақ, «Әй, Нәжімеден, сен білгішсініп, қайда барасың, өзі?» Білесің бе, мен Шоңай МТС-ін басқарғанда сен әлі туылмаған едің...» деп әзіл-шыны аралас сөз саптап, бізді сабамызға түсіріп қоятын. Мені мамандармен, жалпы ел-жұртпен тіл табыса отырып, шаруашылық басқарудың қысырына кәсіби тұрғыдан алғаш баулыған осы Георгий Ефимович Панченко болды. Сонымен қатар Шәпет Қоспанов, Мақсот Батыров, Кәрім Қайыршин, Сағидолла Жақсығалиев сынды ағаларымнан көп үлгі-өнеге алдым. Бұл кісілерді мен бүкіл өміріме жетерлік жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар сілтеген ұстаздарым деп есептеймін. Сондай-ақ осы қатарға кезінде Талдықорған облысын басқарған Сақан Құсайынов, Әбубәкір Тыныбаев сынды ағаларды да қосуға болады.

Мен 1980-1983 жылдары Талдықорған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасын басқардым. Ол кездері аталмыш облыста бидай шаруашылығының үлес салмағы мардымсыз еді. Сол себепті дәнді дақылдарға қатысты мамандар да тапшы болатын. Кейбір шаруашылықтары бидай егуге ден қойған бір-екі ауданды аралап көрсем негізгі технологиялық талаптардың өзі сақтала бермейді екен. Аудандардың басшыларынан дереу осыны реттеуді талап еттім [2] .

Нәжімеден Ықсанұлы Ескалиевтің «Парасат» журналына Көкшетау өңіріндегі жұмысы мен елшілік қызметі туралы берген сұқбатынан үзінді: Ең бірінші кезекте Көкше өңірінің халқы жақсы қабылданғанын айта кетсе деймін. Жақпасам ондағы мемлекет қазынасына қол сұғып, қара басының қамын ойлап, мол қарпып қалғысы келетіндерге ымырасыз ахуал орнатқамдығым шығар. Міне, осындай пайдакүнемдер, пысықниеттілер мен елшілік қызметке тағайындалғаннан кейін өш алып қалу мақсатымен артымнан «жаптым жала, жақтым күйенің» неше алуан ойлап тауып, арыз-шағым ұйымдастыра бастады. Дүниені шулатқан, айқайға үйір басылым мақала бастырыпты. Мұнан соң Республика Бас прокурорына хат жолдап, Көкшетаудағы қызметімнің ақ-қарасын анықтап беруін сұрадым. Тексерулердің қорытындысы өзім ойлағандай болып шықты. Жалған жала жабушылардың ойдан шығарылған дау-дамайды негізсіз деп табылды.

Бұдан он екі жыл бұрын ол – Қашқадарияға, мен – Оралға облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына бір күнде бекітілдік. Саяси Бюро мәжілісін Лигачев жүргізіп отырды. Тағдырдың жазуымен Ислам досымыз тәуелсіз Өзбекстанның тұңғыш Президенті болып сайланды да, мен елшілік қызметке келдім. Каримов – қазақ халқының үлкен досы, білікті практик, көреген саясаткер деп бағалаймын.

Әрі көршілес, әрі бауырлас халықтан үйренетін үлгі-өнеге, салт-дәстүрлер, халықтық қасиеттер мол деп есептеймін. Еңбексүйгіштігі, аздан да, көптен де үнемдей алатын ыждаһаттылығы, ұқсатқыштығы, қатал тәртіпке тез бейімделе алғыштығы, қарапайымдылығы мен бейнетқорлығы сияқты қасиеттеріне сүйсінемін. Оның үстіне әрбір өзбек – дипломат. Бұл қасиеттер өзбек ағайындардың өтпелі кезеңнің қиындықтарынан тез шыға алатындығына кепілдік бере алады. Экономикалық ахуалға келер болсақ, мәселен, Өзбекстан өнеркәсіп өнімдерін шығару жөнінен ТМД елдері бойынша ең алдыңғы қатарға шықты. Жалпы өзбек ағайындардың нарықтық қатынастар кезеңіндегі аса сақ та сергек іс-қимылы, әсіресе, өндірісті ауылға апаруға күш салып жатқандығынан да анық байқалады. Әндіжандағы шағын ғана Асака қаласында іске қосылған «УЗДЭУавто» өзбек-кәріс бірлескен кәсіпорынның өзі неге тұрады. Мемлекетте шай ішетін пиала, кілемнен бастап жеңіл машина, ұшаққа дейін шығарылып жатыр. Тағы бір жай ғана мысал. Өзбектер

Ташкент әуежайын шетелдіктерге сатқан жоқ, керісінше, шетелдердің жәрдемімен әуежайын кісі қызығарлықтай етіп жөндеп, көріктендіріп алды. Қазір бұл жерден әлемнің 30-дан астам еліне әуе қатынасы ашылған [3].

Біріншіден, мені бұдан бұрын Өзбекстан мен Тәжікістан Республика-ларына, одан кейін Украинаға төтенше және өкілетті елші қызметіне жіберуін Президентіміздің үлкен сенімі деп білемін. Бұл халықтың да сенімі. Екіншіден, бұрынғы кезде дипломатиялық қызметкерлер әзірлеумен тікелей шұғылданбаған жас тәуелсіз мемлекеттерде шетелдердегі өз өкілдерін түрліше деңгейдегі басшылық қызметтерде шетелдердегі өз өкілдерін түрліше деңгейдегі басшылық қызметтерде ысылған, жеткілікті тәжірибе жинақтаған, өмірден көрген-түйгені мол басшы қызметкерлерден іріктелуі соңғы үш-төрт жылдың ішінде өзін-өзі ақтай бастағанын көрсетуде. Болашақта біздің еліміздің дипломаттары да кәсіби шеберлігі, түрліше тіл игеруі, басқа да қажетті тәжірибелер жинақтау жағынан сапалық дәрежеге көтерілетіндігіне сенімдімін. Мысалға, Иран Республикасында Елшілік қызмет атқарып келген белгілі қоғам қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбековтың Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевтың бұйрығымен Жоғары дипломатиялық мектептің ректоры болып тағайындалуын өте оңды шешім болды деп бағалаймын [4].

Нәжімеден Ықсанұлы өзінің көп-күш жігерін Орал қаласының экономикалық жағынан дамып, көркеюіне жұмсады. Соның арқасында қалада тұрғын үйлердің бой көтеру қауырт артып, жылына облыс орталығында 300 мың шаршы метр пәтер салынды.

Қаладағы бірнеше мәдени-тұрмыстық нысандар сап түзеп, пайдалануға берілді. Оралдағы орталық демалыс бағы бастапқы қалпына келтіріліп, көріктендірілді. Емдеу орындарының саны артты, яғни емхана, перзентхана, диагностикалық орталық салынды. Тағы бір айта кетерлік жайт, 1990-1991 жылдары Одақтың тарауы барысында облыста және соның ішінде қалада бірінші қажеттегі тауарлардың халыққа уақытылы жетуіне үлес қосты.

Осы уақытта орын алған қыркүйек оқиғасындағы қақтығысты болдырмауға бірден-бір себепкер болған азамат екенін де айту парыз. Нәкеңнің шебер дипломатиясының арқасында сол кезде ушығып тұрған ұлтаралық қатынастар қайта қалпына келіп, мамыражай тірлік жалғасын тапты.

Сонымен, Нәжімеден Есқалиевтің мемлекеттік және қоғамдық қызметін зерттеу арқылы, оның ел тағдырын шешетін қилы қыстау кезеңдерде атқарған қызметінің маңыздылығын көреміз. Тәжікістан, Өзбекстан және Украина елдерінде елші қызметін атқарған кезде де еліміздің тарихи құндылықтарын анықтауы – тарихымызды терең білуге өз септігін молынан тигізді деп есептеймін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рысбеков Т. Таңдамалы шығармалар – Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары, 5 томдық. – Орал , - 2017.
2. Ықсанғали С. «Мен жастарға сенемін». Нәжімеден Ихсанұлы Есқалиевпен сұқбат// Орал өңірі. – 2007. – 19 маусым
3. «Бір тәңірдің хақтығына шек келтірген емеспін» // Парасат – 1997. – №5
4. «Дипломатияда Қытайдың білдіртпей енуі деген термин» // Орал өңірі. – 2011. – 8 қыркүйек

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДАН БАСТАЛАДЫ

Закина Альбина, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
тарих, экономика және құқық факультетінің II курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Отеуова А.К.,** заң ғылымдарының магистрі, М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетінің аға оқытушысы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады және олардан ешкім айыра алмайды. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңына сәйкес, бала деп, он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам танылады. Адам шыр етіп жерге түскен минутынан бастап, оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын қорғап отырған заң бар. Бұл заң 1948 жылы 10 - желтоқсанда қабылданған. «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы», сонымен қатар 1959 жылы қабылданған «Бала құқығы Декларациясы», міне осы декларациядан кейін 61 ел қол қойған 1989 ж 20 қарашада «Балалар құқығы туралы Конвенция» қабылданды. Бүгінде бұған 191 мемлекет кірген. Конвенция деген - арнаулы мәселелер жөніндегі келісім шарт. Осы Конвенция негізінде 2002 ж тамызда Қазақстанда «Балалар құқығы туралы» заң қабылданды. Бұл заң 9 - тарау, 53 - бап - тан тұрады. Осы ережелерді бұлжытпай орындау - біздің Отан, ел, халық алдындағы парызымыз. Біздің өмірдегі кейбір келеңсіз жағдайлардың көбі біздің осы заң талаптарын, тәртіп талаптарын білмейтінтіндігімізден туындап жататыны анық.

Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін баланың құқығы заңмен бекітіледі. Құқық қорғауды ата - аналар, бағып - қағу және қамқорлыққа алу органдары, сот, прокурор жүзеге асырады. Заң баланы озбырлықтың түрлерінен оның абройын төмендетуден, ата - аналар тарапынан болатын қиянаттан қорғайды. Қазақстан Республикасында балалардың мүддесі қорғала отырып, ондай ата - аналарды ата - аналық құқықтан және баланы бағып - қағуға беруден айыруға байланысты шараларды қолдану заңдық тұрғыда қарастырылған. Бала мүліктік құқыққа ие. Ол көбінесе өз ата - аналарының және отбасының өзге де мүшелерінің күтіп бағуы құқықтарына байланысты болмақ. Алименттер, зейнетақы мен жәрдемақылар ата - ананың атына келіп түседі, алайда, ол қаржы баланы күтіп - бағуға, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсалады. Заң балаға сыйға немесе мұраға алған мүлікті меншігіне алу құқығын береді, сондай - ақ еңбекпен айналыса отырып, өзінің жеке еңбегінің кірістерін алуға, жекеленген пәтердің иесі болуға, т. б. мүмкіндік беріп отыр. Балаларға қамқорлық жасай отырып, мемлекет бала туған кезде жәрдемақы төлейді. Көп балалы отбасыларды түрлі жағынан қорғауға алады. Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес, балалардың әрқайсысы өзінің даралығын сақтауға құқылы. Даралықтың белгісіне баланың есімі, тегі, әкесінің аты жатады. Балаға есім ата - анасының келісімі бойынша беріледі. Әдетте, ата - аналар өз балаларына кез келген атты ойлап қоя алады. Дегенмен, ондай таңдаудың шегі бар. Баланың мүддесін ескере отырып, ата - аналар өз құқықтарын пайдаланып, баланың мүддесіне қарама - қайшы келетін, айналасына күлкі, не жағымсыз жағдай туындататын есімді таңдамауға тиіс. Баланың әкесінің аты ұлттық дәстүр ескеріле отырып, әкесінің есімімен жазылады. Мәселен, ата - аналарының қалауына қарай әкесінің атына “ұлы”, “қызы” сөздері қосылып жазылуы мүмкін. Егер баланың әкесінің аты қос аттан тұратын болса (мәселен Әділмұрат) ата - аналарының қалауына қарай екі аттың бірі баланың әкесінің аты болып жазылады. Егер әкесінің аты белгісіз болса, шешесінің нұсқауы бойынша баланың әкесі ретіндегі адамның есімі жазылып, тегі шешесінің тегімен көрсетіледі. Бала құқықтары туралы халықаралық Конвенциядан

● Әрбір бала өз отбасында, ата – анасымен бірге өмір сүруге құқылы;

● Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы;
● Мемлекет әрбір баланың аман – сау өсіп, жан – жақты дамуын қамтамасыз етеді;
● Отбасында әкесі мен анасы өз алдына дербес өмір сүрумен, баланы ата – анасымен ажыратуға ешкім құқықты емес;
● Бала мектепте кінәлі болғанда да оны ешкімнің ұрып жазалауға, кемсітіп қорлауға құқығы жоқ;
● Бала тынығуға және мәдени демалуға құқылы;
● Әрбір баланың ой – пікір, ар - ождан және дін еркіндігіне құқығы бар;
● Бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы;
● Бала денсаулығын сақтауға, емделуге құқылы;
● Бала өз ойын еркін айтуға құқылы.

Конвенция баланың өмірі мен денсаулығын қорғап, балалардың отбасында өмір сүруін қамтамасыз ету құқығын сақтауды мемлекеттік міндет деп қарастырған. Декларацияның 26 - бабында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 - бабында көрсетілгендей: Бастауыш білім баршаға міндетті ал техникалық және кәсіптік білім - көпшіліктің қолы жетерліктей болуы керек. Білім беру адамның жеке басының кемелденуіне, сондай - ақ халықтар арасындағы өзара түсіністікке достыққа ықпал етуі тиіс. Ата - аналар балалары үшін білім беру түрін таңдауға құқықты. Қазақстан Республикасының азаматтары тегін орта білім алуға міндетті. Әрбір баланың жақсы оқып, сабақта өмірге қажетті жаңа және пайдалы білімдерді беріп отыруға құқығы бар. Құқық - адамның міндеті де болып табылады. Құқық адамға тек жақсы, игі істерді жасау үшін берілген. Адамға зиян келтіретін істердің барлығына тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексіне сәйкес кәмелетке толмаған баланы ата-анасының немесе осы міндет жүктелген басқа адам, сонымен қатар педагог немесе оқыту, тәрбиелеу, емдеу не кәмелетке толмаған баланы қадағалау міндеттелген басқа да мекеменің қызметкері тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін атқармағаны немесе жөнді атқармағандығы үшін шара қолдануды қамтиды. Еліміз бойынша соңғы жылдары сот шешімімен балаларын бағып-қағу міндеттерін орындамаған үшін, саны мыңнан асқан ата-ана ата-аналар құқығынан айрылды, сонымен қатар, ата-аналар әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа да тартылып жатыр. Балаларға, әсіресе кішкентай балаларға зорлық-зомбылықтың үй, отбасы ішінде көрсетілуі көзге түсе қоймағандықтан, көп жағдайда мойындалмайды. Соңғы жылдары БАҚ-та балаларға қауіп-қатер сыртта жүргенде бөгде адамдар тарапынан төнеді деген жалған пікір қалыптастыруда. Адам құқықтары жөніндегі қазіргі бар құқықтық құжаттар негізгі мәні балалық проблемасы болып табылатын, осы проблемаларға қатысты талқылануы мүмкін өзінің жиынтығында үлкендер қалай қорғалса, балаларды да солай қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Мектеп арасындағы балалар объектісі болатын дене жарақаттары мен басқа да адамгершілікке жат және қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас ұзақ уақыт сақталып келеді және белгілі бір шыдамды қоғамда осы күнге дейін сақталып келеді. БҰҰ Баланың құқықтары жөніндегі комитеті, атап айтқанда, «балалар мектеп табалдырығын аттай отырып, өздерінің адамдық құқықтарын жоғалтпайды» деп атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі – балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Қоғам өмірінің сапасын арттыру, әлбетте, бірінші кезекте – балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Кез-келген мемлекетте және қандай да бір қоғамда балалар ерекше қамқорлықта және қорғауда болуы тиіс. Қолымыздағы барымыздың ең қымбаттысы – балалар. Сол себепті олардың өмірі қалай, қаншалықты қалыптасқандығына, мемлекет олар үшін қандай жағдайлар жасағандығына қарай еліміздің келешегі де айқындалады. Сондықтан балаларды қорғау, олардың негізгі құқықтарын қорғау сұрақтары кез-келген мемлекеттің басты көкейтесті мәселесі болуы тіс деп есептеймін. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың “Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің

негізі" атты жолдауында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет» делінген.

Елімізде баланың құқықтары туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Заң мен Қазақстан Республикасының бала құқықтарын қорғау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттағы оны қолдану үшін Қазақстан Республикасының заңын шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, халықаралық шарттың ережелері тиісті түрде қолданылады. Балалар тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан тең құқыққа ие. Некеден де және некесіз де туған балалар тең әрі жан-жақты қорғауды пайдалануға құқылы. Қазақстан Республикасының балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары: балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу; балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру; бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру; балалардың дене бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу; кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету; балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Және балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады және: баланың құқықтарын заң тұрғысынан қамтамасыз етуге; балаларға толымды тәрбие беруді, олардың құқықтарын қорғауды оларды қоғамда толымды өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға; аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға; баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауаптылығына; баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген болатын.

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңына сәйкес, әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар. Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді. Оның тәнін немесе жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден, баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады. Сондай ақ әрбір баланың заңмен белгіленген тәртіппен және мөлшерде өз ата-анасынан және отбасының басқа да мүшелерінен қаражат алуға құқығы бар. Балаға алименттер, жәрдемақылар және басқа да әлеуметтік төлемдер ретіндегі тиесілі сомалар ата-анасының (олардың орнындағы адамдардың) билік етуіне келіп түседі және олар баланы күтіп-бағуға, оған білім беруге және оны тәрбиелеуге жұмсалуға тиіс. Әрбір баланың заңдарда белгіленген тәртіппен өз бетінше немесе өзінің заңды өкілдері арқылы мәмілелер жасауға, банктерде салымы болуға және жалақысына, стипендиясына немесе өзге де кірістеріне және интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне билік етуге, өзге де мүліктік құқықтарды иемденіп алуға және оларды жүзеге асыруға құқығы бар. Ата-аналар немесе заңды өкілдер

баланың жәрдемақысын немесе материалдық көмек ретінде мемлекет бөлген ақшалай қаражатты баланың атына банкке салуға құқылы болып табылады. Әрбір баланың өзі тапқан табысқа, өзі сыйға немесе мұра ретінде алған мүлікке, сондай-ақ баланың қаражатына сатып алынған басқа да кез келген мүлікке меншік құқығы бар. Баланың өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлікке билік ету құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен айқындалады. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңының Баланың мемлекеттік көмекке құқығы жөніндегі 17-бабына сәйкес, Мемлекеттік көмек оны алуға құқығы бар әрбір балаға тағайындалады. Мемлекеттік көмектің мөлшері және оны көрсетудің шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ оның ішінде жетім балалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес толық мемлекеттік қамсыздандырылуда болады. Мемлекеттік органдар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған әрбір балаға, қорғаншылық немесе қамқоршылық нысанына қарамастан, бірдей материалдық және өзге де жағдайларды қамтамасыз етеді.

Балалардың құқықтық мәртебесін мойындап, оны жүзеге асыруға адамзат ғасырлар бойы ұмтылып келеді. Қазіргі уақытта кез келген кәмелетке толған, әрекетке қабілетті адамдарға қатысты баланың абсолютті, басым мәртебесінің декларативті мойындалғаны мен белгіленгенін адамзат жетістіктерінің бірі ретінде қабылдауға болады. Ата-ана құқығының бала құқығынан үстем болуы ұзақ уақыт қоғамда қалыпты жағдай саналды. Ата-ананың баласын өлтіруге және сатуға деген құқығын осындай қатынастардың шегі ретінде санауға болады. Кейбір елдерде бұл XIX ғасырға дейін сақталды. Мысалы, Римде әке билігі бәрінен жоғары тұрған болатын. Жеке қарым-қатынаста, жаңадан дүниеге келген баласының өмірін сақтап қалатыны немесе сақтап қалмайтыны әкенің еркінде болды: ол оны тіпті лақтырып тастай да алатын еді. Әкесінің өз балаларын бүтіндей құлдыққа немесе мемлекеттің ішінде құлдыққа сатуына құқығы болған. Іс жүзінде жағдай басқаша болуы да мүмкін, бірақ заң жүзінде әке баланың жеке басының шексіз билеушісі болды. Ежелгі Қытай құқығы отбасы отағасын билеуші ретінде айқындады. Көне заманда басқа балалардың алдында бірқатар басымдықтары болған үлкен баласынан басқа балаларын сата алды. Ұлын немесе немересін әкесінің, анасының, әкесі жағынан атасы мен апасының ұрып-соғып өлтіргені үшін жазаланбауы XIX ғасырға дейін сақталып келді. Рұқсатсыз үлкен отбасынан бөлініп шығуға немесе отбасылық мүліктің бір бөлігін иемденуге тырысқан ұлдары мен немерелері тіптен жазаға тартылды. Русьте ата-ананың өз балаларының құқықтары мен өліміне қатысты қандай да бір құқықтары формальды түрде болмағанымен, ата-ана билігі едәуір күшті болды. Алайда балаларын өлтіру ауыр қылмыс ретінде қаралмаған болатын. 1846 жылғы Жинақ бойынша баласын өлтіргені үшін әкесі бір жылға түрмеге қамалған және шіркеу тарапынан тәубеге келтірілген. Ал ата-аналарын өлтірген балалар өлім жазасына кесілген. Бұл қоғамдағы ата-ананың беделі мен рөлінің жоғары болуынан деп сипатталады. Бірақ әлемнің барлық елдерінде түрлі тарихи кезеңдерде ата-аналарының өз балаларына иелік ету құқығының болғанына қарамастан, олар балаларын тәрбиелеуге және тиісті қамқорлық көрсетуге міндетті болғанын әділеттілік үшін атап өткен жөн. Хаммурапи патшаның заңдарында (б.з.д 1793-1750 жылдары) денсаулық, ұзақ ғұмыр және балалар мүлік пен байлықтан жоғары қойылды. Баланы ұрлау немесе ауыстырып алу қатаң жазаланды. Ежелгі Месопотамиде, бірнеше баласы жоқ адам өмірі толық болып есептелмеген. XII ғасырдағы Англияда II Генрихтің Заңында некеден тыс бала көтерген кез келген қыз бұл жөнінде билік орындарына хабарлауы тиіс екені көзделді. Егер қыз бұлай жасамаса, бала өліп қалатын болса, тіптен қандай себеппен өлгеніне қарамастан, өлім жазасына кесілген.

Балалардың құқықтық мәртебесін дамытудың Қазақстандық өз тарихы бар. Тарихқа үңілетін болсақ, жесірлер мен жетімдердің мүліктік және жеке құқықтарын, сондай-ақ оларға қатысты қауымның және қайтыс болғандардың туыстарының міндеттемелерін регламенттейтін дала заңдарының жинағы Жеті Жарғының өзінде (XVII ғасыр) Жесірлер туралы заң болғанын атап көрсетуге болады. Отбасы неке қатынастары саласында ата-ананың бала өміріне құқықтары бекітілді. Бірақ әйелдің некесіз дүниеге келген баланы

өлтіруіне өлім жазасы берілді. Бала құқықтарының қазіргі тарихы 1994 жылы Қазақстанда Балалар құқықтары туралы конвенцияны ратификациялаудан басталған боатын. Еліміз бұрынғы кеңестік елдер кеңістігінде алғашқылардың бірі болып Конвенцияға қосылды және оны дереу ратификациялады, сондай-ақ оның екі факультативтік хаттамасын ратификациялады. Қазіргі уақытқа дейін адам құқығына қатысты 60-қа жуық халықаралық құжат, оның ішінде бала құқықтарын қорғауға қатысты 15 құжат ратификацияланды. Мәселен, Нәсілдік кемсітушіліктің барлық формаларын жою жөніндегі конвенция; Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына байланысты факультативтік хаттама; Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты факультативтік хаттама; ХЕҰ Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенциясы; Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенция; Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенция; ХЕҰ Ананы қорғау туралы конвенциясы; Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттама; Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция; Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция; Балаларға алименттерді және отбасын күтіп бағудың басқа да нысандарын өндіріп алудың халықаралық тәртібі туралы конвенция және Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы хаттама. Бүгінде Қазақстанда 45-тен астам ұлттық заңнамалық құжат бар, олар еліміздегі баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге кепілдік беруде. Негізгі құжаттарға Қазақстан Республикасының Конституциясы, Еңбек, Азаматтық, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстері, «Баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүгедектігі бар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау туралы», «Балалар отбасылық типті ауылдар мен жасөспірімдер үйлері туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар қараусыз қалған және панасыз қалудың алдын алу туралы», «Балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы», «Әлеуметтік қызметтер туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», заңдары және т.б. жатады.

Бала - отбасының ғана емес тұтастай елдің, ғаламның байлығы. Бала - болашақтың бағдары, тіршіліктің жалғасы мен өмірдің мәні. Балалар құқықтарының қорғалуы ұзақ ғасырлар бойы сұрыпталудан өтіп, әр кезеңнің жақсысы мен жаманын бойға сіңіріп, қиындықтар мен келеңсіздіктерді артқа тастай, қазіргі деңгейге жеткен болатын. Тарихқа көз жүгірте отырып, біз балалар құқығының ата-ана құқығымен салыстырғанда едәуір төмен болғандығын, тіпті балалардың өз жақындарынан қысым шеккендігін көреміз. Бұл жағдай бертін келе халықаралық сипатта қолға алынып, заңи түрде қорғалуға алынды. Алайда, қазіргі күннің өзінде адамның сан алуандығынан әр отбасыда бала тәрбиесі түрліше сипат алады. Әр бала әр түрлі жағдайда өмір сүруде. Еліміздің дамуы, заңның бала өміріне аса үлкен алаңдаушылық туғызуы барша қоғамға жақсы өмір сүруге, білімін жетілдіріп, зорлық-зомбылықтан қорғалуға, өз құқықтары мен бостандықтарын танып, әділеттілікті заңды түрде талап етуге барлық мүмкіндіктерді жасап отыр. Қоғамның алдыңғы буыны тарапынан бала құқықтарының қорғалуына қатысты талап етілетіні бір ғана, ол- кез-келген баланы төніп тұрған қауіптен заңи, адами қорғау. Ал балалардың қоғамның алдыңғы буыны, отаны алдындағы басты міндеті- өз өмірін сақтау, өзіне төнген қауіппен бөлісу, өз құқықтары мен бостандықтарын талап ету. Себебі, бала ол біріншіден, ата-анаға берілген аманат, мемлекетке, оның болашағы мен қалыпты дамуына серпін берертін күш. Бала ертеңгі жеткіншік, ертеңгі жарық күн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. «Балалар құқығы туралы Конвенция» 1989 ж .

2. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, 2014ж
4. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, 2011ж
5. «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №380 қаулысы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Зулкашева Ақерке, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
экономика және құқық факультетінің II курс студенті
Ғылыми жетекшісі- **Айтмуханова Д.У.,** заң магистрі, Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің оқытушысы

Х.Досмухамедов атындағы Атырау Университеті, Атырау қ.

Елімізде мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және иеленушісі – халық болып бекітілген. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді солар жүзеге асырады.Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізе алады [1]

Мемлекеттік қызмет кең мағынада қызметшілердің өздерінің міндеттерін мемлекеттік ұйымдарда: мемлекеттік өкімет органдарында, кәсіпорындарда, мекемелерде, өзге де ұйымдарда орындаудан көрінісін табады; тар мағынада - бұл қызметшілердің өздерінің міндеттерін мемлекеттік органдарда орындаулары. «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР-ның 1999 жылғы 23 шілдедегі заңында мемлекеттік қызметтің ұғымы тар мағынада берілген. Онда мемлекеттік қызмет- мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі, - делінген. «Мемлекеттік қызмет туралы» заңда мемлекеттік қызметшінің түсінігі берілген. Ол бойынша мемлекеттік қызметші болып заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не ҚР Ұлттық банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті мемлекеттік органда атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттілікті жүзеге асыратын ҚР-ның азаматы табылады. Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар мемлекеттік қызметшіге жатпайды(мысалы, архивариус, кітапханашы, комендант, лаборант, әдіскер және т.б.). Мұндай адамдардың тізбесін республика Үкіметі белгілейді. Азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы. Жалпы қол жетімділік, яғни республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби даярылығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарлатылуға тең құқығы. Азамматрдың мемлекеттік қызметке кіруінің еріктілігі. Мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен жоғары біліктілігі. Мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекке ақыны тең төлеу. Жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерді оырндаудың бағыныста мемлекеттік қызметшілер мен төменгі мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін міндеттілігі.

Мемлекеттік қызметшілердің жалпы құқықтары мен міндеттері «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 ж 23- шілдедегі Заңда белгіленген. Бұл құқықтар мен міндеттердің ерекшелігі сол, олар орналасқан лауазым туралы өкілеттіліктерді емес, қызметшілердің мінез - құлықтары мен іс - қимылдарының жалпы Ережелерін, олардың лауазымдық қызметтері бойынша өкілетіліктерін іске асыруды қамтамасыз ететін ұйымдастыру сипаты бар жағдайлар мен шараларды білдіреді.

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтің басты қағидалары ретінде:

1) заңдылық қағидасы;

2) қазақстандық патриотизм;

3) мемлекеттік биліктің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы;

4) азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы;

5) мемлекеттік органдар қызметіндегі тиімділік, нәтижелілік, ашықтық;

6) азаматтардың мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқығы;

7) азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруінің еріктілігі;

8) мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі;

9) меритократия – мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау, оны қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету;

10) жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттіктері шегінде қабылдаған шешімдерді орындаудың бағыныстылығы мемлекеттік қызметшілер мен төмен тұрған мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері үшін міндеттілігі;

11) мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы және есептілігі;

12) мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы;

13) әдептілік;

14) құқық бұзушылықтарға төзбеушілік;

15) мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру;

16) мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы;

17) мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекақыны тең төлеу;

18) мемлекеттік қызметшілерді лауазымдық міндеттерін үлгілі атқарғаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу;

19) мемлекеттік қызметшілерді оқытудың және қажетті құзыреттерін дамытудың үзіліссіз болуы;

20) мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың практикалық бағдарлануы қағидаттарына негізделеді.

Мемлекеттік қызметшілердің мәртебесі және олардың құқықтық кепілдіктері

Мемлекеттік қызметшінің мәртебесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, мемлекеттік қызметте болуына байланысты шектеулері бар Қазақстан Республикасының азаматы ретінде мемлекеттік қызметшінің жалпы құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет ерекшеліктеріне негізделген құқықтарын, міндеттері мен жауаптылығын қамтиды.

Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік қызметші мәртебесіне Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік лауазымға тағайындалған немесе сайланған кезден бастап ие болады және мемлекеттік қызметті тоқтатқан кезден бастап одан айрылады. Мемлекеттік қызметшілердің негізгі құқықтары норманың 9-бабында көрсетілген .Соған сай мемлекеттік қызметшінің:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында кепілдік берілетін құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) өзіне мәлім болған, дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жоғары тұрған басшының және (немесе) өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдардың назарына жеткізген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық және өзге де қорғалуға;

3) еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына;

4) әлеуметтік және құқықтық қорғалуға;

5) өзінің лауазымдық өкілеттіктері шегінде мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға, тиісті органдар мен лауазымды адамдардың оларды орындауын талап етуге;

6) лауазымдық өкілеттіктерін атқару үшін ұйымдарға белгіленген тәртіппен баруға;

7) басшыдан мемлекеттік қызметші атқарып отырған мемлекеттік лауазымға сәйкес міндеттерді және лауазымдық өкілеттіктер көлемін дәл айқындап беруді талап етуге;

8) жеке басының қадір-қасиетінің құрметтелуіне, басшылар, өзге де лауазымды адамдар және азаматтар тарапынан өзіне әділ және құрметпен қарым-қатынас жасалуына;

9) өзі атқаратын мемлекеттік лауазымға, жұмыс сапасына, тәжірибесіне және осы Заңда белгіленген өзге де негіздерге қарай ынталандырылуына және еңбекақы төленуіне;

10) тиісті бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражаты есебінен даярлануға, қайта даярлануға және біліктілігін арттыруға;

11) мемлекеттік орган оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқуға немесе тағылымдамадан өтуге жіберген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жұмыс орнының (мемлекеттік лауазымының) сақталуына;

12) өзінің мемлекеттік қызмет өткеруіне қатысты материалдармен кедергісіз танысуға, қажет болған жағдайларда жеке түсініктемелер беруге;

13) біліктілігі, құзыреттері, қабілеті, сіңірген еңбегі және өзінің лауазымдық міндеттерін адал орындауы ескеріле отырып, мемлекеттік қызмет бабында ілгерілетілуге;

14) мемлекеттік қызметшінің пікірінше негізсіз айып тағылған жағдайда қызметтік тергеп-тексеруді талап етуге;

15) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін не мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық үшін оның жауаптылығын қарау жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік қызметтен өз қалауы бойынша шығарылуға;

16) зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандырылуға;

17) лауазымдық өкілеттіктерін атқару үшін қажетті ақпарат пен материалдарды белгіленген тәртіппен алуға;

18) жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға мемлекеттік қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

Мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттері

Мемлекеттік қызметшілердің міндеттері нормаға сай реттеледі:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамаларды сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тәртіппен мемлекеттік қызметшінің антын қабылдауға;

3) азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауға және олар бойынша керекті шаралар қабылдауға;

4) функцияларын өздерінің лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес жүзеге асыруға;

5) лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде саяси партиялардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметінен бейтарап және тәуелсіз болуға;

6) қызметтік тәртіпті сақтауға;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтауға;

8) қызметтік әдепті сақтауға;

9) басшылардың бұйрықтары мен өкімдері, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен нұсқаулары олардың лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарылған болса, оларды орындауға;

10) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауға, оның ішінде мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін заңмен белгіленген уақыт ішінде сақтауға, ол жөнінде қолхат беруге;

11) лауазымдық өкілеттіктерін атқару кезінде алатын, азаматтардың жеке өмірін, арнамысы мен қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді жария етпеуге және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды айтпағанда, олардан мұндай ақпарат беруді талап етпеуге;

12) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті қызметтік мақсаттарда ғана пайдалануға;

13) өздеріне мәлім болған, дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жоғары тұрған басшының және өздері жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының және уәкілетті мемлекеттік органдардың назарына дереу жеткізуге;

13-1) бағынысты мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға;

14) лауазымдық міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға;

15) мемлекеттік органның жолдамасы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқуды аяқтауға, оның ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті бағдарламасы бойынша дәреже алуға, өздерін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқуға жіберген мемлекеттік органда тікелей оқу аяқталғаннан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметте жұмыспен өтеуге міндетті. Осы міндеттемелерді орындамау мемлекеттік қызметшінің мемлекетке өзін оқытуға бөлінген бюджет қаражатын және оқумен байланысты шығындарды өтеуіне алып келеді. Мемлекеттік қызметшілердің көзделген міндеттемелері Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жағдайларда, бюджет қаражаты өтелместен, мерзімінен бұрын тоқтатылады;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның ақпараттық ресурстарымен жұмыс процесінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілерге бірқатар шектеулер қойылады:

1) өкілді органның депутаты болуға;

2) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақы төленетін қызметпен айналысуға;

3) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оның ішінде коммерциялық ұйымды басқаруға тікелей қатысу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның лауазымдық өкілеттіктеріне кірмейтін болса, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға құқылы емес.Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын және оның орынбасарларын, Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның төрағасын және оның орынбасарларын қоспағанда, мемлекеттік қызметшілер бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, облигацияларды, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемдегі жай акцияларды) сатып алуға және (немесе) өткізуге құқылы;

4) өзі қызмет істейтін не өзіне тікелей бағынысты немесе өзінің тікелей бақылауындағы мемлекеттік органда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

5) өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз етуге арналған құралдарды, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;

6) ереуілді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;

7) лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарында пайдалануға құқылы емес.

Мемлекеттік саяси қызметке кіру үшін бірқатар талаптар қойылады. Азаматтардың мемлекеттік саяси қызметке кіруі тағайындалу не сайлану негізінде, сондай-ақ басқа да жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады. Мемлекеттік саяси лауазымға орналасу Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда осы лауазымға орналасу үшін қажетті келісуден өткен және арнайы тексерудің оң нәтижелері алынған жағдайда жүзеге асырылады. Мемлекеттік саяси қызметке кіру үшін қойылатын қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының Президенті айқындауы мүмкін. Мемлекеттік саяси қызметшілердің мемлекеттік әкімшілік лауазымдарды қоса атқаруына жол берілмейді. Мемлекеттік әкімшілік қызметке кіру талаптары құқықтық нормамен айқындалады:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жергілікті өкілді органдардың тағайындауы немесе сайлану жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу конкурстық негізде жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметке алғаш рет кіретін немесе оны тоқтатқаннан кейін қайтадан кіретін азаматтарды мемлекеттік әкімшілік лауазымға тағайындау арнайы тексерудің оң нәтижелері алынғаннан кейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін мемлекеттік лауазымға алдыңғы лауазымнан шаққаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешікпей орналасқан жағдайда, мемлекеттік қызметке қайтадан кірді деп есептелмейді. Бұл жағдайда мемлекеттік қызметшіге міндетті арнайы тексеруден өту, сынақ мерзімін белгілеу және кірістері мен өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлкі туралы декларацияны тапсыру туралы талаптар қолданылмайды. Мемлекеттік қызметшілер екі корпусқа бөлінеді. Белгіленген біліктілік талаптарына сай келетін "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына уәкілетті органмен келісу бойынша конкурс өткізілместен орналаса алады.

Мемлекеттік қызметке кіру шарттары заңдармен айқындалады. Мемлекеттік лауазымдарға тиісті біліктілік талаптарына сай келетін, өзінің жеке және кәсіби қасиеттері, денсаулық жағдайы, білім деңгейі бойынша өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті және Қазақстан Республикасының заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетпеген Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. Зейнеткерлік жасқа толған адамды мемлекеттік саяси лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы ғана тағайындауы мүмкін. Құқық қорғау органдарының лауазымдарына орналасуға үміткер азаматтарға қойылатын жасына байланысты шектеулер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.
Мемлекеттік қызметке:

1 Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті мемлекеттік лауазымдарға қатысты өзге талаптар белгіленбесе, он сегіз жасқа дейінгі;

2. сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған;

3. сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдар атқару құқығынан айырған;

4. біліктілік талаптарында тиісті мемлекеттік лауазымдарға орналасу үшін денсаулық жағдайына арнайы талаптар белгіленген жағдайларда, медициналық мекеменің қорытындысы негізінде лауазымдық өкілеттіктерді орындауға кедергі келтіретін ауруы бар;

5. өзінің мәртебесін және соған негізделген беделін жеке басының, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдалануға алып келуі мүмкін әрекеттерді болғызбау мақсатында өзіне Заңда белгіленген шектеулерді қабылдаудан бас тартқан;

6. мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған азаматты қабылдауға болмайды. Бұл ретте мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық үшін қызметтен шығарылған азамат мемлекеттік қызметке жіберілмейді;

7. мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған;

8. сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

9. мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған немесе қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін өзіне қатысты қылмыстық жауаптылықтан 36-бабының негізінде босатылған;

10. мемлекеттік қызметке кіру уақытына заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар;

11. ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қылмыстық Кодекстің 36-бабының негізінде босатылған;

12. қылмыстық топтың құрамында қылмыс жасаған;

13. қылмыстық топтың құрамындағы қылмыс туралы өзіне қатысты қылмыстық істі қылмыстық қудалау органы немесе сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін тоқтатқан;

14. жұмыста (қызметте) дәлелді себепсіз қатарынан үш және одан көп сағат бойы болмауы негізінде шығарылғаннан кейін үш жыл өткен соң мемлекеттік қызметке кіруге құқығы бар азаматты осындай шығару жағдайларын қоспағанда, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан және соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша шығарылған азаматты;

Мемлекеттік қызметке кіру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайларға байланысты қандай да бір кемсітушілікке жол берілмейді. Бұл шектеулерді персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) мемлекеттік қызметке қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жазбаша нысанда тіркейді [2]

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді қабылдамау мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға немесе қызметтен шығаруға әкеп соғады. Арнайы тексерістер құқықтық реттеулерге сай ұйымдастырылады. Арнайы тексеруді жүргізу мерзімі үш айға дейінгі уақытты құрайды. Олармен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі. Мемлекеттік әкімшілік лауазым бойынша көзделген міндеттерді уақытша атқару кезеңі мемлекеттік қызмет өтіліне жатқызылады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын жалпы қабылданған талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді. Әдеп кодексі халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлықтарының жалпы стандарттары құқықтық нормаға сай

1) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

2) адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;

3) өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;

5) мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

6) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;

7) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

8) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

9) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

10) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалануға;

11) қызметтік тәртіпті бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқаруға, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;

12) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты түрде шаралар қабылдауға, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тұтынушысы ретінде толығымен халықтың сұранысына бағдар ұстануға;

13) жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуге;

14) іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс [3]

Мемлекеттік қызметшілер, оның ішінде басшы лауазымдарды атқаратындар, ұжымда өз діни көзқарасын ашық көрсете алмайды, бағыныста қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды. Қызметтен тыс уақыттағы да мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттары да осы әдеп нормасында бекітілген.Мемлекеттік қызметшілер Президент өкілі болғаннан кейін жүріс тұрыстары және қызметіне сай және қызметтен тыс жағдайларда әдептілік және патриоттық тәрбиені биік ұстауы қажет.Өз өкілеттілігі шегінде жұмыстарды атқаруға міндетті.Өйткені халық биліктің бастауы болғаннан кейін олардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі қоғам белсенділері болсын халық арасында болсын басты назарда болатынын ұмытпау қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Конституциясы 1998.30-тамыз
2. Мемлекеттік қызмет туралы ҚРЗ 2015.23.11.
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Ресаубликасы Кодексі – Алматы : Юрист 2020

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Зулпухарова Сарбиназ, студентка I курса педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель - **Вориводина А.Р.,** кандидат юридических наук, доцент ЗКИТУ

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Действующий период Казахстанской юридической науки берет свое начало с момента распада СССР в 1991 году. Республика Казахстан способствовала переходу правовой науки на новый уровень, отличный от всех предыдущих и выделяющийся рядом нововведений, обеспечивающих ее функционирования. Новый период, продолжающийся в настоящее время, характерен следующими особенностями:

1) свобода советских правоведов и политиков вести научные исследования, проводить анализ, давать оценку, а также лично и свободно выражать собственное мнение касательно происходящих в государстве и обществе событий и явлений;
2) установление низкой заработной платы научно-педагогических кадров Казахстана, а также преподавателей юридических учебных заведений;
3) введение системы грантов в целях материальной поддержки ученых- юристов, ведущих актуальные исследования проблем и функционирования права;
4) появление частных юридических издательств;
5) интенсивный рост числа кандидатов и докторов наук;
6) организация частных юридических образовательных учреждений и переход юридического образования на двухуровневую систему - бакалавриат и магистратуру.[1]

Современная юридическая литература изобилует наличием мнений и абстрактных оценок теорий происхождения государства и права, методов научного познания, базовых юридических понятий и их изложения. В нынешних условиях значительно упростилась процедура публикаций научных статей и издательства научных трудов действующих ученых-правоведов, что, несомненно, является как достоинством, поскольку повышается доступность к работам на любые темы и возможность их углубленного изучения, так и минусом, ввиду отсутствия должного контроля и сортировки издаваемой информации. Активность деятельности казахстанских правоведов в сфере юридической науки обуславливается неуклонным ростом лиц, успешно защитивших кандидатские и докторские диссертации и получивших звания кандидатов, и докторов юридических наук.[2]

Организация процесса получения юридического образования в период, следующий за распадом СССР, также претерпела значительные изменения. В 2010 году Республика Казахстан официально перешла на Болонскую систему образования, в которой организация учебного процесса стала строиться на принципе двухуровневой системы образования «Бакалавр-магистр». С 2011 года данная программа охватила практически все направления существующих образовательных программ. Достоинствами данной программы является то, что выпускники, прошедшие программу «Бакалавриат», сразу после ее окончания могут занимать должности, требующие наличия высшего образования, а также, поступив на магистратуру, самостоятельно формировать свой учебный план и выбирать интересующие их курсы и направления. Но главным ее недостатком перед программой «Специалитет» явилось то, что выпускники «Специалитета» были универсальными юристами, и по прошествии 5 лет обучения по данной программе им открывались возможности на занятие абсолютно всех юридических специальностей, начиная от полицейского и заканчивая судьёй, чего не может предложить современная действующая образовательная система. В настоящий момент в системе обучения степень «специалист» прекратила своё существование.

За последние 15 лет в Казахстане в несколько раз увеличилось число лиц, имеющих высшее юридическое образование, чему поспособствовало открытие множества

юридических образовательных учреждений, имеющих право выдавать своим студентам дипломы государственного образца. В перечень дисциплин, преподаваемых студентам юридических факультетов, стали включать как фундаментальные юридические науки, такие как теория государства и права, история отечественного государства и права, так и основные социально-экономические, гуманитарные и общеобразовательные дисциплины, такие как: философия, экономика, логика.

Интенсивно развивается наука конституционного права, ее представителями изучаются проблемы формирования, организации и функционирования органов государственной власти, роль конституционного правосудия в делах о защите Конституции от противоречий, содержащихся в конституционных законах и иных нормативных правовых актов. Также правоведами рассматриваются основные модели образования и функционирования органов государственной власти субъектов Республики Казахстан, разграничение предмета их ведения с органами государственной власти, решение проблем организации и деятельности органов местного самоуправления.[3]

Представители отраслевых юридических наук активно ведут деятельность по анализу эффективности действия правовых норм, выявлению в них пробелов и противоречий, разрабатывают обоснованные предложения о путях дальнейшего совершенствования законодательства, его способности точно и полно отразить содержание и особенности правового регулирования в условиях рыночной экономики, в социальной, политической и культурной сферах жизни общества.

Уровень юридических знаний имеет постоянную тенденцию роста и развития ввиду того, что право динамично и постоянно развивается, появляются новые общественные отношения и новые способы их регулирования государством. Органы государственной власти разрабатывают множество новых нормативных актов, а также изменяют и дополняют уже существующие, что отражает полноту и всесторонний охват государственным контролем всех сфер общественной жизни граждан.[4]

Поскольку становление, изменение и развитие юридической науки неразрывно связано с деятельностью государственных органов, правом и регулированием общественных отношений государством, напрашивается вывод о том, что вся государственная деятельность и формирует юридическую науку и знания о праве, изменяет их и определяет курс их развития.

На основе вышеизложенного и с учетом нынешних тенденций, мы считаем, что дальнейшее развитие современной юридической науки будет обусловлено трансформацией права. Мы предполагаем, что в будущем возможны следующие изменения и нововведения, затрагивающие следующие юридические аспекты:

1) внесение значительных изменений в действующее законодательство, а именно пересмотр и отмену множества устаревших и дублирующихся правовых актов, содержащих схожие либо одинаковые нормы права, что приведет к сокращению действующих законов, но наделит полнотой и конкретикой оставшиеся из них;

2) появление новых отраслей права, например, право несовершеннолетних, которое соберет в себя все существующие правовые нормы, регулирующие правовое положение несовершеннолетних граждан из различных кодексов и законов и объединит их в одном новом кодексе, что создаст удобство использования данного нормативного акта;

3) существенная переработка принципа деятельности исправительных учреждений, а именно внедрение работы психологов и психиатров, целью которых будет осуществление психического воздействия на лиц, совершивших преступление путем ежедневных личных бесед в форме убеждения, нацеленных на формирование у заключенных уважительного отношения к обществу и государству и развитию правосознания;

4) повышение контроля за издаваемой юридической литературой, востребованного ввиду необходимости сортировки информации, отбора достоверных и точных знаний о юриспруденции.[5]

Подводя итог, хочется отметить, что юридическая наука находится в стадии постоянного совершенствования, что обуславливается динамичностью права. В ходе становления общества и государства, развивается и право, а вместе с ним и знания о праве, представленные юридическими науками. Изменения и появление новых юридических отраслевых наук, представлений о государстве, его развитии и функционировании находится в прямой зависимости от функционирования государственных органов и действия права, а значит, что тенденциями ее преобразования будут являться основания, вызванные потребностями общества, влекущими за собой нововведения в праве.

Список литературы:

1. История и методология юридической науки : учебно-методическое пособие / [Текст] А. М. Лушников ; Яросл. гос. ун-т им. П. Г. Демидова. — Ярославль : ЯрГУ, 2015. — 68 с.
2. История политических и правовых учений : учебник. [Текст] Серия Магистр. / В. И. Власов, Г. Б. Власова, В. К. Цечоев, С. В. Денисенко. — М. : Издательство Юрайт, 2012. – 100 с.
3. История и методология юридической науки : учебник [Текст] / В. М. Сырых. - М. : Норма: ИНФРА-М, 2012. - 464 с.
4. Нарикбаев М.С., Ударцев С.Ф. Высшее юридическое образование в Казахстане в XXI веке: реформы, проблемы и перспективы. Сборник статей / Сост. – С.Ф. Ударцев /
5. КазахскийГуманитарно-Юридический Университет. НИИ правовой политики и конституционного законодательства. Астана: Фолиант, 2014. – 336 с
6. «Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы» – Официальный сайт МОН РК

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Ибатова Айгерім, БҚИТУ педагогикалық факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - **Балыкова А.М.,** тарих ғылымдарының кандидаты,
БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының басымдық берілетін бағыттары бірінші кезекте біздің еліміздің географиялық орналасуы және оның ұлттық мүдделері сияқты ұзақ мерзімді сипаты бар факторлардың ықпалымен қалыптасты. Азия мен Еуропаның қиылысындағы геосаяси орналасуы, экономикалық және әскери-саяси мүдделері, сондай-ақ қазіргі бар экономикалық әлеуеті Қазақстанды ірі аймақтық мемлекет ретінде қалыптастырудың алғышарттары болды, Қазақстан өзара қауіпсіздік, егемендікті құрмет тұту, аумақтық тұтастық принциптерімен өзінің төңірегінде тұрақтылық пен ізгі көршілік аймағын қалыптастыруға мүдделі.

Кез-келген мемлекеттің геосаяси жағдайы саяси күштердің орналасуымен және олардың аумақтық үйлесуімен, сондай-ақ осы факторлардың қоғамның саяси өмірінің кеңістікте орналасуының өзара байланысымен белгіленеді. Геосаясаттан дәстүрлі түрде географиялық детерменизм принципін негізге алып, мүмкіндікті айқындауға жағдай жасайтын сыртқы саясаттың құралын көреді [1].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өзінің экономикалық әлеуметін, өзінің геосаяси жағдайын бағалай білу айрықша маңызды болды. Осы заманғы технологияны игеруді және пайдалануды мұрат тұтқан «азиялық жолбарыстар» орта және жоғарғы деңгейдегі күрделі өнімдерді өндіруде жетекші индустриалды державалардың бәсекелестеріне айналды. Кейбір елдердің экономикалық қуаты мен олардың саяси ықпалы арасындағы сәйкессіздік уақыт озған сайын елеулі бола түсті. Қаржылық құйылыстардың ұлғаюы, тауарлар мен қызмет көрсетудің ауқымы мен орын ауыстыруының шапшаңдығы ретінде түсіндірілетін ғаламдану мемлекеттік
институттар алдына осы үрдістерден мейлінше пайда табу және екінші жағынан олар ұлттық экономикаға әкелуі мүмкін қауіп-қатерге қарсы тиімді тікелей жария шараларды қабылдау міндетін қойды. Осы міндетті шешу қажеттілігі халықаралық, ең әуелі аймақтық деңгейдегі экономикалық ынтымақтастықты дамытудың жаңа, қуатты дем берушісі болды. Ғаламдану халықаралық экономикалық және қаржылық құрылымдардың (ХВҚ, Дүниежүзілік банк және басқалары) экономикалық дағдарыстарды болдырмау жөніндегі өзінің функцияларын орындауға қабілеттілігі туралы мәселе көтерді.

Географиялық орналасу ерекшелігі Қазақстанға белгілі бір геосаяси артықшылықтар береді, сонымен бірге геоэкономика көзқарасы тұрғысынан елеулі қиындықтар туғызуда [2]. Бір жағынан, географиялық жағдайдың өзгермейтіндігі экономикалық және саяси ахуалдың тұрақтылығын білдірмейді. Орталық Азия мемлекеттерінің аумағында діни экстремизмнің таралу үрдісінің белең алуы еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіреді, бұл қатер тіпті Қазақстанның өзінің көршілерімен тұрақты достық қатынастары жағдайында да сақталады. Біріншіден, бұл - Орталық Азияда бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау жөніндегі Орталық Азия мемлекеттерінің күш-жігерін үйлестіру саясаты. Екіншіден, бұл - халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану саласында Қазақстанның ТМД-дағы белсенді интеграциялық саясаты. Үшіншіден, бұл - Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі, кеңесті шақыру жөніндегі Қазақстанның бастамасы, сондай-ақ біздің еліміздің Шанхай ынтымақтастық ұйымының қызметіне қатысуы. Төртіншіден, бұл - Қазақстанның ЕҚЫҰ жұмысына, ядролық қаруды таратпау туралы шарттар шеңберінде «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасына, сондай-ақ Қарусыздану жөніндегі конференцияға қатысуы [3].

Дипломатиялық қызметтің міндеттері мен мақсаттары тізбесі осы айтылғандармен шектелмейді. Дипломатиялық қызметтің алдына мемлекетіміздің ұзақ мерзімді мүдделері

тұрғысынан әлемдегі қазіргі үрдістерді жан-жақты талдау міндеті қойылды. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді алғышартында Еуропалық Одақтың орны бөлек. Аталған одақ қазірдің өзінде өзге аймақтардың мемлекеттерімен қарым-қатынаста бүкіл құрлықтың атынан шығып жүр.

Еуропалық Одақпен әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім негіз ретінде алынатын құжат болып табылады, осы құжат Қазақстанның халықаралық саяси және экономикалық қоғамдастыққа кірігуіне жәрдемдеседі. Еуропалық жетекші елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға алғышарттар жасайды. Бұл орйда отандық өнімдердің еуропалық рынокқа шығуын қамтамасыз етудегі, сондай-ақ Еуропалық Одақтың ғылым, білім және мәдениет жөніндегі бағдарламаларына байланысты Қазақстан үшін ашылатын нақты мүмкіндіктер ескеріледі. Еуропалық Одақтың саяси диалогті кеңейтуде дайын екендігі біздің еліміз үшін практикалық мүдделілік туғызуда [4].

Еуропалық Одаққа қатысты Қазақстанның саясаты оның әлемдегі экономикадағы рөлімен және Еуропаның 27 дамыған елі кіретін осы бірлестіктің жемісті интеграциялық саясатымен айқындалады. Сонымен қатар Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы техникалық ынтымақтастық бірқатар бағдарламалардың шеңберінде жүзеге асуда. 1992 жылдың аяғында Алматыда Қазақстан Республикасына техникалық көмек көрсету жөніндегі Еуропалық Одақ Бюросы ашылды, ол ТАСИС (ТМД елдеріне техникалық көмек көрсету бағдарламасы, 1991 жылдан бастап жұмыс істейді) сияқты Еуропалық Одақтың бағдарламалары шеңберінде құрылды [5].

1995 жылы басталған мұнай мен газды тасымалдаудың ИНОГЕЙТ мемлекетаралық бағдарламасы Энергетика саласындағы инфрақұрылымды қалыптастыруға көмек көрсетуге бағытталған. Бағдарлама энергоресурстарды Каспий және Қара теңіз арқылы Еуропаға тиімді түрде шығаруды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл бағдарламаны іске асыру – аймақ елдерінің тәуелсіздігін нығайтуға және энергоресурстарды тасымалдауға арналған экспорттық жолдарды дамытуға мүмкіндік береді. Көп жақты ынтымақтастық негізінде энергия көздерін тасымалдаудың мәселесін Қазақстанның шешуінің маңыздылығын ескеретін болсақ, бұл жобаның тиімділігі еселеп өсе түседі.

Еуропалық Одақ Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі жөніндегі келіссөздердің басты қатысушыларының бірі болып табылады. Екіжақты сауда және еуропалық нарықта қазақстандық өнімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету Серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісім аясында екіжақты қарым- қатынастарды дамытудың басым бағыты болып отыр.

Геосаяси өмір шындығын негізге ала отырып, сыртқы саясаттың басымдық беретін бағыттары тұжырымдалды. Оларды өмірге енгізу қазіргі кезеңнің негізгі мақсаты болып табылады. «Қазақстан – 2030» Даму стратегиясында баяндалған Қазақстанның сыртқы саясатының бағдарлары болып табылады [6].

Соңғы уақытта Батыста және Кеңес Одағынан кейінгі кеңістікте уақыт озған сайын экономика мен әлеуметтік саладағы мемлекеттің рөлі мен маңызын кемітуге болмайды деген объективті пікір белең алуда. Шынында да, мемлекет XXI ғасырдың сынақтарын еңсеруге бағытталған елдің ұзақ мерзімді стратегиялық дамуын әзірлеуі және өмірге енгізуі керек. Бұл Қазақстанның сыртқы саясат ведомствосы елдің стратегиялық мүдделерін қорғаған кезде прагматикалық көзқарас ұстануға міндетті дегенді білдіреді.

Бірінші кезекте, бұл – Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау, қазақстандық мұнайды тасымалдау бағыттарын көбейту, мемлекеттік шекарасын делимитациялау, инвестициялар тарту және тағы басқалары сияқты Қазақстанның сыртқы саясатының функционалдық басымдықтарын іске асыруға қатысты.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының функциясының бірі - ұлттық қауіпсіздікті сақтау. Ұлттық қауіпіздік – белгілі бір мемлекеттің сыртқы және ішкі қатер әсерінен қорғана білу ахуалы. Ол жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігінен құралады. Жеке адамның қауіпсіздігі – ұлттық қауіпсіздіктің негізгі өлшемі, себебі қауіпсіздіктің негізгі нысандарына, ең алдымен жеке адам, оның құқы мен бостандығы

жатады. Қоғамның қауіпсіздігін сақтауға мыналарды жатқызуға болады: қоғамдағы адамдардың тұрмыс деңгейінің құлдырап кетуіне жол бермеу, қоғам өмірінің барлық саласында халықтың белсенді әрекетін қолдап отыру, әлеуметтік-саяси тұрақтылықты сақтау. Мемлекеттің қауіпсіздігі ұлттық мүддеден туындайды. Ұлттық-мемлекеттік мүдде мемлекеттер саясатының және мемлекетаралық қатынастардың теориясы мен іс-дағдысындағы негізгі ұғымдардың бірі болып табылады. Халықаралық қатынастардың биполярлық жүйесінің өткен кезеңде қалуы, көпполюстік нышандардың пайда болуы – қазіргі заман шындықтарына жауап бере алатын және ұлттық-мемлекеттік мүдделерге сәйкес келетін сыртқы саясатты жүргізу қажеттігіне әкелді.

Қазақстан ядролық қарудан ерікті түрде бас тартқан дүниежүзіндегі бірінші мемлекетке айналып, өзінің тарихи міндетін орындады. Оның бірнеше себептерін атауға болады: Бірінші, жас мемлекетке мұндай аса қауіпті ауруды ұстау экономикалық және техникалық жағына ғана емес, бақылау жасау мен оны қауіпсіз күйде ұстау тұрғысынан да аса қиын болды; екінші, ядролық қару сынақтарының азабын көрген аймақтың халықтарын денсаулыққа, өмір сүруге келтірген зиянын қайталамау қажеттігін түсінді; үшінші, ядролық қаруды сақтау Қазақстанның халықаралық қоғамдастыққа енуіне кедергі келтіруі мүмкін елі; төртінші, еліміздің бейбітшілік саясаты ядролық қарудан бас тартуды талап етті.

Президент Н. Назарбаев Қазақстанның ядролық қарусыз мемлекет болуы үшін үш шартты орындауды ұсынды, олар: ядролық қаруы бар мемлекеттер тарапынан Қазақстанға болашақта ядролық қарумен шабуыл жасамау туралы кепілдіктің берілуі; ракеталардағы уран құнының Қазақстанға қайтарылуы, Қазақстан экономикасына қаржы жұмсау жөніндегі келісімнің болуы [7]. Жалпы, осылайша сыртқы саясаттың жалғасуы маңызды болып табылатына күмән жоқ. Мемлекеттердің ұлттық пайдаларын қорғауда, аймақтарындағы жағдайларға болымды және болымсыз түрде үлес қосқанда тұрақтылық маңызды орын алады. Ауқымды бір көзқарас аясында және үздіксіз сұранысы бар саясаттардың мақсаттарына жетуі - тарихи бір шындық. Сыртқы саясаттың ортаға шығу және жүргізілу кезеңі - бір мемлекеттегі саяси мәдениеттің, басқару жүйесінің, экономикалық құндылықтардың, халықаралық конъюнктура мен ішкі саясатының жиынтығы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. – Алматы: Нұрпресс, 2011. – 36 б.
2. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. – Алматы: Қарасай. – 2010. – 80-88бб.
3. «Политика и интересы мировых держав в Казахстане». – Алматы: Дайк-пресс 2012. – С.121
4. Протопопов А.С., Козьменко В.М., Елманова Н.С. История международных отношений и внешней политики России (1648-2005). – Москва: Аспект Пресс, 2011, С. 369.
5. Тоқаев Қ.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы, 2002. – 78б.
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы., 1997.
7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша. – Егемен Қазақстан, 1 желтоқсан 2015 ж.

ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ НАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД КОЛОНИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ ЦАРИЗМА

Исатаева Жайран, магистрант I курса педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель- **Балыкова А.М.,** кандидат исторических наук, доцент ЗКИТУ

Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета, г.Уральск

История становления и развития народного образования Казахстана периода колониальной политики царизма были предметом исследования дореволюционной, советской и современной историографии. К первому этапу исследований относятся работы дореволюционных историков. Появлению первых работ способствовало то, что во второй половиние XIX века Казахстан находился в составе Российской империи, и существовала практическая потребность в сведениях о казахских степях. Одним из первых во второй половине XIX века появились работы В.В. Григорьева и Л.Мейера, посвященные мусульманству в казахской степи, объектом их изучения стала духовная культура казахского именно они указывают на наличии среди казахов образованных духовных служителей [1]. Фундаментальными работами данного периода по проблематике развития народного образования в Казахстане являются труды А.Е. Алекторова, С.Г. Граминецкого, Н.И. Ильминского, И. Остроумова [2]. В частности А.Е. Алекторов в работах «Очерки народного образования в Тургайской области», «Из истории образования среди киргизов Акмолинской и Семипалатинской областей» дает большой материал по народному образованию Казахстана. А.Е. Алекторов был большим знатоком истории казахского народа, свободно владел казахским языком и являлся одним из организаторов народного образования в Казахстане, в частности был инспектором народных училищ Букеевской Орды в Западном Казахстане, поэтому в его работах много фактического материала и по Западному региону. С.М. Граменицкий в своем исследовании «Очерк развития народного образования в Туркестанском крае» дает описание состояния народного образования, но в основном только по Сырдарьинской области. Граменицкий подчеркивает превосходство русского народа и сущность его «цивилизаторской миссии». Н.И. Ильминский являлся одним из идеологов русификаторства и миссионерства среди нерусских народностей. В его работах «Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам», «Воспоминания об И.А. Алтынсарине» и других имеются вместе с тем и ценные высказывания об образованности казахов. Роль мусульманской образованности и воспитания в общей системе образования Казахстана подчеркивает в своих исследованиях Н.П. Остроумов. Появляются в этот период и публикации посвященные различным аспектам не только социально-экономического, политического, но и культурного развития Внутренней орды. Наиболее плодотворным этапом в истории изучения Внутренней орды явились 80-90-е гг. XIX века, отмеченные появлением большого количества научных и публицистических работ по этой теме. К исследованиям этого этапа относятся фундаментальный двухтомный труд А.Н. Харузина, серия исследовательских очерков и статей историка А.Е. Алекторова и другие работы [3].

Таким образом, дореволюционная историография накопила широкий исследовательский материал по проблемам развития народного образования но, характеристика духовной культуры казахов исходило из общей тенденции особенностей конфессиональной политики Российских властей в отношении Казахстана. Характерными чертами дореволюционных публикаций являются умаление роли казахских школ, в частности мусульманских, в том числе и новометодных, и подчеркивание прогрессивного значения русского образования.

Важным этапом в исследоваании системы образования в период колониальной политики царизма является советский период. Советская историография содержит фундаментальные труды по данной проблематике. Первые исследования появились в 20-30-х

годах XX века, где критиковались колониальная политика царизма в области образования через систему русско-казахских школ в национальных окраинах. Но в основном публиковались работы тех исследователей, которые соблюдали требования, заключавшиеся в классовом подходе, показе прогрессивной роли русского народа. В русле этих позиций увидели свет ряд монографий казахстанских ученых, рассматривающих вопросы образования. К ним относятся работы А.И. Сембаева, Г.М. Храпченкова. [4]. Авторы «Очерков истории школ Казахстана», останавливаясь на характерной особенности школьной системы, выражавшейся в антинародной направленности, показали и состояние национальных учебных заведений. Главный недостаток этих школ виделся в их подчиненности многим ведомствам: Министерству народного просвещения, Министерству Внутренних Дел, Министерству путей сообщения и т.д. Критикуется в работе материальное положение русско-казахских школ. Недостаток средств особенно тяжело отражался на интернатах при этих заведениях. В «Очерках» как положительный фактор отмечается работа по распространению русской грамотности. Определенный вклад в советскую историческую науку по вопросам просвещения и образования внес своими работами Т. Тажибаев [5].

Фундаментальным содержащим ценные данные по вопросам истории образования в Казахстане является его труд «Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века», где он дает характеристику развития профессионально-технического образования, религиозных школ различных областей дореволюционного Казахстана. В своих исследованиях он также как и большинство советских исследователей, не смог уйти от влияния большевистской идеологии. К. Бержанов в своей работе «Русско-казахское содружество в развитии просвещения (историко-педагогическое исследование)» также как и предыдущие авторы подчеркивает позитивную роль русского образования. Так, отмечая результаты деятельности Оренбургской школы, он пишет, что появилась новая группа казахской молодежи с русским образованием, которая может положительно влиять на развитие русского образования среди населения. К.Бержанов на протяжении всей книги старается показать эффективность работы «деятелей русского образования», их непримиримую борьбу против конфессиональных школ, особенно мусульманских [6]. В 80-х годах XX века появляется и крупное исследование, посвященное Букеевскому ханству, эта монография известного казахского ученого С.З. Зиманова, написанная на основе широкого круга нарративных и документальных материалов [7]. С.З. Зиманов более основательно, чем его предшественники, исследовал и осветил процесс образования Внутренней орды и его место в политике царского самодержавия в Казахстане. Именно в его монографии, большое внимание уделено истории просвещения и духовной культуры в Букеевском ханстве во второй четверти XIX века.

Вопросы развития народного образования Казахстана находит широкое отражение и в современной историографии. Так развитие мусульманских мектебов и медресе исследуют в частности З.Т. Садвакасова, Г.С. Султангалиева, А.М. Нургалиева. З.Т. Садвокасова раскрывает вопросы обучения и состояние учебного процесса в мусульманских мектебах и медресе [8]. О строительстве и просветительской деятельности мусульманских мечетей имеются данные в докторской диссертации А.М. Нургалиевой [9]. Проблемы развития мусульманства исследуются и в докторской диссертации Г.С. Султангалиевой [10].

После распада Советского Союза, в публикациях, современных исследователей независимых республик, иначе показана система народного образования в регионах. Авторы стремятся на основе достоверных фактов показать сущность политики царизма по отношению к образованию. По их мнению, школьная политика царизма переплелась с национальной, главная задача которой заключалась в постепенном слиянии национальных окраин в единое государство посредством денационализации и насильственной политики русификации. Раскрытию данных фактов в частности посвящены вышеуказанные работы З.Т. Садвакасовой [11]. Политику царизма в области школьного образования на примере Оренбургского учебного округа (60-90 гг. XIX века) исследует в своей диссертационной работе Г.Ы. Купенова. Роль учебных заведений Южного Урала в формировании

национальной интеллигенции Северо-Западного Казахстана в XIX начале XX веков анализирует Г.М. Койшагарина [12]. В отличие от работ дореволюционных и советских авторов, большей частью идеализировавших политику царского правительства в казахских землях, в трудах современных историков история Букеевского ханства рассматривалась с несколько иных мировоззренческих позиций.

Итак, изучая состояние образования, современные казахстанские исследователи обращаются к истории Казахстана в колониальный период и период Советского тоталитаризма. В своих научных изысканиях они показывают влияние политики царизма, затем и большевистского руководства на все стороны жизни казахского народа.В современной историографии, хотя в некоторой степени еще сохраняются мнения о благотворном русском влиянии на казахский народ, вместе с тем чаще стали отражаться и негативные последствия завоевания Казахстана Россией. Распространению русской грамотности, обрусению казахского населения в современных публикациях и исследованиях дается совершенно иная оценка, нежели та, которая существовала в советское время.

Таким образом, в изучении истории народного образования Западного Казахстана во второй половине XIX и 40-х годов XX веков были достигнуты значительные результаты: накоплен фактический материал, изучены отдельные аспекты проблемы, воссоздана общая картина народного образования.

Список литературы:

1.Григорьев В.В. Русская политика в отношении Средней Азии: Ист. очерк // Сб. Государственных знаний. – Санкт-Петербург, 1874. – Т.1. - С. 233-261. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. - Санкт-Петербург; Тип. Э.Веймера, 1865. - 288 с.

2.Алекторов А.Е. Очерки народного образования в Тургайской области, летопись, 1744-1898 гг. - Оренбург, 1900. - Вып. 1,2,3; Он же. Из истории образования среди киргизов Акмолинской и Семипалатинской областей. // Журнал Министерства народного просвещения. - 1905. - № 2.; Граменицкий С.М. Очерк развития народного образования в Туркестанском крае. - Ташкент, 1906.; Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. - Казань, 1883.; Он же. Воспоминания об И.А.Алтынсарине. - Казань, 1891.; Остроумов Н.П. Мусульманские мектебы и русско-туземные школы в Туркестанском крае // Министерство Народного Просвещения.- 1906, Ч.1.

3.Харузина А.Н. Степные очерки. Киргизская Букеевская орда. Страничка из записной книжки. - М., 1888; Он же. Киргизы Букеевской орды. Антрополого-этнологический очерк. - Санкт-Петербург, 1889. Вып.1.; Санкт-Петербург, 1891., Вып.2. Алекторов А.Е. Внутренняя Букеевская орда. Оренбургский листок. 1887. - № 22. - С. 24-30. Он же. Киргиз-казаки. Исторический очерк. Там же. 1889. - № 30-52. Он же. Очерки Внутренней Киргизской орды // Известия Оренбургского Отдела РГО. 1893. - Т.2. - С. 23-49, 1894. - Т.3. - С. 1-32.

4.Сембаев А.И., Храпченков Г.М. Очерки истории школ Казахстана. 1900-1917. – Алматы: Казахстан, 1965. - 343 с.

5.Тажибаев Т.Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Казахское Государственное издательство политической литературы. - Алма-Ата, 1962. - 507 с.

6.Бержанов К. Русско-казахское содружество в развитии просвещения (историко-педагогическое исследование). - Алматы, 1985. - 341 с.

7.Зиманов С. З. Россия и Букеевское ханство. - Алма-Ата, 1982.

8.Садвакасова З.Т. О положении мектебов в Казахстане в конце XIX - начале XX веков. // Саясат. № 3,4. 2002. - С. 80

9.Нургалиева А.М. Ислам в истории и культуре казахского общества (XYIII-начало XX веков) дис. … докт. истор. наук. - Уральск, 2010. - С. 298.

10.Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XYIII начало XX вв.). дис. … докт. истор. наук. - Актюбинск, 2003 г.

11.Садвакасова З.Т. Политика царизма в области образования в Казахстане (вторая половина XIX-начало XX веков). Учебное пособие для магистрантов. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 92 с.
12.Купенова Г.Ы. Политика царизма в области школьного образования на примере Оренбургского учебного округа (60-90 гг. XIX века): дис. … канд. истор. наук. – Алматы, 2002. - 147 с.; Койшагарина Г.М. Роль учебных заведений Южного Урала в формировании национальной интеллигенции Северо-Западного Казахстана (XIX-начало XX вв.): автореф. ... кан. ист. наук. - Уральск, 2007. - 29 с.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Исаев Меңдібек, БҚИТУ педагогикалық факультетінің III курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Шуренбаева Э.Ә**., философия магистрі, БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қазақ халқының философиялық мұрасы батыстағыдай қалыптасқан философиялық жүйелерде емес, мифологияда, поэзияда, фольклорда, музыкада, ауыз әдебиетінде, мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде жатыр. Әлемді, адамды, оның өзін-өзі тануын, сөйтіп өзін басқаға таныту, бәсекеге қабілетті тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін адамгершілік дүниетанымдық және дәстүрлі этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады.

Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, ең алдымен, ұлы Абай «Адам бол!» дегендей, толық рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік ең жоғары кісілік мазмұнмен байытқан философия. Қазақ философиясы дегенде оның ежелгі түркілік бастауларын, халықтық және кәсіби формаларын айтқан дұрыс.

Қазақ халқының философиялық мұрасын зерттеуші ғалымдар осындай ерекшеліктерді ескере отырып, ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру формасы ретінде түсінгені, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы бай философиялық-дүниетанымдық мазмұнды ашып көрсету үшін оны герменевтикалық және компаративистік тәсілдердің көмегімен қайта саралағаны дұрыс болар еді. Жалпы тарихи процесті зерделеудің қиындығы да осында. XX ғасырдың басындағы қазақ ойшылдары Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Ғұмар Қарашев, Мәшһүр Көпеев және тағы басқа даналар.

Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі ой еркіндігін өздерінің дүниетанымының басты ұстындарының бірі етті, сөйтіп жаңа ұлттық ояну философиясын ұсынды. Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру тек тәуелсіздік жағдайында ғана толық іске аспақ, ал оның негізгі мақсаты тұлғаның рухани қалыптасуын іске асыру, ұлттық сана мен рухты ояту, оны тәуелсіздік жолындағы жасампаздық іске қосу, сөйтіп, еліміздің рухани тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Әлемдік философияның, яғни Ежелгі Қытай мен Ежелгі Үндістаннан басталып, қазіргі Батыс Еуропалық постмодерндік философияға дейінгі ғұламалар шығармаларының озық үлгілері болып есептелетін жинақталған үзінділер мен тарауларды оқырмандарға ұсынудың астарында қазақ тіліндегі жастардың философиялық мәдениетін көтеру мақсаты жатыр, сонымен қатар жоғары оқу орындарында жетіспей келген мемлекеттік тілдегі оқу материалдарының орнын толтыру мүддесі алға қойылған; екіншіден, бұрын жеткілікті деңгейде қолға алынбай келген күрделі философиялық мәтіндерге аударма жасау мәселесі жолға қойылып, елімізде философия саласында кәсіби аудармашылар корпусы қалыптасты және олар өзара біріге қызмет атқарудың арқасында көптеген философиялық терминдерге ортақ, бірізді баламалар тауып та үлгірді.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көріп жатқан тамаша туындыларды оқитын оқырман қауымды қалыптастырған жөн. Сонда Тәуелсіздік және қазақтың рухани мұрасы ғана ұлттық рух пен ұлттық намыс оянады. Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру жастарды тәуелсіз және еркін ойлауға үйретеді. Ой еркіндігі, пікір дербестігі қазақ халқының қанына туа біткен қасиет. Оған ақынжыраулар дүниетанымы, би-шешендер және ағартушылар философиясы кепіл. Қалыптасқан пікірлер мен қағидаларға күмәнмен қарау – қазақ ойшылдарының негізгі ұстанымы. Еркін ойлау Адамзаттың танымын кеңейткен талай-талай ғылыми және техникалық жаңалықтардың

ашылуына, өнер мен шығармашылық туындыларының пайда болуына, күрделі саяси-экономикалық мәселелердің шешілуіне себеп болды.

Қазақ философиясы еліміздің рухани тәуелсіздігінің көрінісі болып табылады. Қазақ философиясы адамзат тарихында ғасырлар бойы қалыптасқан әлемдік философияның ажырамас құрамдас бөлігі екені белгілі.

«Қазіргінің талай елін қайран қалдырған осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем, - деп атап көрсетті Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында, -тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады». Қазақ халқының тарих философиясы, халық философиясы, би-шешендерінің философиясы, ақын-жырауларының дүниетанымы өмірге келді. Қазақ халқының философиялық және әлеуметтік ойын зерттеуші ғалымдар осындай ерекшеліктерді ескеріп, ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру пошымы ретінде түсінгені, көркем әдебиет туындыларын салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып зерделегені, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы философиялық мазмұнды ашып көрсету үшін оны философиялық ойлау құралдары көмегімен қайта саралағаны дұрыс болар еді. Енді, міне қазіргі уақытта жаңа заманның тарихи кезеңі келді, рухани дүние де демократиялана бастады, яғни ойлау еркіндігінің ұстындары қоғамдық санада беки түсуде.

Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі ой-тұжырымдарының тарихта жоғалып кетпей олар халықтың рухының терең тамырларында бойлай орналасқанын, өмір сүргенін байқатты. Рухани бай адам ең алдымен ең әділ, мейірімді және қанағатшыл болады. Тұлғаның бай руханилық санасы-өмірдің мәнін сезінуге, өзінің өмірдегі орнын табуға, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсінуге, жақын адамдардың алдындағы жауапкершілігін сезінуге, өзінің жеке басына тән азаматтық және адамгершілік парызын орындауға сара жол ашады. Жас ұрпаққа рухани тәрбие, білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін қоршаған ортамен үйлесімдікте ұстай білуге, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттігін түсінуді қамтамасыз етуге көмектесеміз.

Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарын тұлға бойына сіңіреді. Жеке тұлғаның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге рухани көзқарас қалыптастырамыз. Жас ұрпақ бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды, руханилық, адамгершілік, қаырымдылықты сіңіру-тәрбиенің басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы-руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын өз бойында шыңдап жетілдіруге ұмтылады. Жеке тұлғаның іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа, қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты өзі терең түсініпқабылдаған және өзінің іс-әрекетін, тұрмыс-тіршілігін солардың негізінде құрған идеялардың жиынтығына сенім де тұлғаның дүниетанымын кеңейте түседі. Адамның көзқарасы оның ішкі сеніміне айналған жағдайда ғана оның дүниетанымы, қоршаған ортаға деген қатынасы қалыптасты деуге болады. Тұлғаның меңгерген білімі оның өмірдегі атқаратын барлық істеріне, қоғамда, отбасында өзін ұстауға ұмтылдыратын түрткі дәрежесіне дейін көтеріледі. Ерік-жігері, сенімі қалыптасқан жағдайда сол армандарына жету жолында әрекеттер жасайды. Осы әрекеттердің барысында өзінің мақсат еткен идеалына байланысты адамда құндылықтар дүниесі қалыптасады. Құндылықтар дүниесі-жеке тұлғаның дүниетанымына негізделген іс- әрекет пен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа, қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты, өзі терең түсініп қабылдаған, ішкі және сыртқы әсерлерге байланысты адам бойында қалыптасқан, биік мақсат көздеген ізгі қасиеттердің өмір сүру барысындағы көрінісі деп тұжырымдауға болады. Қазақ қоғамының

өмір сүру салтында рухани құндылықтарды жоғары бағалау, өскелең ұрпақты соған баулу біздің басты міндеттеріміздің бірі болуы тиіс.

Белгілі философ Н.Бердяев: «Рух-сүйіспеншілікте, қайырымдылықта, жанашырлықта, әділеттілікте, шығармашылықта, еркіндікте, борышта т.б көрініс табады » деген болатын. Еліміз өз егемендігін алып ұлтымыздың ғасырлар бойы қолданылып келген тәлім-тәрбие мазмұнын қазіргі жастарды оқыту мен тәрбиелеуде пайдалана білу біздің міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шығыс философиясы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2009. Оқу құралы. «Әлемдік философиялық мұра» 20 том
2. Ш. Құдайбердіұлы «Үш анық» Алматы1991 ж.
3. М. Арын «Бес анық» Алматы Арыс 1996 ж.

АРЫНҒАЗЫ ӘБІЛҒАЗЫҰЛЫ ХАН ҰСТАНҒАН САЯСАТ

Ізімов Ізбасар, БҚИТУ педагогика факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.,** тарих ғылымдарының кандидаты,
БҚИТУ профессоры

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Кіші жүздегі үлкен ауқымдағы саяси дүмпу – бұл сұлтан Арынғазы Әбілғазыұлының қозғалысы болатын. Жат жерде көз жұмған осыбір қазақтың ержүрек саяси қайраткерінің өр тұлғасы еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенше көмескі күйінде қалып келді. Оның қазақ елі бастан кешірген саяси жүйеге байланысты объективті себебі барша ғылыми қауымға белгілі. Дегенмен Арынғазы хан тарихы өзі өмір сүрген кезден-ақ қағаз бетіне түсіп, архив құжаттарында жинақтала бастаған.

Ресей империясы өз ықпалын Орта Азияға тарату мақсатында 1820 жылы Бұхар хандығына елшілік ұйымдастырады. Сыртқы Істер министрлігінде қызмет ететін, түрік, парсы тілдерін меңгерген А.Ф.Негри бастаған елшіліктің құрамында болған капитан Е.К.Мейендорф кейін осы сапар туралы еңбегін жариялады [1]. Арынғазы хақындағы патшалық-дворяндық тарихнамадағы бірегей еңбек болып саналатын монографияның құндылығына шек келтірмейміз. Бұл сапарда орыс офицері ханның Қарабұтақ өзені бойындағы ауылында болып жүздескен. Қазақ даласына ғана емес, Ресей, Хиуа, Бұқар елдеріне белгілі тұлғаның қоғамдық-саяси көзқарасын баяндап, алғаш рет Арынғазының тарихи бейнесін жасап, оның қазақтар арасындағы қадір-қасиетінің, беделінің ерекше жоғарылығын көрсетеді.

Төңкеріске дейінгі тарихнамадан Арынғазы туралы пікірді Л.Мейер еңбегінен таба аламыз. Бас штаб офицері ретінде Л.Мейер көзқарасы Ресейдің империялық отарлау саясаты ұстанымынан алшақ кетпесе де, тарихи тұлғаға «сұлтандар арасынан шыққан қазақтың жалғыз, адал патриоты» [2, с.40] деген жоғары бағасын Арынғазы Әбілғазыұлының саяси қайраткерлігін мойындау деп қабылдауға болады. Бұл тұжырымды А.И.Макшеев дамыта түсті. Оның пікірінше, 1812 жылы Кіші жүздің хандық тағына Шерғазы Айшуақұлы бекітілгенімен, осы ұлыстың батыс өңіріне Қаратай сұлтан, оңтүстік бөлігіне, Сыр бойына Арынғазы сұлтан иелік еткен. Зерттеуші Арынғазыны «адал және әділ адам» ретінде бағалап, оны Санкт-Петербургке шақырып, сонда қалдыру әрекетін Сыртқы Істер министрлігі жүзеге асырды деп есептейді [3, с.110-112].

Советтік-таптық тарихнамада қарсылық қозғалыстарын алғашқылардың бірі болып зерттеген А.Ф.Рязанов еді. Ол Орынбордың архив қорларының мол көзімен танысып, ғылыми айналымға енгізді. Жекелеген даулы мәселелеріне қарамастан бұл зерттеулер бүгінгі таңда да өз мәнін жоғалтқан жоқ. XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихына бірнеше еңбегін арнаған А.Ф.Рязанов зерттеулерінің ішіндегі айрықша маңыздысы – «Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздік жолындағы қырық жылдық күресі» атты монографиясы [4]. Автор бұл еңбегінде Арынғазыға қатысты бұрын жарық көрмеген материалдарды жариялап, қозғалысты азаттық және бірлік үшін болған деп тұжырымдады. Зерттеуші Кіші жүз ханы Шерғазы Айшуақұлы мен Арынғазы, Арынғазы мен Орынбор әскери губернаторы П.К.Эссен араларындағы қарым-қатынасқа назар аударады.

Қазақстан тарихнамасы 1940-жылдары Е.Бекмаханов, М.П.Вяткин қаламынан туған сүбелі еңбектермен толықты. Е.Бекмаханов атақты монографиясында [5] тікелей Арынғазы Әбілғазыұлының қоғамдық-саяси қызметіне қатысты өз ой-пікірін білдіреді. Қазақстанның оңтүстік шегіндегі Хиуа хандығының XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында жүргізген саясатын, Арынғазының бөлшектеніп бара жатқан елді біріктіріп, хандықты сақтаудағы рөлін, оның өзіне дейінгі ұлт-азаттығы жолындағы күрескерлерден артықшылығын көрсетіп береді.

М.П.Вяткин Санкт-Петербург архивіндегі жаңа деректерді жарыққа шығарды. Ғалым Арынғазының аталары Батыр, Қайып, әкесі Әбілғазы хандардың Ресейге бағынышты болмағандарына назар аударады. Айшуақ хан тұсындағы Кіші жүздің бірқатар руларының Сыр бойына көшуі Арынғазының күшеюіне әкелді деген тұжырым жасайды. Оның пікірінше қозғалыс сипаты жағынан Кіші, Орта жүздерді мемлекеттік біріктіру болғанымен, Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс сияқты халықтың жаппай қолдауына ие болмаған. Зерттеуші қозғалысқа таптық мән беріп, үстем тап өкілдері мен феодалдардың саяси, экономикалық үстемдігін күшейту жолындағы «жанталасы» ретінде қарады. Патша үкіметі мен Арынғазы хан арасындағы мәселелерге назар аударған М.П.Вяткин «Ресейдің түпкі мақсаты қазақ мемлекеттігін жою болды. Сондықтан да Арынғазының алдына қойған саясаты іс жүзіне аспай қалды» деп әділ қорытындылайды [6, с.34-36].

Тарих шындығы аяққа тапталған саяси қуғын-сүргіннің үшінші толқынына шарпылған отандық тарих ғылымы отарлық езгіге қарсы төре тұқымдары бастаған қарсылықтарды «реакциялық» деп бағалады. Отаршылдық жағдайдағы азатшыл қазақ хандарының тұлғасына көзқарас түбегейлі теріс бағытта болды. Тіпті Арынғазы «қазақтан шыққан Хиуа хандарының ұрпағы және мұсылман фанатизмі рухында тәрбие алған» деген ұстаным үстем болды [7, с.121].

Тоталитаризм идеологиясы үстемдігі кезеңіндегі ұзақ уақыт бойғы үнсіздіктен кейін, күні бүгін тәуелсіз ұлттық тарихнама қалыптасты. Осыған сәйкес Арынғазы хан тұлғасы жаңа зерттеулермен, тың көзқарастармен толығып, шынайы баға берілді. Бұл бағытта қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының біртұтас очеркін жасауға әрекет жасаған Ж.О.Артықбаевтың тәжірибесі ерекше көңіл бөлуге тұрарлық [8, с.259-303]. «XIX ғ. қазақ жерінде белең алған көтерілістердің ішінде К.Қасымов бастаған 10 жылдық күресті ғана «ұлт-азаттық» деп атауға негіз бар» [9, 184 б.] деп жазған белгілі тарихшы-ғалымның «үлкен күреске жалғаспағанымен, Арынғазы бастаған қозғалыстың мақсат-міндеттері Кене ханның жоспарымен тоғысады» [9, 184 б.] деген пікірі назар аударарлық. Ғалым «Қазақтардың билеушілер шаңырағының тарихына материалдар» атты кітабында Арынғазы ханның қызметін тәуелсіздікті сақтау үшін күрес дәуіріндегі хандар қатарында арнайы зерделейді [10, с.176-179]. Арынғазы хан қимылын Қаратай сұлтан, Жоламан би, Есет батыр көтерілістерімен мүдделес, алғышарттары ортақ, бір мақсатты көздеген Батыс Қазақстандағы отаршылдыққа қарсы қозғалыс деңгейінде қарастырады. Ғалымның «...өз өмірін қазақ тәуелсіздігі үшін қиған тұлға, отаршылдық қамыты қазақ мойнына іліне бастаған сұм заманның ырқына көнбеген азамат» [11],-деген пайымдаулары бірегей қайраткерге берілген лайықты баға болатын.

Тарихшы М.Әбдіров Арынғазы хақындағы өз зерттеулерін алмағайып кезеңде елді тығырықтан шығарудың, ірге бекітудің, хандық үкіметті сақтай отырып, бұқараны қорғаудың амалын іздеген хан әулетінің ең озық ойлы өкілі ретінде түйіндейді [12].
Зерттеуші Р.Темірғалиев өз мақаласында Арынғазыны қазақ тарихының ұмытылған қаһарманы, XIX ғасырдың ірі саяси қайраткері ретінде қабылдайды. Ханның тарихи тұлғасы Кенесарының ерлігі мен Жәңгірдің дналығынан бір кем түспейтіндігін замандастарының тарапынан мойындалғандығын алға тартады [13].

Қазақстан тарихына ұлттық көзқарастың қалыптасуы жағдайында Арынғазы ханның саяси келбетін жасаған белгілі тарихшы Т.Омарбековтың мақаласы да мәселенің зерттелу деңгейінен ерекше орын алады. Ғалымның кәсіби тұрғыдағы пайымдаулары отарлық дәуірдің кесапатын, жеке бас мүддесінен ел мүддесін жоғары қойған, азаттық жолында құрбан болған тәуекелшіл тұлғалардың тағдырын көз алдымызға әкеледі [14].

Тарихи тұлға хақында тұщымды еңбек жазып жариялаған тарихшы ғалым Ұ.Ахметова болатын. Ол жариялаған оқу құралында XVIII-XIX ғасырлар тоғысындағы қазақ даласының қоғамдық-саяси ахуалы, ел басқарып, мемлекеттік тәуелсіздікке жетуге ұмтылған Арынғазы сұлтанның қайраткерлігі жаңаша көзқарас тұрғысынан сараланады [15].

Сонымен Арынғазы Әбілғазыұлы тарихынан, тағдырынан сабақ алар қайраткерлер қатарында тұрған ұлт шежіресіндегі аса бір көрнекті, өзіндік орны бар тұлға. Ол 1786 жылы

Сыр бойы қазақтарын билеген Әбілғазы сұлтанның шаңырағында дүниеге келді. Ата-тегі Қазақ хандығының негізін салған Жәнібек ханның тоғыз ұлының бірі Жәдік сұлтаннан тарайды. Арынғазының арғы аталары – тұтас қазақты билеген Шығай, Есім, Қайып хандар болса, бергі аталары – Кіші жүздің оңтүстігінде өзіндік орны бар Батыр Қайыпұлы, Хиуаны билеген Қайып хан. Оның қоғамдық-саяси көзқарасы кезінде орыс және қазақ қоғамын өзіне қаратқан Сырым Датұлы аттанысының соңғы кезеңі, Кіші жүз қазақтарының жарты ғасырлық күресінің нәтижесінде Жайық-Еділ аралығының қазақтарға қайтарылуы, хиуалықтардың Кіші жүздің оңтүстік аудандарына шапқыншылығының күшеюі арқылы қалыптасты.

Он төрт жылға созылған Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық қозғалыс Кіші жүздің қоғамдық-саяси өміріне қатты әсер етті. Дәстүрлі хандық билік жүйесіндегі дағдарыс, патша үкіметінің қазақ даласына ентелей енуі, отаршылдардың байтақ өлкені империяның бір губерниясына айналдыруы және қазақ хандарын патшаның шенеунігіне айналдыруы Кіші жүздегі әлеуметтік-саяси өмірді шиеленістіріп жіберді.

Айшуақ ханның ел билеудегі дәрменсіздігі, Жантөре мен Шерғазы хандардың ел ісінен мүлдем бейхабарлығы, Қаратай сұлтанның ел бірлігі мен өз билігін ұштастыра толықтыру жолындағы жанталасқан күресі хандық өкіметтің негізін шайқалтты. Патшалықтың Кіші жүздегі хан тағына қабілетті үміткерлерді мойындамау және қабілетсіздерге қолдау көрсету саясаты жеңіске жетті. Күрескер тұлға, сұлтан Қаратай Нұралыұлының «патша бекіткен хандардың бірі – Жантөре Ресейде тұрады, екіншісі – Шерғазы ешқайда да жарамайды» деген ызалы сөзі немесе Айшуақ Әбілқайырұлының Орынбор әскери губернаторы С.Г.Волконскийге берген опат болған мирасқоры туралы «үлкен ағасы Қаратай ханды өлтірді, ал кіші інісі Бөкей хан болуды армандауы мен үшін соншалықты қолайсыз жағдай» [4, с.87] деген шарасыз хабары Кіші жүздегі ішкі саяси өмірдің апатты жағдайын, империялық саяси пиғылдың ықпалдылығын, мемлекеттік тәуелсіздіктің жарға жығылар көрінісін айқындайды. XIX ғасыр басындағы Әбілқайыр ұрпақтарының арасында дендеп алған билік бақталастығын да бұл жерде жоққа шығаруға болмайды, әсіресе Нұралы хан мен Айшуақ хан мирасқорларының алакөздігі әрдайым империялық Ресей үшін қолайлы жағдай қалыптастырып отырды.

Осы кезеңде Нұралы ұлдары мен Батыр ұрпақтарының одақтастығы, ал оған қарсы Айшуақ ұлдары мен Әбілқайырдың інісі Бұлқайыр сұлтан немерелерінің бірлесулері Кіші жүзде айқын көзге түседі. Сондай-ақ Әбілқайырдың екінші ұлы Ералы баласы Темір өлкеде үлкен беделге ие сұлтан ретінде таныла бастайды.

Сұлтандар арасындағы басты мәселе хандық тұғырға отыратын тұлғаның ел бірлігі мен тыныштығы, тұтастығы мен тәуелсіздігі үшін қызмет жасауы болды. Бірақ 1812 жылы 22 тамызда бекітілген [2, с.32] Шерғазы хан өз билігін бүкіл Кіші жүзге мойындата алмады, тіпті оның хан тағына келуі ішкі тартысты шиеленістіріп жіберді. Міне, осы тұста тарих сахнасына Батыр-Қайып ұрпағы Арынғазы Әбілғазыұлы шықты.

Арынғазы сұлтанның хан сайлануы XIX ғасыр басындағы қазақ даласы үшін үлкен тарихи бетбұрыстың бастамасы болды. Арынғазының үлкен билікке келуі патша үкіметінің XVIII ғасырдың 30-жылдарында-ақ бастап кеткен Әбілқайыр-Батыр бақталастығын өршіткен, өміршең еткен саяси ойынына тұсау салды. Өйткені Арынғазы хан бола отырып Әбілқайыр әулеті сұлтандарының да нақты қолдауын алған болатын.

Билікке келісімен Арынғазы хан Кіші және Орта жүздердің басын біріктіруді бастап кетті. Ол XIX ғасыр басындағы ел ішін дендеген рулық тартысты батыл тоқтата білді. Бұл бағытта әдет-ғұрып және шариғат заңдарына сүйеніп, араздықты тудырушы кінәлілерді жұрт алдында өлім жазасына кесуге дейін барды, олардың дүние-мүлкі талапкерлерге үлестірілді. Қазақтар арасындағы келісімге қол жеткізуді көздеп, тыныштықты бұзушы барымтаның негізгі себептерін анықтап, оны жандандырушы топтарды тәртіпке шақыру сұлтан қызметінің бір қырына айналады. Сол уақытта ел аузында «Жайық бойындағы Кіші жүзден Арынғазы деген хан шығыпты, өзі қара қылды қақ жарған әділ екен» деген әңгімелер тарайды. Атақты Шернияз ақынның «ар жақта Арынғазы дүмбірлеген» деп жырлауы да осы

кез еді. Ханның ықпал-өрісінің, атақ-даңқының артуынан Орта жүздің Торғай еліндегі Арғын рулары да әділдік іздеп келіп тұрған дейді.

Тарихшы Е.Бекмаханов Кенесарының сот құқықтық реформасының негізі Арынғазы тәжірибесінен алынғандығын атап өтеді. Ғалым одан әрі Арынғазының осы саладағы жаңашылдығы туралы «оның реформаторлық қызметі Тәуке ханға қарағанда басқаша сипатталатын. Соған қарамастан Арынғазының сот ісін құру қызметі хан билігін нығайтуға арналған еді. Оның біріктіруші саясаты феодалдық негізде құрылды. Арынғазы ру шонжарлары билерінің сот құқығын шектеді. Рулар арасындағы дау-жанжал ол тағайындаған қазылар арқылы шешілетін болды. Арынғазының заң шығарушылық қызметіндегі бір жаңалық – ол сот ісін қазақтардың әдеттегі құқығы бойынша емес, шарият дәстүрі бойынша жүргізу, бұл сөзсіз түрде оң қадам және қазақтарда құқықтық қатынастардың дамуындағы белгілі бір кезең болды», - деп көрсетеді [5,153б.]. Е.Бекмаханов Кенесары хан Арынғазының тек сот жүйесін ғана емес, сонымен бірге басқа да мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіріп, іс жүзіне асырды деп анықтады.

Арынғазы Әбілғазыұлы хандықты күшейту мақсатында салық саясатын дұрыс жолға қойды. Бір сөзбен айтқанда Арынғазының басты мақсаты Кіші жүзде біртұтас хандық құру болды.

Хиуа біріккен қазақ ордасын қалаған жоқ, қазақтардың басына жаңа көшбасшының келуі ортазиялық аймақтағы Мұхаммед Рахым бастаған өзбек хандығына төнетін жаңа қауіп болып табылатындай көрінді.

Осындай жағдайда Арынғазы Орынбор әкімшілігінен қолдау сұрады. Әскери көмек көрсетілмесе де, Ресей Хиуа ханына қарсы Арынғазының саясатын пайдалануды көздеді. Бір сөзбен айтқанда тұтас билікке жақын тұрған Кіші жүздің Арынғазы арқылы күшеюінен Хиуа қорықса, Ресей түбінде бағындырылатын шығыстың екі халқының бірігуі түгіл, олардың дұшпан болып қалуларын қалады.

П.К.Эссеннің 1818 жылы Арынғазыны Кіші жүздегі Хан кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындауы [13], оның қайраткерлік қызметінде үлкен тарихи оқиғалардың басталғандығын көрсетті. Сөйтіп Арынғазы Кіші жүздің толық хандығына қол созып, Орта жүздің беделді бетке ұстарларын өз саясатына жақындатуды бастайды. Сонымен бірге хиуалық басқыншылықтан көз ашпаған Сыр қазақтарын Кіші жүзге нақты түрде қосып, күш біріктіру әрекеттері де айқын көрінеді.

Арынғазы кандидатурасы Орынбор губернаторы П.К.Эссен тарапынан қолдау тапты. Тіпті губернатор жүздегі билік алмасуын жүзеге асыру үшін Шерғазы ханды Уфаға шақыртты. Елде Кіші жүз хандығы құрылатындай жағдай қалыптасты.

Арынғазының осыншалықты күш алуына алдымен Хиуа хандығы қарсы болды. Бұл ортазиялық мемлекет билеушісі Арынғазыға қарсы Шерғазы Қайыпұлын да, Шерғазы Айшуақұлын да айдап салды. Оның үстіне Мұхаммед Рахымның 12 мың қолмен 1820 жылы 25 ақпанда Сыр бойы қазақтарына соққы беруі орын алды. Тарихшы Ұ.Ахметованың анықтауынша Хиуа тұтқынына Арынғазының анасы, бауыры Нұрым сұлтан әйелімен және ұлымен бірге тұтқынға түскен. Жалпы Арынғазы 33 бауырынан айырылғандығын жазады [15, 94-95 бб.]. Хиуаның жорық жоспарынан хабардар болған Арынғазы өз кезегінде Орынбордан көмек сұрағанымен оны ала алмаған болатын. Бұл жерде хиуалық шапқыншылықтардың нәтижелі болуының себебін түрлі жәйттермен түсіндіруге болады. Біріншіден, қабілетсіз тұлғаларды билікке жеткізген империялық отаршылдық саясат Кіші жүздің бірлігіне, тұтастығына, әскери күшеюіне жол берген жоқ, керісінше саяси бөгет жасаған фактілер жетіп артылады. Екіншіден, ширек ғасыр хан болған Мұхаммед Рахым тұсында Хиуа шын мәнінде үлкен әскери әлеуетке жетті. Хиуаның 35 мың атты әскерінің 5 мыңы мылтықпен қаруланып, тұрақты әскерді қалыптастырған Мұхаммед Рахым оларға тұрақты жалақы беруді де ұйымдастырған [5, 158 б.]. Үшіншіден, шапқыншылыққа дер кезінде ұйымдастырылған тойтарыс қазақтар тарапынан беріле алмады, дегенмен қазақ батырларының ортазиялық экспансияға қарсы өмірлік күрестері көп апаттардан сақтап қалды.

Ресей Сыртқы Істер министрлігі әрине Орынбор ұсыныстарын жіті зерделеп, түптеп келгенде отарлау саясатының бірқалыпты жүруін жүзеге асырды. Сондықтан саяси аренада жарқырай көрінген Арынғазы хан отаршылдарға кедергі жасар тұлға ретінде айқындалды. Сөйтіп Арынғазы Санкт-Петербургке жедел түрде кездесуге шақырылады. Тарихи тұлғаның бұдан кейінгі өмірі отарлық кезең шежіресінен белгілі. Алдымен Санкт-Петербургке шақырылған Арынғазы Әбілғазыұлы кейіннен Калуга қаласына жер аударылды, сонда елін азаттықта, халқын бірлікте көргісі келген біртуар қайраткер 1833 жылы тамыз айында өмірден өтеді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару.-Москва: «Наука», 1975.-180 с.
Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства.-СПб., 1865.-
288 с.
2.Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских.-СПб., 1890.-251 с.
3.Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838).-Кзыл-Орда: «Общество изучения Казахстана», 1926,-298 с.
4.Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында.-Алматы: Санат, 1994.-416 б.
5.Вяткин М.П. Политический кризис и хозяйственный упадок в Малой орде в конце XVIII – начале XIX в. // Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг). т.IV.-Москва-Ленинград: «Издательство АН СССР» 1940,-390 с.
6.Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века.- Алма-Ата: «Наука», 1971.-350 с.
7.Артыкбаев Ж. Очерк национально-освободительных движений // Казахское общество: традиции и инновации. Караганда, 1993.-305 с.
8.Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы: Оқулық – хрестоматия.-Астана: «Фолиант», 2003.-264 бет.
9.Артыкбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов.-Алматы: Ғылым, 2001.-204 с.
10.Артыкбаев Ж.О. Антиколониальные движения в Западном Казахстане. Восстания под предводительством султанов Арынгазы и Каратая, биев Жоламана и Есета. https://elim.kz/article/370/
11.Абдиров М. Он должен был стать ханом Младшего жуза, но кончил жизнь в ссылке. https://camonitor.kz/28497
12.Темиргалиев Р. Хан Арынгазы – забытый герой казахской истории. https://centrasia.org/newsA.php?st=1328337840
13.Омарбеков Т. Арынғазы хан: Ана тілі.-2015.-29 шілде
14.Ахметова Ұ. Арынғазы хан (1786-1833). – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004.-168 бет.

АЛАШОРДА ҚАЙРАТКЕРІ - СӘЛІМГЕРЕЙ НҰРАЛЫХАНОВ

Кадешова Айнагуль, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
тарих, экономика және құқық факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - **Байбулсинова А.С**., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Қазақ халқының тарихында Алаш қайраткерлерінің алатын орны ерекше. Олар өз ұлтының бостандығы жолында басын бәйгеге тіккен, халқын отаршылдықтың бұғауынан босатып, тәуелсіз мемлекет құруда ақтық демдері қалғанша күрескен асыл жандар. Жалпы, қазақ халқының тарихында азаттық аңсап, өз елінің тәуелсіздігін қорғаған тарихи тұлғалар аз емес. Әйтсе де, Алаш қайраткерлерінің олардан бір ерекшелігі бар. Бұған дейінгі бостандық үшін басын бәйгеге тіккен ұлы тұлғалар өз мақсаттарын ақ найзаның ұшымен, алмас қылыштың жүзімен жүзеге асырмақ болса, Алаш қайраткерлері өркениетті елдердің дәстүрімен күресті партия құрып саяси жолмен жүргізді. Соның нәтижесінде Алаш қайраткерлері қазақ жерінде тұңғыш рет қағазға түскен қаулы шешім негізінде бекітілген үкімет құрды. Яғни Алаш қайраткерлері осыдан бірнеше жыл бұрын қазақ халқы толық тәуелсіздік алған жағдайда елді қалай басқарып,қалай дамыту керек, ішкі-сыртқы саясатты қандай жолмен жүргізген дұрыс, көрші мемлекеттермен қандай қарым-қатынаста болғанымыз абзал дегеннің бәрін нақты көрсетіп белгілеп берген болатын. Өкінішке орай, Алаш қайраткерлерінің осы айтып, жазып кеткен бағдарлама-жоспарларын біз әлі күнге жете оқып, зерттеп, оны қазіргі заманға ойдағыдай пайдалана алмай жүрміз. Болашақта Алаш қайраткерлерінің еңбектері мен ой-идеяларын бүгінгі күнге практикалық тұрғыдан тиімді пайдаланудың жолдары мен жаңа мүмкіндіктерін ойластырғанымыз жөн.

Алаш қайраткерлері туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Біз Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі жолында күрескен азаматтарды құрметтеуіміз керек. Алаш қайраткерлері Патшаның тақтан құлауы қазақ халқына бостандықты алып келеді деп сенген еді. Бірақ, олай болмады. Ұлттық идея үшін арыстар өмірлерін қиды, бірақ олар тәуелсіздікке деген ұмтылысымызды одан әрі күшейте түсті. Ол бақытты күнге жету бүгінгі ұрпақ еншісіне бұйырды. Алаш аманаты-өзіміздің тарихи мәдени бірлігіміді сақтау, Алаш аманаты-келісімді сақтау және нығайту болып саналады» -деген болатын.

Ендеше, Алаш идеясы-Қазақстан азаматтарының бірігу идеясы, болашақ дамуының айқын бағыты, егемендігімізді нығайта түсетін Ұлы жол деп түсінуіміз керек.

Алаш қайраткерлерінің тарихы қазіргі ұрпақ, яғни біздер үшін өзекті болып отырған арыстарымыздың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіндегі өз ұлтына деген ыстық сезімі, Отанға деген шынайы адалдықпен тығыз байланысты. Алаш қайраткерлері өз заманының алдыңғы қатарлы оқымыстылары болды. Олар білім алып, өз өңірлерінің жоғарғы оқу орындарында білімдерін шыңдады, зиялы тұлға болып қалыптасты. Солардың бірі – Нұралыханов Сәлімгерей Зұлқарнайұлы 1878 жылы 18 шілдеде Бөкей губерниясының Меңдіханов болысында дүниеге келді. Ол Орынбордағы гимназияға оқуға түсіп, 1899 жылы оны үздік бағамен аяқтаған. Жиырма жасында Астрахандағы округтік сотта тілмаштық қызметке кіреді. Көп кешікпей ұқыпты, тиянақтылығымен көзге түскен жас Сәлімгерей 1905 жылы Астрахан губерниясының ұлықтың көмекшісі болып тағайындалды. Сәлімгерей Нұралыханов жоғарғы қызметке білімінің аздығын сезіндіме, ол өз еркімен сұранып, Қазан университетінің заң факультетіне түседі де, оны 1913 жылы аяқтайды. Осы жылдан бастап, Сәлімгерей Нұралыхановтың біржола ден қойған кәсіби қызметі құқық саласында, Астрахань округтік сотында іс жүргізуші, сот тергеушісі сияқты бірқатар міндеттерді атқарады. Сәлімгерей ұлттық ұстанымы берік, әр басқан қадамына байыппен қарады. Оның басты себебі, Кіші жүздің ханы Нұралы әулетінің орыс патшасының отаршылдығынан туған саяси қысымшылықты ерте көргендігінен еді. 1916 жылғы көтеріліс пен Ақпан төңкерісінен соң Сәлімгерей Нұралыханов Алаш қозғалысының ортасында жүрді. Жалпы қазақ съездеріне

Б.Құлманов,У.Танашев,С.Нұралыханов «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланды.1917жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен I Бүкілқазақтық съезде Алаш партиясынан Бөкей Ордасының құрылтайына делегат болып сайланды. Ал 1917 жылдың 5-13 желтоқсанда II Бүкілқазақ съезінде Алаш үкіметі Халық Кеңесінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. Олар билікке араласқан кезде қарапайым күштеу, зомбылық саясатының ушыққан уақыты еді. Осынау аласапыран тұста билікті анықтаудың өзі оңайға түспеді. Осы жағдайдың себебін Мақсат ТәжМұрат «Ғұмар Қараш» еңбегінде дәлелдей түсуге тырысады: «Уақытша үкімет комиссары Әлихан Бөкейхановқа арқа сүйеген Бақтыгерей Құлманов Хан Ставкасы Атқару Комитетін тұқыртып алмақ болды. Сөйтіп басқа шауып төске өрлеген сауатсыз, жерсіз бүлікшінің бір екеуін ұстап алып, жұртқа көз қылып, абақтыға салды және Құрылтай жиналысына делегат сайлауды демократиялық негізде, пәрменді жүргізе бастады»-дейді.

Алайда 1917 жылы арпалыс кезінде большевик үгітшілеріне сеніп қалған және Б.Құлманов пен ОАК-не қарсы тұрған қазақ оқығандары Сәлімгерей Нұралыханов, Ишанғазы Саматов, Досығұл Темірәлиев, Ғабит Сарыбаев, Жұмағали Ізбасаров, Ғалым Сәлімов болды.Сол жылы маусымда осы топқа қарсы оңшыл әсер Қадыр Әзербаев, меньшевик Мұстафа Көкебаев,алашшыл Уәлитхан Танашев бастауымен «Жігер» үйірмесі құрылады. Бірақ жер мәселесін сол кездегі саяси жағдайлар одан сайын қиындатып жіберген болатын.Елде алыпсатарлық, азық-түлік тапшылығы одан сайын тереңдей түсті, қазақ жігіттерінің төзімі таусылып, жерді тартып алып, бөліске сала бастады. Кедейлер аштан өліп, көштен қалмауы үшін жанталасты, яғни қарапайым халық та, оқыған зиялы топ мүшелері де бір-біріне сенімсіздік танытты. И.Кенжалиев 1917 жылы 10 қыркүйекте Ордада қазақ зиялыларының жиналысы өткенін, онда Ресей мәселесі бойынша У.Танашев, Бөкейдегі саяси жағдай жөнінде Б.Ниязов, ал жер мәселесі жөнінде Б.Құлманов баяндама жасағанына тоқталады. Бөкей ордасында революцияға дейінгі қазақтардың қоғамдық өмірін, революция кезіндегі ауылдағы саяси ағымдарды және революцияны қолдаған еңбекші қазақтардың күресін бір жақты көрсетуге тырысып бақты.

Уақытша үкімет кезіндегі саяси жағдайды талдауға да ұмтылыс жасаған кейбір ғалымдардың пікірінше, «Уақытша үкіметтің комиссары, Алашорда үкіметінің мүшесі Бақтыгерей Құлманов, Алашорда үкіметінің революцияға қарсы мүшесі Уәлитхан Танашев Бөкей Ордасын басқаруды қолдарына алып, өздері сияқты бай-феодалдарды, монархистер мен ұлтшыл интеллигенцияны жинап, топ құрып, кеңес үкіметін мойындап отырған бұқараға қарсы қатал тәртіп енгізген ірі бай-феодалдардың үкіметін құрды» деп сипаттайды. 1917-1919 жылдары алаштағы басталған қызметін жалғастырған С.Нұралыханов Ревкомның Қалмақ облысына билік жүргізетін басқармасында бастықтың кеңесшісі әрі көмекшісі болады. 1919 жылдың сәуірінде қазақтың әскери полкін жасақтаушы әскери комиссар, кешегі Алаш қайраткерлерінің бірі Мұхамедияр Хангерейұлы Тұңғаншиннің шақыруымен Бөкей губерниясына келеді. Ел аузында есімі үлкен құрметпен аталып жүрген қазақ зиялысы, қадағалау органының тарихында өзіндік із қалдырған осындай прокурорлардың бірі-Сәлімгерей Нұралыханов. Ол Ресей империясының іргелі оқу орны император атындағы Қазан университеті заң факультетінің түлегі. С.Нұралыханов аумалы-төкпелі заманда, яғни ақ патшаның және кеңес өкіметінің тұсында да жоғары дәрежелі қызметтерді атқарған, өз ортасының беделді азаматы. Бір ғана мысал, кеңестік шенеуніктердің әлеуметтік тегі таразыға түскен кезекті «тазалау» науқанында (1924 жылдың күзінде) Сәлімгерейге Қазақ АКСР Әділет халық комиссары және Республика прокуроры Нұртаза Ералиннің берген мінездемесі мынадай: «Нұралыханов Сәлімгерей Зұлқарнайұлы - Жоғарғы Сот қазақ бөлімінің прокуроры. Ұлты казақ, сұлтандар тұқымынан тараған. Үйленген, 44 жаста. Саяси білімді, жұмысына берік. Міндетіне сәйкес, заң саласында пайдалануға болады…» - дейді. Осыған орай, С.Нұралыхановтың жеке басына әрі қызметіне байланысты Бөкей губерниясының прокуроры Судоргиннің айтқан пікірінен үзінді келтірсек: «...Среди товарищей и населения пользуется огромным авторитетом, а также умеет подходить к массе. Достоин быть пом. прокурором как один из деловых, честных, порядочных и

аккуратных работников, знающих весьма хорошо своё дело». Көріп отырғанымыздай С.Нұралыханов Жаңғалы және Таловка секілді бірнеше уездерінің прокуратура, сот жұмысын тексеру, қылмыстық істерге сараптама жасау сияқты қай шаруаны қолға алса да асқан жауапкершілікпен орындап, әділдігімен таныла білген.

Қызметіне қатысты жеке құжаттарын толтырғанда ол қазақ, орыс тіліне қоса француз тілін меңгергендігін, латынша оқып, жаза алатындығын айтады. Және де үнемі өзін жақсы білетін, жақын араласатын жолдастары Сейітқали Меңдешевті (Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы) және Мәжит Шомбаловты (Денсаулық сақтау Халық комиссарының орынбасары) атап отырады. С.Нұралыхановтың 1920 жылдың қарашасында Бөкей ордасының таңдаулы өкілдерімен бірге I Бүкілқазақтық Кеңестер съезіне қатынасқанын, кейіннен Мәскеуде өткен Бүкілресейлік сот қызметкерлерінің I съезіне Қазақстаннан делегат болып қатынасқан тұңғыш қазақ болғанын да айтқанымыз жөн.

1924 жылдың сәуірінде Республика прокурорының көмекшісі А.Вшивковтың атынан С.Нұралыхановтың Орынборға (ҚазАКСР-нің астанасы) орталық прокуратураға қызметке келуге келісімі сұралды. Алайда, алыс уездердің бірінде жүрген С. Нұралыханов губерния прокуроры Судоргинге былай деп жеделхат жолдайды: «Мен 12 мамырда айыптаушы ретінде Козлов, Сустин, Құсайыновтардың пара алу істеріне байланысты сот процесіне қатысуым керек. Сондықтан істі тексеріп, аяғына жеткізу үшін іссапарлық уақытымды созуыңызды сұраймын» − дейді.

Сөйтіп, лауазымнан гөрі істің мүддесін жоғары қойған Сәлімгерей Нұралыханов тек маусымның ортасында ғана Орынборға келеді. Содан бірден Жоғары Соттың прокуроры қызметіне тағайындалды. Көп кешікпей, тамыз айының соңында Орда өңірінде орналасқан жанұясын көшіріп әкелгені айтылады. Әйелі Қазына үй шаруасында, ұлы Баязит (17 жаста) рабфактың тыңдаушысы, Шәміл (13 жаста) мен Жәңгір (9 жаста) мектеп оқушылары болатын. Сондықтанда, Ф.И.Голощекиннің Қазақстанға партия басшылығына келуімен кешегі саяси оппозицияда болғандар, ақ патша тұсында жоғары білім алғандар, билер мен байлар, хан тұқымдары қызметтен мүлдем аластатылған тұста С.Нұралыханов та қуғын-сүргінге ұшырағаны анық.

Сәлімгерей Нұралыханов сияқты Қазан университетін тәмәмдап, кәсіби заңгер, прокурор болған, еліне бергенінен берері мол. 1900-1937 жылдар аралығында жоғарғы білім алып, қазақтың оқыған зиялыларының шоғырын құраған осындай азаматтарымыздың қызметін әсіресе Кеңес өкіметі тұсындағы тағдыр-талайын ашып көрсету өміріміздің сабағы. Өйткені парықтаусыз, тоқусыз, шынайы демократиялық қоғам құру мүмкін емес еді. Қорыта келгенде Алаш арыстарының қызметі тек саясат қана емес, патшалық Ресей құрамындағы қазақ халқының ауыр өмірі, әлеуметтік қиындықтарын шешу ісінде де ұйысып, басымдылыққа ие болған жұмыс бағыттары болды.

Атап айтқанда қазақ халқының өмірін жақсартуды талап еткен, салықтың мөлшері мен түрлеріне қатысты, патшаның жүргізіп отырған аграрлық саясатын әшкерелейтін петиция жазып, мәселені ашық көрсетті. «Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға» айналды деп тұжырымдаған олар әрдайым қазақ мүддесіне сай келетін бағытты таңдап, ұлтына дұрыс жолды нұсқай алғандығы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұралыханов Сәлімгерей // Алаш. Алашорда: энциклопедия / құраст. Ғ.Әнес, С. Смағұлова. — Алматы: Арыс, 2009. — С.257-258

2. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш. - Ақтөбе, 2004. − Б.191.

3. Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1917-1920 жж) 2-ші бөлім. - Орал, 2001. − Б.35.

4. Мартыненко Н. Алаш-Орда (сб.документов). - Алматы:Айқап,1992.-77 б.

5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995.

6. Қабдешов Б. Сәлімгерей Нұралыханұлы туралы не білеміз? // «Заң және заман» қоғамдық – саяси, ғылыми – құқықтық журналы, №12 2004 ж.

ҚОҚАН ЖӘНЕ ХИУА ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚТАРҒА ЖАСАҒАН СОҒЫС ЭКСПАНСИЯСЫ (XIX Ғ. БІРІНШІ ШИРЕГІ)

Кадирова Нуржихан, БҚИТУ педагогика факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.,** тарих ғылымдарының кандидаты,
БҚИТУ профессоры

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Отырықшы-егіншілікті Мауараннахрдың көпшілігі шет аймағы ретіндегі Қазақстанның оңтүстігін жаулап алу қоқан феодалдарына бай жазираларға ие болуды бермесе де, оның есесіне мал өнімдерінің түсуімен қоса, олардың Орта Азияны Ресеймен және Қытаймен байланыстырып жатқан керуен жолдарына стратегиялық бақылау жасауды да қамтамасыз етті. XIX ғасырда олардың арасындағы сауданың едәуір өскендігінен де бұл өте маңызды болды. Ақырында бұл кең байтақ аймақты жаулап алудың идеологиялық маңызы зор болатын.

Орта Азияның, яғни Мауараннахрдың отырықшы халқы мың жыл бойы Дешті Қыпшаққа қорқынышпен қарап келді, әр түрлі дәуірлерде Орта Азияға өз әулеттерін (эфталиттер, түріктер, Шыңғыс ұрпақтары, Шайбани ұрпақтары және басқалар) отырғызып қоятын жаулап алушылар толқыны сол жақтан келетін. Дешті Қыпшақтың тым болмағанда бір бөлігін бағындыру және бүкіл Ішкі Азияның мұсылмандары кең көлемде қадірлейтін «99 000 шайхылар жетекшісі» иелену қоқан ханының беделін болып көрмеген биікке көтерді [1, с. 91].

Көршілес қазақтардың жерін басып алуға Хиуа хандарын итермеленген себеп қандай еді? Хиуа хандарының XIX ғасырдың басындағы жаулап алу жорықтары феодал шонжарлардың мүддесінен туындаған, қазақ даласына әскери жорық олар үшін баюдың, өз дәулетін арттырудың көзі болды. Сондықтан Хиуа хандарының әскери жорықтары феодалдық тонау шапқыншылығы түрінде жүргізілді. Тағы да айтатын нәрсе: Хиуа хандары өздері бағындырған тайпаларды сауда керуендері мен көрші халықтарды тонау үшін шебер пайдаланды, сөйтіп өз байлықтарын молайтты. Мұны Орынбор Шекара Комиссиясының чиновнигі Д. Голосов атап көрсеткен. Ол былай деп жазған: “Хиуа төңірегіне таяу жерлерде көшіп-қонып жүрген, бізге бағынышты қырғыздарға, қарақалпақтарға, түрікмендерге өз беттерінше билік жүргізген хиуалықтар күш қолданып, әрі тонаушылықпен оларды зекет төлеуге мәжбір етті, ал Хиуаның эмиссарлары сауда керуендерімен қырғыз даласына өтіп алып және молда кейпіне еніп, діни фанатизмді , рулар арасында араздықты қоздырды, оларды тек керуендерді тонауға ағна емес, сонымен қатар Шепке шабуыл жасауға да айдап салды” [2, 67 б.].

Алайда XIX ғасырдың 30-жылдарында Хиуа хандарының басқыншылық саясатына сыртқы саясаттың басқадай себептері түрткі болған. Бұл кезеңде қазақ даласы үшін күрес әскери стратегиялық мақсатты көздеді. Орыстың алдыңғы әскери постыларының ортаазиялық хандықтың шекарасына тікелей жақындауына байланысты қазақ даласы үшін күрес енді Хиуа хандығын империядан қалқалайтын қалқан үшін күреске айналды. Хиуа ханы енді патша шабуылының жолына бөгет қою мақсатында қазақ үшін күресті. Перовскийдің 1839 жылы Хиуаға жасаған белгілі экспедициясынан кейін Хиуа ханы өзінің солтүстік-батыс шекарасы үшін қатты мазасызданатын болды. Ол жаңа әскери жорықтың қайталануын күн сайын күткен. Шынында да патша үкіметі жорықты қайталауды ойластырған еді.

Әзірше үкімет Кіші жүздің бүкіл жері империяның иелігі екенін мойындауды батыл талап етті. 1842 жылы Хиуаға жіберілген подполковник Данилевскийдің қолындағы нұсқауда Сырдария өзені, Арал теңізінің солтүстік жағалаулары және Үстірттің солтүстік беткейі Ресейдің мемлекеттік шекарасын құрайтыны, сондықтан

Хиуа алым жинаушыларының бұл шекарадан өтпеуге және Ресейге бағынышты қазақтардан зекет жинамауға тиіс деп көрсетілген. Осыған қарамастан шекаралық аудандарда хиуалықтар мен орыстардың арасында жиі-жиі қақтығыс болып тұрды. Құсбегі Нұрмұхаммед өзінің Перовскийге жазған хатында орыс үкіметінің қазақтар ісіне араласпауын, олардан зекет жимнауға бөгет жасамауын талап етті.
Хиуаның ауыр езгісін көрген қазақтар оның билігінде қалғысы келмеді. 1839 жылы Хиуа экспедициясына қатысушы Н. Иванов былай дейді: "Егер ол тұтқындалған болса Аллақұлдың өз басы аман қалатыны рас па ?"-деп сұрады. "Жоқ" деген жауапты естіген соң олар: "Бұл жақсы болғанымен қасқырды еркіне жіберуге болмайды. Жауды аяған – жаралы" деп өз ойларын білдірді [3, 94 б.].

XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басындағы Қазақстанның оңтүстігіндегі саяси жағдай оның қалған бөліктеріндегі жағдайдан ерекше болды. XIXғасырдың басында Оңтүстік Қазақстан ортаазиялық феодалдық мемлекеттер – Хиуа, Бұхара және ең үлкен дәрежеде – Қоқан экспанциясының обьектісіне айналды. Қазақстанның оңтүстігінде олардың үстемдік ету кезеңі біршама аз уақыт аралығын (шамамен 1810-1866 жылдар аралығын) алса да , бұл кезең – аймақтың Ресей империясына қосылуының тікелей алдында болған маңызды кезең. Оңтүстік Қазақстан өзін қазақтардың басқа облыстарынан сондайлық ерекшелендіретін сипатты белгілерге нақ сол кезде түпкілікті ие болған еді.

Бұл жағдайлар мұнда қазақ хандары билігінің нығаюына себепші болмады, өйткені бай отырықшылық-егіншілік жазиралары болмаған олар көшпелі бірлестіктерге өз билігін нығайту үшін олардың ресурстарын пайдалана алмады. Солай бола тұрса да, XVIII ғасырдың аяғына дейін, Орталық Азия жоңғарлардың басқыншылығы, Иранан Нәдір шахтың шапқыншылығы, Аштархан ұрпақтары мемлекеттің құлауы және өзбек қауымдарының Орта Азиядағы иеліктерді қайта бөлісу үшін жүргізілген кескілескен күресі туғызған құлдыраудан ес жиып үлгіргенше, қазақ хандары жоңғарларды ығыстырып шығарып, Қазақстанның оңтүстігінде өз билігін қалпына келтіріп қана қоймай, жоңғарлардан Ташкентті қайтадан тартып алды, тіпті жергілікті қыпшақтарға сүйене отырып, Ферғана істеріне де араласа бастады. 1748 жыл шамасында «ташкенттік төре» , Барақ сұлтанның баласы, Наманғанның билеушісі және Турақорғанның (кейіннен Солтүстік Ферғанадағы қоқан намеснигінің резинденциясы) негізін салушы Шығай ханды (ол әрі Ахмад хан) дала қыпшақтары Йазы- Ферғана ханы деп жариялады. Алайда көп ұзамай ол Қоқан билеушісі Әбдә әл- Кәрім биден жеңіліс тапты.

1798 жылы Қоқан тағына Әлім бек (1773/75-1810) көтерілді. Шексіз билікке ұмтылып және өзін таққа көтерген минг туыстарының бақылауына тартыла отырып, ол мылтықпен қаруланған және негізінен Кухистаннан (таулы Тәжікстан мен Памирден, тура Гиндукушке дейін) шыққандардан құрылған , саны 6 мыңнан 10 мың адамға дейін жететін және «тәжік» деген жалпы этниммен аталған адал тұрақты әскер бөлімдерін құруға кірісті. Бұл «жаңа әскерді» бір ғана Ферғана аңғарынан шығар жердегі стратегиялық мекен – Ходжент біржола жаулап алынды. 1806 жылы қоқан әскерлері Ұратөбені жаулап алып, Жызақты қоршады [4, с.14-16]. Шамамен нақ сол уақытта Әлім бек, өз табыстарын заң жүзінде нығайтқандай, хан атағын қабылдады – Түркістан өміріндегі айта қаларлықтай оқиға, ол Хиуаның билеушісі, өзбектердің қоңырат бірлестігінен шыққан Елтүзердің хан атағын алумен (1804-1806) бір мезгілде болды. Идеологиялық жағынан алғанда, зайырлы түрік-монғол мемлекеттілігі идеясының ортаазиялық қожалар діни жетекшілерінен асып түсіп салтанат құрғанын білдірген бұл оқтға қоқан хандарының Бабыр мен әмір Темір арқылы Шыңғыс хан тегіне шыққаны туралы аңызбен негізделді, ал аңыз ақиқат (құқық көзі) ретінде қабылданатын.

Қоқан экспанциясының келесі нысаны Ташкент болды. Жоңғарлар қуып шығарылғаннан кейін Ташкент иелігінде шамамен 1792 немесе 1794 жылға дейін қазақтардың шыңғыс ұрпақтары , ең алдымен Абылай хан иелік етті. Ташкент пен оның аймағын Абылай хан қазақ рулық топтары арасында былайша бөлді. Шымкент Шымыр руына тиді. Төрт бөліктен – «тіректерден» (бастапқыда – ауылдар) тұратын Ташкент ысты

(Бесағаш), Қоңырат және Орта жүз (Көкше), жанас (Сибзар), сіргелі, ысты және ошақты (Шейхантаур) арасында бөлінді. Шынасты құлас және найман қауымдары, Паркент қыстағы мен оның аймағын шықтым тобы алады. Төле бидің баласы, жаныс руынан шыққан Ниязбек Ташкент түбіндегі бекіністің негізін қалады, ол соның құрметіне (яғни Ниязбек) аталды және қалаға су беруді реттеп отыратын түйінді пунктке айналды. Сіргелі руынан Байтебек және қият руынан Қыбырай өздерінің бекіністі мекен-жайларын салды. Ташкенттің төрт бөлігін Абылай ханның тумалары: Бабахан төре (Шейхантаур), Аштархан ұрпақтарынан шыққан Раджаб бек (Бесағаш), Шағатай ханның ұрпақтарынан шыққан Мұхаммед Ибраһим бек (Көкше) және Жошы ұрпақтарының өкілі Сибзарды басқарды. Олардың арасында Ташкентте өз билігін күшейту жолында үнемі күрес жүріп жатты.

Минг әулетін құрушылар Шахрух би мен Нарбота тұсында Қоқан хандығы шағын вилает болып табылатын. Хандықтың жері тек Ферғана аңғарымен және Ходжентпен шектелді.

Нарбота биден соң таққа оның үлкен ұлы Әлім (1799 -1809ж.ж.) отырды. Ол хан атағын иеленген сәттен бастап Ферғана Қоқан хандығы болып аталды. Қоқан хандығын біріктіруші Әлім хан тарихшы Наливкиннің сөздерімен айтқанда, “қуатты әрі өз алдына бөлек отау тіккен мемлекет құруды көксеп, осы жолда іс қылады”. Өзінің ашкөздік жоспарлары бойынша жас Әлім хан Хиуа хандарынан кем түспеді.

Әлім хан тұсында Қоқан хандығының жері едәуір ұлғайтылды. Ол өзінің жаулап алу саясатын Орта жүз қазақтарының қонысына басып кіруден бастады. Шымкентті, Сайрамды және Құрамды басып алды. Әлім хан жорықтарын жергілікті тұрғындарды қырып-жоя отырып жүргізді.

Әлім ханның мирасқоры інісі Омар (1809-1821 ж.ж.) болды. Ол өзінің дәуірінің саналы адамдарының бірі еді. Омар хан белгілі ақындарды өз төңірегіне жинаған. Омар хан Қоқан хандығының шекарасын едәуір кеңейтті. Ол ең әуелі Орта жүз қазақтары мен Алатау қырғыздарына сұқтанды. Оның тұсында айнала төңірегімен қоса Түркістан қаласы басып алынды.

Сырдария, Шу және Сарысу өзендері бойымен көшіп –қонып жүрген қазақ руларына Қоқан ықпалын күшейту ниетімен Жаңақорған, Жүлек, Ақмешіт, Күмісқорған, Шымқорған, Қосқорған, тағы басқа да бекіністер салынды. Сөйтіп, Сырдария өзенінің Қоқан бекіністері орнаған орта ағысы енді Қоқанның шекаралық облысын құрады да, оны Ақмешіттен Қашқардың болашақ қожасы Жақып бек басқарды. Жақып бек Ташкент құсбегіне тәуелді болғандықтан, оған Ақмешіт округінде көшіп-қонып жүрген қазақтардан жиналған салықты беріп тұруға міндеттелді. Халықтан салық жинау кәдімгі феодалдық тонауға айналды.

Орта жүз руларының көбі Қоқан ханының қол астында болды. Қоқан хандарының Ұлы жүз бен Қырғызстандағы жаулап алушылық саясаты тек феодалдық тонау мақсатын көздеп қана қойған жоқ , сонымен бірге сауда-саттық мүддесін де ойлаған. Қоқанның өзі және оған бағынышты Ташкент , Әндіжан қалалары өздерінің жағрафиялық жағдайына орай әуелден-ақ сауда-өнеркәсіп орталығына айналды. Соның ішінде Ташкент қаласы мен Ресеймен және қазақ даласымен ортаазиялық сауданың орталығы болып , сонымен бір мезгілде Құлжамен және Шәуешекпен сауда жасаушы мемлкеттердің жол торабында орналасқан еді. Ұлы жүздің және Алатау қырғыздарының маңызды керуен жолы өтетін жері Қоқан хандарының жаулап алу әрекетінің нысанасы болғаны мәлім. Сонымен бірге бұл облыстардың өздері де сауда қатынасында маңызды болғаны белгілі. Өздерін патша үкіметі жаулап алғанға дейін Ұлы жүз қазақтары негізінен Қоқан хандығымен сауда-саттық жасады.

Қоқан бектерінің Ұлы жүз бен Алатау қызғыздары жерінің жаулап алынған бөлігіне өздерінің сауда-саттық орындарын неліктен ашқаны осыннан-ақ түсінікті болса керек. Атап айтқанда, Пішпек қамалында Қоқандықтардың 1000-ға тарта отбасы болды да, мұнда тұрақты базар жұмыс істеді. Тоқмақ селосы маңында да 200 –ге жуық

қоқандықтар тұрды, оларда да жергілікті халықпен сауда жасаған. Қоқан бектері осы жерді басып өтетін керуендерден үнемі баж салығын алып отырды. Қашқардағы саудада қоқандықтар монополиялық жағдайды иеленді. Өзінің монополиялық жағдайын қорғау үшін қоқандықтар қаруланған сақшылары бар ерекше чиновниктер ұстауға құқығын иемденді.

Омар хан тұсында Қоқан билігі тек Сырдария қазақтарына, Сайрам, Шымкентте ғана емес, сондай-ақ Түркістан мен Әулиеатаға да жүріп тұрған-ды. Қоқан хандығына бағынышты қазақтар өте ауыр салық езгісін бастан кешті Қазақтардан алынатын салық екі түрге бөлінді: малдан – зекет, егістіктен – харадж.

Қазақтарға зекет пен харадждан басқа да міндеткерліктер жүктелді. Мәселен, олар жер жыртуға, бау –бақша өңдеуге қамал қабырғаларын жөғдеуге т. б. Мәжбір болды. Әскери іс –қимыл кезінде әрбір қазақ өз атымен Қоқан беніне келуге міндетті болды, ал әскерде қызмет еткен кезінде қазақтарға бір тиын да төленбеді.

Қорыта айтқанда, отаршылдық кезеңде қазақ бұқарасы тонаушылықты патшалық-ресейлік тараптан ғана көрген жоқ. Ыдыраған қазақ мемлекеттілігіне шабуыл ортаазиялық бағыттан да өрбіді. Соның ішінде агрессияшыл Қоқан және Хиуа хандықтары қазақ тайпалары қоныстанған оңтүстік, оңтүстік-батыс өңірге үздіксіз шапқыншылықтар жасап тұрды. Тарихтың сол бір кезеңінде қазақ халқының осы өңірді қоныстанған бір пұшпағы өзбек мемлекеттеріне тәуелді болғанын біз жасырмауымыз керек және ол ғылыми тұрғыдан да, танымдық тұрғыдан да зерделене беруі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1.Записки о Бухарском ханстве (Отчеты П. Демозона и И.В. Виткевича).- Москва: Наука, 2013. – С.125

2.Голосов Д. Генерал-адъютант В.А.Перовский басқарған орыс әскерлері отрядының 1839 жылы Хиуаға жорығы. – Алматы: Ғылым, 2016. – 130 б.

3.Кун А. Қоқан хандығының очерктері. – Алматы: Білім, 2015. – 205 б.

4.Бейсембиев Т.К. Тарих-и-Шахрухи – как исторический источник. Алматы: Гылым, 1987. – С.185

ҚАСЫМ, ҒҰБАЙДОЛЛА СҰЛТАНДАР БАСТАҒАН ОРТА ЖҮЗДЕГІ ПАТШАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРҒА ОППОЗИЦИЯ

Көлбаев Исламбек, БҚИТУ педагогика факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.,** тарих ғылымдарының кандидаты,
БҚИТУ профессоры

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қазақ ақсүйектерінің едәуір бөлігі, сондай-ақ ежелден орныққан рулық өзара көмек дәстүріне сәйкес оларға ерген номадтар қайтыс болған Уәли ханның үлкен ұлдарының бірі Ғұбайдоллаға үлкен үміт артты. Омбы облыстық бастықтары ықпалды сұлтандарға елемеген көзқарас көрсетілген жағдайда Уәли ханның тікелей ұрпақтары тарапынан қауіп-қатер төнетінін ұғынды. Ғұбайдолланың Көкшетау округінің аға сұлтаны болып, Тұрсын Шыңғысовтың Қарқаралы округінде нақ сондай қызметке сайлануын осымен түсіндіру керек. Округтік приказдар құрудың алғашқы қадамдарының өзі көрінеу оппозицияға тап болды – Көкшетау округінде Сартай Шыңғысов; Қарқаралы округінде – Саржан Қасымов, Шоң батыр, Торайғыр би жаңа тәртіптерге ашық қарсылық білдірді, алайда кейбір рулар сол кезде-ақ хан деп жариялаған Ғұбайдолла сұлтанның өз көзқарасын білдіретін кезін дегенмен де күтіп отырды. Омбы облысы қарауында болған сұлтандардың үстем тобының едәуір бөлігі Жарғыға жақтырмай қарағанынан едәуір дәрежеде хабардар Батыс Сібір губернаторы П.М.Капцевич өзіне бағыныштыларға реформаларды жүзеге асыру кезінде «бейбіт азаматтық өкімдермен әрекет ету, қатаң әділеттілікті ұстану» керек екенін көрсетіп, «азиялық халықтарға толық үстемдікке ақырын жүріп, анық қадамдар арқылы қол жеткізу үшін асқан сақтық» көрсетуге пәрмен берді [1, 97 б.].

Алайда округтік приказдар жанына орналастырылған казак отрядтарының оппозицияның қаруланған топтарымен алғашқы қақтығыстарының өзі-ақ патша Жарлығының іске асырылуына қарсы қимылдауға бел байлағандықты растады.

Ал Ғұбайдолла сұлтан империялық әкімшілік-саяси жаңалықтарға наразыларды өз төңірегіне топтап, қалыптасқан жағдайды хан мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін пайдаланбақшы болып ұйғарды. Қасым төренің ықпалды тобы қолдаған Ғұбайдолла өз ниеттерін іске асырудың қиын екеніне бірте-бірте көз жеткізіп, аға сұлтан өкілеттіктерін шебер пайдаланып, үкіметке қарсы күштерді топтастыруға бағыт алды, мұны Омбы облыстық басқармасының өкілдері мен казак отрядының командирі, әрине мүлдем байқамай отыра алмады.

I Александр Жарғыны бекіткен бойда Уәли ханның мұрагері және ерекше ықпалды адам ретінде Петропавл бекінісіне шақырылып, генерал-губернатор П.М.Капцевичпен жеке кездесу өткізді, реформаның татар тіліне аударылған мәтінімен танысып, оның кейбір баптарын халық үшін пайдалы деп есептеді.

Солай бола тұрса да, ол үкіметтің сыңаржақ әрекеттеріне өзінің ренішін жасырмады. Генерал-губернаторға хатында Ғұбайдолла оның көзқарасын Көкшетау дуанының заңсыз құрылғанына аударды. Император ағзамның көзін жеткізу үшін Петербургке жіберілген баласы Болат сұлтан астанадан қайтып келе жатқан кезінде күштеп ұсталады; сұлтан құрылған округтік приказ арқылы жүзеге асырылған жүгенсіздік туралы фактіні губернаторға баяндау қажет деп тапты. «Сізді қанағаттандырмаса да, Үлкен және Орта ордалардың бүкіл халқы осындай зорлық-зомбылық бар екенін көріп отыр. Сонан соң Сізден, ұлы генерал, Көкшетау дуанын жоюды сұрайды», - деп жазды Ғұбайдолла, өлкенің бас әкімшісінің назарын алғашқы округтік приказдардың бірін жою қажеттігіне аударады [2, 60 б.].

Атақты Шыңғыс ұрпақтарының Батыс Сібір губернаторына жолданымдарында қазақтардың орыстармен одақта болу ниеті туралы ойлар арқау етіледі. Осы жайды кейіннен Ресей бодандарын – дипломаттарды, керуендері өз ауылдары арқылы өткен көпестерді

қабылдаған кезінде Кенесары хан да талай рет атап көрсеткен. Бұл мәселеде Ғұбайдолла сұлтан да кесімді көзқарас ұстанып, П.М.Капцевичке Орта жүзде биліктің жаңа нысандарын енгізуге қарсылардың орыс халқымен карым-қатынасты қиындату ниеті жоқ екенін білдірді.

Үкіметке қарсы Абылай ұрпақтарының қолдауымен Ғұбайдолла сұлтан бастаған оппозицияның бүкіл іс-әрекетінің түкпі мақсаты округтік приказдар құрыла бастаған жерлерде оларды жоюға қол жеткізуді көздеді. «Егер дуанды жоймасаңыз, - деп түсіндірді сұлтан генерал-губернаторға, - біз үшін аспанның асты қаңырап (қалады), жер бетінде бос кеңістік көбейеді, өйткені біз Ресей мемлекетіне ұнамайтын ешнәрсе істеген жоқпыз...» [2, 61 б.]. Ғұбайдолла өзінің П.М.Капцевичке кезекті жолданымын осылай түйіндей келіп, оған қол қойған және өз таңбаларын басқан адамдарды тізіп келтіреді, олар: атығай, төртуыл, тоқпак руларының мүдделерін білдірген Ақмырза, Алыбай, Шектібай, Итқара, Жүзбай, Құдайменді, Азынабай билер, Шама батыр, Сіртесен сұлтан, сондай-ақ Ғұбайдолланың өзі. Үкіметке қарсы оппозицияны бастап, сонымен бірге Көкшетау округтік приказының аға сұлтаны қызметін атқаруды жалғастырып отырған Ғұбайдолла өзінін хан тағын иелену тілегінен бас тартпады және «орыс үкіметі арқылы хан құрметіне жету» мүмкін еместігіне көз жеткізіп, өз мақсаттарына жету үшін қытайлар жағымен құпия байланыстар жасады.

Көршілес екі империяның Ғұбайдолла сұлтанға ықпал ету жолындағы күресі, шынына келгенде, олардың стратегиялық аймақтағы өмірлік маңызы бар жағдайлар үшін тайталасының көрінісі болды, әсіресе Англияның алдына түсу және Орта Азия хандықтарына қарай ілгерілей отырып, жағдайлардың орайы келу мүмкіндігіне қарай оңтүстік-шығыс Қазақстан мен Шығыс Түркістан түйісетін жерде орнығып алу мақсатын көздеген Ресейдің әскери-саяси қайшылықтарын шешуі едәуір дәрежеде осы аймақты бағындыруға байланысты еді. Осыған байланысты Орта жүз ханы болуға бірден-бір үміткер Ғұбайдолланы оқшаулау және оның қытайлармен қандай да болсын байланыстарын тыю П.М.Капцевич үшін күрделі міндет болды. Генерал-губернатор сұлтанды Ресейге бағынышта ұстауға тырысып, «Омбы облысында шептік округтердің біреуін болса да» құруға келісім берген жағдайда оны үкімет атынан Абылай да, Уәли хан да пайдаланғандай «жалақымен марапаттауға» үміттендірді, бұл орайда «қажет болған жағдайда өз бодандарын тыңдауға көндіру үшін оған қызмет ететін әскер отрядын жіберуге» уәде берді.

Уәли хан қайтыс болғаннан кейін оның жесірі, ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың әжесі - ақылды, көреген және өз заманында білімді болған әйел Айғаным Сарғалдаққызы Абылай әулетінің басшысына айналды, ол Азия департаментінің, Сыртқы істер министрлігінін және Сібір комитетінің шенеуніктерімен жиі хат алысып тұрды. Алайда оның бойындағы даналық қасиеттерге қарамастан, ол халықтың қарулы қарсыласуы жетекшісінің рөліне жарамады. Бұл қиын міндет Абылайдың отыз ұлының ең кенжесі Қасым сұлтанның үлесіне тиді, оның бәйбішеден туған еркек кіндікті балалары – Саржан, Есенгелді, Ағытай, Бопы, Көшек және Кенесары, кіші әйелінен туған баласы Наурызбай жиырма жылға жуық уақытқа созылған титықтатарлық күрестің табанды қатысушылары, ал солардың ішіндегі Саржан, Есенгелді, Кенесары оны ұйымдастырушылар ретінде тарихқа енді, ал ол күрестің барысында патшалық режимге зор моральдық-саяси нұқсан келтірілді.

Қиын міндет халықтың қарулы қарсыласуы жетекшісінің рөлі Абылайдың кенже ұлы Қасым сұлтанның үлесіне тиді.

Қасым Абылайханұлы округтік приказдардың құрылуына қарсы алғашқы наразылығын 1825 жылы 14 маусымда білдірді [3, 58 б.]. Патша шенеуніктеріне жолдаған хаттарында Қасым төре империяның әкімшілік-саяси реформаларын заңсыз әрекет деп есептеді және округтік приказдардың таратылуын үзілді-кесілді талап етті. Ержүрек сұлтан бір жағынан, округтік приказдардың ықпал өрісін кеңейте алатын казак отрядтарының әскери-тірек базаларын құру үшін дала кеңістігіне тереңдей ілгерілеуін тоқтату; екінші жағынан, шаруалардың қоныстандырылуын болдырмау талаптарымен патша губернаторларына талай рет хат жазды. Казактардың жүгенсіздіктеріне мазасызданған Қасым төре әрдайым патша әкімдерін дұшпандық ниеттерден тартынуға және Абылай хан кезінен жасалып келе жатқан өзара түсіністік рухын сақтауға шақырды.

Орынбор губернаторына жазған бір хатында өзін қолдаушылардың халық арасынан көп табылатындығын ашық айтқан Қасым сұлтан сонымен бірге, өз ауылдарының бару қиын және отаршылдық әкімшіліктің ықпал өрісіне тартылмаған далалық аудандарға көшіп кетуінің орыс өкімет орындары үшін болуы ықтимал зардаптары туралы ескертті [3, 64 б.].
Қасым төре ұлан-байтақ далада атақты чингизидтердің арасында Орта жүзге әкімшілік басқару жүйесінің ресейлік тәртіптерін енгізуге қарсы шыққан жалғыз адам емес еді.
Қазақ ақсүйектерінің едәуір бөлігі және оларға ерген көшпенділер қайтыс болған Уәли ханның үлкен ұлы Ғұбайдоллаға үлкен үміт артты. Көкшетау округінің аға сұлтаны қызметінде бола отырып, Ғұбайдолла сұлтан империялық әкімшілік-саяси өзгерістерге наразыларды өз төңірегіне топтап, қалыптасқан жағдайды хан мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін пайдаланбақшы болып ұйғарды. Қасым төренің ықпалды тобы қолдаған Ғұбайдолла өз ниетін іске асырудың қиын екеніне бірте-бірте көз жеткізіп, аға сұлтан өкілеттіктерін шебер пайдаланып, үкіметке қарсы күштерді топтастыруға бағыт алды. Ал Омбы облыстық басқармасының өкілдері мен Сібір казачествосының командирі, әрине бұл жәйттен бейхабар болмады.

Ғұбайдолла да үкіметтің сыңаржақ әрекеттеріне өзінің ренішін жасырмады. Абылай ұрпақтарының қолдауымен сұлтан бастаған оппозицияның бүкіл іс-әрекетінің түпкі мақсаты – округтік приказдарды жоюға қол жеткізу болды. «Біз Ресей мемлекетіне ұнамайтын ешнәрсе істеген жоқпыз» [4, 324 б.] деп мәлімдеген Ғұбайдолла үкіметке қарсы оппозицияны бастады және Көкшетау округының аға сұлтаны қызметін жалғастыра берді. Ол хан иелену тілегінен бас тартпады және оған орыс үкіметі арқылы жетудің мүмкін еместігіне көз жеткізіп, өз мақсаттарына жету үшін қытайлар жағымен құпия байланыстар жасады.
Атасы Абылайдың сыртқы саяси бағытының дәстүрін жеткілікті дәрежеде жалғастырған Ғұбайдолла сұлтан Ресей мен Цин империясы жөнінде қосбірлік саясатын өмірінің ақырына дейін ұстанды. Ғұбайдолла Петербург сарайының барған сайын өсе түскен ықпалын қайткен күнде де бейтараптандыруға және шығыстағы көршісінің қолдауына сүйене отырып немесе екі империяның Қазақстанға ықпал жасау үшін тайталасы үрдісінде Орта жүздің бұрынғы оқшаулығын біршама қалпына келтіруге ұмтылып, қытай жағымен шын мәнінде достық байланыстар жасады. Оның осы кезеңде Қытайдың қолдауымен Орта жүз ханы танылуына мүмкіндігі болды. Екі империя Ғұбайдолла сұлтанға ықпал ету арқылы өмірлік маңызы бар стратегиялық аймақ үшін тайталасты. Осыған байланысты Орта жүз ханы болуға бірден-бір үміткер Ғұбайдолланы оқшаулау және оның қытайлармен қандай да болсын байланыстарын тыю Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М.Капцевич үшін күрделі міндет болды.
1825 жылға қарай Ғұбайдолланың ықпалы айтарлықтай өсті және аймақтағы даулы саяси мәселелерді шешуде маңызды факторға айналды. Енді қазақ халқы оны дала билеушілеріне тән барлық міндеттері бар заңды әмірші деп есептеді.

Ғұбайдолланың кеңінен мәлім болуы патша үкіметін қатты алаңдатып, ол аға сұлтандық қызметінен босатылады. Сұлтанның қуғынға түсуі жақтастарының топтасуын тездете және күшейте түсті.

Осы кезеңде бастауында Қасым төре тұрған халықтық қозғалыс өрши түссе де, қазақ қоғамының ішінде жіктеліс көрінді. Орта жүздің ықпалды феодалдары Қоңырқұлжа Құдаймендин, Жамантай, Қарқаралы округінің аға сұлтаны Тұрсын Шыңғысов және басқалар Ғұбайдолланың көзқарасына қосылмады. Олар үкімет жағына шығып, өздерінің ықпалындағы ауылдарды отаршылдыққа қарсы көптеген рулар тартылған, кең өріс алып келе жатқан күреске жолатпауға тырысты.

Қызметінен кеткен Ғұбайдолла сұлтан Орта жүздің көптеген руларын азаттық күресіне тарту мақсатымен патша округтерінің әкімшілік билігі әлі қамтымаған аудандарға өзінің сенімді адамдарын жіберіп, болашақ көтеріліс ошақтарын әзірлемекші болды. Ғұбайдолла сұлтан қиын жағдайда ғажайып күш-жігер көрсеткен қайтпас қайсар тұлға болды. Дипломатиялық әдептілікті сақтап, Ресей бодандығына берген антты сөз жүзінде сақтауын жалғастыра берді. Осы арқылы шеп маңындағы ауылдарды өз жағына тартып, жақтастар санын көбейтуге ұмтылды.

1825 жылдың көктемінде хандық басқарудың жойылуына қарсы көшпелілердің кеңейе түскен жаппай қарсылығы жағдайында Цин үкіметінің ресми адамдарының қолдауымен Ғұбайдолла сұлтанның Орта жүз ханы болып сайлану және қытайлықтардың бұл актіні тану ықтималдығы орын алды. Бұл жәйт-губернатор П.М.Капцевичті мазасыздандырды, ол осы этносаяси бірлестіктің нақты жіктелу болашағынан алаңдаулы болатын. Орта жүздің Ғұбайдолла сұлтан бастаған бөлігінің Цин империясының билігіне кетіп, оқшауланған протекторат құруы көпес керуендерінің дәстүрлі маршруты өтетін стратегиялық маңызды ауданды Ресейдің ықпал өрісінен шығарып әкетуі мүмкін еді. Қытай Ғұбайдолланы Орта жүздің заңды жетекшісі деп таныған жағдайда болуы мүмкін ауыр зардаптарды ескере отырып, генерал-губернатор П.М.Капцевич Карбышев бастаған казак отрядын Ғұбайдолланы тұтқындау және қытай делегациясын кері қайтару мақсатында Қарқаралыдан Баянауылға шұғыл аттандырады. Нәтижесінде жеке Сібір казак корпусының штабында әзірленген жоспар жүзеге асырылып, Ғұбайдолла мен оның туған нағашысы ықпалды Шама сұлтан қолға түсіріледі, Қытай делегациясы бейтараптандырылады. Сонымен Ғұбайдолла сәтсіздікке ұшырады, Омбыға апарылып, абақтыға қамалады. Сібір әкімшілігі оның беделді атынан, даңқынан және дала көшпенділеріне ықпалынан қауіптеніп, оппозицияны мүлде басшысыз қалдыру жолын ойластырды. Сөйтіп сұлтанды алыстағы Сібір қалашығы Березовқа жөнелтті. Ол жерден 1840 жылдың қарашасында, халық қозғалысының көсемі Кенесарының табандылықпен талап етуінің арқасында босатып алынды.

Сонымен Қасым төренің наразылық білдіруімен басталған патша реформасына оппозиция, оның әскери-күштеу шараларымен басып-жанышталуына дейін Ғұбайдолла сұлтан басшылық еткен бұқаралық қозғалысқа ұласты. Ғұбайдолланың қозғалысты ұйымдастырудағы тактикалық қателіктері, қоғамның қарама-қарсы екі лагерьге жіктелуі тереңдете түскен саяси жағдайдың қиындығы қозғалысты сәтсіздікке ұшыратты. Алайда Жарғыны күш қолдану әдісімен іске асырудың жалғастырылуы, көрнекті Шыңғыс ұрпақтарының қарсылығын елемеу оппозицияның бытыраңқы күштерінің біртұтас қозғалысқа бірігуін тездетті, оны сұлтан Саржан Қасымұлы басқарды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.
2. Рысбеков Т. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 528 б.
3. Қойгелдиев М. Қазақ Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы). – Алматы: Дәстүр, 2014. – 432 б.
4. Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы: оқулық-хрестоматия. – Астана: Фолиант, 2003. – 264 б.

САНЖАР АСФЕНДИЯРОВ – ДАРА ТҰЛҒА

Куандихова Сабина, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
тарих, экономика және құқық факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - **Тасмағамбетов А.С**., тарих ғылымдарының докторы, доцент

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Санжар Асфендияров дүйім қазақта аты белгілі тұлғалардың жұрнағы, болаттай тұяғы іспеттес. Санжар Жағыпарұлы Асфендияров дарынды ғалым, көпқырлы талант иесі. Ол әскери дәрігер бола тұра қазақ азаматтары арасынан тұңғыш тарих ғылымының профессоры дәрежесіне жетті. Әкесі Сейітжапар – сұлтан, Әбілхайыр ханның үлкен ұлы Айшуақ ханның ұрпағынан тараған патша әскерінің полковнигі шенінен отставкаға шыққан, жарты ғасырдан астам уақыт Түркістан өлкесінде қызмет еткен қазақ қайраткері, анасының есімі Гүлдана Қасымова.

1907 жылы Асфендияров Ташкенттегі реалдық училищені, 1912 жылы Петербург әскери медициналық академиясын бітіреді. 1910 жылы С.Лапиннің қызы Рабиғаға үйленеді. 1914-1915 жылдары бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1917 жылы Бұхарадағы мұсылман қозғалысына белсене араласты. Сол жылдың қараша айында Түркістан автономиясын жариялаған Мұсылман депутаттарының төтенше съезіне қатысады. 1918-1919 жылдары Асфендияров аштықпен күрес жөніндегі Төтенше комиссияның Сырдария облысы бөлімшесін басқарады. 1919 жылы қыркүйекте Т.Рысқұловтың шақыруымен Ташкентке келіп, Түркістан АКСР-інің Денсаулық сақтау халкомы, Жер халкомы, Түркістан Компартиясы ОК-нің хатшысы қызметтерін атқарған. [1, 68 б.]

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету мақсатында тарихи зерттеудің диалектикалық тәсілдерімен тығыз байланыстағы тарихилық, объективтілік сияқты негізгі методологиялық қағидалар басшылыққа алынды. С.Асфендияровтың шығармаларындағы тарихи, философиялық және саяси көзқарастарды зерттеуге тарихи салыстыру, талдау әдістері қолданылды. Мақалада қойылған мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету үшін тарих ғылымының зерттеу методологиясының соңғы беталыстары мен қолданыстарындағы жалпы ғылыми тәсілдер пайдаланылды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстан тарихын зерттеуде ілгерілеу байқалды. Дегенмен де, зерттеушілердің еңбектері жаңа және академик Р.Б. Сүлейменов тілімен айтқанда, ең жаңа дәуірдің күрделі де, зәру мәселелеріне ғана арналды. Ал С.Ж. Асфендияровтың зерттеу еңбектері болса қазақ тарихын ежелгі дүниеден бері қарай мүмкіндігінше тұтастай алып зерттеді. 1933 жылы «Большевик Казахстана» атты журналда Қазақстан тарихын тұтастай алып зерттеу жөніндегі мақсатын ғалым, «Қазақтар тарихының кейбір негізгі мәселелері» деген мақаласында былай деп жазды: «Біз мәселені тұтасынан тұңғыш рет қойып отырмыз, қазақтардың тарихын құрауға біз тұңғыш рет кірісіп отырмыз» [7, 254 б.]. Шығыстағы революциялық және ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихын зерттеуге назар аударған С.Асфендияров бұл мәселе бойынша өз пікірлерімен 1932 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Шығыстағы ұлттық-революциялық қозғалыстардың тарихы» атты еңбегінде өзінің тұжырымдарын ортаға салады. 1935 жылы профессор С.Асфендияров П.А. Кунтемен біріге отырып, кеңестік деректануда алғаш рет «Материалдар мен деректердегі Қазақстанның өткені» құжаттар жинағының бірінші томын, бір жылдан соң екінші томын жарыққа шығарады. Жинақта көне және орта ғасырлық авторлардың, саяхатшылардың, тарихшылардың шығармаларынан үзінділер келтіріледі. Шын мәнісін алғанда тұңғыш рет ғылыми айналымға енген көптеген шығыс және орыс нарративтері кірген бұл уникалды деректер жинағының жарыққа шығуы республиканың ғылыми өмірінде айтарлықтай орын алған оқиға болды [8]. Осы жинақтан кейін 1935 жылы С.Асфендияровтың «Қазақ тарихының очерктері» атты мектепке арналған оқулығы баспадан жарық көрді. Автор

оқулықта қазақ тарихын марксистік-лениндік конценция, тап күресі тұрғысында жазады. Мәселен, осы еңбектегі кезеңдеу мәселесінде автор қазақ тарихын 3 дәуірге бөледі: 1) Хандық кезең, 2) Бодандық заманы, 3) Кеңес дәуірі. Бұл еңбекте қазақ тарихының көне заманы есепке алынбай, хронологиялық ауқымы шектеледі. Сонымен қатар, қазақ тарихының шынайы бастауы ретінде кеңестік кезеңді қарастыруы да саяси жүйенің ықпалымен жазылғанын аңғартып тұр [9].

Профессор С.Асфендияров зерттеулерінің негізгі арқауы – қазақтың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында отаршыл империялық орыс үкіметінің зорлық-зомбылық қанауы мен езгісіне түскен өмірі саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайынан туындаған зардабы. Иә, бұл қазақтар тарихының отарлық кезеңі болатын. Автор «Қазақстан тарихының» екінші бөлімін «Қазақстан – Россия империализмінің отары» деп атады. Осы еңбектенүзіндікелтірейік: «Российской капитализм.., вырос на крови миллионов трудящихся, его история» вписано в летопись человечества пламеняющим языком меча и огня». Тағы да бірүзінді: «...завоевание царизмом Казахстана, а затем и Средней Азии сопровождалось насилиями и жестокостью, не уступающим тем, которые так мастерски изобразил К.Маркс [10, 127б.]. Санжар Асфендияровтың 1935 жылыжылыжарыққөркемшығармасы – «Шатер мира» повесі. БұлшығармадаТүркістанөлкесітарихының аса күрделікезеңі 1907-1921 жылдароқиғаларыбаяндалады. Бұлшығарма С.Ж. Асфендияровтыңбүркеншікесімі – С.Джафаровболыпберілген.

Зерттеу нәтижелері

Ұлттық аумақты межелеу тұсында (1924-1925 жылдары) Ортаазиялық Федерация құру идеясын ұстанды. 1924-1925 жылдары Қазақ АКСР-інің Өзбек АКСР үкіметі жанындағы өкілетті өкілі, 1925-1928 жылдары Мәскеуде – Бүкілодақтық атқару комитетінің (БОАК) Төралқа мүшесі, хатшысының орынбасары, Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, Н.Нариманов атындағы Шығыстану институтының директоры болды. [2,139б.]

Асфендияров 1928жылдан бастап Қазақстанда еңбек етті: Абай атындағы педагогикалық институт болып қайта құрылған қазіргі Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің алғашқы ректоры (1928-1931жылдары), Қазақ АКСР денсаулық сақтау халкомы, Алматы медициналық институтының (қазіргі Қазақ ұлттық медицина университеті) ұйымдастырушысы және тұңғыш ректоры болды. [2, 140б.] 1930жылы 10шілдеде Ұлттық Комисарлар Кеңесінің қаулысымен Қазақстанда алғашқы Қазақ мемлекеттік медициналық институтын ашу туралы шешім қабылданды. 1930жылы 30 қараша күні Денсаулық сақтау халкомының №260 бұйрығымен Санжар Жағыпарұлы Асфендияров медициналық институттың ректоры болып тағайындалды. «Сеть, структура и контингент приёма в высшие учебные заведения органов, находящихся в ведении на 1930/1931 год» деген құжатта еліміздегі сол уақыттағы жоғарғы оқу орындары туралы деректер ішінде медициналық иснтитут туралы мынадай жазба кезедеседі: «...Алма-Ата. Медицинский институт. Факультет лечебный. Прием: зима 1930/1931 года – 100 человек». Осы жазбаға сүйенсек 1930 жылдың желтоқсанында жұмысын бастаған Алматы медициналық иституты алғашқы 100 студентті қабылдайды.»[3, 1б.]

Санжар Асфендияров өз қызметіне 1930жылы 2-желтоқсанда кіріскен. Сол себептен қазіргі уақытта 2-желтоқсан күні –С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің туған күні ретінде аталып өтеді.

Асфендияров осы институтта жалпы химия, биология, физика кафедраларымен бірге анатомия, қалыпты физиология, ішкі ауралар, гистология, микробиология, фармакалогия, биологиялық химия, гигиена бөлімдерін және хирургиялық кафедраларын ашты. Асфендияров жұқпалы аурулармен күреске, аурулар мен індеттердің алдын алу шараларына, халыққа ақысыз дәрігерлік көмек көрсету жұмыстарын жолға қоюға көп еңбек сіңірді. Халық арасында жиі кезедесетін өкпе, шешек, оба, сүзек, тері ауруларына қарсы медициналық көмек ісін ұйымдастырды. Орта дәрежелі оқу орындарында, қысқа мерзімді арнаулы курстарда әртүрлі буындағы медицина мамандарын көптеп даярлауға күш салды.[2, 140б.]Қазақстанда медициналық білім беретін оқу орынын ашылуын ұйымдастырған, осы

бағытта талай күш салған Санжар Асфендияров болды. 1989жылдан бастап Қазақ Ұлттық университетіне Санжар Асфендияровтың аты беріледі. Қазіргі бұл білім ордасы қазақ медицина білімінің қарашаңырағы саналады.

Санжар Жағыпарұлы Асфендияров қоғамдық-ғылыми көзқарастарының қалыптасуы екі дәуірдің тоғысында орын алған қазақ интеллигенциясының керемет толқынына жатады. Ол бар саналы ғұмырын Қазақстандағы білім мен ғылым саласының дамуына арнады. Қазіргі кезде С.Ж.Асфендияров қатаң репрессиялық және тиым салу шараларына қарамастан, көрнекті қазақ тарихшысы ретінде мойындалады. С.Асфендияров Қазақстан тарихының күрделі мәселелерін зерттеген белгілі ғалым болды.

Мәскеуде жұмыс жасаған мерзімде С.Асфендияров талантының жаңа қыры ашылды. Оның тарих саласындағы белсенді ғылыми-ізденімпаздық қызметі ғалымның келешектегі шығармашылығын айқындап береді. Мәскеу қаласында болуының алғашқы күндерінен бастап –ақ ол КСРО ОАК жанындағы Шығыстану институтымен тығыз байланыста болды. Бұл жылдары ол шетелдік Шығыс өкілдерімен жиі кездеседі. Ел алдында абырой, беделге ие, өзін білікті, білімді маман ретінде таныта білген Санжар Асфендияров 1925-ші жылы бүкілодақтық атқару комитетінің хатшысы болып, кейіннен комитет төралқасына мүше болады. Асфендияровтың ғылыми беделінің танылуының жарқын көрінісі оның 1927 жылы КСРО ОАК Н.Н.Нариманов атындағы Шығыстану институтының директорлығы қызметіне тағайындалуы, оған Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры атағының берілуі болды. Жалпы, бұл кезеңдер оның шығармашылықпен айналысуына мол мүмкіндік туғызған еді. Өйткені, кітапханалар, түрлі деректер мен құжаттар сақталған бай мұрағаттар дәл осы Мәскеуде шоғырланған болатын. Осы жерде жүріп қазақ халқының шығу тарихын зерттеумен айналысады. «Исламның шығу себептері», «Шығыстағы ұлттық-революциялық қозғалыстар тарихы»,«Материалдар мен деректердегі Қазақстанның өткені» деген жинақ, кітаптар оның тарихшы, деректанушы ретіндегі рөлін айқындай түседі.[4, 3-4б.]

С.Ж.Асфендияровтың ғылыми шығармашылығындағы неғұрлым жемісті кезең оның өмірі мен қызметінің соңғы жылдары болды және 1928-1937жылдар арлығын қамтиды. Бұл жылдары С.Асфендияров сондай-ақ республикадағы алғашқы жоғарғы оқу орындары мен ғылымын ұйымдастыруға көп күш жұмсады. Ол көп ұзамай Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты болып қайта құрылған Қазақ мемлекеттік университетінің бірінші ректоры (1928-1931ж.ж.) болды, бірмезгілде тарих кафедрасын басқарды. Санжар Жағыпарұлы Қазақстанның академиялық ғылымының дамуына да маңызды үлес қосты. 1931-1933 жылдары ол КСРО ҒА-ның Қазақстандық базасы төрағасының орынбасары болды, ғылыми кеңес пен насихат, тарих-археология, қазақ сөздігі комиссияларын басқарды. 1933-1937жж. Қазақ ғылыми-зерттеу институтының тарих секторының меңгерушісі болған. С.Ж.Асфедияровтың білім және ғылым саласына қосқан үлесі орасан зор. [4,4б.]

Санжар Жағыпарұлы Асфендияров – қазақ халқының белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, жазушы, педагог. Әсіресе, ғалымның Қазақстан тарихына қатысты еңбегінің орны бөлек.

Санжар Жағыпарұлы жан-жақты даярлығы бар, жазба деректерді терең білген, әмбебап тарихшы, ғалым . Ол жазған еңбектерді тақырыптық жағынан жіктер болсақ, оның шығармашылық ізденістерінен діннің шығу себептері, көшпелі шаруашылық, ұлттардың пайда болуы, тілдің рөлі, ұлт-азаттық қозғалыстары, «Қазан революциясының», республика партия ұйымының тарихы, ұлттық мәдениетті өркендету жолдары секілді қадау-қадау мәселелер арқау болғаны байқалады. Ол 1928жылы жарық көрген «Исламның шығу себептері» атты еңбегінде жаңа қалыптаса бастаған Ислам мен кейінгі кезеңдердегі Ислам арасында принципті айырмашылықтар бар екенін дәлелдеуге тырысты. Кейінірек 1930 жылы осы мәселеге қайта айналып соғып, ислам дүниеге келген қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымын шаруашылықты материалистік тұрғыдан сипаттады.

С.Ж.Асфендияров кең ауқымды білімі мен тарихи-әдістемелік зерттеулерін ұштастыра отырып келесі еңбектерді жазды:«История Казахстана с древнейших времен», «Прошлое Казахстана в источниках и материалах», «Национально-освободительное

восстание 1916 года в Казахстане»/монография. 1935-1936жж. С.Асфендияров профессор П.А. Кунтемен бірлесіп «Прошлое Каазахстана» атты екі томдық дереккөздер жинағын жарыққа шығарды. Орта мектепке арналған «Қазақстан тарихының очерктері» жарық көрді. Бұл да Қазақстан тарихының деректану бөлімін байытты.[4, 5б.]

Санжар Асфендияровтың Қазақстан тарихына арналған тұңғыш оқу құралы ретінде «Қазақстан тарихының очерктері» еңбегі 1935жылы жарық көрген болатын. Алайда 1937 жылы С.Асфендияровтың репрессияға ұшырауына байланысты еңбек оқырмандар қолына тимей қалды. Оқу құралында ерте заманнан бастап 1917 жылға дейінгі қазақ елінің тарихы деркеті материалдармен және құжаттармен жан-жақты баяндалған. Онда «қазақ» атауының шығуы жөнінде, қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы туралы кең мағлұмат берілген. С.Асфендияров тарих беттерін ашуда бірсыпыра өзекті мәселелерге тоқталған.

1935-1936 жж. С.Асфендияровтың профессор П.А.Кунтемен бірлесіп жазған «Прошлое Казахстана» атты екі томдық дереккөздер жинағында қазақтардың тарихы мен тұрмысын, қазақтардың көрші мемлекеттермен және халықтармен өзара қатынасын және орыстардың Шығысқа отрашылдық басқыншылығының алғашқы он жылының тарихын бейнелейтін материалдар топтастырылған. Бұл материалдар сондай-ақ Қазақстан туралы шетелдіктер мәліметтерінің қызықты эволюциясын, бұл мәліметтердің деңгейін және олардың түрлі дәуірлердегі сенімділік дәрежесін бейнелейді. Қазақстанның Ресей империясына қосылуы қазақ мемлекеттілігі мәселесін өз мүддесіне сәйкес шешуге ұмтылған әрекетіне тосқауыл болды. Патша үкіметі қазақ мемлекетін бірте-бірте әлсіретіп, хандық билік жүйесін жойып, Ресейлік басқару құрылымын орнықтыру саясатын ұстанды. Осы мәселе жөнінде С.Асфендияров: «Патша үкіметі Қазақ хандығын жоя отырып, қазақ сұлтандарын биліктен шектету арқылы қазақтардың мемлекеттік дербестік елесін де құртып, сол кездегі Қазақстанды Ресей империясының қатардағы аймағына айналдырды» - деп көрсетеді. [4,5б.]

1935 жылы тоталитарлық идеология негізінде жазылған «Қазақстан тарихы (көне дәуірден бастап)» еңбегінде М.Тынышбаевтың қазақ халқының шығу тегі туралы ғылыми еңбегін ұлтшыл-буржуазиялық теория жасаған деп айыптап, «М.Тынышбаевтың еңбегі жартылай феодалдық және буржуазиялық, байшылдықтың, тұрпайы ұлттық шовонизмнің көрнекті мысалы» деп, теріс баға береді.

Профессор С.Асфендияров Қазақстан тарихының негізін қалағанын және орта мектептер мен жоғары оқу орындарында оқыту ісін қолға алғанын ерекше атауымыз керек. Ол Қазақстан тарихын түгел қамтып, оны бір жүйеге келтірді. Ол «Қазақстан тарихының » 2 томын жазды.

С.Асфендияровтың «Қазақстан тарихы»(көне замандардан бергі) атты көлемді еңбегінің бірінші томы б.з.д. III ғасырдан 1917 жылғы ауқымды хронологиялық кезеңді қамтыған болатын. Кітаптың кіріспесінде автор кеңестік Қазақстан тарихына арналатын екінші томды жазып шығару жоспарда бар екендігі туралы хабарлайды. Ол капиталистік кезеңге дейінгі қазақтар арасында таптық қатнастардың қалай пайда болғандығы және дамығандығымен дамудың осы сатысындағы қазақ қоғамындағы экономикалық өзгерістердің нақты ерекшеліктері қандай болғандығымен байланысты бірқатар мәселелер қойды. [5,23б.] Бірақ үнемі қоғамдық және мемлекеттік жұмыстан босамауы және кейіннен репрессияның құрбаны болып, мезгілсіз өмірден кетуі ғалымға өзінің барлық ойларын іске асыру жолында тосқауыл болды.

Автор қазақтар тарихын Орталық және Орта Азия тарихы мәселелерімен, әлемдік тарихта зор маңызға ие «көшпелі халықтар» мәселесімен тығыз байланыста баяндайды. Ғалымның көптеген тарихи еңбектеріндегі, әсіресе Қазақстан тарихы бойынша қортындылаушы еңбегіндегі басты мәселесі – қазақтың этногенезі болатын. Бүгінгі таңда С.Асфендияров қағидаларының біразын, мәселен, қазақтың шығу тегі, қазақ жүздері мен қазақ халқының пайда болуы туралы дұрыс тұжырымдарын тарих ғылымының даму барысында тарихшы қауым пайдаланып келеді.

«Қазақ халқының қалыптасуы –ұзақ процесс, оның басталуы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің құрылуымен тұспа-тұс келеді.» деген тұжырымдаманың дұрыстығын бүгінгі көне Қазақстан туралы археологиялық мәліметтердің молаюына байланысты этногенездің бастапқы дәуірінің кәдімгідей айқындала түсуі дәлелдейді.

Профессор Санжар Асфендияров өз заманында теориялық-әдістемелік дүниетанымы кең, ғылыми көзқарастары мен тұжырымдамалары толысқан ғалым болған.

С.Асфендияров революцияға дейінгі Қазақстан тарихын шартты түрде екі кезеңге бөледі: 1) патшалық Ресейдің басып алуына дейінгі қазақтар тарихы (XVIII ғасырға дейін); 2)Қазақстан ресейлік империализмнің отары ретінде (XVIII-XIXғ.ғ.)[4,6б.]Хронология және кезеңдеу мәселесі көбінесе дау туғызады. Алайда, өз тұжырымдамасы шеңберінде С.Асфендияров шындыққа жақын келеді. Өйткені ол қазақтардың өз тарихын, яғни олардың тәуелсіздік кезеңін, дамудың отаршылдық, сондай-ақ кеңестік кезеңді бөліп көрсетеді.

Еңбегінің екінші бөлімінде Асфендияров «ресей капитализмі басқыншылығының қазақ қоғамының одан арғы қалыптасуына ықпалын, жаңа негіздегі таптық қарама – қайшылықтардың өсуін, империализм және пролетарлық революция жағдайында ұлттық-революциялық қозғалыстардың қозғаушы күшінің дамуын, яғни Қазақстандағы Қазан революциясының алғышарттарының дамуын» көрсетуге тырысты.

XX ғасырдың бас кезінде шаруалар отарлауы пәрменінше күшейіп, қазақтардың 45млн. десятинадан астам шұрайлы жерлері қоныстанушылардың қолдарына көшті. Қазақ халқы құнарлы жерлерден шөл және шөлейт аймақтарға ығыстырылып, дәстүрлі шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. Патша өкіметінің Қазақстанда хандық мемлекеттілікті жоюға бағытталған әкімшілік-құқықтық реформалары өзінің тиімді нәтижесін бергендігін көруге болады. Біріншіден, қазақ халқын еркін билеп, отарлық қанауы және ұлттық езгіні күшейтумен көрсетті. Екіншіден, салық жүйесін енгізу арқылы халықтың жағдайын күйзеліске ұшыратты, ата-бабадан қалған жерлерін күштеп тартып ала бастады. Бұл туралы С.Асфендияров мынадай тұжырымдармен сипаттады:«...енгізілген әкімшілік жүйе мемлекеттік аппарат құрылысына шаралар жиынтығын құрады. Оның көмегімен қазақ даласына Ресей капитализмінің енуіне қолайлы орындарды тазартты. Бұлшаралар Қазақстанды Ресей капиталтизмінің боданына айналдыруды мақсат еткен патша саясатының негізі болған өндірістік қатнастардың бұлжымас әрі барынша айқын көрінісі болып табылады».[4,7б.]

Монографияның қазақ халқының шығуы туралы бөлімінде автор «халық ұғымы – биологиялық емес, ал әлеуметтік» екендігін атап көрсетеді және оқырманнан қазақ халқынан әлдеқайда бұрын қалыптасқан ежелгі үйсіндермен, наймандармен, қыпашақтармен және басқа да тайпалармен араластырмаудан сақтандырады.

Автордың тағы бір құнды кітабы - «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс». Бұл ғылыми еңбектің негізгі маңызы – патша үкіметінің қазақ жерлерін отралау саясатының бетпердесін жеріне жеткізе ашатындығы.

Ол- Қазақстан тарихы жөніндегі көптеген жұмыстың авторы, сондай-ақ қабілетті зерттеуші-филолог және жазушы. Орыс, ағылшын, француз және араб тілдерін білуі С.Асфендияровқа ресейлік және шетелдік әдеби түпнұсқаларды пайдалана отырып, көлемді тарихи материалдарға талдау жасауға және бірқатар ғылыми еңбектер дацындауға мүмкіндік береді. Оның «Ерте заманнан бергі Қазақстан тарихы», «Қазақстанның өткені дерек-көздер мен мәліметтерде», «1916 жылғы Қазақстандағы очерктер», «Әлем шатыры» және т.б. маңызын жоймаған еңбектері жарық көрді. [6, 200б.]

С.Ж.Асфендияровтың география саласына қосқан үлесі де зор. Ұлы географиялық ашылулар кезінде басқа әлеммен байланыссыз болған Орта Азия жерлерінің Атлант мұхитына шығатын құрлық жолдарының ашылуына өз үлесін қосты. Географиялық зерттеулерді оқып біле отырып көшпенділер тұрақтануға көшпейінше, отырықшы мемлкеттерге тәуелді болатындығын айтып кеткен болатын .

Қорыта айтқанда, профессор Асфендияров Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Қазақстан көлемінде ғана емес, бүкіл Одақ көлемінде экономика,

мәдениет, жоғары оқу орны, ғылыми мекемелердің іргетасын қаласқан ірі ғалым, ұйымдастырушылардың бірі.

1937жылы С.Ж.Асфендияров заңсыз түрде қуғынға ұшырап ақталмаған күйде атылып кетті. 1989 жылы Қазақ КСР министрлер кеңесі С.Ж.Асфендияровтың мемлкеттің, қоғамның, педагогика және денсаулық сақтау саласының дамуына қосқан үлесін ескере отырып оның ақталып шығуына ат салысып, өзі негізін қалаған Алматы мемлекеттік медицина университетіне атын беруді ұйғарды. Саналы ғұмырында елім деп еңіреп өткен есіл ердің есімі ел жадында мәңгі сақталмақ . Бүгінде Алматыда көрнекті ғалым, педагог, асқан парасат иесі Санжар Асфендияровтың атындағы көше бар. Кезінде өзі тұрған Төле би көшесінің бойындағы үйге мемориалдық тақта қойылған. Мұның өзі тарих беттерінде өшпес із қалдырған қазақтың ұлтжанды азаматына деген құрметті арттыра түспек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар: естеліктер /Қ.Жұмалиев. Т.7. 296б. –Орал: «Ағартушы», 2010.
2. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық.- Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. 2 кітап. -360 б.
3. http://stud.kz/referat/show/80336реферат тақырыбы:Медициналық білім берудің қазіргі жағдайы және даму болашағы.
4. Педагогикалық диалог /ISSN 2308-7668 №4 (10) 2014. 210б.
5. Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал./ Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық басылым// Бас редактор – Тамара Әзімханова / 3(183) 2018
6. Қазақстан тарихы : әдістемелік журнал./Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық басылым// Бас редактор – Тамара Әзімханова / 4 (103) 2011
7. Исабек М.Қ. Санжар Асфендияровтың Қазақстан тарихын оқыту үрдісіне қосқан үлесі // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, №9, 2009. -253 -258 б.
8. Асфендияров С., Кунте П.А. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. – Алма-Ата-М., 1935.
9. Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. –Алматы: Санат, 1994.б.119
10. Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). –Алматы: «Санат» 1998, -304б.

МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ - ӘБДІРАХМАН ӘЙТИЕВ

Қуанышева М., М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

2021 жыл қазақ тарихында бірқатар маңызды оқиғалар мен тарихи даталар атап өтілетін ерекше жылдардың бірі. Соның ішінде 2021 жылы мемлекет және қоғам қайраткері Әбдірахман Әйтиевтің өмірге келгеніне 135 жыл толып отыр.

Мемлекет қайраткері Әйтиев Әбдірахман 1886 жылы Орал облысы Орал уезі Қараоба болысы Сүгірбай ауылында (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы) дүниеге келген. Әкесі Әйтей Құлмағамбетұлы кедей шаруа болсада, өте кішіпейіл, ауылға сыйлы адам болған. Тұрмыс жағдайының ауыртпалығынан күні-түні шаруашылықпен айналысып, өз еңбегімен күнелткен [1]. Тегі – Жетіруға жататын Кердері руы. 1901 жылы Қараоба болыстық бір кластық орыс-қазақ мектебін бітірген. Ол 1904-1909 жылдары Орал уезінің 1-учаскесі төбе биінің жалдамбалы шабарманы және от жағушысы, Орал уездік Податтық инспекторының тілмәші, Орал уезі 6-учаскесі төбе биінің тілмәші, іс жүргізуші қызметтерінде болды.

Ә.Әйтиев біршама сауатын ашып, Орал қаласының мировой судьясының жанындағы аудармашы, кейін аға іс жүргізуші болып қызмет етеді. Қараоба болыстық басқармасында писарь болып жүріп, кітапхана көп отырады, көп оқиды. Осындай ынтасын байқаған губернатор Әбдірахманға «Очерки истории киргиз» кітабын сыйға тартады [2, 12 б].

Ә.Әйтиев еңбек адамдарының қандай қиын жағдайда өмір сүргенін көріп, түсіне бастайды. Айнала қаптаған заңсыздық, жемқорлық, пара алу, ұрлық-қорлық, шенеуніктер мен байлардың дөрекілігі. Сонымен бірге оның келешекке сенімі, бостандық пен жарқын өмірге жетуге деген үміті арта түседі. Енді оның өз халқыда, бақаларда Ресей халықтары сияқты жие көтеріліске шыға бастайды. Кешегі тып-тыныш Орал өңірінде анда-санда ртқа оранып, жергілікті тұрғындар мен семерген казактар, кулактар жәнен байлармен қарулы шайқастарға барады.

Бір мақаласында былай деп жазады: «Как-то я прочитал что великий Ленардо да Винчи советовал художникам наблюдать за игрой света, чаще смотреть на облака. Оны помогают развивать воображение. Действительно сколько разричных картин можно увидеть в поднебесье. Одна сменяется другой. Но чаще всего мне виделся серебрянный конь с всадником. И когда над степью громыхала гроза, мне чудился бой Зергера с Карабатыром. Казалось, навечно свет заврывался с черными тучам. Но утихал ливень, открвалось солнце, и снова появилось голубое небо ... » [3, 162 б].

1905 жылдың жазынды Орал қаласында РСДРП ұйымының қалыптасуы аяқталады. Оның қатарына теміржол депосы баспаханасының жұмысшылары және жергілікті интеллигенция, яғни бірқатар зиялы қауым өкілдері кіреді. 1906 жылы Орал қаласында маңызды оқиға болады. Ол көпшілік болып өткізілген «маевка». Бірінші мамырдың түніне қарай большевиктер «Жұмысшыларға үндеу», «Патшалық өкіметке сенбеңдер!» деген үндеу-хаттар таратады. Бірінші мамыр күнін демалыс деп жариялап, шеруге 800 теміржолшы мен қалалық жұмысшылар шығады. Оған Әюдірахман Әйтевте белсенді қатысады. Шілде де Орал қаласының диірмен және баспахана жұмысшылары ереуілдері басталады. Олардың талаптары – жұмыс күнін қысқарту және жалақыны өсіру болды [2, 14 б].

Осы жылдары Ә.Әйтиев 1910-1913 жылдары Орал қаласында төбе бидің аға іс жүргізушісі әскер аттары учаскесінің меңгерушісі, аң-құс құтқару қоғамының және әуе әскери флотын күшейту қоғамының мүшесі, жалданба ауыл хатшысы, болыстық писарь жұмыстарын атқарды [4, 89 б].

С.Д.Арганчеев өзінің естелігінде былай деп жазады: «В Уральске после встреч и бесед, были привлечены к активной революционной деятельность Абдрахман Айтиев,

Губайдулла Алибеков, Бисен Джаникешев, Габит Сабаев, Хайдар Ирмуратов, Габбас Саубеков, Жалау Мынбаев, Амиргали Ипмагамбетов, Нугман Манаев, Шукур Чагров, Хамид Чурин, Хусаин Ишанов, Гусман Азарбаев, Нурсултан и Зинекен Бекетовы и другие. После знакомства с программой социал-демократов оны прониклись революционными идеями, стали их прпогандировать, и с тех пор «нелегальная литература», в особенность листовки, переводились на казахский язык и в рукописьном виде пересылались из аула в аул... Скромный казахский учитель Губайдулла Алибеков и юный переводчик Абдрахман Айтиев часто увозили в аулы нелегальные большевистские листовки...» [2, 14 б].

Бірінші орыс төңкерісі жылдарында жас Ә.Әйтиевтің саяси көзқарасы толық нығая түседі. Енді оның патшалықтың құдіретті үстемдігіне қарсы күресу үшін төңкеріс жолында бүкіл еңбекшілердің бірігіп, бостандық пен тәуелсіздікке жетуге болатындығына көзі жетті.

Полицияның қадағауына қарамай Ә.Әйтиевке және оның пікірлестері төңкеріс идеяларын ашық тарату жолдарын іздеуге жалықпады. Орал қаласында 1911 жылы прогрессивтік жастар тобы (оның ішінде Ә.Әйтиев, Ғ.Тоқай, Н.Смуров, Н.Ульянов т.б. бар) жалпыдемократиялық мазмұнды «За свободу» газетін шығара бастады. Оның беттерінде күрделі мәселелер, оның ішінде халықтың қоғамдық және экономикалық өмір, көшпенді өмірден тұрақтылық жағдайға ауысу, халық білімінің өсуі, әйелдердің тұрмыстық жағдайы , феодалдық-рушылдық қатынастары т.б. жазылады. Осы газет 1912 жылдың Лена оқиғаларын ең алғашқы болып хабарлады. Өзінің іс қимылымен «За свободу» газеті еңбекшілердің саяси сана-сезімін оятып, өсіруге себепші болды [2, 14 б].

Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс Әбдірахманның ауылдың кедейлері арасынан шыққан нағыз революционер болып қалыптасуына негізгі себеп болды. Езушіліктен әбден шаршаған көпшілік қауым жаңа өмір үшін, өзінің құқығын қорғауға үшін күресуге оянып, дайын болғанына Абдірахманның көзі жеткендей болды.

1917 жылы қаңтарда болыс Бекше Қисықовпен бірге сайлауға түсіп, Қараоба болысының управительдігіне сайланды. 7-наурыздан меньшевиктер мен эсерлер құрған Жайық сырты бөлігі Революциялық комитетінің кооптациялық негіздегі төралқа мүшесі. 1917 жылы 20-наурызда комитет құрамынан шығып, Б.Қаратаев, Д.Күсепқалиев, Ы.Тоқберлинов, Ғ.Әлібековпен бірге Жайық сырты бөлігі азаматтық комитетіне төралқа мүшесі және ұйымдық хатшы болып сайланады. 1917 жылы сәуірде өткен 1-Қазақ Орал облыстық, сьезін ұйымдастырушылардың бірі болды.

1917 жылы жазда Қараоба болыстық земство управасының мүшесі және управа милициясының бастығы қызметін атқарып, Жайық өңірінде астықпен алыпсатарлық жасаушыларға қарсы күрес ісін ұйымдастырды.

1918 жылы тамыз-желтоқсан аралығында Орал ревкомы мен Қызыл армия командованиесі құрған Богдановка астыртын ұйымының жеті адамнан тұратын жауынгерлік барлау тобының, мүшесі, астыртын атқару комитетінің төралқа мүшесі болды [1].

Ә.Әйтиев 1918 жылдан бастап Орал ревкомының тағайындауымен Жайық сырты бөлігінде Кеңестер ұйымдастыру ісімен айналысады. Орал қаласындағы төңкерістен кейін Орал әскери үкіметінің әскери-дала соты тарапынан ату жазасына кесіледі, осыған байланысты Қараоба болысындағы Федоровка, Богдановка селоларында, Жымпиты ауылының түбіндегі Хакім Бекебасовтың үйінде жасырынып жүреді. Осы жылы 1918 жылы шілдеде Жымпитыдан Темір уезіне өтеді. Осында Ташкенттен келе жатқан Мұстафа Шоқаймен кездеседі [1].

1919-1920 жылдары Батыс Қазақстандағы Қазақ төңкерісі оқиғаларына және азамат соғысы кезінде қызылдарды қолдады [4, 92 б].

25-Чапаев дивизиясының 3-бригадасының саяси бөлімінде, Орал ревкомы үгіт-ұйымдастыру қосалқы бөлімінің және әскер қатарына тарту бөлігінің меңгерушісі, Орал ревкомы Ұлттар коллегиясының мүшесі және Қазақ атты әскер бригадасын ұйымдастырушылардың бірі болды. Қызыл армия құрамында атты барлау жорықтары сынды тағы басқа да жауапты қызметтерді атқарды.

1920-1921 жж. Кеңестердің бүкілқазақстандық құрылтай съезін өткізуге, Қазақ автономиясының солтүстік шекарасын белгілеуге белсене араласты. Ақмола губревкомының төрағасы болды. ҚАКСР Ішкі істер халық комиссары, ОАК төралқа мүшесі, 1921-1925 жылдары Орталық әкімшілік комиссиясының төрағасы, ҚАКСР Еңбек халық комиссарының орынбасары және еңбек қорғау бөлімінің меңгерушісі, өлкелік кеңес-партия мектебінің Батыс Қазақстандағы революциялық қозғалыс жөніндегі лекторы, "Сырье" акционерлік қоғамының Қазақ бөлімінің басқарушысы (1926); РКФСР Мемлекеттік сауда басқармасының Қазақстан және Батыс Қытай бойынша уәкілетті өкілінің орынбасары, оперативті бөлім меңгерушісі (1927); "Казторг" қоғамы басқармасының төрағасы (1928), Қазақ зооветеринарлық институтына әкімшілік-шаруашылық бөлім проректоры (1930); ҚАКСР Орталық музейінің директоры (1931); ҚАКСР Осоавиахим Орталық кеңесінің төрағасы (1932); ҚАКСР Халық комиссарлары кеңесінде консультант (1933); Алматы Мемлекеттік қорығының директоры, "Аққөл" курортының директоры (1934); Әулие-ата теміржол бөлімшесінің фабрика-завод мектебінде мұғалім (1935) қызметтерін атқарды.

Әбдірахман Әйтиев Қазақстанның Батыс аймағындағы революциялық қозғалыс және азамат соғысы тарихын алғаш зерделеген авторлардың бірі. Оның қаламынан 1920 жылы туған "Революционное движение в Уральской области", "Октябрьская революция в Уральской области" мақалалары осы тақырыптағы толымды еңбектердің қатарында саналады [5, 161-163 бб].

Әбдірахман Әйтиев 1936 жылы 16-қарашада Жамбыл қаласында ұзаққа созылған науқастан қайтыс болды. Алматы, Орал қалаларында Әбдірахман Әйтиевтің атына көше берілген, 1992 жылы Орал қаласындағы Әбдірахман Әйтиев атындағы көше алаңына мүсінші Ю.Д.Баймұқашевтің авторлығымен ескерткіш бюсті орнатылған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Көлбаев Т. Ерлік пен қасіретке толы өмір.//http://urker.kazgazeta.kz/news/5626
2. Көлбаев Т., Әйтиева Р. Әбдірахман Әйтиев – ерлік пен қасіреткер толы өмір. – Алматы: Арыс баспасы, 2006. -324 б.
3. Установление Советской власти в областях Казахстана (1917-1918). Сб. Статей. –Алма-Ата, 1957.
4. Әйтиев Әбдірахман // Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2014. – Б.89-92.
5. Әйтиев Әбдірахман // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия / бас ред. Ғ.Әнес. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – Б.161-163.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КҮШТЕП ҚОНЫСТАНДЫРУ ТАРИХЫНАН (1939-1949 ЖЖ.)

Кубиева Шынар, БҚИТУ педагогикалық факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - **Балыкова А.М.,** тарих ғылымдарының кандидаты, БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Батыс Қазақстан аймағына халықтарды күштеп орналастыру тарихы XX ғасырдың 20 жылдарынан басталды. Халықтарды күштеп көшіру Кеңес үкіметінің «кулактарды тап ретінде жою», «өнеркәсіпке жұмысшы күшін жинау», «ұлттық белгілері бойынша күштеп жер аудару» және тағы басқа қолдан жасалған саяси шаралары арқылы жүзеге асырылды. Бұл үдеріс 1940 жылдары Ұлы Отан соғысы уақытындағы халықты майданға жақын аудандардан көшіру, халықтарды күштеп жер аудару және еңбектік қоныстандыру шараларымен жалғастырылды.

Батыс Қазақстан халқының этнодемографиялық сипатының өзгеруіне кеңестік биліктің 1930 жылдардың екінші жартысынан бастап жүргізген халықтарды этникалық белгілері бойынша күштеп жер аудару саясаты ықпал етті.

Осы саяси науқанның шеңберінде 1936 жылдан бастап Украина КСР-ның шекаралас аудандарынан Қазақстанға 35 739 поляк жер аударылды. Олардың негізгі бөлігі республикамыздың солтүстік облыстарына орналастырылды [1, 380 б.]. Одан кейін КСР Одағының ХКК және БКП (б) ОК-нің 1940 жылғы 10-сәуірдегі 497-178сс нөмірлі құпия қаулысына сәйкес Қазақстанға Украинаның батыс облыстары мен Белорус КСР-ның бүлікшіл ұйымдардың репрессияға ұшыраған қатысушыларының, поляк армиясының бұрынғы офицерлерінің, полицейлер, қамаудағылар, помещиктер, жандармдар, фабриканттар және поляк мемлекеттік аппаратының бұрынғы шенеуніктерінің отбасы мүшелерінен тұрған 60 667 адам көшірілді. Олар Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік-Қазақстан және Семей облыстарына орналастырылды. Олардың ішінде 36 729 адам колхоздарға, 17 923 адам – совхоздарға, және 8000 адам – жұмысшы поселкелерінің түрлі кәсіпорындарына бөлінді [2, 163 б.].

Кеңестік биліктің осы саясатынан үлкен зардап шеккен ұлт - кәрістер болатын. 1937 жылы 21 тамызда КСР Одағының ХКК және БКП (б) ОК-нің 1428-326сс нөмірлі «Қиыр шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан корей халқын көшіру туралы» құпия қаулысы қабылданды. Сол қаулыға сәйкес «Қиыр шығыс өлкесіне жапондық шпионаждың енуінің алдын-алу мақсатында» деген желеумен Қазақстан мен Өзбекстанға кәрістер күштеп көшірілді. Қаулы бойынша бұл шараны тез арада бастап, 1938 жылдың 1-қаңтарына аяқтау жоспарланды [2, 129-130 бб.]. Нәтижесінде, 1937 жылы Қазақстан территориясына 20 530 кәріс отбасылары жер аударылды. Оларды облыстар бойынша төмендегідей етіп орналастыру көзделді: Алматы облысына – 4774 отбасы, Ақтөбе облысына – 1285, Гурьев облысына – 1322, Батыс-Қазақстан облысына – 500, Қарағанды облысына – 2255, Қызылорда облысына – 6467, Қостанай облысына – 720, Солтүстік Қазақстан облысына – 1500, Оңтүстік Қазақстан облысына – 1698 отбасы. 20 530 шаруашылықтың 3530-ын кәсіпорындар мен мекемелерде орналастыру жоспарланған. Іс-жүзінде кәсіпорындар мен мекемелерде 1938 жылдың 15-мамырына қарай 6165 шаруашылық, яғни, 2635 шаруашылыққа артық орналастырылады [3, 10-11 пп.].

1938 жылы 17 ақпанда Ішкі істер халық комиссариатының Қоныстандыру бөлімі бастығының атына берілген кәріс қоныстанушыларын орналастыру туралы мәлімдемеде Қазақстанға барлығы 20 789 кәріс отбасы немесе 98 454 адам келгендігі айтылады. Оның ішінде Ақтөбе облысына 1 744 отбасы немесе 7 666 адам, Батыс Қазақстан облысына – 1 950 отбасы немесе 9 017 адам орналастырылған [4, 63-64 бб.]. Жер аударылған кәрістердің көбі Гурьев облысына орналастырылған. Қазақстан Коммунистік партиясының Гурьев округтік комитеті бюросының 1937 жылғы желтоқсан айына тиісілі қаулысына сай 1266 кәріс отбасы

келген. Олар негізінен балық зауытына, Теңіз және Гурьев ауданының колхоздарына орналастырылды [5, 1 п.]. 1937-1939 жылдары Қазақстанға әзірбайжандықтар, күрдтер, түріктер, армяндар және КСРО-ның шекаралас аудандарында тұрған басқа да халықтар жер аударылды [1, 380 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдары халықтарды күштеп жер аудару саясатына ұшыраған ұлттардың бірі – шешендер болды. Шешендерді күштеп жер аудару 1941 жылдың тамыз айының аяғынан басталып, 1948 жылға дейін жүргізілді [1, 387 б.]. 1944 жылдың 7 наурызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Шешен-Ингуш АКСР-ын жою туралы жарлығы шықты. Қоныс аударылғандардың алғашқы легі Қазақстандағы жаңа тұрақтарына 1944 жылдың наурыз айының ортасында келді. Осында жіберуге жоспарланған 344 589 адамның 16 565-і - Жамбыл облысына, 29 089-ы - Алматы облысына, 34 167-сі - Шығыс Қазақстан облысына, 20 808-і - Оңтүстік Қазақстан облысына, 39 542-сі – Солтүстік Қазақстан облысына – 20 309-ы - Ақтөбе облысына, 31 236-сы – Семей облысына, 41 230-ы – Павлодар облысына, 37 938-і - Қарағанды облысына орналастырылды. Оларға 1944 жылдың ақпанынан кейін әскер қатарынан босатылған мыңдаған шешендер мен ингуштар қосылды. Жалпы, 1945 жылғы мәлімет бойынша елімізде барлығы 406 375 адамды құраған 89 901 шешен және ингуш отбасылары өмір сүрген [2, 252-253 бб.].

Соғыс қарсаңында алғашқылардың бірі болып немістер де жер аударылды. «Поволжья аудандарында тұратын немістерді жер аудару туралы» тиісті органның 21-160 нөмірлі жарлығы 1941 жылы 28 тамызда шықты. Л.Бериянның жазбаша нұсқауы бойынша қоныс аударылған немістердің көпшілігін Қазақстанға орналастыру көзделді. 1941 жылдың 25 қазанына қарай Қазақстанда 467 мың Поволжья немістерін қабылдау жоспарланды. Батыс аймақтағы облыстардың ішінде Ақтөбе облысына 15 мың адам орналастыру көзделсе, жойылған Поволжья Немістерінің Республикасына жақын жатқан майдан шебіндегі Гурьев және Батыс Қазақстан облыстарына қоныс аударылған немістер жіберілмеді. Жоғарыда айтылған 467 мың немістердің республикаға іс жүзінде 420 мыңы ғана келді [2, 196 б.]. Немістерді жер аудару 1942 жылы да жалғасқандығы белгілі. Жергілікті мұрағат деректеріне сүйенсек, Ақтөбе облысына 1941 жылдың өзінде 1750 неміс отбасылары қоныстандырылған [6, 45-46 пп.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында поляктарды жер аудару жалғасты. Бұл уақытқа дейін Қазақстанда поляктардың ірі диаспорасы орналасқан еді. 1942 жылы қарашада Саратов облысынан Қазақстанға 2014 поляк көшірілді [1, 389 б.]. 1942 жылғы 28 қаңтардағы анықтамасы бойынша елімізде 103 757 поляк ұлтының өкілдері болды. Оның ішінде батыс аймақтағы Ақтөбе облысында – 5646 адам, Гурьев облысында – 187 адам және Батыс Қазақстан облысында – 159 адам өмір сүріп жатты [7, 141 б.]. 1942 жылдың мамыр айында Қазақстанға Краснодар өлкесінен, Қырым АКСР және Казкав республикаларынан гректер де жер аударылды. Олардың жалпы саны 24 670 адамды құрады және көпшілігі Солтүстік және Батыс Қазақстанға орналастырылды [1, 390 б.].

Олардан басқа 1943-1944 жылдары Қазақстанға қалмақтар, шешендер, ингуштар, қарашайлықтар, балқарлықтар, қырым татарлары, болгарлар, гректер, армяндар, түрік-месхеттіктер, күрділер, хемшидтер, әзірбайжандықтар, т.б. жер аударылды [1, 387]. Арнайы қоныс аударылғандардың жағдайы өте ауыр болды. Олар жергілікті халық, эвакуацияланғандар сияқты соғыстың барлық ауыртпалығын көтерді. Оларға тұрғын-жай, азық-түлік жетіспеді, мыңдаған адамдар аштық пен аурудан өлді.

Соғыс жылдарындағы республика халқының ұлттық құрамында орын алған өзгерістер қазіргі Қазақстандағы халықтың көпұлтты сипатының қалыптасуының шешуші кезеңі болды. Халықтың ұлттық құрамының өзгерісіне Қазақстанға майдан шептерінен халықтардың эвакуациялануы, еңбектік қоныстандыру мен халықтарды күштеп жер аудару саясатының жалғастырылуы ықпал етті. Бұл республиканың көп ұлтты демографиялық келбетінің қалыптасуына алғышарт болған үдерістер еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алексеенко А.Н., Масанов Н.Э. Миграционные и этнодемографические процессы в советский период / История Казахстана: народы и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 608 с. – С. 367-419.
2. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс-Қазақстан, 1998. – 428 с.
3. ҚР ПМ. 708-қор, 1-тізбе, 69-іс.
4. Кульбаев Т., Хегай А. Депортация. – Алматы: Дәнекер, 2000. – 274 с.
5. Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 855-қор, 1-тізбе, 36-іс.
6. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві. 85-қор, 1-тізбе, 1347-іс.
7. Из истории поляков в Казахстане (1936-1956 гг.). Сборник документов. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 344 с.

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗ, САПАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛУ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қарасай Нұртас, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің экономика және құқық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Идресова Ү.Х.,** тарих ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Денсаулықты қорғау, сапалы медициналық көмекке құқық әр адамның ажырамас құқығы болып табылады, өйткені денсаулықтың өзі оның биологиялық өмір сүруінің қажетті шарты болып табылады және сонымен бірге жеке тұлғаны әлеуметтендіру мүмкіндігін анықтайды. Осы фактіні ескере отырып, қазіргі заманғы мемлекеттердің көпшілігі өз елдерінің негізгі заңдарында Денсаулық сақтау құқығын (белгілі бір мағынада) бекітті. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау мен азаматтардың тегін медициналық көмекке конституциялық құқықты заңнамалық қамтамасыз ету мәселелері бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Қазақстандық денсаулық сақтау саласы өз тарихында бірнеше рет реформаларға ұшырады және өзінің дамуының барлық кезеңдерінде ақылы медицина элементтері бар бюджеттік, бюджеттік - сақтандыру, бағдарламалық - бюджеттік қызмет етудің негізгі үш нысанын бастан өткерді.

Мемлекеттің денсаулық сақтау саласындағы негізгі басымдықтарының бірі медициналық көмектің қолжетімділігін, уақтылы және сапалы көрсетілуін қамтамасыз етуге арналған бірыңғай, әлеуметтік бағдарланған және дамыған денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру болып табылады. Қазіргі заманғы денсаулық сақтау жүйесінде инновациялық саясатты іске асыру үшін оны жетілдірудің стратегиялық қағидаларын анықтап, бекітілген. Олар халықтың денсаулығын сақтауға, нығайтуға, қолжетімді және сапалы медициналық қызметтер көрсету жүйесін қалыптастыруға және оның жұмыс істеуіне және саланы одан әрі орнықты дамыту негізінде медициналық көмекті ұйымдастырудың және денсаулық сақтауды басқарудың жаңа схемаларын енгізумен бірге әзірлеуге бағытталған.

2020 жылдың 7 шілдесінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы жаңа кодекс қабылданды. Жаңа кодекстің қабылдануы және оны іске асыру ұлт денсаулығын сақтау, азаматтардың өз денсаулығы үшін ортақ жауапкершілігін күшейту, өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері мен темекі бұйымдарын, алкогольді ішімдіктерді тұтыну санын азайту, алғашқы медициналық-санитарлық көмектің сапасын арттыру, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын бақылауды күшейту, медицина кадрларын даярлау сапасын арттыру, медицина ғылымын дамыту, цифрлық форматта медициналық қызметтер алу, медициналық мекемелердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсаттарын көздейді. Жаңа Кодексте «Тірі кезінде донор», «қайтыс болғаннан кейін донор», «әлеуетті реципиент» ұғымдары енгізілді. Жалпы, медицина саласын қайта құрудың негізгі себептеріне мынадай жағдайлар түрткі болды: нарықтық қатынастардың дамуы, оның ішінде медицинада (медициналық сақтандыру, жеке медицина, кәсіпкерлік қызмет); азаматтардың денсаулығын сақтау саласында көптеген заңнамалық актілердің пайда болуы; халықтың медициналық көмек сапасына қойылатын талаптары; қатынастарды реттеуге қойылатын жаңа этикалық-құқықтық талаптардың туындауына әкеп соққан медицина ғылымы мен биологиясындағы түбегейлі өзгерістер (жасанды ұрықтандыру, гендік инженерия, органдар мен тіндерді трансплантаттау (ауыстырып салу) және т.б.).

Соңғы кезде еліміздегі медицина саласындағы кейбір жұмыстар тез қарқынды жүргізіліп жатқаны мәлім. Оған себеп, Covid-19 коронавирустық инфекциясы проблемасы өткір тұр. Ресми деректер бойынша коронавирус инфекциясы Қазақстанға 2020 жылдың

наурыз айының ортасында келді. Бірақ толқынның өршуі шілде айының басында басталды, пневмония жағдайларының көп таралуы да байқалды. Сол уақытта елімізде халыққа медициналық көмек берудің осал тұстары айқын көрінді. Негізгі проблемалар дәрілік заттардың, өкпені жасанды желдету аппараттарының, медициналық бригадалардың және жедел жәрдем машиналарының жетіспеушілігі; стационарлардағы төсек-орындардың тапшылығы, алғашқы медициналық-санитариялық көмек жүйесі қосылмаған, барлық аталған фактілер Денсаулық сақтау министрлігінің қаржыландырудың жетіспеушілігімен және қалыпты құрылған жүйенің болмауымен байланысты жүйелі қателіктері екендігін айтты. Елде медицина саласында тез арада жаңа ұлттық бағдарламалар мен стратегиялық жоспарлар қабылдау қажет болды.

2020 жылдың 7 шілдесінде қабылданған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы кодексінің 76-бабына сай мемлекет Қазақстан Республикасының медициналық көмекке қол жеткізуге, медициналық көмектің сапасына, дәрілік қамтамасыз етудің сапасына кепілдік береді. Сондай-ақ, азаматтарға дәрілік заттардың қолжетімділігіне, тиімділігі мен қауіпсіздігіне, аурулардың профилактикасы, саламатты өмір салтын және дұрыс тамақтануды қалыптастыру бойынша іс-шаралар жүргізуге, репродуктивтілікті таңдау еркіндігіне, репродуктивтік денсаулықты сақтауға және репродуктивтік құқықтарын сақтауға, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылыққа да мемлекет кепілдік береді. Ел азаматтарының тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуге, дәрігер мен медициналық ұйымды еркін таңдауға да құқық берілген.

Атап айтқанда, медицина қызметкерлерінің дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды дұрыс тағайындамауынан және қолданбауынан денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге құқығы бар.

Мемлекет басшысы қол қойған "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" жаңа кодекс азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын нақтылауды көздейді, деп хабарлайды zakon.kz.

Мәселен, Қазақстан Республикасы азаматтарының:

- Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу;

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жекелеген санаттарын уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікті дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз ету;

- медициналық ұйымды, оның ішінде "міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" заңда белгіленген шарттарда, сапалы және уақтылы медициналық көмекті таңдау;

- өз қаражаты, ұйымдардың өздерінің қаражаты, ерікті медициналық сақтандыру жүйесі және тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектен тыс қосымша медициналық қызметтер;

- бірлесіп төлеу;

- уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен көрсетілімдер болған кезде, бюджет қаражаты есебінен шетелде медициналық көмек алу;

- медицина қызметкерлерінің дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды дұрыс тағайындамауынан және қолданбауынан денсаулығына келтірілген зиянды өтеу;

- еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын бере отырып, еңбекке уақытша жарамсыздық фактісін куәландыру;

- мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және емдеуші дәрігерден олардың құзыреті шегінде аурулар профилактикасының, диагностикасының, оларды емдеудің және медициналық оңалтудың әдістері, клиникалық зерттеулер, қоршаған ортаның жай-күйін, еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайларын, дұрыс тамақтану мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қоса алғанда, денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы дәйекті ақпаратты, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың қорытындысын өтеусіз алу;;

- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік органдардан, тәуелсіз сараптама ұйымдары мен субъектілерден өткізілетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы туралы ақпарат алу;

- медицина және фармацевтика қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Денсаулық сақтау ұйымына, жоғары тұрған органға немесе сот тәртібімен шағым жасау;

- мемлекеттік медициналық сараптама қорытындыларымен келіспеген жағдайда тәуелсіз сарапшыларды тарту туралы өтініш;

- трансплантаттау мақсатында тіндер (тіннің бөлігі) немесе ағзалар (ағзалардың бөлігі) қайтыс болғаннан кейін олардан алу мүмкіндігі туралы ерікті түрде ерік білдіру.

Әйелдің ана болу туралы мәселені шешуге және отбасын жоспарлау мен өз денсаулығын сақтау мақсатында қаламаған жүктіліктің алдын алудың қазіргі заманғы әдістерін еркін таңдауға құқығы бар.

Сонымен бірге азаматтардың ана болуды қорғау құқығы қамтамасыз етіледі:

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық тексерулер жүргізу, ұрпақты болу жасындағы әйелдерді динамикалық бақылау және сауықтыру ; ;

- науқас баланы күту бойынша стационарға түскен кезде әйелдердің ұрпақты болу денсаулығына және баланың денсаулығына тікелей әсер ететін негізгі ауруларды медициналық көрсеткіштер бойынша емдеумен қамтамасыз етіледі.

Жүкті әйелдер мен бала емізетін аналардың жұмыс уақытының режимі, жүктілігі және босануы бойынша демалысы және еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Сондай-ақ, Кодексте психикалық бұзылулары (аурулары) бар адамдардан басқа жыныстық сәйкестендірудің бұзылуы бар адамдардың жынысын өзгертуге құқығы бар делінген.

Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру және олардың жынысын ауыстыруды жүргізу қағидаларын уәкілетті орган белгілейді.

Бас бостандығы шектеулі азаматтарға, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған адамдарға медициналық көмек уәкілетті органмен келісу бойынша қылмыстық-атқару жүйесі органдары айқындайтын тәртіппен көрсетіледі. Бұл адамдар медициналық көмек алу кезінде ҚР азаматтарының жоғарыда аталған барлық құқықтарын пайдаланады.

Оралмандардың, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде алуға құқығы бар.

Егер заңдарда және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасында уақытша болатын оралмандар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар айналадағыларға қауіп төндіретін қатты аурулар кезінде уәкілетті орган айқындайтын тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқылы.

Босқындарға, сондай-ақ пана іздеген адамдарға уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және көлемде барынша дәлелденген тиімділігі бар профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтер көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алиева И.Ж., Исабекова В.С. Правовое регулирование вопросов улучшения охраны здоровья граждан и предоставления медицинской помощи в РК. Вестник КарГУ, 2010 г.
2. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» кодексі 7.07 2020 ж.
3. Аканов А.А., Девятко В.Н., Кульжанов М.К. Общественное здравоохранение в Казахстане: концепция, проблемы и перспективы.-Алматы, 2001.
4. Аканов А.А. Система здравоохранения Казахстан: прошлое, настоящее, будущее. -Астана, 2005.

ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ, ПОЛОЖЕНИЕ ЮРИДИЧЕСКОЙ НАУКИ И ПРОФЕССИИ ЮРИСТА В ОБЩЕСТВЕ

Лунёв Дмитрий, студент I курса факультета истории, экономики и права
Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова
Научный руководитель- **Казиев Т.И.**, преподаватель Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова

Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, г.Уральск

В переводе с латинского языка «юриспруденция» означает «правоведение». Правоведение можно представить как изучение общеобязательных правил поведения; установленных или санкционированных государством, т.е. закрепленный порядок общественных отношений. В целом юридическая наука - это общественная наука, которая изучает право как особую систему социальных норм и различные аспекты правоприменительной деятельности. Теоретический подход к изучению и осмыслению юридических наук заключается в рассмотрении, исследовании системы основных идей в той или иной отрасли права как формы научного познания, дающего целостное представление о закономерностях и существенных связях в формировании, принятии и применении права.

Юридическая наука в современном виде дифференцирована на множество отраслей, например таких, как наука гражданского права, наука, уголовного права, теория государства и права, история права и правовых учений и т.д. Прикладными юридическими науками считаются такие, как судебная медицина; судебная психиатрия, криминалистика, криминология, юридическая психология и ряд других наук, составляющих отдельные отрасли.

Для желающих посвятить себя познанию, изучению и исследованию юридических наук необходимо иметь хотя бы общее представление о самых элементарных основах, составляющих юриспруденцию, которые являются базисом профессиональной подготовки юриста.

Юридическая наука: история развития и современность.

Наука как важная область человеческой деятельности, имеющей своей целью получение и систематизацию объективных знаний о действительности, обладает сложной структурой. Прежде всего, она делится на естественные и общественные науки по характеру изучаемых ею явлений и процессов. Так, описание, объяснение и предсказание явлений и процессов, относящихся к человеческому обществу и протекающих в нем, составляет сферу интересов, выражаясь точнее. предмет общественных наук.

В свою очередь, общественные науки также по предмету изучения делятся на более дробные сферы научного знания: социологию, политическую экономию, этику, психологию, эстетику, политологию, социальную, синергетику и т.д.

К общественным наукам относятся и юридическая наука область человеческой деятельности, излучающей государство и право как самостоятельные, но органично взаимосвязанные между собой важные сферы жизни общества.

Как и любая другая, юридическая наука также имеет своей задачей получение новых, объективных знаний о своем предмете, т.е. о государстве и праве, систематизацию этих знаний, описание, объяснение и предсказание на основе, открываемых ею законов различных государственно-правовых явлений и процессов. Она пользуется своим собственными понятиями и категориями, в которых, закрепляются добытые ею знания о различных сторонах государственно-правовой жизни общества, о возникновении, развитии и функционировании таких социальных институтов, как государство и право.

Но наука не может быть сведена только к знаниям, она, представляет собой еще и социальный институт, аккумулирующий потребности общества в определенного рода знаниях, систему научных учреждений, научное сообщество, систему трансляций знаний и применения их на практике. Тем не менее знаний, о юридической действительности были в

принципе всегда (по крайней мере, с той поры, как это действительность сформировалась), а, вот юридическая наука образование достаточно позднее. Поэтому наиболее убедительным эмпирическим показателем возникновения научной дисциплины выступает ее социальное признание и институционализация, выражающиеся, в частности,. в ее преподавании.

Освобождённые районы, контролируемые КПК, обладали определённой правовой базой, заложенной ещё на советском этапе революции в Китае. Однако они не могли создать достаточно систематизированного законодательства вследствие исторических условий своего существования.

Список литературы:

1. Адамчик В.В., Адамчик М.В., Бадан А.Н. История Китая. Харвест, 2014.
2. Синьхайская революция (1911-1913гг.) в современной историографии КНР. М., 2008.
3. Васильев Л.С. История Востока: в 2-х томах. М., 2008.
4. Галенович Ю.М. Цзян Чжунчжэн, или неизвестный Чан Кай Ши. М., 2009.
5. Родригес А.М. История стран Азии и Африки в новейшее время. М., 2016.
6. Социально-экономическое и политическое проблемы Китая в новое и новейшее время. М., 2001.
7. Стабуров Е.Ю. Политические партии и союзы в Китае в период Синьхайской революции. М.,2001.

ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖЕРІ МӘСЕЛЕСІ

Нұрлан Мөлдір, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
тарих факультетінің 1 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - **ИсмағұловҰ.Ш.,** т.ғ.д., профессор

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Т.Шонанұлы - қазақ ғылымы, оқу-ағарту қызметі мен мәдениетінде өзіндік мұра қалдырған аса көрнекті тұлға. Алашордашылар қатарындағы қоғамдық саяси қызметімен қатар, оның өткен ғасырдың 20–30-жылдары отандық ғылым мен ағарту білімінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі айрықша. Оның аграрлық саясаттың әр түрлі тұстарымен және ең алдымен Патшалық Ресей мен бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстанның жер саясатымен байланысты тарихи зерттеулерінің маңызы ашылған.

1937–1938-жылдардағы Кеңес үкіметі тарапынан жүргізілген қанды-қасап жазалаудың жазықсыз құрбаны болғандардың бірі — Халық ағарту комиссариатының ғылым мен ғылыми әдістер жөніндегі кеңесінің мүшесі, ағартушы, педагог, филолог, әдіскер, әдебиетші, тарихшы, сыншы, аудармашы, қазақ бастауыш мектебінің теориялық және практикалық негізін қалаушылардың бірі – Телжан Шонанұлы.

Сонан бергі ұзақ жылдар бойы жан-жақты білімпаз ғалымның аяулы есімі мен ғылыми мұрасы атаусыз, ескерусіз, жабулы күйінде қалды. Ол Кеңес саясатындағы «жылымық» тұстарда да өзі тағдырлас ер азаматтармен бірге ақталу бақытына да ие болмады; қайта Кеңес үкіметі құлап, Одақ тарағанға дейін цензура органдарының шығармаларына тыйым салынған үш қазақтың бірі болып қара тізімде тұрды. Бұған қарағанда аяулы азаматтың соңында жоқтаушы, іздеуші болмаған сияқты. Телжан Шонановтың өмірі мен шығармашылық қызметіне қатысты деректер мұрағат қоймалары мен ертеректе жарық көрген баспасөз бетінде молынан ұшырасатынына қарамастан, әзірге толық зерттелмеген. Тек соңғы кездері баспасөз бетінде ғалымның аты аталып, ғылыми еңбектерінен үзінділер жариялана бастады.

Белгілі қоғам қайраткері, энциклопедист-ғалым Т.Шонанұлы 1894 жылы 17 желтоқсанда сол кездегі бөлініс бойынша Торғай облысы Ырғыз уезі Аманкөл болысы № 4 ауылда (қазір Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Аманкөл ауылы) туған. Ол 1908–1912 жылдар аралығында Ырғыздағы орыс-қазақ училищесін өте жақсы бағамен оқып бітіреді. 1912–1916 жылдары Орынбордағы қазақ мұғалімдер институтында оқиды. Орынборда оқыған кезінде қазақ жастарының мәдени-ағарту бағытында құрылған «Игілік» ұйымын ұйымдастыруға белсене араласып, «Қазақ» газетіне халық ағарту мәселелері бойынша мақалалар жариялайды. Институтты бітіргеннен кейін алты жыл мектепте жұмыс істеуге міндеттеледі. Т.Шонанов 1916–1921 жылдарда Ырғыз уезінде мұғалім, аудармашы қызметін атқарды. Оның ең елеулі қызметі — жиырмасыншы жылдары Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының Халық ағарту комиссариаты (ХАК) жанындағы Академиялық Орталықтағы білікті һәм жауапты маман ретіндегі жұмысы еді. Бұл Телжан өмірінің 1922–1926 жылдардағы Орынбор кезеңі болатын. Ол 1923 жылы 15 сәуірде «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамына» мүше болып, латын әліпбиін енгізуді жақтаған зиялылар тобында болды. 1924 жылы 12–18 маусымда өткізілген қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне, сол жылы Қазақ АКСР-і ғылым саласы қызметкерлерінің съезіне делегат болып қатысты. Т.Шонанұлы 1926–1929 жылдары Қызылордада Қазақ Халық ағарту институтында оқытушы болып жұмыс істеді. Осында жүріп 1926–1928 жылдары «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының» тарихэтнография секциясының төрағасы болды. 1929 жылы Алматыға көшіп келіп, Қазақ АКСР-і ХАК-да қызмет атқарды. 1934 жылға дейін ҚазПИ-де оқытушылықпен айналыса жүріп, мектепке арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жазды. 1935 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі ҚазҰУ) қазақ тілінің доценті болып еңбек етті. Т.Шонанов 1937 жылы 21 шілдеде нақақтан тұтқындалады. Оны «ұлтшыл, төңкеріске қарсы,

Амангелді мен Таранның өліміне қатысты жан» деп айыптайды. Тележанды сол жылдың 1 қарашасына дейін тергейді. Содан төрт айға жуық мерзімнен соң, 1938 жылы 27 ақпанда КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясы ғалымды атуға үкім шығарады. Үкім сол күні Алматыда орындалады . Тележанмен бірге оның жары Шаһзада Аронқызы Шонанова (1903–1938) да қуғын-сүргінге ұшырады. Ол жазықсыз саяси құрбан болғанға дейінгі, 34-ақ жас өте қысқа өмірінде қызметке ерте — 19 жасында кіріскен. 1922–1926 жылдарда Орал Губерниялық Атқару және Сырдария Губпаркомитеттерінде қызметкер, 23 жасынан бастап, КСРО Ағартушы қызметкерлер одағының мүшесі болған, 1928–1930 жылдарда Халық ағарту комиссариатында мектепке дейінгі балалар тәрбиесінің нұсқаушысы, 1932–1936 жылдарда Республикалық педагогикалық және ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институттарында, Халық ағарту комиссариатында жауапты хатшы, ғалым хатшы, әдіскер, кеңесші қызметтеріне мәдени-ағартушылық үлес қосқан. Әкесі «үстем тап» өкілі болғандықтан, 1921 жылы САГУ-ден, 1932 жылы Қазақ мединститутынан оқудан шығарылған. Тұтқындалғанға дейін 1936–1937 жылдарда Қазақ университетінің студенті болған, саяси қуғынға мойымаған. НКВД жендеттері атып, көмуге әкелгенде, кенеттен тіріліп, бір өлтіруге көнбеген құдіретті қазақ қызы болды .Жазықсыз саяси құрбан болған Ш.Шонанова 1992 жылы 18 қыркүйекте ақталды.

Т.Шонанұлы небары 43 жыл өмірінде әзірше бізге мәлім қырық шақты ғылыми, ғылымитанымдық оқыту бағдарламасы, оқулық кітаптары, сондай-ақ жүзден аса көлемді публицистикалық, ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік, проблемалық мақалалар, өмірбаяндық очерктер жазып, аудармалар жасады

1995 жылы «Санат» баспасынан Т.Шонанұлының «Қазақ жері мәселесінің тарихы» зерттеуі «Жер тағдыры — ел тағдыры» деген атпен, ғылыми түсініктемелерімен жарық көрді. Ғалым бұл еңбегінде қазақтың жер тарихын ертеден қозғап, түсіндірмесе, бұл құр «қысыр кеңеске» айналады деп тарихқа жүгінеді. Автор қазақтың көшпенді болуының өзі тарихи-табиғи жағдайда пайда болғанын, ал «көшпелі» деп кемсіту, олардың өмір салтын «біліп жетіспегендердің» теріс пікірі екенін дәлелдеуге тырысады. Осы мақсаттар кітаптың, әсіресе отырықшылдандыру, жаппай ұйымдастыру саясаты қарсаңындағы атқарар жүгін салмақтандыра түседі.

«Қазақ жердің қадірін біле ме?» деген сұраққа жауап ретінде Т.Шонанұлы өз ойын былай түйіндейді: «Біз түсіндірмей-ақ қазақ жердің қадірін аса жақсы біледі. Оны тарихи тұрмыстың тоқпағы үйреткен. Жер шаруаға қандай әсер беретінін, қандай жерде қандай шаруашылық қылуға керектігін шаруа әдемі түсінеді. «Жер — анасы, мал — баласы», «Жері байдың — елі бай», — дейді ел. Халық ақынның аузымен: «Жайықтың бойы жайлы қиян, Маңғыстаудың бойы шаңды қиян», — дейді. «Көк Есілден кеткен соң, жылқының қонысы табылмас», — дейді. «Ащының бойы айтақыр, алалы жылқы жусап тұр», «Шыбышым лақ салмаған, тоқтым қысыр қалмаған», — дейді. «Қалдығайты, Былдырты жер өрнегін қарасаң, көдесінің түбі сайын бір жылқы», — дейді. Бұл — жердің шаруаға жайлылығы туралы қазақтың көзқарасы. Жерсіз жарық тұрмыстың жоқтығын, «Маңғыстаудың шаңды қияны» тәрізді жерлер қонысқа тұлға болмайтынын қазақ жақсы біледі. Жерден айрыларда қазақтың қабырғасы қайысып, омыртқасы майысады.

Қазақ жерін орыс халқы отарлауы екі түрлі болды: бірі – орыс жұртының өз бетінше ,ешкімнен сұрамай отарлауы (вольная колонизация). Екіншісі – ресми отарлауы (правительственная колонизация).

Орыс ішінде түрлі саяси , діни һәм шаруашылық жағынан қорлық, зорлық, қысымшылық,кемшілік көргендер шым-шымдап қашып шығып, қазақ жерін иемденген.Қала берді, қазақтың аңқаулығына сүйеніп, жерінің байлығынан пайдаланғысы келген саудагерлер, талапкерлер де Ресейден шығып, қазақ жерін отарлай бастаған. Міне осыны орыс халқының өз бетінше отарлауы деп атайды.Бұлайша ешкімнен сұрамай отарлау қазақ орыс қол астына қараған кезден-ақ басталады.

Ресми отарлау дегеніміз – үкіметтің рұқсатымен үкімет көрсеткен жерді меншікеп отарлау . Қазақ жерін көп талаған, қазақ шаруасына көп кесірі тиген – ресми отарлау. Қазақ

жерін отарға айналдыру, қазақ даласын талау тарихын екі дәуірге бөлуге тура келеді. 1) Орысқа бағынғаннан бастап XIX ғасырдың 80-жылдарының басына дейін. Бұл атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі. 2) 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға дейінгі қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі.

Қазақ жерінің мәселесі – орыс мемлекетіндегі отарлау саясатының түп-тамырын білмей тұрып түсініксіз.

Қорыта келгенде, қазақ осы күнге дейін ерігіп көшіп жүрген жоқ. Тұрмыс табиғат заңдары қазақты амалсыз көшіріп келді. Казақ жерінің кеңес дәуіріндегі қасіреті өз алдына бір хикая. Қазақ арасында қазақты отырықшыландырудың мемлекетке де, халыққа да тиімді жолын, әдісін көрсете алатын адам бар деп ескерместен, өз білгендерін істеп, ақыр соңында қазақты үлкен ашаршылыққа ұшыратты. Т.Шонанұлы мұны алдын ала айтқаны үшін ұлтшыл атанып, репрессияға ілікті.

Әдебиеттер тізімі:

1. National encyclopedia. Vol. 9 / Editor-in-chief B.Ayagan. — Almaty: Main edition «Kazakh encyclopedia, 2007. — 688 p.
2. Шонанұлы Т. Жер тағдыры-ел тағдыры . 2-басылуы (Көмекші оқу құралы) – Алматы, «Санат»,1995.-224 бет.
3. Salanchina N. Telzhan Shonanula // History of Kazakhstan. — 2006. — № 6. — P. 71.

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА МЕМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Нұртанов Қайсар, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
тарих факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі- **Купенова Г.Ы.**, тарих ғылымдарының кандидаты, Қ.Жұбанов
атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.


Жаһандану процесі адам өмірінің көптеген салаларына өзгерістер алып келді, соның ішіне мәдениет те кіреді. Ақпарат заманында өмір сұрап жатқан қоғамда мәдениет өнімдері бірін-бірі тез алмастырады. Әсіресе бұл «Instagram» , «Vktontakte», «Tik-Tok» сынды әлеуметтік желілерге байланысты. Қазіргі таңда әлеуметтік желілердің адамдардың өмірінде алатын орны зор және оны жоққа шығаруға бірде-бір себеп жоқ.Сонымен қатар мұғалімнің де жаңалықтардан қалыс қалуға, өз оқушыларымен «бір толқында» болуға ұмтылу керек.Әлеуметтік желілерді пайдаланатын ұстаздар саны жылдан жылға көбейсе де (бұл ең бірінші кезекте жас мұғалімдердің келуімен байланысты),педагогтер қауымы әлеуметтік желілердің, жалпы Интернет технологиялардың потенциалы мен өнімдерін толық пайдаланып жатқан жоқ. 2020 жылдың наурыз айында пандемияға байланысты қашықтан оқыту кезінде мектеп мұғалімдерінің де, ЖОО-ның да оқытушыларының цифрлық сауаттылығының жеткіліксіздігі мен «Zoom» сынды бағдарламалардың , қосымшалардың функцияларымен таныс еместігі байқалды.Цифрлық сауатталығы жоғары педагог ең бірінші кезекте өз оқушыларын жақсы түсінеді, бұл оның білім беру мекемесіндегі беделін көтереді, жастар арасында танымал және трендтегі мейлі материалдық немесе мәдени болсын өнімді сабағында пайдалану, материалды қызық формада ұсынуға және пәнге деген қызығушылықты оятуға көмектеседі.

Барлығымыз білетіндей мектеп қабырғасында оқушылар негізгі бағдарламаны меңгереді, яғни болашақта оларға қажет қарім-қабілеттерге ие болады.Қазіргі заманда оқушылардың назарын аудартатын, сабақ материалына қызықтыратын педагогикалық технологиялардың шеңбері кеңейді. Бірақ сонда да педагогтар әрдайым сабақ материалының толық меңгеруіне жағдай жасай алмайды.

Оқыту барысында пайдаланылатын қазіргі заманғы әдістер жайлы айтқан кезде, ойға сабақта мемдерді пайдалану келеді. «Meme» терминін алғаш қолданысқа енгізген алғылшын биологы Р. Докенз. Ол өзінің «Эгоистік ген» атты кітабында «мемді» - мәдениет саласындағы ақпаратты сақтау және бөлісу бірлігі атады[1]. Қазіргі уақытта термин жаңа мағынаға ие болды. Зерттеуші Т.Е. Савицкая бойынша мем жаһандық құбылысқа айналуда[2]. Оған редакцияланған фотосуреттер, фотомонтаждар және бейнероликтер кіреді. Әлеуметтік желілердің арқасында мемдер тез тарап, әрі қарай сан рет өзгеруге деген мүмкіндікке ие болады.

Егер де сабақтан кейін оқушыларда тақырыпқа байланысты эмоциялар болса, оны талдап жатса есте қалады.Мемдерде әрқашанда жасырын ойдың болуы, оны сабақ барысында қолдануға тамаша себеп. Тіпті адамда белгілі бір тарихи оқиға жайлы еш ақпарат болмаса да, ол мем мағынасын өзі ұғынуы мүмкін. Сонымен қатар мемді есте сақтау өте оңай [3].

Мемдердің ең көп таралған формасы графикалық сурет болып табылады. Мысалға ол оқушыға бір ойды жеткізетін, жазуы бар танымал кино немесе мультфильм персонажы болуы мүмкін.



Берілген суретте мультфильм кейіпкері Спанч Боб қолында «Әйелден ешқашан батыр шықпайды» атты стеоротиптің қазақ халқында болмағанын жоққа шығаратындай. Ел басына күн туғанда қазақ қыздары ерлермен қатар қолдарына қару алып, жауға қарсы шыққанына тарих дәлел.

Айта кететін жәйт, мемде міндетті түрде белгілі бір мағынаға ие болуы шарт емес. Ол сабақта көңіл-көтеру элементі рөлін атқаруы мүмкін, себебі юмор арқылы қабылданған ақпарат әрқашанда жақсы есте қалады. Тіпті оқушылардың өзіне сабақ тақырыбына байланысты мем шығаруға тапсырма беріп, сабақ соңында үздіктерін таңдауға болады.

Видеомемдер де тамаша оқыту құралы болып табылады. Қазақ тілді кеңістікте видеомемдерге Қайрат Нұртас сынды танымал әншілердің видеолары мен «Қалаулым» бағдарламасының үзінділері пайдаланылады.Видеомемдердің үлгілері ya_otpan_club инста-парақшасына салынған. Сонымен қатар «Вконтакте» әлеуметтік желісінде тарихқа арналған мемдер «Kz memes» группасынан үнемі шығып тұрады.Бірақ мемдерді сабақ барысында пайдалануда мынандай мәселелерге назар аудару қажет:

Мемдер грамматикалық жағынан сауатсыз болуы мүмкін;

Дөрекі сөздер қолданылуы мүмкін;

Мем өзекті болмауы мүмкін (яғни мемнің өзекті болу уақыты бар)

Мемдерді тек сабақты ашу материалы емес, бағалау элементі ретінде де пайдалануға болады. Жаңартылған мазмұн жүйесіне Қазақстанның орта білім беру жүйесі өткен кезде ең мәселесі көп және өзгерістерді ьалап ететін бөлігі бағалау болды. Мемдер арқылы «тамаша», «жақсы жұмыс», «жарайсың», «талпын» немесе «көңілім толмайды» деп жұмыстарды бағалауға болады. Қажеттісі осы мәндерді білдіретін мемдерді стикер ретінде шығарып, таратуға болады. Бұндай әдісті шетел мектептерінде креативті мұғалімдер кеңінен пайдалануда.

Қорыта айтқанда тарих сабақтарында мемдерді пайдалану тек ақпаратты жеңіл және түсінікті формада жеткізу құралы ғана емес, оның тек оқушылар мен студенттердің арасында ғана емес, жалпы тақырыпқа қызығушы адамдар арасында тез таралуында. Мемдерді пайдаланудың тағы бірн артықшылықтарының бірі тез жасалуында, яғни интернетте мемдердің дайын формалары өте көп, мұғалімге тек өзіне қажетті жазуды қосу керек.

Сондықтан тарих сабақтарында мемдерді пайдалану өскелең ұрпақты тарихқа қызықтырудың тамаша амалы.

Әдебиеттер тізімі:

1.Кронгауз М. Мемы в интернете: опыт деконструкции // Наука и Жизнь. № 10, қазан 2017. [Электронды ресурс]. Сілтеме: https://www.nkj.ru/archive/articles/21327/ .
2.Савицкая Т.Е. Интернет-мемы как феномен массовой культуры // Культура в современном мире, 2013.
3.Мемы – мифы или реальность? Сілтеме: http://shkolazhizni.ru/archive/0/n-35193/.

ТАМАЛАР ТАРИХЫ ДАЛАЛЫҚ АУЫЗША ТАРИХНАМАДА

Олжабаева Айнагуль, БҚИТУ педагогика факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекші – **Құрманалин С.Б.,** тарих ғылымдарының кандидаты,
БҚИТУ профессоры

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Тама тайпасының кезінде Қазан қаласы маңын қоныс еткенін ауыз әдебиеті үлгілері де атап Көрсетеді. Солардың екеуінің қысқаша мазмұндарымен оқырманды хабардар ете кеткеніміз жөн төрізді. Алғашқы назар аударарымыз "Шора батыр" эпосының Майлықожадан Әубөкір Диваев жазып алған нұсқасы. Бұл эпос "бұрынғы өткен заманда Қазан деген қала бар екен. Оның ішінде Тама деген ел бар екен. Осы елдің ішінде үш ағайынды жігіт бар екен: үлкенінің аты Кәрібай, ортаншысының аты Нәрікбай, кішісінің аты Есім би деген екен" [1, 44 б.]. Бұлардың ішінде Нәрікбай жоғарғы тарауда да атап кеттік, Шора батырдың әкесі болып табылады, яғни өмірде болған адам. Алайда, біз білетін ауыз әдебиеті нұсқаларында Нәрік екі түрлі бейнеленген еді: жоғарыда аталған Майлықожа нұсқасында ол байлығы шалқыған, алайда ұрпақ жалғастыруға зар болған, өзінің кіндігінен ұрпақ көрмеген Қазан маңындағы тама тайпасының ықпалды байы, алы Әубәкір Диваевтың нұсқасы бойынша Шора батыр эпосында Тизан шахаріндегі өзінің тама руынан Үргеніш шахаріндегі хандық құрған Ақшаханның қол астына кетіп қалған Нәрік батыр ретінде суреттеледі [2, 75 б.]. Бұл екі эпоста Нәрік екі түрлі бейнелене түрса да, мұндағы ұқсастық - Нәріктің өзінің ел-жұртына екпелеп басқа жаққа көшіп кетуі дер едік. Екі түрлі нұсқада осындай ұқсастықтың болуы Нәріктің тағдырындағы осы түстың тарихи шындыққа жақындығын дәлелдей түседі. Алайда, нұсқаларда үлкен айырмашылықтар да бар. Мысалы, жырдың Майлықожа нұсқасында Қазандағы бауырларына өкпелеп көшкен Нәрікбай өзімен берге "қырық үйлі таманы" ертіп шығады және Қазаннан Аққала шаһары маңына көшіп келеді. Зерттеушілердің түсінігінде Аққала бүгін де Кавказ жерінде Шорахан немесе Петроалександровский деген қала. Бір заманда мұнда Нәрікұлы Шорахан болып тұрғандықтан да қала осындай атауға ие болды деген пікір бар [1, 47 б.]. Мұның өзі де эпоста айтылған жайттың тарихи шындық төңірегінде екендігін дәлелдей түсетіндей.

Бірақ Нерікбай мұнда да көп тоқтай алмай, кемпірі екеуі Бабай түкті шашты "Әзіздің" аруағына сыйынып, жаратқаннан бала сұрау үшін Самарқан арқылы Қаратауға дейін барады, осында Әулие басына түнейді. Түстерінде Бабай түкті шашты Әзіз, бұлардың тілегін қабыл алып елге, яғни "қырық үйлі тамаларына" қайтып оралған соң, бұлар ұлды болып, оның атын Шора батыр деп қояды.

Әубәкір Диваевтың нұсқасында мөселе мүлде басқаша: мұнда елге өкпелеген Нәрік батыр (Нәрікбай емес) Үргеніш шаһарында билік құратын Ақшаханның қол астына көшіп келеді. Осында ол Меңлі сұлу деген ақылды аруға үйленіп, одан бала сүйеді және атын Шора деп қояды [2, 78 б.].

Бұл эпостарда айтылып отырған Нәрік батыр да, оның ұлы Шора да тарихта шынында да өмір сүргені рас екенін жоғарыда айтып кеттік. Олардың Қазан қаласы маңын мекендеген тама руында аса ықпалы тұлғалар болғанын басқа тарихи деректер де растайды. Екі эпос үлгісінде де есейген Шора батыр Қазан төңірегіндегі туыстарына қайта оралады. Алайда, осы жерден бастап Әубәкір Диваев жазып алған жыр нұсқасында Шора батырдың Қазанды басып алған орысқа деген жаулық көзқарасы айқын көрініс бере бастайды. Ата-анасымен қоштасып Қазан қаласына аттанған Шора былай дейді:

"Берген жаны өзі алатұғын,
Беріп саған Құдайым,
Мені жаудан өлер деп
Анажан қылма уайым.
Хазиналы Қазанды

Кәпір алды деген соң,
Мұнда неғылып шыдайын.
Қазаңда бар арулар
Өзімді-өзім сынайын.
Қазанды кәпір алған соң,
Бармай қайтып тұрайын" [1, 80 б.].

"Кәпір" деп бұл жерде Шора орыстарды айтып отыр. Шораның қарындасы Шырынның ағасына қоштасуында бұл мәселе тіптен ашық айтылады:

"Қазанды орыс аралап,
Қол салды ана биіне,
Келтірмей елді күйіне.
Есен барып сау қайтсаң,
Тллпарың жоқтар жамағат,
Түсіріп іңкәл күйіне,
Өзі түкті сары орыс
Қол текті деген не болар,
Мұсылманның еліне" [1, 81 б.].

Мұндай орысқа қарсы жорық жасаған Шора тәрізді батырды кейіннен кеңестік тоталитарлық жүйенің айыпталғаны, ал Шораға арналған жырды тарихтан мүлде алып тастауға күш салғаны белгілі.

Алайда, большевиктер "Шора батыр" жырының тарихи дерек ретінде құндылығын ескере алмады. Онда айтылатын тарихи тұлғалардың өмірде шынында да болғандығы назар аудартады. Мысалға, мына жолдарды алайық:

"Оқа бөрік басында.
Ақ сұңқары қолында,
Орманбек байдың илаты,
Он сегіз мың ноғайлы
Арыстан Шора батырдың
Жүретұғын жолында, - ".

Шора батыр Қазанға жорыққа аттанғанда оның жолында Орманбет бай басқарған "Он сегіз мың ноғайлы" жұрты жатқанын байқаймыз. Орманбет бидің тарихта XVI ғасырда өмір сүргені белгілі Ақназар ханның тұсында Қазақ хандығына ноғайлардың кіру процессінің Орманбет би өлген соң тіптен кең өрістеп, ал мұның өзінің қазақ халқының қалыптасуына үлкен ықпал жасағаны тарихымыздан жақсы белгілі [3, 246 б.].

Жырдағы Шораның шығу тегі, мақсаты оның Орманбет еліндегі Мақтым сұлумен әңгімесінен айқын байқалады. Шора жөн сұрасқан сұлуға былай жауап береді:

"Төре емеспін қарамын,
Көкіш ұлы тамамын
Тама ішінде Чабамын,
Нәріктің ұғылы Шорамын
Хорезмнен келемін,
Хазиналы Қазанды
Орыс алды деген соң,
Ғайратым тасып келемін.
Мен Қазанға барамын, - " [2, 82 б.].

Мұнан байқайтынымыз, Шора батырдың Қазанға қарай Хорезм жерінен аттанғаны. Бұл аймақ жалпы алғавда тамалар орналасқан Дешті Қыпшақтың төңірегі болып табылатыны белгілі.

Жырда Шора батырмен жөн сұрасып тұрған Мақтым сұлу батырдың Хорезмнің қай жерінен келе жатқанын айқындай түседі:

"Шора батыр сенбісің,
Көкіштің ұлы атанған,

Өргек істен келген ермісің.
Хазиналы Қазанды,
Кәпір алды деген соң,
Ғайратыңа шыдамай,
Қаһарланып, қатланып
Шамырқанып, шатланып
Мұздай темір қоршанып,
Шар алмақ болған ермісің".

Бұл жерде Шора батырдың Қазанға жорыққа Хорезм жеріндегі астана-қала Үргеніштен аттанғаны белгілі болып отыр. Сонымен қатар, жырда Қазанды басып алған "кәпірлер", яғни орыстар туралы тағы да әңгіме көтерілгенін көреміз.

Жырды оқи түссек, Мақтым сұлудың Шора батырды Қазанға жорыққа барудан бас тартқызбақ болған әрекетін айқын аңғарамыз. Ол Еділдің бойында "кәпірлердің" "қырық мың шерік" жер қайысқан қалың әскерлері бар екендігін, ал Шораның тіптен суықтан қорғайтындай киім-кешектерінің де жоқ екендігін және т.б. қиыншылықтарды Шораның басына үйіп төгеді. Алайда, алған бетінен қайтса, Шора батыр бола ма! Ол былай деп кесіп айтады:

"Нәріктің ұғылы Шорамын,
Мен Қазанға барамын,
Мен Қазанға барғанша,
Қар жаумасын, нұр жаусын.
Мен Қазанға барған соң,
Қар жаумаса қан жаусын.
Ниет қылдым хақ үшін" [2, 83 б.].

Сонымен, Қазан шаһаріне келіп түскен, жанында Құлыншақ батыр және Шора пішен базарында "кәпірлердің" Қамыл деген мырзадан тауық жұмыртқасы түрінде күштен сағырт алмақ болғанына куә болады да батырлар олардың басын кесіп алады. Осыдан соң "кәпірлер" Шора батырды ұстап алу үшін серік жібереді. Сонда Шора түркілік рухпен толғанып былай деген екен:

"Истанбул, Қазан екі шәһөр,
Әуелден еді белгілі.
Мұсылманның жұртының,
Мәдеті еді еліне.
Бұрынғылар надан-ау
Қазанды қатар салдырған.
Петербор, Мәскеу төріне.
Еділдің суы қосылып,
Екі айырылған жеріне".

Осылай өткен тарихты қозғап алған Шора енді ашық шайқасқа дайындалады:

"Бұ - Қазанды айырсам,
Кәпірлердің қолынан
Іс бітірдім дер едім,
Ақтанкерді келтірші,
Егәрлеп ноқтасын,
Сауытымды келтірші,
Аны үстіме киейін.
Мынау жатқан кәпірге
Аллалап енді тиейін".

Мұнан ары Шора батырдың Құлыншақ батырмен бірге қаһармандық шайқасы көркем де, аса айбынды тілмен шебер суреттеледі. Олар кәпірлерден Қазан қаласын азат етеді және қорғап қалады.

Жырдың соңынан Шора батырдың тек тама тайпасының ғана емес, күллі түркі дүниесінің батыры екендігін айқын аңғарамыз. Бұл туралы Шораның өзі былай дейді:

"Ат қақысын сұрасаң,
Андажан менен Қоқанда,
Ер қақысын көргенмін,
Қырым менен Қазанда,
Топ қақсын көргенмін,
Хиуа менен Бұқарда" [1, 73-80 бб.].

Бұл аталған жерлер әрине, Шора батырдың ылғида жортуылдан жүретін, түркі халықтары жайлаған кең өріс алқап болып табылады. Мұны сыртқы жаудан қорғаушы да Шора батыр.

Сонымен, жалпы алғанда Әубөкір Диваев жазып алған Шора батыр жырының нұсқасы сол кезеңнің тарихи шындығынан көп ауытқи қоймайды. Рас, көркемдеу, әсірелеу, аңыз желісін қуалау тәрізді халық ауыз әдебиеті үлгілеріне тән нәрсе мұнда да кездеседі. Ал енді Майлықожаның жоғарыда айтылған Шора батырға қатысты хиссасында "орыс" немесе "кәпір" туралы мәселе мүлде ауызға алынбайды. Аққаладан Қазанға келген, өзінің әкесінің бауырлары Көріпбай мен Есім биді осында жылап-сықтап жолықтырған Шора батыр оларды қалмақ басқыншылығынан қорғауға бел шеше кіріседі. Алғаш Шора батыр қалмақтардың басшысы Қараманмен жекпе-жекке шығып, оны өлтіреді, онан соң өзін қалмақтарға мойындатады Тегінде Шора батыр туралы хикаяның Майлықожадан алынған нұсқасы кеңестік кезеңде жазылып алынғандықтан одан Шора батырдың орыстарға қарсы Қазан үшін соғыстары әдейі алынып тасталған болса керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Майлықожа. Қарасөз. Төртінші кітап. –Шымкент: Шымқала, 2006. – 520 б.
2. Диваев Ә. Тарту. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 256 б.
3. Қазақ-ноғай қатынастары (15-18 ғғ.) // Қазақ совет энциклопедиясы. - 6 том – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1975. - 420 б.

ОРАЛ ӨҢІРІНІҢ ЖАУДАН АЗАТ БОЛҒАН АЙМАҚТАРҒА ТУЫСҚАНДЫҚ КӨМЕГІ

Оразбаева Лаура, БҚИТУ педагогикалық факультетінің II курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - **Балыкова А.М.,** тарих ғылымдарының кандидаты, БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

КСРО ХКК мен БКП(б) ОК-нің 1943 жылы 21 тамыздағы «Неміс басқыншыларынан азат етілген аудандардың шаруашылығын қалпына келтіру шаралары» қаулысы бойынша [1, 417 б.] Қазақстан азат етілген аудандардың қалаларын, елді-мекендерін қалпына келтіру жұмыстарын орындауда белсенділік танытып КСРО республикалар арасында алғы шепте болды. Қазақстан облыстары 14 гвардиялық дивизиялар мен әскери бөлімдерді, неміс басқыншыларынан азат етілген 12 қаланы, 45 ауданды, 35 шахтаны өз қамқорлығына алды [2, 1 п.]. Аталған нысандар республиканың барлық облыстарына бөлінді. Оның ішінде Батыс Қазақстан облысына- Почеп қаласы, Орлов облысының үш ауданы, Ленинград облысының азат етілген аудандарын қамқорлыққа алу міндеттелді [2, 2 п.].

Ленинградтықтардың көпшілігінің Орал өңіріне эвакуациялануы екі аймақ халқының ынтымақтастығын арттырды. Соғыс еңбеккерлері Ленинград облысының жаудан азат етілген аудандарына көмек беруге үндеу жасады.

Орал қаласының халқы Ленинградты ерлікпен қорғаушыларға ондаған вагон сыйлық жіберді. Ленинград обком партиясының хатшысы П.С.Попков РСФСР Жоғары Кеңесінің 5-сессиясында Ленинград еңбекшілерінің атынан үлкен алғысын білдірді [3, 159б].

Еділ бойындағы қаһарман қаланы қалыпқа келтіруде Орал өңірі аянып қалған жоқ. 1943 жылы сәуірде Орал қаласында жалпы қалалық жексенбілік өткізіліп, оған қаладағы өнеркәсіптік және көлік кәсіпорындары, кәсіпшілік артельдерінің жұмысшылары, мекемелердің қызметкерлері мен оқушылар қатысты. Жексенбілікте түскен табыс Сталинградты қалыпқа келтіруге аударылатын болды.

Горпромкомбинаттың ұста цехының басшысы Константин Васильевич Наумов ұстаға өзі тұрып, қажырлы жұмыс үлгісін көрсетті. Комбинат токары Мария Васильевна Цветкова білікті 2 сағатқа ерте қайрауға болатындығын көрсетті. Осы күні Орал қаласының еңбекшілері Сталинградты қайта қалыпқа келтіру қорына 80 мың сом ақша аударды [3, 159б]. Ересектерден балалар да қалыспай, мектеп оқушылары кешкілік жұмыс жасап, тапқан табыстарын Сталинградтың мектеп ғимараттарын қалпына келтіруге аударды.

Көп станокта жұмыс істеу, жоспарды екі жүз пайызға орындау, тетелес мамандықты меңгеру жолында қозғалыс кең өріс алды. Орал Локоматив депосының токары Гамаюнов майдандағыша еңбек етіп, күндік нормасын 1100-1250 пайызға орындауға жетті [4].

Украина мен Белоруссияның азат етілген темір жол шаруашылықтарын қайта қалыпқа келтіруде Орал бөлімінің теміржолшылары үлкен үлес қосты. Полтаваның жаудан азат етілген темір жол ұжымы қуанышпен қабылдап, Полтава паровоз депосын қалыпқа келтіру жұмыстарын қолға алды.

1943 жылы қарашада жұмысшылар котельный цехының екі кешенді бригадасына құрал-жабдықтар мен паровоз депосының басқа да цехына бағалы құрылғыларды жинады. Торап теміржолшылары Белорусь темір жолына көмек беруді қолға алды. Темір жол желісін қайта орнатуға құрал-жабдықтар жетіспейтінін білетін теміржолшылар белорусь әріптестеріне жүздеген балға, кілт, сүңгі, өзге де құралдар жіберіп, 10400 сом ақша аударды. Станция ұжымы, амбулатория жұмысшылары айлық жалақысының 15 пайызын, пайдаланылмаған еңбек демалыс күндерінің ақысын аударса, құрылысшылар өз табыстарының ¼ бөлігін Беларусь темір жолын қалыпқа келтіру қорына аударды. Орал жол бөлімінің комсомолдарының ұсынысы бойынша жастар жаудан азат болған жолдарға әскери вагондар мен белгі беруші құрал-жабдықтар үшін құрылғылар жинауды бастады[3, 160б].

1943 жылы Орал қаласының 400 теміржолшысы немістерден азат етілген аудандардағы темір жолдарға қызмет жасауға барды.

Орал қаласы жаудан азат болған Почеп қаласы мен Почеп облысы, Жиздринск және Унечск аудандарына көмек беруді жауапкершілікке алды.

Почеп қаласындағы «Поляна» спорт қалашығында немістер конц-лагерь жасақтаған екен, ал В.И.Ленин атындағы орта мектептің жертөлесінде күш көрсету камерасы жасалған. Немістер жаулап алған уақытта 3 мың почептық азаптап өлтірілген. Тері-былғары, ағаш кесу, крахмал зауыттары өртенген, темір жол, электр, машина-трактор станциясы, құс комбинаты, 4 ірі совхоз, 5084 тұрғын үй, 55 диірмен, 38 мектеп, клуб, кинотеатр, пионерлер үйі мен кітапхана өртенген. Осы мәселеге айрықша көңіл бөлген Орал ет комбинатының коммунистері партия жиналысында екі электромотор, көп тиражды газетке арналған баспахана, кітапхана жасақтауды қолға алды. Басқа да кәсіпорындар қарап қалмады. Облыстық баспахана ұжымы баспа және миновальды машина, екі дана шрифт және аудандық баспаханаға арналған құрал-жабдықтар, теру кассасын, 50 кг қорғасын және баспаханаға керекті басқа да заттар жинақтады. Облпромсоюз артелі екі электромотор, екі токарь станогы, 1,5 тонна шаруашылық сабын сияқты заттарды жіберді.

Қаланың басқа да кәсіпорындары өнеркәсіптік құрылғылар мен әртүрлі құрал-саймандар дайындады. Почеп қаласының балаларына Орал қалалық №6 орта мектебінің оқушылары ойыншықтар, доп, шырша ойыншықтарын жіберді [3, 161б].

Бір айдан соң Почеп қаласының қалалық кеңесінің төрағасының орынбасары Н.Лабутко азат етілген Почеп қаласында кірпіш зауыты мен ағаш кесу зауыты, наубайхана, аурухана, шеберхана, екі мектеп, екі асхана, үш монша қалыпқа келтірілгенін мәлімдеді. Электростанция, диірмен, су құбыры мен кәріз желісін қалыпқа келтіру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

Тез арада облыстық атқару комитеттері азат етілген аудандарға көмек беру және шаруашылығын қалпына келтіру жөнінде арнайы қаулылар қабылдап, комиссиялар құрды. Азат етілген аудандарға көмек көрсету үшін жылқы, ірі қара мал, ұсақ мал, құс, тракторлар, автомашиналар, ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандар, өнеркәсіп жабдығы, аяқ киім мен киім-кешек, азық-түлік, медициналық препараттар, дәрі-дәрмектер, көркем әдебиет, оқулықтар мен оқу құралдарын, сондай-ақ әр түрлі мамандықтары бар қызметкер кадрларды бөлу ісі қолға алынды [5, 163 б.]. Азат етілген аудандарға ең алдымен ауыл шаруашылығының білікті мамандары жіберілді.

Ленинград қаласына Орал өңірінен 9 вагон, оның ішінде 89 тонна азық-түлік жіберілді. Республика бойынша 128 вагон, оның ішінде 1307 тонна түрлі азық-түлік жөнелтілсе, оның 23 вагонын Батыс Қазақстан өңірі жіберді [6, 3 п.].

Орал қаласының еңбекшілері майдандағы жауынгерлермен, өздері қамқорлыққа алған әскери бөлімдер, құрамалармен тығыз байланыс жасап, делегациялар жіберіп, майданнан делегациялар қабылдап тұрды.

1943 жылы мамырда қала еңбекшілерінің өкілдері (олардың ішінде қалалық партия комитетінің хатшысы Қ.Ильясов, 1919 жылы Оралды қорғауға қатысқан Дондуков, Орал паровоз депосының машинисі Завертайло және басқалар бар) қамқорлыққа алған дивизия жауынгерлерінің шақыруы бойынша майданда болып, оралдықтардың сыйлығы ретінде бес вагон ет, сары май, консерв, шұжық, басқа да азық-түлік тағамдарын апарды. «Қымбатты Достар! Гвардияшылар! - деп жазды оралдықтар өздерінің хатында.

– Біздің бұл хатымызды оралдықтардың шағын сыйлықтарымен бірге Сіздерге қала еңбекшілерінің өкілдері табыс етеді. Біз сіздердің алдыңызға бүгін кешеден де жақсы еңбек етеміз, еңбек өнімділігін еселеп арттыра отырып, майдан қажеті үшін өнім шығаруды молайтамыз. Өзіміздің қажырлы еңбегіміз арқылы дұшпанды күл-талқан етуге лайықты үлес қосамыз деп ант етеміз» - делінген [7].

Азат етілген облыстарға, қалаларға жиналған арнайы сыйлықтарды алып бару құрметіне тек еңбек озаттарынан жасақталған делегациялар ие болды. 1942 жылы Ленинградқа жіберілген сыйлықтарды КП(б) ОК нұсқаушысы А.Шишларевтің бастауымен

14 облыстан құралған 15 адамнан тұратын делегация жеткізді. Делегация құрамында Батыс Қазақстан облысынан Донская Зинаида- Фрунзе атындағы ұжымшарының сауыншысы болды [8, 3 б.].

Мұндай сыйлық тиелген эшелондар мереке, атаулы күндері де аттандырылып отырылды. Республика бойынша 1942 жылдың өзінде-ақ Жаңа жыл, Қызыл Армияның 24 жылдық мерейтойына, 1 мамыр мерекелеріне арналған 432 вагон сыйлық жіберілсе, оның 95 вагонын Батыс Қазақстан өңіріндегі облыстар арнайы жіберді [6, 63 п., 35 п.].

Қорыта келгенде, соғыс жағдайындағы Батыс Қазақстан облысының тұрғындары өздерінің ауыр тұрмыстарына қарамастан майданды, Қызыл Армия отбасыларын, азат етілген аудандарды өз қамқорлықтарына алып, оларға қаржылай-заттай, рухани жағынан көмектерін беріп отырды. Ұлы Жеңісті жақындатуда Орал өңірінің халқы өшпес үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі:

1.Советский Союз в годы Великой Отечественной войны. -Москва. 1985. -711с.
ҚР ПМ. 708-қор, 9-тізбе, 1361-іс.
2.Букаткин Р.П. Западноказахстанцы в годы суровых испытаний (1941-1945). Уралск, 2005. – 199с.
3.Жиенбаев Қ. Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін. // «Орал өңірі» газеті. 9 мамыр, 1981 жыл.
4.Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941-1945 жж.). - Алматы: Ғылым, 1985.- 320 б.
5.ҚР ПМ. 708-қор, 6/1-тізбе, 478-іс.
6.Малороссиянцева А. Тыл – майданға. // «Орал өңірі» газеті. 26 наурыз, 1976 жыл.
7.Аликулова Н.С. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстанның әлеуметтік - экономикалық жағдайы. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Ақтөбе, 2010. – 159б.

ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІ

Рахатова Нұрайна, БҚИТУ педагогикалық факультетінің II курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Хасанова М.Д.,** БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Заң ғылымы - құқықты әлеуметтік нормалардың ерекше жүйесі ретінде зерделейтін және құқықты қолдану қызметінің алуан түрлі қырларын зерттейтін қоғамдық ғылым. Әр елдің Конституциясы заң ғылымының негізі және қайнар көзі болып табылады.

Қазіргі заң ғылымы бірқатар білім салаларына сараланған. Олар: мемлекет пен құқық теориясы, құқық және құқықтық ілімдер тарихы, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, жер құқығы, су құқығы, көлік құқығы, халықаралық құқық, сот медицинасы, сот психиатриасы, криминалистика, криминология, заң психологиясы және тағы басқа қолданбалы заң ғылымына жатады. Ал әр сала өз кезегінде мемлекеттік-құқықтық институттарға бөлінеді. Бұл институттар қоғамдық қатынастардың белгілі бір тұтас жүйесін реттейтін құқықтық нормаларды біріктіреді. Заң ғылымының нышандары заңнама (заңдар) мен құқықтық ғылымның дамуына қарай пайда болды.

1991 жылы Мемлекет және құқық институты құрылды, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 2000 жылдың ақпан айынан бастап Қазақ мемлекеттік Заң академиясының ғылыми-құрылымдық бөлімшесіне айналды. Қазақстан Республикасындағы құқықтық ғылым саласындағы іргелі зерттеулер бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін басты ұйымға айналды, ол елімізде азаматтық қоғам қалыптасуының, құқықтық мемлекет құрудың теориялық, ғылыми-методологиялық және қолданбалы қырларын зерттеуге ұйытқы болып, Қазақстанның заңгерлерін осы іске жұмылдырып отыр.

Заң ғылымы – мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеп, олардың қоғамдық өмірмен байланысын, арақатынасын айқындайтын арнайы білім жүйесі. Заң ғылымы өзі реттейтін объектілерінің ерекшеліктеріне байланысты түрлі салаларға бөлінеді.

Қазақстан Республикасының заң ғылымдары, біріншіден, мемлекет пен құқық теориясына негізделеді. Теорияда мемлекет пен құқыққа тән жалпы заңдылықтар, олардың жалпы белгілері, түрлері оқытылады. Мемлекет пен құқықтың қалыптасуына, дамуына, өзгеруіне саяси және құқықтық ілімдер зор әсер етеді.Әр елдің мемлекет және құқығының шығу, қалыптасу, даму, өзгеру тарихы бар. Бұл тарихты зерттеу және оқыту тек білу үшін ғана керек емес. Мемлекеттің тарихы оның қазіргі жағдайына, болашағына да әсер етеді, қоғамды ұтымды жолмен дамытуға, қажетті саясатты жасауға жол сілтейді. Сондай-ақ ұлттық саяси және құқықтық сананы қалыптастыруға да әсерін тигізеді. Мемлекет пен қоғам өмірінің салаларындағы қоғамдық қатынастардың ерекшеліктеріне байланысты құқық салаларының өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан құқық салаларының аталуы да, мазмұны да ерекше, айырықша болып келеді. Әр мемлекет басқа мемлекеттермен қарым-қатынаста болады және дүниежүзілік қауымдастық шешетін мәселелерге қатысуға ат салысады. Соған байланысты басқа мемлекеттердің ұлттық құқықтық жүйесінің негізгі саласы – конституциялық құқықты білу қажет. Демократиялық даму жолына түскен мемлекет мұндай халықаралық құқықтық құжаттарды мойындауға, мемлекет ішінде қолдануға міндетті.

Қазақстанда еліміздің табысты дамуының негізі болып табылатын Республика Конституциясының 25 жылдығы атап өтілді. Мемлекеттік құрылымдар, құқық қорғау органдары, барлық заңдық жауапкершілік Конституциямыздың саяси-құқықтық маңыздылығын, оның ережелерін дамыту мен жүзеге асырудың проблемалары мен перспективаларын бағалай отырып, оның жұмысын қорытындылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының елдің үдемелі экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуының негізі. ҚР Президенті Қ-Ж.Қ. Тоқаев: "Қазақстан Конституциясы әлемдік озық тәжірибе мен тәжірибені, сондай-ақ тарихи және ұлттық дәстүрлерді бойына

сіңіріп, халық бірлігі мен мемлекетіміздің тәуелсіздігінің берік іргетасы болып табылады", - деп атап көрсетті.

Конституцияның тарихи құжат және қоғам өмірінің барлық салаларындағы Қазақстанның прогрессивті қозғалысының негізінде жатқан нормативтік акт ретіндегі маңыздылығын мемлекет қайраткерлері, жетекші ғалымдар, республиканың жоғары оқу орындары жұртшылығының өкілдері, оқытушылар мен студенттер атап көрсетеді. Қазақ ұлттық университетінің ректоры. Академик Ғ.М. Мұтанов: "Қазақстан Республикасының Конституциясы қажетті құқықтық негіз құрды, соның арқасында республикада қазіргі заманғы нарықтық экономиканың тиімді жұмыс істейтін моделі құрылды, саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім қамтамасыз етілді, ал қоғамда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сақтау жүйесі қаланды, қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың және қазақстандық ұлтты біріктірудің идеологиялық құндылықтары айқындалды", -деп атап өтті.

Еуропа Кеңесінің Венециандық комиссиясының президенті Джанни Букиккио атап өткендей: "Қазақстан Конституциясы – ойластырылған, қолданыстағы, халықаралық нормаларға сай келетін тамаша құжат. Конституция сіздің елде болып жатқан оқиғаларды үнемі дамытып отыруы керек. Әрине, әлі де саяси тұрғысынан жұмыс істеу керек сәттер бар. Конституция халықты бөліспей, біріктіруге тиіс және Қазақстанда бұл жөнінде нақты түсінік бар".

Қолданыстағы конституция 1995 жылы жалпыхалықтық референдумда қабылданды. 1993 жылғы алдыңғы Конституция сияқты 1995 жылғы Конституцияны қабылдаудың басты идеялық шабыттандырушысы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев болды. "Ел Конституциясы терең экономикалық қана емес, саяси қайта құрулармен де байланысты үлкен жолдан өтуге мүмкіндік берді", - деп атап өтті ол. Мұны егемен Қазақстанның жаңа ұлттық заңнамасы дәлелдейді. Оның көмегімен осы жылдар ішінде біз Қазақстанды азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін нақты демократиялық институттар жұмыс істейтін елге айналдыру үшін берік іргетас қаладық".

Қазақстан Республикасының Конституциясы – демократиялық, өркениетті даму жолына түскен мемлекет пен қоғамның негізгі, басты нормативтік актісі. Конституцияда қоғамдық өмірдің барлық жақтарын өмір беретін шырынмен қоректендіретін үлкен саяси және құқықтық заряд бар. Бүкіл құқықтық жүйенің өзегі ретінде ол заңның әртүрлі салалары үшін бастапқы болып табылатын маңызды принциптерді заңды түрде белгілейді. Оның ең жоғары заңды күші бар, мемлекеттік органдардың барлық заңдары мен өзге де актілері оның негізінде және соған сәйкес шығарылады.

Азаматтардың құқықтарын қорғау тетігінің маңызды құрамдас бөлігі Конституцияның 78-бабында көзделген рәсім болып табылады. Егер сот қолданылуға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайды деп тапса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен ҚР Конституциялық кеңесіне жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Конституциясы Қазақстан демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып табылады деп бекітеді. Құқықтық мемлекеттілікті бекітудің негізгі кедергілерінің бірі сыбайлас жемқорлық сияқты әлеуметтік зұлымдық болып табылады. Осыған байланысты Ұлт Көшбасшысы – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде ел алдында тұрған он міндеттердің қатарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен заңның үстемдігін қамтамасыз ету деп аталды.

Ата Заңымызды мақсат - мұратына сай игілігімізге айналдырып, ұрпақ тәрбиелеу ісіне, болашақ мүддесіне пайдаланудың қамын жасадық. Конституциялық реформаның түпкі мақсаты - жұмысты жүйелендіру. 25 жыл Тәуелсіздікте мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып, сот және құқықтық жүйені жаңғыртуға аса мән беріліп келеді. Барлық бастамалар құқық үстемдігі мен 17 миллион азаматтың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Ұлт жоспарындағы 11 қадамның сот жүйесіне қатысты болуы - осы сөзімізге

дәлел. Кез келген реформа сапалы әрі уақытылы жүзеге асуы тиіс. Нұрсұлтан Назарбаевтың «5 институционалдық реформаны» өмір шындығына айналдыруда «100 нақты қадам - Ұлт жоспарына» баса назар аударуы да сондықтан.

Елбасы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында: «Біздің алдымыздағы басты міндет – уақыт талабынан қашпай, оны лайықты қабылдап, мемлекетімізді одан әрі жаңғырту. Ұлы халқымыз бірегей тарихи мүмкіндікті толық пайдалана алатынына сенемін», - деді.

Елбасы жаңа Қазақстан мемлекетін орнату кезеңінде жирырма бес жылдық тарихымыздағы ұлы оқиғалардың қайнаған өзегінде жүріп, салиқалы да сындарлы шешімдер қабылдап, халқын кемелдікке жеткізуге ұмтылған қазіргі заманның ең көрнекті реформаторлары қатарына енді. Жиырма бес жылдық қысқа мерзім ішінде жаңа мемлекеттің туын тігіп, тұғырын биіктетті.

Әдебиеттер тізімі:

1.ҚР Конституциясы 1995 ж 30 тамыз
2. И.И. Рогов Қазақстандық тренд - тоталитаризмнен демократиялық және құқықтық мемлекетке: сырттай көзқарас. -Астана, 2015.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам»

ҰЙЫМНЫҢ КАДРЛЫҚ САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Рустемова Гулназ, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тарих, экономика және құқық факультетінің I курс студенті,
Ғылыми жетекшісі- **Куспанова А.Ж.**, тарих ғылымдарының магистрі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің оқытушысы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Кадр саясаты-бұл ұйымның мақсаттарына жету үшін персоналды тиімді пайдалану үшін басшылық қолданатын принциптер, ережелер, нормалар, әдістер мен шаралар жүйесі. Тиімді кадрлық саясат еңбек ұжымының дамуына, ұйымның басқару сабақтастығын, дәстүрлері мен менталитетін сақтауға ықпал етеді. Кадрлық саясатты меншік иелері, жоғары менеджмент және ұйымның кадр қызметі әзірлейді. Кадр саясатына жалпы басшылықты ұйым басшысы жүзеге асырады.

Қызметкерлерді басқару жүйесі, бірнеше деңгейге ие (мемлекеттік - салалық - аймақ - ұйым) және толығымен белгілі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған персоналды басқару жүйесі ретінде анықталған.

Ұйымның кадрлық саясаты ұйымның дамуының негізгі стратегиялық ережелерін ескере отырып қалыптасады. Ол шынайы, икемді, әлеуметтік-экономикалық өмірдің өзгеретін жағдайларына бейімделіп, жоғары кәсіби кадрларды құруға бағытталған болуы керек.

Кадрлық саясаттың басты мақсаты ұйымның тиімді қызметі мен дамуы үшін персоналды басқаруды оңтайландыру болып табылады. Оған қол жеткізу үшін мынадай негізгі міндеттерді уақтылы шешу қажет:

- кадрларға қойылатын қазіргі заманғы талаптар жүйесін қалыптастыру;
- әртүрлі деңгейдегі, кәсіптердегі, біліктіліктегі кадрларға қажеттілікті барынша шынайы болжау және бос орындар мен жұмыс орындарын уақтылы толтыруды қамтамасыз ету;
- кадр құрамын дамытудың басымдықтарын айқындау;
- кадрларды іріктеу, іріктеу, бағалау нысандары мен әдістерін жетілдіру;
- қызметкерлерді ынталандырудың, дамытудың, кәсіби-лауазымдық ілгерілетудің тиімділігін қамтамасыз ету;
- басшы кадрлар резервімен жұмысты жетілдіру;
- кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- кадр саясатын іске асыруға қабілетті тиімді кадр қызметін құру.

Жеке ұйымның кадрлық саясатын қарастыра отырып, бұл тұтастай алғанда ұйымды басқару жүйесінің негізгі элементі екенін атап өтеміз. Ұйымды басқару-бұл басқару функцияларын құрайтын бірқатар белгілі бір кезеңдерден тұратын процесс. Бұл функциялар ұйымдық басқарудың бірыңғай жүйесінің элементтері ретінде осы ұйымның түпкі мақсаттарына жету үшін әртүрлі әрекеттердің тұтас және дәйекті байланысын құрайды. Осыған байланысты, осы жүйеде әрбір функция уақытша және кеңістіктік сенімділік пен түпкілікті нәтижеге ие басқару процесінің объективті қажетті саласы болып табылады. Ұйымды басқарудың бірыңғай процесін салыстырмалы түрде оқшауланған, сонымен бірге тығыз байланысты функцияларға бөлу басқару жүйесін нақты белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған интеграцияланған процесс ретінде сипаттау кезінде қажет.

Сонымен қатар, кадрлық әлеуетті басқару, көбінесе әдебиетте ұйымдық персоналды басқару деп аталады, бұл субъектілердің мақсатты қызметі ғана емес, сонымен бірге ұйым деңгейінде жұмыс күшін қалыптастыру, бөлу, қайта бөлу процесіне өзара байланысты ұйымдастырушылық – экономикалық және әлеуметтік шаралар, ұйымның тиімді жұмыс

істеуін және оның қызметкерлерінің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін қызметкердің кәсіби қасиеттерін пайдалануға жағдай жасау.

Ұйымды басқару ұйым алға қойған мақсаттарға жету үшін басқарылатын объектіге әсер ету әдістерінің жиынтығын қолдану арқылы жүзеге асырылады, яғни өз мақсаттарына жету үшін басқару әдістерінің жиынтығын қолданады.

Басқару тәжірибесінде, әдетте, оларды біріктірудің әртүрлі әдістері бір уақытта қолданылады. Қалай болғанда да, басқарудың барлық әдістері бір-бірін органикалық түрде толықтырады және тұрақты динамикалық тепе-теңдікте болады. [1]

Ұйымның кадрлық саясатының негізгі қағидаттары:

- ✓ заңдылық;
- ✓ ғылыми негізділік;
- ✓ жүйелік;
- ✓ күрделілік;
- ✓ икемділік;
- ✓ экономикалық негізділік;
- ✓ дәйектілік.

Бұдан әрі кадр саясатының басымдықтары анықталады. Кадр саясатының басымдықтарын қалыптастыруға ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Ішкі факторларға мыналар жатады: мақсаты мен ұйымдастырылуы, оның қызметінің ерекшеліктері, мамандануы, технологиясы, өндірісі-су және ұйымдастыру құрылымы; жұмыс орындарының сандық және сапалық сипаттамасы; еңбек жағдайлары, ынталандыру және еңбекақы төлеу жүйесі; қызметкерлердің құндылық бағдарларының өзгеруі; басқару стилі; ұйымның қаржылық мүмкіндіктері және т. б. Сыртқы факторларға мыналар жатады: ұйымның тауарларына немесе қызметтеріне сұраныстың өзгеруі; бәсекелестердің позициясын нығайту; еңбек нарығының конъюнктурасы, бәсекелестер тарапынан жұмыс күшіне сұраныс; еңбек заңнамасының талаптары; елдің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары; әлеуметтік-экономикалық даму өңірлік бағдарламаларының және халықты жұмыспен қамту бағдарламаларының тапсырмалары; ұйым қызметінің қалыптасуын қалыптастыратын экономикалық, саяси факторлар мен заңдардың тұрақтылығы. Осы факторларды ескере отырып, ұйымның кадрлық саясатының ерекшеліктерін әзірлеу кезінде белгілі бір назар аударуға ықпал етеді.

Типтік басымдықтар:персоналды басқарудағы кадр қызметінің мәртебесі мен рөлін арттыру;кәсіби-біліктілік, лауазымдық және сандық құрылымды оңтайландыру негізінде персоналға қойылатын қазіргі заманғы талаптарды жүйелі қалыптастыру;персонал жұмысының сапасын арттыру;кадрларды іріктеу, іріктеу, бағалау және кәсіби-лауазымдық ілгерілету жөніндегі жұмысты сапалы жақсарту болып табылады; кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру сапасын арттыру; басшы кадрлар резервімен жұмысты жүйелеу; кадрларды басқару практикасына қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу және т.б. кадр саясатының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін органды және материалдық-техникалық жағдайларды қамтамасыз ету қажет.

Ұйымның кадрлық саясатын ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету мыналарды қамтиды: персоналға қажеттілікті болжау жүйесі; негізгі кадрлық іс-әрекеттер, оның ішінде іріктеу, іріктеу, жұмыс нәтижелерін бағалау бойынша заманауи, ғылыми негізделген персонал-технологиялар; кадрлар мен басқа да қызметтердің, сондай-ақ желілік және функционалдық басшылардың дайындалған қызметкерлері;ұйымның кадрлық құрамы туралы құрылымдалған ақпарат, кадрлық әлеуетті есепке алу мен талдаудың мониторингтік жүйесі және оның іске асырылуы. Ұйымның кадр саясатын материалдық-техникалық қамтамасыз ету мыналарды қамтиды: кадр қызметінің материалдық-техникалық базасы; персоналды басқаруды жетілдіру проблемалары бойынша басшылар мен мамандардың біліктілігін арттыруға қаражат бөлу;кадрлармен жұмыс жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көздері мен тәртібін айқындау және т. б.

Ұйымның кадрлық құрамын талдасақ, бұл кезеңде ұйым басшысының тапсырмасы бойынша бірқатар қызметтер (Кадрлық, экономикалық, құқықтық, қаржылық және т.б.) кадрлық құрамға талдау жүргізеді. Кадрларды пайдалану тиімділігін талдау негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі яғни кадрлардың саны мен сапалық құрамын талдау; кадрлар қозғалысын талдау; еңбек жағдайларын талдау; жұмыс уақыты қорын пайдалануды талдау; жұмыс күші шығындарын талдау; басшы кадрлар резервімен жұмысты талдау және т.б.

Ұйымдағы кадрлық жағдайды бағалау жүргізіледі. Бағалау кезінде ұйым персоналы жұмысының тиімділік факторлары анықталады, сондай-ақ оның жұмысының тиімділігін арттырудың қосымша резервтері әртүрлі бағыттар бойынша іздестіріледі бұл, кадрлардың білім беру және кәсіби-біліктілік құрылымының оңтайлылығы, персонал құрылымының ұйымның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі; құрылымдық бөлімшелердің білікті жұмыс күшімен қамтамасыз етілуі; персоналды, оның ішінде персоналды оқытуға (қайта оқытуға) қажеттілік. құрылымдық бөлімшелердің басшыларын оқытудың тиімділігі; кадрларға қажеттілікті қанағаттандырудың негізгі көздері; қызметкерлерді әлеуметтік қорғауға арналған шығыстар (әлеуметтік пакет); бос лауазымдарға орналасу кезінде, неғұрлым жоғары лауазымға ұсынылған кезде кадр резервін пайдалану тиімділігінің деңгейі; кадрлардың тұрақтамауын талдау; кадрлардың еңбек жағдайлары мен еңбекақы деңгейіне қанағаттануы; кадрлардың кәсіби дамуындағы ұйымның қаржылық мүмкіндіктері;өндірістің тиімділігін арттыру және еңбек жағдайларына қанағаттану және материалдық ынталандыру мақсатында ұйымның өндірістік және ұйымдастырушылық құрылымын өзгерту мүмкіндігін талдау. [2]

Жүргізілген талдау және ағымдағы кадрлық жағдайдың үрдістерін бағалау ұйымның кадрлық саясатын әзірлеудің алынбайтын бөлігі болып табылады.

Кадрлық құрамды талдау нәтижелері бойынша әртүрлі деңгейдегі қызметкерлерге, мамандықтарға, мамандықтарға, біліктілікке қажеттілік болжанады. Ұйымның кадрларға қажеттілігін болжауды Ұйымның экономикалық қызметтері жүзеге асырады және қысқа мерзімді (бір жылға дейін); орта мерзімді (бес жылға дейін) және ұзақ мерзімді (бес жылдан астам) болуы мүмкін.

Кадрлық саясатты ресімдеу кезеңінде ұйым басшылығының кадрлық саясатты талқылау және оны құжаттамалық рәсімдеу процесі жүреді. Қажет болған жағдайда басшылық сарапшылардың, беделді мамандардың, жоғары органдардың жетекшілерінің пікірін сұрай алады, әртүрлі әдістерді қолдана отырып, кадр саясаты туралы еңбек ұжымының пікірін диагностикалай алады. Келіп түскен ұсыныстар, түзетулер, ескертулер кадр саясатының түпкілікті жобасын пысықтау кезінде ескеріледі. Осыдан кейін ұйым басшысы оның негізгі бағыттарын қамтитын құжатты бекітеді. Кадр саясатын тұжырымдайтын кез-келген ұйымда пайда болады: оны құжаттау керек пе, жоқ па? Ұйымның құжаттық рәсімделген кадр саясатының артықшылықтары: түсініктілік, айқындылық болып табылады.

Кадр саясаты туралы құжат негізінде қызметкерлердің барлық санаттары – мамандардан бастап кез-келген деңгейдегі көшбасшыға дейін – ұйымның оларға қойылатын талаптарын басшылыққа ала алады, басқарудың жоғарғы деңгейіндегі менеджерлердің алғашқы мансапқа қатысты әрекеттерін түсінеді және жеке іскерлік мансапты құрудағы перспективаларын анық көре алады. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары кадр процестеріне ортақ көзқарасқа ие болады, кадр саясатын іске асыру тәсілдерінің бірлігін қамтамасыз етеді, персоналға қойылатын талаптарды белгілеу кезінде ынтымақтастық пен іс-қимылдарды үйлестіруге ұмтылады, кадрларға қатысты корпоративтік мінез-құлық стандарттарын қамтамасыз етеді. Басқарудың барлық деңгейлеріндегі кадрлық шешімдер белгілі бір кадрлық басымдықтарды іске асыруға ықпал ететін болады. Мысалы, ұйым ішінде басқарудың орта және төменгі деңгейлерінің басшыларына бұрын оларға сенім артпаған өкілеттіктерді беру олардың жауапкершілігін арттыруға және беделінің өсуіне ғана емес, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті нығайтуға да алып келеді. Өкілеттіктерді кеңейту олардың алдына ұзақ мерзімді даму міндетін қояды, өйткені құрылымдық бөлімшелерде

кадрлық саясатты жүзеге асыру бойынша жұмыс бөлімшелер басшыларды еңбек және онымен байланысты қатынастар саласында біліктілігін арттыруға мәжбүр етеді. Ашық кадр саясаты ұйымның "сыртқы әлемдегі"оң имиджін нығайта түседі. Кадр саясаты туралы құжат негізінде персоналды бейімдеуді, дамытуды, оқытуды құруға, ұйымда тезірек біртұтас топ құруға болады. Ұйымның құжатталған кадрлық саясатының кемшіліктері оның динамикасы мен баяулығын қамтиды. Жылдам дамып келе жатқан ұйым нарықта қалу үшін болып жатқан оқиғаларға икемді түрде жауап беріп, сәйкесінше іскерлік және кадрлық саясатты өзгертуі керек делік. Сондықтан кадрлық саясат туралы құжатта мезгіл-мезгіл түзетулер енгізуге, өзгертуге тура келеді, бұл қосымша түсіндірулерді қажет етеді. Кейбір кемшіліктерге қарамастан, ұйымның құжатталған кадрлық саясатын құптауға болады. Мысалы, Республиканың мемлекеттік кадр саясаты тұжырымдамасын жария ету қоғамда тек оң қабылданды. Ал Американдық ғалымдар Р. Каплан және Д. Нортон 1990 жылы 12 ірі компанияның шаруашылық қызметінің нәтижелерін өлшеу жүйесінің әрекетін зерттей отырып, ұйымішілік басқару мақсаттары үшін монетарлық және монетарлық емес көрсеткіштердің салмақталған жиынтығын ұсынды [3].

Кадр саясатын қайта қарау, өзгерту ұйымда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Кадр саясатын іске асыруды ұйымның тиісті басшылары жүзеге асырады. Іс жүзінде кадрлық саясат ұйымдастырушылық, экономикалық, әкімшілік-құқықтық, әлеуметтік-психологиялық іс-шаралар, жоспарлар, "кадрлар" бағдарламалары, тақырыптық бағдарламалар (қызметкерлерді бағалау, ішкі оқыту, қызметкерлердің еңбек қызметін ынталандыру және ынталандыру, жас мамандардың біліктілігі мен әлеуметтік бейімделуі, қызметкерлердің еңбек жағдайларын оңтайландыру және т.б.), нормалар, әдістер мен ережелер, персонал технологиялары, қызметкерлерді басқару және персоналды мониторингтеудің әртүрлі әдістері арқылы жүзеге асырылады. Кадр саясатын іске асыру құралы әртүрлі деңгейдегі басшылардың қол астындағылармен еңбек қатынастары барысында пайдаланатын экономикалық, әкімшілік және басқа да өкілеттіктері болып табылады.

Кадр саясатының іске асырылатын іс-шараларының тиімділігін айқындау мақсатында оларға мониторинг жүргізу қажет. Ішкі және сыртқы факторлар өзгерген жағдайда басшы ұйымдағы дағдарыстық жағдайдың алдын алу үшін тиісті басшылардың алдына дағдарысқа қарсы Кадрлық бағдарламаларды әзірлеу жөніндегі міндетті уақтылы қоюға тиіс.

Кадр саясатын іске асырудың табыстылығын қамтамасыз ету үшін күтілетін немесе ықтимал қиындықтар мен дағдарыстық құбылыстарды еңсеру жөніндегі шаралар жүйесін қамтитын жекелеген ахуалдық жоспарларды әзірлеу қажет.

Қорыта келе, мақсаты ұжымда жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыру, соның арқасында білім беру яғни біліктілігін арттыру, ұйымдастырушылық және экономикалық міндеттер айтарлықтай шешіледі. Басқаша айтқанда, команда алдына қойылған мақсаттарға жұмыс тиімділігі мен сапасының маңызды критерийлерінің бірі – адам факторы арқылы қол жеткізуге болады. Бұл жағдайды ескеру қабілеті көшбасшыға ұжымға мақсатты түрде әсер етуге, жұмыс үшін қолайлы жағдайлар жасауға және, сайып келгенде, бір мақсаттар мен міндеттермен ұжым құруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Исакулов Е. Б., Мемлекеттік кадр саясатының негіздері
2. Пархимчик Е.П., Кадровая политика организации.
3. Каплан Р.С., Нортон Д.П. Организация, ориентированная на стратегию – М: Олимп-Бизнес, 2004. – 416 с.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ Ш.УАЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

Салхаева Әдемі, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі- **Бижанова Ә.Е.,** тарих ғылымдарының кандидаты, БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Уәлихановтың діни көзқарастарын сипаттай келе әр түрлі авторлар бір ауыздан оларды материализм деп бағалайды. Осы көзқараста кеңестік тоталитарлық жүйе кезеңінде үстемдік еткен таптық құрылым белгілері айқын көрінген. Өз еңбектерінің бірінде Шоқан былай деп жазады: «Шіркін, көк тіреген заңғар таулар, сылдырлап аққан бұлақтар болсашы дейміз. Ал тағдырдың айдауымен он дай жерге бара қалсақ, әуелі бұған сүйсінеміз, шаттанамыз» [1]. Осы жолдардан байқайтынымыз, Шоқан адамды жердің кез келген бөлігіне апара алатын тағдырға сенеді.

Шоқан атеист емес. Марксистік әдебиеттегі көзқарастық бағыттылығын атеистік бағалаушылыққа Шоқан мұрасындағы қайшы ойлар негіз болды, әсіресе, оған Шоқанның қазақ даласындағы мұсылман молдалары мен ишан-дарының қызметін қатты сынауы.
Ал қазіргі уақытта Шоқанның еңбектерін оның діни көзқарастары арқылы мүлде жаңаша түсіну мүмкіндігі туды: «... Аспандағы әр жұлдызды әр адамның жаны деп түсінеді. Егер бір жұлдыздың ағып түскенін көрсе, «Менің жұлдызым жоғары деп екі рет айтады. Жан біреуақ, ерте ме, кеш пе, тірі пендеге бір өлім бар!», - деп мінажат етеді. Кешке үйге кіріп келе жатып, әкемнің: «Бүгін екі адам өлуге тиіс деген сөзін жиі еститінмін. - Қалайша? - деп сұрағанда: - «Екі жұлдыз аспаннан ағып түсті» - дейтін [2].

Шоқанның досы Г.Потанин естеліктерінің бірінде былай дейді: «Мәңгілікпен салыстырғанда бұл түкке тұрмайды!» - ол (Шоқан) осы сөздерді жиі айтатын, бірақ бұл сөздер оның ең басты ойы еді. Шоқан өзі туралы ұрпаққа қалар естелік туралы қам жеген емес. Ол үшін өмірдегі ең қымбат сыйлық - жамандық атаулының барлығының оның келекесінен сескеніп, одан тығылуы.

«Мәңгілікпен салыстырғанда бұл түкке тұрмайды» деген сөздерінің мәніне тереңірек үңілейік. Шоқан ұрпаққа қалар естелік туралы қам жемейді, яғни Шоқан үшін мәңгілік бұл өмірде емес бірақ бар» - деп жазады Потанин.

Штаб офицері А.Гейнстің берген хаттарындағы Уәлихановтар әулетінің үй-жайы туралы сипаттамасынан біз Шоқанның қандай жерде және қандай ортада өсіп, тәрбиеленгенін көруімізге болады. Ол былай деп жазады: «Шыңғыстың қыстауы қоныстан он шақырым жерде орналасқан. Қарағай жапқан екі көркем тау оның үй-жайын жауып түр; тасты өр мен құламамен жүріп өткенде біз бірнеше, орта қолды помещиктер талғамымен салынған үйлерді көрдік, ал ортада мешіт орналасқан» [3]. Шоқан өлімінен кейін 30 жыл өткенде Потанин оның әкесіне барғанда көзіне, ең алдымен, мешіт түседі.

Қазақтар туралы барлық зерттеушілердің айтуынша қазақтар мұсылмандар, бірақ исламдық ырым, сенімді де ұстайды. Олар мұсылман дініне табынумен қоса шамандық нанымдарға да иланады. Бұл пікірлер шындыққа келеді, дегенмен олардың шамандығы (бақсылығы) неден тұрады? Бірақ, өкінішке орай, қазақ арасындағы шамандық, бақсылық жөнінде әр түрлі мерзімді басылымдарда мақалалар жарық көргенімен, осы жай туралы әлі күнге дейін ешкім егжей-тегжейіне жетіп жазған емес.

Жалпы, шамандық дін ретінде, дін ілімі тарихында, әлі арнайы зерттелмеген тақырып болып саналады. Бір кезде бүкіл Алдыңғы Азия халықтарының ортақ діні болған, қазірде дараланған дін саналатын шамандықты ең алғаш жүйелі түрде, жақсы зерттеген марқұм Банзаров еді. Банзаровтың «Кесапат сенім немесе монғолдардың шаман дініне сенуі» («Черная вера или шаманство у монголов») атты зерттеуі шамандық туралы ең құнды да, жеке-дара, теңдесі жоң еңбек болып саналады. Осы шығарма соншалықты құнды болғанмен, бұл еңбекті шамандық туралы толық дүние деп айта алмаймыз, біздің осы пікірімізді Банзаров мақаласы атының өзі-ақ айтып тұр: буддист – монғолдардағы шамандық туралы

очерктер. Банзаровтың өзі де былай дейді: «...өздерінің ескі наным-сенімдеріне жеркенішпен қарайды және ол наным-сенімдерді көзі ашық – салауатты адамның айналысатын ісі деп сатылмайды». Біздің ойымызша, осы жағдай өте маңызды. Себебі, Банзаров өз очерктеріне деректерді ламалардың ерекше кітаптарынан жинаған, буддизмге лайықтаған шамандардың дұға намаздарынан алған. Мысалы, оба тұрғызғандағы дұға, ырымдары, отқа табынып дұға оқу, қойдың жауырынына қарап бал ашу, та-ғы сол сияқты – бәрі жаңа діни ағымға байланысты өзгер-генін көрсетеді. Мен бұл сөзіммен, монғолдарға қарағанда, қазақтарда шамандық та-за күйінде сақталды деуден аулақпын, керісінше, қазақтарда шамандық салт-сана мұсылмандық наныммен мидай араласып, ортақ – мұсылман атты дінді құрайды. Қазақтар, әуелде, Мұхаммедті білмей тұрғанда да алла мен тәңіріге бірдей табынып, мұсылман әулиелерінің басына құрбандық шалып, бақсылардың құдыретіне де сенді, пайғамбар ұрпақтары қожаларды да құрмет тұтты. Халық отқа табынып, ал бақсылар болса, жын-перілерімен қоса мұсылмандардың періштелерін де шақырып, алланы да мадақтады. Осылай екі дінді араластыра табыну ешқандай қайшылыққа жатпаған, қазақтар екеуін де қосып ұстаған.

Екі дінге бірдей табыну осы күнге дейін келіп жалғасты. Енді ислам діні мен орыс цивилизациясы далаға жеткенде, татар фанатиктері тәбиелеген сауатты жеткіншектер ертедегі бабалар діні – шамандықты жек көре қарап, бақсыларды көрген жерлерінде қуғындап, олардың ойынына зікір салуына тыйым сала бастады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырсыздар, осы екі діннің, қазақ нанымында мидай араласуына, ертеден келе жатқан шамандық дін негіз болды демекпіз.

Діни жетекші – молдасыз, сауатсыз халық арасында мұсылман діні ойдағыдай тамыр жая алмады, ислам дінінің әуезді дыбысы мен түсініксіз сөздер тізбегі астарында шаман-дық салт-сана қалып қойды. Сондықтан да, діни атаулардың аттары, терминдер ғана өзгерді, ал негізгі шамандық туралы түсінік - ол сол баяғы қалпында қалды [4].

Адамның өзі де табиғат әсерімен өмір кешсе, шамандық нанымдарда да, жалпылай, не біржақты табиғатты қадірлеу бар екенін байқауға болады. Бұл тұрғыдан алғанда, шамандық барып тұрған материализм болып саналады. Ал, басқа жағынан алып қарағанда, шамандық нанымдағы: о дүниелік адамның рухы – жаны мәңгі жасайтыны туралы түсінік тағы бар, демек, бұл барып тұрған – сииритуализм . Жалпы, өте тапқыр идея және өте тамаша ойлап табылған, оның тамашалығы да сонда, адам мифологиялық жағынан алжаспайды, қоғамдық талқыға, қоғамдық заңдарға барынша еркіндік береді. «Табыну – таңданудың аса биік түрі», - дейді, Карлейль, біздіңше, пұтқа табынудың шығу тегіне шамандық толық түсінік береді. Табиғат және адам, өмір мен өлім саналы ұғымға тіптен түсініксіз, таңғажайыпқұпия құбылыс болып келеді.

Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? Әлемнің таңғажайыптығын тану, ұғу қажеттілігі, адамға қатысты өмір мен өлім мөселесі, және табиғаттың құпиясына деген құштарлық шамандықты туғызды. Шамандық дегеніміз – әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау. Ертедегі адамдардың нәресте – пәк көңіл-санасы күнді, айды, жұлдыздарды, мәңгілік өзгерістегі бүкіл жарық дүниені құрмет тұтты, осыларды біз табиғат немесе әлем дүниесі деп атадың. Көк тәңіріне табынатын шамандық туралы тамаша түсініктемені біз, Карлейльдің жауабынан табамыз: «Ақиқат сіз жақта, есіңізде ме, Платонның мысалға келтірген адамы; қараңғы үңгірде туып, ержеткен ол, жарыққа шыққанда... мына гүл жайнаған жасыл алқап, таулар, сылдырап аққан бұлақтар, жарға соққан теңіз толқындары, көк аспанның шексіз күмбезі, ысқырып соққан жел, біресе нөсерлетіп, бұршақтатып ұрып, найзағай жарқылдатқан қара бұлтты аспан – бұл не ғажап?! Ал, енді тағы бір құпия – ол уақыт: ең жоғарғы құпияның құпиясы... мына жалпақ әлем... О құдіретті тәңірім! Бұл не деген күш – таным ауқымына келмейтін не деген тосын күш! Барлың күштің түп тамыры да – тосын күш, тек қана біз емес!»

Шамандың діндегі адам құдіретті күн нұрына қарап таңдайды, осыншама жарықтың құпиясына түйсігі жетпей табынды, қара аспанға нұр сепкен айды көріп те табынды. Ертедегі

адам табиғаттың барлық құбылысына мінажат етті, өзінің ұғымы жөтпейтін, уақыт сияқты мәңгі, түсініксіз күштердің бәріне бас иді, көк аспанды – көк тәңірі, - деп атады. Шамандық сенімнің дүниеге келуі – жалпылай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, қастерлеу болып саналады.

Табиғаттың енді бір ғажабы – адамның өзі. Сол қабілетті тірі жан, ол ойлай алатын, жан-жағына бағдарлай, сынай қарайтын жаратылыс кереметі. Аңғаруға, түйсінуге келмейтін табиғат күштері болмысының өзі құдай деген құдреттің дүниеде барлығы емес пе? Адам шаман бейнесіндегі тірі рухқа және аруакда (онгон) табынды. Күнделікті өмірде, табиғаттың адамға әсері, әсіресе адамның алғашқы пәк-көңіл, нәресте кезінде, қатты ықпал етті. Сондықтан да, адам өзін қоршаған жаратылыстың түсініксіз құбылыстарына ар-налған — өмір сүру ережелерін ойлап табуға мәжбүр болды. Табиғаттың түсініксіз құбылыстары кезінде сол ереже-заңдарды басшылыққа ала отырып, әр түрлі тосын жағдайларда қалай әрекет етудің құралы есебінде қолданды. Ертеден келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сананың қайнар көзі, қазір біз шамандық – ескі наным деп атап жүрген, кезінде, бүкіл халық табынған нағыз дін еді.

Сонымен, шамандық сенім о баста жалпы – ортақ көк аспан идеясына, ал жекелей күн, ай, өзен-су, т. б. жаратылыс таңғажайыптарына негізделді, демек, табиғатқа бас иді. Кейбір жақтары фетишизмге де ұқсанды бірақ бақсылық өзінің негізгі идеясы, мазмұны жағынан, дөрекі, ұсақ адорациялық – бас ию ағымынан алыс жатыр. Алғашқыда, табиғаттың құдіретті күштеріне тәңеу арқылы, сол құдіретті бейнелеу, әрине, адам санасында тәңірі кейінірек дүниеге келді, оның айғағы, тәңірі сөзінің өзі бағзы замандарда – көк-аспан деген сөздің баламасы екені белгілі. Банзаров тауып айтқандай, шамандықта зороастризм дінінің әсері бар. Хормуздағы о бастағы көкке мінажат қып, отқа табыну да ертеден шамандықта болуы мүмкін еді, бірақ бұрынғы оңтүстік иран мен солтүстік арабиядағыға қарағанда, анағұрлым ырым-жораға бай салт-сана негізінде құрылды. Аспан-көкте мекен еткен құдіретті күштің адамға әсері туралы шамандық қандай түсінікте еді? Шаман дінінде өлген адамның аруағы тәңірге тәуелсіз құдіретке ие болады, сол себепті, көк-әлем билеушісінің қуатты күші тек тірі адамдарға ғана әсер етеді. Сондықтан, оларда христиандардағы күнә идеясы болмаған; жер бетіндегі жақсылық пен жамандың, бақыт пен баңытсыздық тәңірінің құдіретінен, ал рақат пен жаза күнәнің артын ала жүреді – бұл шамандық нанымдағы түсінік.

«Сыртқы әлем – ол табиғат, ішкі әлем – ол адамның мәңгі жасайтын рухы, осы екі ұғымның құбылысы – кесапат сеніміндегілер идеясының қайнар көзі», - дейді Банзаров. Сыртқы әлем – күй, ай, жұлдыздар мен жер – алғашқы нанымның құдіретті күштері деп саналса: осындай негізгі нанымдарға қоса жанама – көмекші нанымдар да: тау, өзен-су т. б. болды. Сонымен, шамандық жаратылысты құдіретті күш деп таныды.

Өлген сәттен бастап жаратылыс пен табиғаттың үстемдігі кілт үзіліп, оның өзі аруаққа – онгонға, барлық құдіретті күштерден тәуелсіз кейіпке айналады. Өлген адамның о дүниедегі хал-ахуалы жерлегендегі, жерлегеннен соңғы ырым-жораларың салт-санаға тән, бұзылмай орындалуына байланысты еді. Егер өлгеннен кейінгі ырым-жоралар дұрыс орындалса, онда өлген адамның рухы жайбарақат рақат күйге түсіп, өз үрім-бұтақтары мен туған-туысқандарына шапағатын тигізіп, жебеп жүреді, ал олай болмаған жағдайда жауығып, аруағы қарғап-сілейді. Сондықтан, осы салт-санаға, тірілердің түсінігінше, аспан-көк құдіреті алаламайтындай, қызғанышсыз кеңпейілділікпен қарайды. Шамандық діндегі халықтарда, христиан дініндегілерге қарағанда күнә болмайды, себебі, адам күнә жасаудан қорқады, күнәкар болса малы азаяды, ал, ауруға шалдықса, абайсызда отты басып кеткендіктен. Бір сөзбен айтқанда, шамандық діндарлық кесірге жеткізді: кесір дегеніміз мал-жанның құрып кетуі, ауру-індеттің жағадауы, ұзын сөздің қысқасы – бақытсыздық жайлайды. Өлгенді шығарып салудағы ырым-жораның бұзылуы, артынша бақытсыздық әкеледі, ал өлген адам болса, барлық жаза бақытсыздықтан, азат рухы еркіндікте деп есептелінеді.

Қазақтар аруақтарға бағыштап төрт түліктің қайсысын болсын құрбандыққа шала береді. Мінажат етіп, аруақтардың басына (моласына) барып түнейді, сол жерде құрбандық

шалады, өзінің қолы жетпей жүрген көкейкесті арманын өтеуді тілейді, мысалы, баласы жоқтар бала сұрайды. Аруаққа арнап құрбандық шалғанда, қазақтар «аруақтың батасы тие берсін немесе аруаққа бағыштадым» деп айтады.

Шамандар аспан тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары есебінде саналды. Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, күйші де, сәуегей және емші, сегіз қырлы, бір сырлы адам болған. Қазақтар шаманды бақсы дейді, ол сөз монғолша оқытушы, үйғырлар бахшы десе, түркімендер осы атаумен өздерінің ақындарын атайды. Біз бақсы атауының шыққан тегін сөз еткелі отырғанымыз жоқ, ол жағы Банзаров тарапыиан егжей-тегжейлі түсіндірілген, сонымен қатар, шаман дегеніміз шарлатан деген пікірді де жоққа шығаруға күш салмаймыз. Тек қана Карлейль айтып кеткен бірер сөздерді ғана қайталамақпыз:» Барлатандық небір жабайылар арасында да дінді туғызады деген болжамның өзінен қайғы-мұңға батам». Біздің кез келгеніміз ақын бола алмаймыз, сол сияқты қазақтарда да көрінген кісі шаман бола алмайды [4, 95-97 бб.].

Барлық шамандың салттың ішінде, отқа табыну қазақтарда әлі өз күшінде. Қазаңтар отты әулие деп санайды, осы әулие атауымен мұсылман тақуаларын да атайды. Аса жоғары құрметтеудің белгісі ретінде, қазақтар монғолдар сияқты отты – ана деп атайды. Отта тазартушы қасиет бар деп түсінеді, екі оттың арасынан өткізі тазартады, осы тазартуды қазақтар аластау дейді. Қыстаудан көшкенде, олар көшті екі оттың арасынан өткізеді. Ел алдында ант берген адам да отпен тазалануға тиіс.

Қазақтарда от үйдің киесі, шамшырағы, сондықтан да жаңадан түскен жас келіншек үлкен үйдің отына тағзым етуге (сәлем етуге) тиіс. Отқа құрбандық ретінде, қазақтарда май қолданылады. Ал, құрбандық шырақтары немесе балауыз шамдар ақ мақтадан, ортасына шиден жіңішке сабақ қойып жасалады. Шырақтың ұзындығы бір шынтақ болады. Маңтадан жасалған шырақтар өлген адамның ғана басына қойылады, әр күнде оннан, төрт күнде қырың шырақ жағылады.

Құрбандыққа барлық малды шала береді, соның ішінде көбіне еркек малды сояды. «Шора» атты поэмада батырдың әйелі: «түйеден – нарды, жылқыдан – айғырды, сиырдан – өгізді, қойдан – қошқарды алып, тәңірімнен ұл сұрап барайық», - дейді.

Ислам дінінің салты бойынша құрбандықты тек Аврамов пайғамбарды еске түсіру құрметіне – құрбан айтта ғана мал сойылады. Ал, қазаңтар болса кез-келген қиындық басына түскенде, тәңірінің атына, малды құрбандыққа шалып... аруақтарының басына барып, мінажат ете береді. Мұндай, ислам дінінен ауытқитын, құрбандықтарды, ертедегі пұттық діннің көріністерін бүркемелеу үшін садақа, құрбандық деп атайды.

Табиғаттың сұрапыл күштерінен әуелгі адам қорыққан, бірақ ол құбылыстардан жасырынуға, сөйтіп аман қалуға болатын еді. Бірақ сұрапыл күштер қайдан, қалай пайда болатынын түсінбей, үнемі өзіне төніп тұратын беймәлім қорқыныштыі сезінетін. Сөйтіп, алғашқы адам жан-жағын үрей-қорқыныш билеген ортада тұрды.

Қазақтардың ойынша тіл тек сөз арқылы ғана іске асады, тілдің ғаламат соққыдан да күшті әсері бар. «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады». Егер қазақтарда сүйкімді бала өлсе, жақсы ат жоғалса, алғыр қыран қолдан ұшып кетсе, мылтық бұзылса - олар осыньң бәрін тіл тигеннен болды деседі... [5].

Қазақтар киеге үлкен мән береді. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір Жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажет заттарды киелі деп қастерлейді. Осы аталрандарды құрмет тұту, ырым жорасын жасап тұру, адам баласына байлық пен бақыт – әкеледі деп түсінеді. Ал, осы кәделерді ұстамау, киелерді құрметтемеу жоқшылыққа душар етеді. Сондай құдіретті күші бар жан-жануарларды киесі бар дейді, ал олардың өзін киелі деп атайды. Жан-жа-нуарлар мен заттардың киесін қадірлемеу киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары – кесір деп аталады.

Патша үкіметі қыр адамдарына әр уақытта менсінбеушілікпен қарады, мүмкіндік бола қалса қазақтарға үстемдігін көрсетіп қалуға тырысты. Шығыстанудың бай тәжірибесі оларға

мәлім емес. Олар өздері билеуге келген халықтың тарихын, мінезін, халықтың менталитетін білмеді, жергілікті ерекшеліктерді жете түсінбеді.

Шоқан «Қырдағы мұсылмандық туралы» еңбегін өлер алдында 1860-1864 жылдары жазған. Бұл патша үкіметінің отарлық саясатын кеңінен жүргізген уақыты еді. Шоқан онда былай деп жазады: «Тез қабылдағыш қырғыз халқы татар ағартушылығынан ақыл мен сезімнің тежеуі ғана бола алатын өлі схолас-тикадан өзге нені күтуі мүмкін» [4, 78 б].

Біз қандай да бір жолмен татарлық кезеңді айналып өтуіміз керек және үкімет бізге жәрдемдесуі тиіс... Осы адамсүйгіштік істі іске асыру үшін, ең алдымен, молдалар мен ислам шариғаттарына қамқорлықты тоқтатып, округтердегі татар мектептерінің орнына орыс мектептерін ашу қажет. Тек шынайы білім ғана сенімсіздікті жеңеді, оны өмірді бағалауға үйретеді... Құрама штаттары ирокез, грек және баска да қызылтерілілерді сауаттандырғаннан бері осы елдегі үнді соғыстары мүлдем токтады деп айтуға болады» [6].

Ш. Уәлиханов өз халқы үшін қатты қайғырды, ол халқының жер, бас бостандығы жолындағы күресте қан майданда қырылып жатқанын көрді. Бірақ бағынуға мәжбүр болды және оның бұны түсінбеуі мүмкін емес еді.

Қысқарта айтқанда, Ш.Уәлиханов езінің өміріндегі ең басты мақсаты – қазақ халқына қызмет ету, орыс үкіметі алдында оның мүдделерін қорғау және ой-санасының жандануына жәрдемдесу деп есептеген.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов С. Қазақ халқының диалектологиясы мен тарихының мәселелері. – Алматы, 1997.
2. Қазакстан тарихы. Бірінші, екінші томдар. – Алматы, 1996.
3. Ер Едіге. Алматы, 1995.
4. Валиханов Ч. Собрание сочинений в 5 т. Т.4. – Алма-Ата, 1985. 71-б.
5. Мағауин Е. «Едіге» жыры және Шоқан // Жұлдыз. – 1999. – №3.
6. Қадырғали Жалаири. Шежірелер жинағы. – Алматы, 1997.

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ЭЛИТАЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯ (МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХНАМАСЫ)

Сапа Мирдан, БҚИТУ педагогика факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекші – **Құрманалин С.Б.,** тарих ғылымдарының кандидаты,
БҚИТУ профессоры

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Дәстүрлі қазақ мемлекетінің хронологиялық шегі қазақ хандығымен (XV-XIII ғғ.) ғана шектелмесі белгілі. Олай дейтініміз, «...мемлекет батыстық және шығыстық өркенитеттің жемісі, Ұлы дала тарихына қатысты қолданар болсақ мемлекеттілік (мемлекет емес) өркениеттік үдерістің негізі (нәтижесі емес) болмақ. Көшпенділер өркениетінің саяси сипатындағы іргелі ерекшеліктер осыдан туындайды» [1, с.24-25]. Демек, осы қорытындыға сүйеніп, дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік құрылымының ерекшелігін саралауға болар еді. Түркі халықтары тарихында саяси элитаның ұзақ уақыт бойы бастан өткізген саяси–әлеуметтік, құқықтық дамуы олардың түрлі мемлекеттік құрылым үлгілерін қалыптастырған қызметінің тарихы ретінде қарастырылуы тиіс деп білеміз. Осы пікірлерді ескере отарып, «қазақ мемлекеттілігін теориялық тұрғыда пайымдау үшін ежелгі көшпелі сақ, ғұн, үйсін, түрік, моңғол, қазақ мемлекеттеріндегі Мөде шанью, Бұмын қаған, Естеми қағаннан бастап қазақ хандары Есім, Қасым, Тәуке, Кенесарылардың жүргізген маңызды мемлекеттік-құқықтың реформаларын ескеріп, мемлекеттік биліктің генезисін зерттеуіміз қажет» [2, с.30] деген зерттеушінің тұжырымы қолдап-қуаттауға лайық. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы ұзақ кезеңді, осындай бай мазмұнды қамтитындықтан қазақ қоғамындағы билік өкілдері ретінде элита мәселесін осы хронологиялық кезеңнің шегінде қарастыра аламыз.

«Элита» терминін оқшаулап, оны пәнаралық байланыс ерекшеліктеріне сай қарастыру нақты тарихи ақиқатқа көз жеткізу мақсатынан туындайтындығы белгілі. Тарих ғылымында қолданылатын бұл тәсіл бойынша элитаның пайда болуы индустриялды қоғамның қалыптасуы және дамуымен байланыстырылады, өйткені индустриялды қоғамда ғана элита құбылысының мазмұны толық ашылады. Бұл қоғамда «жоғарыдағылар» мен «төмендегілердің» арақатынасы антагонистік қарама-қарсылық тұрғысында емес қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымындағы тұрақтылықтың көрінісі ретінде қарастырылғанда ғана толық ашылады.

Элитаның билікке қатысты қағидалары бойынша қазіргі кездегі саяси ғылымдарда қалыптасқан мынадай екі бағыт байқалады, олардың біріншісі биліктің тұлғаға ықпал жасау қабілеті ретінде қабылданады. Екінші бағытты биліктің белгілі бір шешімдерді қабылдауға ықпал ету қабілеті деп атайды.

Осы жерде басын ашып айтатын бір мәселе, қоғамның элита және бұқара болып әлеуметтік жіктелуі таптық жіктелуді қайталамайды. Бұлай жіктелудің ең басты өлшемі – билік, одан да нақты айтар болсақ билікке және оған қол жеткізетін ресурстарға деген қоғам мүшелерінің қатынасы. Әлеуметтік және саяси жіктелудің жолайырғындағы бұл өлшемнің қандай қоғамда болса да кездесетін ортақ белгілері бар екендігін атап айтуға болады. Индустриялды немесе таптық қоғамдағы биліктердің мазмұндық ұқсастығын айтпағанның өзінде «тапсыз» деп айшықталған кеңес қоғамында «Номенклатура үшін ең бастысы – билік. Меншік емес тек билік. Буржуазия – меншік иесі, содан да билеуші топ. Номенклатура – билеуші топ, содан да меншік иесі» [3, с.115] екендігі көзге ұрып тұратын еді. Қоғамның өзгерісімен бірге ондағы биліктің сипаты да, құрылымы да өзгереді. Сондай өзгерістер, біріншіден элитаның жеке құрамынан; екіншіден биліктің мазмұндық сапасынан; үшіншіден, элита қызметінің құрылымы мен мазмұнынан көрінеді. Осыдан аңғаратынымыз, элита қызметінің басты ерекшелігі қоғамда болса да әлеуметтік тепе-теңдік пен қоғамдық тәртіпті орнықтыру, тарихи әрекеттің пәрменді субъектісі болатын қалың бұқараның дамуын қамтамасыз етуге саяды. Қазіргі қоғамда «билік пирамидасының шыңындағы ескі және жаңа

әлеуметтік субъектілердің симбиозы орынды және технологиялық қажеттілік» [4, с.13] болғандықтан таптық жіктеудің күні өткен деуге болмайды, қайта ол өткен дәуірдің сабақтастығын қамтамасыз ететін элиталық жіктеудің құрамды бөлігі ретінде танылады.
Элитаның жаңа қоғамдағы баламасы интеллигенция деп бағалар болсақ, оны қазақы ұғымда «зиялы», «дегдар», «бекзат», «оқығандар» деген сияқты баламалармен отандық тарихшылар біршама зерттеп, ғылыми айналымға ұсынды. Айталық, «Қазақ интеллигенциясы қашан қалыптасты?» деген сауалға Х. Әбжанов мынадай жауап береді: «Россияның қол астына енгенге дейін XIV-XVII ғасырлардағы қазақ қоғамы ой еңбегі адамдарына кенде емес болатын. Олардың арасында сәулетшілер да, басқарушылар да, композиторлар да, әскер басылары да, ақындар, сал, серілер, жыраулар да, дипломаттар да бар еді. Ұшы-қиыры жоқ кең даладағы цивилизация талабына творчестволық қызметі толық жауап берген интеллигенцияның әлеуметтік тобы тап осы тұста құрылды [5, 179 б.]» . Осылай дей отырып, ғалым зиялылардың ел алдындағы қызметін Ш.Құдайбердіұлының «Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие деген сол болса керек» деген сөзі мен дәлелдейді. Х.Әбжановтың осы тұжырымы бізге элиталық тұлғаның дәстүрлі қоғамдағы алатын орнын анықтап, атқарған рөліне баға беруде әдіснамалық бағдар бола алады.

Осындай теориялық тұжырымдар жасай отырып, Х.Әбжанов дәстүрлі қоғам жаңа қоғаммен алмасқанда ұлттық интеллигенцияның саны өседі, бірақ оған деген қажеттілік бәрібір толық өтелмейтіндігіне тоқталады. Оның айтуынша ат төбеліндей аз интеллигенция тобы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып дегендей» туған халқының жоғын жоқтап, жыртысын жырта бермейді. Оған олардың мәдени, рухани даму деңгейінің әртүрлі болып келуі де ықпал жасайды. Осыған байланысты А. Байтұрсынов 1911 жылдың өзінде олардың бірі: «мал табуға салынды, білді жалғыз алымды», екіншісіне шен мақсұт болды. Осының өзі халық пен оның зиялыларының арасына алшақтатпаса жақындатпады» - [6, 26-27 бб.] деп интеллигенция қатарындағы саяси және әлеуметтік жіктелудің сырын ашады. Демек, ұлттық интеллигенция құрамының әралуандығы дегеніміз, ұлттық элитаның құрамының да әралуандығын танытады деп бағалағанымыз орынды болады.

Дәстүрлі қоғамға қатысты әлемдік ауқымдағы қоғамдық-саяси ойдың жетістіктеріне талдау жасауда тарихи таным тәсілдерінің көптүрлілігі бірден көзге шалынады. Таным тәсілі ретінде артықшылықтары мен кемшін тұстары болатын тәсілдердің бірі - қоғамдық құбылыстар мен тарихи оқиғаларды элиталық тұрғыдан талдау. Аталған ғылыми таным тәсілінің жан-жақты теориялық негізделуінен оның ғылыми интелектуалдық мүмкіндіктерінің мол екендігін көреміз. Элита концепциясы батыс елдерінің тәжірибесінде қалыптасып, дамығаны белгілі ақиқат. Содан да оның теориялық тұғырнамасы Евразия даласы көшпелілері өркениетіндегі қазақ қоғамы үшін біршама бейтаныс болғанымен, дәйектік (фактологиялық) жағынан тарих ғылымы дамуының ортақ заңдылықтарына бағынады. Содан да элиталық тұжырымдардың мазмұндық және теориялық ерекшеліктері қазіргі қазақ қоғамы үшін біршама жаңалық болып көрінгенімен ол концепцияның басты қағидалары мен ұстанымдары дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік институттардың мемлекеттік билік құрылымдарын қалыптастыратын қоғамдық қатынастар жүйесінде бұрыннан қолданылып келгендігі дәстүрлі қоғамның тарихына талдау жасағанда көз жеткізе түседі.

Ғылым танымда бұрынғы және қазіргі қоғамдар әралуандығына байланысты белгілі бір типтерге топтастырылады. Қоғамды олай жіктеудің көптеген теориялық тісілдері орныған келеді. Сондай тәсілдердің бірі - қоғамды дәстүрлі және индустриалды қоғам деп топтастыру. Бұл жерде дәстүрлі қоғамды индустриалды қоғамға дейінгі қоғам деп, ал индустриалды қоғамды өндірістік немесе қазіргі заманғы қоғам деп атау орныққан. Осыған байланысты дәстүрлі қоғамға анықтама беруде дамудың төменгі сатысында тұрған, толыққанды өндірістік қатынастары қалыптастаған деген өлшемдер басшылыққа алынады. Соған сай дәстүрлі қоғамды «Өркениеттің балаң кезеңі» деп атап, оны қазіргі заманғы өндірістік қоғамға қарсы қоюшылық та байқалады.

Дәстүрлі қоғам ұғымына рулық, тайпалық, аграрлық, феодалдық сияқты бір-бірінен түбірлі әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтары бар қоғамдық құрылымдардың

үлгілерін топтастыруға болатындығы да есте болуы керек. Бұндай әралуандық қазіргі ғылыми танымда мәселенің теориялық және әдіснамалық тұрғыда толық шешімін таппағандығын танытады.

Егерде дәстүрлі қоғамның құрылымындағы осы әралуандықты ажыратын теорияларға жекелей тоқталар болсақ, онда осы үлгілерді анықтаған өлшемдердің шарттылығын аңғарған болар едік. Әсіресе, мәселені ортағасырлардағы қазақ қоғамының тарихына қатысты қолданғанда бірқатар даулы мәселелердің басын ашуымызға тура келеді. Өркениеттік теорияның өлшемдеріне сай қазақ қоғамының бұл кезеңі аграрлық қоғамға қойылатын өлшемдерге толығымен сай келеді. Қоғамның саяси әлеуметтік құрылымы, экономикалық өмірі, шаруашылық-мәдени типі аграрлық сипатта болғаны белгілі. Ал маркстің таптық-формациялық теориясы бойынша қазақ қоғамында феодалдық қоғамға тән сипатты белгілердің толық кездеспейтіндігіне көз жеткіземіз. Бұл мәселе әсіресе, қоғамның таптық жіктелуіне қатысты. Қазақ қоғамында жерге жекеменшік институты отарлық биліктің орнығуымен алғаш рет Бөкей ордасында Жәңгір ханның реформалары арқылы енгізіле бастағаны белгілі. Оның өз туыстарына мыңдаған гектар жайылым, шабындық жерлерді жеке меншікке бекітіп беруі қоғамда елеулі қарсылыққа тап болды. Исатай, Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің билеуші әулетке қарсы күресіндегі басты дәлелдердің бірі - жерге деген қауымдық меншікті жойып, оған жеке меншікті орнықтыру болатын. Демек, бұл дәйек дәстүрлі қоғамдағы жер қатынастарын өзгертуді бұқара халықтың қабылдамағандығын танытады.

Дәстүрлі қоғам туралы осы кезге дейін біртұтас әмбебап теория орныға қойған жоқ. Ол туралы ұғымдар қазіргі заман қоғамының әлеуметтік-мәдени үлгісіне қарама-қарсы түсініктерге негізделген. Оның мәнісі индустриалды өндіріспен айналыспаған халықтардың нақты өмірлік дәйектеріне баса мән беруде. Әдетте, дәстүрлі қоғамның экономикасы томаға-тұйық (натуральный) шаруашылық жүргізілуімен сипатталады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы шаруашылық үлгілері томаға-тұйықтығымен ерекшеленгендігі ақиқат. Қазақ қауымы сырттан көп зат сатып ала қойған жоқ. Сол сияқты тауар ретінде сыртқа шығарған өнімдері де санаулы болды. Тұрмысқа қажетті деген заттардың бәрі отбасында, қауымның өз ішінде дайындалды. Қазақ қоғамына нарықтық қатынастар енгізген Ресейдің отарлық ықпалына дейін салыстырмалы түрде көбесі сөгілмей таза тақталған бұл жүйені жаңа саяси-экономикалық байланыстар әсерінен дәстүрлі қоғамның ыдырай бастауы ретінде қарастыруға болады. Осы тұрғыда бағамдар болсақ қазақ дәстүрлі қоғамының аяқталуының хронологиялық шегін де белгілеуге болатындай. Олай дейтінімізқоғамдық құрылымдардың алмасу шегін белгілеудің маңызы зор.

Кеңес өкіметінің XX ғ. 20-30 жылдарындағы аграрлық реформасы дәстүрлі мал шаруашылығын күйретті. Ал күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру көшпелі өмір салтын келмеске жіберді. Осы жағдайлар елдің қарқынды түрде индустрияландырылуына ұласып, дәстүрлі қоғамның түкпілікті жойылуына алып келді.

Дәстүрлі қоғамның ыдырау үдерісі қоғамдық санада әртүрлі көрініс берді. Бұл үдерістің даму бағытына сын көзбен қараудан халық шығармашылығында «Зар-заман» поэзиясы өмірге келді. Мысалы, тауар-ақша қатынастарының орнығуынан дәстүрлі қоғамның күйреуін көрген Шортанбай Қанайұлы

Заман ақыр боларда,
Алуан, алуан жан шықты.
Қайыры жоқ бай шықты,
Сауып ішер сүті жоқ.
Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты - [7] деп жырлаған еді. Бұндай мысалдар осы ағымның шығармашылық мұрасынан көптеп кездеседі.

Әлемдегі халықтардың шаруашылық-мәдени типтерін саралағанда көшпелі өмір салтының 12 түрі атап көрсетіледі [8, С.110]. Осы типтердің қатарында аталатын шөл-шөлейт (аридті) аймақтардың көшпелі және жартылай көшпелі малшылары және шөл-

шөлейт аймақтардың қазіргі малшылары деген үлгі қазақтың дәстүрлі қоғамына тән болып келеді.

Қазақ даласында көшпелі өмір салтымен және сол өмір салтымен орайлас қалыптасқан сол шаруашылық-мәдени типінің болмысы жер, ауа-райы жағдайына сай жыл маусымдарының табиғи құбылыстарымен қатаң санасқан көші-қон тәртібімен реттеліп отырды. Осыған байланысты А.Сейдімбек мынадай тұжырым жасайды: «Қазақ даласы жылдың төрт маусымы айқын бедерімен көрініс тапқан жер бетіндегі бірден-бір қуаң континенттік өңір. Сондықтан да бұл далада ауа-райының құрлықтың құбылысымен санасып, яғни, мәнгілік көктем мен жазға ілесіп, тек қана бойлық бойымен тербеле көшіп-қонып жүру тіршіліктің жалғыз ғана тиімді тәсілі болған» [9, 42 б.].

Бұл тұжырыммен көшпелі өмір салтына негізделген дәстүрлі қоғамның шаруашылығы экологиялық жүйемен біте қайнасқан тұтастығын көреміз. Міне, осы дәстүрлі қоғамның мәдени-шаруашылық үлгісінің ыдырау үдерісі -отарлық биліктің жүргізген реформаларынан бастау алады. Олай дейтініміз, 1822-1824 ж.ж. Патша өкіметінің Сібір және Орынбор қазақтарына қатысты қабылдаған Жарлықтары қазақ жеріндегі саяси билікті ғана реформалаған жоқ, сонымен бірге жаңа үлгідегі әкімшілік-аумақтың бөлініске негіз қалады. Ал 1867-1868 жж. реформалар қазақ даласын генерал-губернаторлыққа, облыстарға, уездерге, болыстарға және әкімшілік ауылдарға бөліп тастады. Мұндай әкімшілік-аумақтық бөлініс көшпелі қазақты белгілі бір аумақта ғана көшіп-қонуға мәжбүрлейді. Ғылыми әдебиетте «бақташылық», «отарлық мал шаруашылығы» (отгонное животноводство) деп айшықталған бұл мәдени шаруашылық үлгісінің тетігі қарапайым болатын. 50-150 шақырым арасында көшіп-қонумен шектелген шаруашылықтың етек-жеңі дөңгеленіп, өзінің дәстүрлі белгілерінен айырыла бастады. Бұл жағдай дәстүрлі қоғамның басты атрибуттарының бірі – оның көшпелі шаруашылығына соққы болды.

Патша өкіметінің қазақ жерін отарлауындағы өз билігін нығайтуды мақсат еткен бұл реформалық өзгерістері қазақ қоғамын нарықтық қатынастар жүйесіне тартқанымен оны индустриялды қоғамға бірден енгізе алмады. Оған материалдық та, техникалық та, тіпті кадрлық та мүмкіндік жоқ еді. Ең бастысы Европа елдерімен салыстырғанда техникалық жарақтануға кеш кіріскен Ресейдің капитализмінде отар аймақты индустрияландырудан да бұрын орталық аймақтардың өзінде өнеркәсіпті дамытуға материалдық ресурстары жеткіліксіз болатын. Орыс капитализмінің алғашқы кезекте қарқынды дамытқан саласы - тоқыма өнеркәсібі болса, бұл өнеркәсіп ауылшаруашылық шикізаттарына аса зәру болды. Соның ішінде Орта Азияның, Қазақстанның оңтүстігінің мақтасы мен қазақтың мал шаруашылығының басты өнімдерінің бірі жүнге деген сұраныс дәстүрлі қоғамдағы нарықтық қатынастың дамуына бастау болды. Мақта мен жүн ендігі кезекте натуралды шаруашылықтың бұйымынан, тауар-ақша-тауар қатынасының негізгі бұйымына айналды. Осылайша, дәстүрлі шаруашылық Ресей капитализмінің қажетін өтейтін арзан шикізат көзі болуы арқылы жаңа экономикалық сипатқа ие болды. Тағы да қайталап айтамыз, бұл жағдайдың өзі қазақ қоғамының индустриялды қоғамға өтуі дегенді білдірмейді. Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ қоғамының индустриялды кезеңге өтуі кеңестік биліктің XX ғ. 30 жылдарындағы саясаты арқылы іске асты. Бұл кезеңде Кеңес Одағы өнеркәсіпті дамытуды жоспарлы түрде іске асыруға кірісті. Осы индустрияландыру патша өкіметінің отарлық мүддесін одан әрі жалғастырудың көрінісі болды. Ол мүдде отар аймақтың өндірісін шикізаттық база деңгейінде ғана өркендетуге саятын еді. Соған сай қазақ жерінде салына бастаған өндіріс орындары, көмір шахталары, тау-кен кеніштері, металургиялық зауыттар мен фабрикалар тағыда Ресейдің орталығындағы жоғары технологиялы өндірісті шикізатпен қамтамасыз етуге қызмет жасады. Демек, қазақ қоғамы индустриялды сатыға осындай шикізаттық сипатымен өтті деп бағалаймыз. Осылайша қалыптасқан Қазақстан өнеркәсібінің кешені қазіргі кезге дейін индустриялды қоғамға тән классикалық үлгісіне қол жеткізе алмады.

Ендігі мәселе – дәстүрлі қоғамның индустриялды қоғамға кірігу үдірісінің этномәдени болмысқа жасаған ықпал әсеріне қатысты. Дәстүрлі мәдениеттің материалдық өзегіне

айналған көшпелі өмір салтының, шаруашылық жүйесінің күйреуі эволюциялық даму заңдылықтарын аттап өтіп, апатты жолдармен іске асты. Оның басты салдары ретінде И.Голощекиннің орталықтан келісім алған «Кіші Қазан» саясатын атауға болады. Бұл саясат бай шаруашылықтарын кәмпескелеу, орта шаруаларды тап жауы ретінде жою, көшпелі шаруашылықтарды күштеп отырықшыландыру, ұжымдастыру шараларына ұласып, дәстүрлі қоғамда орын алуы мүмкін емес орасан зор құрбандыққа алып келді. Ол құрбандық халықтың тең жартысының жойылуына алып келді.

Қорыта айтқанда, қазақтың дәстүрлі қоғамында таза күйінде сақталған мәдени, әлеуметтік-экономикалық құндылықтар жүйесі қазіргі заманғы қоғамға өткенде елеулі өзгеріскерге түсті. Екі қоғамның кіргуі үдерісінде орын алған үдерістер апатты салдарларға алып келді. Ал қазіргі қоғамның даму бағыттары негізінен дәстүрлі қоғамда орныққан сол құндылықтар жүйесінің негізінде ұлттық сипат алып отыр деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1.Ирмуханов Б.Б. Хазары и казахи: связь времень и народов. –Алматы: Наш мир, 2003. -288 с.
2.Оразбаева А.И. Историческая воля и человеческое безволие Бурундука // Первые лица государства: политические портреты (с точки зрения истории и современности). -Алматы: Қазақстан даму институты, 1998.- С. 368
3.Восленский М. Номенклатура. - Москва: Захаров, 2005. – С. 640
4.Мохов В.П. Элитизм и история: Проблемы изучение советских региональных элит. - Пермь.: Пермьгос. техн. ун-т, 2000. – С. 204
5.Әбжанов Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология / Х.Әбжанов.- Алматы: Елтаным, 2014. – 328 б.
6.Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2004. – 405 б.
7.Шортанбай Қанайұлы. Үш қайтара сәлем айт, Қарнақтағы бабама //«Түркістан» қалалық газеті. 11 қаңтар 2002 жыл
8.Андрианов Б.В. Неоседлое население мира. -Москва, 1985.-241с.
9.Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. -Астана: Фолиант, 2008.-728 б.

АТЫРАУЛЫҚ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ТАҒДЫРЛАРЫ

Сисенова Динара, БҚИТУ педагогикалық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Сулейменова Д.Д.,** тарих ғылымдарының кандидаты,
БҚИТУ профессоры

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қазіргі уақытта Қазақстан ұлттық тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, Қазақстан Республикасы бүкіл дүниежүзілік тарихи және саяси үрдісте орны айқындалып жатқан кезде XX ғасыр бас кезіндегі саяси процесс лидерлерінің қазақ халқының бостандығы жолында күресін және олардың ғылыми саяси еңбектерінің маңызын зерттеуді қажет етіп отыр. Өйткені XX ғасыр басындағы саяси процесс лидерлерінің саяси қызметі, әлеуметтік саяси көз қарастары, жетекшілік рөлі жүйелі әрі саралана зерттелмеуде. Президентіміз 1997 жылды «Татулық пен еске алу» жылы деп жариялауы XX ғасырдағы тарихымызды тың тұрғыдан қарастыруға жүріп өткен жолымызға жаңаша баға беруге мүмкіндік жасады, ал 1998 жылы Ел басының жарлығымен халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих жылы деп жарияланып «жинақталып тәжірибені ескере отырып, тоталитаризм идеологиясын әшкерелеуді жалғастыра түсем», деп көрсетті.[1]

Алаш қайраткерлері туралы зерттеулерге жол ашылып, кейінгі кезеңде тарихшы ғалымдар ғана емес, жалпы зиялы қауым ұлт тарихының ақтаңдақтарының ұлттық мүддесіне олардың өмірі мен қоғамдық саяси істерін қарастыра бастады. Олардың алдыңғы легінде Тұрсын Жұртбай, Дихан Қамзабекұлы, Мәмбет Қойгелді ағаларымыз тұр және осы мәселені бүгінгі күнге дейін зерттеп келеді. Қазіргі қазақ зиялылары Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт – азатттық қозғалыс тарихын, соның ішінде Алашорда үкіметі, Алаш қайраткерлері, оның ішінде жала жабылып, әлі де ақталмаған, ашылмаған тұлғаларға ден қойды. Бір өкініштісі, елімізде «аса құпия» құжаттарды немесе сол тұлғаларға қатысты дерек көздерін бар бола тұра ала алмай отқандығымыз.

1991 жылдан бері көптеген Алаш қайраткерлерінің тағдыры мен саяси өмірі туралы деректердің бірқатар көзі халыққа ұсынылды. Дегенмен де осы қарқыннан қалып қоймауымыз керек.

Кеңестік билік жүйе өзінің жасаған қылмыстарын, жазалау саясатын, оның әдіс - тәсілдерін, түрмеге түскендердің тергеу хаттамасы мен жаза үкімі сақталған құжаттарды аса құпия ұстаған болатын. [2]

Соның ішінде КСРО - ның Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті жүргізген тергеулердің құжаттарына екінің бірінің қолы жете бермейтіні анық. Тіпті, КСРО ыдырап, тәуелсіздігімізді алғаннан кейінде ол деректер жалпыға жария етілмеді.

Осы тоталитаризм құрбаны болған XX ғасыр бас кезіндегі Қазақстандағы саяси процесс лидерлері Ресей демократтарымен үзеңгілес болып, иық тірестіріп, еңбек еткен Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Халел Досмұхамедов, Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мұстафа Шоқай, т.б. болды. Алаш қайраткерлерінің халқына жасаған ерен еңбегі үшін қанша алғыс айтсақ кем болмаса, артық болмас.

Мақаламда Атыраулық Алаш қайраткерлерінің қиян - кесті тағдырлары туралы баяндағым келеді. Сол нар тұлғаларымыздың бірі, Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер әрі ұстаз және ғалым – Халел Досмұхамедов.

Халел Досмұхамедұлы 1883 жылы 24 сәуірде қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тайсойған елді мекенінде (№13 ауылда) дүниеге келді. 1895 жылы тамыз – 1902 жылы маусым аралығында Орал әскери реалдық училищесінде оқып, 1902 жылы тамыз – 1903 жылы маусымда Орал әскери реалдық класының қосымша класында білім алды. 1903-1909 жылдары Санкт-Петербургтегі Императорлық әскери-меициналық академиясында оқып, үздік бағамен тәмамдаған. 1909-1913 жылы Пермь губерниясының Чердынск уезіндегі Марчанск учаскесінің дәрігері, Орал облысында Орал қазақ-орыс әскерлерінің кіші дәрігері,

Орал облысының Темір уезі учаскесінде дәрігер болып қызмет атқарады. 1913-1918 жылдары Оба ауруының ошақтарында болып, оған қарсықүреске атсалысады.

Халел Досмұхамедов «Ит айнадан өзін көрсе, өзін танымай, өзіне қарап үре береді, тарихы жоқ халықта сондай!» - деген асыл сөзі бізге мұра және өсиет іспеттес.

Халел Досмұхамедовтың қоғамдық - саяси қайраткерлік қадамы Санкт-Петербургте оқыған жылдардан басталды. Ол Әскери-медициналық академияда оқыған кезінде бүкіл Ресейде болған, өз кезегінде дүниені дүр сілкіндірген 1905–1907 жылдардағы төңкерісті көзімен көрді. Бұқара халықтың ашу-ызасы, қанды қақтығыстар және жеңілістің ащы сабақтары болашақ қайраткердің рухани дүниетанымының өсіп-жетілуіне, идеялық жағынан қалыптасуына игі әсерін тигізді. Бұған оның 1931 жылғы 14 қыркүйекте ОГПУ- дің тергеушісіне өз қолымен жазып берген мәлімдемесі дәлел болады:

«Мен, — деп жазды осы мәлімдемесінде Халел Досмұхамедов, — Петербургке бірінші орыс революциясының қарсаңында келдім. Бұл кезде демократиялық күштер, оның ішінде студенттер кауымы да, жиі-жиі наразылық білдіріп жататын. Қым-қиғаш студенттік өмірге араласумен қатар саяси білімімді жетілдіруге кірістім. Әр түрлі саяси партиялардың бағдарламаларымен... таныстым... Мені және басқа қазақ студенттерін ешбір саяси партияның бағдарламалары қанағаттандырмады. Социал-демократтар тек қана жұмысшылар туралы айтса, социалист-революционерлер шаруалар жөнінде сөйлеп жатады. Кадеттер орыс халқының ұлылығы жөнінде сайрап, басқа халықтар туралы жұмған ауыздарын ашпайды, ал оңшылдар болса орыс емес халықтарды жамандап, оларды қудалаумен болатын. Сол кезде жолдастарыммен бірге бір митингіге кездейсоқ тап болғанымызда, сонда сөйлеген Милюковтың (кадеттердің жетекшісі) айтқан сөздерін осы күнге дейін ұмытқан жоқпын. Ол «патша үкіметі орыс емес халықтарды аса дөрекілікпен және ұятсыздықпен қанап отыр» деп еді...» [3].

Халқымыздың біртуар перзентінің қазақ халқын патшалық империясының аяусыз қанап, тонап отырғанына көзі жете бастайды. Сондықтан ол осы жылдары ел ішінде үгіт - насихат жүргізіп, жергілікті «Фикр» (Пікір), «Уральский листок» газеттерінде мақалалар жазып, саяси толқулардың мән-жайын халыққа түсіндіріп отырады.[4]

Қоғам және мемлекет қайраткері энциклопедист - ғалым, профессор Халел Досмұхамедұлының көптеген зерттеу еңбектерінің бірінде: «Бұл дүниеде түрлі данышпан, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақ арасында да аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбегі сіңірген адамдарды қадірлеу – елдіктің белгісі», -деп көрсеткен екен. Әділетіне жүгінсек, тәуелсіз ел тұғырының биік болуы үшін жан аямай еңбек еткен Халел Досмұхамедов сынды біртуар азаматтардың рухын еске алып, есімін қастерлеу, әрі оны туғанына 130 жыл толып отырған шақта «Дара тұлға» деп ұлығылау бәрімізге ортақ парыз болуға тиісті.

Бердиев Ғұбайдолла 1885 жылы туған. Орал облысы Гурьев уезі, Қарашығанақ ауылы. Алаш қозғалысының қайраткері, қазақтың жоғары білімді алғашқы мал дәрігерлерінің бірі. Әкесі Есқали оқығаны болмаса да, тоқығаны мол кісі болды. Атасы Мүсірәлі Есбол өңірінде болыс болған белгілі қайраткер. Мүсірәлінің үлкен ұлы Досжан Бердиев Орынбордағы Неплюев кадет корпусының алты класын бітірген, Гурьев уезі бастығының тілмашы әрі қазақ істері жөніндегі көмекшісі болды. Ғұбайдолла Бердиев Есбол көшесіндегі «Қызыл үй» аталатын екі класты орыс – қазақ мектебін бітіргеннен кейін ағасы Досжанның көмегімен 1909 жылы Гурьевтегі орыс – қазақ Романов училищесін тәмамдады. Одан кейін Орал реальдық әскери училищесінде төрт жыл оқиды. Училищені толық аяқтамастан, 1903 жылы Қазан малдәрігерлік институтына түседі. Қазақ даласындағы жасырын социал-демократтар партиясының мұсылмандар ұясына кірді. 1905 жылы 9 – қаңтарда Қазандағы студенттер ереуіліне қатысты. Осы үшін қудаланып, Орал қаласына келді. Реальдық училищеде қатар оқыған Б.Бейсенов, И.Қашқынбаев, Ғ.Есенғұлов, Н.Ипмағамбетов, Ш.Күсепқалиевтармен, Дерп ветеринарлық институтының студенті Ғ.Арықовпен жақын араласып, пікірлес болды. 1904-1905 жылдардағы Бақытжан Қаратаевтың басшылығымен Оралда «Қазақ конституциялық – демократиялық партиясы»

деген атпен қазақтың кадеттік үлгідегі тұңғыш ұлттық саяси ұйымын құру қозғалысына белсене қатысты.

Ресейде монархялық билікті шектеген,пұрсаты конституциямен тұжырылған жаңа тәртіп орнатуды жақтады. 1906 жылы күзде Қазан малдәрігерлік институтындағы оқуын жалғастырып, оны 1909 жылы бітіріп шықты. 1909 – 1917 жылдары Гурьев уезінің бас мал дәрігері болып істеді. 1911 -1913 жылдары Шәңгерей, Бақытжан Қаратаев, Ғұмар Қараштың ұйтқы болуымен әуелі Ордада, кейін Орал қаласында шыққан «Қазақстан» газетіне қолдау көрсетіп, газетті шығарушы 27 адамнан тұратын топ құрамына енді, 500 сом жарна қосты. «Қазақстан» гащетінің бетінде мәдени-ағарту отырықшылыққа көшу, аурудың алдын алу, тазалық сақтау туралы бірнеше мақала жариялады. 1917 жылы шілдеде өткен I Жалпықазақ сьезінде Орал облысынан Құрылтай жиналысына сайланатын депутат кандидаттығына ұсынылды. 1917 жылы Уақытша үкіметтің Гурьев уезіндегі комиссары болып тағайындалды. 1918-1919 жылдары Гурьев уезіне қарасты Қарабай болыстық земство басқармасын басқарды. Қазанда оқып жүргенде жабысқан туберкулез дерті меңдегеннен кейін, 1919 жылы күзде туған ауылына оралды. 1921 жылы к-ктемде осы аурудан қайтыс болды. Соңында екі қызы, бір ұлы қалды. Үлкен қызы Жаниха, кіші қызы Софья 1949 жылы қайтыс болды, ұлы Мұхтар Гурьев педагогика училищесінің түлегі, 1944 жылы майданда қаза тапты. [5]

Беркінғали Мұқашұлы Атшыбаев - Батыс Алашорданың белгілі қайраткері, 1897 жылы бұрынғы Гурьев уезі Қазыбек болысының Миялы ауылында туған.

Ол - қазақтың тұңғыш мұнай барлаушы геологі.

Арғы атасы Қазыбек белгілі би болған екен. Өз атасы Атшыбай 1869-1870 жылдары кіші жүз қазақтарының көтерілісінде қол бастаған батыр болған. Әкесі Мұқаш көзі ашық, саудамен шұғылданған дәулетті болған.

Беркінғали 1905 жылы Гурьев уезі Есбол болысындағы бір сыныптық орыс - қазақ мектебін бітіреді. Одан кейін Орал реалдық әскери мектебінде оқиды. 1918 жылы төртінші Орал облыстық қазақ сиезінің қарарына сай Жымпитыда ашылған Ойыл болысы жігіттерінен офицерлер даярлайтын алты айлық юнкерлік мектепке түседі. Мектеп бітіріп, прапорщик шенін алған соң, Алашорданың батыс бөлігін басқару бөлімшесінің бас интенданты болып тағайындалады. Алаш әскерін азық-түлік, киім-кешек, оқ - дәрі, құралмен қамтамасыз етуде, Батыс Сібір және ағылшын елдерімен қарым-қатынас жасауда көп еңбек сіңірді. Әсіресе оның осы керекті заттарға қол жеткізу үшін Қызылқоға, Сағыз уездік земство арқылы Сібірдің оңтүстік батыс астықты аймақтарындағы кооперативтер мен жергілікті казақтардың Орал, Ілбішін, Қаратөбе базарларында айырбас сауда жасауына жол ашқан тарихи еңбегінің мәні зор болды. Батыс Алашорда тізе бүккен соң, Түркістан майданы басшыларының кепілі ретінде ұсталып, Орынборға жөнелтілген бес адамның бірі болды. Олар 1920 жылы ақпанда Мәскеуге әкелінді. Сол жылы мамырда Орынборға келіп, Қазревком ішкі істер бөлімінің іс жүргізушісі болып тагайындалады. Кейін сол мекеменің азаматтық бөлімінің меңгерушісі болып істеді. Ашаршылыққа ұшыраған елге азық-түлік жеткізуде көп еңбек сіңірді. 1922-1923 жылдары Мәскеудегі «Сантонин» тресінде іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі болған. 1924-1926 жылдары «Казкрайсоюздың» Мәскеу өкілдігінде экономикалық тексеруші қызметін атқарып, мұнан соң РКФСР Жоғарғы сотында аудармашы болып қызмет еткен. 1928 жылы Мәскеудің Тау-кен академиясы мұнай факультетінің геология бөліміне оқуға түседі.

1930 жылы «Алашордашыл жат элемент» деген айыппен оқудан шығарылады. Сол жылы Гурьев қаласына келіп, «Эмбанефты» тресіне қарасты барлау конторында геолог, картировка секциясының меңгерушісі болып істейді. [6]

Жем(Ембі)мұнай алабының Каспий маңы ойпатына кіретін байтақ аумағында мұнай іздестіру жұмысының етек ала бастауына тұспа- тұс келген. Беркінғали Атшыбаев аз уақытта білімімен, ындырымдылығымен П.Я.Авров, С.Ф.Горкин, И.Г.Пермяков секілді тәжірибелі геологтардың құрметіне ие болды. Осы қызметте іздестірудің геофизикалық тәсілдерінен бастап микрополеонтологиялық талдау әдісіне дейінгі жаңашыл жолдарын қолдана отырып, ықтимал мұнай көздерінің геологиялық карталарын жасады. Ел аузында «Мосы –ағаш» деп

аталатын бұл белгі – бағандар олардың түбінде сақтаулы мәлімет, есептеулер әлі күнге геолог – барлаушылар кәдесіне жарап келеді. Беркінғали Атшыбаев басқарған геологиялық – геофизикалық іздестіру жұмыстары нәтижесінде 1931 жылы Мұнайлы, Алтыкөл, Ескене мұнай көздері ашылды. 1933 жылы Қондыбай кен орнының ең алғашқы картасы жасалды. 1934 жылы Жолдыбайда мұнайдың жүлгелі құрылымы бар екендігі анықталды.

1935 жылы Беркінғали Атшыбаев Гурьев тау – кен техникумының түлегі, техник – геолог Л.Г.Софенрейтермен отау құрды.

1937 жылы қазан айында «Эмбанефты» тресі бойынша Х.Ақботин, Т.Иманғазиевпен бірге «Құрамысовтың алашордашыл контрреволюциялық ұйымына қатысты» деген айыппен тұтқынға алынады. Сол жылдың аяқ кезінде Орал қаласына айдалып, хабарсыз кетеді.

Ауызекі деректерге қарағанда, тергеушілер тарапынан болған қыстақтан түрме ауруханасына түсіп, қиналып жан тапсырған. Алғашқы зайыбы – Мария Сергеевна Анзимирова ұзақ жыл Мәскеу қаласындағы Жазушылар Одағының Әдебиетшілер үйінде хатшы болып қызмет істеп, 1952 жылы қайтыс болды. Алғашқы некеден көрген ұлы Георгий Атшыбаев «Огонек» журналының қызметкері, журналист, 1981 жылы 56 жасында көз жұмды. Соңғы некеден Беркін есімді ұлы қалды. 1959 жылы Волгоград автомобиль тас жолдары институтын қатынас жолдары министрлігінде, «Каздорпроект» ғылыми – зерттеу институтында істеді. Анасы Лидия Георгиевна Софенрейтермен бірге Алматы қаласында тұрады. Беркінғали Атшыбаев Оңтүстік – Орал әскери округі әскери прокуратурасының 1957 жылы 6 желтоқсандағы қаулысымен ақталды.[7]

Мақаламның қорытынды бөлімінде бұл деректер әлі де толықтырылады.

Қазақстан Республикасының елдігі мен ертеңін ойлап, қам жеген, туған халқының көкірегіне сәуле құюды мақсат еткен қазақтың көптеген асыл азаматтары XX ғасырдың 30-жылдарында тағдыр тауқыметін тартып, жалаға, жауыздыққа ұшырап, қиянат құрбандығы болды.

Тек кейінгі кезде ғана сол зұлымдықтардың беті ашылып, жазықсыз жазаланған аяулы азаматтарымыздың есімдері ортамызға қайта оралды. Солардың бірі –Халел Досмұхамедұлы, Беркінғали Атшыбаев, Ғұбайдолла Бердиев, Атшыбайұлы Мұқаш сияқты көрнекті зиялы қауым өкілдері. Олар жоғары білімді маман ғана емес, сонымен бірге тарихшы, табиғат зерттеуші, қоғам және мемлекет қайраткері болып табылады. Еліміз егемендігін алып шарықтау мен құлдырау шегі теңдесіп тұрған қоғамда жерімізді ұлттық тіліміздің тарихымызды, дінімізді қастерлеп оны құрмет тұту керекпіз. Ұлттық идеология ең жоғары деңгейге жетпейінше, біз мына жастар бір орында тоқтап қалмай, әрдайым ізденісте болып, бабаларымыз қалдырып кеткен аманатты болашақ ұрпаққа өз деңгейінде жеткізуге тиіспіз. Осы мақаламда жазылған деректерді әлі толықтарамын.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://malimetter.kz/alash-ziyalylarynyn-kyzmeti-men-songy-tagdyr-zholdary/
2. Жұртбай Т. Ұраным – Алаш...Алматы, 2012 ж
3. *Нұрпейісов К.* // Политический деятель Халел. Жалын . 2009
4. Сүлейменова Д. Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов – Орал, 2010
5. Сулейменова Д. //Дана журналы// Ғұбайдолла Бердиев.
6. Сулейменова Д. Алашорданың Батыс бөлімшесі тарихы. – Алматы, 2007
7. Тілешов Е және Хамзабекұлы Д, «Алаш қозғалысы» энциклопедия, Алматы. 2014

ХАРАКТЕРИСТИКА ИСТОРИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКОВ ПО ТЕМЕ ГОРОДСКИЕ ВОССТАНИЯ СЕР. XVII В. МЕТОДЫ И ФОРМЫ РАБОТЫ С НИМИ

Складчикова Валентина, студентка V курса исторического факультета
Научный руководитель - **Петрич Л.В.,** кандидат исторических наук, доцент

Оренбургский государственный педагогический университет, г.Оренбург, Россия

Современники называли XVII столетие «бунташным» временем, ведь XVII век запомнился Руси как век Смуты, крестьянских восстаний под предводительством И.Болотникова и С. Разина, рядом городских восстаний, Соловецким бунтом и стрелецкими восстаниями.

На сегодняшний день можно сказать, что основная масса источников, посвящена описанию восстаний в Москве, в них практически не затрагиваются восстания в провинции.

Источники по истории московского восстания по характеру значительно отличаются от источников по другим городским восстаниям, где основной материал составляют документы следственного дела, раскрывающие иногда во всех деталях фактические подробности событий. После июньского восстания в столице правительство не решилось на открытое обвинение и следствие над его участниками.

Актовый материал о восстании в Москве чрезвычайно беден; в нем невозможно установить по именам отдельных активных участников[1, с. 39]. Однако этот недостаток до известной степени восполняется литературными памятниками в виде описаний и воспоминаний о московских событиях, часть которых принадлежала непосредственным очевидцам.

С большим вниманием и интересом присматривалась к происходящему в русской столице иностранная колония. Иностранцы оставили ряд описаний июньского восстания различной полноты и различной достоверности. Среди них на первое место по точности передаваемых фактов следует поставить донесения шведского резидента в Москве, «ученого магистера», как его называют русские документы, Карла Поммеренинга[2, с. 52]. Последний приехал в Москву в конце августа 1647 г., приблизительно за год до восстания. Его донесения шведской королеве Христине, напечатанные в русском переводе К. Якубовым по подлинникам, хранящимся в Государственном архиве в Стокгольме, охватывают время от 15 сентября 1647 г. по 4 мая 1650 г .

Они отличаются большой обстоятельностью и касаются самых различных вопросов, относящихся к области внешней политики, внутреннего положения в стране, организации и вооружения армии, торговли и пр. В первом донесении, написанном всего через двадцать дней после прибытия в Москву, Поммеренинг, сообщая собранные им сведения, касавшиеся преимущественно организации московских войск, писал: «Надеюсь всеподданнейше, что ваше королевское величество всемилостивейше простит мне, что я на этот раз не могу узнать и сообщить никаких более достоверных и подробных известий и подтвердить их надлежащими документами, так как я еще чужой и незнакомый (здесь)»[3, с.45]

Поммеренинг располагал в Москве достаточной агентурой и несомненно имел связи с московскими приказами. Некоторую часть нужных сведений он мог почерпнуть из рассказов, ходивших в иностранной колонии Москвы среди немецких, шотландских и голландских офицеров и купцов, в том числе и шведов. Москва была полна всевозможных слухов, передавая которые, Поммеренинг добросовестно указывал на степень их достоверности. Иногда он сообщает несколько разных версий по какому-либо вопросу.

В одном из донесений он жалуется на то, что «часто рассказы известных людей противоречат друг другу». Но помимо слухов, являвшихся общим достоянием, Поммеренинг неоднократно упоминает об известиях. полученных им от «достоверных людей»[4, с.25]

Например, передавая некоторые подробности о ходе русско-польских переговоров, он при этом добавляет, что они были ему рассказаны «одним знатным достойным веры

человеком», который непосредственно слышал их от польского посла. Если не во всех, то в некоторых случаях эти «достоверные люди» по-видимому принадлежали к представителям московской правящей бюрократии, может быть даже к руководящим правительственным кругам. Иначе была бы непонятна осведомленность Поммеренинга относительно действий правительства, сохранявшихся в строгой тайне.

Все это придает сообщениям Поммеренинга большую историческую ценность. Вполне естественно, что восстание в русской столице должно было привлечь самое пристальное внимание шведского резидента. Но в этом случае он явился не только непосредственным очевидцем уличных событий, но и жертвой, так как 3 июня во время разгрома боярских и купеческих домов толпа подожгла его двор, причем, по его словам, он «едва и сам ушел». Первое донесение о восстании было написано им спустя приблизительно месяц. За это время Поммеренинг мог дополнить свои личные впечатления о событиях рассказами, слухами и другими источниками. Это позволило ему дать в .своем донесении связный очерк всего восстания.

В дальнейших донесениях, написанных во вторую половину 1648 г. и в начале 1649 г., Поммеренинг постоянно касался событий, связанных с московским восстанием, описывал положение в столице, перемены среди правительства, настроения стрельцов, казни и ссылки и пр. Эти сообщения представляют ценнейший исторический материал, имеющий огромное преимущество непосредственных записей. К донесению Поммеренинга от 6 июля был приложен шведский перевод русской челобитной, поданной царю во время крестного хода 2 июня[5, с. 99].

Шведский текст и обратный русский перевод были напечатаны П. Смирновым в работе «Челобитные дворян и детей боярских всех городов в первой половине XVII века». Изучение шведского перевода привело П. Смирнова к выводу, что перевод был сделан недостаточно точно, с некоторыми сокращениями и с вольной передачей русских выражений и терминов на шведском языке. Однако за шведским переводом, за исключением отдельных, более испорченных мест, настолько чувствуется русский текст XVII в., что можно узнать и даже с большой вероятностью восстановить первоначальный подлинник, потерявший свое своеобразие при переводе на иностранный язык. Внешняя критика этого источника позволяет прийти к выводу, что перевод был сделан действительно с подлинного русского документа

Помимо донесений Поммеренинга в Государственном архиве в Стокгольме хранится шведская рукопись неизвестного автора под названием: «Краткоеи правдивое описание опасного мятежа, происшедшего среди простого народа в городе Москве 2 июня 1648 г.».

Шведский текст и русский перевод издал 1880 г. К. Бестужев-Рюмин[6, с.59]. При сравнении этого анонимного шведского сочинения с донесениями Поммеренинга обнаруживается большая близость их в передаче фактических событий и даже одних и тех же деталей.

Вместе с тем анонимное шведское сочинение, составленное в форме повествования, содержит ряд существенных дополнений, не находящихся в донесениях Поммеренинга, и сообщает очень денные подробности, указывающие на то, что оно было составлено независимо от донесений Поммеренинга и при этом лицом, хорошо осведомленным в московских событиях. Весьма возможно, что автором его был кто-нибудь из шведов, находившихся во время восстания в Москве, может быть лицо из состава шведской миссии.

Еще один иностранец, писавший о московском восстании 1648 г., - Адам Олеарий.[7, с.89] В отличие от рассмотренных авторов он был лишь современником, но не очевидцем московских событий. Адам Олеарий был человеком разносторонней образованности: он занимался астрономией, физикой и математикой, был историком, знал восточные языки. В первый раз он побывал в России в со ставе гольштинского посольства в 1634-1639 гг. В Москве он получил предложение остаться на русской службе. В царской грамоте, адресованной Олеарию в 1639 г., было написано: «Ведомо нам, великому государю, нашему царскому величеству учинилось, что ты гораздо научен и навычен астрономии, и географии,

и небесному бегу, и землемерию и иным многим надобным мастерствам и мудростям, а нам, великому государю, нашему царскому величеству, мастер годен».

После некоторого колебания Олеарий отверг это предложение. В 1643 г. Олеарий вновь был в Москве. В 1647 г. появилось первое издание его сочинения о путешествии в Московию, в 1656 г. - второе, значительно дополненное. Во втором издании мы уже находим подробный рассказ о восстании в Москве в 1648 г .

В целом, можно сказать, что каждое из иностранных описаний московского восстания имеет свои особенности, содержит иногда противоречия, а иногда и важные и ценные дополнения. Эти противоречия, так же как и совпадения и дополнения, могут служить ценным материалом для взаимной проверки, для внутренней критики самых источников. Большую помощь в этой работе должны оказать русские описания восстания.

Нам известны некоторые краткие летописные записи о московском восстании. Из них самой обстоятельной является запись Толстовского сборника Ленинградской публичной библиотеки[8, с.74] (текст этой записи представлен в работе С.Ф. Платонова). Особый интерес для нас этой записи заключается в том, что автор стоит на стороне восставшего «мира».

Бояре, пострадавшие во время восстания, в его глазах являются изменниками и поджигателями. Таким образом мы имеем не официальную версию, а запись, сделанную лицом, сочувствовавшим, по крайней мере в основном, восстанию и расправе с теми, кто вызвал в народе «великую досаду».

За Толстовским сборником по степени подробности идут записи о московском восстании в Псковской первой летописи и в Новом летописце по списку Оболенского.

В Псковской летописи помещено ценное сообщение о высылке в первый день восстания для переговоров с толпой кн. М. М. Темкина и окольничего Б. И. Пушкина, что подтверждает правильность аналогичных известий в анонимном шведском сочинении[9, с.35]. В ней также дано более подробное, чем в других памятниках, перечисление разграбленных боярских домов.

В Новом летописце по списку Оболенского[10, с.11] сохранилось интересное сообщение о перемещении в составе правительства, произведенном непосредственно после июньского восстания. Несмотря на краткость русских литературных источников по сравнению с записками иностранцев, они дают полную возможность установить точную последовательность событий и проверить ряд сообщений иностранных источников. Среди русских источников особое место занимает рассказ келаря Троице-сершевского монастыря Симона Азарьина, известного церковного писателя XVII в.

Рассказ под названием «О обидящих святыя места и о гневе божии», как видно из заглавия, преследовал строго поучительную цель и был включен в его «Книгу о чудесах пр. Сергия»[11, с.201]. Под именем «некоего вельможи» Симон Азарьин вывел окольничего П. Т. Траханиотова, с которым у монастыря существовали давние споры по вопросу о монастырских землях и крестьянах.

В повести рассказывается, что П. Т. Траханиотов, обижавший монастырь, неоднократно получал доказательства нерасположения к нему со стороны умершего еще в XIV в. основателя монастыря Сергия Радонежского и был наконец не без невидимого участия последнего казнен народом во время восстания. В рассказе дано любопытное описание бегства и поимки П. Т. Траханиотова и содержится ряд интересных подробностей для его характеристики.

Таким образом иностранные и русские источники о московском восстании содержат большой материал для изучения важнейших вопросов, связанных с историей одного из самых крупных городских движений XVII в. Важнейшим вопросом является вопрос о классовой характеристике участников восстания и о его основной движущей силе.

Источники городских восстаний и волнений в провинции существенно отличаются по своему характеру от источников июньского восстания в Москве. Во втором случае, как мы видели, основное место занимают исторические воспоминания современников и летописные

записи. В провинции каждое выступление Посадских людей сопровождалось розыском о виновных и участниках. Донесения местной власти, показания арестованных и свидетелей, часто дававшиеся под пытками, перекрестный допрос на очных ставках — вот основной материал, на котором построены наши знания об участии провинции в городских восстаниях в 1648 г.

Таким образом, анализ источников представляет нам очень сложную картину народного движения, на основном фоне которого ход событий сопровождается актами проявления недовольства и возмущения разных социальных групп. Однако эти параллельные и часто переплетающиеся действия не должны закрывать от нас лейтмотив восстания, который проступает сквозь литературный стиль иностранных повествований и русских летописных памятников.

Список литературы:

1. Акты Московского государства / Под ред. Н.А. Попова. Т. 2. Спб., 1894. // URL https://runivers.ru/lib/book3031/9533/
2. .Донесения шведского резидента в Москве Поммеренинга // Городские восстания в Московском государстве XVII в. : сборник документов / К. В. Базилевич. М. 1936 С. 33-52.
3. Смирнов П., Челобитные дворян и детей боярских всех городов в первой половине XVII века . М. , 1915 . С. 28.
4. Бестужев-Рюмин К. Московский бунт 23 июня 1648 года // «Исторический вестник». 1880. № 1. С. 69-73. // URL: https://runivers.ru/lib/book9629/482653/
5. Адам Олеарий Описание путешествия в Московию / перев. А. Ловягина. Спб., 1906. С. 263-273.// URL:https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003737408/
6. Платонов С. Ф. Московские волнения 1648 г. Соч., т. I. Спб., 1910. С. 69-74
7. Полное собрание русских летописей, т. 4. Спб. 1888. С. 339-340. // URL: https://runivers.ru/lib/book9142/479791/
8. Попов А. Изборник славянских и русских сочинений и статей, внесенных в хронографы русской редакции. М., 1869 . С. 247-248 // URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003582595/
9. Временник Московского общества истории и древностей российских, кн. 17. М. , 1853. С. 193-195.// URL: https://runivers.ru/lib/book8180/
10. Усенко, О. Т. Психология социального протеста в России XVII - XVII веков / О.Т. Усенко. – Тверь: ТГУ, 1994. – 91 с.
11. Чистякова, Е.В. Городские восстания в России в первой половине XVII века / Е.В. Чистякова. – Воронеж: Изд-во Воронеж. ун-та, 1975. – 246 с.

ҰЗАҚБАЙ ҚҰЛЫМБЕТОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ БАСТАЛУЫ

Супугалиев Есмагзом, БҚИТУ педагогика факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.,** тарих ғылымдарының кандидаты,
БҚИТУ профессоры

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

XX ғасырдың 20-50 жылдары қазақ тарихындааса бір азалы, қасіретті уақыт екендігі белгілі. Зобалаң жылдары елдің ертеңін ойлаған ұлт зиялылары «ұлтшылдар» ретінде негізсіз айыпталып, жазықсыз жазаланғандар сол кезеңдегі ұлт зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері еді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Ұлы тұлғаларын білмейінше бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адамзат тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Біздің ұлы қандастарымыз өмірлерін қиып, шыбын жандарын шүберекке түйіп, біздің тәуелсіздігімізді жақындата түскен... Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын даанық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген» - деген аталы сөзі еске оралады [1.5 б].

Тарлан тарихқа көз жіберсек, қай дәуірде болмасын елі мен жері үшін басын бәйгеге тіккен азаматтар аз болмаған. Солардың қатарындаат жалын тартып мінгеннен, өмірінің соңына дейін халық мүддесі үшін қызмет жасап, қарапайым ауыл мұғалімінен Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметіне дейін жоғарылаған тұлға – Ұзақбай Құлымбетов еді. Ұ.Құлымбетовтің өмірі мен саяси қызметіне тоқталаотырып, сол кезеңдегі тарихи оқиғалар баяндалады. Тонын теріс айналдырған большевиктік отаршылдар саясатына ұлт зиялыларының ұстанған бағытының қарсы келуі, ұлттық санасының қалыптасу үрдістерінің белең алуы, ұлттың сана-сезімінің оянуына XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қосқан ерен еңбегі теріс бағаланып, жаппай террор мен репрессия құрбандарынаайналды. Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» мәселелерінің бірі жаппай саяси қуғын-сүргін тарихы болып табылады. Өйткені, әкімшіл-әміршіл мемлекет пен оның отаршылдық идеологиясының сапында кеткен қазақ өміріндеболып жатқаноқиғаларға тарихилық принципі негізінде әділ баға беріліп, әлі болса обьективтік тұрғыдан тыңғылыми зерттеулер жүргізу мүмкін емес болатын. Ұлт тарихыныңшындық сырыайтылмады, сол кезеңдегі тарих ғылымы әкімшіл-әміршіл идеология негізінде жазылып, тарихты ойдан шығару, бұрмалап жазу белеңалған болатын. 1937-1938 жылдардағы зиялыларға қарсы жүргізілген жаппай жазалау саясатына және әкімшіл-әміршіл жүйенің орныгуына байланысты олардың есімін ауызғаалудың өзі мүмкін болмады. Сондықтан еліміз тәуелсіздікалғаннан кейін тарих ғылымының алдына қойған негізгі міндеті – отан тарихын объективті тұрғыдан қайта қарап, отарлық кезең мен жаппай жазалау саясатының құрбандарын зерттеу, елеусіз қалған тұлғаларды тарих бетіне шығару, бұрмаланған және зерттеуге тыйым салған мәселелерін зерделеп, ұрпақ жадында жаңғырту.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы, сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Әрбір халық тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзіңнің көзқарасыңды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ. Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды», – деп атап өтті. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқынының басынан өткерген аса қасіретті жылдар – 1917-1940 жылдар болып есептеледі. Бірнеше ғасырдан бері отар елдің тепкісін, теперішін көрген халықтың ұлттық санасы аз ғана уақыт ішінде

жаңғырып кете алмайды. Елбасы мақаласында айтылғандайбіріншіден, ұлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды». XX ғасырдағы 1916 жылы басталған ұлт-азаттық көтерілісі қырғынмен басталып, одан кейін азамат соғысы, 1921-1922 жылдардағы ашаршылық, алаш қайраткерлерін қуғындау, соттау, 1931-1933 жылдардағы қазақ халқының тең жартысын қырғынға ұшыратқан, яғни қолдан жасалған аштықпен, «халық жауларын» әшкерелеу, ату, айдаумен жалғасты. Қазақтарды қолдан космополиттік ұлтқа айналдыру үшін ұлттық құндылықтарынан айыру саясаты аса құйтырқылық әдістермен жүйелі түрде жүргізілді. 1917 жылдан басталған саяси дағдарыс, халықтыңәлеуметтік-экономикалық жағынан мүшкіл халге түсірумен өз жерінде аз ұлтқа айналдыру, өгейдің күнін кештіру мақсатында сан түрлі саясаттың салдарынан, жергілікті ұлттың басы бәйгеге түскен уақытта өзінің ұлттық болмысынан айырылған миллиондаған қазақ шетелдерге қоныс аударып бас сауғалайды. 1917 жылға дейінгі алты миллионға жеткен қазақтан 1939 жылы екі миллионға жетержетпесі қалады [2, 257б].

Ұлтшылдықты айыптау науқанының жүргізілуі В.И.Лениннің тірі кезінде-ақ басталған болатын. Большевиктер 1917 жылдары отар болып келген елдерге азаттық күні жақындағанын насихаттады. Азаттықтың ақ туын күткен түркістандықтар үшін бұл шешім дербес тәуелсіздік алғандай ой қалдырды. Елдің түрлі аудандарындағы осы сипаттағы жағдайлармен таныстырған материалдар қазақтың үні, һәм тілі болып табылатын «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы» мерзімді басылымдарда жарияланып, автономия алуға әзірлік жасала бастады. Тәуелсіздікке пен еркіндікке ұмтылған Түркістан Автономиясы мен Алаш автономиясын большевиктер қарулы күш қолданып жойды. Түркістан автономиясының басшысы М.Шоқай «Ұзақ уақыт қараңғыда қалған адамның бірден жарыққа шыққан кезінде көзі шағылысып, аша алмай қалатындығы секілді, ұзақ уақыт патшалық Ресейдің отарлық саясатының қараңғылығында жер бауырлап, еңбектеген түркістандықтардың төңкеріс әкелген азаттық жарығына шығысымен көздері шағылысып, алдын көре алмай қалған еді. Шағылысқан көздердің адасулары түркістандықтардың өз қараңғылықтарын одан ары арттыра түсті. Осы себептен құрған үкіметіміз 1-2 айдан ұзаққа бара алмады», - деп түсіндірген еді [3, 210 б.]. Нәтижесінде Түркістан автономиясының басшысы болған М.Шоқай шетелге кетіп бас сауғалауға мәжбүр болды. Қазақ автономиясы мәселесін тұңғыш көтеріп, оны өзі іске асырған Әлихан Бөкейханов «Ақ найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған үкіметке» қызмет етуден бас тартты. Осы «оппозициялық» қылығы үшін 1920-22 жылдары оған «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген жала жабылып қуғындалады. 1922 жылдың күзінде Ә.Бөкейханов Мәскеуге жер аударылады. Қазақ зиялыларының ел үшін егіліп, халқы үшін қаймықпай қарсы тұруының себептерін Түрікменстан халық комиссарлар кеңесі К.Сорокиннің коммунистік партияның сұрқия саясаты туралы айтқан сөздері аша түседі. «... Мұсылмандардың барын тартып алуда, алып қана қоймай, өзерің өлтіруде. Біздің әскерлер қорғаудың орнына тонап, қанға бөктіруде...Мұны істеп отырған партия емес, зәбір-жапаны жасап жатқан қызыл армия дейтіндер де шығуы мүмкін. Бірақ осының басында партия тұр ғой. Партиядағы жолдастар жағдайды түзеу үшін ешқандай шара қолданар емес... маскүнемдік пен бейбастық белең алған, әлбетте осының бәріне партия кінәлі. Мұсылман пролетариаттары орыстан көмек сұрайды, орыс оған сенбейтінін айтады. Мұсымандарды түртпектеп, қудалап түбіне жетуде. Ақ-қаражасын ажыратып жатпай, дүние-мүлкін, қатын-баласын құртып жіберіп жатқан біздің отрядтардан мұсылман кедейлерінің соры қайнауда... Осыншама қорлықты-зорлық көре тұра олардың бізге деген достық сезімдерінің болары қандай деңгейде екендігін айтпаса да түсінікті емес пе? Оларды біздің өзіміз ұлтшыл етудеміз» деп жазады алаш зиялысы М.Шоқай [4, 120 б.].

XX ғасырдың 20-30-шы жылдар – кеңестік кезеңнің алғашқы ширегінде орнаған әкімшіл-әміршіл жүйе тудырған бір жағынан, саяси әлімжеттіктің, екінші жағынан, қорғансыздықтың көрінісі болатын. Сондай-ақ күштеп отырықшыландыру, байларды зорлық-зомбылықпен тәркілеу белең алды. Оның үстіне «шолақ белсенділер» де адамдарды бір-біріне айдап салып, адал жолдан тайдырды, сүттей ұйыған қауымды әбден аздырды. Шынында да ол – ұлттың дамуына қарсы бағытталған зұлмат жылдар еді. Орта Азияны әкімшілік-аумақтық межелеу, қоныс аудару саясатын жүргізе отырып, өлкедегі туу мен өлім-жетім мәселесін өзгерту және бұл жерде шовинистік бағыттағы славян өкілдерініңөзге ұлттан зор болуын қадағалаубольшевиктердің негізгі мақсаты болатын. Бұл жұмыстардың басында идеологиялық мүдделерге сай тарих ғылымының тонын теріс айналдыру және өкімет пен үстемдік құрушы славян халқының басымдығын ұғындыру, жергілік ұлттар санасына сіңдіру мақсатында жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілді. Азамат соғысынан кейін партияның тоталитарлық билеу жүйесіне бағыт алып шыққан Кеңес өкіметі, өзіне қарсыластардың көзін жою шараларын ары қарай жалғастырды. Күннен күнге ол адамзаттық құндылықтар мен заңдылықтарды әкімшіл-әміршіл жүйе негізінде ой-түсінік қалыптастырған негізгі мүдделері тұрғысынан ғана түсінетін қоғамға айналдыруды көздеді. 1923 жылдың ақпанында бүкіл большевиактердің күн көсемі құпия түрде өкім жобасын жасатып, жақын уақыт ішінде жаппай террор мен репрессияға ұшырайтын, қоғамдық көзқарастары жат бірнеше адамның тізімі жасалып, көзін құртуға шешім қабылдайтын құпия құжатты дайындатты.Аталмыш құжаттың бірнеше тармағында: «көптеген реңктегі ұлтшылдар» деп көрсетіледі. «Кеңес өкіметінің астыртын жауларына» кешірім жасалғандар, бұрынғы мектептің түлектері мен ғалымдары, «негізінен, сол уақытқа дейін олардың нақты саясикөзқарастары қалыптаспаған тұлғаларға жатқызылады» деп көрсетеді әдебиеттерде [5, 156-157 бб.].

Тоталитаризм – әрбір азаматтың, қоғам өмірінің барлық саласы мемлекет тарапынан, толық бақылауға алынған мемлекеттің саяси құрылыс түрі. Тоталитарлық жүйе қандай да болмасын халықтың ұлттық руханиятын қысымға алу, тарихи сахнасынан жою, зиялы қауымын қуғын-сүргінге түсіру сияқты қатал саясат ұстанады. Бұл жерде тоталитарлық жүйеге берілген мына анықтамадан халқымыздың басынан өткен зұлмат пен қасірет тарихын да терең тани түсеміз. Кез келген мемлекеттің негізгі мақсаты – ұлттық рухы биік тұлғаларды тудыру мәселелері болғандығы да тарихи дұрыстық. Тұтастай алғанда қоғамға қажетті құндылықтармен сусындаған тұлғалық деңгей дәрежесіне ие болған айналасынамейірімділік пен ізгіліктің шарапатын сыйлаған, адамдық сананың жоғары дәрежесіне жеткен өз заманының тұлғалары ғана туған халқына қызмет ете отырып, ұлтын ұлы мақсаттар жолында маңызды қадам басатын келер ұрпақтың адами қасиеттері жоғары болып жетілуіне өзіндік үлесін қосып, бүгінге жеткізді. Рухани болмысы жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін өткен тарих даналығына зер саламыз. Өкінішке орай, кеңестік тоталитарлық жүйе дәуірлеп тұрған өз уақытында, КСРО құрамындағы ұлттардың өзіндік санасын өзінің сан қырлы саясатынадәл келетін тұлғаларды шығаруға барын салды. Рухани сананың ұйқыға кетуінің нәтижесінде неше ұрпақ этникалық өзіндік сана жадынан айрылып, «кеңес өкіметінің балалары» санасымен тәрбиеленді. Оның салдары әлі күнге дейін күнделікті өмірден көрініс беріп те жататындығы мәлім. Жалпы «Сталинизм» деген не? Соған тоқталып өтсек. Біз жүріп өткен жолда өте қатаң саясатымен, қуғын-сүргінімен қанқақсатқан, қазақ халқының зиялы қауымын баудай түсірген өте ауыр тарихи кезең. Сталиндік дәуірді тоталитарлық саясатпен, яғни жалғыз ғана идеологияның үстемдік алуымен байланыстырады. Коммунистік партия идеологиясының негізінде солақай саясатты жүргізген, пікір алуандығына жол бермеген, жол бермек түгілі, өздерінің қолайына жақпайтын сөз иелерін, идеяларды аяусыз басып-жаншыған жүйенің көлеңкелі тұстары өте көп болды. Жалғыз қазақ ұлтына ғана емес, күллі адамзат қауымына сыңаржақ идеологияның соңы неге апарып соғарын көрсетіп берген жүйе болды.

Тоталитарлық режимнің күшеюі және пролетариат диктатурасының жүргізген әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, таптық күресті күшейту және жасанды түрде

қоздырудың әсерінен өткен ғасырдың аяғында еліміз аумағындағы ахуал кенеттен өзгеріп, қоғамдық өзгеріске ұшырады.

Халықтың әлеуметтік саладағы қабылданған тың ойлары, капиталистік қоғамдағы қамалдарға жанкештілікпеншабуыл жасау идесологиясы мен практикасы өктемдік пен зорлық-зомбылық әрекеттерін туындатты. Қазақстанның партиялық және кеңестік ұйымдары да ҚызылиАрмия мен қалаларды азық-түлікпен жабдықтауда дәл осындай жұмыс жүргізді. Халық шаруашылығын соғысқа лайықтап қайта құру, еңбекті ұйымдастырудың әскерилендірілген түрлері, теңдей бөлушілік принципі, бұқара халықты қайыршыландыру – осылардың барлығы большевиктер басқаратын елде Кеңестердің социалистік қоғам орнату эксперименттеріне дайын емес екендіктерін аңғартты.осылайша ол қоғамды түрлі жікке бөліп, бір-біріне қарсы қою үрдісін орнатты. Халық шаруашылығының негізіне теңдей бөлу принципін алған әскери-коммунистік аждаһа пайда болып, социализм жйлы ұшқары да тұрпайы ұғымдар қалың бұқара халықтың санасын улады. Қазақ даласы сансыз ауыртпалықтар мен құрбандыққа ұшырап, қазақ даласы жарқын болашаққа деген әрі күдік, әрі үмітпен Ресей пролетариаттарына сенді. Өз дамуында кенше қалған басқа халықтар сияқты қазақ халқының социалистік қоғамға өтуі уақыты мен мазмұны бойынша, өзінің мәні жағынан социализмге бірте-бірте, жоспарлы, белгілі бір бір шамада жедел өтуді қамтамасыз етуі тиіс жаңа экономикалық саясатқа ауысуымен сәйкес келді. Алайда большевиктердің «алға озып кеткен Орталық Ресейге жетуі үшін ұлы орыс халқынан басқа халықтарға көмектесу керек» деген ұзақ мерзімді перспективалық бағдарламасы құр қиял ғана болды.Шаруалар, әсіресе қазақ шаруалары өте қиын жағдайға душар болды. Дәстүрлі қалыптасқан өмір салтын түбегейлі өзгерту, күштеп ұжымдастыру, ауыл шаруашылығы өнімін дайындаудың мемлекеттік саясаты аштықтан бұратылып, өлуге шақ тұрған оларды Кеңес өкіметіне ұйымдасқан түрде наразылық білдіруіне итермеледі. Толық емес деректер бойынша елімізде 1929-1932 жылдары 372 рет көтеріліс болған. Ең ірі қақтығыстар Батпаққара, Созақ, Бостандық, Ырғыз, Қазалы, Қызылқұм, Қармақшы, Ақсу, Бөрібай, Сарқант, Абыралы, Шұбартау аудандарында үлкен толқулар орын алған. Адай округінде жергілікті ұлттардың жаппай наразылық шарасына ұласқан өз жерінен көшу, жаппай халықтық сипатқа айналып, елден үдере көшу, өз жерінде өгейдің күнін кешуге әкеліп, қазақ халқының едәуір бөлігінің аймақ шекарасынан тыс аймақтарға әсіресе, соның ішінде Қытайға, Иранға, Ауғанистан елдеріне кетуіне ұласты.

Қорыта айтқанда, отарлық, тоталитарлық жүйеге қарсы күрескен қайраткерлеріміз жөнінде сақталған мұндай психологиялық ахуалдың өміршеңдігінің басты себебі ұлттық мінезқұлқынан, әдет-ғұрпынан, тілі мен мәдениетінен, болмыс-бітімінен айыруға бағытталған Кеңес өкіметінің қитұрқы идеологиялық саясатының салдарына байланысты екендігі анық. «Планеталық деңгейдегі ақыл-ой апатын» басынан кешірген халқымызға өзінің ұлттық құндылықтары мен мүдделерін «интернационалистік» ұғымдардан ажыратуы үшін, өзінің ұл-қыздарын танып-білуі үшін баршамыздың күш-жігеріміз, ақыл-ой парасатымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1.Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 жыл.
2.Әлібеков К. Саяси репрессияға ұшыраған қайраткерлер // Отан тарихы, 2005, №3.- 141-142 бб.
3.Шоқай М. Таңдамалы.- Алматы: Қайнар, Т.1.- 1998.- 512 б.
4.Шоқай М. Таңдамалы.- Алматы: Қайнар, Т.2.- 1999.- 520 б.
5.Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999.-210 б.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІ)

Тагибергенова Райхан, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің тарих факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі- **Абенова Б.С.,** тарих ғылымдарының кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Кеңестік кезеңдегі қазақстандық зерттеулердің тарихнамалық талдауын тереңдету қажеттілігі жаңа жағдайдағы ұлттық тарихнаманың даму перспективасымен байланысты болды. Тәуелсіз қазақстандық тарих ғылымының қалыптасуы бұрынғы тарихнамалық дәстүрді сыни тұрғыдан пайымдауды, тарихшылардың алдыңғы ұрпақтарында жинақталған тәжірибе мен білімді ескеруді талап етеді. Тарихшылардың аталмыш тақырыпты жаңаша зерттеуі аса жауапты күрделі іс болмақ. Өйткені осы кезге дейін жинақталған деректік қорды салыстырмалы түрде талдау негізінде қайтадан сараптауды, бүгінгі уақытқа дейін іздестіріліп, ғылыми айналысқа қосылмай келген жаңа деректерді жинауды, әсіресе ескі жазба шежірелер мен ауыз әдебиетінің мұраларын кең көлемде, пайымдылықпен пайдалануды керек етеді.

Қазақстанның отарлық кезеңіндегі тарих әсіресе XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың бас кезіндегі түйінді мәселелеріне тәуелсіздік алғаннан кейін баса назар аудара бастады. Кеңестік тарихнамада Қазақстанның отарлауының басталуы оның Ресейге қосылуы тұрғысынан пайымдалды.

Қазақ қоғамын тарихы қай кезеңде де зерттеушілердің назарын өзіне аударған.. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ тарихына қатысты деректер қазақ даласының тарихына көңіл аударған алғашқы зерттеушілердің назарына түскен. Бұған П.И.Рычков, И.И.Неплюев, И.Г.Андреев, Е.К.Мейендорф, А.И.Левшин, В.В.Вельяминов-Зернов, И.Ф.Бларамберг т.б. тұлғалардың еңбектерінен көруге болады.

М.Красовский «Сібір қырғыздарының облысы» деп аталатын еңбегінде қазақ халқының шығу тегіне көңіл бөлді. Көрнекті зерттеуші Л.Мейердің «Орынбор ведомствосындағы қырғыз даласы» атты еңбегі Кіші жүз тарихын жан-жақты сипаттауға арналды.

Қазақ жерінің Ресей құрамына қосылу дәуірін біршама толық зерттеген А.Добромысловтыың «Торғай облысы.Тарихи очерк» атты еңбегінде сирек кездесетін мәліметтер сақталған. Сонымен қатар қазақ халқының келелі мәселелеріне И.И. Крафт, В.Н. Витевский, Н.А. Макшеев, Л.Ф. Костенко т.б. авторлар бірқатар еңбектерін арнады. Мұрағаттарда сақталынған белгісіз деректерді жарыққа шығарып, орыс-қазақ халықтарының байланысын барынша зерттеуде бұл авторлардың үлесі зор.

Қазақ тарихын зерттеген орыс зерттеушілерінің арасында В.В.Вельяминов-Зернов тархандық институт мәселелерін арнайы зерттеуімен ерекшеленеді. Ол XVIII ғасырдағы башқұрт қоғамындағы тархандық институт тарихына қатысты зерттеу жүргізді.

XIX ғасырдың екінші жартысында патша үкіметі шенеуніктері мен әскерилеріне арнайы тапсырмамен отарланушы аймақ тарихын жаздыра бастады. Ондай еңбектер қатарына Л.Мейер, И.И.Крафт, В.Н.Витевский, А.И.Добросмыслов зерттеулерін қосуға болады.

Қазақ тарихына қатысты жаңа зерттеулер легі кеңестік биліктің орнауы кезеңінде дүниеге келді. Бастапқы кезеңде жазылған Х.Досмұхамедұлы, Г.Галузо, Т.Шонанұлы, К.Кемеңгерұлы еңбектері біраз мәселені жаңартты. Х.Досмұхамедұлы еңбегінде тарихи тұлғалардың арғы аталарына байланысты деректер сараланса, К.Кемеңгерұлы, Т.Шонанұлы еңбектерінде патша үкіметінің қазақ даласындағы отаршылдық саясатындағы қазақ жеріне қатысты мәселесі тыңғылықты талданады. Қазақ тархандарына патша үкіметінің жер мен

жайылым, тоғайларды пайдаланғаны үшін алым-салық төлемейтін құқықтық пәрменділік берулеріндегі саяси ұстанымдарын талдауға қажетті мәліметтермен құнды.[1]

П.Г. Галузо Ресей мен Қазақстан серіктестігінің тең құқылы еместігін атап көрсеткен болатын. Ол өзінің еңбегінде: орыс патшалары елге ентелей әрі толассыз дерлік сұғына түсті, алайда былайша айтқанда, біраз жалтақтай отырып жылжыды. Орта Азия шекарасындағы орыстардың агрессиялық саясаты жөнінде келтірілген бейбітшілік сүйгіш сипат беру Ресейдің алысты көздейтін агрессиялық жоспарларын қарастыра отырып, Орта Азияға басқанда өзінің отаршылдық басып алушылық жөніндегі батыс еуропалық бақталастарынан, ең алдымен Англиядан қатты қорыққандығын көрсетеді. Орта Азияға қарай ілгерілеуді біз ұлы державалардың олжа бөлісу жөніндегі империалистік жарыс ағыстарының бірі деп қарастыра аламыз.

Кеңестік үкімет билігі орныққаннан кейінгі 1920-1940 жылдар аралығында қазақ тарихына XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың 60 жылдарына дейін өмір сүрген қазақ батыр билерінің саяси-қоғамдық қызметтері туралы жаңа деректер айналысқа түсе бастады. Бұл бағытта А.Ф.Рязанов, А.П.Чулошников, М.Тынышбаев, С.Асфендияров еңбектерін атап өтемі. А.Ф.Рязанов еңбегінде Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысын зерттеуде тарихи тұлғалар қызметіне қатысты мәліметтерді мұрағат деректерімен толықтырды. Дегенмен, автор А.И.Добросмыслов, А.И.Левшин пікірлерін қайталап, Сырым батырды қазақтың дәстүрлі хандық басқару институтына қарсы хандық билікті жоюдағы реформатор етіп көрсетпекші болды.

С.Асфендияров қазақ-башқұрт сынды бауырлас халықтардың патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы көтерілу себептерінің ахуалын ашып көрсетті. Сонымен қатар, оның башқұрт тарханларының қазақ жеріндегі Есет тарханлар бастаған жетірудың батырларымен біріккен жасақтар құрған келісімдері туралы тарихи деректері біз үшін ерекше маңызды.

Кеңестік кезеңде Е.Б.Бекмаханов, М.П.Вяткин зерттеулері де жарық көрді Тіленші Бөкенбайұлы тархан қатысқан ұлт-азаттық қозғалыс туралы бастап қалам тартқанымен, кейіннен ол туралы зерттеулер көп уақыт бойы іркіліп қалды. Еңбекте қазақ қоғамындағы сұлтандар институты жүйесінің түпкілікті өзгеріске ұшырағандығының себеп-салдары көрсетілді. Е.Б.Бекмаханов патша үкіметінің қазақ билік жүйесін жою барысындағы саясатын, ішкі қарым-қатынасты шиеленістірудің айла-амалдарын дәл анықтады.

Қазақстанның XX ғасырдағы тарихы алуан оқиғаға байлығымен, ең бастысы, Кеңестік қатаң идеологиялық қысым мен одан азат болуға ұмтылуы Отандық жылнаманың негізгі бөлігі болып табылады. Тарихи қырынан алып қарағанда, бұл - ең алдымен, адам табиғатын шет-шегі көрінбейтін ұзақ уақыт бойы сынақтан өткізудің, сондай-ақ осы жағдайдан шығудың және ұлттық-мемлекеттік егемендікке жетудің оңтайлы қазақстандық моделінің шежіресі. Екінші жағынан, марксистік ілімге негізделген кеңестік кезеңдегі отандық тарихнама ғылым дамуының денгейіне толығымен сәйкес келетін дүниетанымдық картинаны бере алмайды, өйткені оның өзі кеңес мемлекетінің жүйесіне үйлестірілген және оның идеялық-саяси қажеттіліктерін өтеуге бағытталған ерекше ғылыми-саяси феномен болатын. .[2]

1917 жылы қазақтар екі төңкерістің - Ақпан буржуазиялық-демократиялық және Қазан социалистік революцияларының куәгері болды. Мұның біріншісі монархия мен орыс патшалығы билігін құлатуға мүмкіндік жасады. Ақпан революциясының нәтижесінде елде қос өкімет орнады. Қазақстан үшін мұның маңызы аз болған жоқ. Егер кеңестік тарихнамада Уақытша үкіметтің қызметі біртекті қара бояумен суреттелсе, қазіргі қазақстандық тарихнамалық жағдайда бұл мәселені зерттеуге басқаша көзқараспен қарау мүмкіндігі туды. Бірқатар қазақстандық ғалымдардың, атап айтқанда, академик М.К. Қозыбаевтың еңбектерінде Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының, дәлірек айтсақ, Уақытша үкімет қызметінің Қазақстан үшін жағымды нәтижелеріне назар аударылды. Тарихтың кеңестік кезеңі Алаш һәм Алашорда туы астында ұлт бірлігін нығайту жолындағы ұмтылыспен және қазақ автономияшылдары қозғалысының жеңілуімен, Бірінші

дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншу, 1917 жылғы революция және Азамат соғысы салдарынан күйреген шаруашылықты соғыстан кейін қалпына келтірумен ерекшеленді. 1917 жылғы Қазан революциясы және одан кейін іле-шала бүркеткен 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысы Қазақстан дамуының қоғамдық-саяси және экономикалық жүйесін айқындап берді. Қазақ мемлекеттігінің құрылуы, жерді есепке алу және кеңестік республикалар құрамында аумақтық шекараны анықтау айтулы кезең болып табылады. Шындығында, қазақтардың өмір салтындағы дәстүрлі жүйенің 20-30-жылдары күйреуі мен республиканың социалистік қайта құру үрдісінің жалпы ағымына қосылуы қасіретті оқиға еді. Ресей империясының шығысындағы бұрынғы отарларының индустриясы дамыған республикаларға айналғанына көз жұмып қарамағанның өзінде, бұл қайта құрудың нақты адамдар тағдыры мен оқиғаларға байланысты берілетін шынайы бағасын айтпай қалуға болмайды. С.М. Кенжебаевтың, С.З. Зимановтың, К. Нүрпейісовтін тағы басқалардың зерттеулерінде кеңестік және 1917—1920 жылдардағы Қазақстандағы ұлттық-мемлекеттік құрылыстың жекелеген тарихнамалық және дереккөздік проблемалары қарастырылды [19]. Қазақстанда Кеңес билігін орнату мен нығайту проблемаларын тарихнамалық тұрғыдан зерттеумен салыстыра қарағанда, өлкедегі Азамат соғысынын тарихнамасы арнайы зерттелген жоқ. С.Н. Покровскийдің, А.С. Елагиннің монографияларының кіріспе тарауларында, Ә.С. Тәкеновтің, В.К. Григорьевтің жекелеген жұмыстарында 1918—20 жылдардағы азамат соғысы жөніндегі әдебиеттерге тарихнамалық шолулар беріледі.

Кеңестік тарихнамада мемлекет құрылысының социалистік ұстанымдары негізінде «қазақ жерін біріктіру» проблемасы бойынша кең көлемді материалдар берілген Әлеуметтік-таптық антагонизм орын алып отырған жағдайда ұлттың дамуы мен ұлттық мемлекеттің құрылуының марксистік-лениндік әдіснамасына негізделе отырып, қазақстандық зерттеушілер қазақ мемлекеттігі қалыптасуының тарихи үрдісін көрсете алды.

Әдебиеттер тізімі:

1.Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстан (Избранные труды). Алматы: Ғылым,2006.
2.Игибаев С.К. Историография истории Казахстан: Учебник.-Алматы,2013

ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАҒЫТЫНДАҒЫ БИЛІК ПЕН МАМАНДАР ТАРТЫСЫ (ХХ ҒАСЫРДЫҢ 20-30 Ж.Ж.).

Тайман Жанар, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
тарих факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі- **Исмагулов Ұ.Ш.,** тарих ғылымдарының докторы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Қазақ жері, қазақ елі біздің ата - бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарға қалдырып кеткен баға жетпес байлығы және асыл мұрасы. Қазіргі таңда - Қазақстан әлемде татулығы мен ұлтаралық бірлігі жарасқан елдер қатарында. Тамыры тереңге жайылған тарихтан сыр шертетін болсақ: қазақ халқы ашаршылықты, елден жыраққа ауа көшуді, патшалық Ресейдің озбыр саясатын бастан кешірсе де еш мойымай, айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың қазақ халқының мүддесін қорғауда қасқайып қарсы тұра білген, ерен еңбектерін атамасқа болмас. Атап айтсақ патша үкіметінің отаршылдық саясатының ауыр зардаптары жер мәселесінде айқын көрінді. Ресей империясының отарлық жер саясатының зардаптарын жою Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан қолға алынды. Мәселе қазақ шаруашылығының қай бағытта дамуы қажеттігінде болды. Осы мәселе төңірегінде талас-тартыстар орын алды.

Патшалық билік кезінде қазақ жері мемлекеттік меншік болып жарияланды, бұл-қазақ жеріне келімсектердің келуіне, оларға миллиондаған шұрайлы да шүйгін алқаптардың бөлініп, қазақтардың сортаң жерге ығыстырылғаны қарапайым халықтың ашу ызасын тудырды. Кеңес үкіметінің мұндай келеңсіз шешімі қазақ халқының байырғы ата кәсіптерінің дамуына кедергі келтіріп, ғылым мен билік арасында тартыстардың тууына әкелді. Ғылым мен билік басындағылардың арасындағы дау Қазақстандағы шаруашылықтың түріне қатысты болды, атап айтсақ: қазақ жерін дәстүрлі мал шаруашылығы немесе отырықшы егін шаруашылығына икемдей отырып, атаулы шаруашылыққа басымдық беру болатын.

Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, С.Садуақасов, О.Жандосов сынды азаматтардың ой-пікірлері мен тұжырымдары сол кезеңдегі оқиғаларды, құбылыстарды жаңаша пайымдауда орны ерекше болды. Мысалы, Ә.Бөкейхановтың 1913 жылғы «Қазақ» газетіне жариялаған мақаласында: «Бұрын адам аз, жер көп болған, мұны біздің қазақ өз көзімен көріп отыр. Жердің көп-азына қарамай, жердің hауасына қарай адам баласы мал баққан я егін салған. Жер көп болса, мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен бірге көшіп жүрген. Жер аз болса, жердің hауасы егінге қолайсыз болса, мал шаруасын ұсап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырықшы болған» - деген пікірін келтіруге болады. Ә.Бөкейхановтың бұл пікірімен келісуге болады, расындада қазақ халқы орналасқан аймағына қарай шаруашылықтарын өздері реттеп икемдеп отырған. Ертеден келе жатқан шаруашылық бағытын Кеңес үкіметінің тарапынан қатаң бір тәртіпке келтіру қарапайым халықтың мысын басты. [1]

ХХ ғасырдағы тағы бір ерекшелік қоныстандыру мекемелері және астықты аймақтардың құрылуы, қазақ жерінің қоныстандыру қорларына айналып, сол жерлерге келімсектердің орналастырылуы қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесінің бұзылуына әкелді.

Қазақ шаруашылығы бағытындағы тартыстарға тоқталатын болсақ бірі қазақ жерінде мал шаруашылығына басым беру керек десе, енді бірі отырықшыландыру керек деген пікірлерді айтты. С.П.Швецов Қазақстан табиғаты және қазақ шаруашылығының ерекшеліктеріне байланысты профессор К.А.Вернердің «қазақ шаруашылығының» сол қоршаған ортаға икемделгені сондай, сол жағдайда ең өнімді шаруашылық болып табылады, деген тұжырымын келтіре отырып, «Қазақстанның басым

бөлігіне тән көшпелі тұрмыс қазіргі күнге дейін қазақтың өзінің және қазақ шаруашылығының жабайылығынан сақталып отырған жоқ... Қазақ-малшы, қазақ-көшпелі, өйткені қоршаған ортасы, табиғаты соны талап етеді»- дейді[2, 157б].

А.Н.Жемчужников: «Шаруашылықтың бұл түрі алғашқы тұрмыстық мәдениет қалдығы болып табылмайды және де оған тұрмыстық ескі наным-сенім ретінде қарауға болмайды. Қырғыз(Қазақ) өлкесі үшін бізге егіншілік малшының өтуге тиіс шаруашылығының жоғарғы формасы сияқты мектептік түсінікті тастау керек.Табиғи-тарихи және тұрмыстық жағдайына байланысты мұнда тек ғана көшпелі-жайылымдық шаруашылықты дамыту керек және ол Одақтың экономикалық күш-қуатын одан әрі өсіру мақсатындағы мемлекеттік шара болуы қажет» -деп,көрсетеді. [3, с.95-96]

Қазақстан ауыл шаруашылығында мал шаруашылығының ролі жөнінде кеңінен дәлелдемелер бере білген ғалымдардың бірі М.Г.Сириус болды. М.Г.Сириустың 1926 жылы жарық көрген «К вопросу о перспективах скотоводства в Казахстане» мақаласында Қазақстанда мал шаруашылығының даму мүмкіншілігі сөз болады. Ғалым табиғи-тарихи және экономикалық жағдай елдегі негізгі шаруашылық –мал шаруашылығы болып табылатындығына кепілдік беретіндігін, Қазақстанның басты шаруашылық қуаты мал шаруашылығы болып қала беретіндігі, үкіметтің 15-20 жыл ішінде мал басы санын 70 млн жеткізу міндетін алуға мүмкіншіліктер бар деп есептейтіндігі жөнінде айтқан. Мақалада үкіметтің алға қойып отырған міндетінің шынайылығы нақты сандық есептер келтіру арқылы дәлелденеді және мал басы санының одан әрі көбейтілуі тұрғындар саны мен жем-шөп қорына байланыстылығы түйінделеді. [4, с.26]

Шынында да С.П.Швецов, А.Н.Жемчужников, М.Г.Сириус секілді ғалымдар қазақ шаруашылығының түрі табиғи-тарихи жаратылысы жағынан қарастырылуы керектігін, оны өзгерту емес, тиімділігін көтеру қажеттілігін ескерте келе асығыстыққа жол берілмеуі керектігін алға тартады.

Ал, А.Н.Челинцев ауыл шаруашылығының даму бағыттарына өз пікірін: көшпелі шаруашылыққа басым көңіл бөлу мәселесіне қарсы егіншілікті дамытуды қолға алу керектігін айтады. Ол үшін біріншіден малы аздықтан көшпеліліктен отырықшылыққа өтуге мәжбүр болатын шаруашылықтар есебінен; екіншіден КСРО-ның халқы тығыз аудандарынан келімсектер тартудан деп көрсетеді. КСРО-ның басқа аудандарымен салыстырғанда Қазақстан территориясы ауыл шаруашылығының өзіне тән ерекшелігі экстенсивті мал шаруашылығы екендігін мойындай отырып, осы ерекшеліктің Қазақстанда «алдағы уақытта да ұзақ мерзімге сақталуы керектігін» айта келіп, «тек микроаудандық талдау, алқаптардың егіншілікке жарамсыздығын көрсете алатын кішігірім территорияда табиғат жағдайын барынша тиянақты зерттеу экстенсивті мал шаруашылығын сақтау керектігін және оны өзгерту мүмкін еместігін дәлелдей алады»- деп түйіндейді[2,157 б]

Я.Л.Абрамович Н.П.Огановскийдің астық проблемасын шешу бағытында тез арада Қазақстандағы егін салуға жарамды бос жерлерді пайдалану, оған келімсектер жайғастыру керек, осылайша республиканың астық өнімі 5жылда 3,5-4 есе өседі деген пікіріне қарсылық білдіреді.

1920 жылдан бастап алғашқыда қазақ өлкелік жер бөлімінің, кейін Қазақ ЕХК, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың және де жоғарғы үкімет орындарының бас қосу мәжілістерінде бұл дау-тартыс көтерілген болатын. 1920 жылдың ортасынан бастап үкімет пен партия елде астық мәселесін шешуге зор көңіл бөледі. Осы жолда Қазақстанның орасан зор территориясын егін шаруашылығына тарту мәселесі күн тәртібіне қойылып, өлкеде егістікке жарамды бос жерлер анықталып, оған келімсектер орналастырылып, колхоз,совхоздар құру сияқты шараларды жүргізу әрекеттері өз бастамасын алды. Қазақстанның болашағы жөнінде қарама-қарсы ой-пікірлер жаңа қарқын алып, елдің социолистік бағытта дамуы, келесісінде шаруашылықтың дәстүрлі

қалпының сақталуы, тағы біреулерінде кеңестік кезеңде капиталистік деп көрсетілген нарықтық қатынас жолымен өркендеуі айтылды.

Н.Нұрмақов Қазақстанға сырттан қоныстандыру жөнінде өзіндік пікірін білдіре отырып, қазақ жеріне қоныс аудару ісі жедел жүргізілмеуі тиіс, алдымен ішкі жер қатынастарын реттеп, егін салуға қолайлы артық жер мөлшерін анықтау ісі жүргізілу керек, жерге келімсектерді орналастыру барысында бірінші кезекте қазақтар мүддесінің жоғары болуы шарт екенін айтты[5,280 б].

Қорыта келгенде қазақ жерінде Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі кездегі жер мәселесіне қатысты шаралар толық жүзеге асырылды деп айта алмаймыз, себебі жайлы жерлер қайтарылмай, жерге орналастыру аяқсыз қалды, үкіметтің арнайы заңдары, қаулы шешімдері, сол кезеңдегі қайшылықтар жер мәселесін ұлттық тұрғыда шешу, яғни қазақ тұрғындарын жерге бірінші кезекте орналастыру таптық мүдде желеуімен тізгінделіп тасталды, дәстүрлі шаруашылық болашағына балта шапты,қазақ халқының заңдық құқықтары ескерілмей көбіне келімсектердің пайдасына шешіліп отырды, жер мәселесінің заңды түрде реттелуіне қатысты пікір білдірген ұлт өкілдеріне «ұлтшылдар» деген айыптар тағылып қудаланды.Осы аталған тұжырымдарға кеңестік билік кезіндегі көтерілген отарсыздандыру шараларының аяғына жеткізілмегенін көрсетеді. Бұл жағдайларды қазіргі таңда жер мәселесінде кездесіп отырған проблемалардың сол кезеңде дұрыс шешілмеуінің салдары деп баға беруге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://zheruiyq.kz/lihan-b-kejhanny-bir-yry-ol-d-st-r/
2.Исмағұлов Ұ.Ш Кеңестік биліктің Қазақстандағы жер саясаты (1917-1940ж.ж). Ақтөбе: С.Т.Жанәділов,2018-157 б
3. Жемчужников А.Н. Движение на Восток. (к вопросам переселения,землеустройства и колонизации) –М., 1927.-143с
4. Сириус М.Г.К вопросу о более рациональном на правлении сельского хозяйства в Северном Казахстане//НХК.-1928.-№6-8. С.15-32
5.Нұрмақов Н. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. – 280 б

АЗАМАТТАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДА АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Темиргалиева Ақмарал, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, экономика және құқық факультетінің IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Идресова Ү.Х.,** тарих ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті, Атырау қ.

Ұлттық санада да сот билігі халыққа етене жақын тұрған билік саласы болып есептеледі. Би, бүгінгі тілмен айтқанда, судья – ел қамқоры, халық жанашыры әрі ақылшысы бола біледі. Қазақ даласындағы сот билігінің мұраты – сот процесіне қатысушылардың «жеңуі», не «жеңілуінде» емес, екі жақтың «жеңілдеп» шығуында еді. Өйткені, оның басты мақсаты – бітім, бітімгершілік болатын. «Дау мұраты – бітім» деген аталы сөз де сол кезден қалған. Қазіргі күнде біздің еліміздің саяси жүйесінің жаңғыртылуы және әрі қарай дамуы мемлекет дамуының басым бағыттарының бірі ретінде атап көрсетілген. Бұл кездейсоқ емес, өйткені, бәсекеге қабілеттілік көптеген елдердің, соның ішінде Қазақстанның дамуының саяси аспектілерін де анықтай бастады. Өткен 30 жыл ішінде сот жүйесін жетілдірудің бірнеше мәселелері қолға алынып, ауқымды жұмыстар атқарылып, осы күнге дейін әрі қарай жалғасын табуда. Бұл жұмыстар азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сот жұмысы туралы ақпараттың ашықтығы мен айқындылығына, қолжетімділігіне, сондай-ақ Конституцияның, «сот жүйесі және судьялардың құқықтық мәртебесі» туралы заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталды. Талап қоюға қатысты істерде істің тараптары (талап қоюшы және жауапкер) ерекше орынға ие; көп жағдайларда істі шешуші судьяның олар жөнінде қандай көзқарасы қалыптасатындығына қарамастан, дәл осы талап қоюшы мен жауапкер сот процесіндегі өз орындарын айқындайды. Талапкер сотқа жүгінгенге дейін өзінің материалдық және өзге де сипаттағы талаптарын кімге қоятындығы жөніндегі сұрақты өз бетінше анықтайды және соған қатысты сот мәні бойынша шешім қабылдауға тиіс болады. Ал жауапкер болса, өз кезегінде, даулы іс бойынша өз ұстанымын анықтауда сыртқы пікірлерден еркін (талап қоюшы, үшінші тұлғалар және т.б.) болады. Азаматтық іс жүргізу құқығы - азаматтық істерді қарап, шешім шығарып және оны орындау тәртібін реттейтін нормалар жиынтығынан тұратын ұлттық құқықтың бір саласы. Ол сот органдарының сот ісін жүргізудегі қызметін, судьялардың қызметін, іс жүргізуге барлық басқа да қатысушылардың қызметіне байланысты туатын қатынастарды реттейді. Жалпы бөліміне: жалпы ережелер, азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері мен принциптерін, ведомстволық бағыныстылық және соттылық туралы жалпы ережелерді, іске қатысушы тұлғалар туралы жалпы ережелерді, сот хабарлаулары мен шақырулары туралы жалпы ережелерді, іс жүргізу мерзімдерінің жалпы ережелерін және т.б. жатқызуға болады. Ерекше бөліміне: бірінші сатыдағы сотта іс жүргізуді, бұйрық арқылы іс жүргізуді, талап қою бойынша іс жүргізуді, ерекше талап қоюмен іс жүргізуді, ерекше іс жүргізуді, сот қаулыларын қайта қарау бойынша іс жүргізуді, жойылған сот ісін немесе атқару ісін жүргізуді қалпына келтіруді, халықаралық процесс және т.б. жатқызуға болады.

Елімізде сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады. Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады.Республиканың сот жүйесі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне

азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. [1]

Азаматтық сот ісін жүргізу осы тарауда жазылған қағидаттар негізінде жүзеге асырылады.Азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттарын бұзу оның сипаты мен елеулілігіне қарай шығарылған сот актілерінің күшін жоюға әкеледі.Сот азаматтық істерді қарау және шешу кезінде Қазақстан Республикасы басты заңымыздың, Қазақстан Республикасы конституциялық заңдарының, осы Кодекстің, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, қолданылуға жататын Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті.Соттар адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсететін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес. Алайда сот қолданылуға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Ата заңда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсетеді деп тапса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және бұл актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасауға міндетті. Сот Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімін алған соң іс бойынша іс жүргізу қайта басталады.Сот істі қарау және шешу кезінде мемлекеттік немесе басқа да органның актісі заңға сәйкес келмейді немесе ол өкілеттіктерді асыра пайдаланып шығарылған деп белгілесе, заңның нормаларын қолданады. Даулы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда сот ұқсас қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал мұндай нормалар болмаған кезде, Қазақстан Республикасы заңнамасының жалпы негіздері мен мағынасын негізге ала отырып, дауды шешеді.Алайда заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.Азаматтық істер бойынша сот төрелігін тек сот қана осы Кодексте белгіленген қағидалар бойынша жүзеге асырады. Соттың билік өкілеттіктерін кімнің де болса иеленуі заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.Төтенше, сондай-ақ заңсыз құрылған өзге де соттар шешімінің заңды күші болмайды және орындалуға жатпайды. Өз қарауына жатпайтын іс бойынша азаматтық сот ісін жүргізуді жүзеге асырған, өз өкілеттіктерін асыра пайдаланған немесе нормамен көзделген азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттарын өзге де елеулі түрде бұзған соттың шешімдері заңсыз болады және олардың күші жойылуға жатады. Әркім бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін заңда белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде, азаматтар мен заңды тұлғалар осы Кодексте белгіленген тәртіппен басқа тұлғалардың немесе тұлғалардың белгісіз бір тобының бұзылған немесе даулы заңды мүдделерін қорғау туралы арыз беріп, сотқа жүгінуге құқылы. Алайда заңға қайшы келсе немесе кімнің де болсын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін бұзса, сотқа жүгіну құқығынан бас тарту жарамсыз болады. Азаматтық іс бойынша іс жүргізу кезінде азаматтық процеске қатысатын тұлғаның ар-намысын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемсітетін, іскерлік беделін кемітетін әрекеттерге тыйым салынады. Азаматтық сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерінен, сондай-ақ басқа да тұлғалардың осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген әрекеттерді жасауына байланысты жеке тұлғаға келтірілген моральдық зиян, жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға келтірілген залалдар заңда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс. Сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, процеске басшылықты жүзеге асырады, тараптардың істің

мән-жайларын толық және объективті зерттеуге арналған процестік құқықтарын іске асыруы үшін қажетті жағдайлар жасайды. Сот іске қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, процестік әрекеттерді жасаудың немесе жасамаудың салдарлары туралы ескертеді, олардың құқықтық позициялары мен дәлелдемелерін нақтылайды, олармен істің мән-жайларын талқылайды және Кодексте көзделген жағдайларда, оларға өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі. Сот шешімді әрбір тарапқа бірдей негіздерде зерттеуге қатысуды қамтамасыз еткен дәлелдемелерге ғана негіздейді [2]

Азаматтар мен ұйымдардың құқығын қорғауда бірінші сатыдағы сот азаматтық істер бойынша сот актілерін сот бұйрықтары, шешімдері, ұйғарымдары, қаулылары нысанында қабылдайды. Апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттар сот актілерін ұйғарымдар мен қаулылар нысанында қабылдайды.Заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ сот төрелігін жүргізу кезінде соттар мен судьялардың өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары және басқа да өтініштері барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, азаматтар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуға жатады. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі конституциялық емес деп таныған заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актіге негізделген сот актілері орындалуға жатпайды.Сот актілерін орындамау, сол сияқты сотты құрметтемеудің өзге де көрінісі заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Сот актісінің міндеттілігі іске қатыспаған мүдделі адамдардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгіну мүмкіндігінен айырмайды.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі. Ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады. Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді. Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді. Сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібіне қарамастан берілген сот істері бойынша, сондай-ақ соттың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштерді сот қараусыз қалдырады немесе тиісті органдарға жібереді. Сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот актілері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады [3]

Азаматтық іс жүргізу бұл сот және басқа субъектілер арасындағы азаматтық іс қарау мен шешу кезіндегі құрылатын азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелген азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастар және процессуалдық әрекеттер жиынтығы. Азаматтық сот ісін жүргізудің басты мақсаты – бұзылған құқықты қалпына келтіру немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау болып табылады. Азаматтық іс жүргізу (процесс) соттың, тараптардың басқа да процеске қатысушылардың (прокурор, өкілдер, сот хатшысы және т.б.) процессуалдық әрекеттерін, олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін жинақтайды. Сотқа, басқа да қатысушыларға процеске қатысуы мақсатына жету үшін заңмен

белгіленген іс жүргізу құқықтары беріліп, соған сәйкес іс жүргізу міндеттері жүктеледі. Азаматтық іс жүргізу құқықтары мен іс жүргізу міндеттер процесі барысында жүзеге асырылады. Қазақстанда сот өкілдігінің кешенді стратегиясын дәлме-дәл нақтылау мемлекеттік және қоғамдық институттардың алдында тұрған өзекті мәселе болып табылады. Осыған орай мемлекет басшысы өз кезегінде Қазақстанның мемлекеттік құрылымы мен саяси жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған елдегі ірі көлемдегі саяси реформаларды жалғастырудың қабылданған бағытын өзгертпейтінін тағы да атап өтті. Сонымен бірге мұнда саяси жаңғыртуды жүзеге асыру барысында бұл сферадағы әлемдік тәжірибені де, сондай-ақ қазақстандық нақты жағдайды да есепке алу үлкен маңызға ие болатынын ескертті. Жалпы процессуалдық заңға сәйкес азаматтар өз істерін сотта өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы және азаматтың іске өзінің қатысуы оның бұл іс бойынша өкілі болу құқығынан айырмайды Төменде көрсетілгендей, дауларды реттеудің соттан тыс тетіктерін дамыту үшін жекелеген санаттар бойынша «Дауларды соттан тыс реттеу» деген жаңа тарау енгізіледі. Кәсіптік өкілдік ету институтының мәселесі өзектілене және қоғамға ене түсті. Нормаға сәйкес тараптардың мүддесі үшін басқа адамдардың сотқа қатысу мүмкіндігі сақталады, бұл ретте критерий ретінде олардың жоғары заңгерлік білімінің міндетті түрде болуы белгіленеді [4]

Азаматтар мен ұйымдардың заң мен сот алдындағы теңдігі. Азаматтық сот ісін жүргізу барысында азаматтардың ешқайсысына артықшылық берілмейді және олардың ешқайсысы да қандай да мән-жайлары себепті кемсітілмеуге тиіс.Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда азаматтық іс жүргізу қатынастарының ерекшелігі ретінде соттардың қызметіне баса тоқталдым.Өйткені елімізде сот адам құқықтарын қорғаушы соңғы нүктені қоятын бірден-бір мемлекеттік орган ретінде қарастырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1.ҚР Конституциясы 1998.30-тамыз
2.ҚР Азаматтық процестік кодексі 2015ж.31.10
3.Сот және судьялардың құқықтық мәртебесі туралы ҚРЗ 2000ж.25.12
4.Егембердиев Е.О. ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы-оқулық-2007ж Фолиант-Астана

ҚОРҒАНШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Турбаева Альбина, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
тарих, экономика және құқық факультетінің III курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Отеуова А.Ж.,** заң ғылымдарының магистрі, М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетінің оқытушысы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Қазақстан Республикасы Конституциясы ана, бала және отбасын мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етеді және осыған сәйкес жасына, ауруы, мүгедектігі, асыраушысынан айрылуы, бала тәрбиесі және заңмен белгіленген басқа жағдайларда әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік берілетіні анық.

Қорғаншылық және қамқоршылық институты әлеуметтік қамқорлық түрі ретінде азаматтардың құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етуге арналған. Әлеуметтік мағынада қорғаншылық және қамқоршылық дегеніміз – біреуге, оның ішінде кәмелетке толмаған балаларға жауапкершілікпен байланысты қамқорлық және бақылау болып табылады.

«Қорғаншылық» және «қамқоршылық» терминдерін әртүрлі мағыналарда қолданады. Бұл, біріншіден, азаматтың құқықтары мен мүдделерін қорғау нысаны (құқықтық көмек түрі); екіншіден, құқықтық қатынастар жүйесі, адамдардың құқықтық қатынастары; үшіншіден, заңнама институты [1].

Қорғаншылық және қамқоршылық институты – бұл өз құқықтарын өз бетінше жүзеге асыра алмайтын және өз міндеттерін орындай алмайтын азаматтардың (әрекетке қабілеті шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз азаматтардың) құқықтары мен мүдделерін қорғау нысандарының бірі. Бұл ретте азаматтың құқықтары мен мүдделерін қорғау қамқорлыққа алынушыны қорғаншының (қамқоршының) тұрғын үйіне іс жүзінде ауыстыру қажет екендігін бермейді. Қорғаншылық (қамқоршылық) қорғау нысаны ретінде қамқорлыққа алынушының пайдасына нақты және заңды іс-әрекеттер жасауға міндеттілігінен көрінеді.

Қорғаншылық (қамқоршылық) азаматтарды орналастырудың ең көп таралған құқықтық нысаны болды және болып қала береді. Бұл формада әлеуметтік қамқорлыққа мұқтаж азаматтың тағдырын ең жақсы жолмен, бір жағынан, отбасында тұруға жақын, екінші жағынан, азаматтың құқықтары мен мүдделерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ететін үлкен оң әлеует бар.

Қазіргі уақытта қорғаншылық және қамқоршылық институтының проблемалары заң ғылымының назарынан тыс қалмауы тиіс, өйткені бұл институт ұзақ уақыт бойы егжей-тегжейлі зерттелмеген. Сонымен бірге, азаматтық заңнамада және азаматтық ғылымда болған өзгерістер қамқоршылық институтын реформалауды қажет етеді. Құқық жүйесіндегі отбасылық құқықтың орны туралы түсінік өзгерді. Бұл жағдайлар қорғаншылық және қамқоршылық қатынастарына азаматтық-құқықтық тетіктерді қолдану мүмкіндігін талқылаудың маңызды алғышарттары болып табылады.

Қорғаншылық және қамқоршылық – бұл кешенді институт. Өйткені ол Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен, Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексімен және «Мемлекеттік қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 Қаулысымен реттеледі.

Қорғаншылық және қамқоршылық институтының кейбір ережелері әртүрлі салалық сипатқа ие. Азаматтық-құқықтық нормаларға, мысалы, қамқоршылардың мәмілелерге қатысуы, қамқоршының қамқоршылығындағы азаматтарға мәміле жасауға келісім беруі туралы ережелер жататыны анық. Сонымен бірге қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу мерзімдері мен тәртібі, соттың қорғаншылық және қамқоршылық органына

азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, қорғаншылық және қамқоршылық органының қамқорлыққа алынушының мүлкін иеліктен шығаруға келісім беруі туралы хабарлау міндеті сияқты осы және басқа ережелер, шын мәнінде, мемлекеттік басқару органының функцияларын бекітеді және әкімшілік-құқықтық сипатқа ие болады.

Сонымен, қорғаншылық және қамқоршылық туралы нормалар бүгінде азаматтық құқық нормалары жетекші орын алатын және олардың қолданылуы әкімшілік-құқықтық саланың нормаларымен қамтамасыз етілген кешенді құқықтық институт болып табылады [2].

Алайда, кейбір заңгерлер қорғаншылық пен қамқоршылық институтын азаматтық құқық институты деп санайды, бұл отбасылық құқықты тәуелсіз құқық саласына бөледі. Мұндай теориялық қарама-қайшылық азаматтық және отбасылық заңнамалар арасындағы құқықтық реттеу саласын жеткілікті ажырату нәтижесінде туындайды. Бұл мәселені Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне және Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексіне одан әрі өзгерістер енгізе отырып, қамқоршылық пен қорғаншылықтың құқықтық сипатын нақты анықтау арқылы шешуге болады. Әрекетке қабілеттілігі жоқ не оған толық көлемде ие емес азаматтарға қорғаншылық пен қамқоршылық азаматтардың әрекет қабілеттілігінің орнын толтыру үшін тағайындалады. Бірақ кәмелетке толмаған балаларға қамқоршылар тағайындалған кезде баланы тәрбиелеу маңызды рөл атқарады [3].

Сондықтан, қамқоршылар мен қорғаншылардың құқықтары мен міндеттерін дәл және толық анықтау қажет. Себебі, әрекетке қабілеттілігі шектеулі адамның өкілеттіктерінің көлемі әрекетке қабілетсіз азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерінен айтарлықтай ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормалары қабілетсіз адамдардың құқықтары мен мүдделерін, олардың жеке және мүліктік құқықтарын, сондай-ақ отбасында өмір сүру және білім алу құқығын қорғау мәселелерін реттейді. Осыған байланысты қорғаншылық пен қамқоршылық тек азаматтық-құқықтық институттар ретінде қабылдануы мүмкін. Қорғаншылық пен қамқоршылықтың нысандары мен шарттарын егжей-тегжейлі белгілеу Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің нормаларында беріледі, онда олардың пайда болуы мен құрылу тәртібін айқындайтын ережелер бекітілген, қорғаншылар мен қамқоршылардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ қорғаншылық және қамқоршылық органдарының өкілеттіктері белгіленеді.

Қорғаншылық пен қамқоршылыққа қатысты жоғарыда келтірілген көзқарастар осы құқықтық қатынастар құрылымының барлық күрделілігін, сондай-ақ оларды жүзеге асыру механизмін көрсетеді.

Сондай-ақ, қорғаншылық пен қамқоршылықты тәуелсіз құқықтық институттар ретінде қарау керек деген пікір бар. Мысалы, Н. М. Ершова «қорғаншылық пен қамқоршылық мазмұны жағынан бір-бірінен ерекшеленеді» деп мәлімдеді [4].

Азаматтық құқықтағы қорғаншылық пен қамқоршылықты реттейтін нормаларға талдау жасай отырып, қорғаншылық пен қамқоршылық азаматтық айналымға қатысатын адамдардың құқықтық жағдайын реттейтін азаматтық құқық институтына қатысты нормалардың жиынтығы деп қорытынды жасауға болады.

Отбасылық құқықтағы қорғаншылық және қамқоршылық нормаларына келетін болсақ, олар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру нысаны деп аталатын құқықтық институттың құрамына кіреді деп айтуға болады.

Қорғаншылық және қамқоршылық институт ретінде қорғаншылық пен қамқоршылықты белгілеу, жүзеге асыру және тоқтату жөніндегі қатынастарды реттейді. Айта кету керек, бұл қатынастарды ортақ мақсат біріктіреді, ол — уақытша негізде әлеуметтік қамқорлықты қажет ететін адамның құқықтық жағдайын жүзеге асыру.

Қамқоршылық және қорғаншылық институтының пәні келесі қатынастарды қамтиды:

– әлеуметтік қамқорлыққа мұқтаж адам үшін заңда көзделген тәртіппен орналастырудың қажетті нысаны — қорғаншылық (қамқоршылық) таңдалған кезден бастап туындайтын қорғаншылық пен қамқоршылықты белгілеу бойынша қатынастар;

– қорғаншылықты және қамқоршылықты жүзеге асыру бойынша қатынастар. Бұл қарым-қатынас қорғаншылық пен қамқоршылық белгіленген сәттен бастап оны тоқтатқанға дейін созылады. Осы қатынастардың қатысушылары қорғаншы және қамқоршы органдар, қорғаншылар (қамқоршылар), ал жекелеген жағдайларда қамқоршылардың өздері болып табылады;

– қорғаншылық пен қамқоршылықты тоқтатуға байланысты қатынастар [5].

Қорғаншылық және қамқоршылық институты қорғаншылықты (қамқоршылықты) еркін қабылдауға және қорғаншының (қамқоршының) өз міндеттерін атқарудан еркін бас тартуға құқық береді, қамқорлыққа алынушылардың бұзылған құқықтары мен мүдделерін барынша қорғауды қамтамасыз етеді. Осылайша, қорғаншылық (қамқоршылық) құқықтық жүйеге қатысты жеке құқықтық категория ретінде, азаматтық және отбасылық құқық институты ретінде қарастырылуы мүмкін, онда бір-бірімен тығыз байланысты ғана емес, сонымен бірге бір-бірін анықтайтын әлеуметтік қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы бар.

Жоғарыда көрсетілгендей қамқоршылық және қорғаншылық институты бірқатар нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Соның ішінде Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексімен осы институтқа қатысты басты ережелер көрініс тапқан. Дәлірек айтқанда ол мынадай: қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленетін адамдар туралы, мемлекеттің қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функциялары туралы, қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу, қорғаншылардың немесе қамқоршылардың және қамқорлыққа алынғандардың құқықтық жағдайы, әрекетке қабілетті азаматтарды қамқоршылыққа алу, қорғаншыларды немесе қамқоршыларды өз міндеттерін атқарудан босату және шеттету, қорғаншылықты немесе қамқоршылықты тоқтату сияқты нормалар жиынтығынан тұрады.

Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 119-бабынан қорғаншылық пен қамқоршылық белгіленетін адамдар тізбесін анықтауға болады: «жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту мақсатында, сондай-ақ олардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін оларға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленеді. Сондай-ақ, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленеді». Яғни, олар – жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдар.

Қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы адамдардың құқықтары:

1) өздерінің адамдық қадыр-қасиеттерінің құрметтелуіне;

2) қорғаншы немесе қамқоршы тарапынан қамқорлық жасалуына;

3) қорғаншы немесе қамқоршысымен бірге тұруға;

4) өздеріне тиесілі алиментке, жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге;

5) тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтауға;

6) қорғаншы немесе қамқоршы тарапынан жасалатын қиянаттан қорғалуға;

7) қорғаншының немесе қамқоршының отбасында тәрбиеленуге;

8) өздеріне күтіп-бағу, тәрбиелеу, білім алу және жан-жақты даму үшін жағдайлардың қамтамасыз етілуіне;

9) тұрғын үйі болмаған жағдайда оны Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес алуға құқықтары бар [6].

Бұл құқықтар біріншіден, қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы азаматтардың әрекетке қабілетті азаматтар сияқты құқықтарға ие болатындығын дәлелдейді, екіншіден, әрекетке қабілеті шектеулә немесе әрекетке қабілеті жоқ азаматтардың жағдайын жақсартуға

бағытталған әрі қорғаншылықты және қамқоршылықты жүзеге асыру бойынша қатынастардың негізін құрайды.

Қорғаншылық пен қамқоршылықты тоқтатуға байланысты қатынастарға келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 130-бабында мұндай тоқтатылудың үш жағдайы көрсетілген:

1. Қамқорлыққа алынушыны әрекетке қабілетті деп тану немесе қорғаншының немесе қамқоршының не қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның өтініші бойынша оның әрекет қабілеті шектелуінің күшін жою туралы сот шешім шығарған жағдайларда кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық тоқтатылады.

2. Қамқорлыққа алынған жас бала он төрт жасқа толған соң оған қорғаншылық тоқтатылады, ал қорғаншылық міндетін жүзеге асырған адам бұл туралы қосымша шешімсіз кәмелетке толмаған баланың қамқоршысы болады.

3. Қамқорлыққа алынушы он сегіз жасқа толған соң, сондай-ақ ол некеге отырған (ерлі-зайыпты болған) кезде кәмелетке толмаған балаға қамқоршылық ерекше рұқсатсыз-ақ тоқтатылады.

Бұл тоқтатылу жағдайлары қорғаншылық және қамқоршылық институтының қамқоршылықтағы немесе қорғаншылықтағы азаматтарға қатысты жойылатындығынының белгілері. Яғни, институт белгілі бір кезеңде өз шегіне жетуі мүмкін жағдайларға назар аударған.

«Қазақстан Республикасының қорғаншылық және қамқоршылық органдары туралы, патронат туралы ережелерді және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 қыркүйектегі № 1346 қаулысымен «Қазақстан Республикасының қамқоршылық және қорғаншылық органдары туралы» ереже бекітілді. Бұл қорғаншылық пен қамқоршылықты белгілеу рәсімін егжей-тегжейлі регламенттеген Қазақстан Республикасының алғашқы құжаттарының бірі. Қазіргі уақытта бұл актінің орнына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 қаулысымен бекітілген «Қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі мемлекеттің функцияларын жүзеге асыру қағидалары» қолданылады. Осы нормативтік-құқықтық актіге сәйкес мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функциялары – бұл мемлекеттік саясаттың бір бағыты, оның мақсаты өз құқықтары мен мүдделерін қорғаудың ерекше нысандарына мұқтаж азаматтардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын қорғау болып табылады.

Мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функциялары кәмелетке толмағандардың, оның ішінде асырап алуға, баланы қабылдайтын отбасыларға беруге, өздеріне қорғаншылықты немесе қамқоршылықты, патронатты белгілеуге мұқтаж жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы, патронаттағы, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиеленіп жатқан жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылады. Бұл іс жүзінде Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы, кәмелетке толғандарға қатысты – халықты әлеуметтік қорғаудың уәкілетті органдары арқылы жүргізіледі.

Қорғаншылық және қамқоршылық органдарына заңдарда балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың, өздеріне қатысты құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол берілетін балаларды тікелей анықтау; осындай балалардың есебін жүргізу; ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды (жетім балаларды, әлеуметтік жетімдерді) орналастыруға шаралар қолдану міндеті жүктелген. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарынан басқа заңды және жеке тұлғалардың ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру жөніндегі қызметіне заңмен жол берілмейді.

Мақалада қарастырылған заңнамалар қорғаншылық және қамқоршылық институтының негізін құрайды және олардың барлығында қамқоршылар мен қорғаншылардың, қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алынушылардың құқықтық жағдайлары туралы нормалар мен ережелер бар.

Дегенмен, қазіргі уақытта қамқоршылық және қамқоршылық институты заңнамалық деңгейде әртүрлі өзгерістерге ұшырауды талап ететін жағдайлар да жоқ емес. Бұған себеп болатын мемлекеттік биліктің атқарушы органдары, сондай-ақ отбасылар, қорғаншылар, қамқоршылар тап болатын проблемалар болып табылады,

Қамқоршылық және қамқоршылық институтының проблемаларын екі топқа бөлуге болады:

1) осы саладағы білікті кадрлардың тапшылығы, жеткіліксіз қаржыландыру және/немесе оның дұрыс бөлінбеуі, персоналды тиімсіз басқару және т.б. қамтитын ұйымдастырушылық проблемалар жатады.;

2) мемлекеттік қызметшілердің өз лауазымдық міндеттерін қандай да бір себептер бойынша орындамауы негіз болып табылады.

Бұл екі топ бір-бірімен тығыз байланысты: атқарушы билік органдарын реформалау олардың өз ведомстволары шегінде неғұрлым мұқият жұмыс істеуін көздейді, демек, кадр және қаржы саясатына қатысты іске асырылатын қызмет жоғарыда аталған проблемалардың бірінші тобына қатысты оң нәтижелер беруге тиіс.

Бұдан басқа қорғаншылық және қамқоршылық институтының өзекті проблемаларына балаларды қамқорлыққа орналастырудағы қиындықтарды; отбасына қайтарылған балалар санының азаюын; қорғаншылардың, қамқоршылардың, асырап алушылардың немесе патронат ата-аналардың кінәсінен денсаулығына зиян келтірілген балалар санының көбеюін жатқызуға болады.

Осы себепті де Қазақстан Республикасының заңнамасы қорғаншылық және қамқоршылық институтына жаңартулар енгізуді қажет етеді. Оның ішінде қорғаншылық және қамқоршылыққа алынушылардың денсаулығы мен психологиялық жағдайына нұқсан келтіруге жол берілмейтін қатаң шараларды қолға алған дұрыс деп ойлаймын. Себебі, Қазақстан Республикасының Конституциясы «адам мен азаматтың өмірін – ең қымбат қазына» деп көрсетсе, ал денсаулығына қатысты құқықтардың сақталуына азаматтарды санатқа бөлмей барлығына бірдей кепілдік берді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

1. «Қорғаншылық» және «қамқоршылық» ұғымы көп өлшемді болып табылады және олар – әлеуметтік қамқорлық түрі, құқықтық қатынастар жүйесі, заңнама институты, кәмелетке толмаған азаматтар мен әрекетке қабілетсіз адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және қабілетін толықтыру тәсілі, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру нысанын бекітеді.

2. Қамқоршылық және қамқоршылық институтын кешенді институт деп санауға болады. Қамқоршылық және қамқоршылық қатынастар құқықтың жеке салаларының нормаларымен де реттеледі: азаматтық, отбасылық және қоғамдық құқық салаларының нормалары (әкімшілік құқық).

3. Қорғаншылыққа немесе қамқорлыққа алынушының құқықтарын қорғауға, өкілдік етуге және күтіп-бағуды қамтамасыз етуге, кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеуге бағытталған, алименттік және мұрагерлік міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған жеке, уақытша орналастыру нысандарын қорғаншылық және қамқоршылық деп түсіну керек.

4. Қорғаншылық және қамқоршылық әлеуметтік қолдауға мұқтаж кәмелетке толған және кәмелетке толмаған азаматтарды орналастырудың ең көп таралған (талап етілетін) құқықтық нысандары болды және болып қала береді.

5. Қамқоршылық және қорғаншылық институты оны дамыту және жетілдіруді үнемі қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Михеева Л.Ю. Опека и попечительсво: теория и практика. - М.: Волтерс Клувер, 2004. - 356 с.
2. Михеева Л.Ю. О совершенствовании института опеки и попечительства // Известия АлтГУ. - 2002. - №2. - С. 46-50.
3. Гришина А.М. Актуальные проблемы опеки и попечительства в Российской Федерации // Современные проблемы права глазами молодых ученых. Сборник статей участников Международной научно-практической конференции. Научные редакторы В.Ю. Толстолуцкий, В.А. Юматов, В.А. Колосова. – 2019. – С. 122-124.
4. Ершова Н.М. Опека и попечительство над несовершеннолетними по советскому праву: дис. канд. юрид. наук. - М., 1957.
5. Васильев А.М., Васильева Н.А. Особенности опеки и попечительства как института российского права // Экономика, социология и право. - 2014. - №1. - С. 159-162.
6. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі (2021.02.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // online.zakon.kz

БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ (1897-1926ЖЖ)

Усенов Сарсен, БҚИТУ педагогикалық факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - **Балыкова А.М.,** тарих ғылымдарының кандидаты, БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

1897-1926 жылдардағы Батыс Қазақстан халқының демографиялық дамуы мәселесі кешенді түрде арнайы зерттелмегенмен, оның кейбір аспектілері жалпы Қазақстанның, оның ішінде, батыс аймақтың тарихи демографиясына, әлеуметтік-экономикалық даму тарихына арналған еңбектерде белгілі-бір дәрежеде көрініс тапқан. Аталмыш кезеңдегі Батыс Қазақстан халқының демографиялық даму мәселесі патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау тарихы, қазақ даласына орыс-украин шаруаларын қоныстандыру қозғалысының тарихы, көші-қон үдерістері сынды әлі де болса ақтаңдақ беттері ашылмаған тарихи мәселелермен тығыз байланысты. Сондықтан да, тарихнамалық бағыттағы мақсатымыз батыс аймақтағы халықтың демографиялық даму тарихын құрайтын аталған тарихи мәселелер қарастырылған еңбектерге талдау жасау, соның негізінде тақырыптың тарихнамасын жүйелеу болып табылады.

Батыс Қазақстан халқының қалыптасу және даму тарихына қатысты мәліметтерді П.И. Рычков, П.С. Паллас, А.И. Левшин сияқты төңкеріске дейінгі орыс зерттеушілерінің XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында жарық көрген еңбектерінен кездестіруге болады. 1748 жылы П.И. Рычков Жайық қалашығына келіп, осыдан кейін казактардың тарихы, жергілікті қазақ халқының тұрмысы мен шаруашылығы турасында құнды жазбалар қалдырған. Оның зерттеулері Жайық бойындағы көне қалалар, XVIII ғасырдағы Орал қаласы жөнінде құнды мәліметтер береді. Ал П.С. Паллас Орал қаласына 1769 жылы барып, оның халқы, кәсіптері, тұрмысы мен өмір сүру салтын баяндайтын тарихи мәліметтер қалдырған.

П.И. Рычков өзінің кейін «Топография Оренбургской губернии» деген атау берілген еңбегінде Жайық қалашығымен қатар, Гурьевті гарнизоны бар қала ретінде атап өтеді [1, 15-16 бб.]. Ал осы өңірде орналасқан көне қалаларға географиялық сипаттама беруге тіпті арнайы тарауша арнаған.

Ал А.И. Левшиннің еңбегінде әсіресе, батыс аймақтағы орын алған саяси-экономикалық үдерістердің тарихы жан-жақты баяндалған. А.И. Левшин Кіші жүз территориясында әскери бекіністердің салынуы Ресейдің Орта Азия елдерімен керуен саудасының кауіпсіздігін сақтау үшін де байланысты болғандығын жазады [2, 260, 389 бб.].

Сонымен бірге, аймақтағы халық тарихына қатысты құнды мәліметтер отарлық әкімшілік шенеуніктерінің есептері мен шығармаларында да көрініс тапқан. Сондай құнды дерек көздерінің бірі А.А. Кауфманның Торғай облысына іс-сапарының қорытындысына арналған есебінің 2-бөлімі. Шенеунік есепті жазуға сол кезеңде шығып тұрған Торғай облыстық ведомостволары мен шолуларды пайдаланған. Есепте Торғай даласына орыс шаруаларының қоныстандырылуы, олар үшін жаңа отырықшы елді мекендердің құрылуы, облыс құрамындағы Қостанай елді мекені және Ақтөбе бекінісінің қала ретінде даму барысы, ондағы халықтың қозғалысы баяндалған [3, 2-18 бб.].

Қазақстанның далалық облыстарындағы халық тарихына қатысты мәліметтер Торғай облысы басқармасының тағы бір шенеунігі И.И. Крафттың еңбегінде де кездеседі. И.И. Крафт өзі құрастырған «Сборник узаконении о киргизах степных областей» атты заңдар жинағында «Далалық облыстардағы қалалар туралы тарихи, статистикалық және заңдық мәліметтер» деген қосымша береді. Онда Орал облысының және Торғай облысының құрылу тарихы, орналасқан жерлерінің географиялық сипаттамасы, халқы, қалалардағы өнеркәсіптік және сауда орындары, олардың қызметі, қалалардың шаруашылығы мен көркейтуге қатысты

жергілікті заңнамалар және қаулылардың мазмұны жөнінде жан-жақты мәліметтер келтірілген [4, 242-251 бб.].

Батыс Қазақстан халқының қалыптасу тарихын зерттеуде орыстың көрнекті зерттеушісі әрі Торғай облысының отарлық басқармасының шенеунігі А.И. Добросмысловтың еңбектерінің маңызы зор [5, 399-401, 482-489 бб.]. Артынан көлемді шығармашылық мұра қалдырған патша өкіметінің тағы бір шенеунігі А.К. Гейнс. Ол 1877-1878 жылдары Торғай облысының әскери губернаторы қызметін атқарған. А.К. Гейнс өз еңбегінде қазақтардың күн көріс үшін негізінен жалданып қара жұмыс атқаратынын айта келе, ол қазақтардың қалаға келуінің басты себебі ретінде олардың малынан айырылып, кедейленуін көрсетеді [6, 186 б.].

Батыс Қазақстан халқының қалыптасуының негізгі көзі – орыс-украин шаруаларының қоныстандырылуы болды. Міне, осы қоныстандыру қозғалысының тарихы аймақ халқының кеңестік кезеңге дейінгі демографиялық дамуына талдау жасауда орталық мәселе болып табылады. Осы орайда, кеңестік жылдары қоныстандыру қозғалысының тарихы арнайы зерттеле бастады және ол мәселе туралы А.Б. Тұрсынбаев, Б.С. Сүлейменов, Э.И. Герасимованың еңбектері жарық көрді. А.Б. Тұрсынбаев өз еңбегінде Қоныстандыру басқармасының мәліметтеріне сүйене отырып столыпиндік реформа кезеңіндегі Қазақстанға қоныстандыру қозғалысының көлеміне талдау жасайды, оның аграрлық сипатын ашып көрсетеді. Ал тарихшы-ғалым Б.С. Сүлейменов өз еңбектерінде қоныстандыру қозғалысының жекелеген облыстар бойынша жүру барысын, олардың көлемін көрсетеді [7.].

Патшалық Ресейдің қоныстандыру саясаты болып табылатын орыс-украиндық көші-қонның XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстанда жүру тарихына Н.Е. Бекмаханова мен В.М. Кабузанның мақаласы [8] да арналған. Зерттеушілер Қазақстан территориясына қоныстанған орыс және украин халқының санын 1719 жылдан бастап түгендеуге талпыныс жасайды. 1871-1916 жылдардағы қоныстанғандар санын облыстар бойынша бөліп көрсетеді. Қоныстандыру қозғалысын реттеу үшін XIX ғасырдың 80-90 жылдары қабылданған заң-жарлықтарға талдау береді.

Қазақстанның түрлі аймақтарына, оның ішінде, Торғай облысына қоныстанған шаруалардың саны, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ халқының, әсіресе, әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтардың қала тұрғындарына айналу үдерісі, оның себептері Е.Б. Бекмахановтың «Присоединение Казахстана к Росии» атты монографиясында да қарастырылады. Автор зерттеуінде соңғы мәселеге қатысты концептуальдық тұжырымдар жасайды [9.].

Патшалық Ресей үкіметінің қазақ жеріне қоныстандыру саясаты мәселесін соңғы жылдары көрнекті тарихшы И.В. Ерофеева да зерттеген болатын. Оның зерттеулері [10] патшалық Ресейдің Қазақстанды әскери-казактік және шаруаларды қоныстандыру арқылы отарлауының, аграрлық саясатының тарихын ашып көрсетеді. Автор еңбектерінде Қазақстан территориясын славяндық-еуропалық отарлаудың бастапқы кезеңіндегі көші-қонға төрт кезеңін бөліп көрсету арқылы объективті талдау береді.

Қазақстанда тарихи демографияға қатысты арнайы зерттеулердің жүргізілуі Н.Е. Бекманова, Н.В. Алексеенко, Ф.Н. Базанова сияқты ғалымдардың есімімен байланысты. Н.Е. Бекмахановаңың Қазақстан мен Қырғызстанның XIX ғасырдың 60-жылдарынан 1917 жылға дейінгі көпұлтты халқының қалыптасу тарихына арналған монографиясы кеңестік кезеңге дейінгі Қазақстан халқының тарихы жөніндегі кешенді зерттеу болып табылады. Автор зерттеуінде аталмыш кезеңдегі Қазақстан халқының сандық және сапалық даму көрсеткіштерін қарастыруды арнайы мақсат етіп қойған. Еңбекте халықтың механикалық өсімі және көші-қоны, оның ішінде, Торғай және Орал облыстарына қоныстандыру қозғалысының жүргізілуі мен көлемі талданады. Бұл тұрғыда тарихшы-ғалым Н.Е. Бекманова патша үкіметінің Қазақстан мен Қырғыз еліне XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоныстандыру саясатын үш кезеңге бөлсе, тікелей Орал және Торғай облыстарына қоныстандыруды шартты түрде екі кезеңге бөліп көрсетіп, олардың әрқайсысына түсінік береді [11].

Кеңестік кезеңге дейінгі Қазақстан халқының мәселелеріне Н.В. Алексеенконың да монографиясы арналды. Көлемді зерттеулер мен дерек көздерінің негізінде жазылған еңбекте халық санының өсу мәселелері арнайы тараушада талданған [12].

Еліміз тәуелсіздігін иеленгеннен кейін Отандық тарих ғылымына, ондағы мәселелерге, оның ішінде, тарихи демографияға деген көзқарас күрт өзгерді. Соған байланысты тарихшылар арасында тарихи демографияға деген қызығушылық артып, жаңа көптеген зерттеулер жүргізіле бастады.

Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде Қазақстан халқының даму мәселелеріне қатысты кешенді зерттеулер М.Х. Асылбеков, А.Б. Ғалиев, А.Н. Алексеенко, М.Б. Тәтімов, М.Н. Сдықов сынды ғалымдармен жүргізілді.

Қазақстан халқының демографиялық тарихына арналған алғашқы еңбек М.Х. Асылбеков пен А.Б. Ғалиевтің «Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980)» [12] атты монографиясы. Зерттеуде қоныстандыру саясатының халықтың қалыптасуына шешуші ықпалының болғандығын дәлелдеуге тырысады. Еңбектің басты құндылығы Қазақстан халқының дамуының бірқатар мәселелерінің тарихи демографиялық тұрғыдан алғаш рет көтеріліп, арнайы зерттелуінде болып отыр.

Көрнекті қазақстандық демограф-ғалым М.Т. Тәтімовтың еңбектері береді. Оның кеңестік кезеңдегі жарық көрген бірқатар зерттеулерінде [13] қазақтар санының артуы, одақтық мемлекет жағдайында Қазақстандағы көпұлтты халықтың өсуіне ықпал ететін үдерістер қарастырылады.

Батыс Қазақстан аймағы халқының даму тарихына арналған арнайы зерттеулердің бірі М.Н. Сдықовтың монографиясы. Бұл еңбекте XVIII ғасырдан бастап XXI ғасырдың басына дейінгі аймақтағы халықтың қалыптасу және даму тарихы, қазіргі заманғы тенденциялары көлемді дерек көздері мен санақ және басқа статистикалық материалдар негізінде зерттеледі [14].

Қазақстан халқы мәселелеріне арналып, жарық көрген еңбектердің саны өте көп әрі мазмұны жағынан алуан түрлі. Батыс Қазақстан халқының 1897-1926 жылдардағы демографиялық дамуын арнайы зерттеу Отандық тарихи демография ғылымына қосылатын үлес деуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Уфа: Китап, 1999. – 312 с.;
2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.;
3. Переселенцы-арендаторы Тургайской области (2-ая часть отчета старшего производителя работ Кауфмана по командировке в Тургайскую область). – Санкт-Петербург, 1897.
4. Крафт И.И. Сборник узаконении о киргизах степных областей. – Оренбург, 1898.
5. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Тверь, 1902. – Т. 1. – 270 с.
6. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. – Санкт-Петербург, 1897. – Т.1. – 590 с.
7. Турсынбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан. – Алма-Ата: Изд.-во АН Каз ССР, 1950. – 101 с.; Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX-начала XX в. – Алма-Ата: Изд.-во АН Каз ССР, 1963. – 411 с.;
8. Бекмаханова Н.Е., Кабузан В.М. Русско-украинская миграция в Казахстане в XIX-нач. XX в. // Известия АН Каз ССР. Серия общ. наук. – 1982. - №2. – С. 14-20.
9. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к Росии. – Алма-Ата: Изд.-во АН Каз ССР, 1957. – 340 с.
10. Ерофеева И.В. Военно-казачья и крестьянская колонизация Казахстана (XVIII-первая четверть XIX в.) / История Казахстана: народы и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 608 с.

11. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в.-1917 г.). – Москва: Наука, 1986. – 244 с.
12. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 192 с.
13. Тәтімов М.Т. Демография – халықтану. Халықтардың саны мен құрамын зерттеу. – Алматы: Қазақстан, 1975. – 104 б.; Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 127 с.
14. Сдыков М.Н. Население Западного Казахстана: история формирования и развития (1897-1989 гг.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 220 с.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ

Утешкалиева Алия, БҚИТУ педагогикалық факультетінің I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - **Балыкова А.М.,** тарих ғылымдарының кандидаты, БҚИТУ доценті

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

1997 жылдың 31 мамыры ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Өкімімен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып бекітілгені белгілі. Содан бері, жыл сайын «үлкен террор» немесе саяси қудалану сүргіні кезінде жазықсыз жапа шеккен азаматтардың аруағына тағзым ету мен ұлттық қасіретті аза тұту күнінде ашаршылық құрбандары бірге еске алынып келеді. Шын мәнінде, бір атаумен екі зұлмат құрбандарын еске алу, аза тұту мәселесінің ара-жігін ажыратып алған дұрыс.

Ашаршылық - әлеуметтік-демографиялық қасірет. Кеңес үкіметінің орнығу кезіндегі саяси науқандар, ұжымдастыру саясаты, тәркілеу оқиғасы халықты аштыққа душар етті. 1931-32 жылдардағы ашаршылықтың себебін тарихшы-ғалымдар большевиктік жүйенің аграрлық, индустрияландыру реформасының механизмдерінің дұрыс жобаланбауынан екенін көрсетеді. Индустрияландыру саясаты қазақ даласына завод, фабрика салуды көздеген жоқ. Қазақстан Ресейдің еуропалық бөлігіндегі жаңадан салынып жатқан екпінді құрылыстарды етпен қамтамасыз етуші ел ғана болды. 1929 жылдан бастап ет дайындау бойынша бірнеше қаулы қабылданды. Мал соятын алаңдар құрылды. Малды сойып үлгере алмаған елді-мекендер малды тірідей жөнелтіп отырды. Шаруалар, кулак атанғандар малды сойып тастамас үшін қаулылар қабылданды. Мал басы 1930 жылы 1 маусымда 39 миллионнан астам болды. Есеп дәлме-дәл жүргізіліп отырды, себебі әр жылдың 1 маусымында мал саны есебі өткізілетін. Осы ретте халық санағы да жүргізілген. 40 миллионға жуық малдан ашаршылық біткенше 4 миллионға жуық бас қалды [1, 272]. Ет дайындау науқанының асыра сілтеуі қазақ халқының қасіретіне айналды.

Қазақстандағы 1932-1933 жылдардағы ашаршылық салдарынан болған адам шығыны туралы мәселені қазіргі заманғы тарихнама әр түрлі баға береді. Бұл мәселені нақтылау үшін бірінші және екінші бүкілодақтық халық санағының мәліметтеріне мән береміз. Дәл осы 1926-1939 жылдар аралығында халық санының кемуі көрінді. 1926 жылғы бірінші санақтың қорытындысына сай Қазақ даласында 3млн 628 мың халық тұрған екен [2, 181]. Бірақ, 1939 жылғы санақта халық санының 36,7 пайызға азайғаны тіркелді [3, 122]. Алайда, тарихшы-демографтар бұл сандардың өзінің азайтылып көрсетілгенін айтады. 1930 жылдың ортасында республикадағы халықтың саны 4 млн 120 мың адам болған [4, 13]. Осы мәліметтерге мән берсек, 2 млнға жуық адам осы нәубет жылдардың құрбаны болған [3, 124].

Қазақ халық шаруашылығы есеп басқармасының мәліметі бойынша Қазақстанның ауыл тұрғындары 1930 жылдың 1 шілдесінен 1933 жылдың 1 маусымы аралығында 3,4 млн адамға кеміп, ал қала тұрғындары 766,8 мың адамға өскен. Осы мәліметтің негізінде республиканың бүкіл халқының 1 млн 750 мыңы немесе 42 пайызы аштық құрбаны болған деп көрсетіледі [5,11].

Ашаршылық құрбандары туралы әлі күнге нақты қорытынды саны көрсетілмейді. «Қуғын-сүргін санағы» деген атаумен белгілі болған 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағының материалдары ұзақ жылдар бойы жойылған деп есептелінді. Халық шаруашылығы Орталық мұрағатының қорынан табылған материалдарда 1937 жылғы қаңтарда КСРО да қазақтардың саны 2 8862458 адамды құраған [6].

XX ғасырдың 30 жылдардан басталған аштық туралы тарихшы ғалым Талас Омарбеков: 1931-1937 жылдар аралығындағы халық саны қанша болғандығы жөніндегі деректер бар. 1930 жылы 1 маусымда Қазақстанда ауылдың халқы 5 миллион 873 мың болса, оның 4 миллион 800 мыңы - қазақтар. Мұны отырықшыландыруға байланысты қазақтардың есебін жүргізген деректерден алып отырмыз. 726 мың шаруашылықты отырықшыландырған.

5 миллион 873 мың адамнан 1933 жылы 2 миллион 493500 ғана қалған. 3 миллион 379500 адам жоқ [7, 307]. Мұның 1 миллионға жуығы - босқындар. «Алтаудың хатында» 726 мың шаруашылықтан 350 мың ғана шаруашылық қалғаны айтылады. Осы деректерде қазақтардың 1 миллионға жуығы босып кеткені көрсетілген. Қолымда Қытай шпиондарының Ресейге жіберіп отырған хаттары бар. Әрбір 10 күн сайын қытайлықтар Қазақстаннан келген адам санын тіркеп отырған. Қаншама қандасымыз шекарадан өту кезінде қаза тапты. Оның нақты есебін ешкім білмейді. 1930 жылы 15 302, 1931 жылы 36 965 қазақ арғы бетке өткен. Әрине, Қытайға қазақтар арзан жұмыс күші ретінде керек болған. Екіншіден, 1930 жылдан бастап Қытайда паспорт беру басталған. Кімге беріп, кімге бермеу керектігін шешу үшін де олар қазақтардың санын анықтап отырған. Нақты дерек келтірер болсақ, 87 мың қазақ өткен, оның 60 мыңы Батыс Қытайда тұрған. Қазақтардың іргелес өңірлерге барып қоныстануына нақты деректер 1926 және 1939 жылғы санақтарда беріледі. Егер, 1926 жылғы санақ бойынша көршілес республикаларда 314 мың қазақ тұрса, 1939 жылы 794 мың қазақ болған [6,79].

Тұрғылықты халық санына көші-қон да ықпал етті. Себебі атамекенін аштық жайлауы салдарынан шетел асып кеткен қазақтар көп болды. Халықтың бастапқы жиынтық санының төрттен бірі, 1 млннан астам адам республикадан тыс аймақтарға көшіп кетті.

Қазақ халқын демографиялық апатқа жеткізген ашаршылық болып жатқан 1929 жылы наурыз айында КСРО Орталық атқару комитеті мен ХКК-нің қаулысы бойынша Қазақ АКСР Егіншілік халық комиссариатының құрамында Қоныс аудару басқармасы құрылады. Басқарма Қазақстандағы одақтық маңызы бар жер қорын анықтау, реттеу және КСРО-ның өзге республикаларынан келген қоныстанушыларды орналастыру жұмысын жүргізді. Егер патша үкіметі құрған Қоныс аудару басқармасы 1916 жылы «Қазақстанда отарлау-қоныс аудару қоры 1913 жылдың өзінде-ақ таусылды» деп мәлімдеген болса, кеңес өкіметі 1929 жылы Қазақстан жерін қоныстануға ашық деп жариялап, жоспарлы қоныстандыруды жүзеге асыра бастайды [8]. КСРО-ның өзге аймақтарынан Қазақстанға қоныс аударғандарға ғана қаржылай көмек берілді. Жергілікті республикалық үкімет осы қаржыдан мәжбүрлі түрде отырықшыланып, аштыққа ұшырап жатқан қазақтарға да бергізбекші болады.

Қазақ үкіметі отырықшыландырылудағы шаруашылықтардың Орталық Қазақстандағы бір бөлігін Қоныстандыру басқармасына бөлінетін одақтан қордың көмегімен көшіруді және оларды сырттан көшіп келушілермен бірдей жағдайда орналастыруды сұрайды. Себебі тұрғындардың бұл бөлігі құмдақты, суық жерлерден басқа жерге көшірілетіндіктен, республикалық бюджет есебінен жаппай отырықшыландыруға бөлінген қаржыдан қаржыландырылуға жатпайтын және олардың отырықшылануы кезіндегі көші-қоны үшін басқа қаржы көзі жоқ еді. Бірақ, жергілікті үкіметтің бұл әрекетінен түк шықпайды. Қаржыны жұмсауда тікелей одақтық орталыққа қарайтын Қоныстандыру Басқармасы бұл ұсынысты орындамайды. Егіншілік шаруашылығы халық комиссариатының Бүкілодақтық Қоныстандыру комитетінен алынатын несиелер Қазақ АКСР Қоныстандыру басқармасының құзырына тікелей беріледі деген 6 пункт қазақ үкіметінің көшпелі аудандардағы халыққа көмек бермекші болған әрекеттеріне тосқауыл болды. Себебі қоныстандыру ісін басқарушы Қазақ АКСР Қоныстандыру басқармасы бөлінген қаржыны қазақ үкіметімен келіспей тікелей жұмсауға құзырлы еді. Ашаршылыққа ұшыраған жергілікті ұлт өкілдеріне қоныстанушылар үшін бөлінген бұл қаржыдан ешнәрсе тимеді.

Қазақтар Қазақстанмен көршілес аумақтарға, көрші республикалар мен шетелдерге ауа көшіп, 2-3 жылда шетте жүрген қазақтар үлесі 16%-дан 41%-ға көтерілген кезде, керісінше, республикаға КСРО-ның европалық бөлігінен қоныстанушылап көшіп келіп жатты. Мысалы, 1934 жылы Ленинград, Мәскеу, Орал, Солтүстік Кавказ, Армян КСР, Грузин КСР-нен, сондай-ақ, Қиыр Шығыстан, Батыс Сібірден, Өзбекстаннан Ақмола қаласына 530 адам, Петропавл өлкесіне 986 адам, Атырауға 770 адам, Алматыға 2681 адам, Семейге 1828 адам, Орал, Петропавл, Гурьевке және басқа аймақтарға 1652 адам, барлығы 10758 адам келіп, 6075-сі кері қайтты, 4683 адам тұрақтап қалды [8].

1928-1930 жылдары Қазақстанға 65 мың отбасы (260 мың адам), 1931-1937 жылдары 642 мың адам көшіп келді. Олардың 35%-ы (224,7 мың адам) кейін қайтты, қалғандары орныгып қалды. 1928-1937 жылдары Қазақстанның қалаларын сырттан келген қоныстанушылардан 549 мың адам тұрақтап қалса, 1938-1939 жылдары тағы да 402 мың адам тұрақты мекен етті. Соның нәтижесінде екі санақ арасында қаладағы ерлер 389,6 мыңға (251,5%-ға), әйелдер 370,3 мыңға (242,4%-ға) өскен. Міне, осылайша екі санақ арасында қала халқының саны өсті. Ашаршылық жылдары қазақтар қала халқының 8-9%-ын құрағанын, 1939 жылы 16,1%-ға ғана көтерілгені қала халқының сырттан келген көші-қоншылар есебінен толығуына байланысты.

Ашаршылық пен індеттен, көшіп-кету үдерістерінен бұрынғы қалыптасқан демографиялық бейне өзгеріп кетті. Соғыстан кейінгі демографиялық өсімнің арқасында қазақ халқы үлкен демографиялық қатерден аман өтті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне дәуірден бүгінге дейін. Алматы: Атамұра., 2010.
2. Всесоюзная перепись населения 1926 г. М., 1928. Т.8. отд 1.
3. Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. Алматы., 1989. 122 с.
4. Галиев А.Г. Голод в Казахстане 1932-1933 гг // Заря, 1989. №11. С.13.
5. Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. 1989. №7.
6. Татимов М.Б. Летопись в цифрах. Алматы., 1969. 79-80сс.
7. Омарбеков Т.О. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 307б.
8. Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы XX ғасыр басындағы ашаршылық жайлы. Отан тарихы.№4.2012 ж.

XX Ғ. 50-70 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ

Юсупова Гулнар, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
тарих факультетінің II курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - **Купенова Г.Ы.,** тарих ғылымдарының кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университеті, Ақтөбе қ.

Қазақстан Ресейге қосыла сала (XVIII ғ. 30жж) өлкеде отаршылдық саясат басталды. Қазақ жеріндегі патша әкімшілігінің қоныстандыру саясаты тұрғылықты ұлттың демографиялық жағдайына нұсқан келтірсе, Кеңес үкіметінің казармалық тәртібі мен тоталитарлық жүйесінің зардаптарынан халықтың үлес салмағы азайып қана қоймай, тілінен, мәдениетінен, салт-дәстүрінен айрылды.

Кеңестік Қазақстанның білім беру жүйесін дамытудағы үшінші кезең XX ғасырдың 50-ші–80-ші жылдарының соңына жатады. Бұл кезең теріс сәттермен сипатталады.Өздеріңіз білетіндей, 50-60 жылдары Қазақстанда тың жерлердің жаппай игерілуі болды. Осыған байланысты жаңа елді мекендерінде мектеп желісін құру қажет болды. Қабылданған шаралардың арқасында 1955 жылы тың жерлерде құрылған жаңа кеңшарларда 146 бастауыш және 109 жетіжылдық мектептер жұмыс істеді. Жүздеген сирек қоныстанған елді мекендер пайда болған тың жерлерді игеру аудандарында балаларға әлеуметтік білім беретін мектеп-интернаттар өте пайдалы болып шықты. Сондықтан осы типтегі мектептер желісі Қазақстанда қарқынды дамыды.

Қазақ КСР-інде халық ағарту ісінің дамуы үлкен жетістіктермен белгіленді. 1950 жылы I-IV сыныптарға 600 мыңдай оқушыны қабылдау жоспарланған болатын, бірақ іс жүзінде оларға белгіленген күнге дейін 903 мыңнан астам бала оқыды. Жеті жылдық жалпыға бірдей білім беру республикада сәтті жүзеге асырылды. Егер соғысқа дейінгі 1940/41 оқу жылында Қазақстанда 1 миллион 164 мың оқушы болса, онда 1955/56 оқу жылында оқушылар саны 2 миллион 354 мыңға жетті. 40 мыңнан астам оқушы орта мектепті бітірді. Әйелдер білімін дамытуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Егер 1940 жылы орта мектепті қазақ қыздарының бірнешеуі ғана бітірсе, 1950 жылы 900 қыз, ал 1960 жылы 5278 қазақ қызы мектеп бітірді.

Жұмысшы және ауыл жастарына арналған кешкі мектептер желісі тез дамыды. Төртінші бесжылдық жылдары (1946-1950 жж.) Осы мектептерде 2500 жас жігіттер мен қыздар жұмыс орнында орта білім алды, ал келесі 10 жылда тағы 40 000 адам. 1956 жылдың басынан бастап 8 мектеп-интернат ашылды, ал 1957 жылға қарай республикада олардың саны 18 болды.

Мектепке көмектесу үшін мектептен тыс мекемелер балалармен әр түрлі тәрбие жұмыстарын жүргізді. Қазақстанда 214 пионер үйі, жас техниктерге, натуралистерге арналған ондаған станция және екі балалар теміржолы болды. [4, б.180-183].

Сонымен қатар, Ақтөбе облысында мәдени іс-шараларды жүзеге асыруға басқа да мәдени-ағартушылық қызмет атқарған мекемелерді айта аламыз. Олар, көркемөнерпаздар үйірмелері, клубтар, кинофикациялар, әдеби қорға толтырылған кітапханалар т.б. 1959 ж. 1 қаңтарда жалпы облыс бойынша 247 көркемөнерпаздар үйірмесі бар, онда 3460 адам қамтылған. 12 аудандық және 165 ауылдық, барлығы 177 клуб болса, кітапханалар желісі бойынша облыстық - 2, аудандық - 13, ауылдық - 3, балалар - 1, қалалық - 1 және басқа да 106 мекеме жұмыс жасады. [3, б.201-202].

Хрущевтің ақыл-ой мен дене еңбегін жақындату және мектеп пен өндіріс арасындағы байланысты нығайту идеялары 50-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың басында білім беруді түбегейлі реформалауға әкелді. 1959 жылы КСР Жоғарғы Кеңесі «Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және Қазақ КСР-інде халыққа білім беру жүйесін одан әрі

дамыту туралы» заң қабылдады. Оған сәйкес, жеті жылдық және он жылдық білімнің орнына міндетті сегіз жылдық білім енгізілді, оны аяқтағаннан кейін түлектер үш жыл бойы зауыттарда немесе ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге, жұмысты оқумен біріктіруге немесе орта политехникалық мектептерде өндірістік оқытумен оқуға міндетті болды. Жоғары оқу орындарына түсу енді талапкерлердің теориялық даярлығына емес, өндірістік өтіліне байланысты болды. Қазақстанда жаңа жүйеге көшу 1962-1963 жылдары аяқталды.

Бұл реформа екіұшты салдарға әкелді. Өндірісте кадрлардың тұрақтамауы күшейе түсті, онда жоғары оқу орындарына барар жолда "транзиттеуші" жұмысшылардың саны артты. Жоғары білімнің беделі төмендеді, ғалымдар мен зиялы қауым өздерінің кәсіби қызметіне зиян келтіретін физикалық, өнімсіз жұмыстарда қолданылды. 1964 жылы осы реформаның кейбір ережелері қайта қаралып, міндетті орта он жылдық оқыту енгізілді, 1970 жылы жаңа оқу бағдарламалары мен жоспарлары әзірлене бастады. оқытудың үш сатысы - бастауыш (3-сыныпқа дейін), сегіз жылдық және орта (10 жыл) енгізілген Жалпы орта білім беретін мектептің Жарғысы бекітіледі. Сегіз жылдық мектеп түлектері он жылдық мектепте немесе кәсіптік техникалық училищелерде және орта арнаулы оқу орындарында оқуын жалғастыра алды, содан кейін жоғары оқу орнына түсуге құқылы болды.

70-ші жылдары оқушылар санының өсуімен мектептер санының азаюы байқалады.1966 жылы 10 728 мектепте 2 852 мың оқушы, 1976 жылы 9 604 мектепте 3 346,4 мың оқушы, ал 1979 жылы 8 910 мектепте 3 257,2 мың оқушы оқыды. 70-ші жылдардың ортасынан бастап демографиялық себептерге байланысты оқушылар санының азаю үрдісі байқалды. [2, б.323-324].

1973 жылы республикада 158 интернат болды, оларда 56,6 мың бала тәрбиеленді, оның ішінде 37 300 қазақ баласы. Сонымен қатар, мемлекеттік бюджет есебінен сегізжылдық және орта мектептер жанынан 1911 мектеп-интернаттар ұйымдастырылды, оларда 99 мыңнан астам оқушы білім алды, оның ішінде 33 мыңға жуық бақташылардың, сақшылар және жайылымдық мал өсіру қызметкерлердің балалары . 27 мыңнан астам бақташының балалары мемлекет тарапынан толықтай қолдау тапты. Егер біз мұнда мектептер мен күндізгі топтарда оқитын 321 мыңнан астам баланы қосатын болсақ, онда Қазақстандағы жас ауысымның әлеуметтік тәрбиесі бойынша бұрын-соңды болмаған жұмыс ауқымы айқын болған болатын.

Қазақ КСР-інде КОКП-ның XXIV съезіне сәйкес жалпыға бірдей орта білім беруді жүзеге асыру бойынша жұмыс ойдағыдай жүргізілді. Осыған байланысты, Қазақстанның қарқыны елдегі орта білім берудің жалпы даму деңгейінен сәл асып түседі. Жалпы орта білім беретін оқу орындарында 193,1 мың жасөспірім оқуын жалғастырды, бұл Қазақстандағы сегізжылдық мектеп түлектерінің жалпы санының 85% құрайды. Тек 1965-1970 жж. Республиканың күндізгі орта жалпы білім беретін мектептерін 522,2 мың ұлдар мен қыздар, кешкі (ауысымдық) орта жалпы білім беретін мектептерді 128,3 мың адам, жалпы білім беретін мектептерде 650,5 мың адам орта білім алды. 1976 жылы республикада орта білім алғандардың саны сегізжылдық мектеп бітірушілер санының 82% құрады, ал 1975 ж. 78%. Ал 1976/77 оқу жылының басында мектептер мен Қазақстанның орта білім беретін басқа мекемелері сегізінші сыныпты бітіргендердің жалпы санының 97% -на кірді. Жалпыға бірдей орта білім беруді ойдағыдай жүзеге асыру үшін республикада барлық жағдайлар жасалған. Егер 1960/61 оқу жылында барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде 1820 мың оқушы оқыса, онда 1980/81 оқу жылында 8724 мектепке 3272 мың адам оқыды, яғни екі есеге жуық өсім болды. Мектептерде 185 мың мұғалім жұмыс істеді, бұл революцияға дейінгіден 56 есе көп. Үлкен мектеп салу бағдарламасы жүзеге асырылды. 1961-1980 жылдар аралығында. мемлекеттік инвестициялар есебінен 2 миллионнан астам студенттік орын пайдалануға берілді. [4, б.152-154].

Жалпы, қорытындылай келе, білім беру саласындағы саясат біртекті емес және әртарапты болғанын атап өткім келеді. Қазақстандағы білім саласындағы реформалар, кез-келген мемлекеттегі сияқты, саяси бағытқа, қоғамның қажеттіліктеріне, елдің нақты басшыларына байланысты және тәуелді. Егер 1950-1970 жылдардағы білім беру жүйесінің

қалыптасу процесін қарастыратын болсақ, онда оң сәттерде (оқытудың үш сатысы: бастауыш, сегізжылдық, және орта білім беретін жарғылардың қабылдануы, жоғары оқу орындарына түсуі) және жағымсыз аспектілерде болды (Хрущев реформаларының тұрақсыздығы мен түсініксіздігі, 60-жылдардағы реформалардың тиімсіздігі, жоғары оқу орындарына түсер алдында жұмыс тәжірибесін алуға бағытталған, мектептерді жабу қазақ тілін оқыту).

Айта кету керек, осы кезеңде қазақ тілді мектептерді қысқарту, яғни Қазақстанда оқу процесін толық орыстандыру саясаты жүргізілді. Тоқырау заманында қордаланған мәселелердің бірі – әкімшіл-әміршіл жүйе саясатының салдарынан қазақ тілінің барлық саладан жедел ығыстырыла бастауы.Кеңестік соңғы 30 жылда ол 700-ден аса мектепте пән қатарынан шығарылды.Қазақ мектептерінің саны 60-90 жылдары күрт қысқарып кетті. [1, б 23-24]. Бұл Қазақстан халқының, әсіресе оның солтүстік өңірлерінің бір бөлігі ұлттық тамыр мен тілден ажыратылғандығына әкелді. Қазақ тілін білмейтін немесе оны жетік білмейтін 60-80-ші жылдары туылған адамдар жиі кездеседі. Бұл мәселе олардың кейінгі балаларына әсер етті. Бұл проблема Қазақстанда өте өткір тұр, сондықтан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының Үкіметі бұл проблемаға өте көп көңіл бөлді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Төлентаева К.Ә. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2006ж.
2.Кузембайулы А., Абиль Е.А. История Казахстана: Учебник для вузов. / Костанай: Костанайский региональный институт исторических исследований, 2006.-350 с.
3. Тәжібаев М.Қ. Ақтөбе облысының тарихы /1864-1991/ Ақтөбе, 1999, 280 б.
4.Измайлов А.З. Изучение развития культуры народов средней Азии и Казахстана в курсе истории СССР. – М.1986. – 240 с.

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ И СПОРТЕ

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТТАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Айнабаева Жадыра, БҚИТУ педагогикалық факультетінің II курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Жаскайратов А.Ж**., магистр, аға оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі міндеттердің бірі. Қазақтың ұлттық ойындарынын оқу және тәрбие үрдісінде оқушыларға сабақ беру кезінде пайдалану бүгінгі күнде өзекті мәселе болып табылады.

Еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дене шынықтыру, ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етеді.

Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени мұрасының салт –дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән қонақжайлылық, мейірімділік т.б. сияқты қасиеттер халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой- өрісін жетілдірумен бірге өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Халықтық педагогиканың адам отбасы өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.

Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді.Сөйтіп өзінің өмірден байқағандарын іске асырып қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен қазақтың ұлттық ойындары «Бәйге», «Көкпар», «Қыз қуу», «Асық ату», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

Ойын дегеніміз - адамның ақыл –ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан –ойға жетелейтін, тынысы кең, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе «Көкпар», «Асық», «Теңге алу» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар.

Қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесі сабағында жоспарға енгізу арқылы өткізу жас буынды тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Әр сабақ сайын ұлттық ойынның үш-төрт түрін алып, солардың ойнау тәсілін үйрете отырып, жетілдіре, қайталау арқылы пысықтап, әрбір бала жадында сақтайды да, оны ойнай біледі. Ұлттық ойындар ережесін түсіндіру, қызықтыру арқылы меңгерте отырып, мен неше түрлі қызықты көрнекі құралдар мен атрибуттарды сабағымда қолданамын. Осы атрибуттарды сабақта қолдануыма ата-аналар көптеп көмек көрсетуде. Мысалы: қазақтың ұлттық ойыны «Бәйге», «Қыз қуу», «Теңге алу», «Көкпар» ойындарына ағаш аттың макетін, көмбеге киіз үйдің макетін жасап сабақтарды қызықты өткізуіме атсалысты.

Бала ойын арқылы ойлап, ойын арқылы қиялдайды. Көңіл аударарлық ойынның бір түрі – асық ойыны. Бұл ойынды тек асығы бар балалар ғана ойнайды. Асық ойнаушылардың саны 4-8 балаға дейін жетеді. Бұл ойынның түпкі мақсаты – асық ұтып алу.

Асық ойынының түрлері өте көп. Олар –алшы, омпы, хан, құмар, көтеріспек. Асық ойыны өте қарапайым болып көрінгенмен, мұнда адам денесін шыңдап, сомдайтын қасиеттер, баланың «бұзылып» кетпеуі үшін, оны өзара әркетке жетелейтін қимыл қаншама. Ең бастысы, ол баланы жастайынан салауатты өмір салтына жетелейді. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшық еттерінің жетілуіне, тыныс алу мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруге, соның нәтижесінде қырағылық пен мергендікке баулиды. Асық ойынын мектептегі дене тәрбиесі сабағында үйретіп алып, сыныптар арасында жарыс түрінде өткізуге болады.

Асық ойыны – баланың ұсақ моторикасын дамытады, бұлшық ет қозғалысын жақсартады. Дәлдікті, мергендікті, зейінін арттыруға ықпал етеді. Көпшілдікке, сыйластыққа, әділдікке тәрбиелейді.

Қазіргі компьютер заманында оқушыларды қызықтырып асық, бес тас ойнаңдар деп айту өте қиын іс.

Қазақтың ұлттық ойындарының біразы ойлауды қажет ететін ойындарға жатады. Олар негізінен логикалық ойлау мен математикалық, философиялық ойлануды дамытуға негізделген. Мысалы, тоғыз құмалақ ойыны.

Тоғыз құмалақ ойыны жас жеткіншектерге спорт әліппесін үйретумен қатар, олардың ой-өрісін, сана-сезімін, дамытуға оқу үлгерімін жақсартуға және саналы тәрбие өзіндік септігін тигізеді.

Бұл ойынды арнайы ағаштан жасалған төрт бұрышты тақтада ойнайды. тақтаның екі қатарға тоғыз-тоғыздан ойылған сопақша келген ұясы (кіші отау), әр қатар үшін бір-бірден жасалған екі қазан (үлкен отау) болады. Олар ақ және қара түске боялған. Әр оқушыға 81-ден, екі ойыншыға 162 құмалақтан беріледі. Олар әр ұяға 9-дан орналастырылады. Әр ұяның 1-ден 9-ға дейін реттік саны болады, олар солдан оңға қарай есептеледі.

Ойын ережесі: тоғыз құмалақтың партиясы ақ пен қараның кезектесіп отыратын жүрісінен тұрады. Ойынды бастаушы өзінің кез келген отауына бір құмалақты ғана қалдырып, өзгесін қолына алып, оларды сағат тіліне қарсы жақтан бастап, бояу түсіне қарамастан, бір-бірден ұяларға салады. Егер ең соңғы құмалақ түскен бәсекелестің ұзындығы тас саны (2, 4, 6, 8, 10, ...) жұп болса, онда ойыншы сол ұядағы құмалақты алып, өз қазанына аударады. Ойын барысында біреудің ұясында 2 құмалақ қалса, серіктесі ең соңғы тасын түсіріп үлгерсе, ол үшін тасты түгел алады, ұя ойын аяғына дейін «тұздыққа» айналады. Әр ойыншы өз қарсыласының жағында тек бір ғана «тұздыққа» ие болады. Қазанына 82 құмалақ жинаған ойыншы ұтады.

«Теңге алу» ойыны. Бұл ойын әсіресе Қазақстан, Азия халықтарының арасында көп кездесетін ұлттық спорттың бір түрі. Ойын шабандоздардың ат құлағында ойнай білетін үлкен шеберлікті, асқан жылдамдықты, ерекшеептілікті қажет етеді. Ойынның мәні-атпен шауып келе жатқан жігіт айтулы мәреге дейін белгілі межелерге көміліп қойылған күміс теңгені іліп алуға тиіс.

Осы ойын элементтерін пайдалана отырып, сабақ кезінде оқушылар қатты жүгіріп келіп әр жерде жатқан, ия болмаса арнайы қойылған шыттарды іліп ала жүгірулері керек.

«Бәйге» ойыны. Бұл ойын барысында жылдамдық, ептілік, шапшаңдық секілді дене сапалары дамиды, көпшілдікке тәрбиелейді.

Көрнекілік құралдарға ата-аналардың көмегімен жасалған ағаш аттарды, киіз үй макетін, қол шыттарын пайдалану арқасында сабағым қызықты да, әсерлі өтті.Ойынды эстафеталық жарыста командамен ойнауға пайдалануға болады. Бұл ойын баланы ептілікке, жылдамдыққа баулиды. Ойлау қабілетін арттырады. Ағаш аттардың орнына резеңке шарларды да пайдалануға болады.

«Арқан тартыс» ойыны. Ұзындығы 8-10 метрдей жуан кендір арқан керек. Арқанның тең ортасынан орамал немесе шүберек байланып белгі жасалынады. Осы орталық белгінің

екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдығы тәртіппен белгі жасалынады. Ойнаушылар (ойынға 10-15 адамнан) екі топқа бөлініп қатысады, екіге бөлінудің тәртібі: ойнаушылар бойларының биіктігіне қарай бір қатарға тізіліп тұрады.

Ойын жүргізушінің берген командасы бойынша тізбекте тұрған ойнаушылар оң жақ шетінен қатар санды: бір, екі, үш... деп бастап, сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп, бұл топ тақ, жұп болып екіге бөлінеді. Қатысушылардың саны он адамнан кем болмауы керек.

«Аударыспақ» ойыны басқаша болып та ойнала береді. Бұл ойынды командамен де, жеке де ойнауға болады. Мектепте аударыспақты гимнастикалық орындықты пайдалану арқылы өткізуге болады.

«Тақия тастау» ойынын Бұл ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп, бір баланың артына білдіртпей тастап кетеді. Сезіп қойған бала жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал жүргізуші бала қуған баланың орнына келіп отыра қалуға тырысады.

Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді. Өте қызықты әрі жан-жақты ойын. Себебі, бұл ойын дене бітімін тәрбиелеуге көмектеседі, шапшаңдық, мұқияттылық және ең ұтымдысы баланың өнерін жан-жақты дамытуға көмек береді.

Ұлттық ойындар дене тәрбиесі сабақтарын дамытудағы негізгі құралы болып табылады. Бұл ойындарда көптеген тәсілдер жүйесі,үйрету мен тәрбиелеу әдістері жинақталған. Олар ұрпақтан-ұрпаққа таралып,әдет-ғұрып,салт-сана білімдерінің жиынтығы ретінде халық өмірін жан-жақты түрлендіруде. Арнайы спорт жабдықтары мен құрал-саймандарды көп қажет етпейтін қазақтың ұлттық ойындарының дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол.

Қазақтың ұлттық ойындарының дамымаған түрлерін тауып, дене тәрбиесі сабағына көптеп қолдануға шақырамын. Бұл ойындар адамның ой-өрісінің, өмірге көзқарасының дамуына,сана-сезімнің өсуіне мол мүмкіндіктер туғызуымен қатар адамның дене дамуына және рухын көтеруіне көмектеседі. Ойынға қатысушылардың ойын ережесін қалай түсінетіне байланысты, олар ойынның адамгершілік нормасының қоғамға, ал керісінше қоғамның ойынға бағытталуында. Бұл ойындардың құндылығы – ойын кезінде адамгершілік мінез-құлық, өзара сыйласу, татулық, ұжымда бір-бірімен тіл табысу сияқты мінездер қалыптасады. Арнайы спорт жабдықтары мен құрал-саймандарды көп қажет етпейтін қазақтың ұлттық ойындарының дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Мұғалім к.з» - Республикалық оқу-әдістемелік ғазеті. №5(10) мамыр 2011.
2. «Мектептегі дене шынықтыру» - Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. №5-2010.
3. «Мектептегі дене шынықтыру» - Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №3 2014.
4. Абишев К., Теміров Н. «Қазақтың ұлттық спорт түрлері». – Алматы. Нұр-Принт, 2015.

АНАЛИЗ ОРНАМЕНТА, СИЛУЭТНЫХ ФОРМ КАК ЭСТЕТИЧЕСКИХ ПРИЗНАКОВ ХУДОЖЕСТВЕННО-ДЕКОРАТИВНОГО РЕШЕНИЯ В ТРАДИЦИОННОЙ ОДЕЖДЕ КАЗАХСКОГО И РУССКОГО НАРОДА

Айымбетова Жулдыз, студентка II курса педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель – **Ворожейкина О.И.,** к.п.н., профессор ЗКИТУ

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Эволюция костюма зависит от традиций предопределенных историей и природой; от влияния социально-исторических условий культурной среды; от культурных традиций и эстетических установок. Начало XIX века - знаковый период в эволюции традиционного костюма. Функции традиционного казахского и русского костюма и способ производства традиционных материалов формируют структуру элементов, определяют особенности колористического решения, характера изготовления, формообразования, обработки, символики и композиции декора.

Слово «орнамент» происходит от латинского слова «ornare» - украшать. Б. А. Эренгросс определяет его как повторение, чередование, варьирование одних и тех же изображений. Повтор - усиливает изобразительность образа, и в этом художественная природа орнамента. Орнамент возник из обычного рисунка. [1].

Из образа, отображавшего реальные вещи, постепенно отбрасывались незначительные штрихи, черты, несущественные подробности. Осталось только самое характерное, но и оно претерпело изменения: было преувеличенно. Так образовался орнаментальный рисунок. В основе орнаментального изображения лежат обобщенные образы, лишенные конкретности и ярко выраженной индивидуальности. Для него характерны повторения одного и того же мотива, ритм, симметрия. По определению Г. Вейля, «симметрия - в широком или узком смысле... является той идеей, посредством которой человек на протяжении веков пытался постичь и создать порядок, красоту, совершенство». [2]

По словам В. В. Стасова: «У народов древнего мира орнамент никогда не заключал ни единой праздной линии, каждая черточка имеет тут свое значение... это связная речь, последовательная мелодия, имеющая свою основную причину и не предназначенная для одних только глаз, а также для ума и чувства» [3].

Орнамент - это узор, составленный из ритмически чередующихся элементов растительного и животного мира, а также геометрических форм. Декоративно-прикладному искусству присуща условность цвета и обобщенность формы. Цвет, как правило, берется не как реальный цвет предмета, а как один из цветов элементов узора. Мастера прикладного искусства многие элементы узоров берут из природы, а основным цветам придают следующие символические значения: синий цвет - символизировал голубое небо, верность; красный цвет - огонь, солнце и т.д. [4]

При технологии обработки народной одежды орнаментом требует соблюдают следующие правила: 1) цветовые оттенки основного материала должны соответствовать общей орнаментальной композиции; 2) орнамент должен быть симметричным; 3) путем подбора различных цветов определяются центр и крайние формы орнаментальной композиции. На технологию оформления национальной одежды влияют: свойства материалов и назначение одежды; вид, техника, способ и месторасположение орнамента; форма и конструкция одежды; целостность композиций ансамбля; составные элементы структуры ансамбля; фон и узор.

Важной чертой национальной одежды является обусловленность расположения орнаментации на вещах. Оно связано с формой и покроем как деталей, так и всего костюма в целом. Характер и количество вышивки, даже смысловое значение орнаментальных фигур зависели от свойственной национальной одежды целесообразности, от соображения экономики, возрастных и местных отличий, различных обычаев, в соответствии с которой

применялась одежда. Всё это определяло расположение декора по горизонталям и вертикалям, сосредоточение его на определенных местах.

Ценный вклад в изучение казахского прикладного искусства внесли работы Б.В.Веймарна, А.Н.Бернштамма, Б.П.Денике, С.М.Дудина, Е.Р. Шнейдер, А.И.Тереножкина, Е.А.Клодта и других, посвященные главным образом казахскому орнаменту и историческим корням и связям казахского народного искусства. [5]

За последнее десятилетие усилилось изучение вопросов казахской орнаментики прикладного искусства в самой республике. Появились исследования Т.К.Басенова «Орнамент Казахстана в архитектуре» (1957), «Прикладное искусство Казахстана (1958)». [6; 7]

Основными приемами орнаментации казахского народного прикладного искусства является вышивка (*кесте*). В вышивке проявлялся художественный талант народа. Вышитые изделия отличались высокими художественными достоинствами и национальным своеобразием. Вышивали по войлоку, бархату, хлопчатобумажной, шелковой и шерстяной ткани, шелковыми, хлопчатобумажными нитками контрастного цвета или в цвет основного материала. В изделиях декоративно прикладного казахского искусства встречается также золотое и серебряное шитье. Выполнялось оно шелковыми нитями, перевитыми тончайшими серебряными или позолоченными проволоками. [8]

Наряду с вышивкой использовалась аппликация, неповторимость которой достигалась главным образом ее качеством, четкостью контура декорируемого мотива, соединяя в себе декоративные и изобразительные возможности. В зависимости от способа выполнения аппликация делится на накладную и вырезную. Наиболее распространенной является накладная, а рельефность достигалась за счет объемной прокладки между фоном и узором. [9]

Имел место и такой вид декора как инкрустация заранее намеченного рисунка орнамента или его части драгоценными камнями (кораллами, бирюзой, янтарем и др.) и пластинами из драгоценных и полудрагоценных металлов.Если в тамбурной вышивке господствует растительный орнамент - цветочный узор или в виде листьев, то в композициях инкрустации и аппликации преобладают узоры из зооморфных мотивов. Декоративную роль приобрела отделка в виде оборок по низу изделия, рукавов, по горловине, а также сборки в области соединения юбки с лифом. [10]

Следовательно, развитию ассортимента решений современной одежды может способствовать декор, придавая неповторимую индивидуальность и художественную выразительность костюму в системе всего ансамбля.

Орнамент изначально был не просто декором, каждый значок и символ имел свое особое семантическое предназначение. Исходя из семантического значения, одежда орнаментирована по низу изделия, низу рукавов, воротнику, а также - головные уборы. Многое из старого быта, обрядов, обычаев, влиявших ранее на орнаментальное искусство, закономерно отошло в прошлое. Однако, многое отвечающее вкусам и традициям народа, сохранились по настоящее время. Интересным свидетельством народных традиций сохранивших отдельные образы полузабытых мифов и поверий народа является семантика орнаментов и их смысловое значение, которое можно учитывать, например, при декорировании современной одежды, создаваемой по народным мотивам.

Комплекс казахской национальной одежды складывался в активной взаимосвязи с костюмом других народов тюркской группы, образующих единый этнический и культурный пласт. Прототипы базовых форм казахской национальной одежды, существовавшие уже в эпоху бронзы, в дальнейшем эволюционировали (в костюме саков, затем - прототюркских и тюркских государств средневековья). Выделяют этапы формирования казахского национального костюма: период середины XV – XVI в.; XVII – начала XIX в.;период XIX – начала XX в. [11]

В результате проведенного анализа традиционного костюма русского и казахского народов нами была проведена систематизация особенностей кроя, художественно-

декоративного оформления народной одежды, в результате чего разработана классификация элементов костюма обоих народов. Наблюдается наличие общих элементов в костюмах казахского и русского народов. Это, например, плечевая одежда (рубаха, верхняя одежда), а также поясная (юбка, штаны). Выполненные нами таблицы можно использовать в качестве творческого источника при разработке дизайна современной одежды в этностиле.

Силуэт – это наиболее точная и исчерпывающая характеристика формы. [12] Выделение основных силуэтов народной одежды связано с тем, что петельная структура трикотажных полотен обуславливает такие свойства трикотажа как растяжимость, распускаемость, закручиваемость, что требует особого подхода при выборе конструкции трикотажного изделия. С учетом этого простота формы кроя играет большую роль в процессе проектирования современных трикотажных изделий. Народный оттенок при этом выражается в передаче силуэтных линий современной одежде. При анализе силуэтных форм, встречаемых в традиционной одежде русского и казахского народов, видно, что прямой силуэт встречается в русских рубахах, шушпанах, навершниках, сермяжках, в казахских рубахах, халатах. [13]

Особенно распространен в народной казахской и русской одежде трапециевидный силуэт. Рубахи-платья у казахов и русских имеют трапециевидную форму, которую можно определить в большинстве видов верхней одежды русских (безрукавках, шушпанах и навершниках,кафтанах, понитках, армяках и зипунах, халатах, бешметах и пр.) и казахов (платьях- рубахах, камзолах, халатах, бешметах). [13]

Прилегающую форму можно наблюдать как в русских коротайках, кафтанах, шугаях, казакинах, шубах, рубахах, сарафанах, а также в казахской верхней одежде: в безрукавках, камзолах, шубах, тулупах, бешметах, чапанах, рубахах-платьях и пр. [13]

Установлено, что для плечевой народной одежды характерны силуэты: прямой, трапециевидный, для талевой – прилегающий. [13] В пределах этих силуэтных форм возможны различные модификации. Например, все они могут удлиняться и сужаться, приобретая более динамичную конфигурацию, или расширяться, становясь статичными и устойчивыми. [13]

Таким образом, рекомендуется использовать прямую, трапециевидную и прилегающую форму как основные силуэты народной одежды в качестве творческого источника при создании современных изделий в евразийском этно-стиле.

Художественное красочное оформление народной одежды присуще многим культурам, хотя у каждого народа техники вышивки могли иметь свое название и значение. Это касается и декорирования в казахском и русском костюме. Нами был выполнен сравнительный анализ декорирования казахского и русского костюма. В результате проведенной систематизации было определено следующее.

Казахские и русские мастерицы изготавливали текстильные изделия узорным ткачеством. На территории Казахстана всего существовало шесть способов ткачества, с чем связано цветовое и орнаментальное решение. В России различаются основные традиционные виды: ремизное, закладное, браное, выборное, ажурное.

Часто в декоре предметов быта и одежды встречается тамбурное шитье. У казахов данный прием имел название 6і3- кесте.

Активно в русской вышивке и в северных, восточных и южных областях Казахстана используется вышивка крестом. В России различают технику крестом по счету (двусторонняя и односторонняя) и по канве.

Впечатляюще выглядят изделия, оформленные техникой цветной глади. В Казахстане гладь (баспа) использовалась в самостоятельном решении или в сочетании с другими техниками и декоративными материалами. В России различают плоскую и высокую гладь. [13]

Особой роскошью отличается золотое и серебряное шитье и в казахской, и русской вышивке. Казахи использовали технику в «прикреп», русские вышивали в «прокол» и в «прикреп». [13]

В народной вышивке обоих народов также активно использовались декоративные материалы, такие как бисер, жемчуг, кораллы и др. камни, серебряные детали, блестки, позументные ленты и тесьма, кружево, бахрома, канитель, а также имитация вышивки и аппликация. [14, 15]

Индивидуальность творческого процесса, многообразие техник исполнения декора традиционной одежды дают широкий простор для фантазии современным дизайнерам. Большое количество модных и используемых сегодня техник, свойственно традиционной одежде казахского и русского народа. Их можно считать интернациональными. А в связи с обширными международными, политическими и торговыми связями, дизайнеры заимствуют из культур разных народов манеру исполнения в соответствии с орнаментом, конструкцией и материалом, придавая современной одежде этнический колорит, близкий большему кругу потенциальных потребителей на евразийском пространстве.

Выводы**:** произведен сравнительный анализ традиционной одежды (казахской и русской); - разработана классификация элементов казахского и русского костюма; произведен анализ орнаментики; выявлены правила технологии обработки одежды орнаментом; обосновано, что для плечевой народной одежды характерны силуэты: прямой, трапециевидный, для талевой - прилегающий; изучена семиотика, структурный анализ, типология, видовая специфика традиционного костюма; определено, что изучение форм костюма в определенные исторические периоды может раскрыть связь костюма с этнической историей народа; выделена конфигурация деталей одежды в геометрическом виде; изучены материалы для казахской национальной одежды; установлена область применения орнамента и его семантическое предназначение; выделены общие силуэты в композиции традиционного казахского и русского костюмов; произведен анализ общих техник декора.

Ұпай алу, әдетте, дұрыс комбинациялардың ұтыс ойыны, ыңғайлы допты таңдау мүмкіндігіне байланысты. Алайда, бұл тек техника жеңісіне жететінің білдірмейді. Күші тең екі ойыншының ішінен өз күштерін дұрыс таратқан адам жеңеді. Ұтылған ұпай үшін жауапкершілік күрестің барысына байланысты бүкіл партия бойында прогрессивті түрде артады, оның кезеңдері өтініш берудің ауысуы болып табылады. Таныс емес ойыншыны мұқият бақылап, қысқа мерзімде оның негізгі ойын қасиеттерін бағалаңыз және кездесудің басында алынған мәліметтерге байланысты ойынның тактикалық жоспарын тез құрыңыз [4].

Әрине, қарсылас та барлау жүргізеді, өзінің тактикасын жасайды, жоспар серіктесті ойынды өзіне пайдалы етіп жүргізуге тырысады. Сондықтан барынша өз әлсіз жақтарын көрсетпеуге тырысу қажет. Ең қауіпті қарсыластар-сенімді, техникалық жағынан жан-жақты ойыншылар, осы ойынның ерекшеліктеріне байланысты өз ойын тактикасын қалай өзгерту керектігін білетіндер болып табылады.

Жарыстарға дайындық кезінде «гандикап» ойындары өте пайдалы. Оларға әлсіз теннисші әлдеқайда күшті ойыншымен күресе алады, ол әр партиядағы қарсыласына 5, 8, 10, 12, 15 ұпай бере алады. «Гандикап» ойындары әлсіз ойыншыға қажетті тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Неғұрлым дайындалған спортшымен жекпе-жек, олар пайдалы және күшті теннисшілер, өйткені олар жеңілісті болдырмау үшін өте көп ойнайды. Ойынның сәтті басталуы көп жағдайда оның нәтижесін болжайды. Көптеген теннисшілер есеп жүргізген кезде жақсы шабуыл жасайды және оларды қуып жетіп, ұпайларын басып озғаннан кейін соққылардан адасады.

Жекпе-жектің басынан бастап сіз допқа және табандылыққа жоспарланған тактикалық жоспарды жүзеге асыруға назар аударуыңыз керек. Бақылау өте маңызды дұрыс тыныс алу, тыныштық сақтау, аз күш жұмсау.

Сіздің назарыңызды аударыңыз, жеңіс үшін табандылықпен күресіңіз.

Тәжірибелі спортшылар әдетте алдағы кездесулерге алдын-ала тактикалық дайындықтан өтеді. Олар болашақ жарыстардың шарттарымен, ойынның ұзақтығы, кесте сапасымен, доп брендімен және жарықпен танысады. Дайындау процесінде құмдау керек қажетті сәтте қоюға болатын ең тиімді әдістер қарсыластың тығырыққа тіреліп, оның ең күшті жақтарын бейтараптандырады.

Жарыста кезекті кездесуге дайындалу кезінде ойынды талдау керек қарсылас, оның техникалық дайындығын оның техникасымен салыстыру физикалық және психологиялық деректер оның деректерімен және жоғарыда айтылғандай, ойынның тактикалық жоспарын жасаңыз. Кездесу барысында алдын-ала жасалған жоспар нақтылануда. «12 соққы» ережесі пассивті теннисшілерге қарсы бағытталған жарыс ойынды әдейі созады. Осы Ереже қосылған сәттен бастап беру бір рет жүргізіледі, және егер 12 соққыны беруші ұпай ойнай алмаса, ол оған ұтылды деп есептеледі. Бұл ереже тіпті жаман адамдарға да белсенді ойын

жүргізуге мәжбүр етеді. Алайда, спорт шеберлері бұл ережені дұрыс қолданбаған кезде жеңіліске үшырайтыны белгілі.

Белсенді емес теннисшілер ойынды тактикалық тұрғыдан дұрыс жүргізбейді және олар бастамадан бас тартып күтеді. Бірнеше мысал:

1. Шабуыл немесе қорғаныс соққыларын ойнау қабілетіне қарамастан белсенді ойын жүргізу керек. Мысалы, егер қарсылас соққы берсе, онда сіз мынаны анықтауыңыз керек: ол қай жағынан енжар және ойынды әлсіз жаққа аударуға тырысыңыз, төмен және ұзын доптармен ойнайтын жағын анықтаңыз.
2. Жақсы шабуыл жасай білу немесе кем дегенде бір жағынан «накат» соққысына ие болу, «накатом» соққыларын орындаңыз, бұл берушінің шабуылын қиындатады.
3. Шабуылдаушы ойыншы қызмет көрсеткеннен кейін бірден шабуыл жасауы керек, егер ыңғайлы болса қатты соққы үшін допты алу мүмкін болмады, «накатом» соққылар сериясын өткізу керек, оларды қысқартылған шарлармен біріктіріп, ешқандай жағдайда допты бермеңіз.

Ойын кезінде техниканы ұмытып, тактикаға назар аударыңыз. Сізге керек допты қайда жібергеніңіз туралы ойланыңыз. Үстел теннисінде ой мен дене арасындағы толық үйлесімділік басты рөл ойнайды. Қарсыластың әлсіз жақтарын іздеу үстел теннисі стратегиясының негізгі бөлігі. Сіз әрқашан жеңістен гөрі жеңіліс кезінде көбірек үйренесіз. Ең жақсы болу - ешқашан берілмеу. Қиын жағдайларда бірінші дәрежелі ойыншы өзінің ең жақсы соққыларын орындайды. Үстел теннисінің жетекші ойыншыларының көпшілігі мықты және жақсы дайындықпен келеді. Олар бір-бірінен өз мүмкіндіктерін қалай пайдаланатындығымен ерекшеленеді. Ең бастысы-күресу және өзіңді беру. Үстелдің екінші жағында кім екендігі туралы алаңдамаңыз. Сіз кез-келген ойында жеңіске жете аласыз, бірақ егер сіз шын жүректен және ақылмен күрессеңіз ғана. Сіз жеңгеннен кейін ол сіздің қаншалықты мықты екеніңізді айтқан кезде қарсыласыңызға сенбеңіз. Сондай-ақ, сіз жеңілістен кейін өзіңіз туралы ойлағаныңыздай әлсіз емессіз. Үстел теннисін бір сағат ойнағаннан кейін сіз өзіңіздің проблемаларыңызды ұмытып кететініңіз керемет емес пе? Ойын аяқтаған кезде бәрі жақсы көрінеді, тіпті сусын да дәмді болады. Допты әрдайым үмітсіз болып көрінсе де, құтқаруға тырысыңыз. Оған асығыңыз және оны қайтаруға тырысыңыз. Бұл шешім екінші сипатқа ие болуы керек. Үстел теннисі-бұл барлық жастағы адамдарға арналған спорт, егер олар өздерінің шектеулерін ескерсе. Демек, сіз өмір бойы үстел теннисін ойнай аласыз-егер сіз оны дұрыс мөлшерде жасасаңыз [5].

Әдеттегі қателіктерді білу сіздің сәтсіздіктеріңіздің себебін табуға және ойын техникасындағы кемшіліктерді жоюға көмектеседі. Ойыныңыздың техникалық жағын дұрыс орындағаныңызды мұқият қадағалаңыз, қателіктеріңізді талдаңыз, себептерін табыңыз және олар әдетке айналмауы және берік дағды ретінде бекітілмеуі үшін оларды жоюға тырысыңыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Амелин А.Н. Современный настольный теннис // А.Н.Амелин. — М., 2011. 44-45 б.
2. Барчукова Г. В. Теория и методика настольного тенниса / Г.В.Барчукова, М. Богушас, О.В. Матыцын. - М.: "Академия" баспа орталығы, 2010. – 160 б.
3. Железняк Ю. Д. Спортивные игры. Техника, тактика, методика обучения / Ю. Д. Железняк, Ю. М. Портнов. - - М.: "Академия" баспа орталығы, 2007. 35-36 б.
4. Серова Л. К. Содержание спортивной подготовки в настольном теннисе : курс лекций / Л. К. Серова. - СПб., 2011. – 30 б.
5. Настольный теннис в России [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://tabletennis.hobby.ru

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫ

Жумабаева Айман, БҚИТУ педагогикалық факультетінің II курс студенті
Ғылыми жетекшісі **– Кажиакпарова Ж.С.,** п.ғ.к., доцент

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

XXI ғасыр – сандық технологиялар заманы. Ақпараттық технологиялар қарыштап, озық инновацияның дәуірі келді. Еліміздің озық отыз елдің қатарына енуі үшін де сандық технологияны дамыту ауадай қажет. Осы орайда халықтың сауатын ашу өте маңызды. Елбасы Н.Назарбаев: «Ғаламторға телмірген заманда IT технологияны мемлекет барынша қолдап, қарапайым халыққа ілгері дамыған бағдарламаларды үйрету қажет», – деген болатын.

Сандық білім беру ресурсы – бұл замануи оқушысы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған, графикалық, сандық, тілдік, музыкалық, видео, сурет және басқа да ақпараттан тұратын ақпарат көзі.

Сандық білім беру ресурстары - мультимедиалық дыбысталған презентациялар, сандық форматқа айналдырылған мәтіндер, интерактивті тапсырмалар мен білгілі бір тапқырып бойынша тестілеу бағдарламалары түріндегі интерактивті кешен.

Білім берудегі мультимедия – таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын, дидактикалық ақпаратты-бағдарламалық құрал. Сандық білім беру ресурстарын мұғалімдер сабақ жүргізу үшін де, оқушылар оны өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін және анықтамалық материалдар ретінде пайдалана алатын болады. Цифрлық білім беру ресурстарымұғалімге оқытудың әр түрлі мақсаттары үшін оқу материалын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы орнықты экономикалық өсуге қол жеткізу, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін цифрлық экожүйені прогрессивті дамытуға бағдарланған. Оның мақсаты республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ болашақта Қазақстан экономикасының цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін қағидатты жаңа даму траекториясына көшуі үшін жағдайлар жасау болып табылады. Осы бағытта білім беру саласында цифрлық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында белсенді жұмыстар атқарылып жатыр.

Цифрландыру әлеуметтік құбылыс ретінде 20 ғасырдың 60-шы – 70-ші жылдары таралды, оның негізгі үш сипаттамасы бар:

1. Контенттің барлық түрлері аналогтық, физикалық және статикалық цифрларға ауысады, сонымен қатар мобильді және дербес болады.

2. Коммуникацияның қарапайым технологияларына көшу жүзеге асырылады, (технология тек қатынас құралы ғана болады), құрылғы мен технологияның жетекші сипаттамасы-басқарылу.

3. Тармақты коммуникация маңыздылығын жояды, оның орнына желілік құрылымды коммуникация келеді [1].

Қазіргі таңда оқытушының өте өнімді және динамикалық жұмыс жасауына арналған көптеген сандық оқыту құралдары бар. Бұл сандық оқыту құралдары төмендегідей мүмкіндіктерге ие бола аламыз:

1. Мазмұнын жасап, оны интерактивті етуге;

2. Бірлескен онлайн-жұмыстың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сабақ барысын жоспарлауға;

3. «Осында және қазір» режімінде білім алушлардан кері байланыс алуға;

4. Оқушылардың білімін ойын түрінде тексеруге;

5. Өзінің кәсіби дербес кеңістігін құрастыруға.

Балалардың жас ерекшелегіне, дарындылық қабілеттіліктеріне байланысты пәндерді меңгеру деңгейі әр түрлі болады. Оқушылардың пәнді оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында сандық технологиямен жұмыс жасау арқылы әртүрлі дағдыларды қалыптастыруға болады.

Сандық технология негізінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қазір көптеген ресурстар бар. Соның ішінде көбірек қолданысқа ие болып жүрген цифрлы ресурстарға төменде талдау жасалған.

Kahoot негізінен, орыс және ағылшын тілінде кең қолданылып келген, қазіргі таңда қазақ тілінде де тапсырмалар әзірлеуге болады. Алдын ала дайындалған тапсырмаларды компьютерлерден немесе смартфоннан оқушылар автоматты түрде жасалатын ойын кодын енгізіп, kahoot.it сілтемесіне кіріп оқушылар өз атын енгізеді. Барлық оқушылар өз атымен аталатын ойынға кірген кезде мұғалім «Бастау» деген батырманы басу арқылы тапсырманы іске қосады. Сұрақтар мен сұрақтарға жауаптар интербелсенді тақтада пайда болады, ал оқушылар ұялы телефондардан немесе компьютерлерден түрлі-түсті фигураларды таңдау арқылы жауаптарын белгілейді. Нәтижесі ойын аяқталғаннан бойда экранға шығады.

«Kahoot!» ойынын мен көбінесе өткен материалды қайталау және сабақты қорытындылау кезеңінде қолданған тиімді. Ресурстың артықшылығы:

- ол әрбір сынып үшін өте қызықты викториналар жасауға мүмкіндік береді;
- тапсырмалар құрастыру үшін қанша қолдансаңыз да ешқандай ақы төлемейсіз.

Kahoot бағдарламасы - цифрлық smart сервисі. Ол оқытушылардың педагогтік тәжірибесін түрлендіру құралдарының бірі болып табылады. Kahoot – коллабротивті оқыту режимінде тегін тестілеу, сауалнама мен пікірталас (ағылшын тілінде) жүргізуге мүмкіндік беретін клиент серверлік білім беру Web платформасы.

Smart оқыту – бұл білім берудің жаңа парадигмасы. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер, сонымен қатар Қазақстан да Smart білімін дамытуға назарын аударды. Жаңа Smart-қоғамның моделі бұл заманауи ақпараттық және ұйымдық жүйелер арқылы адамның интеллектуалдық, жоғары технологиялық, жайлы ортасын құру. Қойылған міндеттерді заманауи технологияларды қолданатын, жаңа ойларды, білімді және интеллектуалдық капиталды түрлендіретін маман шешеді.

SMART қоғам университеттердің алдына жаңа жаһандық міндет қойып отыр: креативті әлеуетке ие, жаңа әлемде ойлай және жұмыс істей алатын кадрларды даярлау. Ол үшін оларды жаңа практикалық дағдыларға үйрету керек: әлеуметтік желілерде коммунициялау, пайдалы ақпаратты іріктеу, электрондық көздермен жұмыс істеу, жеке білім базасын құру, бұл оқу процесінің бағытын өзгертуді талап етеді.

Білім берудегі smart технологиялар бірі STEM – технологиялар болып табылады. Қазіргі кезде STEM әлемдік білім беруде басты трендтердің біріне айналып отыр. Технологиялардың қарқынды дамуы жаңа мамандықтардың пайда болуына әкелуде, сонымен қатар STEM мамандарына деген қажеттілік артуда.

«STEM» аббревиатурасын 1990 жылдары американдық бактериолог Р.Колвэлл алғаш рет ұсынды, ал 2000 жылдары ол белсенді қолданыла бастады. Әлемдік білім жүйесінде бір сөзбен біріктіріп айтылатын STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген атау ғылым, технологиялар, инженерия, математика сияқты басты академиялық салаларды біріктіреді [2].

STEM-оқыту ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде қолдану, сыни тұрғыдан ойлау, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, белсенді қарым-қатынас құру және топпен жұмыс жасау, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуы сияқты артықшылықтарымен ерекшеленеді.

STEM-оқыту арқылы автоматтандыру, роботтандыру, жасанды интеллект, үлкен мәліметтермен алмасу сияқты төртінші өнеркәсіптік революцияның негізгі элементтерімен байланысты цифрлық технологиялар бойынша білікті кадрларды дайындауды қамтамасыз етеді [3].

Mentimeter – интерактивті тұсаукесер құралы, ол оқушылармен сұхбаттасуға, ақпаратты түсінуге және оқушылардың бірін-бірі бағалауда жасырын дауыс беруіне мүмкіндік береді. Суреттерге, бірнеше таңдау жасауға, түрлі деңгейлерге, ашық сұрақтарға, көрермендер сұрақтарына және тағы басқаларға негізделген бірнеше түрлі сұрақ түрлері бар. Аталғандардан өзге, оқушылар сабақтан кейін кері байланысты арнайы кілт сандарды қолданып, жасырын түрде (кейбір оқушылар ұяң келеді, мұғалімге ашық айта алмауы мүмкін) сабақты түсінгенін немесе нені түсінбей қалғандығын жазып, мұғалімнен қосымша тағы да түсіндіруін сұрай алады.

Тағы бір керемет білім ресурстарының бірі – Edpuzzle. Бұнда негізінен YouTube, Vimeo, KhanAcademy платформаларынан, TED-Ed, Learn Zillio және т.б. сияқты каналдардың видеолары бар. Тағы бір ерекшелігі, өз компьютеріңізде тұрған видеоны жүктеуге болады. Алдын ала дайындалған кез келген бір видеоға ашық сұрақтарға жауап беретін интерактивті викторинаны немесе бірнеше жауапты таңдауға, бейне сұхбат және түсініктемелер беруге болады. Тақырыпқа қатысты таңдаған видеоны өңдеуге, яғни қиюға, қысқартуға, кез-келген жерге ашық сұрақтарды қойып, оқушылардың сабақтағы жетістіктерін қадағалауға болады. Видео ақпаратты қанша оқушы көрді (кейде 1-2 оқушы бірнеше мәрте қарауы мүмкін, оларға жеке түсіндіріп) әрбір оқушының белсенділік статистикасы көрініп тұрады.

Сандық білім ресурсы мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы, сандық технологияларды қолдану балалардың таным-түсінігін арттырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Міне осыдан келіп жаңа оқыту технологияларымен ақпараттық технологиялар негізінде оқыту жүйесін ұйымдастырудың тиімділігін сипаттау қолайлы. Кейінгі оқыту технологияларының негізгі құралы болып отырған сандық құралдары әр түрлі ақпараттарды өңдеуге мүмкіндік беретін ең соңғы үлгідегі прогрессивті техникалық инновацияларды пайдалану жаңа деңгейдегі білім беру технологияларын енгізуге мүмкіндік береді деуге болады. Қазіргі заман талабына сай білім алушылардың сапалы да саналы білім алуына ықпал етуші құралдарды пайдалануда ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды орынды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

М.Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім» - деп атап көрсеткеніндей, білімді, саналы, дарынды, іскер, ойшыл болашақ ұрпақты даярлауда ең алдымен білім қажет. Жас ұрпақтың рухын оятатын, елін, жерін құметтейтін, мәдени ұлттық қажеттілікке жараған білім – ең мықты білім. Әрбір ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету екендігін бәріміз білеміз.

Жаңа заман жаңа технологиялармен сусындаған ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, жаңа қоғамға бейімдеу мен интеллектуалды дамуын қалыптастырудың бірден-бір жол болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Сергеева И.Л. Трансформация массовой культуры в цифровой среде / И.Л. Сергеева // Культура и цивилизация. – 2016. – Т. 6. – № 6А. – С. 55–65.

2 АхметоваГ. Преимущества и перспективы STEM-образования / Г.Ахметова, А.Мурзалинова // Білімді ел - Образованная страна., 2017. — №41 (102). — 7 ноябрь.

3 Ногайбаева Г. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане / Г.Ногайбаева, С.Жумажанова // «Білімді ел - Образованная страна., 2016. — №20 (57). 25 октябрь.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ТҮРЛІ ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Құрманғалиева Айсезім – БҚИТУ педагогикалық факультетінің I курс студенті
Ғылыми жетекшісі **– Муратова Ж.М.,** аға оқытушысы, магистр

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қазіргі XXI ғасырда ғылым мен технология жетік дамыған. Табиғат құбылыстары және оның заңдары осы күнге дейін адам баласын ойландырып, толғандырып, анықталмаған, сыры ашылмаған дүниелерге ақиқаттың түбіне бар сана-сезімімен, білімді де тәжірибелі ақыл-ой парасаттылығымен жетуі әрқашанда үлкен жетістік болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан тек білім жүйесінде де жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс.

Стратегиялық проблемалар жөніндегі мамандар қашықтан оқыту формасын XXI ғасырдың білім беру жүйесі деп атап жүр. Бұл күні оған үлкен мән беріліп отыр. Бұрын технологияларға бағытталған қоғамдық прогрестің нәтижелерінің бүгінде ақапараттық аймақта орталықтандырылып жатқаны қашықтан оқытудың маңыздылығын арыттырды. Информатика дәуірі басталды. Оның қазіргі мезгілдегі даму кезеңін телекоммуникациялық деп сипаттауға болады. Бұл ақпарат пен білімнің қатынас аймағы. Кәсіби білім тез ескіретіндіктен оны тұрақтытүрде жетілдіріп отыру керек. Қашықтан оқыту формасы бүгінде, уақыт және кеңістік белдеулерінен тәуелсіз, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Одан басқа, қашықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына (оқушыға, студентке, азматтар мен әскерилерге, жұмыссыздарға ...) қарамастан және еліміз бен шет елдің кез-келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді. Ел азаматының білім алу құқығын қамтамасыз етуде және қоғам қажеттілігін өтеуде, тек осы жүйе мейлінше тиімді әрі икемді. Жоғарыда айтылған факторларға сүйеніп айтқанда, мамандарды дайындау мен олардың жоғары квалификациялық деңгейін ұстап тұруда қашықтан оқыту XXI ғасырдағы ең әсерлі жүйе болып табылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясын дамыту мен тарату білім жетілдірудің бұрынғы дәстүрлі жүйесіне елеулі өзгерістер енгізілуі. Оқу ақпаратын шалғайдағы елді мекендерге жеткізуде қашықтан оқыту технологиясын қолданудың ерекше маңыздылығының бар болуы. Қашықтан оқитындардың құрамына біріншіден физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар, оларды күтушілер, яғни бірыңғай үйде отыратын адамдар, денсаулығына байланысты күндізгі оқу сабақтарына қатыса алмайтын оқушылар оқи алады. Екіншіден жоғары, арнайы оқу орындарында аз шығынмен неғұрлым көп адамдар оқыта алу. Үшіншіден адамдар тұрғылықты жерін ауыстыруына немесе өміріндегі әр түрлі өзгерістерге қарамастан білім алуды жалғастыра алады. Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент - сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады.

Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу. Қашықтан оқыту мұғалімнің біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға көзқарастарын өзгертеді.

Сырттай оқу мен қашықтан оқуды шатастырмау керек. Олардың басты айырмашылығы сонда, қашықтан оқытуда жүйелі, әрі әсерлі интерактивтік оқыту қамтамасыз етіледі. Қашықтан оқытуды оқудың жаңа бір формасы деп, тиісінше қашықтан білім беруді (оқыту нәтижесі сияқты, жүйені де, процестің өзін де) білім берудің жаңа формасы деп қарастыру керек. Әрине, оны басқа оқу жүйелеренің жетілдірілген түрі деп қарауға болмас. Қашықтан оқыту да күндізгі оқытудағыдай мазмұн мен мақсаттар негізінде құрылады. Бірақ, материалды беру түрі мен мұғалім – оқушы, оқушының өзара қатынастары басқаша болады. Қашықтан оқытудың дидактикалық принциптері де (ғылымилық, жүйлеік және жүйелілік, белесенділік принциптері, дамыта оқыту, көрнекілік, оқытудың дифрененциалдығы мен жекелей оқыту принциптері т.с.с) күндізгі оқуыдағыдай. Бірақ, Интернеттің ақпараттық ортасының және оның қызметінің мүмкідіктеріне байланысты, қашықтан білім беруді жүзеге асыру ерекше болады. Осылайша, бір жағынан қашықтан оқытуды жалпы білім беру арасында (үздіксіз білім беру жүйесінде), оның кейбір жақтарының ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру керек. Басқаша жағынан, қашықтан оқуды жүйе және процесс ретінде айыра білу керек. Қашықтан оқыту – процесс. Қашықтан оқу – жүйе**.** Басқа да оқыту формалары сияқты, қашықтан оқыту да педагогикалық жобалаудың кезеңдерін, оның мазмұндық және педагогикалық құрамын (педагогикалық технология жоспарындағы әдістеме, оқыту формаларын) теориялық тұрғыда мағаналы етуді ұсынады. Бұдан шығатыны, педагогикалық жобалау кезеңінің міндеттері мыналар: электрондық курстар, электрондық оқулықтар, оқу құралдарының кешендірін құрастыру, желіде оқыту процесін ұйымдастырудың педагогикалық технологиясын жасау. Қашықтан оқыту курсы оқушы әрекетінің тиянақты және дәл жоспарлануын, ұймыдастырылуын, оқыту мақсаты мен міндетінің айқын қойылуын, оқушы мен оқытушының арасындағы интерактивтілікті қамтамасыз ететін қажетті оқу материалдарының жеткізілуін, оқушы мен оқу материалы арасында кері байланыс болуын талап етеді, топтық оқытуға жағадай жасайды. Әсерлі кері байланыстың болуы оқушының білмісіздіктен білімділікке қарай қозғалысының дұрыстығы туралы ақпарат алып отыруға мүмкіндік береді. Мотивация да кез-келген қаштықатан оқыту крусының маңызды бір бөлігі. Оның көтермелеу үшін әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдану маңызды. Қашықтан оқыту курстарын ұйымдастрығанда қосалқы компоненттерді (инвариантты) де қарастыру керек. Қашықтан оқытуды екі негізгі бөлікке бөлуге болады: техниклық және дидактикалық. Техникалық бөлігі жақсы дамыған. Оның құралы болып телекоммуникациялар, аудио және видео жазбалар, жергілікті және ауқымды компьютерлік желілер. Ұйымдасқан – дидактикалық құрылымда қашықтан оқыту оқытудыңнегізгі компоненті болып табылады.Қашықтан оқыту оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де тиімді екендігін уақыт дәлелдеді. Қашықтан оқыту жүйесіне ата-аналардың көзқарасы жақсы қалптасып келеді. Әсіресе ата-аналар үшін қашықтан оқыту материалдық жағдайының тиімді болуын қарастырады.

Қашықтан оқыту модельдері:

Бірінші модель – экстарнат түрінде оқыту. Қандайда бір себеппен күндізгі оқу орнында оқи алмайтын оқушылар мен студенттерге арналған, мектептің және ЖОО-ның (емтихандық) талабына ыңғайластырылған оқыту.

Екінші модель – бір университет базасында оқыту. Тұрақты түрде оқытылмайтын, оқу орынан қашықта орналсқан, сырттай (ашық форма) немесе қашықтан оқытатын, яғни компьютерлік телекоммуникациялы мен ақпараттық технологияны қамытыған, студенттерге арналған бүтіндей оқу жүйесі. Мұндай бағдарламалар әртүрлі білім аттестаттарын алу үшін пайдаланылады.

Үшінші модель – бірнеше оқу орындарының бірігіп жұмыс істеуіне негізделген оқыту. Жетекші пәндерді (елдің немесе шет елдің кез-келеген аумағында) оқытуда бірнеше оқу орнының, сырттай қашықтан оқытудың бағадарламасын бірігіп дайындауына

негізделген. Қашықтан оқытудың бағдарламасын дайындағанда осылай бірігіп қызмет ету, оның сапасын арттырады және біршама арзандатады. Бағдарламаның келешек мақсаты – достас елдердің кез-келген азаматына, өз елінен немесе үйінен алысқа ұзамай ақ, осы елдердегі колледждер мен университеттер базасында кез-келген білім алуына мүмкіндік беру.

Төртінші модель – оқушылар мен студентер әр бағытта білім алатын, ашық немесе қашықтан оқытуға арнайы құрылған, тәуелсіз білім беру мекемесі. Олар мультимедиялық курстар жасауға маманданады. Оқу ақысы студенттер жұмыс істейтін ұймдар мен фирмалар арқылы төленеді. Осындай ең ірі мекеме Лондондағы Ашық университет болып табылады. Оның базасы негізінде соңғы жылдары Ұлыбританияның ғана емес Достастық елдерінің де көптеген студенттері қашықтан оқытылып жатыр.

Бесінші модель – тәуелсіз оқыту жүйесімен оқыту. Бұған ұқсас жүйелерде оқыту толығымен теледидардағы бейнежазу немесе райдиобағдарлама, сонымен қатар баспа құралдары арқылы жүргізіледі. Қащықтан оқытудың бұндай түрінің мысалына америка – самоан тележобасын жатқызуға болады.

Қашықтан оқытудың даусыз артықшылықтары мыналар:

1) білім беру қызметінің арзандығына қарамай, кешкі немесе сырттай оқу түріне қарағанда әлдеқайда жоғары кәсіби дайындық ;
2) оқу мерзімін қысқарту;
3) Қазақстан мен шет ел ЖОО-нда қатар оқу мүмкіндігі;
4) Студенттің ЖОО-ның географиялық орнына тәуелсіздігі.

Қашықтан оқыту формасы туралы айтқанда, құрамына; барынша мүмкін болатын ақпараттың электрондық көздері (желілікті қоса алағанда): виртуалды кітапханалар, деректер базасы, консултациялық қызметтер, электрондық оқу құраладыр, киберсыныптар, т.б. кіретін бір ыңғай ақпараттық-білім кеңістігін жасау туралы айту керек. Әңіме қашықтан оқыту туралы болып отырғанда, ол жүйеде мұғалім, оқушы және оқулық бар деп түсіну керек. Бұл оқушы мен оқытушының өзара әсері. Осыдан шығатыны, қашықтан оқыту формасын ұйымдастыруда ең бастысы электрондық курстар, қашықтан оқытудың диактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Қашықтан оқытуды сырттай оқуға ұқсатудың қажеті жоқ, себеі, бұл жерде мұғаліммен және киберсыныптағы басқа оқушылармен тұрақты байланыс бар, күндізгі оқудың барлық жағы, оқудың еркеше формасы ескеріле отырып қамтылған. Бұдан шығатыны, теориялық талдаулар, эксперименттік тексеру, жауапты ғылыми-зерттеу жұмыстары талап етіледі. Өкіншіке қарай, біздің инетернетте көріп жүргендеріміз, компакт-дисклердегі электрондық оқулықтар педагогикалық талаптарға жауап бере алмайды. Осыдан барып, қашықтан оқыту курсатырын жасақтаумен және оны әртүрлі базалық, тереңдетілген, қосымша білім беру мақсаттарындағы әдістемелер қолданумен байланысты проблемаларды шешудің мәні зор.

Ғаламның бүкіл шартарабын шарпыған әлемдік пандемияның қарқынды таралуына орай Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа үндеуіне сәйкес, республикамыздағы барлық білім беру мекемелері 2020 жылдың 6-сәуірінен бастап, төтенше жағдайға орай қашықтан білім беруді жүргізуде.

Аталған білім беру жүйесінің жаңа форматы бойынша жұмыс жүргізу ұстаздар мен оқытушылар үшін де, оқушылар мен студенттер үшін де оңай шаруа болмағаны баршамызға аян. Қашықтан оқыту — Отандық білім беру жүйесі үшін үлкен сынақ болғаны анық. Дүниежүзіндегі дамушы елдердің барлық жоғарғы оқу орындары қашықтықтан білім беру технологиясымен жұмыс жасайтыны мәлім. Біздің мемлекетімізде де жоғары оқу орындарында қашықтан оқыту жүйесі тәжіриебеге енгізілген.

Жоғары оқу орындарының ұстаздары қашықтан оқыту жүйесінде студенттің білім сапасы төмендейді деген пікірде. Болашақта үш әлемдік үрдіс қашықтан білім берудің дамуына әсер етеді. Біріншісі, гигономика (Джиг экономикасы) деп аталатын өсім. Бұл кәдімгі дәстүрлі жұмыстармен айналысқаннан гөрі, көп адамдар өздері үшін жұмыс істеуді жөн көретіндігінде. Екінші, жаһандық үрдіс қазіргі адамның жеке өзін-өзі тануға деген

ұмтылысымен байланысты: әркім өзінің өмірінің мақсаты мен мағынасы болғанын қалайды. Үшінші қағида әлемдік білім беру нарығының орталықсыздандырылуынан көрінеді. Қазіргі кезде білім беру қызметтерін тұтынушылар нені, қашан және қалай оқығысы келетінін өздері шешеді. Ақпараттық технологияларға негізделген қашықтан білім беру осы тенденцияларды ескеріп, әр оқушыға жеке көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Билл мен Мелинда Гейтстің айтуынша, жетілдірілген бағдарламалық жасақтама мен жаңа технологиялар арқылы білім саласындағы төңкеріс болады.

Алғаш рет қашықтан оқыту арқылы жоғары білім алу мүмкіндігі 1836 жылы Лондон университеті құрылған кезде пайда болды. Пошта байланысы арқылы оқулықтар мен оқу материалдары, емтихан сұрақтары, кейс тапсырмалар қашықтан оқитын студентке жіберіліп, кері байланыс та орнатылды. 1920 жылдардағы радионы ойлап табу бірқатар лекциядан тұратын радиокурстардың пайда болуына әкелді. Кейде мұндай курстар баспа материалдарымен және сыныптағы іс-шаралармен толықтырылды. 50-жылдары теледидар курстары белсенді дамыды, оқу құралдарымен, сабақтармен және мезгіл-мезгіл емтихан бақылауымен бірге жүрді. 1969 жылы Біріккен Корольдіктің Ашық Университетінің (Open University of the United Kingdom,UKOU) ашылуы қашықтан оқытудың жаңа кезеңі басталуына әсер етті. Осы кезеңнен бастап қашықтан білім беруде бірінші рет оқытудың әртүрлі тәсілдері мен әдістемесі қолданыла бастады.

Ашық университет (Open University of the United Kingdom, UKOU) қашықтан оқытуға арналған жоғары сапалы электронды оқу құралдарын шығарды. Университеттің студенттермен кері байланысы радио және теледидарлық хабарлармен толықтырылған баспа материалдары арқылы жүзеге асты (аудиокассеталар кейінірек кең таралды). Оқытушылар мен студенттердің екіжақты әрекеті тұрғылықты жері бойынша сырттай, бетпе-бет консультациялар және қысқамерзімді курстар арқылы жүзеге асырылды. Бұл модель дайындық кезеңінде жоғары бағаланды. Алайда қажетті материалдар мен бағдарламаларды жасағаннан кейін, әр студентті оқыту үлкен шығынды қажет етпейтін болды. Ұлыбритания үкіметі бұл жобаға айтарлықтай қаражат бөлді. Қашықтан оқыту үшін оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу құралдары және білім беру технологиялары қажет болды.

Қашықтан оқытудың әлемдік көшбасшылары. Ұлыбританияның ашық университеті ашылғаннан кейін қашықтан оқытатын оқу орындары бірқатар елде пайда болды, негізінен Еуропа мен Азия. Оның қатарына Испаниядағы Distancia ұлттық білім беру университеті (UNED, 1972), Пәкістандағы Allama Iqbal Open University (AIOU, 1974), Тайландтағы Сухотхай Тамматхират ашық университеті (STOU, 1978), Корея мемлекеттік ашық университеті жатады. Кейінірек қашықтан оқытатын университеттер Индонезияда Тербука Университеті (UT, 1984), Үндістанда Индира Ганди (Индира Ганди ұлттық ашық университеті (IGNOU, 1985) ашылды. Еуропадағы қашықтан білім беретін ең ірі оқу орны – Испаниядағы ұлттық университеті (ЮНЭД – өз елінде 58 оқу орталығы, 9 шетелде оқу орталығы бар) және штаб-пәтері Балтық аймағының 10 елін біріктіретін Стокгольмда орналасқан Балтика университеті (БУ). Ал ең ірі француздық қашықтан оқыту орталығы (CEND) 1969 жылы ашылды.

Орталық 2,5 мыңнан астам оқу курстарын ұсынады, оның филиалдарын әлемнің 120 елінен табуға болады, 5 мыңға жуық мұғалім қашықтан оқыту курстары мен білім беру іс-шараларын дамытуға қатысады. CEND қашықтан оқытуды ұйымдастыруда қолданылатын техникалық құралдарға спутниктік теледидар, видео және аудио таспалар, электронды пошта, интернет, сонымен қатар дәстүрлі әдебиет көздері жатады. 1989 жылы Америка Құрама Штаттарында қашықтан оқыту идеясы 1500 колледж бен телекомпаниялардың консорциумы болып табылатын Қоғамдық хабар тарату жүйесінде (PBS TV) пайда болды. PBS TV төрт білім беру арнасы арқылы берілетін бірнеше оқыту бағдарламаларын қамтиды. Оның ішінде ғылымның, бизнестің және менеджменттің әртүрлі бағыттары бойынша курстарды ұсынатын PBS Adalt Learning Service қашықтан оқыту бағдарламасы ерекше орын алады. Бүгінгі таңда Пенсильван (Penn State University) мемлекеттік университеті қашықтан білім беру саласындағы ең беделді университеттердің бірі.

Оның тәжірибесін ЮНЕСКО виртуалды университет тұжырымдамасын жасауда қолданды. Қытайда мәдени революция кезінде жабылған дәстүрлі жоғары оқу орындарының орнына 1979 жылы Радио және теледидар университеттерінің ұлттық желісі (CRTVU) құрылды. Оқыту спутниктік хабар тарату және теледидар арқылы ұйымдастырылады.

Білім беруді басқару жүйесі. Қашықтан оқытуды тиімді жүзеге асырудың негізі болып онлайн режімінде оқу процесін құруға мүмкіндік беретін бағдарламалық платформалар саналады. Қазіргі кезде әлемдік деңгейде Learning Management Systems (LMS), яғни білім беруді басқару жүйесі (ББББЖ) бар. 2014 жылы менеджмент жүйесін оқытудың әлемдік нарығы 2,5 млрд доллардан астам қаржыға бағаланды, ал 2009 жылы нарық көлемі 1,2 млрд доллардан екі есе аз болды. Дүние жүзінде оқытуды басқару жүйесін 600-ден астам жеткізуші бар. Ең ірі әлемдік ББББЖ 15 ірі компанияның үлесінде. АҚШ жоғары оқу орындарының зерттеуі бойынша (студенттер саны 1 мыңнан асады) ББББЖ ең танымалдары: Blackboard Learn, Moodle, Desire2Learn және Canvas. Blackboard Learn платформасын 35,8% американдық университеттер пайдаланады, қалған платформаларды мәселен, Moodle – 19,7%, Desire2Learn – 9,5% және Canvas – 9% қашықтан оқытуға қолданады.

Қашықтан оқыту курстарына қатысатын студенттер саны бойынша Blackboard Learn платформасы көшбасшы (барлық студенттердің 44,6%-ы), студенттердің 16,5% Moodle платформасын, 12,9%-ы Canvas жүйесін таңдаса, 12,6%-ы Desire2Learn платформасында қашықтан оқиды.

Zoom – біздің көпшілігіміз карантинге дейін білмейтін бейнеконференция алаңы. Наурыздың аяғында оның қаржысы 29 млрд долларға дейін өсті, яғни бұл кез келген американдық авиакомпанияға қарағанда қымбат тұрады. Бұл оқшауланауға мәжбүр болудан туындаған сұраныс екені мәлім. Zoom Video Communications бас кеңсесі Калифорния штатының Сан-Хосе қаласында (АҚШ) орналасқан және қашықтан конференция өткізетін бағдарламамен айналысады. Компанияны 2011 жылы Эрик Юань құрған. Сервистің өзі 2013 жылы іске қосылды, іске қосылғаннан кейін бірден оған млн пайдаланушы қосылды, 2014 жылдың жазында ол 10 млн-ға жетті, ал 2015 жылға қарай Zoom қызметін 40 млн жеке тұлға мен 65 мың ұйым пайдаланды (Би-Би-Си). Бағдарламаның тегін нұсқасына 100 адамға дейін қатыса алады, бұл жағдайда бейнеконференция 40 минутқа дейін созылуы мүмкін.

Егер пайдаланушыға қатысушылардың көбірек санын қосу немесе олармен ұзақ сөйлесу қажет болса, сізге айына 15 долларды құрайтын ақылы нұсқаға көшу керек. Бұл жағдайда, тегін нұсқада жеке бейнеқоңыраулар шектелмейді. Zoom-ға компьютерден де, смартфоннан да қосыла аласыз. Қоңырау шалуға, хат жазуға және конференция барысында қатысушыларға хабарлама жазуға да болады. Zoom-ның негізін қалаушы миллиардер Эрик Юан әлемде карантин басталғаннан бері платформаны пайдаланушылар саны өскенін, қазіргі уақытта оны күніне 200 млн адам пайдаланатынын айтады. Алайда Сан-Хосе (АҚШ) федералды сотында Zoom компаниясы үшінші тарап компанияларына, атап айтқанда Facebook-ке және басқа да әлеуметтік желілерге деректерді жіберді деп айыпталды. The Guardian iOS қолданбасы әлеуметтік желіде тіркелмеген болса да Facebook-ке мәліметтерін жібереді деп жазды. Бұл ақпарат пайдаланушының орналасқан жерін және бағдарламадағы оның жеке мәліметтерін қамтиды, сол арқылы басқа компаниялар оған жеке жарнамаларын жібере алады.

Тағы бір мәселе 2020 жылдың қаңтарында табылды. Check Point израилдік киберқауіпсіздік компаниясы Zoom-дағы әңгімелерді тыңдауға және осындай парольмен қорғалмаған конференциялар кезінде таратылған барлық файлдарды алуға болатын кемшілігін анықтады. Хакерлер Zoom-дағы конференцияларды бұзу үшін түрлі порнографиялық бейнероликтер жібереді. Американдық бұқаралық ақпарат құралдарында хакерлер нәсілшіл және жай ғана қорлайтын хабарламалар жіберіп, конференциялардың берекесін кетіргені жайлы айтылады. Алайда БАҚ-тың хабарлауынша, хакерлер компьютерлер мен телефондардағы жеке ақпаратқа қол жеткізе алмайды.

Қазақстандық жоғары оқу орындары жаңа оқу жылы басталысымен қашықтан оқытуда онлайн дәрістерді Zoom-мен емес, Microsoft Teams платформасында өткізуді

ұсынды. Zoom-ның бірқатар кемшіліктері айқындалды және тегін бейнебайланыс уақыты 40 минуттан аспайды, одан ұзағырақ дәріс өткізу үшін Zoom платформасының ақылы қызмет түріне жүгінуге тура келеді (айына 15 доллар). Елімізде жаңа оқу жылында қауіпсіз және оңтайлы оқыту платформасына көшу қажет болды. Карантин кезеңінде көптеген компания мен кәсіпкер өз қызметтерін бейнебайланыс арқылы қалай ұсынуға болатынын анықтады. Мысалы, дәрігерлер, заңгерлер, мұғалімдер, рекрутерлер және тіпті фитнес жаттықтырушылар да қадамдар жасап көрді. Осы бейнесабақ ұйымдастыру үшін Майкрософт өзінің екі қызметін біріктірді, бұл – командалар мен броньдау. Сіз командалар туралы бұрыннан білетін шығарсыз, бұл бейнеконференциялар ұйымдастыруға арналған топтық чат.

Ал броньдау – Microsoft 365 кеңсе жиынтығында қолжетімді онлайн-броньдау (жиналыстар мен видеокездесулерді алдын ала жоспарлау) үшін жасалған бағдарлама. Майкрософт компаниясы өз тұтынушыларымен онлайн кездесулердің күнтізбесін жүргізе алады, жаңа сұраныстарды қабылдайды және растайды. Бейнедәріс үшін оқытушы алдын ала күнтізбеге дәріс мерзімін белгілеп, студенттерге сілтеме жібереді. Microsoft Teams дәріске қатысушылардың барлығын фонға шығара алады. Жақында Microsoft корпорациясы Microsoft Teams аудиториясының күніне 13 млн қолданушыға жететіндігін мәлімдеді. Жаңа оқу жылында қазақстандық ЖОО-лар Microsoft Teams платформасында дәрістері мен семинар сабақтарын жүргізе бастады. Қазір оқытушы-ғалымдар аталған платформаны зерделеп, қашықтан оқытса да білім сапасын төмендетпеу жолдарын қарастыруда.

Әдебиеттер тізімі:

1. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827
2. Тажигулова А.И. Методология и технология информатизации среднего образования. Автореферат дисс.д,п.н., Алматы, 2009, 48стр.
3. Электрондық оқытудың тұжырымдамасы: қазақстандық көзқарас – Алматы: «ҰАО» АҚ, 2011. – 87 б.
4. Нургалиева Г.К., Тажигулова А.И. Педагогическая методология и технология информатизации среднего образования. - Алматы: НЦИ, 2011.-282 с.
5. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: монография / Под.редакцией: Бадарча Дендева – М. : ИИТО ЮНЕСКО, 2013. – 320 ст
6. Медешова А.Б. Колледждің ғылыми-әдістемелік жұмысын басқарудың ақпараттық жүйесін жасақтау: Монография./А.Б.Медешова, А.Б.Искалиева. – Алматы: “Credos Itd C” баспасы, 2016. -140 б.

ЮНОШЕСКИЕ ЛЕТНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ, ИТОГИ, ПРОБЛЕМЫ И СУЖДЕНИЯ

Ляпина Виктория, студентка II курс педагогического факультета ЗКИТУ
Научный руководитель - **Бакесова Р.М**., доктор PhD, доцент ЗКИТУ

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

К числу наиболее крупных современных спортивных состязаний международного уровня, таких как Чемпионаты континентов Европы и Азии, Мировые первенства, Азиатские и Олимпийские игры, летние и зимние Юношеские Олимпийские игры, которые проводятся под руководством МОК- Международого Олимпийского Комитета. Игры проводятся один раз в четыре года, в точном соответствии и установленными ранее правилами [1].

6 апреля – знаменательный день в жизни современного общества. В 1896 году в этот день состоялось открытие первых Олимпийских игр современности. Это означало возрождение одной из самых значимых традиций земной цивилизации, начало которой было положено в Древней Греции [2].

Рассматривая данные мнения с точки зрения воспитательного воздействия Олимпийских игр на отдельные личности и команду в целом, еще раз заметим, что спорт высоких достижений - это мощное воспитательное средство, о котором следует всегда помнить каждому, из спортивных руководителей, а спортивным тренерам по видам, учителям школ, и организаторам физической культуры, в особенности.

Цель исследования – провести анализ участия сборной команды на летних Олимпийских играх, на основе, вооружить будущих специалистов умениям критически оценивать состояние молодежного спортивного движения в Казахстане.

Задачи:

- осветить краткую историческую справку о летних Олимпийских играх современности, места проведения, количестве участников, разыгранных медалях;
- сравнить показатели завоеванных медалей на Летних Олимпийских играх командами Казахстана в разные годы;
- внести предложения по повышению профессиональной компетентности специалистов, готовящих Олимпийский резерв.

В состав ожидаемого результата было положено мнение, которое уже имело место в специальной литературе (Н.Н.Пересветов, В.В.Столбов, Г.И.Кукушкин, А.К.Кульназаров, Н.И.Пономарев, М.Таникеев и др.), смысл которого сводится к тому, что способность анализировать результаты крупных международных спортивных соревнований, давать им обоснованную объективную оценку, несомненно, повысит профессиональную компетентность специалистов выпускаемых специальными учебными заведениями.

Материалы и методы исследований. В числе методов научного исследования были использованы литературный анализ изучаемой проблемы, оценка существовавшего передового педагогического опыта, различные архивные данные, наблюдения и др.

Результаты исследований и обсуждение. До 1988 года казахстанские спортсмены выступали в составе сборной СССР.

XXV летние Олимпийские игры проводились в Барселоне с 25 июля по 9 августа 1992 года. Было разыграно 257 комплектов медалей. В Играх приняло участие 9 356 спортсменов (6 652 мужчин и 2 704 женщины), представляющих 169 команд. На летних Олимпийских играх 1992 года Казахстан входил в состав Объединённой команды и выступал на Играх под Олимпийским флагом, однако на церемониях награждения в личных соревнованиях поднимался государственный флаг страны спортсмена, в честь побед звучал гимн его государства. В состав Объединённой команды на зимних Играх входили 12 стран СНГ. После окончания Игр в Барселоне команда прекратила своё существование; уже в конце 1992 года представители государств бывшего СССР выступали самостоятельными командами.

Давая анализ результатам участия казахстанских спортсменов под флагом Объединённой команды стоит заметить, что они оказались самым неэффективными. На этой Олимпиадена пьедистал почета ни разу не поднялись наши спортсмены.

3 февраля 1990 года, в Казахстане впервые был создан Национальный олимпийский комитет (НОК). А три года спустя, 4 октября 1993 года, Республика Казахстан была официально признана действующим членом Международного олимпийского комитета. Поэтому на летних Олимпийских играх Казахстан как отдельная команда. После 1994 года принимал участие во всех следующих играх [3].

На XXVI летних Олимпийских играх проводимые в Атланте (штат Джорджия, США) с 19 июля по 4 августа 1996 года были разыграны 271 комплект медалей в 26 видах спорта. Из Казахстана приняли участие 96 спортсмена, было выиграно 3 золото- Василий Жиров (бокс), Александр Парыгин (Современное пятиборье), Юрий Мельниченко (Греко-римская борьба), 4 серебра -Булат Жумадилов (Бокс), Сергей Беляев (2 медали по стрельбе), Анатолий Храпатый (Тяжёлая атлетика) и 4 бронзы- Болат Ниязымбетов (Бокс), Ермахан Ибрагимов (Бокс), Владимир Вохмянин (Стрельба), Маулен Мамыров (Вольная борьба). В копилке страны 11 медалей, страна выходит на 24 место. Медали завоевали представители 79 стран, в шестёрку попадали спортсмены 92 стран.

На XXVII летних Олимпийских играх проходившие в Сиднее с 15 сентября по 1 октября 2000 года. Было разыграно 300 комплектов медалей в 28 видах спорта (38 с учётом подвидов). Эта Олимпиада была для Казахстана второй олимпиадой, и где было завоевано три золотых медалей- Бекзат Саттарханов (Бокс), Ермахан Ибрагимов (Бокс), Ольга Шишигина (Лёгкая атлетика), четыре серебряных медалей -Булат Жумадилов (Бокс) Мухтархан Дильдабеков (Бокс), Александр Винокуров (Велоспорт), Ислам Байрамуков (Вольная борьба). Сборная страны состояла из 130 спортсменов (86 мужчин, 44 женщины). Всего 7 медали, и всё же наша страна занимает 22 место. На Олимпийских играх участвовало 199 стран.

XXVIII летние Олимпийские игры-2004 проводились в Афинах, Греция, с 13 по 29 августа. В соревнованиях приняли участие 10625 спортсменов из 201 страны. Всего был разыгран 301 комплект наград в 28 видах спорта. На летних Олимпийских играх 2004 года Казахстан представляли 119 спортсменов, выступавших в 17 видах спорта. Казахстан завоевал 8 медалей, которых 1 золотая медаль - Бахтияр Артаев (Бокс), 4 серебра- Геннадий Головкин (Бокс), Сергей Филимонов (Тяжёлая атлетика), Георгий Цурцумиа (Греко-римская), Геннадий Лалиев (Борьба)и 3 бронзовых медалей - Дмитрий Карпов (Лёгкая атлетика), Серик Елеуов (Бокс), Мхитар Манукян (Борьба). Хотя в медальном зачёте сборная Казахстана заняла 40 место. По сравнению с предыдущей Олимпиадой в Сиднее команда опустилась на 18 позиций.

XXIX летние Олимпийские игры-2008 проходили в Пекине, столице КНР, с 8 по 24 августа 2008 года. На Олимпиаде 2008 было разыграно 302 комплекта медалей в 34 видах. В играх принимали участие 204 страны. Общее количество участвующих атлетов — 11 028. Олимпийская сборная Казахстана на Играх XXIX Олимпиады была представлена 132 спортсменами, которые соревновались в 22 видах спорта. По итогам Олимпийских игр спортсмены из Казахстана заняли общекомандное 29-е место, завоевав 9 медалей, из которых 2 золотые - Бакыт Сарсекбаев (Бокс), Алла Важенина (Тяжёлая атлетика), 3 серебряных - Ольга Рыпакова (Тройной прыжок), Асхат Житкеев (Дзюдо), Нурбахыт Тенизбаев (Борьба) и 4 бронзовых медалей Елена Шалыгина (Борьба), Марид Муталимов (Борьба), Еркебулан Шыналиев (Бокс), Арман Чилманов (Тхэквондо). Но в 2016 году пятеро призёров из Казахстана были уличены в применении допинга и лишены своих медалей золото -Илья Ильин (Тяжёлая атлетика), серебро -Таймураз Тигиев (Борьба), Ирина Некрасова (Тяжёлая атлетика), 2 бронзы- Мария Грабовецкая (Тяжёлая атлетика), Асет Мамбетов (Борьба) [4].

Летние Олимпийские игры 2012 — тридцатые летние Олимпийские игры, проходили в Лондоне, столице Великобритании, с 27 июля по 12 августа 2012 года. Разыграно 302

комплекта медалей в 26 видах спорта. В соревнованиях на летних Олимпийских играх 2012 года приняли участие спортсмены из 204 стран. 4 участника выступали под флагом МОК, количество спортсменов -10956 чел. Талисманы игр — Венлок и Мандевиль. Казахстан на летних Олимпийских играх 2012 представлен 115 спортсменами в 20 видах спорта. Казахстан поднялся на 24 место, завоевав 9 медалей, из которых 3 золото - Александр Винокуров (Велоспорт), Ольга Рыпакова (Лёгкая атлетика), Серик Сапиев (Бокс), 1 серебро - Адильбек Ниязымбетов (Бокс), 5 бронзы -Даниял Гаджиев (борьба), Марина Вольнова (Бокс), Гюзель Манюрова (Борьба), Иван Дычко (Бокс), Акжурек Танатаров (Борьба), Анна Нурмухамбетова (Тяжёлая атлетика). Казахстан из-за потери медалей по тяжёлой атлетике вместо 12 общекомандного место занял только 24 место. Также Казахстан занял второе место по выявленным спортсменам в допинге, отстав только от России: 4 золотых медалей - Зульфия Чиншанло (Тяжёлая атлетика), Майя Манеза (Тяжёлая атлетика), Светлана Подобедова (Тяжёлая атлетика), Илья Ильин (Тяжёлая атлетика) [5].

Летние Олимпийские игры-2016 - тридцать первые летние Олимпийские игры, проходили с 5 по 21 августа в Рио-де-Жанейро, Бразилия. Это были первые Олимпийские игры, проходящие в Южной Америке. На Олимпиаде было разыграно рекордное количество комплектов медалей (306) и приняли участие рекордное число стран (207), в том числе впервые Косово и Южный Судан. Количество спортсменов- 12 500 чел.


Казахстан на летних Олимпийских играх 2016 был представлен 104 спортсменами в 17 видах спорта. По итогам соревнований сборная Казахстана установила собственный рекорд по количеству медалей на одних Олимпийских играх — 18 из которых 3 золотых- Дмитрий Баландин (Плавание), Ниджат Рагимов (Тяжёлая атлетика), Данияр Елеусинов (бокс), 5 серебряных - Елдос Сметов (Дзюдо), Жазира Жаппаркуль (Тяжёлая атлетика), Василий Левит (Бокс), Адильбек Ниязымбетов (Бокс), Гюзель Манюрова (Борьба) и 10 бронзовых Галбадрахын Отгонцэцэг (Дзюдо), Фархад Харки (Тяжёлая атлетика), Карина Горичева (Тяжёлая атлетика),Ольга Рыпакова (Лёгкая атлетика), Александр Зайчиков (Тяжёлая атлетика), Эльмира Сыздыкова (Борьба), Екатерина Ларионова (Борьба), Иван Дычко (Бокс), Дарига Шакимова (Бокс), что также позволило сборной Казахстана занять 22-е место в неофициальном медальном зачёте.

На таблице и диаграмме показано сравнительные показатели завоеванных медалей на Летних Олимпийских играх командами Казахстана с 1996 по 2016 годы. Подводя итоги участия Казахстана на Летних Олимпийских играх стоит отметить, что результаты оказались вполне удовлетворительными. Динамика показывает о хорошей подготовке казахстанских спортсменов, если в командном зачете в 2004 году Казахстан занимал 40 место, то через 4 года поднимается на 29 место, а в 2016 году снова поднимается на 22 место. Это связано наверное, с тем что в республике большинство видов Олимпийской программы достаточно развиты. Поэтому прогнозисты имеют все основания надеяться на достаточный хороший командный результат на следующих Олимпийских играх -2022. Казахстан подавал заявку на проведение зимних Олимпийских игр 2022 года в Алматы, но победа была отдана Пекину.

Таблица. Сравнительные показатели завоеванных медалей на Летних Олимпийских играх командами Казахстана в разные годы

Игры	Спортсмены	Золото	Серебро	Бронза	Всего	Место
До 1991 г	В составе сборной СССР					
Барселона-1992	В составе в Объединенной команды					
Атланта -1996	96	3	4	4	1	4
Сидней-2000	130	3	4	0	7	2
Афины -2004	119	1	4	3	8	40
Пекин -2008	132	2	3	4	9	29
Лондон -2012	115	3	1	7	11	24

Рио-де-Жанейро -2016	104	3	5	10	18	22
		15	21	28	64	



Таким образом, все выше сказанное позволяет сделать вывод, что команда Республики Казахстан принимает участие во всех Летних Олимпийских играх. Итог участия на Летних Олимпийских играх с 1996 года по 2016 года положительный, за этот период в копилке страны 64 медалей, из них : 15 золотых, 21 серебрянных и 28 бронзовых.

Летние Олимпийские игры показали, что Республика Казахстан располагает надежным потенциалом спортсменов высокого класса, способных достойно представлять страну на международных соревнованиях самого высокого уровня. Однако полученные результаты подлежат подробному анализу всеми спортивными школами.

Список литературы:

1. Пересветов Н.Н. Аспекты физкультурно-спортивного краеведения.- Уральск: ТОО Полиграфсервис, 2018. - 295с.

2. Голощапов Р. История физической культуры и спорта. Учебное пособие. – М., 2001.

3. Таникеев М., Асарбаев А.. История ФК в Казахстане. Алматы, 2002, - 173с.

4. Доскараев Б.М. История физической культуры в Казахстане: Учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений Алматы, 2009.-226 с.

5. Даупаев М.О., Пересветов Н.Н. История физической культуры и спорта Республики Казахстан.- Уральск: ТОО Полиграфсервис, 2014.-224 с.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛАЛАР АҒЗАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Мағзом Альбина, БҚИТУ педагогикалық факультетінің II курс студенті
Ғылыми жетекшісі - **Мендигалиева А.С.,** PhD доктор, доцент

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Қай кезден-ақ бала тәрбиесіне ерекше мән берген атам қазақ сәбидің зерек те зерделі, алғыр да тапқыр, ширақ та шымыр болып өсуі үшін түрлі әдіс-тәсілдерді ойлап тапқан. Дүниеге жаңа келген сәбиді бесік жырымен әлдилеп, ана тілінің нәрін, ата-бабасының әуезді әнін санасына сіңіруге тырысқан. Өсе келе ертегімен елітіп, мақал-мәтелдің мәнін түсіндіріп, жыр-дастанмен сусындатқан. Бабаларымыз осындай ұлттық құндылықтар арқылы ұрпақтың туған еліне, жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық тәрбие бере білген. Осылайша дала даналарының көрегендігі ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қала берді. Сол себепті сан жылдар бойы қазақ өз ұрпағына саналы тәлім-тәрбие беріп келді. Бабаларымыз бала тәрбиесінде ойындардың да үлкен рөл атқаратынын аңғарды. Сондықтан баланың зеректігін арттырып, зейінін ашатын, шынықтыратын, ширықтыратын сан түрлі ұлттық ойындарды тудырды. Қазақтың қайсыбір ойынын алып қарасаңыз да, тапқырлық пен табандылықты, біліктілікті талап етеді. Ал сол даналардан өрбіген бүгінгі қазақтың әр баласы ұлттық ойын туралы ойлана ма? Жастар ұлттық ойынды ұмытып бара жатқан жоқ па? Ұлттық ойынның ұлттық тәрбиеге әсері қандай? Бүгінгі әңгіміміз осы турасында өрбімек.[1]

Ұлттық ойындардың тәрбиеге әсері Ең әуелі 15 пен 30 жас аралығындағы жастар арасында ұлттық ойындар туралы сауалнама жүргізіп көрдік. Нәтижесі көңіл қуантарлық емес. Жастар арасында ұлттық ойын түрлерін білетіндер де, тіпті бірде-бірін білмейтіндер де кездесті. Білетіндердің өзі «Ақсүйек», «Алтыбақан», «Ақсерек-көксерек», «Бәйге», «Көкпар», «Аударыспақ» сынды санаулысын ғана атап бере алды. Бірақ сол ойындардың нақты қалай ойналатынына бас қатырып жатқан олар жоқ. Себебі қажеттілік шамалы. Ал «Өз ортаңызда ұлттық ойындарды ойнайсыздар ма?» деген сауалға «Оларды ойнағаннан гөрі, карта, ойын автоматын ойнаған әлдеқайда қызықты ғой» деп жауап қатқандары да болды. Иә, шындық сол, қазір жастар ұлттық ойыннан гөрі санасын улайтын құмар ойындарды артық санайды. Бірақ оның тигізер зиянына көңіл аудармайды да. Сылтау – XXI ғасыр... Заман өзгерген, техника дамыған... Ол уақыт келмеске кеткен... Осы сылтаулармен жас-тар ұлттық құндылықтарға мән берместен заман ағымына ілесіп келеді. Ал ұлттық ойын тасада қалды. Оның кейбірі тіпті көмескіленіп, ұмыт та болып барады. Этнограф-ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындардың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта қалыптасқан екен. Тіпті ғалымдар ойындарды бес түрге бөліп қарастырады. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, әртүрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті қажет ететін ойындар және соңғы уақыттарда қалыптасқан ойындар. Ал негізгі ойын түрлерінің өзі жүзден асып жығылады(!). Олардың ішіндегі асық, тоғызқұмалақ сынды ойындар Азия елдеріндегі алғашқы мемлекеттер мен тайпалар арасында да кеңінен тараған екен. Жоғарыда атап өткендей қазақ халқы ұрпақ тәрбиесін басты мақсат етіп ала отырып, балаларының елін сүйер азамат болып қалыптасуына аса мән берген. Сондықтан да жас талдай жаңа өсіп келе жатқан сәбиді ширықтыратын, алғырлықты талап ететін түрлі ойын түрлерін ойлап тапқан. Тіпті ұлттық ойындардың көпшілігінде қалыптасқан өлеңдері де бар. Өлең арқылы ойынның эстетикалық әсерін арттырып қана қоймай, баланың өлең-жырға деген ынтасын оятады, яғни рухани азық бере алады. Ал кейбір ойындар тек дене қимылын ғана емес, жылдамдықты, батылдықты, табандылықты, дәлдікті, икемділікті талап етеді. Бұл баланың тән саулығына оң әсерін тигізетінін бабаларымыз көрегендікпен болжай білген. Мәселен, ежелден келе жатқан асық ойыны – балалар арасында ойналатын алғашқы ойындардың бірі. Балалардың құралайды көзге ататын мерген болуына басты себепші де – осы ойын. Малдың асықтарымен

ойналатын ойын ептілікті, ширақтықты, қала берді, нысананы дәл көздеуді талап етеді, баланың күш-жігерін арттырып, мергендігін, шапшаңдығын, ептілігін және қырағылығын жетілдіреді. Бірнеше бала болып ойналатын ойын болғандықтан әр баланың ойында «өзгелерден озып, қатарымның алды болсам екен» деген ой талпынысын арттырып, намысын жаниды. Әрі бұл ойында баланың барлық мүшесі қозғалыста болады. Яғни үнемі отырып-тұру, бүгілу, ширығу сынды қимылдар баланың денесін шынықтырып, қан айналымын жақсартады. Ал кейіннен ойын-тойларда «Алтын қабақ», «Жамбы ату» сынды ойындар ойналады. Жаяу немесе ат үстінен сырық басындағы теңгені атып түсіру, жоғары лақтырылған қалпақты, басқа да заттарды атып түсіру, ат үстінде шауып келе жатып нысанаға дәл тигізу сынды түрлерге бөлінетін бұл сайыс – нағыз мергендер сайысы. Міне, осындай ойындардың ортасында өскен қазақ балаларының арасынан талай құралайды көзге атқан мергендер шыққан. Ал «Аударыспақ», «Арқан тартпақ», «Көкпар», «Күш сынаспақ» (білек сынасу) сынды ойындар білектілік пен икемділікті талап етеді. Ат құлағында ойнайтын бабаларымыз «Көкпар», «Бәйге», «Қыз қуу» сынды ойындарды ойын-тойдың көркі қылған. Өткен күн мен бүгінгіні, келешекті байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазына, ұлы өнеріміз ұлттық ойындар – ата-бабамыздан бізге жеткен мұра. Ал олардың бүгінде ұмыт болып бара жатқаны кешегі буын – ағалар мен бүгінгі буын жастарға үлкен сын. Біз келешек ұрпаққа не қалдырмақпыз? Қалтаңды қағар казино мен түрлі құмар ойындарды ма? Ал «азарттан» азған ұрпақ ел ертеңін еңселі ете ала ма? Әрине, жоқ! Құмар ойын құрдымға апарады Батыстан бастау алған құмар ойындардың жұлдызы бүгінде біздің елде де жанып тұр. Біраз жыл бұрын қала мен далада қаптап кеткен ойынханалар мен кішігірім ойын залдары жабылса да, оларға құмартушылар саны азайған жоқ. Себебі бүгінде қайсыбір мектеп жасындағы баланы қарасаңыз да интернет пен компьютерлік клубтардағы түрлі ойындарға аңсары ауып тұрады. Бүгінгі бала асық ойнап алданбайды, күш сынасып малданбайды. Ойы тек «көк жәшік» пен ғаламторда. Ойыны – компьютер ішіндегі атыс-шабыс, талас-тартыс, алдау-арбау... Қала берді, ақшаға құмар ойын ойнайтын жастар да жеткілікті. Ал мұның себебін алыстан іздеп әуре болмаңыз. Қазір ойын-тойда бас қосып, жиналған жасы да, жасамысы да ұл-қызының көзінше сыраны сылқитып, құмар ойынға құнығып отырады. Бұл балаға оң тәрбие бермесі анық. Себебі «әкеге қарап ұл, анаға қарап қыз өседі». Бірақ бұл сөздің астарына үңіліп жатқан ата-ана жоқ. Қай баланы алып қарасақ та компьютер алдында ойын ойнап, күнұзаққа отыруға дайын. Бұл ойын баланың денсаулығын арттыру тұрмақ, дене тұрқының өсіп-дамуына да оң әсерін тигізбейді. Қайта қимылсыз отырған бала әлжуаз, әлсіз, ауруға тез бейімделгіш болып келеді, тіпті ойлау деңгейі өте төмен болады. Онымен қоймай компьютердегі атыс-шабыс ойындар баланың психологиясына кері әсерін тигізіп, өмірге жаңа бейімделіп, оң-солын әлі танымаған балаға теріс жол нұсқаушы десе де болады. Бүгін компьютер алдында есі кетіп ойын ойнап отыратын бала өсе келе үйдегі компьютерді ойын автоматтары мен ойынханалардағы құмар ойындарға алмас-тырмасына кім кепіл?! Ал құмар ойынның құрығына бір ілінген жан одан оңайлықпен құтыла алмасы анық. Тіпті тапқан-таянғанын, астындағы көлігін, басындағы баспанасын берген жандар да кездеседі сол үшін. Құмар ойынның соңы кімді болса да құрдымға апаратынын бәріміз білеміз. Біле тұра, жақсы мен жаманды ажырата алмайтын сәбиге сол ойынның жарнамасын жасаймыз. Ертең соның зардабын тартамыз-ау деп бір сәтке де ойланбаймыз. «Ұлт болам десең, ұрпағыңда ойла» дейді даналар. Ендеше, ел ертеңі бүгінгі жастың болашағы бұлыңғыр болмасын десек, құмар ойыннан өзіміз де, өзгені де алыс ұстап, ұлттық ойындарға бір сәт болса да көңіл аударып, ұрпағымызға ұлттық тәрбие бергеніміз абзал болар еді. Халық данышпандығының белгісі Қазақтың ұлттық ойындары талай ғұламалар мен ойшылдарды таңғалдырған. Ол – шындық. Біздің ұлттық ойындар баланың денесін, түр-тұлғасын жетілдіріп, дамытып қана қоймай, ақыл-ойын, сана-сезімін, ұлттық рухын, ар-намысын қалыптастырып, жетілдіретін бірден-бір тәрбие құралы екенін көптеген зерттеушілер мойындаған. Мәселен, этнограф-ғалым Ә.Диваев өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады. Ол бірінші топқа рулық-қауымдық құрылыс кезеңінде өмірге келген

ойындарды, екінші топқа – қозғалыс ойындарын, үшінші топқа – спорттық ойын түрлерін жатқызады. Қазақтың ұлттық ойындарын кеңінен зерттеген этнограф халық ойындары баланың қимыл-қозғалысын дамытып, денесін шыңдап қана қоймай, денсаулығын жақсартушы бірден-бір пайдалы дүние екенін мойындаған. Сонымен қатар орыс ғалымы А.Алекторов та – қазақ балаларының ұлттық ойындарына кеңінен тоқталғандардың бірі. Ол өзінің «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегінде көшпелі қазақ халқының өмір сүру салтындағы ұлттық ойындардың алатын орнын, дүниеге келген сәбидің өсу динамикасына, олардың денсаулығының артып, дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы сол ойындардың пайдалы жақтарын ашып көрсеткен екен. Ал ХХ ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан жеке-дара ажыратып, алғаш рет бөліп қарастырған. Сонымен қатар ғалым қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасап, ойындардың бала тәрбиесінде алатын маңызын ескере отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасайды. Ал қазақтың ұлылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин ұлт ойындарының білім берудегі рөлін жоғары бағалап, оны жастардың адамгершілік, эстетикалық жағынан дамытушы құрал екенін атап айтқан. Алаш арыстарының бірі Мағжан Жұмабаев болса ойындар халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, денешынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деген тұжырым жасайды. Ахмет Жүнісов: «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке, т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен» деп ұлттық ойындардың пайдалы жағын тағы бір мәрте дәлелдеген. Жалпы айтқанда, қазақтың ұлттық ойындары туралы пікір қалдырған ғалымдардың барлығы да қазақ ойындарының жастар үшін тәрбиелік мәнін зерделеп, олардың халық данышпандығының бірден-бір белгісі екенін атап кеткен. Ұлттық тәрбиенің бастауы Этнограф ғалымдар қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысы болмасын жай ермек үшін ойдан шығарылмаған деген тұжырымды айтады. Рас, ұлттық ойындар тек баланың сымбатын қалып-тастырып, денсаулығын нығайтып қана қоймай, оған ұлттық тәрбие беруде де үлкен рөл атқарады. Сондықтан да халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойын арқылы бала жан-жағын, қоршаған ортаны өз бетінше зерделеуге тырысады. Сол себепті ойын халықтық педагогиканың ең көне әрі тиімді де пайдалы құралдарының біріне жатады. Халық ойындарын меңгеріп, соны ойнап өскен әр бала өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, айналасындағы адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Өзі көрген жағдайлардың нәтижесінде отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ», т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады, қай нәрседе де, қандай жағдайда да жетістікке жетуге ұмтылдырады. Халық ойындарында халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, икемділік, дәлдік сынды, т.б. құндылықтарға мән берілуі себепті оларды ойнаған бала, біріншіден, ата-баба тарихынан хабардар болады, екіншіден, батылдыққа бейім болады, үшіншіден, қиындыққа төзе білгіш, шыдамдылығы шыңдалады, төртіншіден, ойындағы өлеңдер арқылы бала бабаларының бай ауыз әдебиетінің бір ұшығынан болса да хабардар болады. Сонымен бірге халық ойындары әділдік пен адамгершіліктің жоғарғы принциптеріне негізделген, онда тәрбиелік мәнге ие ұлттық көптеген этнопедагогикалық элементтері де жетерлік. Мысалы, бір ойын шеберлік пен ептілікке, бір ойын талғампаздыққа, ал енді бірі қиын-қыстау кезеңде тез шешім қабылдап, оңтайлы жол таба білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық ойындардан спорт пен патриоттық тәрбие айқын аңғарылады. Мұның өзі қазақтың ұлттық ойындарының тәрбие берудің таптырмас құралы екендігін тағы бір мәрте дәлелдейді. Бүгінде балабақша, мектеп қабырға-сында балаларға

ұлттық ойындар ойнатып, ұлттық құндылықтармен сусын-датуымызға еш кедергі жоқ. Себебі ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын, бай қазынасын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Сонымен қатар ұлттық ойындар көше кезіп, бұзақылық пен нашақорлыққа бой ұрған, ішімдікке салынып, санасын улап жүрген жастарға да тәрбие көзі болары анық. Бірақ осы бір халқымыздың ен байлығын балабақша мен мектеп қабырғасындағы тәрбие жұмыстарына пайдалану үшін арнайы әдебиеттер мен әдістемелік құралдар жеткіліксіз. [2]

Қазақ халқының тарихи көне жырлары мен лиро-эпостарының қай-қайсысында болмасын ұлттық ойындардың түрлерін кездестіреміз. Жырдың негізгі кейіпкері болып отырған ел қорғаушы батыр, жауынгер, мерген, әділетті төренің де бала кезі ойын үстінде көрінеді. Ойын арқылы бойындағы табиғи дарынын шыңдап, қалыптастырады. Бұл ұлттық ойынның бала тәрбиесіндегі таптырмас құрал екенін дәлелдейтін тағы бір дәйек. Тіпті қазақтың көптеген ұлттық ойындары халықаралық деңгейдегі додаларға сұранып-ақ тұр. Бірақ оны шетелдіктерге жеткізе білу жайы тұрмақ, өз ұрпағымызды толыққанды сусындату жағынан да қимылымыз шабан. Сондықтан өзгенің қаңсығын таңсық көрмей, ұлттық ойындардың беделін көтергеніміз абзал болар еді. Себебі халық ойындары – халықтық тәрбиенің басты құралы. Ал өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие беру бүгінгі ата-ананың басты міндеті. [3]

Әдебиеттер тізімі:

1. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы. 1987ж.
2. Молдагаринов А. Қазақтың балалар ойындары. Алматы. “Жалын” 1987.
3.Сағындықов Е. Ұлттық ойындардытәрбие жұмыстарында қолдану.
«Қазақстан мектебі»

ОНЛАЙН БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ ЖҮРГІЗУ ПЛАТФОРМАЛАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Молдағалиева Саида, БҚИТУ, перадгогика факультетінің III курс студенті
Ғылыми жетекшісі – **Абдрахманова Д.Ж.,** аға оқытушы, магистр

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Топтық бейне шешімдерінің барлық жерде қолданылуы корпоративті және жеке қолданушыларды өздерінің қауіпсіздігіне көбірек көңіл бөлуге мәжбүр етеді. Бұл баяндамада ең танымал бейнеконференция қызметтеріне талдау жасалды және оларды бір-бірімен деректерді ұстаудан қорғау, кіруді бақылау және пайдаланушы туралы ақпаратты сақтау тұрғысынан салыстырылды.

Коронавирустық пандемияға байланысты шектеулер әртүрлі деңгейдегі білім алу мекемелері, компанияларды қызметкерлер арасында қашықтықтан байланыс орнатудың жаңа мүмкіндіктерін іздеуге мәжбүр етті. Егер бұған дейінгі бейнеконференциялар ұйымның жоғары технологиялық деңгейі туралы куәландырған болса, қазір Zoom, Cisco Webex, Slack немесе басқа шешімдерді қолдану шұғыл қажеттілікке айналды. Заманауи бейнекоммуникация технологияларының таралуы тек коммерциялық компаниялармен ғана шектелмейді - оларды мектептер, бюджеттік және мемлекеттік мекемелер, спорт клубтары мен демалыс орталықтары пайдаланады. Карантинге байланысты жеке адамдар ия нақты кездесулердің орнына бейнебайланысқа жүгіжоқін болды. Алайда, топтық бейнекоммуникация функциялары бар шешімдердің танымалдылығының өсуі байланыс түрінің қауіпсіздігіне қатысты бірқатар мәселелерді анықтады. Оларды шамамен төрт топқа бөлуге болады:

- Бағдарламалардың құпия деректерді қауіпсіз тасымалдауға қабілетсіздігі - қауіпсіз арналар мен трафикті шифрлауды пайдалану.
- Әңгімеге рұқсат етілмеген қосылудан қорғанудың болмауы - деп аталатын. «Зумбомбинг», бейнеконференцияны бұзуға бағытталған бұзақылардың әрекеттері.
- Киберқылмыскерлер кибершабуыл кезінде пайдалана алатын бағдарламаларда белгілі осалдықтардың болуы.
- Жеке деректер жинақтарын сақтау және пайдалану ережелерінің болмауы, пайдаланушылардың бұл ақпаратты сақтауды басқара алмауы, құпиялылық саясатының басқа кемшіліктері.

Осы критерийлерге сүйене отырып, біз бірнеше бейнеконференция шешімдерін талдадық. Олардың кейбіреулері (Cisco Webex, Slack), ең алдымен, бизнес сегментіне бағытталған, ал басқалары, керісінше, қолданушылардың бейне чаттарына арналған (FaceTime, WhatsApp). Алайда, бұл шекаралар біртіндеп анықтала бастады: Zoom корпоративті кездесулер мен достық сұхбаттар үшін қолданылады, және Google мен Microsoft компанияларды ғана емес, жеке пайдаланушыларды ия қызықтыру үшін өз дамуын алға тарту стратегиясын өзгертті.

- Skype

Skype программасының қолданылу саны Майкрософт корпорациясының мәлімдемесі бойынша наурыз айында 70% өсті. Бірақ бұл іскерлік қызметпен байланысты емес. Мағын фирмалар бұл қызметті көбінесе ішкі және сыртқы байланыс үшін пайдаланады.

Егер сіз қарапайым телефонға қоңырау шалмасаңыз, Skype тегін. Онда сөйлесуді жазуға болады, жазба қызметте 30 күн сақталады. Егер сіз өз презентацияңызды көрсеткіңіз келсе, экранды бөлісе аласыз.

Қосымшасының негізгі кемшіліктеріне – бейнеконференцияның қатысушылар саны 50-мен шектелуін жатқызуға болады. Сонымен қатар, пайдаланушылардың бейнесінің кешігіп көрінуі мен байланыс сапасының төменгігі де кемшіл тұстарына жатады.

- Microsoft Teams

Microsoft Teams корпоративтік ынтымақтастық қызметі бейнеконференциялар өткізуге мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың қатысушыларына қосымша функционалдылықты ұсынады - Office файлдарына жылдам қол жеткізу, слайдтармен бөлісу, басқа қосымшалармен интеграциялау. Қызмет браузер арқылы қол жетімділігі бар веб-нұсқа немесе әртүрлі платформаларға арналған бөлек қосымшалар түрінде жеткізіледі. Толыққанды жұмыс үшін тіркеу қажет, бірақ конференцияларға қонақтардың кіру мүмкіндігі бар. Microsoft Teams қауіпсіз қосылымды міндетті түрде қолдануды талап етеді және деректерді беру үшін SRTP протоколын қолданады. Пайдаланушының авторизациясы OAuth сипаттамаларына сәйкес келеді және мазмұн 256-биттік AES алгоритмімен қосымша шифрланған.

Сервис көп факторлы аутентификацияны қолдайды, сонымен қатар қосымша әрекеттерді бақылау, сілтемелерді қауіпсіздендіру және зиянды файл тасымалдауларын блоктау үшін кеңейтілген қауіптен қорғау құралдарын қолданады [1]. Сондай-ақ қауіпсіздік функциялары күту залдарын, конференцияға қатысушылардың құқықтарын рөлге негізделген икемді үлестіруді, қонақтардың шектеулі кіруін қамтиды. Барлық командалар туралы мәліметтер Microsoft корпорациясының таратылған деректер орталықтарында сақталады және жүйелік әкімші белгілі бір қосымшаға арналған ақпаратты өңдейтін серверлердің қай аймақта орналасқанын көре алады. Қызмет пайдаланушыға өзі туралы жинақталған деректерді жергілікті құрылғылардан ия, Microsoft серверлерінен де жою мүмкіндігін ұсынады. Microsoft Teams-тегі қауіпсіздік ақауларына деректерді шифрлаудың жоқтығы жатады. Осы жылдың көктемінде шешімде қате табылды, оны пайдалану зиянды GIF файлы арқылы пайдаланушының есептік жазбасын бұзуға әкелуі мүмкін.

- Google Meet

Бұл қызмет Google-дің G Suite, офистік пакетіне кіреді. Негізгі тарифтік жоспарына 100 адамға дейін қосыла алады. Бұл қызметті қолдану үшін Google аккаунт қажет болады. Google Meet құрушылары хабарламасы бойыншаIETF для Datagram Transport Layer Security (DTLS) и Secure Real-time Transport Protocol (SRTP) қауіпсіздік стандарттарын қолдау жүзеге асырылған. Сыртқы қолданушыларға программада біршама шектеулер қойылған. Конференцияға кіру администратордың рұқсатымен жасалады. Қолданушылық ақпаратты басқаруGoogle өнімдеріне арналған құпиялықтық стандартты саясаты аясывнда жүзеге асырылады және ақпаратты серверден де, клиент құрылғысынан да өшіруге рұқсат етілген. Дегенмен Google Meet -тің негізгі кемшілігі өтпелі шифрлаудың болмауы. Бұл бөгде адамдардың ақпаратты заңсыз қармап алуына мүмкіндік береді.

- Zoom

Коронавирустық пандемия кезінде Zoom перспективалы бастаушыдан индустрияның көшбасшысына айналды-бейнеконференцияның нақты стандарты. Бұған сервистің мультиплатформалылығы ықпал етеді: ZOOM десктоп-бағдарлама форматында, браузерлерге арналған кеңейтімдерде, пошта платформаларына арналған плагиндерде, мобильді қосымшаларда бар. Сонымен қатар, кез-келген адам конференцияға қосыла алады немесе құрылғыға қосымша утилиталар орнатпай, шолғыштағы сілтеме арқылы виртуалды кездесу ұйымдастыра алады.

Қауіпсіздік тұрғысынан Zoom пайдаланушыға келесі мүмкіндіктер жиынтығын ұсынады [2]:

- деректерді қауіпсіз HTTPS қосылымы арқылы беру.
- 256 биттік AES GCM алгоритмімен берілетін деректерді шифрлау.
- Логин мен пароль немесе бірыңғай кіру технологиясы (SSO) арқылы пайдаланушының аутентификациясы.
- Құпия сөз конференциясына кіруді шектеу.
- Бейнеконференция ұйымдастырушысына тексерілмеген қатысушыларға жол бермеуге мүмкіндік беретін қатысушыларға арналған күту бөлмелері.

Дегенмен, шешім оның қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін бірқатар кемшіліктерді қамтиды. Сонымен, жазу кезінде Zoom деректерді шифрлауды аяқтамайды. Әзірлеушілер өз платформаларының болашақ нұсқаларына тиісті функционалдылықты қосуды жоспарлап отыр және тіпті осы мақсаттар үшін Keybase компаниясын сатып алды. Бастапқыда қызметті жасаушылар қосымша қорғаныс тек ақылы ZOOM абоненттеріне қол жетімді болады деп мәлімдеді, бірақ кейінірек шешімін өзгертті.

Сонымен қатар, Ақпараттық қауіпсіздік мамандары ZOOM-дағы осалдықтарды жүйелі түрде анықтап отырады, олардың бір бөлігі деректердің жайылып кетуіне себеп болуы мүмкін. 2020 жылдың жылдың сәуір айында зерттеушілер кейбір жағдайларда қызмет әлсіз 128 биттік контентті шифрлауды қолданатындығын және қауіпсіздік кілттерін Қытайда орналасқан серверлер арқылы жіберетіндігін анықтады. Zoom пайдаланушыға қызмет қоймаларынан өзі туралы деректерді жою мүмкіндігін бермейді, бірақ клиент тарапынан ақпаратты басқаруға мүмкіндік береді.

- Slack

Slack корпоративті мессенджмері өзінің функционалдығы арқылы да, Zoom, Microsoft Teams, Cisco Webex және басқа да қызметтермен интеграциялау арқылы топтық видео чаттарды функционалды етеді. Қосымша - бұл жоспарлар жасауға, құжаттарды редакциялауға және әртүрлі командалар арасында байланыс арналарын құруға мүмкіндік беретін жобалардағы ынтымақтастықтың өзіндік корпоративті стандарты.

Стандартты Slack бейнеконференцияларында келесі қауіпсіздік мүмкіндіктері бар:

- TLS 1.2 көмегімен қауіпсіз канал бойынша клиент пен сервер арасындағы трафик алмасу.
- DTLS-SRTP кілті арқылы SRTP арқылы медиа трафикті және барлық басқа трафикті DTLS көмегімен шифрлаңыз.
- Бейнеконференцияға қосылу тек шақыру бойынша немесе корпоративтік доменде электрондық пошта мекен-жайы болған жағдайда ғана мүмкін болады.
- Шешім халықаралық SOC2 қауіпсіздік стандартына сәйкес келеді.

Корпоративті мессенджердің кемшіліктері де жоқ емес:

- Деректерді өтпелі шифрлау жоқ.
- Жеке деректерді әзірлеушінің серверлерінен және клиенттік құрылғылардан жою мүмкіндігі жоқ.

- Free Conference Call

Тегін қатысушыларға шектеу - 1000 қатысушыға дейін және 6 сағат0а дейін бейнеконференция жүргізуге болады. Экранды көрсету функциясы бар. Жазбаны тегін 1 ГБ өлшемге дейін сақтауға мүмкіндік бар. Free Conference Call қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді және деректерді шифрлаумен қамтамасыз етілген. Дегенмен өтпелі шифрлаумен қамтамасыз етілмеген.

Қосымша функцияларды сатып алуға болады. Минустардың ішінде пайдалану шылар мерзімді кідірістерді атап өтуге болады. Сонымен қатар, бұл қызмет арқылы файл алмасу мүмкіндігі жоқ.

- Cisco WebEx Meetings

Ақпараттық технологиялар нарығынының негізгі зерттерушісі Gartner компаниясының талдаулары нәтижесінде Zoom платформасымен видеоконференция программаларының арасындағы көшбасшы болып табылады[2].

Бұл қызметте интерактивті тақта, жазу функциясы, онлайн сақтау, чат, шифрлау, құжаттармен жұмыс істеу, дауыс беру құралдары бар. WebEx кездесулерін Microsoft Office бағдарламаларымен біріктіруге болады. Бір бейнеконференцияға 1000-ға дейін қатысушыны шақыруға болады.

Қауіпсіздік тұрғысынан қарастырсақ, пайдаланушылар дауысты шифрлауды жылдам субтитрлермен, сондай-ақ жасанды интеллектпен сандық көмекшінің қызметтерімен пайдалана алады. Cisco Webex Meetings деректерді сақтау үшін қолданылатын Cisco Webex Cloud қосымшасы мен серверлері арасындағы барлық байланыстарды шифрлайды.

Ақпаратты беру кезінде сервис TLS 1.2 хаттамасын және AES 256 деңгейінің криптографиялық алгоритмдерін пайдаланады. Қосылуды орнатқаннан кейін Webex Meetings 128 биттік симметриялық алгоритмді қолдана отырып, UDP хаттамасының шеңберінде берілетін барлық медиа ағынды (дауыс, бейне, экран көрсетілімі және жалпы құжаттар) шифрлайды. Деректердің түпнұсқалығы мен тұтастығын тексеру үшін HMAC (Hash-based Message Authentication Code) кодтары қолданылады. Деректерді өтпелі шифрлауға мүмкіндік бар. Бұл жұмыс режимінде деректер бұлтта шифрланбайды, бірақ тікелей қабылдаушыға кодталған түрде беріледі. Сондай-ақ, Cisco Webex Meetings көп факторлы аутентификацияны қолдайтынын және конференцияға қатысушылардың құқықтары қызметтің рөлдік моделі аясында реттелуі мүмкін.

Қауіпсіздік пен құпиялылық саласындағы шешімнің кемшіліктеріне Cisco серверлерінде сақталған пайдаланушы деректерін басқару мүмкін еместігі жатады. Бұл жағдайда пайдаланушы жергілікті құрылғыдан өзі туралы ақпаратты жоя алады.

Ақырлы шифрлау технологиясы берілетін ақпаратты ұрлықтан сенімді қорғайды, өйткені деректер пакеттерін декодтау тек клиенттік құрылғыда болады. Ол бейне чат деректерін тек қаскүнемдерден ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік департаменттер мен шешім әзірлеушілердің өзінен де жасырады. Айырмашылығы әдеттегі болуыңызға, іске асыру толассыз шифрлеу бірнеше видеочатах үйлесімді бірқатар қиындықтар.

ZOOM, Microsoft Teams, Google Meet, Webinar Meetings және Cisco Webex Meetings-те конференцияға кіруді модерациялау үшін арнайы "күту бөлмелері" бар. Slack жұмыс тобынан немесе корпоративті доменнен тыс пайдаланушылар конференциясына қосылу мүмкіндігін қатаң шектейді, WhatsApp және FaceTime ең алдымен пайдаланушының мекен-жай кітабындағы байланысқа бағытталған. GoToMeeting шешімінде" күту бөлмелері " тек MeetingLock функциясы арқылы жабылған конференцияларда болады.

Екі факторлы, дәлірек айтқанда, көп факторлы аутентификация қатысушылардың бірінің есептік жазбасын бұзу арқылы бейнеконференцияға рұқсатсыз кіруге жол бермейді. Біз қарастырған шешімдердің ішінен екі факторлы аутентификация тек Zoom-да жоқ, бірақ бірқатар әзірлемелерде (Google Meet, FaceTime) ол қосымшаның бөлігі ретінде емес, өніммен байланысты экожүйе функциясы ретінде жасалады. Бұл жағдайда, негізгі тіркелгіге кіру арқылы пайдаланушы бейнеконференция жүйесіне кірген кезде қосымша тексеруден өтпейді.

Қорытынды

Бейнеконференцияларды ұйымдастыруға арналған өнімдерді жасаушылар өз шешімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көп көңіл бөледі, бірақ олар бұл мәселеге әртүрлі көзқарастарды ұстанады. Берілетін деректерді қорғау және әңгімелесудің құпиялығын қамтамасыз ету құралдарын таңдау көбінесе өнім бағытталған нарық сегментіне байланысты болады. Бірнеше жеке пайдаланушылармен байланысуға арналған қосымшалар деректерді ақырына дейін шифрлауға көп көңіл бөледі, бірақ әрқашан қол жеткізуді басқарудың кеңейтілген құралдарына ие бола бермейді. Корпоративтік сегментке бағытталған жүйелер, керісінше, көбінесе" күту бөлмелері", сондай-ақ конференцияға қол жетімділікті модерациялау мүмкіндігі бар. Бұл жағдайда ақырлы шифрлау көбінесе опция ретінде жарияланады немесе шектеулермен жүзеге асырылады. Бейнеконференция жүйесін таңдағанда, сіз үшін қандай қауіпсіздік критерийлері маңызды екенін және қайсысын елемеуге болатындығын анықтаған дұрыс. Біз осы материалда жинаған ақпарат ұқсас өнімдерге қатысты қауіпсіздіктің негізгі аспектілерін түсінудің бастапқы нүктесі бола алады.

Әдебиеттер мен сілтемелер:

1. https://www.anti-malware.ru/compare/Video-conferencing-software-security
2. https://www.gartner.com/reviews/market/meeting-solutions/compare/cisco-vs-zoom

EDPUZZLE КӨМЕГІМЕН ИНТЕРАКТИВТІ БЕЙНЕ ДАЙЫНДАУ

Молдагалиева Саида, БҚИТУ педагогикалық факультетінің III курс студенті
Ғылыми жетекшісі – **Кажиакпарова Ж.С.,** п.ғ.к., доцент ЗКИТУ

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Edupuzzle- сенімді мұғалім көмекшісі. Edupuzzle- ол тегін онлайн қызмет көрсетеді. Оның көмегімен дауыстық және мәтіндік комментарийлер, сауалнамалар мен викториналар арқылы бейнелерді оңай орнатуға болады. Өз сабағыңызды жасай отырып, сіз желіде бұрыннан бар оқу бейнелерін қолдана аласыз, олар сервис инстументтерінің көмегімен оңай өңделеді. Қызмет сонымен қатар сіз "сынып"құрған студенттердің қызметін бақылауға мүмкіндік береді.


Барлық интерактивті бейнелерді 3 топқа бөлуге болады:

1. Пікірлер, сілтемелер мен түсініктемелер қосылған бейнелер.
2. Оқу тапсырмалары, сауалнамалар мен талқылаулар бар бейнелер.
3. Сюжетті таңдау туралы бейне.


Edpuzzle мүмкіндіктері:(https://edpuzzle.com/)

- Аудио және мәтіндік жазбалары бар бейнеклиптер жасауға арналған тегін қызмет
- Сұрақтар мен оларға тапсырмалар құру
- Викторина жасау
- Бейне сюжетке немесе оның дыбысына дауыстық түсініктемелер мен түсініктемелер қосу

1. EDpuzzle есептік жазбасын жасау үшін EDpuzzle.com – ға өтіңіз және тіркеліңіз




2. EDpuzzle есептік жазбасына тіркелген соң сабақтарды әзірлеуге өтесіз. EDpuzzle кітапханасынан бейнені табу үшін алдымен беттің жоғарғы жағындағы мәзір жолағындағы "іздеу" түймесін басыңыз.





3. Сіз жұмыс істегіңіз келетін бейнені тапқан кезде, орнатуды бастау үшін оны белгілеңіз

4. Әрі қарай, сұрақтар, түсініктемелер қосу үшін "Өңдеу" түймесін басыңыз




5. Сіз бейнені қиюға, дауысыңызды түсініктеме ретінде жазуға және бейне сюжеті бойынша сұрақтар қоюға болады.







6. Егер сіз өзіңіздің бейнеңізді көшіргіңіз келсе, "Көшіру" түймесін басыңыз»




7. Сыныптар құру және оны бақылау мүмкіндігі





Сынып атауын қосыңыз
Білім алушылар көру үшін сыныпқа бейне қосу
Бейнені нұқыңыз және "Assign" түймесін басыңыз-тағайындау



Бізге қажетті курсты қосыңыз.







Қорыта келе: Edpuzzle порталы YouTube, Vimeo, KhanAcademy, TED-Ed, LearnZillio, т.б. сайттар және дербес компьютерден жүктелген бейнежазбалармен жұмыс істеуге арналған портал болып табылады. Edpuzzle порталының басты ерекшеліктері:

• белгілі бір бейнежазба негізінде ашық немесе жабық сұрақты викториналық сұрақтар дайындауға болады;

• белгілі бір сюжетке дыбыстық түсініктеме жазу;

• сынып ашып, оқушылардың бейнежазбаны ашқан-ашпағанын білу және ұсынылған тапсырмалардың орындалуын қадағалауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Орешкова М.А. Интрукция по работе с сервисом Edpuzzle. http://www.itpedagog.ru/edpuzzle

2. Муромцев М. Интерактивное видео [Электронный ресурс]// Edmodo. Инструкция по применению. Режим доступа: http://edmodo-guide.jimdo.com/%

БІЛІКТІ БОКСШЫЛАРДЫҢ ЖАРЫС АЛДЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕКЕЛЕЙ ДАЙЫНДЫҒЫ

Орынғалиев Алмазбек Қадырбекұлы, М.Өтемісов атындағы БҚУ
дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасының магистранты

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Боксшылардың жарыс алдындағы психологиялық жекелей дайындығы өте маңызды орын алады.

Жарыс жағдайында жаттықтырушының міндеті спортшының тиімді әрекет етуін қамтамасыз ететін көңіл-күйін қолдап қана қою емес, сонымен қатар спортшының экстремалдық жағдай кезінде туындауы мүмкін жағымсыз психикалық жағдайын жедел реттейтін тәсілдерді қолдануға дайын болу. Жарыс үдерісі кезінде боксшының мінез-құлқы мен әрекетін басқарудың психологиялық әдістері көп мәселелерді шешеді: - Спортшының дәл осы спорттық карьерасы кезіндегі ең жетекші болып табылатын әлеуметтік құндылықтарына бағытталуы керек, мысалы, Олимпиадада сәтті өнер көрсету немесе кәсіпқой клубқа мүше болу т.б.; - «Ішкі дінін» қалыптастыру, мысалы өз күшіне, жедел әрекет ете білетініне сену және т.б.; - Психологиялық кедергілерді, әртүрлі қорқыныштарды, әсіресе нақты бір бақталаспен кездесу кезінде пайда болатын қорқыныштарды жеңе білу; - Өз образын қалыптастыру; - Бақталасының образын қалыптастыру; - Алдағы тартысты жағдайдың психологиялық моделін жасау; - Жарыс басталар алдындағы әрекеттің психологиялық бағдарламасын жасау. Басқару әрекетін таңдау кезінде жаттықтырушы спортшының жоспарланған жарыс нәтижесіне жетуге деген талабының зорлығын және сол нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігін бағалай білуі сияқты психологиялық дайындығын көрсететін маңызды факторды ескереді. Сондықтан да талаптың күштілігі мен жеңіске жету мүмкіндігін бағалай білуді реттей отырып, жаттықтырушы жарыс кезіндегі спортшының психологиялық жағдайын оңтайландыра алады. Секундтау (көмек көрсету) психологиясы Спортшының жарыстық іс-әрекетін басқаруда ерекше маңызы бар нәрсе жаттықтырушының сөзбен әсер етуі – секундтау (көмек көрсету). Секундтау жекпе-жекте маңызды орын алады, ол төмендегідей тұрғыда көрінеді: – қарсыласы туралы ақпарат (егер ол таныс болса оның бүгінгі жағдайы туралы ақпарат); спортшы мен оның қарсыласының бүгінгі жағдайымен салыстыра талдау (сол қарсыласпен сәтті және сәтсіз тартыс тәжрибесі жайындағы талдау); – спортшының физикалық, психологиялық жағдайын алдыда болатын сайыстың барлық нюанстарын ескере отырып талдау; – осы қарсыласқа қарсы қолданылатын тиімді құралдарды ұсыну; – сайыстың шындыққа жақын ағымын және әр түрлі өзгерістер кезіндегі әдіс-тәсілдердің мінезқұлқын қарастыру; – спортшының қарсылас пен алдыдағы сайысқа эмоционалдық қатынасын қалыптастыру; – сөзсіз сәтті аяқталуға тиісті алдыдағы сайысқа деген қатынасты қалыптастыру; – сайысқа психологиялық дайындықты қалаптастыру; Секундтау әдетте екі түрлі қалыпта жүргізіледі: сайыс алдындағы спортшыға берілетін кеңес-нұсқау түрі, сайыс үстінде, спортшының белсенді іс-әрекеті кезінде берілетін кеңес-көмек түрі. Кеңес-нұсқау көбінесе мынандай мақсатты көздейді: алдағы сайысқа деген спортшының жағымды қатынасы, оған қатысуға деген тілек, өз күшіне сенімді бекіту, белсенді іс-әрекетке жұмылдыру. Жаттықтырушы өз сөздерінің сайыс кезінде спортшыға үлкен әсер ететінін ескеруі керек. Әйтпесе, ақыл-кеңес жарыс алдындағы жағыдаймен қабаттасып, оңтайлы деңгейден асыра желіктіріп жіберуі, немесе, керісінше, күйгелектік тудырып, жарыс алдындағы асып-сасу мен енжарлыққа соқтыруы мүмкін. Жаттықтырушының спортшыны сақ болуға шақырған кеңестері («Мұқият бол», «Байқа, түсіп қалма», «Асықпа т.б») бір жағынан сайысты мұқият, ойластыра жүргізуді қамтамасыз етсе, екінші жағынан күдік тудырып, жеңіске жету мүмкіндігін субьективті бағалауды төмендетуге, «Жеңіске жету» қағидасын «Жеңіліп қалма» қағидасымен алмастырып жіберуі мүмкін. Кейбір жаттықтырушылар спортшының мұқияттығы мен байқампаздығын көтеріп,

«мобильдеуді» көздей отырып, қарсыласының күшін атап көрсете: «Байқа, ол өте қу», «Онымен ерекше сақ болу керек», «Оның техникасы өте күшті» т.б. кеңестер береді. Мұндай кеңестер спортшыны әрқашан жеңіске жетелемейді. Жаттықтырушы қарсыластың күшін нақты айтпай, спортшының алдында жаңа міндет қояды, қарсылас несімен күшті және неден сақтану керек. Жарыс алдында боксшы бұл сұрақтарға жауап беретін ақпарат болмауы мүмкін. Әсерінен ақпарат жетіспеушілік дефициті туындайды, кезегінде жеңіске жету мүмкіндігін бағалауды төмендетуі мүмкін. Шындығында спротшыға өзі білетін қарсыласының қауіпті ерекшелігіне қатысты нақты кеңестер көмектеседі. Жаттықтырушы, біріншіден, өз шәкіртіне старт алдында хабарлайтын ақпараттың шындығына сенімді болуы керек; екіншіден, спортшыға негізгі және ең басты ақпаратты қысқа жеткізуі керек. Жақсы жаттықтырушылар: «Жақын сайыста кеуденің оң жағынан соғады». Мұндай ақпараттарды спортшылардың жеке ерекшелігін ескере отырып жеткізу керек. Қарсыласының үнемі қолданатын өз тәсілі туралы ақпарат спортшының барлық зейінін соның айналасына шоғырландырып, жаттықтырушы айтқан тәсілді үнемі күтуіне соқтыруы мүмкін. Бұл қарсыластың басқа тәсілді қолдану салдарынан жеңіліске әкелуі сирек емес, жағдай күтпеген жерден болуы, спортшының оған қалыпты жауап бере алмауы, ондай тәсілге дайын еместігінен баяу жауап қайтаруы орын алады. Сонымен қатар жаттықтырушы сайыс кезінде берілетін ақыл-кеңестерді пайдаланғанда өте сақ болуы керек. Олардың кері әсері қөбінесе спортшыға зейінін шоғырландыруға кедергі келтіруі, сайыс жағдайының өзгеруіне талдау жасауына, сайыс міндетін өз бетінше шешуіне кедергі келтіруімен байланысты. Үнемі ақыл-кеңесті қолдану спортшының жеке инициативасын шектеп, оның жарыстарда жаттықтырушысыз қатысу кезінде немесе жарыс шарты «суфлерлыққа» тыйым салған кезде дағдарысқа ұшыратады. Жарыс кезінде туындаған міндеттерді өз бетімен шешіп отыратын спортшыға ақылкеңес өз ойлағандарына қарсы келіп, кедергі келтіреді. Мұндай қарама-қайшылықтар қиын конфликтілі жағдайлардың себепкері болуы мүмкін, оларды шешуге уақыт тар әрі қосымша күш салу керек. Кеңес бере отырып жаттықтырушы боксшының өз бетімен келген шешіміне қарсы шықпауына сенімді болуы керек. Белсенді әрекет етуші спортшыға айтылған кеңестер жарыстың өте қиын кезеңдерінде ғана көмектесуі мүмкін. Тәжрибелі жаттықтырушы мұндай сәттерде спортшының қандай да бір қателіктерін түзету үшін немесе күшін жинақтату үшін төмендегідей пәрмендер беруі мүмкін: шаршап қалған желаяққа «Шыда!», немесе «Қолмен!» (яғни қолмен жұмыс істе); секіріс жасап, теңдігін сақтай алмай қалған гимнастқа: «Тоқта!», лақтырыс жасап, қарсыласының соққысын қайтарған палуанға «Болады!» Мұндай кеңестерді де тек жарыс жағдайын өте жетік білген, спортшының жағдайы мен мүмкіндігін жақсы білген, және сырттан басқару спотшының өзін реттеуіне кедергі келтірмеуіне көзі жеткен кезде ғана қолдану керек. Сонымен қатар жаттықтырушы өзінің кеңестерімен спортшыға шешім қабылдауға көмек беретін жеткілікті ақпарат беруге тырысу керек, кеңестерінің көлемі мен мазмұны обьективті түрде жарыс жағдайына байланысты ғана емес, субьективті түрде спортшының оған мұқтаж болуына, ақпаратты қабылдауы мен қолдануына, психикалық жағдайына байланысты болуы керек. Жеке дара жұмыс тәсілі секундтау сияқты басқа еш жерде айрықша роль атқара алмайтын шығар. Кез келген жаттықтырушы бір спортшыға сабырлы, сендіре сөйлеу керек, ал екіншісіне қатаң да үзілді-кесілді сөйлеу керек екенін біледі. Бірінші жағдайда спортшының нерв жүйесі әлсіз болса, екінші жағдайда өте «күшті» нерв жүйесінің өкілі екені белгілі. Әсершіл, үрейшіл спортшыға секундтау кезінде оның күшті жағын, ал «терісі қалың» деп аталатын спортшыға қарсыласының күшті жағын айту керек. Шындығында жаттықтырушы спортшының күшті жағын айтқан кезде, қарсылысының мүмкіндігін де қоса айтады. Қөпшілікте жағдай спортшының қарсылысын өзіне «ыңғайлы» немесе «ыңғайсыз» санауына байланысты. Дәл осы сәтте қарсыласының «ыңғайсыздығын» жеңуге обьективті мүмкіндік бар екеніне спортшыны сендіру – секундтаудың ең маңызды міндеті. «Ыңғайлы» қарсылыстың бүгінгі қауіптілігін ескерту де өте маңызды. Осы жағдайлардың барлығында жаттықтырушы спортшының «ішкі психологиялық діңінің мүмкіндігін» пайдалана білуі керек. Секундтау әдетте бокста айқастан 30-40 минут бұрын, күресте 15-20 минут бұрын,

фехтованияда 5-10 минут бұрын басталады. Фехтованияда секундтауды жарыс алдындағы кезеңнің бірінші сатысында, айқастың әрбір турында, әсіресе барлық финалдық турларда жүргізеді. Әрине фехтованияның командалық жарыстарындағы секундтаудың өзіндік ерекшелігі бар. Жарыс алдындағы және раундтар арасындағы секундтаудың айырмашылығы бар. Үзіліс кезінде маңызды міндет – спортшының психологиялық жағдайын өзгерту, егер ол мақсатқа сай болса, ары қарай төмендемеуіне жағдай жасау болып табылады. Спортшыға оның қандай тактикалық міндетті сәтті шешкенін, қайсысын реттеу керегін, қарсыластың қандай ойын шеше алмағанын айту керек. Жіберілген қателікті салқынқандылықпен талдау және оларды түзетудің нақты жолдарын көрсету. Жарыстан кейінгі әңгімелесу кезінде (бұл секундтауға жатпайды) оның нәтиежесіне байланысты болады. Сәтті жағдайда: «Соншалықты жақсы шайқаса алмадың. Сенің басты жеңістерің әлі алда». Сәтсіздікте «Қарсыласыңның көп сәтте жолы болды. Сенің сәтсіздігіңнің нақты себептері бар... Бірақ өмір осы турнирмен шектелмейді, бәрі әлі алда!» Тағы ескеретін фактор – жаттықтырушының өзінің психикалық жағдайы. Ерекше қобалжулы, қолдары дірілдеп тұрған, қырылдай сөйлеген жаттықтырушы – жақсы секундант емес. Бокста тез қобалжығыш жаттықтырушылардың секундант болудан бас тартып, өз әріптестерінің көмегіне сүйенетіні бекер емес. Сөйтсе де психикалық реттеу тәсілін өзі меңгергені дұрыс, себебі өз жаттықтырушысын ешкім ауыстыра алмайды. Мазмұны бойынша жаттықтырушы мен спортшыны психикасын реттеуге дайындаудың құралдары ұқсас болғандықтан, жаттықтырушы өзін өз спортшысы сияқты бағыттау керек. Ал оның спортшыға әсер етуіне келетін болсақ, яғни гетерорегуляция тәсілдері жекпе-жекте, әсіресе жасөспірімдермен жұмыс істеуде тиімді, басқа спорт түрлерінде ауторегуляция тәсілдері маңыздырақ. Жарыс үдерісі кезінде психикалық реттеу амалдарын қолдану. Белгілі канадалық маман Л.Лефевр команданың мықты ойыншыларына бағытталған жаттықтырушының ескертуі басқа ойыншыларға бағытталған ескертуден мазмұны жағынан да, айтылу тоны жағынан да ерекшеленуі керек деп жазды. Жетекші ойыншыларға арналған ескертулер байсалды, оларға сенім мен үміт артатыны білініп тұру керек. Маргиналдарға кенеттен ескерту жасауға болмайды, себебі олар өз мүмкіндіктеріне деген сенімін жоғалтады. Күмәнданғыш, ұшқалақ, психикалық тез шаршайтын ойыншылар сынды ауыр қабылдайды. Жарыс жағдайындағы тікелей қолданылатын сендірудің тура және жанама құралдарын санамалап көрсетейік.

1. Ішкі психикалық тірек орнату. Бұл тәсіл спортшының биік мүмкіндігіне сендіру және соның пайда болуына жасанды жағдай жасауға негізделеді.

2. Рационализация. Бұл тәсіл жаттықтырушының жағымсыз жағдайлардың туу механизмін түсіндіру, оны нақты бағалау мен одан нақты шығу жолдарын қарастырып қана қоймайды, сонымен қатар белсенділік деңгейін көтеруге пайдалануды қарастырады. Бұны спортшының өзіне өзін сендіру формасында жасай алады. Мысалы, себебсіз күйгелектік пайда болғанда: «Күйгелектік спорттық қалыпқа кірудің бір формасы екенін білемін; күйгелек болып кеткенімнің себебі жаттығудың шынына жеткенім». Немесе: «Менде старт алдындағы толқу белгілері пайда болды, бұл толқуды спаррингте белсенді әрекет етуге бағыттауға болады».

3. Сублимация. Спаррингте шешілетін міндеттерді бағдарлаумен себептердің өзгеруіне байланысты. Бұл тәсіл бір көңіл-күйді жасанды түрде екіншісімен алмастыруға негізделген.

